

У 2010

5115к

Мешелева Макен

Карт Алтай  
аясында  
Ару Марка

Өскемен, 2010







**Мешелева Макен**

**Карт Алтай  
аясында  
Ару Марқа**

**Өскемен, 2010 ж.**

УДК 908(574.42)+929.5 (=512.122)  
ББК 63.3 Қаз  
Қ 42

Демеушілер: Бидашев Көкенай  
Бидашева Сағдат  
Бидашев Ғалым  
Бижигитов Жақсыбай  
Бижигитова Гүлбаршын  
Бижигитов Шыңғыс  
Бижигитова Раушан  
Темирханов Ержан  
Темирханова Аян

Қ 42 Қарт Алтай аясында Ару Марқа. / Құрастырушы: Макен Мешелева,  
– Өскемен, 2010. – 559 бет  
Базкен Темірханов  
Базкенов Мирас

Халқымыздың құнды казынасы шежіре деректерін жинастырған кезде, бабалар өмірнамасын нақтылап анықтау мақсатында «Қазақ шежірелері» тарихына тоқталдық. Тарихи уақығалар мен тарихи тұлғалар байланыстырылып дұрыс ажыратса жазу мақсатында «Найман мемлекеті», «Түрік қағанаты» кезеңдеріне біраз тоқтала кетуге тұра келді.

Марқакөл аймағы, Қара Ертіс, Қалжыр өніріндегі әр кезеңде өмір сүріп, еңбек еткен, қызмет істеген мыңдаған адамдардың есімдерін қағаз бетіне түсіруді, ел есінде қалдыруды мақсат еттік.

Бұл кітапта Марқа өнірінде 1930-1957 жылдар аралығында, «Марқа алтын өндірісінде» еңбек еткен алғашқы жұмыскерлер мен осы өнірдегі колхоздарда (ұжымдарда) еңбек еткен еңбеккерлер және 1957 жылдан 1991 жылға дейін кеншарларда еңбек етіп, қызмет істеген азаматтар қамтылған. Одан ілгергі ата-тек жүйесі шежіре кестеде жалғастырылды.

Кітап тұған жер Алтай аймағы, Марқакөл өнірінің өткен кезеңдерінен, осы өнірдің тыныс – тіршілігінен сыр шертеді.

Кітап көпшілік оқырманға арналады.

УДК 94(574)  
ББК 63.3 Қаз

Қ 0503020905  
00(05)09

ISBN 978-601-80036-6-0

© Шығыс Полиграф, 2010.



Мен, Мешелева Мәкен 1938 жылы Шығыс Қазақстан облысы Марқақөл ауданы Ақбұлак ауылында жұмысшы отбасында дүниеге келдім. 1946 жылы Горный орталау мектебінің 1-ші сыныбына бардым. 1953-54 жылы 7-ші сыныпты Қаратогай орталау мектебінен үздік бағамен бітіріп, 1956-1957 жылы Теректі орта мектебін бітірдім.

1959 жылы Семейдің Н.К.Крупская атындағы мемлекеттік педагогикалық институтына түсіп, 1964 жылы институтты бітірдім.

1957-1988 жылдар аралығында Қалжыр орта мектебінде 30 жыл оқытушылық қызмет атқарып, құрметті демалысқа шықтым.

Жас ұрпакқа білім, тәрбие берудегі көп жылдық енбегімді бағалап, 1976 жылы 15 наурызда «Құрмет белгісі» орденімен марапатталдым.

1970, 1973 жылы Шығыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің мақтау граммотасымен, 1983 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталдым.

1984 жылы облыс мұғалімдерінің IV съезінің делегатынына ұсынды.

2010 жылдан «Алтын алқа» орденінің иегері. Шығыс Қазақстан облысы Ақсақалдар Алқасының үйғаруымен «Шығыстың ардакты азаматы» № 3-ші төс белгісімен марапатталдым.

Бүгінде 7 баланың, 5 келіннің анасы, 14 немеренің әжесімін, үлкен берекелі жанұя ретінде өмір кешіп отырмын.

**Осы кітабымызды ардақты әкелеріміз  
Бижігітұлы Мешелдің (Рахметтің),  
Бижігітұлы Бидаштың (Бидахметтің),  
Жолдығулұлы Темірханның  
өшпес рухтарына арнаймыз.**

## **АЛҒЫ СӨЗ**

Жазбаққа қалам алдым елдің жайын,  
Алтай мен Марқакөлдей жердің жайын  
Қағазға түсірейін, туған елім,  
Аузыма Алла салса сөз ынғайын.

Халқымнан айналайын қарапайым,  
Жүйелеп шежіренді таратайын.  
Қараймын әр сөзіне қайта-қайта,  
Қателік кетпесін деп жазатайым.

Қабыл алса жамагат,  
Үрпаққа болар аманат.  
Өнеге мен тағылым  
Ата-тектен таралмақ.



## ОҚЫРМАНҒА АРНАУ

Ата тектің таралу реті және шежірелер жүйесінен білгенімді, естіген, оқығандарымды бір ретке келтіріп, салыстырып рет жүйесімен жазып, қағазға түсіруді жөн болар деп ойладым.

Әсіресе Төлегетайдан тараған төрт ата найман рулары мен Қожанбет, Төртуыл, Тоғыз руларын жинақтап жаздық.

Көбінде тарихи ізділік пен уақыгалар мезгілін, жылдарын, әйгілі адамдар өмірлерімен байланыстырып, салыстырып отырдық.

Бұрынғы бабаларымыз “Жеті атасын білмеген жетесіз” деп ата текті білуді бірінші парыз санаған екен. Өз руынды біліп, өз тегінді ұғынып, соған жанашыр, қамкор болуга үйреткен. Бір елміз, қандас туыспызы дегеннің өзі бірлік дейді екен. Осы бірлікті бабаларымыз елдіктің кепілі деп есептеген. Және сол өнегені ұрпактан ұрпакқа ұғындырып отырган.

Кеңестік дәуірде, сол кездегі саясатка байланысты, балалар мен жастар ата-тек, ел тарихы жайлы не мектептен, не ата-ана сынан тәлім ала алмады. Өз халқының төл тарихын оқымады. Көбінде батыс елдерінің соғыстары жайлы тарихты оқыған еді.

Ол кезде қазақ халқының тарихы дамымаган, мәдениеті де төмен болған деген түсінікті насхаттаған еді.

Түркі дүниесінің, көшпенділердің әлемдік өркениетіне қосқан үлесін жатжерлік тарихшылар мен зерттеушілер айналып өтті. Бұрмалаушылыққа, бүркемеушілікке жол беріліп келді.

Негізінде халқымыздың көне тарихы да, өнері де басқа көп халықтардан ілгері. Тарихы да терін, өнері де сан-салалы.

Қазір заман өзгерді. Халық өз ата-тегін, өз халқының тарихын терендей білуғе ден қоюда. Халқымыздың әлемдік мәдениетке қосқан үлесі жайлы жазылған ғылыми туындылар мен зерттеулер басылымнан көптеп шығуда.

Қазақ халқының көне мәдениеті мен тарихы ежелгі сактар мен Гүнндар мемлекеті кезеңінен және Түрік қағанаты кезеңдерімен сабактасып жатқандығын, тарихи және мәдени байланыстылықты бүгінгі ғалымдар мен тарихшылар терен талдап, дәлелдеп отыр. Сак, Түркі мәдениеті – біздің ұлттық мәдениетіміздің негізі.

Ғалымдарымыз, тарихшыларымыз Қытай жазбаларына, Европа ғалымдарының зерттеулеріне, Араб, Грек тарихшыларының жазба деректеріне сүйеніп, үніле қарап сыр суыртпактауда.

Қазақстанда ғылыми ой-пікірдің тууы ежелгі заманнан басталады. Археологиялық зерттеулер мен жазба деректер Сыр бойында, Шығыс Қазақстанда, Жетісуда 6-8 ғасыр және 9-11 ғасырларда болған ежелгі қалалар мен қоныстар мәдениеті туралы хабар береді. Бұл мәдениеттің иелері кезінде өз көркемөнерін де, колөнерін де жасаған.

Сондай ғылым мен өнері дамыған қаланың бірі Отырар (Фараб) каласы. Отырар кітапханасы қолжазба кітап қоры жөнінде Египеттегі Александрія кітапханасынан кейінгі аса ірі кітап қоймасы болған.

Отырарда ұлы ғалым Эл-Фараби (876-950ж) дүниеге келген. Фараби - аса зор ғылыми мұра қалдырган адам. Орта Азия мен Қазақстан қалаларынан астроном әрі математик – Фаббас Жәүһари (9 ғ), оның замандастары –Исмайыл Жауһари шығады. Фаббас Жауһари Отырар алқабындағы “Жауһарана” деген жерде тұган ғалым. Олар Эл-Фарабидің отандастары еди.

Ақын әрі ойшыл ғалым Жүсіп Баласағуни (1021 ж) Шу өзенінің бойында Баласағұн қаласында дүниеге келген. Жүсіп Баласағунидің “Құдатығу білік” (Құт негізі білік) дастаны дүние жүзінің көптеген елдеріне тараيدы. “Құдатығу білік” дастанының кейіпкерлері Құнтоды (әділдік), Айтоды (бақыт), Ойтоды (ақыл), Жетелеу什і (молшылық) деп аталады.

“Құдатығу біліктің” түп нұсқасы Каир, Вена, Герат қалаларының кітапханаларында сакталған.

Баласағұн қаласы 1130 ж Қарахидан хандығының орталығы болған. Баласағұн (1208-1220 ж) Найман ханы Қүшіліктің билігінде болды.

Қадыргали Жалайыри «Жылнамалар жинағы», Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди» шығармасы 1541-1546 жылдары жазылған. Бұлар - аса ірі тарихи шығармалар.

Қадыргали Қосынұлы Жалайыри (1530-1605 ж) Сырдария өнірінен Жалайыр тайпасынан шықкан. Қадыргали Жалайыри араб, парсы тілін, шығыстың классикалық әдебиетін терең білген. Ол қазақ хандығының орда-сарайында ханның ақылшысы және ханзадалардың тәрбиешісі болып қызмет істеген.

(Н.Мынжани «Қазақтың қысқаша тарихы» 1994 ж, 360 бет)

Халқымыз ғасырлар қойнауынан ел тарихын, халық мәдениетін, мәдени мұраларын іздестіріп, барымызды бағамдап, жоғымызды түгендеп әр салада іздестіру, зерттеу жұмыстары басталды. Өз халқымыздың ежелгі елдік жүйесін, ерлігін, мәдениетін, өнерін нақты біліп, үйренуді мақсат етуде.

Бұғінгі ұрпақ өз ұлтының тарихын, шықкан тегін, әйгілі адамдарды, кол бастаған батырлар, сез бастаған шешендер, билер, ақын-жыраулар олардың істерін, сөздерін біліп, оны ұғынып, мактан тұтып, өнеге-тәрбие ретінде жадына сініруі қажет.

Қазіргі азаматтарымыз да, енді келер жас буын да тұган жер, ел тарихына ой жүгіртіп, терең толғап, кең ойлап дегендей үлкен талпыныстың уақыты келіп тұр. Бұл тұрғыда жастарға бейтараптықтан, бейғамдықтан арылу парызы. Жастарға үлгі өнегенің бір түрі – ата текті тану. Кім қандас туыс, кім ағайын бұғінгі жастарға осыны білу өте қажет.

**Кітап – білім,  
Кітап – ұстаз,  
Кітап – тәрбиеші,  
Кітап - жан азығы, рухани байлық.**

Сондықтан осы шағын кітабымызды кейінгі ұрпаққа ата-бабаның аманаты ретінде ұсынамыз.

### **АТА-ТЕКТІҢ ТАРАЛУЫ**

Ата-тектің таралу реті түсінікті болу үшін, түп атадан Майқы биден бері қарай қысқаша жүйелегеніміз жөн болар.

“Түгел сөздің тубі бір, түп атасы Майқы би” - деген сез де тегін айтылмаған болар.

Алаштан – Майқы би  
Майқыдан – Қазақ туады  
Қазақтан – Жайылхан, Сейілхан  
Жайылханнан – Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс.

Орта жүзге жататын тайпалар осы Жайылхан деген адамның ағайынды үш баласының Жанарысынан тарайды.

Ол тайпалар: Арғын

Найман  
Керей  
Уак  
Қоңырат  
Қыпшақ

Ары қарай Найман бабаның үрпағын таратып көрейік.

Найманнан – Белгібай  
Белгібайдан – Сүйінші, Сүгірші  
Сүйіншіден – Төлегетай  
Төлегетайдан – Қытай  
Сүгіршіден – Ергенекті  
Елтайдан – Серіkbай  
Серіkbайдан – Кетбұқа, Келбұқа (Терістанбалы)

Найман бабадан Төлегетайды таратып, Төлегетайдан Қаракерейді таратып, Қаракерей руынан Қожанбет атасын таратып қысқаша жалғастырып, өрбітіп жазып отырмыз.

Алтай мен Марқа өнірінде Қожанбет руына кіретін бес ата (Жәлменбет, Айт, Дәulet, Жарболды, Шағырша) Зайсан өніріндегі жалпақ ел Төртуыл, Тоғыз рулары туралы деректер аз. Осы рулар жайлы шежіре – схеманың толық үлгісі осы күнге дейін жоқ екендігі анық. Жеке-жеке бір атаны ғана жазған шежіре кестелер болуы мүмкін. Біреу Жылқайдарды, біреу Ақболатты жазыпты деп естіп жүрміз.

Келешек үрпақтардың аз да болса бір көдесіне жарап деген үмітпен Қожанбет руы мен Төртуыл, Тоғыз рулары жайлы осы шағын шежіре мағлұматтарды жинастырып қағаз бетіне түсіріп отырмыз.

Бұл шежіре –кестенің артығы да, кемшілігі де болуы мүмкін. Осы шежіре толық әрі дұрыс үлгі деуден аулақпаз. Шежіре жазу – жауапкершілігі үлкен, ауыр жұмыс. Үлкен талаппен, ізденіспен, тәуекелмен ғана жүзеге асып, орындалатын іс. Дегенмен шежіре әр отбасының тұнілігінде, сол шежірені сұрастырып, жалықпай жинап, ұқыптылықпен жүйелеп, екшеп-текшеп, салғастырып, реттеу, қағазға түсіру қызуар жұмыс.

Осы шағын шежіре – тізбені жазып отырмыз. Келешекте басқа шежірелер жазылса, бірін-бірі толықтырар деген ойдамыз. Бірақ осындай әр атаның шежіре – тізбесі қағаз бетіне түсе берсе, бірін-бірі толықтыра келе Найман бабаның үрпақтары толық қанды, жүйелі түрде кітапқа түсері сөзсіз.

Халық тарихының қайнар көзі, көне көз қариялармен тілдестік. Сол қариялардың айтқандарын қағаз бетіне түсірдік. Жеке адамдардың баспасөзде жарияланған шежіре, ел тарихы жайлы басылымдарын да салыстырып, жүйелеп, сабактастырып отырдық. Шежірелер нұсқаларына да сүйендік. Осы кітапқа керекті деректерді жинап, әзірлеу кезінде Зайсан мұрағаты, облыстық мұрағат материалдарын пайдаландық. Ел аузында сақталған шежіре, аныз, дастан үлгілерін негізге алдық. Кітапқа қажетті материалдарды жинап, даярлауға б жылдай уақытымыз кетті. Осындай жұмыстар кезінде Марқакөл өнірі бойынша мұрағат материалдарының жоқтығы, жазба деректер сакталмағандығы көп қыншылық тудырды.

Ел қазынасы – ескі көз,  
Тіл қазынасы – ескі сөз – дейді халық даналығы.

Осындай қадірменді қарияларымыз: Төртуыл ішінде Тоғыз руынан Тұрысбек Өкісханов ағамыз; Төртуыл ішінде Құдагел руынан Қогабаев Төлеухан ағамыз, Дәuletov Советхан; Төртуыл Жылқайдар руынан Нұрпейісов Баяхмет, Қожанбет Егізқара атасынан Зайнолдинов Жәнәбіл қария, Қасентаев Ахметбек; Қожанбет ішінде Жәлменбет атасынан Бұқынов Рамазан ағамыз, Темірханов Базікен, Нұғыманов Куанғали қажы; Қожанбет ішінде Мысқал атасынан Матаев Төлеубек, Шогелов Сіләмбек; Қожанбет ішінде Атақозы атасынан Жыңбаев Ерзаян, Жиенаев Қақан; Сырымбет атасынан Ибрағимова Шәріпжан, Қасымханова Зәкеш.

Осы қадырменді қарияларымызға алғысымыз мол. Үлкен ризашылығымызды білдіріп, арыстарымыздың сау-саламаттықта болуын тілейміз.

Осы өмірнаманы жазу жұмысы кезінде пікірімे қолдау жасап, тілекtes болған жолдасым Базікенге, ұлдарыма, келіндеріме, қыздарыма, туыстарым Күләш, Құсманға, сіңілілерім Раушан, Назгул, Айгүлге, інілерім Фалым, Шыңғысқа алғыс ризашылығымды білдіремін.

## ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕЛЕРІ ЖАЙЛЫ

“Қазақ шежіресі маған қазақ тайпасының тарихын зерттеп жазуда көп пайдасын тигізді. Онсыз маған қазақ тайпасының өткен өмірін зерттеп білу қын болар еді.” – Н.Аристов

Шежіре – тарих ғылыминың бір саласы. Көшпенді халықтың ауызша тарихы.

Шежіре – халықтың атадан балаға қалған қасиетті тарихы, асыл мұрасы.

Шежірелер жүйесі сан ғасырға жалғасып, ұрпактан – ұрпакқа беріліп, бүгінгі күнге жетіп отыр. Шежірелер арғы текпен бүгінгі ұрпакты, бүгінгі ұрпақпен келер ұрпакты байланыстырып, жалғастырып отыратын тіршілік тынысы тәрізді.

Жалпы қазақ шежірелері үш түрлі болып келеді. Үш кезеңге белінеді.

### Бірінші шежіре

Шежіренің әуелгісі – бүкіл адамзат баласының жаратылуы дейтін кезеңнен басталады. Яғни Адам – ата мен Хауа – анадан бері қарай, таратылатын шежіре.

Адам – ата мен Хауа – ана бірі Үндістан өнірінде, бірі Қызыл теніз аймағында жүріп 200 жылдан сон кездеседі. Адам – ата 930 жыл жасаған дейді. Қызыл теніздегі Джидада портының маңында Хауа ананың мазары тұр деген аныз бар. Адам – ата мен Хауа – ананың алғаш мекенделеген жері Арафат тауы.

Міне, Адам – атадан тұган ұрпактан жер бетіндегі барлық халық өсіп таралған дейді.

Адам – ата мен Хауа анадан – Қабыл

Абыл

Шыт

іуган екен. Ол дауірден бері неше мындаған жылдар өткен. Қазіргі жер бетіндегі алты құрлық бір-бірімен жалғасып тұтас күйде болған.

Кейінгі мұздану дауірінен кейін мұхит сулары көтеріліп, материктерді бір-бірінен болды, қазіргідей жағдайға келген.

Жер бетіндегі адамдардың әр түспі болуы, сейлеу тілінің әр түрлі болуы осындай табиғат жағдайының әсеріне байланысты болса керек.

### Екінші шежіре

Екінші шежіре топан су тасқынынан кейінгі кезеңді білдіреді. Нұх пайғамбардан тараған ұрпактар шежіресі деп аталады.

Нұх пайғамбардан – Қам (Хам)  
Сам (Сим)  
Япши (Япес)

Қам



Кет

Вавилон

Хананей

Сам



Араб

Парсы

Иран

Япши



Түрік

Үнді

Қытай

“Нұх пайғамбар жерді үш бөлікке бөлген екен. Бірінші бөлігіне үлкен ұлы Қамды жібереді. Қамнан кет, вавилон, ханакей халықтары тарайды. Екінші орта бөлігіне ортанышы ұлы Самды жібереді. Самнан Араб, парсы халықтары тарайды. Үшінші шығыс бөлігіне Япшыны жібереді. Япшидан түркі халықтары таралған” – дейді.

(Рашид – ад – Дин “Жами ат -тауарих”).

Тарихшы ғалым Қалибек Данияровтың “История Алаш” деген еңбегінде Япестің түрік, монгол халықтарының тұп атасы екендігі айтылады.

(К.Данияров “История Алаш”, Алматы 2006 ж, 148 бет).

### Үшінші шежіре

Үшінші шежіре Майқы биден, кейде Әннас сахабадан таратылады. Бұл көшпендерге ислам діні кіре бастаған кез болса керек. Қазақ Алаштан тарайды дейтін шежіре де осыған жатады.

Бұл үшінші шежіре жайлы саналуан түйткіл пікірлер де жоқ емес. Қазақ араб сахабаларынан тараған деген пікірде негізсіз, әрі нақтыланбаған жаңсақтық болуы әбден мүмкін.

Шежіре жүйесі бойынша:  
Әннас сахабадан – Сыбай туады  
Сыбайдан – Алаш туады  
Алаштан – Майқы би  
Майқыдан – Қазақ туады  
Қазақтан – Жайылхан, Сейілхан  
Жайылханнан – Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс

Орта жүзеге жататын тайпалар осы Жайылхан деген адамның ағайынды үш баласының Жанарысынан тарайды (кейбір зерттеушілер мен тарихшылар Бекарыстан таратады).

Бұл тайпалар: Арғын  
Найман  
Керей  
Уақ  
Қоңырат  
Қыпшақ

Ақарыс – Ұлы жұз (Ақ ырызық басы) Бас бөлік  
Жанарыс – Орта жұз (Кеуде жан ұясы) Орта бөлік  
Бекарыс – Кіші жұз (Бек билік, би) Билікті бөлік

### Алты арыс, төрт төнірек

Орта жүзде «Алты арысын, төрт төнірегін аман болсын» деген сөз бар. Көнеден қалған осы сөзде бір сыр болса керек.

**Орта жұз** – Жанарыстан тарайды. Жанарыстан Мейран туыпты. Мейран бабамыз үш әйел алған екен.

Үлкен әйелі Қояннан – Арғын, Найман.  
Екінші әйелі Жарғактан – Керей, Уақ.  
Үшінші әйелі Жасардан – Қоңырат, Қыпшақ

тұған екен. Сонда Орта жүзге кіретін алты арысымыз:

Арғын  
Найман  
Керей

Осы өмірнаманы жазу жұмысы кезінде пікіріме қолдау жасап, тілектес болған жолдасым Базікенге, ұлдарыма, келіндеріме, қыздарыма, туыстарым Күләш, Құсманға, сінілілерім Раушан, Назгул, Айгүлге, інілерім Ғалым, Шынғысқа алғыс ризашылығымды білдіремін.

## ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕЛЕРІ ЖАЙЛЫ

“Қазақ шежіресі маған қазақ тайпасының тарихын зерттеп жазуда көп пайдасын тигізді. Онсыз маған қазақ тайпасының өткен өмірін зерттеп білу қыын болар еді.” – Н.Аристов

Шежіре – тарих ғылымының бір саласы. Көшпенді халықтың ауызша тарихы.

Шежіре – халықтың атадан балаға қалған қасиетті тарихы, асыл мұрасы.

Шежірелер жүйесі сан ғасырға жалғасып, ұрпактан – ұрпакқа беріліп, бүгінгі күнге жетіп отыр. Шежірелер аргы текпен бүгінгі ұрпакты, бүгінгі ұрпакпен келер ұрпакты байланыстырып, жалғастырып отыратын тіршілік тынысы тәрізді.

Жалпы қазақ шежірелері үш түрлі болып келеді. Үш кезенге бөлінеді.

### Бірінші шежіре

Шежіренің әуелгісі – бүкіл адамзат баласының жаратылуы дейтін кезеңнен басталады.

Яғни Адам – ата мен Хая – анадан бері қарай, таратылатын шежіре.

Адам – ата мен Хая – ана бірі Үндістан өнірінде, бірі Қызыл теңіз аймағында жүріп 200 жылдан соң кездеседі. Адам – ата 930 жыл жасаған дейді. Қызыл теңіздегі Джидада портының маңында Хая ананың мазары тұр деген аңыз бар. Адам – ата мен Хая – ананың алғаш мекендереген жері Арафат тауы.

Міне, Адам – атадан туған ұрпактан жер бетіндегі барлық халық өсіп тараған дейді.

Адам - ата мен Хая анадан – Қабыл

Абыл

Шит

туған екен. Ол дәуірден бері неше мындаған жылдар өткен. Қазіргі жер бетіндегі алты құрлық бір-бірімен жалғасып тұтас күйде болған.

Кейінгі мұздану дәуірінен кейін мұхит сularы көтеріліп, материкилерді бір-бірінен бөліп, қазіргідей жағдайға келген.

Жер бетіндегі адамдардың әр түсті болуы, сөйлеу тілінің әр түрлі болуы осындай табиғат жағдайының әсеріне байланысты болса керек.

### Екінші шежіре

Екінші шежіре топан су тасқынан кейінгі кезеңді білдіреді. Нұх пайғамбардан тараған ұрпактар шежіресі деп аталады.

Нұх пайғамбардан – Қам (Хам)  
Сам (Сим)  
Япшы (Япес)

Қам

↓

Кет

Вавилон

Хананей

Сам

↓

Араб

Парсы

Иран

Япшы

↓

Түрік

Үнді

Қытай

“Нұх пайғамбар жерді үш бөлікке бөлген еken. Бірінші бөлігіне үлкен ұлы Қамды жібереді. Қамнан кет, вавилон, ханакей халықтары тарайды. Екінші орта бөлігіне ортаныш ұлы Самды жібереді. Самнан Араб, парсы халықтары тарайды. Үшінші шығыс бөлігіне Япшыны жебереді. Япшыдан түркі халықтары таралған” – дейді.

(Рашид – ад – Дин “Жами ат -тауарих”).

Тарихшы ғалым Қалибек Данияровтың “История Алаш” деген еңбегінде Япестің түрік, монгол халықтарының тұп атасы екендігі айтылады.

(К.Данияров “История Алаш”, Алматы 2006 ж, 148 бет).

### **Үшінші шежіре**

Үшінші шежіре Майқы биден, кейде Әннас сахабадан таратылады. Бұл көшпендейлерге ислам діні кіре бастаған кез болса керек. Қазақ Алаштан тарайды дейтін шежіре де осыған жатады.

Бұл үшінші шежіре жайлы саналуан түйткіл пікірлер де жоқ емес. Қазақ араб сахабаларынан тараған деген пікірде негізсіз, әрі нақтыланбаған жаңсақтық болуы әбден мүмкін.

Шежіре жүйесі бойынша:  
Әннас сахабадан – Сыбай туады  
Сыбайдан – Алаш туады  
Алаштан – Майқы би  
Майқыдан – Қазақ туады  
Қазақтан – Жайылхан, Сейілхан  
Жайылханнан – Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс

Орта жүзеге жататын тайпалар осы Жайылхан деген адамның ағайынды үш баласының Жанарысынан тарайды (кейбір зерттеушілер мен тарихшылар Бекарыстан таратады).

Бұл тайпалар: Арғын  
Найман  
Керей  
Уақ  
Қоңырат  
Қыпшак

Ақарыс – Ұлы жұз (Ақ ырызық басы) Бас бөлік  
Жанарыс – Орта жұз (Кеуде жан ұясы) Орта бөлік  
Бекарыс – Кіші жұз (Бек билік, би) Билікті бөлік

### **Алты арыс, төрт төнірек**

Орта жүзде «Алты арысын, төрт төнірегін аман болсын» деген сөз бар. Көнеден қалған осы сөзде бір сыр болса керек.

**Орта жұз** – Жанарыстан тарайды. Жанарыстан Мейран туылты. Мейран бабамыз үш әйел алған екен.

Үлкен әйелі Қояннан – Арғын, Найман.  
Екінші әйелі Жарғактан – Керей, Уақ.  
Үшінші әйелі Жасардан – Қоңырат, Қыпшак  
туған екен. Сонда Орта жүзге кіретін алты арысымыз:

Арғын  
Найман  
Керей

Уак  
Қонырат  
Қыпшақ

тайпалары еді.

Енді төрт төнірек жайлы.

Бірінші төнірек – Тобықты  
Екінші төнірек – Ергенекті  
Үшінші төнірек – Байжігіт  
Төртінші төнірек – Ақнайман

1. Тобықтыға жататын аталар Арғын тайпасының ішінде таратылады.
2. Ергенекті аталары Найман → Сүгірші → Ұланбатыр ұрпақтарынан тарайды.
3. Бәйжігітке кіретін аталар Қаракерей руының ішіндегі ұлken бір тармағы болып таратылады.
4. Ақнайманға жататын аталар Байыс биден (Бес Байыстан) таратылады. Негізі Жолымбет биден тарайды.

Қазақ шежірелерінің негізін жалпы Азия елдерінің, Азия халықтарының таралу, қалыптасу тарихымен байланысты қарастырған жөн. Көне шежірелерде бүкіл Азия, Түркі елдерінің, Азия, Түркі елдеріне жататын көп халықтардың қалыптасу, таралу реті, мезгілі шежірелер түрлерінде жүйелі беріліп отырады. Әсіреле тарихи адамдардың аттары (есімдері) жақсы сақталған. Әйтілі адамдардың ұрпақтары қай кезде өмір сүріп, қалай таралғаны жайлы түсініктер мол.

Көне замандардан бергі халықтардың таралу, өсу тарихы, жалпы адамзат қоғамының даму қалыптасу тарихымен тығыз байланысты болған. Ата – бабаларымыздың халықтар, рулар шежіресін бағалап, оны ұрпақтан-ұрпаққа ауызша, кейде жазба үлгілерімен де жеткізіп отыруында осындағы терең сыр болса керек.

Қазақ шежіресі – ата-бабаларымыздың даму, таралу тарихы жайлы мәлімет. Әріден келе жатқан халықтың, ел тарихының ауызша түрі. Ата-текі есте сактап, жүйесімен дұрыс таратып айта білуге негізделген ата мұрамыз. Ата тарихымыз.

Қазақ шежірелерінің тағы бір құндылығы ұрпак тәрбиесіндегі орны. “Жеті атасын білмеген жетесіз” дейді. Сонда жеті әкені ғана білуді айтып отырған жоқ. Осы жеті атада дейінгі мезгіл (200 жылдай уақыт екен) ішінде сол аталарда өткен тарихты, сол атадан шықкан шешендер, билер, ел қорғаған батырлар, ақындар, әнші-күйшілер ел аузында аты қалған әйгілі аналар жайлы білгізіп танытууды мақсат еткен. Алдыңғы ата жолын үлгі-өнеге етіп, ұрпакты солардай батыр, қайратты, табанды болуға, өнерлі тапқыр болуға тәрбиелеген. Ата буынның өнегесін тәрбие құралы ретінде пайдаланған.

Жеті атасын білген ұл,  
Жеті жұрттың қамын жер.  
Жеті атасын білмеген,  
Құлағы мен жағын жер, - дейді халық даналығы.

Рудың ұйтқысы, ауыл-аймактың тірегі болған ел жақсыларының көрегендігімен, ақылымен ұрпакты, ел-жұртты бірлік берекеге келтіріп, үлгі-өнегеге баулып отырған.

Белгілі шежіреші Т.Қабаев “Қазакта ата тек туралы шежіре аныздар пайда болғанына 2000 жыл шамасы болған деуге негіз бар” – дейді.

Бұл орайда шежіре деректерінің ерте кезде жазбаға түскендері: Іле аймағы Алмалық қаласынан шықкан тарихшы Жамал Каршидің (1230-1315 ж) «Қанлы, дулат, қараған, оғыз-қыпшақ шежіресі». Шежірелердің алғашқыларының бірі – Рашид-әд-Диннің “Жами ат - тауарих” (Түгел тарих) деген енбегі (1247-1318 ж) жазылған. Бұл енбекте ортағасырдағы қазақ тарихына қатысты мәліметтер мол. Онда қазақ даласын мекендеғен қанлы, қыпшақ, найман, керей, қонырат, жалайыр, алшын т.б. тайпалардың шежіресі жүйеленіп, ғылыми анықтама берген.

Орта ғасырда қазақ шежірелері мен жылнамалар жинағы жазылып отырған. Көне шежіре нұсқасының бірі «Нысабнама қазақ» («Қазақтар шежіресі»). Мұнда көрсетілген деректер XIII ғасырдан XVIII ғасырга дейінгі мезгілді қамтиды. Бұл – орта ғасырдағы қазақ халқының шежіре – тарихы жөніндегі құнды жазбалардың бірі.

Бейбарыс пен Валиддин Халдун (Қалауын) жаздырыған “Қыпшак шежіресі” (1260 ж), Шағатай түрік әдебиетінің жарқын тұлғасы Әбілғазы Баһадур ханнның “Шежіре – И - Түрік ” (“Түрік шежіресі”) (1603-1663 ж) атауға болады.

XVI ғасырда Өтеміс қажы жазған «Шыңғыснама» құнды еңбектердің бірі. Оның қолжазба нұсқасы Ташкент мұрағатында сақтаулы «Нисабнама Шыңғыс» («Шыңғыс шежіресі») дейтін енбек.

Зерттеушілердің (тарихшылардың) айтуынша қазақ шежірелері VII ғасырдан бастап, XX ғасырга дейінгі мезгілді қамтиды.

Бұдан кейінгі кезеңдерде де қазақ шежірелері жайлы әдебиеттер баспа көре бастаған. Нұржан Наушабаевтің “Манзумат қазахиясы” 1903 ж Қазан баспасынан шығады. Шәкәрім Құдайбердіұлы “Қазақ һәм хандар шежіресі” 1911 ж Орынборда басылған. Мұхамеджан Тынышбаев “Қырғыз – қазақ халқының тарихына материал” кітабы Ташкент қаласында 1925 жылы басылады.

Мәшкүр-Жүсіп Көпеев “Шежіре” деген кітабы да осы мезгілде баспадан шыққан.

Шәкәрім Құдайбердіұлы “Түрік – қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі” 1914 жылы Уфадан жарық көрген.

Міне осындай тарихи кезеңдерден өтіп, ғасырлар қойнауынан жалғасып, бүгінге дейін сақталып келген халық шежіресі – ұлттық асылдарымыздың бірі. Шежірелер халықтың шығу тегін және рулар мен тайпалар басынан өткен тарихи кезеңдер мен тарихи-әлеуметтік оқиғалар негізін де білдіріп отырады.

Осы тұрғыдан қарағанда, қазақ хандығында ел басқару жүйесі, мемлекеттік құрылым, ру-тайпалар бойынша жүргізіліп келгендердің белгілі. Сондықтан ел басқару үшін, салық жинау үшін, әскер жасақтау сияқты шараларды жүргізу үшін билік басындағы хандар мен сұлтандарға, билер мен төрелерге әр рудын ішкі жағдайын біліп, халқын, өріс-конысын білу қажеттігі туған. Қазақ шежірелерінің жинақталуына, жазылуына сол заманың осындай қоғамдық-әлеуметтік жағдайлары әсер еткен.

Осындай тарихи-әлеуметтік жағдайға орай “Алтын Орда” хандығының кезінде “Тоқтамыс хан” шежіресі жазылған. “Тоқтамыс хан” шежіресі 1790 ж мөлшерінде жазылған. 1836 ж “Жәнгір хан” шежіресі жазылады.

1450 жылдары Әбілхайыр ханнның тұсында “Көк Орда” хандығынан Керей мен Жәнібек сұлтандар бөлінеді. “Көк Орда” билігі екіге бөлініп, ел екіге айырылады. Бұл – қазақ тарихындағы “Ел айрылған” деп аталған үлкен бір кезең еді. “Көк Орда” хандығы екіге бөлініп, отырықшы тайпалар мен қала халқы Өзбек хандығында, Әбілхайыр ханнның билігінде қалады. Екінші жартысы көшпелі тайпалар қазақ хандығына қосылады. Керей мен Жәнібек сұлтандарға ерді. Бір рулы елдін жартысы “Көк Орда” билігінде қалып, жартысы Қазақ хандығына кірген. Бұл - аталас ағайын, жакын туыстар, ру -тайпалар бір-бірінен ажырасқан тарихи кезең еді. Халық ыдырап, тарих бөлінген осы қоғамдық-әлеуметтік себепке байланысты Қазақ хандарының ел тарихын жинақтап, қазақ шежірелері жүйесінің жинақталып жазылуы, осы кезеңнен бастау алуы тарихи зандалық еді.

1456 жыл – Қазақ хандығының, қазақ мемлекеттігінің тарих сахнасына шыққан кезі. Қазақ хандығының құрылуы қазақ халқының тарихындағы өте маңызды оқиға болды. Ол ұлан - байтак өнірді мекендерген қазақ тайпаларының басын қосуда, қазактың этникалық территориясын біріктіруде, өз алдына жеке ел болып қалыптасуында аса маңызды тарихи кезең болды.

Тарихшы Мұхаммед Қайдар Дулати «Тарих-И-Рашиди» атты енбекінде былай деді «Ол көзде Дешті-Қыпшакты Әблхайыр хан биледі. Ол Жошы әулетінен шыққан сұлтандарға күн көрсетпеді. Нәтижесінде Жәнібек хан мен Керей хан Моголстанға көшіп барды. Есен-Бұға хан оларды құшақ жая қарсы алып, Шу өзені мен Қозыбасы аймағынан жер берді.

Есен-Бұғаның мақсаты: Әбілхайыр хан мен Темір әuletіне қазақтардың күшін пайдалану және ойраттар шабуылынан Моголстан шекарасын қорғау еді».

Ірі-ірі шиеленістер болды. Өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды. Әбілхайыр хан дүние салды. Қек Орда халқының үлкен бөлігі Керей хан мен Жәнібек ханға көшіп келді. Сөйтіп олардың маңына жиналғандардың саны 200 мың шаңыраққа жетті. Оларды «Қазактар» деп атады.

Қазақ хандығының ерекшелігі - оның анағұрлым кең де берік этникалық негізі қазақ халқы болды. Қазақ хандығының нығайып, халқының құралу барысы жеделдеген сайын оның «Қазактар» атауы да бекіді. Жетісуда алғаш рет қазақ рулары мен тайпалары бір мемлекетке біріктірілді.

Қазақ хандығы кезінде, Керей хан, Жәнібек хан, Бұрындық хан, Қасым хан, Қақназар хандар билік құрган кезде “Орта жұз шежіресі”, “Ұлы жұз шежіресі” “Кіші жұз шежіресі” жинақталып жазылған. Сонымен бірге тайпалар құрамына кіретін ірі рулар шежіресі де жазылған. “Үйсін шежіресі”, “Аргын шежіресі”, “Қыпшақ шежіресі” т.б.

XV-XVI ғасырда қазақ шежірелері қағаз бетіне түсे бастаған. Көбінде хан ордасының тапсыруымен, билік иелерінің тапсыруы бойынша жазылған. Шежірелер араб алфавиті негізінде жазылады. Өлең – жыр ұлғасінде жазылған шежіре түрлері де тарапалды. Қазақ хандығын құраган ақылмандар мемлекет жасау үшін рулық, тайпалық жүйені жинақтап, осылай әр атаның, әр рудың ата жөнін шежіресін жаздырған.

XV-XVII ғасырларда қазақта елдің елдігін қорғап, ұлтарақтай жер үшін сыртқы жауалармен шайқасқан, қуатты хандықтарды билеген айтулы хандар болған. Олардың парасатты, даналық басшылықтары - өзі бір тарих.

Қазақ хандары да сән-салтанатпен, өнеге-тәрбиемен, байлық берекемен елді ұстай білген. Басқара білген. Қазақ хандығы тұсында халқымыз “Қой үстіне бозторғай жұмыртқалағандай” дәүлетті тұрмыс кешкен.

Бұл хандардың ішінде Жәнібек ханның ұлы Қасым ханның (1511-1521ж) тұсында Қазақ хандығы өзінің дәуірлеу биігіне көтеріледі. Хандықтың данқы артып, Ресей елдеріне, Европа елдеріне де белгілі болады. Бір миллионнан астам халқы болған. Оның қисалсыз мол, сан мың әскері болған. Әскер жасақ саны 70 мыңға жеткен. Мұхаммед Хайдар Дулати “Қасым детші қыпшақтың дара билеушісіне айналды” - дейді.

Қасым хан әскери талант, білгір дипломат адам болған. Қасым 1514 ж Жетісу, Қашқар, Жаркент аймақтарын Қазақ хандығына қосып алады. 1521 ж Сайрам, Ташкент, Сыр бойы, Ұлытау, Балқаш, Қарқаралы аймағы, Батысы Жайық өзеніне дейінгі аймак Қазақ хандығына қосылады.

Қасым ханның басты мақсаты Сыр бойындағы қалаларды қазақ хандығына қосып алу болды. 1510 жылы Қасым хан Мұхаммед Шайбанимен шайқасып, Шайбани қолы жениледі. Түркстан қаласы Қасым қолына көшеді. Қазақ хандығының астанасы Түркстан қаласы болды. Қазақ хандары Түркстан қаласындағы Ақ сарайда отырып билік жүргізген. Ақ сарай 200 жылдан астам хан сарайы қызметін атқарған. Үш жұзді билеген қазақ ханы «Ұлы хан» болды. «Ұлкен Орда» ханы деп аталды. Жұздерді кіші хандар биледі. Кіші хандар «Ұлкен Орда» ханына бағынды. «Ұлкен Орда» ханы қазақ хандарының азаматтық, әскери, әкімшілік және сот құқын қолына ұстаған жеке - дара билеуші болды. «Ұлкен Орда» хан сарайында тайпа көсемдері, билер, батырлар, шешендер, жыраулар кеңесі отырды. Олар саяси мәселелерді, әскери мәселелерді, азаматтық мәселелерді ақылдасып, кеңесіп шешіп отырған. «Хан кеңесі» белгілі бір жекелеген мәселелерді ғана шешетін. Ал басты мәселелер соғыс, жорық, жер дауы, бітім шарты «Үш Жұздің» өкілдері толық қатысқан «Ұлкен Орда» ханының басқаруымен өтілетін ірі жиында – Құрылтай жиында шешілген. Яғни «Хан кеңесінің» өз орны, «Құрылтай жиынның» өз орны болған.

Қазақ – дана халық. Іргесі берік халық болуды аңсаған ел. Бұл мақсатқа жетер жолда топ бастаған шешені, қол бастаған көсемі, қамал бұзар батырлары сын кезенде халқынан қайратын да, ақыл-кеңесін де аямаған.

1513 жылы Қасым хан Сайрам қаласын алды. Сауда дамып, Сауран қаласы сауда орталығы болды.

Қасым ханның “Қасқа жолы” деген ұғым қазак халқының бітім-білігін қарастырган заң тәрізді ереже болған. Бұл 5 ақиқаттан тұрған.

Мұлік заны  
Қылмыс заны  
Әскери зан  
Елшілік заны  
Елдік заны

Бұл зан, ережелер кейіннен Тәуке ханның “Жеті жарғысына” негіз болады. Тәуке хан (1680-1718 ж) тұсында «Күл төбенің басында құнде жиын» деген мәтел сөз бүтінге дейін айтыла береді. Құнде жиын, кенестің болу себебі жердің тарылуы, жайлау, қыстаулар үшін даулы мәселелердің көбеюі, қақтығыс, жаңжал, кісі өліміне дейін барған. Сондыктан Қасым ханның «Қасқа жолы» деген зан ережеге тағы екі тармақ қосылады (жер дауы, құн дауы). Қасым ханның «Қасқа жолы» 5 тармактан тұрса, оған Тәуке хан тағы 2 тармақ қосып, «Жеті жарғы» заны шығады. «Жеті жарғы» заны үш жүздің билер кенесі Төле би, Әйтеке би, Қазыбек бидің қатысуымен құпталып бекиді. Бұл зан ереже Тәуке ханның «Жеті жарғысы» деп аталады. «Жеті жарғы» заны:

1. Мұлік заны (мал, мұлік дауын шешу – ережесі)
2. Қылмыс заны (кісі өлтіру, ел шабу, мал тонау, ұрлық - ережесі)
3. Әскери заны (әскер қосын, аламан міндепі - ережесі)
4. Елшілік жоралары (шешендік, майталмандық, халықаралық қарым-қатынаста сыйпайлық – ережесі)
5. Жұртшылық заны (ас беру, тарту-таралғы, той мереке - ережесі)
6. Жер дауы (рулар арасында, ел-жұрт, ағайын арасындағы - ережесі)
7. Құн дауы (ез руының адам құны, басқа ру адамының құны, неке заны – ережесі).

Қазақ халқының рухани тірлігінде айқын белгі қалдырыған тарихи жазба ескерткіштердің бірі «Нисабнама қазақ» («Қазақ шежіресі»), «Қазақ хандарының рәсімдері» деген қолжазба жинақ. Бұл - қазақ хандығы дәуірінде жазылған Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» сияқты зандар жинағының қолжазба нұсқасы. Бұл жинақ Туркияның Стамбул қаласындағы Сүлеймен Кануни кітапханасында сақталған.

Сөйтіп, Тәуке ханның «Жеті жарғысы» бір ортаға бағынған мемлекетті құруға көмектесті. Ел ішіндегі алауыздық реттеліп, әділ билік орын алды. Хандық таза ұлттық мемлекетке айналды. Қазақтың ұлт болып қалыптасуы да осы кезең - XVII ғасырдың басы еді. Міне осы кезде қазақ хандығына кіретін барлық тайпалар мен рулардың шежіресі жинақталып жазылды. Ол шежірелер хан ордасында сақталды.

Тек шежіре ғана емес бүтінгі қолданыста жүрген кейбір әдет-ғұрпымыздың көбі, сол Қазах хандығы кезеңінен бастау алып, сол кезben өзектесіп жатқан тәрізді.

Осы күнге дейін ұлттық дәстүріміз, ұлттық болмысымыз, әдет-ғұрпымыз, тұрмыс-салтымыз деп ұстанып жүрген елдік салт-санамыздың негізі де Қазақ хандықтары кезінде қалыптасып дами түсken. 1450 жылдан 1700 жылдар аралығы казақтың ел болып, етек-женін жиган тарихи кезеңі еді.

Қазақ хандығы кезінде салтанатты тойлар өткізу дәстүрі болған. Мұндай тойларға үш жүздің игі жақсылары шақырылған. Ұлы дүбір ас беру салты қалыптасқан. Асқа шақыру, халықты жинау мезгілі бір жыл бұрын хабарланған. Әр аймаққа арнайы шабармандар жіберіліп, шақырту рәсімі болған. Ол рәсімді “Сауын” айту дейді.

Асқа, немесе тойға келетін құрметті қонақтар, игі жақсылар сән-салтанатпен мол тарту-таралғымен, әнші-күйшілерімен, ақын-жырауларымен, балуандарымен, бас бәйгені

бермейтін сәйгүлік жүйріктерімен келеді еken. Келген меймандарға көрсөтілетін сый-сияпат, құрмет-кошаметтің өзіндік тәртібі, қалыптасқан реті болған. Құнды тарту-таралғы сыйлықтардың түрлері: ақ жамбы, ақ атан, тайтұяқ (құйма алтын), койтұяқ (құйма күміс), сусар ішік (булғын ішік), пұшпак ішік (тұлқи ішік), жаннат ішік (құндызы ішік), алтындаған ер, күмістеген ер, күміс сапты қанжар тәрізді тарту-таралғы, сый-сияптар жасалатын салт-дәстүр болған. Жомарттық, мәрттік, бақ-береке үлгілері де осындай жиында, той мерекеде танылып, бүкіл елге, үш жүзге таралып жатқан. Осындай жиындар үлкен өнер жарысы, сез сайысы, сән-салтанат бәсекесі ретінде өтілген. Мұндай салтанатты жиындар халқымыздың салт-дәстүрін, мәдениетін, өнерін дамытып, елдің елдігін, халықтың халықтығын қалыптастыратындығы накты шындық. Осы салт-дәстүріміз бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді.

Мұндай үлкен мереке жиындарда ақындық-жыраулық дәстүр қалыптасып дамыған. Билер әuletін құрметтеу, билік дәстүрін ұстану, шешендік пен тапқырлық, сез қадірі жоғары бағаланады. Тоқсан ауыз сөздің түйінің тобықтай ғана шешімге сиғызған білгір шешендер болған.

«Қазақта ең үлкен ас Абылай ханға берілген ас еken. Аста 40 атқа бәйге тігілген. Үш жүздің баласы түгел шақырылған. Ас Қызылжарда берілген. Бұдан кейін найман, керей ішінде Мәмет руынан Сүлейменұлы Әділбек мырзаның асында 40 атқа бәйге тігілген. Бұл – қазақ хандығы тарихындағы ең ірі айтулы жиын болған. Мұндай үлкен астарда «Тоғыз - тайтабак», «Тоғыз жамбы» деген тарту таралғының түрлері болған. Бір бас бәйгеге - 9 түйе, 9 құлышынды бие, 9 мауіті кілем, 9 жай кілем, 9 тон, 9 торғын киім, 9 шапан, 9 торпак, 1 жетім берілген. Бұны «Тоғыз - тайтабақ» тартуы деп атаган».

(Күрманғали Халит «Тауарих хамса», 236 бет).

Қазақ пен қыргыздан өзге халықтар шежіре жинамайды деген жалған пікір. Көп елдерде шежіреге ғылыми мән беріледі. Сонымен қатар, ол ғылым саласы ретінде дамытыла зерттеліп толықтырылып отырады. Бұл іспен айналысатын этнографиялық институттар да бар. Соның бір айғағы жуырда ғана “Наука и жизнь” журналында “Российский имперский дом в канун его трехсотлетия” (1613-1913) атты шежіре үлгісі басылды. Араб, Израйл елдерінде 250 атага дейін таратылатын шежіре үлгілері бар екендігі айтылады.

«Өлі де болса тегімізге үркे қарап, істін артын бағып үнсіз отырғандар бар. Бірер газет болмаса, бұл істі қолға алып, кірісе бастаған ғылыми институттар да жоқ. Сондықтан, бүгінде көзге көрінген бірді-екілі талпынысты қолдан, тарихи мұраны жариялад алсақ – болашак үрпақ алдында міндеттімізді атқарған болар едік. Үрім-бұтақ солай жалғасып, ат тұғын тай баспай ма?» – дейді ғалым Байұзак Қожабекұлы Албани өзінің “Тарихи таным” деген еңбегінде.

## ТОҒЫЗ ТАҢБАЛЫ НАЙМАН

“Ең үлкен, ең күшті және мәдениетті халық наймандар”  
Лев Гумилев

Ежелден Найман руының мекені - Өр Алтай, Алтайдың онтүстік және онтүстік батыс бөлігі, шығысында Байкалдың (Байкөл) онтүстігі, Ханғай өнірі, Катон, Нарын, Қалба таулары, Қара Ертіс және Семейге дейінгі Ертіс өзенінің екі жақ қапталы, Сауыр, Маңырақ, батысы Тарбағатай, Алакөлге дейінгі аймак.

Найман – үлкен ел. Орта жүздің көп аймактарына таралып орналасқан. Алтай мен Алакөл, Балқаш аралығында орналасып, Сарыарқамен шектесетін үлкен ел – Найман бабаның үрпактары.

Найман – орта жүзге жататын ірі тайпалардың бірі. Тайпаның қалыптасуы, елдік тарихы ете әріден басталады. Тарихи деректерге караганда 850-900 жылдар мөлшерінде найман тайпасына кіретін аталар мен рулар Алтай өнірінде өмір сүріп, Найман бірлестігіне тоptаса бастаған. Мөлшері Нарқыш – Таян ханның билік еткен кезінен басталып, Инан Білгі, Эннат Қаанның тұсында мемлекет нығая тускен.

IX ғасырдың орта кезінде Найман саяси – мемлекеттік бірлестігі нығайып, сауда жүйесі, саяси ахуалы, қалыптасқан феодалдық мемлекет ретінде танылады. Көне жазбаларда Найман мемлекеті жайлы деректер мол.

Көне қытай жылнамалары “Ши-цзу” (“Тарихи белгілеулер”) Елу-Дашидін “Батысқа жасаған жорық”, “Жол катынас тарихының құнделігі”, Рашид – ад – Диннің “Жылнамалар жинағы”, “Монголдың құпия шежіресі”, қазак, орыс, жапон ғалымдарының енбектерінде наймандар туралы дерек көп.

Рашид – ад – Дин наймандар орта ғасырда, Найман мемлекеті орнағанға дейін, тайпалық одак болып үш жүз жыл өмір сүргіндігін айтады.

Қытай жылнамалары мен Иран, Парсы шежірелері және Аристовтың, Бартольдтың тарихи зерттеулерінде найманның арғы тегі орта ғасыр тұсында Найман мемлекетін орнатып, үлкен ұлыстық дәрежеге жеткенін раdstайды.

VII-VIII ғасыр аралығында Монгол үстіртінде, Ханғай жоталары мен Алтай тауларында көптеген түркі тайпалары өмір сүрген. Сондай тайпалардың бірі – наймандар. Найман тайпалары тарих сахнасына ежелгі монголдардан бұрын шыққан. Ерте феодалдық ұлыстың шаңыраған кетерген ел. Бірак, олар ол кезеңде “Найман” аталмаған. Алтайда мекендереген “Түркі топтарының” қатарындағы ел болған. Адамзат тарихы – көп ғасырдың жемісі. Қай халық та жалғыз ғасырда пайда бола алмайды. Көп жағдайда тайпаның, халықтың атауы кейіннен қалыптасады.

Найман – “Сегіз оғыз” тайпалары қауымдастыры түрінде тарихта VII-VIII ғасырда көрініс берे бастағаны белгілі.

“Найман” туралы алғашқы мағлұмат қытайдың “Ляо ши” (Ляо елінің тарихы) жазбаларында VIII ғасырдан белгілі болды деп көрсететін тарихшылар найманды “Сегіз оғуз” тайпалар бірлестігіне байланыстырады.

739-740 жылы Туркі қағанатының он қанатының көсемі Құллі – Чорға қойылған тас белгіде шыққан тегі “Сегіз оғыз” тайпасы дейді. Құллі Чор, Ел – Теріс (Ел Төресі), Білге қаған, Құлтегін Түрік қағанаты кезінде, бір кезеңде өмір сүрген тарихи тұлғалар.

Найман атауының шығуы Рашид – ад – Диннің “Жылнамалар жинағы” (1247-1318 ж) “Найман”, “Наймана” монгол тілінде сегіз санының атауы екенін, найман сөзі (сегіз тайпа одагы) ұғымын беретіндігі жайлы айттылады.

Тарихи деректерде “Сегіз оғыз”, “Сегіз байрқу” (бой-рух), (бойруху) түрінде қолданылып кейіннен Байырқу атанып кеткен.

Ғалымдар бұдан бұрын да наймандардың Огуз тегінен екендігіне күмән келтірмеген. Ал огуздар - әрқашан түркі тобына жататын ел.

“Оғыз тайпасынан шыққан наймандар түркі тілді халық болды. Олар VIII ғасырдан бастап “Сегіз огуздар”, кейінрек “Цзу - бу” одагын құрап келген. Көрші халықтар оларды “Найман” деп атаған” – дейді Л.Л.Викторова.

Л.Л. Викторова «Найман» атанған халықтың тарихи жаграфиялық орналасуы және этнотегі мен тіліне жан-жақты талдау жасап келіп, «Найман атауы» түркілік «Сегіз оғыз» тайпа бірлігінен шыққандығын дәлелдейді.

«Найман этнотегін және тайпа атауын анықтауда Жапония ғалымы С.Муряма, чех ғалымы П.Поуха елеулі үлес қости. «Найман» атауы «Сегіз огуздан» шықты деген пікірді С.Муряма да қолдайды»- дейді Задыхан Қинаятулы «Найман хандығы» деген жазбасында.

Найман феодалдық мемлекеті 1050 жылдардың мөлшерінде қазіргі Алтай өнірінде, Байкал көлінен онтүстікке қарай, Орхон (Орхун) өзенінің басы мен Тарим жазығы Ханғай

таулы өлкесіне орналасады. Батысы қазіргі Биск өніріне дейін созылып жатқан. Бұл өнір – Найман тайпасы (елі) қанат жайған ата - қоңыс.

Сонымен Наймандар XII ғасырда қазіргі Шығыс Қазақстан мен Батыс Монголстан алып жатқан Алтай мен Ханғай таулы өлкесіне орналасқан. Наймандарда орталық құру, қала салу орын алды. Найман мемлекетінің ежелгі орталығы Қарақорым қаласы. Кейде Қарабалық қаласы деп те аталады. Наймандардың мәдени орталығы саналатын бірнеше қалалары болды. Алтайда “Шамбалық” қаласы, “Ақбалық”, “Найман сүмбे” қалалары болған. Жонғар Алатаянда “Кеми Талас”, “Тарсакент” қалалары болды. Наймандардың әкімшілік сауда орталығы “Найман сүмбे” қаласы еді.

“Наймандар тас құйып, там сокты. Қолөнерін өркендettі. Бұлак сулардың бойына егін екті. Арпа, бидай, тары дақылдарын өсірді. Қыс айларында шанғымен ан аулады. Аңшылық кәсібі жоғары орынға қойылды. Қымбатты ан терілерін кенінен пайдаланды”-дейді Әлкей Марғұлан “Таңбалы тас жазуы” деген жазбасында.

Наймандар сол кезде Орталық Азиядағы бірден – бір қуатты және мәдениетті мемлекет бірлестігі болған. Найман мемлекеті батыстағы Соғды (Өзбек), Иран, Араб елдерімен айырбас – сауда жасаған. Асыл бұйымдар, мата, шай, қант, өрік-мейіз тиелген керуендер ағылып жатқан. Ақша болмағандықтан сауда қымбатты ан терісіне, мал терілеріне, асыл тастарға айырбас регінде жүрді. Наймандар қымбатты ан терілерін орман елінен (Бурягтар, Тунгустар, т.б.) елдерден алып тұрған. Ұлы Жібек жолы найман жерін басып өткен. Сондықтан оларда сауда-сатық едәуір дамыған.

“Наймандар жазу мәдениетін тым ертеден бастады. Олар әуелі Согда-Түрік жазуын (түрік руникасын), сонынан Ойғыр жазуын қолданды. Наймандардың жазба мәдениеті туралы деректер тым ерте заманнан басталды. Наймандардан қалған “Тамғалы тас” ескерткіштерін былай қойғанда Абақан өзенінің бойынан табылған Орхон жазуын атап өткен жән. Жазу ертедегі Түркі үрдісі бойынша Билге (Бұқа хан) ханның өмір баянын суреттейді. Онда былай делінген:

Ел оласы Инанч Билге (Бұқа хан)  
Оғлы аты Куч-оре оғлан,  
Ер атыныз Оре бек  
Елініз учун қызығану...  
Іағыға тегміш су теңі.  
Іе і бің оғлан ерті.

Мұнда найманның хан атасы Нарқыш Таянның інісі әйгілі Инанч Билге хан туралы сөз болып отыр. Бұл – X ғасырдың орта тұсында найманның іргесін кеңейтіп, елдің елдігін кемелдеген белгілі адам.

IX-X ғасырда Монгол үстіртін мекендеген тайпалар ішінен наймандар ойғыр жазуын ен алғаш пайдаланды. XII ғасырда Найман ұлысында белгілі заң жүйесі қолданылды. Ұлыстың іс жүргізу қызметі болды. Іс ойғыр жазуы арқылы құрылып, документтер әсіресе салық жинау, лауазымды адамдарды тағайындау туралы құжаттар хан жарлығымен тұрактандырылып, оның ақиқаттығын дәлелдейтін “Ханның алтын мөрімен (тамға)” күәландырылатын болды.

Найман ұлысының мәдени үрдісін монголдар жалғастырды. Монголдардың әдеби тілі мен жазу мәдениеті найманнан жалғасып келгендейтін қазір дүние жүзі ғалымдары мойындал отыр. Найман ұлысының мәдениеті, оның монгол халқына тиғізген әсері жайлы батыс европа, славян, парсы жазбаларында бір шама жазылды. Жазбаларға қарағанда Тататунга ойғыр тайпасынан. Өз заманының білімдар адамы болған. 1204 жылы монголдар найман ордасын шапкан тұста, Таян ханның ақылшы үстазы және хан ордасының іс басқарушысы, ханның алтын тамғасын сактаушы, реттеуеші болған. Хан ордасы құйрекенде ханның алтын тамғасын (таңбасын) қойнына тығып қашып бара жатып қолға түседі. Ол монголдарға

көйніндағы тамғаның сырын түсіндіріп, “тамғаны ханның өз қолына табыс ету үшін” жүргенін жеткізеді. Бұл жаңалық жаңадан ел болуға ұмтылған монголдарды елең еткізеді. Шыңғысхан оны өз ордасының ағартушы ұстазы және іс басқарушысы етіп тағайындауды. «1206 жылы Монголия даласында Тэмүжинді хаған көтерген ұлы рәсімде, төрт жақтауында “Аспанда құдай бір, жерде хаған бір, жұмыр жердегі адамзат несінің тамғасы” деген сөз ойылып жазылған ақ мәрмәр тас тамғаны Шыңғысханға осы Тататунга табыс етеді»- дейді тарихшы ғалым Зардыхан Қинаятұлы (“Елорда” Астана –2001 ж.).

Найман елі бай- сәулетті өмір сүрген. Наймандар күшті мемлекет болған. Найман мемлекеті 250-270 жылдан өмір сүрген. XI ғасырдың ортасында Наймандар өзіндік ата мекен жері, қарулы қолы бар, қанаттас елдермен саяси және сауда катынасы бір шама өркендеген хандық биліктегі бір тұтас елге айналды. Наймандар батысында қанұлайлар, солтүстігінде қырғыздар, шығысында керейт, меркіттер, онтүстігінде ойғыр, тангуттармен қанаттас тұрды. Наймандар осы елдердің барлығымен жан-жақты қарым-қатынаста болған.

Бұл 1150 жылдардың мөлшері еді. Найман мемлекетінің нығайып, дәуірлеген кезі. Бұл – Ибан Білгі (білгір, кеменгер) ханның, оның ұлы Таян ханның (Таян кейде Тайбұқа, Таян Ван) билік құрған уақыты екен.

Найман мемлекетінің XII ғасырдың аяғында өмір сүрген ақын жырауы Құбатегін “Наймандар Ибан Білгі билік еткен кезде гүлденіп өсті. Қара қытайлардан бостандықты женіп алды.” – деген екен. (К.С.Э. 8-том).

Ибан Білгі ханның орда ақылшысы Құбатегін жырау болған еді.

Ибан Білгі ханның кіші ұлы Бұйрық хан, ұлken ұлы Таян хан. Осы Таян ханнан Күшілік хан туған.

Таян хан, Төлегетай бабамыз, Кет-Бұқа би, Күшілік бір кезенде қатар өмір сүрген тарихи тұлғалар. Кет-Бұқа әрі би, әрі жырау болған адам. Найман тарихындағы әйгілі жақсылардың бірі. Кет-Бұқа – ел қорғаны. Кет-Бұқаның найман елі үшін істеген иғіліктері істері көп.

Бүкіл найман елінің “Төбе би”, “Нокта ағасы” деп танылған адам.

Осы Кет-Бұқа би Төлегетай бабамыздың туған бөлесі екен. Әке жағынан да туыс, шеше жағынан да туыс, өте сыйлас адамдар болған. Ел ішіндегі жағдайды, түйінді мәселелерді ақылдасып, бірге шешіп отырған. Сондыктan ел бұларды “Іш найман” деп атаған. Ішкі пікірлері бір дейді екен.

Кет-Бұқа би мен Төлегетай бабаның кезінде Найман тайпасына кіретін руларға таңба үлестірген. Кет-Бұқа би әр атага енші бөліп, әр атага таңба үлестіреді. Найман елі ұлken той жасап, ұлken жиын өткізген дейді. Бұл жиын “Жарыс жазығы” деген жерде өткізілген. “Жарыс жазығы”, “Төлегетай аузы” деген жерлер Найман елінің ұлken жиын, салтанатты той өткізіп тұратын арнаулы орны болған.

Осы кезден бастап “Тоғыз таңбалы найман” атанған. Сонда өз руына таңба жетпей калып, бір таңбаны (шөміс таңбасын) теріс сол жағына басыпты. Содан Кет-Бұқаның ұрпағы “Терістанбалы” атаныпты деген сөз бүгінгіге жеткен.

### “Тоғыз таңбалы найманға” жататын аталар:

Төлегетайдан –	Қаракерей
	Төртуыл
	Садыр
	Матай
Сүгіршіден –	Ергенекті
Елатадан –	Кет-Бұқа (Қоңырат, Найман)
	Кел-Бұқа (Терістанбалы)
	Балталы
	Бағаналы

## Әр рудың таңба белгілері

I	Кесеу таңбасы		Балта таңбасы
X	Ашамай таңбасы		Жебе таңбасы
Y	Бақан таңбасы		Шеміш таңбасы
П	Тарақ таңбасы		Ергеншек таңбасы
△	Тұмар таңбасы		Шанышқы таңбасы

Найман тайласының таңбасы - Босаға, - Бақан.

Түркі халқының таңбасы Э С - Ай.

### Төғіз таңбалы найман

Рулары	Таңбалары	Ұрандары
Қаракерей	мүйіз	“Қабанбай”
Төртуыл	аша	“Баймұрат”
Садыр	бөрі	“Алдияр”
Матай	бөрі	“Қаптағай”
Ергенекті	ергеншек	“Қаптағай”
Кет-Бұқа	босаға	“Алатау”
Кел-Бұқа	шеміш	“Қаптағай”
Бағаналы	бағана	“Қаптағай”
Балталы	балта	“Қаптағай”

Тарихи деректерде Кет-Бұқа - найман елінің батығөй ақылшысы әрі күйіші жырауы. Жошы ханының ордасындағы әйгілі биі, хатшы шежірешісі болған. Кет-Бұқа шамамен 1180 жылдарда өмірге келгендігі жайлы 14 ғасырда жазылған “Шаджарат әл - атрак” шежіресінде айтылады. Шыңғыс ханға Жошының өлімін домбыра күйімен естірткен де осы Кет-Бұқа жырау.

Ақсақ құлан шошыған,  
Таудан төмен жосыған.  
Балаң өлді – Жошы хан!  
Нанбайсың ба осыған.

Осы жыр сөздерін домбыраның үнімен жеткізген күйші, абыз Кет-Бұқа би еді. “Ақсақ құлан” күйі осылай өмірге келген. Кет-Бұқаның “Сайманның сары өзені”, “Нарату”, “Ақсақ құлан”, “Жошы хан” күйлері бүгінгіге жеткен.

1253 жылы Иран, Ирак, Палестинаны жаулап алуға Құлагу аттанған кездे, Құлагуға әрі кенесші, ақылшысы, әрі түмен нояны болып Кет-Бұқа белгіленеді. 1260 жылы Кет-Бұқа Бейбарыс бастаған мамлюктер қолымен шайқаста қаза табады. Кет-Бұқа би бабамыз Алтайда туып, Айынжелуде (Палестинада) жерлену себебі осылай.

Найман мемлекеті осылай дәуірлеп тұрган заманында 1190 жылы Инан Білгі хан, білгір хан қайтыс болады. Инан Білгі хан өлген соң, ұлken ұлы Тайбұқа таққа отырады.

Осы кезде Тата – Түнға білгір Таян ханың бас уәзірі, әрі хатшысы болған. «Тата – Түнға Тонюкөктің он алтыншы ұрпағы» дейді. (Лувсанданzan “Монғолдың құпия шежіресі”). Көп ұзамай інісі Бұйрық билікке таласады. Тайбұқа мен інісі Бұйрық Найман мемлекетін екіге бөледі. Сейтіп Найман мемлекеті әлсіреп, оларды Шыңғыс хан жауап алады.

Бұл шайқас жөнінде Лувсанданzan “Алтын шежіре” деген кітабында былай жазады “Тышқан жылы 1203 жылғы жаздың алғашқы айының он алтыншы күні еді. Керулен өзенінің бойында Жебе мен Құбылай бастаған Темүжін қолдары наймандармен шайқасқан еді”, - дейді.

Бұл шайқаста найман қолы 55 мың адам болған, ал монғол қолында 45 мың сарбаз болғаны жайлы дерек бар. Бірақ әскери құрылым, тактикалық әдіс айласы жағынан көп жорықтардан өткен Шыңғыс қолы найман қолдарынан әлде қайда басым болған. Осы шайқаста Таян хан ауыр жаракаттанып қолға түсіп, 51 жасында дүниеден өтеді. Найман батыры Көкше Сапырақ жасы ұлғайғанына қарамастан канды шайқас кезінде, ұрыс даласында асқан ерлікпен қаза тапты. Хан тағына Таян ханың ұлы Күшілік отырады. Күшілік хан Тарим өзенінің бойында бекініс жасап жауға карсылық көрсетеді. Бірақ шындалған Шыңғысхан қолына төтеп бере алмай шегініп, Кем-Кемчуктегі ағасы Бұйрық ханға барып қосылады.

Наху Хонда Тәмужин қолынан женілуі наймандар үшін қатты соққы болды. Әбілғазының “Түрік шежіресінде” айтылғанындаі наймандар “Бірі қалғанша соғысып бері де өлмегенімен көп қырғын болғаны анық”. Бұрын екіге белінген найман елі енді үшке бөлінеді. Күшілік хан бастаған найман елінің бір бөлігі Ертіс, Зайсан, Марқакөл өнірлеріне қарай ойысады.

Күшілік 1206 жылы ағасы Бұйрық ханмен бірге Шыңғыс Тарбагатайда Шыңғыс қолдарымен шайқасады. Осы шайқаста Бұйрық хан қайтыс болады. Бұл шайқастан кейін Тарбагатай өніріндегі найман елі Күшілікке қосылады.

Күшілік Шыңғыс қолдарымен Алтай өнірінде, Бұқтарма маңында шайқаса отырып, қалың елді Ертістен өткізіп жаздай Қалба өнірін жайлайды. Женілген елді құрастырып, Күшілік басшылық етеді. Осы кезде меркіт керейлердің қалған елі әскер – қосындарымен Күшілікке келіп қосылады. Меркіт керейлерді Тоқтабек батыр бастап келген. Елге ел қосылып, енселері көтеріліп қалса керек.

Алтайдың бөктерін қыстап шыққан Шыңғысхан сиыр жылғы көктемде (1208) арғы асумен (қазіргі Кем асуы) асып барып найманның Күшілік ханы және меркіт Тоқтабектің бірлескен қолымен Ертіс дариясының Бұқтарма өзенінің бойында кезігіп, қырғын соғыс болады. Осы шайқас кезінде Тоқтабек андаусызыда окқа ұшып, қалғандары шегініп, Ертістен өткел таба алмай көп адам суга кетеді.

Күшілік Шыңғыс қолынан женілгені рас, бірақ ол басқалар сияқты Шыңғысханға мойын ұсынбады, соғыссыз берілмеді, қарсыласумен болды. Күшілік алып тұлғалы, аса сұлу және ер жүрек қаһарлы адам болғаны Қытай және Парсы жазбаларында белгіленген. Күшілік ханың айбарлығы соншалық ол “Жын шайтандарды қойشا қосақтап сауғызып, сүтінен қымыз ашыттырған” – делінетін азыз бар. Бұл азызды әйгілі ата-баба жолымен оны “Айбынды әмірші” деп атаған көрінеді. “Айбынды әмірші” атанған Күшіліктің ақылды көрегендігінен шайтан да аса алмаған деген азыз бүгінге жетіп отыр. Бұл азыз Күшіліктің қайтпас кайратын, ақыл-парасатын танытса керек.

Күшілік хан Жетісу жеріне келіп, Қарқара өнірін мекен етеді. Ата жауы Шыңғысханға қарсы келешек шайқасқа дайындалды, елін жинап есін жиуога шақырды.

Қарақидан (Қара қытай) әлсіз хандығын Күшілік хан өзіне (өз хандығына) қосып алады. Найман ханы Күшілік қаншама женілді дегенмен Шыңғысхан қолымен неше мәрте шайқасып шындалған қолбасшы.

Алтайда Шыңғыс хандай азулы жауы бар Күшілік хан елін жинап күшін біріктіру үшін, қіммен де болсын одактасуға дайын еді. Жилугумен Күшілікті осы жағдайлар табыстырыды. Қарсыластарымен бірлесіп күресуге шақырған Жилугудың ұсынысын Күшілік хан куана қабылдады. “Менің тайпаларым көп, олар Еміл, Қойлық, Бесбалық жеріне жайыла

коныстанған. Егер сіз қаласаңыз оларды жинаимын да, өзінізben бірлесе кимылдауға дайынмын” деп жауп береді ол Жилугуга. Қара-қидан Гүрханы Жилугу Күшілікке өз әскери күшін жинау үшін сауыт сайман және материалдық көмек көрсетті.

Күшілік хан 1210 жылдары Бесбалық, Еміл, Қойлық өніріне коңыс аударған монғол өлкесінен ығысқан керей, найман, меркіттерден әскер, ат көлік жинап, тез арада сап түзейді.

Әрине Таян ханының ұлы Күшілік хан Түркістан аймағына келіпті деген хабар осы маңға Шыңғыс ханының қаһарынан ығысып келген наймандарға қатты әсер етті. Олар тез арада Күшілік ханының қоластына жиналып, жойқын күшке айналды. Бұл жағдай енді Күшілікті Гүрхан билігін тартып алу ниетіне итермелейді. Және Мұхаммед Хорезмнің Гүрханға қарсы шыққанын естүі мұн екен, Күшілік те ойын жүзеге асырмак болып, Қарақытай әміршісіне қарсы қимылды бастап жібереді. Осылайша Шыңғыс хан әскерінен күйрекен (1204 ж) Найман мемлекетінің соңғы ханы Күшілік арада сезіз жыл өтпей жатып, Қарақытай империясының билігін өз қолына алады. Мұнымен де тұрмай Күшілік хан іргесін кеңейтіп, Қанлы ұлысының орталығы болған Алмалық қаласына шабуыл жасап, оның Озар ханын өлтіріп, елін қол астына қаратты. Найман ханы Күшіліктің әлденгені сонша, Қашкар мен Хотандағы ұйғырларды жаулап, өзінің басы-байлы ру-тайпаларының бірі деп жариялады.

Күшілік хан 1210 жылы Самархандты қайтарып алып, Ала - ад – дин қолын Бұқараға дейін шегіндірді.

Күшілік ханының бұлайша қүшейіп, Орта Азия мен Дешті – Қыпшақты косып алуынан қауіптенген Шыңғыс хан Құбылай мен Жебені 20 мың қалың колмен жедел Күшілікке аттандырады. Сонымен қатар Күшілік ханының бұрынғы ата мекеніне қайырылып шабуыл жасау қаупінен сақтанған Шыңғысхан, Тогушар мерген бастаған үш мың атты жасақты Монғол мен кара қытай шекарасына орналастырды.

Шыңғысхан 1203 жылғы наймандармен Алтай, Керулендегі “Наху Хон” шайқасы, 1206 жылғы Шыңғыс Тарбагатайдағы (қазіргі Катон-Қарағай аймағындағы жер) шайқаста, 1208 жылы Бұқтарма, Ертіс бойындағы қанды шайқаста талай рет бетпе - бет келіп ала алмай жүрген ата жауы Күшілік хан дүйім Хиданның ел басына шығып, Карлуктарды басып алып, қанаттас келіп қалуы Шыңғысханды ойландырып таstadtы және жоғарғыдағыдай екі түрлі жедел шара қолдануға мәжбүр етті.

Күшілік ханының Шыңғыс қолдарымен ең соңғы шайқасы 1226 жылы Жетісу бойында болған. Осы шайқаста жалайыр Жамұқаның сатқындығымен найман қолдары қапыда женіліс табады. Жалайыр Жамұқаның аты сатқындық ісімен тарихта қалды. Бұл ұрыста Күшілік хан қайтыс болып, найман колы женіледі.

“Сарықөл деген жерде Күшіліктің басын кесіп Шыңғыс ханға жібереді. Наймандардың монғол басқыншыларына қарсы жиырма жылға созылған куресі осылай аяқталады”, - дейді Тұрсынхан Зәкенұлы өзінің “Көк бөрілердің көз жасы” деген еңбегінде.

“Найман ұлысы монғолдар үшін жат тайпа, жат жаланың жауы ретінде Шыңғысханмен бетпе-бет шайқаскан ең алғашқы күш. Бұл күрестің қаһарманы, ұйымдастырушысы Күшілік ханының атқарған ісін тарихи өшпес ерлік ретінде карау қажет. Шыңғысханға қарсы он төрт жыл бойы қажымай талмай күрескен Күшілік ханды біз монғол басқыншыларына қарсы ерен ерлік көрсеткен Отырадын Қайырханы, Хорезмнің Жалел-аддині, Тангуттың Илаху бурхан ханы және Рязанды қорғаушылардың қатарынан көргеніміз жөн. Жоғырада аты аталғандардың бәрі де Шыңғысханға қарсы күресті, бәрі де женілді, бәрі де Шыңғыс қолынан өлді. Бірақ әр қайсысының өзіне тән ерлігі, өзіне тән жаңылған тұстары бар. Барлығының артында туған халқы, халқының жүргегінде өздерінің аты қалды”-дейді Зарыхан Қинаятұлы, “Монғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр” деген еңбегінде (“Елорда” Астана –2001 ж).

Сонымен 1226 жылы Күшілік хан женіліп, найман тайпасы ыдырады дедік. Ал Алтай, Жонғария, Жетісу өніріндегі басқа хандықтар мен басқа тайпалар қалай болған деген ой келеді. 1207-1208 жылды Жошы бастаған монғол әскерлері Оңтүстік Сібірдегі «Орман халықтарын», ойраттарды, буряттарды, якуттарды бағындырды.

Ал Енисей бойындағы қырғыздардың билеушісі Арыс Айнал бек Алдияұлы ақ сұнкар, ақ атан, ақ тұлпар, қара бұлғын ішік тарту етіп, Жошыны қарсы алғып, соғыспай бағынды.

Тұрпанды ұйғыр Индиқұты Барчук өз еркімен Шыңғысханға бағынып, оған тәуелді боданға айналды.

Жетісуға келгенде өз еркімен ел болуға келіскең Қарлық Арыстан ханға Шыңғысхан өз қызы Алқа бикені атастырады.

Іле алқабындағы Алмалық қаласында тұрып Жетісуды билеген қанлы тайпасының ұлыс бегі Тұғырыл мен оның баласы Сунактегін өздерінің барлық әскерімен Шыңғысханға қосылған. Шыңғысхан Жошының үлкен қызы Бикені Сунактегінге қосты.

Жонғарияны билеген дулат тайпасының басшысы Ортөбеге өз еркімен қосылып ел болуда сінірген еңбегі үшін «Маңғылай сұбе» өніріндегі жерді иелікке берді.

Сейтіл, Жонғария мен Жетісу өнірі Шыңғысхан патшалығының құрамына қосылды, - деп жазады ғалым тарихшы Нифымет Мыңжанұлы.

(Н.Мыңжан «Қазактың қысқаша тарихы» Алматы 1994 ж, 194-195 бет).

Күшілік хан қайтыс болып, әскері талқанданғанмен Найман елі құрып, жойылып кеткен жок. Сонау Алтай, Ханғай, Тарбағатай, Ертіс бойында шашырап қалған ел осы мекендерде есіп - өніп көбейе берді. Бұрынғы әйгілі аталар мен рулар қайта нығайып, елдік қалпына келді. Оған найман руларының, найман елінің қазіргі кезде, осы күнгі орналасуы, отырысы дәлел болса керек.

Күшіліктен кейін найман елінің құрамына кірген рулар жан-жаққа ыдырап басқа тайпалар арасына сінді. Олардың біраз бөлігі байырғы қоныстары Ертіс, Алтай алқабында орнығып қалып, Шыңғысханның баласы Угедей ханның қол асына қарады.


Кет-Бұқа ұрпағы болып есептелеғін Балталы, Бағаналы (Бақаналы) Ұлытау өніріне орналасты. Балталының таңбасы «Балта», Бағаналының таңбасы «Бақан». Тұп негізінде бұл аталар найман ішінде терістанбалы, Кет-Бұқа ұрпағына жатады.

Шапқыншылықтан ығысқандары Балқаш төнірегіне, Алакөл маңына, Сыр, Үргыз алқабына қоныстанған.

Наймандар XIII ғасырда Жошының билігіндегі Алакөл, Ертіс бойына, Угедей билігіндегі Еміл өзені бойында, Шагатайдың билігіндегі Сыр-Дария, Әму-Дария және Алмалық өнірінде наймандардың болғандығы көп деректерде айтылады.

Күшілік хан женіліп, Найман мемлекетінің ыдырауы (күйреуі) найман ұлысына кірген рулардың бытырап, басқа тайпалар арасына сінуіне әсер етті.

Күшілік хан Памир тауында Жебе нојанмен шайқасып женілген сон, Кет-Бұқа би, Төлегетай баба қалған найман елімен батыска жылжыған. Сарысу, Шу өзендерінің төменгі сағасын, Қаратрудың батысы, Сырдария жағасын мекендейген. Негізінде Кет-Бұқа би, Төлегетай баба, Күшілік хан найман хандығы кезінде қатар, тұстас өмір сүрген адамдар. Оны мына шежіре кестеден байқауға болады.



Осы шежіре жүйесіндегі ұрпақтар байланыстылығына сүйенсек, Күшілік хан, Кетбұқа би, Төлегетай баба монгол шапқыншылығы кезінде Найман мемлекетінде қатар өмір сүрген әйгілі тарихи тұлғалар.

Откенде Жанарыстан тоғыз ұрпақ,  
Тұыпты ағайынды Сары, Шуак.  
Сарының шәбересі Найман ата,  
Шуактың Елтай ата шәбересі,  
Найманға іні болған немересі.  
Ол кезде жаугершілік қатал заман,  
Сұралар алты аласы, бес бересі.

Найман Қожанбет руынан шықкан шежіреші, ақын Құмарбек Арнапасұлы өзінін өлеңмен жазылған “Найман шежіресі” деген еңбегінде осылай бұл аталарды таратады.

Сыр бойындағы Төлегетай бабаның басына қойылған тас белгіде мынандай сөздер жазылған:

Найман деген біз,  
төркіндеп кусан, қай туған.  
Төлек атадан – Төредей 4-ұл айрылған.  
Садыр мен Матай,  
Қаракерей мен Төртуыл.  
Төрлетіп көрсөн алашты,  
Молғып бай туған.  
Сырдан бір тартып, сыпра шауып ел туған,  
Бір Найман шалдан самсаған сары қол туған.  
Жер жаралғанда рухта бәлкім енші боп.  
Дүние бітпей, бітпестей болып мол туған.  
Есіне бір ал! Бабалар рухы,  
неліктен ақындай бәріне қазы тел туған.

X - шы ғасыр                          Эбліди

Тастың үлкендігі – жалпактығы 50 сантиметр, ұзындығы 8 метр, қоныр қызыл тас.

Төлегетай кесенесі Сыр бойында қазіргі Қызылорда облысы Жанакорған ауданында, ежелгі Өзгент шаһарына таяу жерде тұр. Атақты дін иесі Қылыш датқаның қабыр кешенесімен қатар орналасқан.

Бұл жерде Тоғыз таңбалы Найман руларының тұп аталарының бірі, Төлегетай бабаның киелі мұрдесі жатыр.

Төлегетай – ру көсемі, ел басқарған би болған ірі тарихи тұлға. Найман тайпасына жататын Қаракерей, Төртуыл, Садыр, Матай руларының тұп атасы. Төлегетайдан тараған ұрпақ саны бүгінде миллионнан асып отыр.

Төлегетай – XII ғасырда Найман мемлекеті кезінде өмір сүрген, найман ұлысының әйгілі адамдарының бірі. Бұған көп тарихи деректерде Кетбұқа би, Күшілік хан, Төлегетай бір кезеңнің адамы ретінде қатар айттылатындығы дәлел болса керек.

1226 жылы Күшілік хан Шыңғыс қолдарынан Жетісу бойында женілген кезде, Төлегетай, Кетбұқа бабалар елге тиянақ болып, басшылық жасаған. Аласапыраң шайқастан кейін Тарбағатай, Жетісу жерлерінде шашылған елдің басын құрап, Сыр бойына бастап апарған ел басшыларының бірі. Төлегетай мен Кетбұқа би Жошы ұлысында қызмет етіп, би болған.

Осы кезеңде Төлегетай мен Қылыш датқаның арасында әке мен баладай жақындық,

сырлас достардай иті қарым қатынас орнаған. Қылыш датқа өзінің тұған қызын Төлегетайға береді.

Қылыш датқа «Мені күйеу балам Төлегетайдың қасына қойындар. Маган келген адамдар алдымен күйеу балама сәлем берсін» деген екен. Сол өсietі бойынша Қылыш датқа мен Төлегетай баба қатар жерленген.

«Ел болам десен – бесігінді түзе» деген. Демек, көне кесенелерде киелі рухы сакталған Ұлы бабаларымыздың қасиетті жер бесіктерін түзеудің де рухани мәні зор.

Казақстан Республикасының Президенті Нұрсултан Әбішұлы Назарбаевтың Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясындағы халықтық бастамалардың бірі, қазак сәулет өнерінің озық үлгісі, Төлегетай бабамыздың кесенесінің қайта жаңғыртылуы болып отыр.

Ізгілікті істі алғаш ұйымдастырушы Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай тарихи – өлкетану мұражайының директоры, ҚҰ Мәдениет қайраткері Қонысбек Сіләмұлы Ақжасар 2000 жылы кесенеге ғылыми – зерттеу іс сапарынан бастап, қайта жаңғырту мәселесін көтерді. Оның құрылтайшылығымен 2001 жылы «Төлегетай ұрпақтары» жекеше коры құрылып, еліміздегі ұрпақтарынан қолдау тапқан болатын.

Қайта жаңғырған көне кесене жобасы аса шебер қолтаңбамен айшықталып жүзеге асырылды. Қос күмбезді, төрт мұнаралы, сегіз сынтасты сәулеттік кешен жана заманғы ұлттық дәстүрлі үлгімен Сыр бойында қайта жаңғырып, бой көтерді. Бұл – қазак жеріндегі тағы бір Ұлы тұлғаның мәнгілік жаңғырған жер бесігі.

Міне көп болып армандаған іігілікті жұмыс іске асты. 2008 жылы тамыз айында Төлегетай тарихи – сәулет кешені құрылышы аяқталды. (Төлегетай кешені суретін кітапта соңғы беттерде ұсынып отырмыз).

Төлегетай бабаның мазары Сыр бойында қалуы да осыны дәлелдесе керек. Кет-Бұқа мен Төлегетайды екі кезеңнің адамы деп қарастыру тарихи шындыққа жасалған қиянат. Бұл байланыстылықты нактылап зерттеу, анықтау ұрпақ паразы.

Сыр өнірінде коныстанған наймандар XV ғасырдың сонында Көк – Орда ханы Мұхаммед Шайбани ханның ықпалында болған.

Академик В.Бартольд 1570-1580 жылдары Балқы және оның айналысына найман Назар би-Аталақ билік еткен. 1580-1590 жылдары Нұрата (тау аты) көшпенділерін найманнан шыққан Ахмет-Али-Аталақ басқарғандығын дәлелдейді.

Марыға найманнан шыққан Қобыз би, Жолым билер әмір жүргізеді. Шайбан Тұқымы Бабаханның бір әскербасы найман Жанмұханбет би болған.

«Терістанбалы найман Бертеұлы Ахмет-Әлі би, Бертеұлы Жанқұлы би, Терістанбалы Көксерек батыр, бұл әйгілі жақсылар терістанбалы Кел-Бұқа, Кет-Бұқа ұрпақтары еді. Осы Терістанбалы наймандар Жошы ұлысында көп жылдар тұрактаған. Хан ордасында болып, ел билігіне кең араласқан. Берте батыр ұрпақтары бүгінде Шығыс Қазақстан облысы Қалба тауы өнірін мекенденіп отыр».

(Сағди Қапасұлы «Алыптар шоғыры».

Сағди Қапасұлы «Ел қорғаған Ер Мамай» Өскемен 2005 ж.).

Жоғарыда аталған деректерге қарағанда 1500-1600 жылдары Сырдарияның төменгі ағысындағы Балқы пен Мерв аралығындағы мекеннің саяси әлеуметтік өмірінде наймандар жүзден аса жыл белгілі рөл атқарғанын көреміз.

Абылай ханның тұсында 1750-1760 жылдары Алатау, Алтай өнірін жонғарлардан азат еткен кезде наймандар Ертісті өрлеп, Шыңғыс тауды (Найман көгі) басып Қара Ертіс, Бұқтармаға дейінгі, жаудан азат етілген бұрынғы ата мекенге қайта қоныстанады. Елді ата жүртқа қайта қоныстандыруға Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Төртуыл Баймұрат, Ергенекті Танаш батырлар басшылық етіп, әскер-қосынмен қорғап, қалың елді Алтай, Қара Ертіс, Марқакөл, Тарбағатай, Сауыр, Манырак өніріне жеткізген. Айтұлы билердің ақыл-кенесіне сүйеніп, үлкен жиын-кенестер өткізілген. Қалың елді көшіру үлкен, жауапты оқиға болған. Ел Сыр, Қаратай, Жайық бойынан Алтай өніріне жеткенше, жолда екі қыстап үшінші жылы әрек жетеді екен. Бұл көштің ішінде 1200 жылдары монғол

шапқыншылығы кезінде және 1700 жылдарғы жоңғар шапқыншылығы кезінде Алтай өнірінен кеткен, ата қонысқа жете алмай жүрген осы екі тарихи кезендегі найман ұрпактары V ғасырдан кейін ата мекенге оралғаны белгілі. Бұл күнде ата мекенде ұрпақ өсіп, өмір өз жалғасын табуда.

М. Тынышпаевтың айтуынша: «Наймандар сан жағынан басқа ру тайпалардан басым болған. 1917 жылдың қарсанында Бұқара мен Қытайдарғы руластарын қоса есептегендеге наймандардың саны 830 мың адам болған. Қазір наймандар Қазақстан Республикасының барлық облыстары әсіресе, Шығыс Қазақстан, Алматы облысы және ҚХР, Ресей, Монголия мемлекеттерінде өмір сүреді, жан саны шамамен 1,6 миллионға жуық» - деп көрсетеді.

## НАЙМАН БАБА – ҚАЙ КЕЗЕННІҢ АДАМЫ?

Бүгінде әлемнің төрт бұрышына таралып отырған, миллионнан артық ұрпағы бар Найман ұлысының тұп атасы Найман бабамызға арнап, Алтай өнірінің бір тамаша жеріне «Найман баба белгісі» деген атпен зәулім биік тұғыр қойылса деген ой туындейді.

Найман арысы ежелден мекен еткен аймақ шығыста Байкал, Өр Алтай болса, батысқа қарай Тарбағатай, Алакөл, Балқашқа дейін созылып жатқан кең аймақ, кең қоныс. Осы кең атыраптағы ірі қала Өскемен. Өскемен көп тұрғынды қала, өнеркәсіпті қала, келешекті өскелен қала. Осы Өскеменнің бір биігіне Найман баба белгісі қойылса нұр үстіне нұр жауғандай болар еді – ау!

Осы қалаға Абай ескерткіші, Қабанбай батыр ескерткіші, Найман баба белгісі топтастырыла орналасса, үлкеннің де, кішінің де отаншылдық сезімін терендете түсетін үлкен өнеге үлгісі болары сөзсіз. Бұл - Алтай атырабындағы бір киелі орынға айналар еді.

Осы орайда тұп атамыз Найман баба қай кезеннің адамы деген сұрақ әркімді ойландыратыны анық.

Тарихи деректер мен тарихи ізділікті салыстыра жүйелеп отырсақ, Найман баба екінші Түрік қағанаты кезінде туып, Ойғыр қағанаты тұсында өмір сүрген адам деуге негіз бар.

Қытайдағы белгілі шежіреші Нұрболат Оспанның шежіре зерттеулерінде: «Найман (654ж-745ж) жылдарда өмір сүрген деген дерек бар. Екінші Түрік қағанаты 745 жылы құлағаны тарихтан белгілі. Н.Оспанның жазуынша Белгібай (745-780) жылдарда өмір сүрген. Сүгірші 764-849 жылға дейін өмір сүрген.

Бұл кезең яғни (750-850) жылдар Ойғыр (ұйғыр) қағанаты кезеңі. Ойғырлар 100 жыл дәүірлеп, 840 жылдары қырғыз тайпасынан женіледі»- дейді.

Ойғыр қағанатының құлауы Орхон, Алтай өлкесінде Найман, Керей, Меркіт, Қонырат, Қыпшақ хандықтарының ірге тасы қаланған заман еді. Бұл тайпалар осы бір тарихи кезенде дербестік алып, жеке хандықтар күрді.

Бұл кезде наймандар «Сегіз оғыз», «Сегіз тайпа одағы», «Сегіз байырку» деп аталған. Осы тайпалар құрамында ежелгі наймандар болғаны анық.

Нұрболат Оспанның жазбалары қытай мұрағаттарынан алынған нақты деректермен беріліп отыр. Уақиғаның жылдары, кісі аттары сол кездегі қағанаттар тарихымен (Түрік қағанаты, Ойғыр қағанаты, қырғыз тайпасы) жүйелі байланысы бар.

Енді бір дерек Жұпбаев Құмарбек «Найман шежіресі» атты шежіре-жырларында былайша ой толғайды:

Өткенде Жанарыстан тоғыз ұрпақ  
Тұыпты ағайынды Сары, Шуақ.  
Сарының шөбересі Найман ата,  
Шуактың Елтай ата шөбересі,  
Найманға іні болған немересі.  
Жетілті Найман ата тоқсан жасқа,

Атагы белгілі екен алты Алашқа,  
Бак-дәүлет жетіп тұрган жеке басқа, -дейді.

Сонда Жанарыс пен Найман баба арасында он екі ата болған екен. Найманның өзі Сарының шөбересі.

Яғни Жұпбаев Құмарбектің шежіре жүйесінде: Сарыдан → Ақсопы → Ер Қаптағай → Найман баба болып таралады.

Ал Сағди Қапасұлы «Ел қорғаған Ер Мамай» деген енбегінде мынандай дерек келтіреді: «Аныздың ұйыған мәйегі шындық екені анық. Біз найман шежіресін төмендегідей бағдарлаймыз: Қазактан → Алаш → Жанарыс → Қарашор батыр → Тұлпар батыр → Алшын → Семізбұка → Жұмыр → Жұртбай → Жұндібай → Кененбай → Сары (Сарманай) → Ақсопы → Ер Қаптағай → Найман. Сонда Найман Жанарыстың 12 ұрпағы болып шығады» деген пікірін алға тартады.

Осы пікірлер мен деректерді салыстыра отырып, Жанарыстан Найман бабага дейінгі 12 ата Түрік қағанаты кезеңіне жататын болса, Найманның өзі «Сегіз оғыз», «Сегіз байырқу», «Цзу-Бу» тайпалары кезінде өмір сүрген бе деген ой туындаиды. Жанарыс тек атамыз және Найман тұп ата – бабаның арасында табылмай үзіліп кеткен 12 ата 400 жыл немесе төрт ғасыр уақыт екен. Эр атага 30 жыл деп есептесе 12 атамыз (400-450) жыл мөлшеріне келеді. Сонда Жанарыс пен Найман баба арасындағы 12 ата сол «Сегіз оғыз», «Сегіз байырқу» тайпаларымен сабактасып жатқан ба? – деген сұрақ әркімнің қөнілінде жүргені даусыз. Екінші Түрік қағанаты кезінде Қапаған хан, Құлтегін заманында «Сегіз байырқулармен» талай шайқас, қактығыс болғаны тарихта анық жазылған.

Әлемдік әдебиеттің алтын қазынасының біріне айналған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» лиро-эпосы ең көне жырлардың бірі. С. Радловтың, Ә. Марғұланның зерттеулерінде жыр (700-750) жылдар мөлшерінде тұған деген болжам айтылады. Бұл мезгіл Алтай өнірінде Екінші Түрік қағанатының дәуірлеп тұрган кезі.

Археологиялық зерттеу кезінде Алтай өнірінен алтын ілгекті қапсырма табылған. Бұл қапсырмадағы бейнeler «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырына сәйкес жасалғандығы дәлелденіп отыр. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында Ай, Таңсық деген екі қыздың елмен, жермен қоштасуы ел аузында сакталған.

Балталы, Бағаналы ел аман бол,  
Бақалы, балдырғанды көл аман бол.

Кір жуып, кіндігімді кескен жерім,  
Жергекте «Қозы бала» сен аман бол, -  
дейді жырда.

Сонда Балталы, Бағаналы елі тоғыз танбалы найманға кіретін ел екені белгілі.  
Сүгіршеден → Төлеген → Ұлан батыр → Балталы, Бағаналы, Ергенекті.

Және Алтай халықтарында «Қозы Еркеш» деген жыр бар екендігі айтылады.

Ерте кезде Балталы, Бағаналы руы, Қоңырат рулары казіргі Бийск, Қосағаш аймақтарын мекендерген тарихтан белгілі. Және Балталы, Бағаналы елі де тоғыз танбалы найманға кіретін ірі рудың бірі.

Сонда Қарабай Алтайдан ауа көшіп, Сыр бойына барып, одан қайта өрлеп Аяқөз аймағына келген болады. Қозы мен Баянның белгісі дейтін мазар Аяқөз өнірінде найман Сыбан руының жерінде тұруы да, тайпалық тұстасымызды мезгеп тұргандай.

Не Шынғыстай, болмаса не Қалбадай,  
Не Мыржыктай аны көп бір тау еді, - дейді жырда.

Жырда аталып отырған тау аттары Шынғыс, Қалба, Мыржық бері де шығыс өнірінде жатқан таулар.

Жырдың келесі бір шумақтарында тағы да шығыс өнірінің жер-су аттары айтылады.

Ертіс басы алыстағы жерге кетті,  
Бейне теңіз дей тұғын көлге кетті, -дейді.

Ертіс басы Алтайдан басталатыны анық қой. Ал «Бейне теңіз» деген кел, бұл қазіргі Зайсан көлі. Ертеде «Бейне теңіз» деп аталған.

Міне осы пікірлерді түптеп отырсақ, Қарабай, Сарыбай, Қозы Көрпеш найман туысқандарымыз болуы да мүмкін-ау деген ой туындаиды.

Қазақстан халық жазушысы Қабдеш Жұмаділов «Төлегетай баба туралы тарихи толғам» деген мақаласында:

«Шежірлердің барлық нұсқасында Найманның жас кезінде қол бастаған батыр, ержүрек жауынгер болғаны айтылады. Бағы өрлең, дәурені жүріп тұрған кезде ешкім оның маңайын баса алмаған Найман да картайып, қайраты кайтқан шакта, дұшпандары Найманның елін шабады. Өшіккен жаулары Найманға қандай жаза бұйырамыз дейді. Іштерінде біреу тұрып: «Дүниеде ұрпақсыз калудан өткен ауыр жаза жоқ. Қартайғанда қубас атанып, қалған өмірі қорлықпен өтсін» деп ерек атаулыдан тірі жан қалдырмай, бесіктегі балаға дейін өлтіреді. Сол қырғында Найманның жалғыз ұлы Токлан да оққа ұшады» - дейді Қабдеш Жұмаділов. Жазушының бұл пікірін тарихи деректерде жоққа шығармайды.

Ешбір негізсіз үлкен бір тайпа (ұлыс) найман деп атала ма? Онымен бірге Найман ел иесі болған, қол бастаған батыр адам. Өкіреш Найман деген ұғымның қалыптасуы, өкірген мықты билік адамы болғандығын танытса керек. Құлтегінмен, Қапаганмен, Тонюкөкпен терезі тенденс адам болған. Үлкен ұлыстың көсемі болған.

«Өкіреш» сөзіне түсінік жасасақ, қазіргі сөз қолданысымында да түркі халықтарында «Өкірген азамат», «Өкіріп тұрған ел», «Өгіздей өкіріп тұрған кезі», «Өкірген аяз» деген қолданыстар мықты, күшті, өктем деген ұғымды беретін сөздер.

Түркі тарихын үстірт зерттеген шетел ғалымдары біресе Найманды Өкіреш дейді. Біресе Белгібайды арғындар Өкіреш атаған деп жазады. Біресе Сүгірші (Сүгірті) ол Өкіреш атанған дейді. Осы мысалдардан-ақ бұл пікірдің жалған, үстірт, жорамал екендігі көрініп – ақ түр.

Найман өз кезінде Алты Алашқа танылған асқан батыр, әскер басы болған. Қол бастаған батыр, өз тайпасының көсемі болған ірі тұлға.

Қайраты мен ерлігіне байланысты өкірген батыр, өкірген қолбасы, Өкіреш Найман атанған болар. Найман одагының Түрік қағанаты кезеңіндегі билеушісі – Өкіреш деп аталған деген дерек те бар.

Найман – әйгілі найман тайпасының тұп атасы. Бұған шежіре деректері де, тарихи ізділіктерде дәлел болады. Бүгінгі найман ұрпактары 30-35 атадан соң Жанаарыс бабага тіреледі. Ұрпақ жалғастығы қазірдің өзінде Төлегетайға дейін 21-22 атаға жетіп отыр.

Тарихта Төлегетай, Сүйінші, Сүгірші, Кетбұқа сияқты тұлғалардың болғанын жалған дей алмайтынымыз анық. Олар найман бабаның үшінші – төртінші ұрпактары. Бұл тұлғалар Найман мемлекеті кезінде, 1200 жылдарда өмір сүрген. Шежіре жүйесінде: Найманнан → Белгібай → Сүйінші → Төлегетай болса, Елтайдан → Серікбай → Домбауыл → Кетбұқа, Келбұқа болып таралады.

«Найма» монгол сөзі еді. «Наймана» деген өзен болған еді деген зерттеулер мен дәлелдеулер тарихшылар мен ғалымдар тараپынан көп айтылады. Бірақ әрі қарай нақтылы шешімге келе алмайтыны белгілі. Себебі бұл пікірлердің көбі болжам, жорамал. Солай болуы мүмкін бе деген ойлар мен дәлелдеулер ғана. Өзі нақтылы дерексіз болжам болғандықтан ол жорамалдар осы күнге дейін, неше ғасыр бойы тұпсіз тұңғылыктан шығар жолды көрсете алмай отыр.

Найман тайпасының ұзақ тарихи даму кезеңдеріндегі байланыстылық, найман рулары мен тайпаларының тарихын нақты білу, терен тану негізінде ғана дұрыс арнаға түссең сөзсіз.

Найман – тайпа көсемі. Есімі ел ұранына айналған батыры. Кейіннен 900-950 жылдары «Найман» атауы тайпалық бірлестік атына айналған 950-1000 жылдары. Найман хандығы атанып, 1000-1200 жылдары Найман мемлекеті деп аталуы да осы негізге байланысты болуы әбден мүмкін.

Найман ұлысы тарихындағы бұл байланыстылық, сабактастық әзір ғылыми турғыда нақтыланбай отырғандығы белгілі. Бұл алдағы уақыттың еншісіндегі іс деп ойлаймыз.

Найман бабадай ірі тарихи тұлғалар өзінің түп тайпасының тарихынан бөлек, бөлініп қалуын қалай түсінуге болады?

Бұл кезенде Түрік қағанаты ыдырап, қағанаттың ыдыраған тайпалары мен ұлыстарына жеке хандықтар құрылады. Рудан бөлек және тайпа тарихынан бөлек қалай ұлт жасалады. Осыдан келіп найман ұлысына кіретін рулар мен тайпалар тарихын терендете зерттеп, Түрік қағанатымен сабактастыра іздестіруді қажет етеді. Найман тайпасының елдік жолын, ерлік жолын VII-VIII – ғасыр қойнауынан іздеу қажеттігі өзінен-өзі туындаиды.

Найман бабалар жасаған ерлік тарихты қалай ұмытуға болады.

Өкіріп жылапты, өкіріп өліпті деген пікірлердің бәрі де жалған, өтірік болжам ғана. Тіпті Найман баба жайлы мұндай жалған пікірлерден арылу керек, құтылу керек (бұл пікірлерден арылатын уақыт келді).

Аруақты бабамыздың ардақты рухын әспеттеп, бөтен пікірлерден тазартып, ата рухын құрметтеу қажет демекпіз.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,

Ол - ақынның білімсіз бейшарасы, – деп Абай атамыз айттып кетті емес пе?

Бөтен сөздің қағаз бетіне түсе беруі де жараспайтын тәрізді демекпіз.

## НАЙМАН БАТЫРЛАРЫ

17 ғасырдың басында қазақ – жонғар хандықтары қарым-қатынасы өте шиленіскең жағдайда болған. 1635 жылы жонғар хандығының құрылуы жонғарлардың қазақ жеріне шабуылын күштейтті. 1639 жылы жонғар хонтайшысы Батур мен Жәнгір сұлтанның қолдары арасында қатты шайқас болады. Шайқаста Жәнгір сұлтан қолға түседі. 1643 жылы Жәнгір хан Батурға қарсы қайтадан аттанады. Шайқас кезінде Самархант билеушісі Жалантөс батыр 20 мың әскерімен көмекке келеді. Батур шегінуге мәжбүр болады.

Жонғар басқыншыларының қазақ жеріне басып кірген шабуылының бірі 1710-11 жылдары болды. 1710 жылы Тәуке хан үш жүздің өкілдерін жинап, Қарақұм маңында “Хан кенесін” өткізді. Осы жыында қазақ жасақтарының қолбасшылығына Бөгенбай батыр сайланады.

1723 жылы Цеван Рабтан (1697-1727ж) бастаған жонғар қолдары 70 мың әскермен қазақ жеріне басып кіреді. Бұл жорық қазақ халқына бұрын соңды болмаған қайғы-қасірет әкелген алапат соғыс болған. Бұл кезең тарихта “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама” деп аталады. Осы кезде “Елім-ай” өлеңі дүниеге келген. “Қайран Алтай”, “Ағажай, Алтайдай жер қайда-ай” елдің мұн-зарын білдіретін жырлар.

Алтай өнірін мекендейген найман, керей тайпалары Монгол шапқыншылығы кезінде де, жонғар шапқыншылығында да ел шетінде, жау бетінде, оқ өтінде отырған ел еді. Шапқыншы жаудың алғашқы, басым шабуылдары найман, керей елдеріне көп зардап әкелді.

Алтай мен Арқадан найман елі ауып, Қаратай, Сыр бойына көшкен. Сыр бойын, Ташкент пен Түркістанды жонғар басып алған кезде, босқын ел қайда баарын білмеген заман болған. Ел басқа хандықтарға Қоқан, Бұхара хандықтарының жеріне өтүге мәжбүр болған. Бұл көш-жерінен, ерінен, азаматынан айрылған елдің көші:

Басынан Қаратаудың көш келеді,  
Бір жорға көшкен сайын бос келеді.  
Айрылған қарындастан қыын екен,  
Мөлдіреп екі көзден жас келеді, - дейді.

Бұл өлеңде не сыр бар десек, елінен, қонысынан ауған, ауып босқын көрген елдің көрінісі. Бір жорға әрбір көште бос келеді? Ол тұлдаған жылқы. Иесі жорықта қаза тапқан жылқыны құйрық-жалиң түйіп, көште бос алып жүреді. Бұл - қаралы көштің белгісі. “Айрылған қарындастан қыын екен”- дейді. Бұл да ағайыннан, ел-жұртынан айрылған, көзі жасты халықтың, қайғы-қасіретінің, мұн-зарының көрінісі еді.

1726 жылы үш жүздің жасақтары күш біріктірді. Бұл жиын Сарысу өзенінің бойында, Орда басы деген жерде Ұлытауда “Ұлкен Ордада” өткізілді. “Хан кеңесі” қазақ жасақтарының қол басшысына Әбілхайыр ханды бекітті. Қазақ жасақтары үш жыл (1726-29ж) әзірленіп, үлкен даярлық жасаған. Үш жүзден қол жинап, әйгілі батырлар басшылық еткен. Ол батырлар:

Аргын	руынан	Бөгенбай	батыр
Каракерей	руынан	Қабанбай	батыр
Шекті	руынан	Тайман	батыр
Төртуыл	руынан	Баймұрат	батыр
Төртуыл	руынан	Бұқа	батыр
Төртуыл	руынан	Бағар	батыр
Төртуыл	руынан	Бердіке	батыр
Төртуыл	руынан	Тоқабай	батыр
Төртуыл	руынан	Ақшора	батыр
Балталы	руынан	Оразымбет	батыр
Бағаналы	руынан	Баянбай	батыр
Кекжарлы	руынан	Кексерек	баһадур
Кекжарлы	руынан	Мамай	батыр
Уақ	руынан	Бармақ	батыр
Уақ	руынан	Баян	батыр
Матай	руынан	Кенже	батыр
Матай	руынан	Шөнкей	батыр
Ошакты	руынан	Саңырак	батыр
Ергенекті	руынан	Барак	батыр
Бура	руынан	Ақпантай	батыр
Бура	руынан	Қонақай	батыр
Бәсентиін	руынан	Малайсары	батыр
Қожанбет	руынан	Тоганас	батыр
Қожанбет	руынан	Жарылғап	батыр
Қожанбет	руынан	Есберді	батыр
Қожанбет	руынан	Жәнібек	батыр
Терістанбалы	руынан	Есенгелді	батыр
Шапырашты	руынан	Наурызбай	батыр
Өтей	руынан	Буланбай	батыр
Ақнайман	руынан	Жаман	батыр
Өтеміс	руынан	Жолатай	батыр

Міне осындай айтулы батырлар үш жүзден жиналып қазақ қолдарын бастаған екен.

Қазақ қолдары Балқаш көлінің онтүстік шығысы Итішпес көлінің (Алакөл) маңындағы Анырақай деген жерде шешуші шайқасқа шыққан. Қазақ қолдарының эскер басы болып найман Каракерей Қабанбай батыр сайланағды. Бұл – атакты Анырақай шайқасы. Анырақай шайқасында Алакөл, Ілеария, Жетісу жаудан азат етіледі. Анырақай женісі үш жүздің біріккен қолының женісі еді.

1728-29 жылы Бұланты мен Беленті өзенінің жағасындағы шайқаста қазақ қолдары женіске жетті. Бұл женіс “Қалмақ қырылған” деп аталады. Бұл шайқаста Түркістан, Ташкент жаудан азат етіледі. Қазақ қолдары жонғар басқыншыларына ауыр-соққы беріп, қалған жерлердің біразын босатады. Бұл женіс қазақ халқының эскери, моральдық рухын көтерді. Үш жүздің біріктірғенде жонғар қаупінен құтылуға болатынына ел сенімі артты..

Бір жыл әскер – жасақты тыныктырып, Абылай хан Шу өзенінің бойында “Үлкен ордада” хан кенесін өткізді. Бұл – 1730 жыл еді. Бұл жорықта қазақ қолдары Аяқөз, Барқытбел, Тарбағатай, Маңырақ, Зайсан, Қара Ертіске дейінгі аймақ жаудан азат етіледі. Шешуші шайқас 1750 жылы Аяқөз жерінде болды. Қазақ қосындары Ақ Шәуліге ту тігіп, бас қосты. Қалба өнірінен Терістаңбалы - Айтқұл, Жарылғап батырлар, Нарын, Құршім бойынан Танаш батыр, Ақнайман –Жаман батыр, Бура-Қошқарбай батыр Марқакөл Қалжыр өнірінен Қожанбет - Тоғанас батыр, Қожанбет - Жарылғап батыр, Қожанбет – Егізқара - Есберді батыр, Жарболды - Жәнібек батыр(әрі би болған) бастаған әскер қосындар келіп қосылады. Керей - Жәнібек Бердәүлетұлы абақ - керей қолдарын бастап келеді. Айтулы шайқас Ақ Шәулі маңындағы Нарын деген жерде болады, жонғар қолдары күйрей женіледі. Бұл айтулы шайқастарда найман тайпасынан шықкан қаракерей Қабанбай батыр, Төртуыл Баймұрат батыр, Ергенекті Қекжал Барак батырлар тарих беттеріне кірген еді.

Қазақ-жонғар шапқыншылығынан кейін Найман елінің көп аталарының ұраны “Қабанбай” аталған еken. Төртуыл руының ұраны “Баймұрат” аталған. Қожанбет руының ішінде көп аталардың ұраны “Тоғанас” деп аталады. Осының өзі ел тарихындағы әйгілі тұлғаларға деген халықтың, елдін зор құрметін танытса керек.

Қалба тауын, Нарын, Алтай, Марқакөл өнірін жаудан тазартып, елді ата жұртқа қоңыстандыру 1750 жылға дейін созылған еken. Бұл 1750-1760 жылдарда ел қасында болған Қекжал Барак, Төртуыл Баймұрат батыр, Қабанбай батырлар еді.

Қазақ елі жонғарларға қарсы құресте өзінің елдігін, болашағын сактап қалды. Қазақ халқы тарих сахнасының бетінде еңселі ел болып қала берді.

### Қаракерей Қабанбай батыр

Уш жүздің ұраны болған Қабанбай (Дарабоз) батыр Абылай ханның сенімді серігі, әскери қолбасы болған. 1710 жылдан 1755 жылға дейін 40 жыл жорықты құндерді басынан өткізіп, 103 рет шайқасқа кірген.

“Хан батыры” атанған Қаракерей Қабанбайға Абылай хан Бейжіндегі Еженханға аттанарда: “Әуелі құдай, екінші сен ие бол, Қабанбай, халық саған аманат!” – дейді. Абылайдың бұл сөзі Қабанбайдың қазақ еліндегі орынын танытады. Яғни, Қабанбай – казақ хандығындағы Абылайдан кейінгі екінші ірі тұлға.

“Жонғар шапқыншылығы кезінде батыр атанған және әскер басы болған –Қабанбай батыр, Алтыбай батыр, Актанберді батыр, Еспенбет батыр, Матай Шөңкей батыр, Керей Жәнібек батыр, Бура Ақпантай батыр, Қанжығалы Бөгенбай батыр, Бәсентиін Малайсары батыр т.б. Бұлардың әрқайсысы асқақ атақ, абырой алған батырлар болса да, олардың ішінде өресі озық, шоқтығы биігі Қабанбай батыр еді” – дейді тарихшы ғалым Құрманғали Халиди.

Алашта Қабанбайдай көп жекпе-жекке шықкан батыр болған емес. Қаракерей Қабанбайдың жонғар батырлары Арсалан, Доланқара, Арқауыл, Доржы, Аманалы, Әтеке-Жырық сияқты талай жау жүрек қарсыластарын сайыста женгендігі тарихтан мәлім болды.

Қабанбай батырдың жекпе-жек шебері екендігін таныттын шайқастың бірінен мынандай бір деректі келтірейік: «1735 сиыр жылы ұрыс Тарбағатай, Алакөл төнірегінде еді. Біз Алакөлге жеткенде шайқастың алғашқы күні еken. Жекпе-жектен басталатын ұрысқа Убашы қалмақ жағынан Арқауыл батырды шығарды. Арқауыл – жиырманың ішіндегі ірі, тұлғалы батыр. Арқауыл батыр: «Қабанбай, Қабанбай шықсын!»-деп айқай салды.

Қабанбай - алған беттен таймайтын кісі. Батыр ешкімді тыңдамай атқа мінді. Ол шапкан да жоқ, желген де жоқ. Қой қайыруға бара жатқан адам сияқты. Найзасын көлденен үстап жайымен кетіп барады. Қабанбай саспады. Қабекен қарсыласын өлтіру үшін емес, жездесімен ойнаған балдыздай көретін сияқты. Қабанбай қолындағы алмас жарқ етті. Арқауылдың басы алмадай бөлініп қалды» -дейді Қазбек бек Таусарұлы. Міне бұл шайқастағы көріністен өзіне, өз кайратына сенген адамның бейнесін көреміз.

(Қазбек бек Таусарұлы «Тұп-тұқияннан өзіме шейін» 361 бет.)

Қабанбай батырдың тағы бір жекпе-жек шайқасы Марқакөл өнірінде Қалжыр өзенінің бойында болады. Қалмақтың Доланқара батыры Сауырдан 300 жылқыны алғып, Қара Ертістен етіп Қалжыр өзеніне келіп жатқан кезде, Қабанбай, Дәүлетбай, Бердәulet бастаған күғыншы топ келіп жетеді.

Жырдан үзінді келтірейік:

Енді екеуі жекпе-жек,  
Арыстандай айқасты.  
Қатуланып қабагат,  
Арпак-құрпак шайқасты.  
Сүйенгені Доланның,  
Басындағы қалқаны,  
Қайратпен Қабан ұрғанда,  
Быт-шығ бол шықты талқаны.  
Ат үстінен менгеріп,  
Қайратпенен еңсеріп,  
Екінші рет ұрганда,  
Құлады аттан тенселіп, -дейді жырда.

(«Дидар» 1991 ж 12 қыркүйек).

Қабанбай - өзінің жүргегінің түктілігімен ғана емес, көрегендігімен, білгірлігімен, әскери өнерге жеттіктігімен танылып, Абылай тараапынан лайыкты бағаланған батыр. Қабанбай атты әскер шайқасының стратегі, тенденсі жоқ жекпе-жек шебері. Бүкіл алты Алаштың қорғаны болған дара тұлға. Биік тұлға! Ел мактандыши! Өшпес есім!

Ақмола өнірінде Есіл, Нұра өзендері бойындағы Қабанбай күмбезінің жанына тұрғызылған Қабанбай батыр ескерткіші тектасындағы мәтінді ұсынып отырмыз.

«Қабанбай найман тайпасының Қаракерей руынан, «Хан батыры» атағы беріліп, Қаракерей руының біи болған. Қабанбай батыр – қазақ хандығының астанасы киелі Түркістан қаласының корғаныс бастығы болған. 1724 жылы Түркістан қаласын қорғауды ұйымдастырушылардың бірі, қазақ тайпаларының жасактарының басын қосып, құрауды өз мойнына алғып, әрі қарай стратегиялық маңызы зор, үлкен шайқастарда, яғни 1725 жылы Алакөл шайқасын, 1728 жылы Шұбартеңіз жағасындағы қанды шайқасты, 1729 жылы – Бұланты өзені бойындағы, Балқаш көлінің онтүстік өніріндегі Аңырақай шайқастарын тікелей басынан өткізіп, халық жасақтарының акылды да, айлалы, нағыз ержүрек қолбасшысы болды. Сондай-ақ бір жарым жылға созылған Шаған шайқасы, Іле шайқастарында жауға берілген тегеурінді сокқылар Қабанбай батырдың қолбасшылық даңқын асқақтата тұсті.

Өмірінде елшілік қызметін, қазақ даласының тұрғындарының арасындағы дауларды әділ шешетін би ретінде талай жұмыс аткарған. Кайтпас батырлық, жекпе-жектің атаулы женімпазы болғаны үшін оған Избасар, жас бурадай палуандығы үшін – Қарабала, өз ортасының ерекшесі – Дарабоз, жаудың ығырын шығаратын, қаймықпайтын – Қабанбай деген есімдерге ие болған.

40 жылдан астам уақыт бойы Қабанбай батыр азаттық қүресі жолында алдына жан салмады. Ержүрек Батыр бабамыз 103 рет жаумен шайқасқа түсіп қарсы келгенін жеңбей қоймаған екен.

Ұлы Абылай ханның өзі де Қабанбайға былай деген екен:

«Батыр! Сен менің қайыспас қылышымның иесісің! Сен данққа бөлендің. Осы күннен бастап сенің Қабанбай есімің қазақтардың көшбасы есімдерінің бірі болады, мен сені бас қолбасшы етіп тағайындаімын» - , депті.

## Кубас ат

Ер қанаты болған батырдың тұлпары Кубас атын найман Бұланбай бай көп жылқының ішінен өзі ұстап, Қабанбайға сыйға тартқан екен.

Кезінде Қабанбай батырдың жорық серігі, тұлпары Кубас ат жайлы ұзак жыр – толғаулар болған. Сол жырда Бұланбай бай туралы, ол кісінің аскан жомарттық пейілі жайлы айттылған. Батырға лайық атты алты жыл балтаған, тұлпардың асыл қасиетін тани білген, Өсербай синшы туралы да айтылады.

Біз Маусымбай ақынның “Кубас ат” жырынан үзінді келтіріп отырмыз.

Кім білмес наймандағы Боранбайды,  
Бес Байыс боранбайлап ұрандайды.  
Қазақтың ұран шықса қаны қызып,  
Ер жігіт өз үйінде тұра алмайды.  
Уш жүзге байлықпенен аты шықкан  
Естіміз аскан бай деп Бұланбайды.  
Бұлардың ата-тегі туысы бір,  
Кейбіреу нақ айтпаса біле алмайды.  
Байыстың елге әйгілі бес баласы,  
Үлкені Сарымырза ер данасы.  
Шұрентай Қаржыменен екі анадан,  
Сыбанның Ахметпен бір анасы.  
Айтылған Сарымырза алты бала,  
Белгілі бұл балалар жалпына да.  
Жолымбет, Бейімбет пен ер Жолбалай,  
Айтатын енді үшеуін артын ала.  
Берді, Қошан, Таңылбай бір анадан,  
Алтауы бір атадан емес дара.  
Әжіғұл – Жолымбеттің екінші ұлы,  
Біледі бастан аяқ халық мұны.  
Тұыпты Әжіғұлдан Дәуіт мырза  
Ашылар күа берсе тарих сыры.  
Атақты ұл болыпты Мырзаштан үш,  
Еліме нақ әйгілі бұл белгілі іс.  
Қалқаман, Мұлкаман мен Жауар дейді.  
Барлығы бір атадан екен туыс.  
Міне осы Мұлкаманнан Ұлан, Бұлан,  
Найманда бай болмапты аскан бұдан.  
Тұқымы Қалқаманның би Боранбай,  
Нәсілі ата куса бірге туған.  
Найманға би Боранбай билік айттып,  
Артына аруакты болған ұран.  
Тұсында Абылайдың ақылшы боп,  
Серік боп ордасында қызмет қылған.  
Байыстың бәйбішесі аты Мұрын,  
Мақта апай, Сарымырза туған мұнан.  
Байжігіт – Мақта апайдың жалғыз ұлы,  
Емес пе Байжігіттен Мәмбет туған.  
Мәмбеттен ер Қожағұл туған болса,  
Қабанбай шөбересі боп тараған.  
Ұрпағы бес Байыстың жиен дейді,  
Білген жан бұл араға қылмас күмән.

Қабанбай – орта жуздің арыстаны,  
Жау сасқан даңқын естіп алыстағы.  
Қабанбай, Ер Бөгенбай заманында,  
Кетпеген дұшпанына намыстары.  
Болған соң әрі жиен, әрі серік,  
Болады келісі мен барыстары.  
Қазақтың ескі жосын әдетінде,  
Арада алыс-беріс арыстары.  
Дәuletін Бұланбайдың сөз етейін,  
Демендер сөз мазмұны алыстады.  
Мал біткен Бұланбайға дейді халық,  
Кезінде бақыт қонған, Қыдыр дарып.  
Қырық кос ірі қара болған екен,  
Қойының сексен қора болуы анық.  
Бітіпті бес мың жылқы, үш мың түйе,  
Бәріне Ұлан, Бұлан болған ие.  
Сиыры екі мыңнан аскан екен,  
Қалдырмай үққанымды айтсам, міне.  
Үстінде отыз мыңнан қой болыпты,  
Секілді мұнан да аскан жүре-жүре.  
Емес пе көрген аз бір адамның,  
Тарихты ұғынасын сұрап біле.  
Бұланбай елге жаққан беруімен,  
Елінің айырылмапты сенімінен.  
Біткенін осы байға үш мың түйе,  
Естідім бір шөбере келінінен.  
Әйгілі бұл әнгімे үлкендерге,  
Үлкендердің ішінде білгендерге.  
Қабанбай қолқалапты бір ат бер деп,  
Ауылына Боранбайдың бір келгенде.  
Қазақта талай-талай шығыпты ер,  
Еліне жаудан қорған болыпты бел.  
Сайыста ерді жаудан құтқаратын,  
Жігітке тұлпар атты серігі дер.  
Ғали мінген дүл-дүлді,  
Сейітбаттал мінген Сары атты,  
Ерлерге сай тұлпарды  
Серік қып алла жаратты.  
Қамбар мініп Қасқа атты,  
Ер қосай мінді Торы атты.  
Ер тарғын мінді Тарланды,  
Қарабек мінді Қара атты,

Алпамыс мінді Шұбарды,  
 Қареке мінді Ала атты.  
 Дәл осындаған керек,  
 Ер жігітке талапты.  
 Осындаған бір ат шығар ма,  
 Арапасақ Алашты.  
 Арападым, таппадым,  
 Байжігітті - Қарасты.  
 Құнына шыдап алалық,  
 Табылса бір ат жаракты.  
 Алакөлдегі шайқасқа  
 Бердекен берді бір атты.  
 Осы атқа мінген соң,  
 Кең жайдым жауға құлашты.  
 Сайыска түсер майданда,  
 Серігім осы тұрақты.  
 Мың жылқыға бермеймін,  
 Бердекен берген Сұр атты.  
 Басқа ат мінсем желе алмас,  
 Жау қарасын көре алмас.  
 Ат жалында болмаса ер,  
 Сазайын жаудың бере алмас.  
 Екпінде алға шықпаса,  
 Сермеуге келмес көк алмас,  
 Бес қару толық болмаса,  
 Дұшпаның жойып жене алмас.  
 Елін келіп жау шапса,  
 Ер жігіт қалай кек алмас,  
 Жауын женіп жойғанша,  
 Неше тәулік дем алмас.  
 Үш тәулік шаптым – талмады,  
 Алдыңа жылқы салмады,  
 Болдырмаған бір жылқы  
 Осыдан басқа қалмады.  
 Омака асып, жер құшты  
 Жонғардың талай қалмағы.  
 Елі тозып күйзелсе,  
 Еріне түсер салмағы.  
 Болдыrsa да өз аты,  
 Бердекен қайта алмады.  
 Болмасын жаудан оқыс деп,  
 Өз басын маған арнады.  
 Болдырып аты талай ер,  
 Шайнаулы кетті бармағы.  
 Ер женісі атта екен,  
 Қажеті ерге қатты екен.  
 Қор болып қолға түскенше,  
 Майданда өлген жақсы екен.  
 Оққа ұшып атым қалғанда,  
 Жаздадым кете арманда.  
 Бердекеннің ерлігін  
 Ұмытпан бұл жалғанда.

Таңдаулы деген ат шыдар,  
 Бірнеше тәулік шабысқа.  
 Шыбын жаңын пида қып,  
 Ер жігіт түсер намысқа.  
 Дүркіреп жау тигендей,  
 Өрт қойғандай қамысқа.  
 Қалжырап дene болдырып,  
 Қолыңың қары қарысса,  
 Ерге серік ат екен,  
 Арпалыста – алыста.  
 Қамқоршым едің ақылшым,  
 Үйреткен ақыл арысқа.  
 Ақылшым әрі нағашым,  
 Осындаған бір ат қарайын,  
 Табылса шыдап алайын.  
 Бөрекен мына сөзге құлақ салды,  
 Шақырып Үмбетбайды қасына алды,  
 Хат жазып Бұланбайдан ат сұрадық.  
 Ат болсын, ерге лайық мандай алды,  
 Ат болсын ат болғанда елден ерен,  
 Мұсіні, сыны ерекше болсын бөлек,  
 Өзі айтып Үмбетайға хат жаздарды,  
 Тапсырды осындаған атуып бер деп.  
 Биіктігі өзіндей болсын,  
 Местігі өзімдей болсын.  
 Есіп кеткенде екпенінен жел есіп,  
 Жүрісі Қазыбектің сөзіндей болсын.  
 Құлағы қамыстай болсын,  
 Еріні талыстай болсын.  
 Екі көзі ботаның көзіндей болсын,  
 Шекесінің арасы қарыстай болсын.  
 Қабағы бүркіттің қабағындағы болсын,  
 Шықшыты бураның сағағындағы болсын.  
 Жылқыңыздан осындаған бір тай шығар,  
 Мұсіні менің қойған талабымдай болсын.  
 Жалы жібектей болсын,  
 Қасқа тісі куректей болсын,  
 Жігері бабына келген тұлектей болсын.  
 Белдемесі қанатты болсын,  
 Жаясы жалпақ алапты болсын.  
 Бір көргендер үш қаралық  
 Осындағы сұлу жаракты болсын.  
 Сауыры құландағы болсын,  
 Кекіл балаға қойған тұлымдай болсын.  
 Егесте ердің серігі болсын,  
 Өні-түсі бірыңғай болсын.  
 Тұяғы жұмыр болсын,  
 Денесі шымыр болсын.  
 Құтқармайтын қуғанды,  
 Қайыспас, мінсе тұғыр болсын.  
 Құйрығы тегіліп тұрсын,  
 Талданып сөгіліп тұрсын.

Самсаған калың жорыкта,  
 Мұсіні жұртқа көрініп тұрсын.  
 Осындай талаппенен сұратты атты,  
 Болсын деп жылқы ішінде бек сымбатты.  
 Қол қойып, аяғына мөрін басты,  
 Туыстас замандасы Құланбайға.  
 Жіберді бір жігіттен осы хатты,  
 Қолына алып келіп тапсырган сон,  
 Қағаздың Құлан мырза бетін ашты.  
 Қағаздың мәнін ұқты оқып көріп,  
 Отырды әр сөзіне ой жіберіп,  
 Сыншының оймен жазған киялында,  
 Жылқыдан шығар ма деп мұндай көріп,  
 Ойлады болады деп ерге серік.  
 Сыны бар дәл жиырма жеті жерде  
 Табылса бір жылқыдан түгел келіп.  
 Өзі оқып Құланбайдың хатты болды,  
 Шешенге мұны жазған көнлі толды.  
 Ұққан сон қонақ үшін керектің  
 Табылса неғылса да бермек болды.  
 Хатты алып екінші рет Әбіш көрді,  
 Осы еді бітіретін әр істерді.  
 Жылқыдан бес жарым мың лықсып жатқан  
 Бір тайды таба алмауды намыс көрді.  
 Әбіштен енді хатты Қолбай алды,  
 Мырзалар аты шыққан мәндай алды.  
 Үрқынан Мұлкаманның кайтсе шығар,  
 Бұдағы намыс көрді малды аяуды.  
 Үшеуі ақылдасты аттың сынын,  
 Көрмеген паһим етіп бұдан бұрын.  
 Жиырма жеті түрлі порымы бар,  
 Жылқыдан туда ма деп мұндай құлан.  
 Сұрады шақырып ап Өсербайды  
 Білетін жігіт еді жылқы сынын.  
 Қасында қысы-жазы болғандықтан,  
 Жөні бар білетүғын жылқышының,  
 Әртүрлі ер басынан өтер майдан,  
 Табылар ізденбесе бекер қайдан?  
 Бар ма деп жылқымызда осындай ат,  
 Сұрады қос бастығы Өсербайдан  
 Өсербай аз отырды жауап қатпай,  
 Бірі жоқ отырғанның таңдай қақпай.  
 Сәйгүлік жылқыдағы санлактарды,  
 Ойланды ой жүгіртіп аспай-саспай.  
 Сынға сап, таразылап ой жүгіртсе,  
 Ойна олқы келді бәрі жақпай.  
 Ойна арда емген дөнен түсіп,  
 Куанды таптым-ау деп жаза баспай.  
 Аздан соң байға қарап жауап қатты:  
 - Ойға алдым тола ма деп талай атты.  
 Шу асав жылқынызда бір пырақ бар,  
 Қөніліме сынға толып осы ат жақты.

Жануар былтыр құнан, биыл дөнен,  
 Отырсыз аттың жайын сұрап менен.  
 Желіде жеті күндей жатпап еді,  
 Шын тұлпар мынау өссе болар деп ем.  
 Енесі содан бері туғаны жок,  
 Жануар жүйрік еді бөлек ерен.  
 Бұл дөнен сонан бері сүт емеді,  
 Мінгізбей казіргіше күтіп келем.  
 Бір жеті өткен жылы жуасыттым,  
 Белгілі құлынынан жылқы деген.  
 Шабысы желісімен бейне сағым,  
 Асырмай һәм кемітпей айтсам нағын:  
 Ат желіп аянына жете алмайды,  
 Алдына жылқы салмас тапсан бабын.  
 Бір тұлпар ерге серік бола ма деп,  
 Болжап ем өз ойымша болашағын.  
 Хаттағы айтқан сипат табылады,  
 Шындыққа әрқандай іс бағынады.  
 Бара алмай еш нәрсенің байыбына  
 Кейбіреу айдаладан шабынады.  
 Шықпаса шежіренің қойған сыны,  
 Өсербай жылқы бағып неғылады?!

Бай айтты: -Рахымет, Өсербайым,  
 Емессің бекер жігіт қарапайым.  
 Көрелік барлығымыз түгел көзben,  
 Келер күн осы араға болсын дайын.  
 Жолаушы жиендер кеп дәм татсын деп,  
 Қонаққа Бөрекенді шақыртайын.  
 Ел келіп жайлауына орнықкан сон  
 Деп жүр ем қонақ қыл дәм татырайын.  
 Әкелді келесі күн соны барып,  
 Ұқсады сынағанда порымы анық.  
 Өлшепті сынишы айтқан әр белгіні,  
 Байқаса нағыз тұлпар болуы анық.  
 Шабысы, желісі мен жүріс жағы,  
 Тұр екен бұл үшеуі толып алып.  
 Құлашың жаясына әрен жетер,  
 Өлшеді бозбалалар соны барып.  
 Барлығы атты сынап көрді көзben,  
 Келмейді жок барлыққа айтқан сөзben,  
 Салпы ерін, ұзын тісті, тостаған көз,  
 Кем емес артылмаса басы кезден.  
 Жібек жалды, сал мойын сала құлаш,  
 Сыншының болып шықты айтқаны рас.  
 Шу асав секілді емес, мінезі кен,  
 Жануар емес тарпан, екен жуас.  
 Сымбатты сырты сұлу, мұсінді еді,  
 Қойғандай колмен жасап пішінді еді.  
 Көпшілік жануарға разы бол,  
 Қоя бер жылқыда еркін жүрсін деді.  
 Сонымен бұл арадан тарасыпты,  
 Сол кезде мұндай дәурен жарасыпты,

Найманда бұдан мырза болған емес,  
Бұл байды найман тұргай, Алаш ұқты.  
Шақырып Бәрекенді кетті Қолбай,  
Жарлығын байдың айтқан екі қылмай.  
Қасында екі жігіт атқосшы бар,  
Тайпалып астарында жорға жылмай.  
Мырзалар қонақ үйге келіп түсті,  
Мөлшерлеп келсе керек талмау түсті.  
Беруге биге сәлем келгендер де,  
Отырып көппен бірге қымыз ішті.  
Айтысты биге сәлем береміз деп,  
Дидарын аксақалдың көреміз деп,  
Кеп жаткан Байжігітten жиендерді,  
Қонаққа шакыруға келеміз деп.  
Мырзалар сәлем берді биге келіп,  
Отырған Қабанбайлар үйге келіп.  
Орнықты жайлауға кеп біздің ауыл,  
Жиендер қонақ болсын бірге келіп.  
Арасы екі ауылдың шалғай емес,  
Қарасын дөнгө шықса тұрар көріп,  
Қолбайлар түстігін жеп аттаныпты,  
Күтпек бол қонақтарды үйге келіп.  
Арнаулы көкорайға тігілді үйлер,  
Қонаққа Қабанбай мен келді билер.  
Әнгіме ат туралы естіген жұрт,  
Ағылып көбеймесе, емес сирер.  
Жігіттер қонақтарды жатыр күтіп,  
Жайлауы ат шаптырым бәрі бір жер,  
Күні-түні ойын-сауық тамашада,  
Мәз болды ұлан-асыр жиылған ел.  
Кезекпен қонақтарға сәлемдесіп,  
Кол берді Қабанбайға көрмегендер.  
Даңқына Қабанбайдың көп ел қанық,  
Отырды дидарласып, бүгін танып.  
Бұланбай – ел ырысы жомарт еді,  
Кем толып, аш тоғайып болған қарық.  
Жаяуға ат, жарлыларға ас болыпты,  
Аңызды осылай деп айттар тарих.  
Жылқыдан Әбіш мырза өзі ұстатьып,  
Араға арда емгенді келеді алып.  
Биігі өркеші жоқ нардай екен,  
Таң қалды кескініне көрген халық.  
Бір атты жиеніне әкелді деп,  
Айтыпты қонақтарға біреу барып.  
Көруге арда емгенді бәрі келді,  
Жақсыны көрмек үшін деген анық.  
Сүйегі арда емгеннің жардай екен,  
Жылқының сол кездегі мандайы екен.

Мақтауға айта берсе не симайды;  
Кейбіреу айтып жатыр: нардай екен!  
Жылқыға біте бермес мұндай мусін,  
Таныды ел сымбатынан кайрат-кушін.  
“Ер туса, ердің аты бірге тумак”,  
Жаралған жануар ғой батыр үшін.  
Сал мойын, сом денелі, етсіз басы,  
Шығыңқы белдемелі омыртқасы.  
Сол жерде көрген халық мактасынты,  
Болғандай жануар деп ер жолдасы.  
Көрсекті Боранбайға қараңыз деп,  
Басқасы сізден кіші балаңыз деп,  
Арда емген әлі де еміп жүре берсін,  
Жібертті – суалғанда аламыз деп.  
Ішінде бұл келгеннің ақ сакалы,  
Барлығы құрмет етер ағамыз деп.  
Бірден ат, барлығына шапан берді,  
Жолы үлкен біз нағашы ағаңыз деп.  
Осы атты алты жаста алған екен,  
Ауысқан бірден бірге жалған екен.  
Келгенше алты жасқа сүт емген соң,  
“Арда емген” деп аныз бол қалған екен.  
Данқына сан сайыста кір жүқтүрмай,  
Осы атпен жауға ойран салған екен.  
Талай жыл Қабанбайға серік болған,  
Жылқыдан бөлек туған саңлақ екен.  
Жоғарғы Боранбайдың жазған хаты,  
Кезі екен жүріп тұрған елге дәті.  
Айтады кейінгілер аныз қылып,  
Осы деп Қабанбайдың Кубас аты.  
Өмірдің бұл бір шындық айғағы екен,  
Болатын ерге серік һәм қанаты,  
Ерлерді өткендеңі ауызға алу,  
Қазақтың тарихтағы салт-санаты.  
Бұл шындық Қабанбайдың ат алуы,  
Демейді тарихшылар қате мұны.  
Енесі суалған соң сүтпен бағып,  
Ұдайы алты жылға апаруы.  
Емеспіз Арда емгеннің өз иесі,  
Ұқтырған осылай деп сөз жүйесі,  
Таралған аныз болып алғашында,  
Оны айттым басқы сөздің жалғасында.  
Маусымбай осылай деп айтқан екен,  
Ескіше өз қолымен жазбасында,  
Біз қазір естігеннің мұрагері,  
Өтіпті талай заман содан бері.  
Түзетер не толықтар деп ойлаймын,  
Бар болса нақ білетін бізден гөрі.

## Көкжарлы Барак батыр

Жонғар шапқыншылығы кезінде найман тайпасынан шыққан әйгілі батырлар көп болған. Сол елін сүйген, жерін сүйген, қатерлі сәтте ел корғаны бола білген батырлардың көбі ел аузында ғана сакталып жүр. Тарихи, әдеби жазба деректер аз. Тарихи шығармаларда да, әдеби кітаптарда да көп батырлардың аттары аталмайды. Кейбіреулері басқа рулардың ішінде айтылып, жөн-реті дұрыс танылмай жүргендері де бар.

Найман	Көкжарлы	руынан	Мамай	батыр
Найман	Көкжарлы	руынан	Барак	батыр
Найман	Саржомарт	руынан	Танаш	батыр
Найман	Акнайман	руынан	Ер Қазымбет	батыр
Найман	Қожанбет	руынан	Тоғанас	батыр
Найман	Қожанбет	руынан	Жарылғап	батыр
Найман	Төртуыл	руынан	Бұқа	батыр
Найман	Төртуыл	руынан	Баймұрат	батыр
Найман	Бура	руынан	Ер Ақпанбай	батыр
Найман	Қаракерей	руынан	Актанберді	батыр
Найман	Қаракерей	руынан	Қабанбай	батыр
Найман	Қаракерей	руынан	Құттыбай	батыр
Найман	Қаракерей	руынан	Ақтайлақ би әрі	батыр
Найман	Қаракерей	руынан	Шынқожа	батыр
Найман	Матай	руынан	Есенгелді	батыр
Найман	Матай	руынан	Баян	батыр

Осындай көптеген батырлар Найман баба ұрпақтарынан шыққан. Ерлік істері, аттары бүгінге жетпей ұмыт болып кеткендері қанша. Ел болып атқа қонбаса, ерлік, қайрат көрсетпесе, бүгінгі осы өнірді, жер-суымызды, басқыншы жаудан кім қорғаған? Халқы бодан болып, жері де жау қолында кете баратын еді. Бұл жерде айтпағымыз елін, жерін ерен ерлігімен қорғаған, қазақ халқының ұлт ретінде аман қалуын ойлаған, сол сұрапыл соғыстан еліміздің женіспен шығуына басшылық еткен батырларымыз жайлы болмак.

XVII ғасырдағы қазақ халқының жонғар шапқыншылығына қарсы құресіндегі әйгілі батырларының бірі – Кекжарлы көкжал Барак. Кекжал Барак қазақ жерін ойраттардан азат етуде айтулы шайқастардың беріне қатысады. Жетісу, Алакөл, Тарбағатай, Барқытбел, Алтай, Қалба өнірлеріндегі шайқастардағы ерлігі ел аузында көп сакталған.

Дала маган жыр етеді өткенін,  
Куанғанын, жылап жасын төккенін.  
Бостандығы келмегенін теп-тегін.  
Абылайы, Қабанбайы, Барагы  
Отқа салған өмірінін көктемін  
Тұлпарлардың тұяғымен дүбірлеп

Фасырлардан күніреніп жеткен үн – деп жырлайды акын С.Ғабдулин “Дала дүбірі” деген өлеңінде. (“Дидар” 1991 жыл 12 қыркүйек).

Барак батыр Кекжарлы руы ішінде Өтей елінен шыққан. Барактың өз әкесі Шүрек деген адам. Шүректен Басар, Жаманқұл, Барак деген үш бала тарайды. Барак батыр ұрпақтары Құршім өзені бойындағы Теректібұлак аймағын мекендейген.

Жаугершілік заманда Алтай өніріндегі найман тайпасына жататын көп аталар мекендерінен ауып көшеді. Кекжарлы, Ергенекті, Қожанбет рулары Қызылсу-Шар, Жарма аймағын мекендейген.

“Біздің көрмеген жеріміз бар ма? Қызылсу-Шарға да барғанбыз?” - дейтін мәтел осыдан қалса керек. (Қызылсу-Шар қазіргі Ұлан ауданының жері).

Көкжал Барак 1701-1702 жылдары Жарма өзені бойында дүниеге келген. Барактың әкесі Шүрік те өз ағайындарымен бірге Қызылсу, Шар өзендерінің бойына келіп қоныстанады. Қалмақтың тосын бір шабуылы кезінде жонгарлар Шүректің ауылын өртеп, адамдарын қырғынға ұшыратып, азаматтарын байлап, өрістегі малын айдал кетеді. Бұл кезде Барак 9-10 жас шамасындағы бала болса керек. Бұл 1711-12 жылдар Цебан Рабтан ханның тұсы еді. Ертіс, Алтай бойындағы найман елдеріне жонгарлардың жиі шабуыл жасаған кезі.

Ата-анасынан ерте айырылған Барак нағашы ағасы Назардың қолында өседі. Бірде нағашы ағасы Назар Баракты ертіп алғып, жау шауып кеткен ауылдың орнын көрсетеді. Нағашысы Назар: - Енді ержетіп, есейгенше өзімнің қолымда бол, - дейді. 14-15 жасқа келген кезде нағашысының жылқысын бағады. Барак табанды, қайсар бала болып өседі. Нағашысы Назар Барактың бойында үлкен касиеттің, тектіліктің бар екенін ерте байқайды. Баракқа арнап бес қаруын әзірлеп, тенге салып буып қояды. Барак 16 жасында жорыққа аттанады.

Көкжал Барак – талай қан майданды басынан өткөрген. Еділ бойындағы қалмақтармен соғыста Датұлы Сырым батырмен бірге шайқасқан. Алакөл, Жетісу өніріндегі шайқастарда жау қолынан ағасы Жаманқұлды құтқарады.

Абылай хан және бас қолбасшы Қабанбай басшылығымен сол кездегі қазаққа мәлім ерлігімен, қолбасшылық қасиеттерімен кең танымал атақты 27-батыр бас қосып, ақыл қорытқаны туралы Кәрібай ақын жырында былай делінген:

Қабанбай, ер Бөгенбай, батыр Барак,  
Уалы сүйегі уақ батыр Бармак  
Бердіғожа, Қосабай, батыр Жантай,  
Қаз дауысты Қазыбек өңкей саңлақ.  
Баймұрат, Райымбек, батыр Тентек  
Барлығы жауға кеткен кегін алмақ.

Шорға соғысы туралы Кәрібай ақын жырындағы мынандай жолдарға назар аударайық:

Қалбадан осы жолы қалмақ қашып,  
Тұра алмай қарсыласып, салмақтасып  
Қарғыба, Базар, Ғофас бәрін тастап  
Жөнелді Маңырақпен ар жаққа асып.  
Сол жерге Жаман батыр, Барак келді,  
Қасына түгел ертіп талапты ерді.  
Талқандап Мойыншиде қалмақ жағын  
Өлігін ел көзіне санап берді.  
Қалмақты қолмен қырған қойдай қамал  
Келіпті Көкжарлыдан Көкжал Барак.

(Сабалақ дастаны).

«Қабанбай батыр» дастанының бір нұсқасында Бұқар жыраудың рұқсатымен Абылайдан бата алғып, Барак батырдың Аяқөз шайқасындағы қалмақтың атақты қолбасы Шұянды женгені былай суреттелеуде:

Жалтылдап үсті толған қару-жарақ,  
Қолында найзасы бар қара томак  
Қалмақтың Шұян деген бір мықтысын  
Жайратты Көкжарлыдан Көкжал Барак – деп жазылады.

«Барак біздің - бабамыз» жырында:  
Күршім, Алтай жеріміз,

Өтей екен еліміз  
Көкперілі Көкжалды  
Барақ батыр тегіміз – деп жырланады.

Ұрпактары ішінен баба ерлігін жырга қосып жырлаған Созбай жырау Жотай ұлының «Барақ батыр» жырынан, Барактың артық туған қасиеттерін сипаттайтын мынандай ел аузына кең тарап кеткен, ұрпактары жатқа біletін жолдар бар:

Жаманқұлдың белгісі  
Құйрығында қалы бар.  
Дәүлеті мол Басардың  
Құжынаған малы бар.  
Батыр туған Барактың  
Жүргегінде түгі бар,  
Арқасында жалы бар.

Осы жыр жолдарында Көкжарлы Көкжал Барак Шүрекұлының, шығыс өнірінде батыр атанған жанның бітімі, құш қуаты, қолбасшылық батырлық қасиеттері жайлы сыр шертеді.

Қалба өніріндегі Аблайкет (Аблайкит) манында болған шайқаста Саржомарт Танаш батырмен бірге Аблайкит корғанына шабуыл жасап, жонғарларды қуып, Сібе көлінің маңына Тарғын, Тайынты бойына ығыстыра отырып, жонғарларды бұл өнірден қуған.

Барақ батыр Алатау бойында қырғыздармен шайқас кезінде қырғыз батыры Тоғалақпен жекпе-жек шайқаста қайтыс болған. Барак батыр 1771 жылы қырғыздармен шайқас кезінде, Қырғыз Алатауындағы «Қызыл шілік» деген жерге жерленеді. Бұл шайқас тарихта “Жайыл қырғыны” деп аталады. Бұл жорыққа найман қолдарын бастап Қабанбай, Танаш, Баймұрат, Барак батырлар қатысқан.

### Ер Қазымбет

Еніреген ердін бірі – Ер Қазымбет. Қазымбет батыр найман руы ішінде Байыс бидін ұрпағы, Жолымбет бидін немересі еді. Жеті Жолымбеттің ішінде Ақнайман атасына жатады. Жонғар қолдарымен қырғын шайқастың кезінде жау наизасы тиіп, Ер Қазымбеттің қара саны үзілген екен. Жарасынан аққан қан ат бауырын жуып кетеді. Қайратты батыр жарасына қарамай, қаптаған жаудың ортасынан қолында ұстаған туды құлатпай, жау шебін бұзып өтеді. Сол ерлігі үшін “Ту ұстаған Ер Қазымбет” атанады. Бұл шайқас Таскескен ауданындағы «Әлемді» тауында болған. Ер Қазымбет – жонғар шапқыншылығы кезінде үлкен ерлік көрсеткен батыр.

Енді бір шайқаста Ер Қазымбет қалмақтың Жолан деген батырын жекпе-жекте құлатып, басын алған. Жолан қалмақпен жекпе-жек шайқасқа шыққанда Ер Қазымбет 17 жастаған болған дейді.

Ер Қазымбет қалмақтың Қаранай батырының әйелі Таңшебер сұлуға үйленеді. Таңшеберден үш бала көреді. Келдібек, Майлыбай, Жауынбай атты үш ұлы болады. Қазымбет Таңшебермен 20 жыл оттасқан екен. Уранхай жерінен Таңшебердің үлкен ұлы Кәбек қалың қолмен шешесін іздел келеді. Қазымбет батыр Кәбекті үлкен құрметпен қарсы алып, Таңшеберді еліне қайтарады. Иса Байзақов “Алтай аясында” деген поэмасындағы қалмақ батырлары Кәпін, Кәбек осы Қаранай мен Таңшебердің үлкен ұлы. Сөзіміз дәлелді болу үшін поэмадан үзінді келтірейік:

Ұранқай дейтін руы қалмак тегі,  
Жайлайтын Ақжайлауды мырза, бегі.  
Ар жағы айқасады Марқакөлге,  
Бекілген соныменен жердің шегі.

Алтайдың аясында мекен еткен,  
Ұранхай дейтін қалмак елі көптен.  
Ішінде кожалары Кәпін, Кәбек  
Алдаумен қожа болып әмір еткен.

Казымбет батырдың қазақ әйелінен төрт ұлы болған. Қалмақ әйелі Таңшеберден үш ұлы болған. Және қыргыз әйелінен бір баласы болған. Шежіре деректерінде «Сегіз Қазымбет» деп аталады.

Осы Қазымбеттен тараған ұрпактары Семей облысының Үржар, Аяқөз, Ақсуса аудандарында тұрады. Қазымбет батыр ұрпактары «Өкпеті», «Биесимас» тауларын мекендеген.

Шежіресін таратсақ Жолымбеттен → Рақ → Құтымбет → Қазымбет → Майлышбай, Әйтімбет, Әлменбет, Борай, Бекен, Сәлменбет, Келдібек, Жауынбай.

### Баймұрат батыр

Ер азamat атқа қонған кезде оларға басшылық еткен, ұйымдастырып бірлік-берекеге ұндеғен, белсеніп халқының қамын ойлаған айтулы батырлар болған.

Міне, осындай жауына айбар, халқына пана болған батырлардың ерлік істері тарих беттерінен орын алуы парыз. Ел қорғаны болған ерлердің бірі – Төртуыл руынан Баймұрат батыр.

Баймұрат батыр - әйгілі Бұқа батырдың ұлы. Төртуыл ішінде Ақбараққа жатады. Бұқа батыр – Салқам Жәнгірдің (1611ж) тұсында қол бастаған адам.

Баймұрат 1706 жылы туған. Бүкіл Төртуыл руының ұраны “Баймұрат.”

Баймұрат мінезі ауыр, нығыз адам болған. Ал шайқас кезінде өте шапшаң, қайратты, әдіс-тәсілі мол, кайсар батыр болған. “Баймұрат батыр жекпе-жектің шебері”- дейді екен. Батырдың жорық серігі “Нарқызыл” деген тұлпары болыпты.

Баймұрат Абылай ордасында өтетін хан кенесіне, жорық жоспарларына арнайы шақырылып отырған. Баймұрат батыр Әбілфейіз ханмен, Қабанбай батырмен бірге Шу, Талас, Іле бойын азат етудегі ірі шайқастарға катысқан. Сондай-ақ Ташкентті азат етуге, Қоқан хандығына қарсы аттанған аламан жорыққа қатысады.

Баймұрат “Алакөл” жорығында және “Шаған” шайқасында он қанатты басқарған. Бір ауыр шайқас – бір жарым жылға созылған “Шаған” соғысы. 1740 жылы күзде басталады. Септен бастаған жонғар әскері Сарыарқаға қайта шабуыл бастайды. Сол жылы қыста ақпан айында Лама-Доржы отыз мың әскермен шабуыл бастайды. Осы шайқас тарихта “Шаған” соғысы деп аталған. Қоңыр әулие деген жерде қатты шайқас болады. “Шаған” соғысына Абылай 4 қосын әскер жіберген. Барлық жасаққа Қабанбай қолбасшы, кенесшісі Қазбек би болады. Бірінші топқа керей Жәнібек басшы, ақылшысы Қызай Есенгелді, екінші топқа Көкжал Барак басшы, ақылшысы Сұбебай, жаудың он қанатына төртуыл Баймұрат батыр, сол қанатына бура Ақпантай батыр шығады.

Ақ найзасы тұспеген берік қолдан

Тірісінде дүшпаның женіп болған

Қазактың бас батыры Қабанбайға

Батыр бабам Баймұрат серік болған – дейді Баймұрат батыр жайлы ақын Галым Байбатыров.

Жонғарлармен болған сұрапыл шайқастың бірі 80 күнге созылған “Шорға соғысы”. Бұл шайқаста Тарбағатай, Қандысу бойы, Құлыстай аймағы жаудан азат етілді. “Шорға” соғысы шығыс енірін жаудан азат етуде шешуші қадам болады. Алтай, Алқабек, Білесікті мекендеген жонғарлар тұтқылдан шабуыл жасайды. Шорға жазығындағы (Толағай тауының батысы, Зайсан көлінің түстігіндегі жазық аймақ) найман Төртуыл, Бәйжігіт елін көп шығынға ұшыратып, Қалбаға қарай қуады. Бұл 1745-1750 жылдары болған.

Қазақ батырлары қайтадан ту түбіне жиналып, жиырма жеті батыр бас қосып ақылдасады. Сол батырлардың бас қосуы туралы Қарібай ақын былай деп жырлайды:

Қабанбай, Ер Бөгенбай, Көкжал Барак,  
Уалы, сүйегі Уақ батыр Бармак

Бердікожа, Қасабай, батыр Жантай,  
 Қаз дауысты Қазыбек өңкей санлақ.  
 Баймұрат, Райымбек, батыр Тентек  
 Барлығы жауға кеткен кегін алмақ  
 Қосай, Тама, Дәүлетбай, батыр Шөрек,  
 Барлығына Қабанбай қолбасы болып  
 Айқасты ата жаумен бірнеше рет  
 Қалмаққа келіп тиді Шорғадағы  
 Ер Барак, батыр Жаман, Дәүлетбайдың  
 Ақкан қан қылышынан сорғалады, - дейді.

Осы 27 батырдың ішінде тағы Баймұрат батырдың қанды шайқаста Қабанбай қосынында болғанын көреміз. Баймұрат «Шорға» соғысында 3000 қолмен Маңырақ тауында ойраттармен соғысып, Шағаноба, Шілікті бойындағы ұрысты басқарған.

Бұл шайқастан кейін Абылай ханын жарлығымен Баймұрат батыр мен Көкжап Барак Қалба тауында торғауыттармен соғысып, Қалба өнірін жаудан азат етіп Ақшәуліге (Аяқөзге) ту тіккен. Бұл шешуші шайқас 1750 жылдары болған. Қалба, Аблайкит, Тайынты, Сібе аймағын жаудан тазартады. Жау күйрей женіледі. Көкжап Барак пен Баймұрат батыр 5000 әскерді басқарып, торғауыттарды түре қуып, бұл өнірді жау қосындарының құрсауынан босатады.

Торғауыттар мен қалмақтардан босаған Қалба өніріне найман тайпасына жататын рулар мен аталар қоныстанып, ел ата мекенге оралады.

Төртуыл руын бастап ата мекенге орналастырган Баймұрат батыр еді. Жалпақ ел Төртуылдың көшін Баймұрат бастап 1750 жылдары Қалба тауына орналастырады. Төртуылдар Байбура, Самар, Қекпекті аймақтарын жазда жайлап, қыста қары жұқа, қысы жеңіл болатын Қалба тауынын шығыс етегін қыстаған. Төртуылдар ондаған жылдар осы өнірді мекендеген. Осы өнірде “Төртуылдың көп зираты” деген қорым осы күнгө дейін сакталған. Қазақ –қытай қатынастары жақсарған соң, Төртуыл руы Зайсан аймағына, Ертіс бойына орналасады.

Бұл өнір Сауыр мен Маңырақ тауының етегі, жайылымы кен, жері шүйгін, сай, жылғалары толған жеміс-жидек болады. Бұл - Қара Ертіс өзенінің Зайсан көліне құттын тұсы көгалды, қалың копа, аса бір шүйгін аймақ.

Төртуылдардың осы өлкеге қоныстануы 1760 жылдары болса керек. Төртуыл Апашбайұлы Арғынбек ақын «Қазақ Сырдан ауғанда» деген тарихи дастанында төртуылдың ата мекенге қоныстануын былай баяндайды:

Төртуыл Қекпектіге келіп жетті  
 Сол жерді біраз жылдар мекен етті.  
 Сұлтанкелді, Есенкелді екі мырза  
 Бірі бай, бірі батыр асыл текті.  
 Қара Ертісті мекен етті көп төртуыл,  
 Ноғай, Сағал, Сегізбай, Назар бұлбұл.  
 Бокатай би, Бөтеке, Тоқабай бай  
 Төртуыл беріп еді түгел шылбыр.  
 Мәз Бітібай, Жансары, Бекі мырза,  
 Қалдығой бәрінен де дүние құргыр.  
 Көпен бөліс, Бекбай, Шөкет, Халит, Айтқұл,  
 Ғаділет жұрт билеген өңкей мәшінур.  
 Болыс Қатай, Тақырбас Босқынбай би,  
 Аттарын түгендейін хатта бір-бір.

Баймұрат батырдың ата тегін таратсак:

Төртуылдан → Ақбарақ → Дәuletay, Кенжеғұл, Әйтім  
Дәuletay → Бұқа, Шетік, Елтезер  
Бұқадан → Баймұрат, Бәйменбет, Есет  
Баймұраттан → Өтеу, Таңатар, Ақша, Түрке.

Төртуыл руынан шыққан басқа да әйгілі батырлар көп болған. Тарихи деректер мен аныз-әнгімелерге қараганда қол бастаған Төртуыл Бағар батыр, Төртуыл Тоқабай батыр, Ақшора батыр қосыны, Төртуыл Бердіке батыр жасагы деп аталыпты.

### Есенгелді батыр

Найман ішінде матаі руының Қызай атасынан шыққан Есенгелді әрі батыр, әрі би болған адам. Есенгелдінің әкесі – Құдайназар да әйгілі батыр. Абылай хан заманында “Есенгелді батыр” деген жыр дастан болған. Осы “Есенгелді батыр” жырында Абылай хан 60 атан түйеге жүк артып, Төртуыл Тәбет би мен Қызай Есенгелді батырды қасына ертіп, Қытай ханы Бейжіндегі Еженханға аттанады” –дейді.

Есенгелді Шұршіт соғысы кезінде де, Қоқан, Ташкент соғыстары кезінде де Абылай ордасында болып, қанды шайқастарда Қабанбай, Әблілфейіз, Абылай ханмен ту түбінде бірге болған адам.

“Биылғы құрылтай Туркстанның өзінде өтеді. Мамырдың жиырмасыншы жұлдызында үш жүздің игі жақсылары Қаратаудың қунгейіндегі ежелгі қалада Тұқстанда бас түйістіретін болыпты. Қабанбайдың қасында Тәбет би, Есенгелді, Баймұрат, Ақтанберді, Дәuletбай, Шынқожа, Шөрек, Қасабай батырлар бар еді. Кубас аттың үстінде жұрттан иығы асып, тіпті оқшау көрінетін қолбасы Қабанбай басқалардан шылбыр бойы алда келе жатыр” - дейді Қ.Жұмаділов, “Дарабоз” 184 бет, 9 том.

Дәuletбай, Есенгелді, Кетеш батыр  
Бөгенбай, Жәнібек пен Бақ батыр  
Елімізді жаудан азат қыламыз деп  
Орнаткан дұшпанына заман ақыр. – дейді карт ақын.

Долда Күжібай ұлы.

Міне бұл екі үзіндіде де Есенгелді батырдың қанды шайқас қыын кезенде Бөгенбай, Қабанбай, Абылай ханмен бірге болған айтулы батыр екендігін көреміз.

### Тоганас батыр

(Жәлменбет руына жататын Есілбай қарияның айтуы бойынша  
ұлы Садуақас аға жазып алған дерек)

Қожанбет руынан шыққан Тоганас Батыр Жайлауұлы жайлы деректер, аныз, әнгімелер ел ішінде көп айтылады.

Жәлменбеттен – Құлшан тұған екен. Құлшаннан – Аққұлы, Аққұлыдан – Жайлау, Жайлаудан – Тоганас, Өбенес, Ағанас деген үш ұл болғандығы айтылады.

Жайлаудың бәйбішесі батыр адам болған. Бір жонғар шапқыншылығы кезінде шашын төбесіне түйіп алып, еркекше киініп жаумен шайқасады. Осы жолғы шайқаста қазақ қолдары женіп, қалмақтар шегініп қашады. Қалмақ қолдары қамалға (өз бекіністеріне) барған сон, әйелден женіліп қашыпсындар деп сөгіс алады. Жау жағы келесі күні қайта шабуылға шығады. Бұл жолы қалмақтар женіп, әйел екі баласымен қолға түседі. Үлкенінің аты Тоганас, кішісінің аты Өбенес екен. Тұнде қашып кетпесін деп, күзетші қалмақ әйелдің

бұрымын өзінің беліне байлап жатады. Түнде күзетші қалмак үйіктаған кезде, әйел екі бұрымын түбінен кесіп тастап, байлаудан босайды. Күзетші қалмақты жарып өлтіреді. Екі баласын алып, еліне қашады. Далада алай-дүлей боран соғып тұр екен. Қалмақтар ізге түсіп қуалайды.

Сол кезде анасы Тоғанасқа былай дейді. – Қалмақтар қазір мені өлтіреді. Балам, сен менің үстіме шырылдан түсे берме. Ес біліп қалған екен деп, сені де өлтіріп кетеді. Сонда мен құнсыз кетемін гой, - дейді.

Екі қалмак шешесін ұстап алып, қылышпен денесін жапырақтап кеседі. Содан кейін екі омырауын кесіп алады. Батыр ананы дұшпандар осылай азаптап өлтіреді. Тоғанас шешесінің өсietін орында, міз бақпай, жыламай тұра береді.

Қалмақтар ақылдастып: - Мына баланың көзі отты екен. Кентке (калаға) ала кетейік, - дейді. Кентке кіргенше Өбенеспен бірге барады. Одан кейін Тоғанас інісі Өбенесті көре алмайды.

Бір аксақал, екі әйел және Тоғанас төртеуі қалмақтың қойын бағады. Бірде шал Тоғанасты шақырып алады.

- Балам, жылқының ішінде бір актанau at жүр, өзі арықтау мал екен. Бірақ мықты жылқы болады. Соны қосқа алып кел, баптап күтейік, - дейді. Бір күні шал: «Балам, жаудың малын бағып жүре береміз бе? Мына түстік жақта қалың найман елі бар. Еліне қаш. Мына жылқы күгіншыға жеткізе қоймас», -дейді. Шал біраз кептірген азық береді. Тоғанас көп күн жолда жүріп бір көлге кез болады (Зайсан көлі не Алакөл болуы мүмкін). Көл жағасына атын тынықтырып, балық аулап жеп, өзіне азық етеді. Жолда көп әскерге кездеседі. Қазақ қолдары екен. Әскер басы келіп: - Сен кімнің баласысың? -дейді. Тоғанас жауап бермей бөгеледі. Қарауыл – Жасақ руына жататын Жайылмыстың бір баласы тұтқынға түскен еді. Сірә, бұл соның баласы болар, - деп Тоғанасты Жайылмысқа апарып береді (Қарауыл Жасақтың мекені қазіргі Қекпекті аймағы).

Құлшанның інісі Есенбай Тоғанасты іздел Қарауыл-Жасаққа барады.

- Осында бір бала кеткенін білеміз. Ол бала қайдан келіп еді? -дейді Есенбай.

- Тұтқыннан қашқан бала екен, - дейді Қарауыл-Жасақтар.

Есенбай Тоғанастан шешесінің өлімін, Өбенестің жау колында кеткенін естиді. Есенбай баланы елге әкеліп, әкесі Жайлауга табыс етеді.

Жайлау баласын қасына ертіп: - Ел таныттайын, жер таныттайын, - дейді. Тоғанасты әкесі Қожанбет Атақозы бидің үйіне әкеледі. Атақозы баланы көрген сон, бала бізде қалсын, біздің үлкен үйдің қойын бағып қойшы болсын, - десе керек.

- Мен қалмақтан бағатын қой таба алмай келдім бе? - деп Тоғанас Атақозы биге әкпелеп аттанған екен. Содан Қалба тауына барып, астындағы атын сойып азық қылып, қыстай жатып алады.

Бір күні күрен атқа мінген, ат үстінен екі аяғы жер сызған бір адам келеді.

- Неткен жансың? - дейді Тоғанас.

- Елімнен кісі өлтіріп шыққан жансын, - дейді жолаушы.

- Мен де елімнен қашып жүрген адам едім, - дейді Тоғанас.

Келген қалмақтың аты Сібе екен. Күрен атын арқандап қойып, Сібе қалмак қыстай Тоғанаспен бірге болады. Бірде Тоғанас – Аттың еті таусылды енді қалай істейміз, Сібе достым, - дейді.

- Күрен атқа не сен мін, не мен мінейін – депті Тоғанас.

- Сен күрен атты аузына алма! – деп Сібе.

Тоғанастың көзін ойып ала жаздайды. Тоғанас “Асың болсын, не атау керең болсын” – деп күні-түні балтасын қайрай береді. Бұр күні Сібені иығынан балтамен шауып жаралап, жетерлік азық беріп, өзі күрен атқа мініп кете береді.

Сол кеткеннен баяғы өзі тұтқында болған қалмақтың кентіне барып, отыз жылқыны айдал әкеледі.

- Бұл баяғыда өлген шешемнің құны, - дейді Тоғанас. Осы жылқыны қалынына беріп, әкесі Жайлауга елінен бір қызды айттырып алып берген екен.

Осыдан кейін Тоғанас қалмаққа жеке шапқан “Жеке батыр” атанипты.

Бір жылы қалмак бекінісіне қазак қолдары аттанысқа әзірленеді. Жиналған қолдың ішінде Жарылғап батыр, Есенбай, Тоғанас бар. Жарылғап – бұрын да қалмақ бекінісіне неше шабуыл жасаған адам. Тоғанас батырға әрі туыс, әрі жорық жолдасы болған батыр адам.

Шайқас кезінде Жарылғап батырға садақ оғы тиіп жараланады. Тоғанас “Ой, бауырымдап” топты бұзып Жарылғапты атқан қалмақтың басын алған екен. Қазақ қолдары осы шайқаста қалмақтарды жеңеді. Тоғанас батыр бір қалмақ баласын елге ала келеді.

- Бұл бала жау қолында кеткен Өбенесімнің құны үшін, - депті Тоғанас батыр. Осы тұтқын баланы атасы Аққұлғап береді. Аққұлғап сол баланың атын Байырменді деп қояды. Байырмендіні өсіріп, тәрбиелеп таратады. Осы Байырмендіден – Балуан тудады. Балуаннан – Бабалы тудады. Бабалыдан – Жақыпбай, Мамыр тудады. Мамырдан – Бекен, Көкен. Бекен мен Көкен ұрпақтары қазіргі кезде Марқакөл ауданында Қалжыр ауылында тұрады.

1982 жылы Бекенбай тауындағы Тоғанастың қыстауы Оразалы деген жерден батырдың қылыши табылған. Қылышты “1735 жыл Екатерина патша Тоғанас батырға сыйға тартады” деген жазу болған. Қылышты кигізге орап тастың арасына тыққан екен. Тоғанас батыр “Менін ұрпақтарым бастарына қыншылық іс түскенде іздел тауып алар” – деп қылышын ата мекені Бекенбай тауының бір биік шағылына тыққан екен. 1982 жылы “Горный” (Ақбұлак) кеншарының қойшысы Тұнғышбаев Уәли деген адам қылышты кездейсөк тауып алады. Сол жылы облыстық “Коммунизм туы” газетіне “Тоғанас батыр” деген атпен көлемді мақала да жарияланған еді. Қожанбеттің бірталай аталарының ұраны “Тоғанас”. Ел ішінде “Тоғанас келді деп жардан ұшамыз ба?” деген мәтел сөз де бар. “Халық айтса, қате айтпайды”- дейді ғой. Осынша деректердің бір ғана Тоғанастың сәйкес айтылып, бүгінге дейін сакталуында үлкен негіз болса керек.

Тоғанас – жонғар шапқыншылығы кезінде аты шықкан әйгілі батыр. Өтей Қекжал Барак, Қожанбет руынан Байшораұлы Жарылғап батыр, Жайлау ұлы Тоғанас батыр, Жарболды Жәнібек батыр барлығы қатар жүрген, үзенгілес батырлар. Олар Қара Ертіс, Қалжыр өнірінде талай қанды шайқастарды бастан кешкен Тоғанас батыр. Қабанбай, Қекжал Барак әскер қосындарында болып, Алакөл, Шорға жорықтарына қатысып, Қалба, Қара Ертіс бойын жонғарлардан азат етудегі шайқастарға қатысқан.

### Тоғанастың тоғыз ұлы

Қожанбет руына жататын жәлменбет елінің мекені Бекенбай тауы. Сол Бекенбай жеріндегі Аққұлғап сайы Тоғанас батырдың мекені болған. Аққұлғап сайындағы Оразалы деген жер Тоғанастың қыстауы. Тоғанас батырдың тоғыз ұлы болған. Бұл жонғар шапқыншылығы жиілеп, халық жау құрсауында қалған кез еді.

Тоғанас балаларына: - Бұғін сәтсіз күн. Үйде болындар. Атқа қонбандар, -дейді. Балалары төніректі бір шолып келейік, тез ораламыз деген оймен үйден шығады. Жаугершілік заман ғой. Сол күні тоғыз ұлы қалмақ шолғыншыларының тобына кездесіп, тоғызы бірдей оққа ұшады. Осы тоғыз ұлының зираты Аққұлғап сайының аузында осы күнге дейін жатыр. Тоғыз үйінді тас бейттерді халық “Тоғанастың тоғыз ұлының зираты” деп атайды. Тоғанас батырдың тоғыз ұлы бірдей оққа ұшқан осы қыстауды Марқа елі “Жаман жұрт” деп атап кеткен.

### Мусин Буратай қарияның естелігінен

Буратай қарияның айтуынша, Ағанас пен Тоғанас бесінші атасы болып келеді. Ағанас және Тоғанас деген ағайынды батырлар бала кезінде шапқыншылықта Жонғар қалмақтарының қолына түскен екен. Қалмақтар көлденен жатқан Ертіс өзенін қорған етіп, қазіргі Күршім, Зайсан ауданы орналасқан жерге көп жылдар бойы уақытша иелік жасаған. Қазіргі Боран және Қалжыр ауылдары аралығында олардың тұрғызған қамал-қорғаны болыпты.

Енді Тоғанастың жайына келейік. Арада жылдар өтіп, ағайынды Ағанас пен Тоғанас күш-куаты толысып, ел көзіне түседі. Қалмақтың ханы Тоғанасты қарамағындағы

багыныштылардан алым-салық жинауши етіп тағайындаиды. Тоганас бұл мүмкіншілікті пайдаланып, қазақтарды қалмактарға қарсы пиғылда үгіттеумен болады. Алтай күнгейіндегі қалмактарға қарағанда, Қара Ертіс бойындағы қалмактардың күші басым болыпты. Жазда бие сауымы кезінде, құлындарды желіге байлағанда Қара Ертіс бойынан тартқан желі Сауыр тауына дейін жетеді екен-дейді. Бұдан Қара Ертіс бойындағы қалмактардың күші де басым, мал басы да мол болғанын көреміз.

Тоганас Алтай күнгейі қазіргі Күршім үстірті, Арқауыл, Доланқара және Бекенбай тауын мекендеуші қалмақтың басшысы мен Қара Ертіс бойы мен Тарбағатай тауындағы Сауыр, Сайқан өнірін билеуші қалмақтың басшысы арасына іріткі салуға әрекет жасайды. Күнгей Алтайдағы қалмак басшысына “әне, сені шапқалы жатыр. Міне, сенін мал-мұлқінді тартып алуға әзірленіп жатыр” деп, үрейін ұшырып, берекесін кетірумен болады. Оған сенген Күнгей Алтайдағы қалмак басшысы елін орнынан қозғап, алды-артына қарамастан, Қытай жеріндегі Жайыр өніріне қарай ауа жөнеледі.

### Тоганас батыр жайлы тағы да бір дерек

“1767 жылы шілде айында Көкжарлы найманның қабырғалы биі, қаһарлы батыры Мамай той жасайды. Тойга бүкіл найман елінен игі жақсылар, билер, батырлар, ақын-әншілер жиналышты. Бөртеұлы Мамайдың жорықтас, қан көйлек, қарулас, достары Уак Сағымбай, Садыр Алдиярұлы, Кенжебай мен Куат, Сыбан Қасабай, Сыбан Байғана, Мұрын Сәмет, Қожанбет Тоганас, Ақнайман Жаман, Саржомарт Танаш батырлар т.б. Мамайдың қадірлі қонақтары болыпты” –дейді Сағди Қапасұлы “Ел қорғаған Ер Мамай” 177 бет.

Базар жырау Ондасұлы Өтемісов (1842-1911 ж) “Әлеуметтер, құлақ сал” деген ұзак толғауында:

Жетіде тағам бір татқан,  
Қысқа күнде қырық шапқан.  
Жанқожа, Есет, Қыстаубай,  
Қасым, Сейіл, Бұқарбай,  
Малайсары, Жантайлак,  
Сәмет батыр, Тоганас –  
Солардан да өткен сүм дүние.

(“Бес ғасыр жырлайды” 122 бет.)

«Әбілфейіз хан мен Қабанбай батыр күнгей Алтайды қалмақтардан тазартуға қосындар бөліп, оларға әскер басы етіп батырларды тағайындағанда Ақнайман Жаман батыр, Қожанбет Тоганас батыр, Бура Танаш батыр қосындары Күршім, Қалжыр, Құлажорға бағытына аттанады».

(С.Қапасов “Ел қорғаны Ер Мамай” 166 бет.)

Шығыпты Ер Тоганас Жәлмембеттен  
Шайқаста жауын еткен жермен-жексен.  
Орыста Екатерина патша берген  
Алтайдан қылышын ел тапқан екен.

Өтсе де бастарынан өмір – азап  
Қазақтан қалмаған ғой сайқы мазақ  
“Жорықтан Тоганас батыр келеді деп,  
Жардан да ұшамыз ба?” - дегі қазак.

Кожанбет руының шежіреші ақыны Құмарбек Жұпбаев  
“Найман шежіресі” 1997 жыл.

Батырлар осы аймактардағы «Доланқара» бекінісін, «Шәкілмұс» кентін, «Ұранхай»

кентін, Нар күған Қалжыр бекінісін қалмактардан босатып, Қара Ертістен асырып қуалап тастайды.

## Жарылғап батыр

Оңтүстік Алтайдың шуақты етегін Марқакөл, Қалжыр бойын, Бекенбай тауын ежелден мекендерген қалын ел Қожанбет руы. Қожанбет руы – табаны ата мекенінен аумаған, негізі таймаған ел. «Қожанбет – найманның арыстаны», - деп танылған үлкен ел.

Осы Қожанбет руына жататын Жәлменбет елінің ішінде Жарылғап атасы үлкен әулетті ата болып табылады. Жарылғап жонғар шапқыншылығы кезінде әйгілі батыр болған адам.

Жонғар шапқыншылығы кезінде осы Алтай өнірінен шыққан өтей Көкжал Барак батыр, бура Танаш батыр, жарболды Тілеуімбетұлы Жәнібек батыр, қожанбет Бәйтеліұлы Есберді батыр, қожанбет Шымболатұлы Ермек батыр, барлығы Алтай өнірінің әскер жасағында бірге болған, қатар жүрген ірі тұлғалар.

Қожанбет руынан Жайлауұлы Тоғанас батыр, Байшораұлы Жарылғап батыр Көкпекті, Құршім, Қара Ертіс бойындағы шайқастарда әскер жасағымен Қабанбай мен Көкжал барап әскер қосынында бірге болған. Сексен күнге созылған «Шорға» шайқасында, «Алакөл» шайқасына қатысқан. Қалба тауы өніріндегі Тайынты, Сібе, Аблайkit бекінісін қалмактардан тазарткан батырларымыз.

Бура Танаш батыр «Шорға» шайқасына қатысып, сол шайқаста қайтыс болады. Сүйегі Тарбағатай өніріндегі Шілікті деген жерде жерленген.

Жарылғап батыр Қожанбет руының әскер жасағын басқарған адам. Жасақтың құрамында өзінің үлкен ұлы Атымтай да бірге болған. 1750 жылы қырғыз манаптары мен қазақ қосындары арасында болған шайқас кезінде, Алакөл аймагында қатты шайқас болады. Сол шайқаста қазақ қолдары қоршауда қалып, көп адам шығын болған.

Қыркүйек айы екен. Қырғыз Алатауының биік таулы, шатқалды жері болса керек. Айнала көк мұз. Сарбаздардың тағасыз аттары ілгері жүре алмайды. Сонда Жарылғап батыр астындағы тағалы атын ұлы Атымтайға береді. «Балам, сен құтылып кет. Біз Алланың салғанын көрерміз» депті.

Қазақтар жау қолының басымдығына қарамай қүресті жалғастырады. Қазақ қолдары бір сүйем жер бермеуге тас-түйін бекінеді.

Осы шайқаста Қожанбет Жарылғап батыр қайтыс болады. Ұрыс аяқталып, жау шегінген соң, қайтыс болған сарбаздарды, таудың етегіндегі тасты беткейге шығарып, қатар-қатар жатқызып қойған екен. Баласы Атымтай Жарылғап батырды сынған мандай тісінен танып, ұрыс болған жерден алып шығады. Батырдың сүйегі уақытша Қарғыба-Базар деген жерге аманат жерленеді. Артынан шайқас аяқталған соң, батырды өз еліне әкеліп жерлейді. Денесін былғары табытқа тігіп әкеледі. Батырдың мүрдесі Бекенбай тауының батыс етегіндегі Жарылғап қыстауына таяу Доғалбай деген жерге құрметпен қойылады. Осы Доғалбай деген жерге Сырымбет би де жерленген екен. Қазір сол Доғалбайдағы үлкен қорым «Қожанбет қорымы», кейде «Көпбейіт» деп аталады. Жарылғап батырдың зираты осы Қожанбет қорымындағы биік екі обаның бірі болуы әбден мүмкін.

Қожанбет елі Қызыл-Су, Шар бойынан, Қарғыба-Базардан көшіп ата-мекенге оралған кезде, Жарылғап батырдың үлкен ұлы Атымтайдан туған немересі Башық 5-б жаста ғана ашамайға мініп келген бала екен. Кейіннен Башық би осы елдегі, Қожанбет ішіндегі әйгілі адам болған. Башық би, Көгедай тере, Құнанбаймен тұстас өмір сурғен адам. Арғын, керей, найман елдеріндегі көптеген билер кенесіне қатысқан. Жарылғап батырдың шебересі Байтайлақ би болған. Батырдың шежіресін таратсак: Қожанбет→Жәлмәмбет→Байшора→Жарылғап→Атымтай, Атанбай, Шұқын, Бал, Сайболат, Тасболат, Тышқан.

Жарылғап батырдан тараған осы аталар Қожанбет ішінде «Жеті Жарылғап» деп аталады.

## Жарылғап батыр мен Қант ана

Жаугершілік заманда жонғар қолдарымен үлкен бір шайқас болған еken. Қазак қолдарын Жарылғап батыр мен Тоғанас батыр бастап, Қара Ертіс бойында еркін жайлап жаткан жонғар кентіне шабуыл жасаған дейді. Сонда Тоғанас атамыз жалан қылышпен жауға шауып, дарбазаны бұзып, қалмақтың кентіне кірген.

- Камал ішінде қарсы келетін бар ма! ? –деген еken ақырып.

Сонда бір жас қыз алдынан шығып, екі қолымен иығынан итеріп, ішке кіргізбелі.

- Сен кандай шэйтәнсің? Мен бұқіл қамалды алғып келе жаткан батырмын. Қазір басынды қағып алайын ба?! – деген еken Тоғанас батыр ақырып. Сонда жанағы қыз: - Батыр, сабыр! Сабыр етініз, -депті. Қамалдың іргесінде жасырынып қалың жау жатыр. Теріс бұрылсаныз сыртыныздан оқ жаудырады. Артыңызға бұрылмасын деп иығыныздан итерген себебім сол еді, -дейді қыз. Сол кезде Жарылғап та өз адамдарымен жеткен еken.

Қамалдың іргесіне тығылған қалмактар бұларды қоршай бастайды. Қазак қолдары аянбай шайқасады. Жау женіліп қазактар қамалды алады.

Қамалдан шықкан соң қыз жылайды. – Батыр, менін атым Қант. Сіз қазак болсаныз мени елінізге ала кетініз. Қазак еліне жеткізініз. Шешем қазак қызы еді. Өлердегі өсietі сол еді. Қазактан біреу кезіксе, жас болса да, кәрі болса да сол кезіккен адамның білегінен ұста деген еді. Мені қалдырмаңыз,- дейді қалмақ қызы.

Сол Қант деген қызды елге келген соң Жарылғап батыр үшінші әйелдікке алады. Осы қыздан екі ұл көреді. Үлкен ұлы Тасболат, кіші ұлы Бекболат деген еken. Осы екі ұлдан тараған Жарылғаптың ұрпағы Тасболаттан – Құншік, Берді, Бабақан. Құншіктен – Тастан. Тастаннан – Бота, Ботажан. Ботажаннан – Қажытай, Тоқан.

Бабақаннан – Толыбай. Толыбайдан – Қамза. Қамзадан - Әбен, Қанат, Нұрлан, Манат. Манаттан – Жалғас. Нұрланнын – Тимур, Алмас. Осы Тасболаттың ұрпактары Марқакөл ауданы Қалжыр ауылында тұрады.

Бұл аталаып отырған батырлардың бәрі де, қыын-қыстау кезде елінің қамын ойлап, қызыл қарын-жас баланың болашағын ойлап, ерен ерліктерімен елге әйгілі болған, жауына жасындай тиғен найман арысының хас батырлары еді.

### Белек ауылы

Алтай өнірінде Жонғар шапқыншылығы XVII ғасырдан басталып XVIII ғасырдың елуінші жылдарына дейін созылған. Жонғар шапқыншылығы, оның зардабы ел шетінде, отырған Алтай, Зайсан, Тарбағатай аймағындағы қазак руларына өте ауыр тиді. Бұл аймактар жау құрсауында ұзақ жылдар болды.

Ел аузында қалмактардың бие бауы, құлынға байлаған желісі Қалжыр өзенінен Сауыр тауына дейін созылған еken деген аңыз бар. Осы аныздың өзі қалмактардың бұл өнірді ұзак жылдар коныстанып, қалың мал, көп жылкыны иемденгендігін анғартып тұр.

Осындай ауыр кезеңде Алтай, Марқа өнірін мекендерінен Кожанбет руынан Тоғанас, Жарылғап, Есберді, Жарболды Жәнібек сияқты батырлар шығып, өз жасақтарымен жаудың қысымына, зорлық-зомбылығына карсылық білдіріп отырған. Бұл батырлар өз әскер-жасақтарымен Қабанбай әскер-қосынында «Шорға» соғысына, «Шаған» шайқасына, «Алакөл» шайқасына қатысқан.

Осындай бір жорықта Жарылғап батыр Белек, Елек деген екі қызды тұтқындал әкелген. Сонда екі қыздың бірін інісі Есенбайға бермек болады. Есенбай інісі өжет, пысық жігіт еken. Қыздарды қамаған шатырға кіріп, қыздармен әңгімелесіп жүреді. Белек деген қызды ұнатып қалады. Бірак Жарылғап Есенбайға Електі бермек болады. Інісі Белекті тандайды. Сонда Есенбай інісі:

- Біз қыздардың алдына қамшымызды тастайық. Белек қайсымыздың қамшымызды ұстаса, сол Белекті алғын болсын,-депті.

- Жарайды солай еткеніміз жөн болар,-деп келісіпті Жарылғап батыр.

Інісі қыздардың шатырына кіріп, Белекке өз қамшысын көрсетіп, ақылдасып келісіп алады.

Ертеңінде екеуі шатырға кіріп, қамшыларын қыздардың алдына тастағанда, Белек Есенбайдың қамшысын ұстайды.

Сонымен Есенбай Белекке үйленеді. Қазір сол Белек анадан тараған үлкен бір ата «Белек ауылы» деп аталады. Олар Садуақас ағалар, Кизатов Төлеген, Есілбаев Дүйсен, Мұқашев Төлеухандар, т.б.

## Башық би

Кожанбет руының атақты би Башық. Башық би әйгілі Жарылғап батырдың немересі. Жарылғаптан Атымтай туады. Атымтайдан Башық би туған. Башық биден Байтайлақ би туады.

Жонғар шапқыншылығы кезінде Алтай өнірі көптеген жылдар жау қолында болады. Марқақөл, Қалжыр бойын мекендерген Кожанбет елі ауа көшіп Қызылсу, Шар, Қарғыба-Базар, Шынғыстау аймағын мекендерген. Сол аймақтарда көп жылдар болып, Бекенбай, Қалжыр өніріне 1780 жылдары ғана қайта келіп қоныстанған. Ел Қарғыба – Базардан көшіп ата-мекенге оралған кезде Башық ашамайға мініп келген бес-алты жастагы бала екен. Сонда Башық 1775 жылдары мөлшерінде өмірге келген. Көгедай төре, Құнанбай заманында солармен тұстас өмір сүрген адам.

Башық жас күнінен сөзге шешен, ақылды, өткір мінезді, байсалды адам болған. Башық би жөнінде:

Башық анадан асыл туған,

Екі көзін ашып туған.

Ақылы асып, артық туған, - деген тәлім сөз ел аузында сакталыпты. Башық би қасиетті адам дейді үлкендер. Малға індет ауыру пайда болғанда отар-отар малды апарып, Башық бидін зиратына түнетеді екен. Ауырған адамдар да Башықтың басына түнеп, сырқаттарынан жазылышты деген аңыз бар.

Башық бидін Қықы деген баласы болған. Тұтығып сөйлейтін адам екен. Содан Қықы атанип кеткен. Қықы өте жуас, момын адам болады. Бір күні әкесі Қықыны ертіп аңға шығады.

Қақпанға түсіп қалған тұлқіні Қықыға ұстатып:-Балам, мына тұлқіні сойып, терісін ал, -дейді. Қықы тұлқіні анадай жерге апарып, аяғын байлап, басын кескелі жатыр екен.

-Терісін сыптырып алмайсың ба? Тұлқінін басын кескенді кімнен көрдін? Осы казыр өзінің басынды кесіп алайын ба?-депті Башық би ренжіп.

-Әке, жуас болсам да ұрпағыңмын ғой, - деген екен баласы. Осы Қықыдан Андызбай, Абдолда, Таңсықбай деген аталар тарапып бұл күнде ұрпактары есken ел.

Башықтың ұрпағы Байтайлақ би өте әйгілі жақсы адам болған. Байтайлақ би ел билеген би, әрі бай дәүлетті адам болады. Ақылмен, адамшылығымен елге танылған азамат. Кожанбет руының төресі Бұқаттың қайтыс болғанына жыл толғандағы асын осы Байтайлақ би өз дәүлетімен атқарып таратқан екен.

Бұл жөнінде Бұқат төренің келінінің жыр жоктауынан үзінді келтірейік.

Кожанбет би Байтайлақ,

Сөз сөйлейді тақтайлад,

Ел жайлаудан түскенде,

Бұқат төре манғазға

Ас береді ат байлап, - деп жырлаған екен Бұқат төренің келіні.

Башық би жасы ұлғайған кезде елдің билігін Жәлменбеттің Есенбай тармағынан шықкан Жақсыбай биге тапсырған екен.

Башық бидің белгісі Өулие бұлақ деген жерде тұр. Төрт құлақты үлкен зират. Орама балшықтан жиналған.

## **Башық би мен Көгедай төре**

Бірде Башық би Төртуыл еліндегі бір үлкен жиынға барады. Осы жиынға Төртуыл билері, Қаракерей билері, Абак-керей билері, Көгедай төре және тағы басқа көп ел жақсылары қатысады.

Абақ-керейдің би Көгедай төре аса пан, қын мінезді адам болған екен. Көгедай төре дәрет сындыруға далаға шыққанда, соңынан екі қызметшісі ере шығады. Бірі қолына құман ұстап, екіншісі қолына макта ұстап төреке еріп отырады. Төре дәрет сындырган сон, бірі мактамен дәретін алып, бірі сумен жуындырып жатқан екен. Анадай жерде мұны байқап калған Башық би

-Таста құманды! – деп дауыстап ақырып жібереді. Көгедай төре бұған қатты шамданып ашуласа керек.

-Менің қызметшілеріме ақырганы маган дауыс көтергені. Ол кім маган, төре тұкымына, дауыс көтеретіндей, - дейді Көгедай.

Сонда Башық би:

-Ол неге Құдайға қарсылық жасайды. Алла екі қол, екі аяқ, он екі мүшенді берді емес пе, Көгедай? Адамды қорлауға болмайды. Ол астамшылық,- дейді Башық би.

Башық бидің пікірін басқа үлкен билер де қолдапты. Барлығының шешімі бірыңғай болып, Көгедай төренің мінін мойындалады.

Осы жиыннан кейін Көгедай төре ондай жарасымсыз әдетін тастаған екен.

Төртуыл елі Башық биді үлкен құрметпен, сый-сиялатпен еліне шығарып салады.

## **Есберді батыр**

Есберді батыр Қожанбет ішінде Егізқара атасына жатады. Ата қоныстары Бекенбай тауының онтүстік етегі, Қалжыр өзенінің бойында.

Есберді батырдан Шәкі қажы туады. Бәйтеліұлы Есберді батыр жонғар шапқыншылығы кезінде еліне қамқор болған, жеріне қорған болған батырлардың бірі.

1770-1776 жылдары найман елі Әбліфейіз, Көгедай сұлтандардың билігінде болған. 1776 жылдары Әбліфейіз ханның ордасы Қалжыр өзені мен Құршім өзенінің аралығында болады. Бабатілеу, Қабырғатал аралығына хан ордасын тіккен. Әбліфейіз ханның үлкен ұлы Көгедай төре Қалба тауын мекендереген терістанбалы наймандарға көп жыл төре болған. 1780 жылдары Көгедай төре өзінің ордасын Зайсан жеріндегі Жеменей өзенінің бойына ауыстырады. Одан кейінгі жылдары Тарбағатай өніріндегі Ласты деген жерге ордасын ауыстырган. Бұл аймак Қытаймен сауда қарым-қатынасына қолайлы болған. Бұл Тарбағатай (Шәуешекте) қазактарға арналған айырбас-сауда жәрменкесі ашылған кезі болса керек.

Бірде Көгедай төре Қожанбет Есберді батырды дереу Ластыға Әбліфейіз ханның ордасына шақыртады. Бір түнде кешікпей, жедел жетсін деген екен.

Есберді батыр бірнеше жолдастарымен Қара Ертістегі жалғыз өткел Түйетастан ат жалдап зорға етеді.

Бір түнеп аттанады Түйетасқа,

Откел жок Қара Ертісте одан басқа –деп Иса Байзаков айтқандай.

Есберді батыр да Түйетас, Қараөткел арқылы өткен. Бір жарым күн жол жүріп Ластыға жетіп, Көгедай төренің алдына барады.

- Айтылған мезгілден кешіккен кінәсі үшін Есберді батырдың басын алындар!-деген екен Көгедай төре қызметшілеріне.

- Алдымен төренің басын мен аламын, содан кейін менің басымды сендер аласындар,- дейді Есберді батыр.

- Батырым, кеуден асыл екен, бөксен жасық екен,-депті Көгедай төре. Соңынан ерген қалың қолың жоқ, әскер жасағың жоқ дегені болса керек. Бұл сөзден кейін Көгедай ойланып,

батырды жазадан босатқан екен. Төрөнің аузы уәлі болғаны ма Есберді батырдан кейін Бәйтелі ұрпақтарынан қол бастаган батыр шықпаған дейді.

Есберді кайтыс болғанда денесі Қалжыр өзенінің бойына (Диірмен деген жерге) жерленеді. Артынан Көгедай төре осы өнірге келіп, Есберді батырдың жерленген зиратын көріп:

- Есберді батыр адам еді. Батырдың денесі етекте жатпау керек. Батырды көтеріңкі бір биікке жерлеп, белгісін «Есберді нұрасы» деп атандар,- деген екен.

Бұл сөзден кейін ұрпақтары Есберді батырдың денесін, бұрынғы орнынан алғып, қабірді бос тастамайтын салт бойынша орнына қара қой қөміпті. Батырдың денесін қазіргі Қалжыр ауылының онтүстік батыс жағындағы биікке құрметпен жерлеген. Күйдірілген қышпен қоршалған төрт бұрышты зират осы күнге дейін тұр. Ол зират белгіні жүрт «Есберді нұрасы» деп атаган. Көп жылдар бойы «Есберді нұрасы» сол биіктің үстінде жалғыз тұрады. Кейіннен Қалжыр ауылы үлкейіп, ел көбейе бастайды. 1966 жылы «Есберді нұрасының» қасына Қожанбет ішінде Егізқара Дөсет атасына жататын Мендібаев Ғұмар деген қария жерленді. Сол жылдардан бастап бұл биіктің үстінде зират, белгілер көбейіп кетті. Осы кезде «Есберді нұрасы» көп бейіттердің ортасында әлі де тұр.

## Қалмақ бекіністері

(Көненің сөзі – тарихтың көзі)

Марқа өнірінде жонғар бекінісі, жонғар қамалы деп айтылатын орындар көп кездеседі. Қалжыр өзенінің бойында екі жерде жонғар бекінісі болған. Осында бір бекініс Қалжыр өзенінің алқымына орналасқан. Өзеннің биік таулы өнірден жазыққа ағып шығатын тұсын жүрт “Алқым” деп атайды. Өзеннің екі жағасы да шашылған биік таулы болады. Әсіресе шығыс беткейі тым биік.

Сол биіктің үсті жазық болады. Оны жүрт “Торғай жазығы” дейді. Осы әрі биік, әрі жазық тұста қалмақтың үлкен бекінісі болған. Сол бекіністен қалмақтар дүрбімен қарауыл қарап, төніректі шолып отырады екен. Сол биіктің басынан дабыл ұғранда Қалжырдың етегіндегі екінші бекіністегі қалмақтар естіп, атқа қонады екен.

“Торғай биігіндегі” бекіністі Тұрпан деген қалмақ батыры басқарған. Тұрпан –қалмақ батыры. Қазіргі Диірмен деп аталатын жер бұрын Тұрпан түбегі деп аталған екен. Қалжыр өзенінің алқымында «Қалмақ зираттары» деген үйінді тас зираттар көп.

Екінші қалмақ бекінісі Қалжыр өзені мен Құраймолда өзенінің аралығына орналасқан. Таспен, топырақпен қоршалған үлкен үйінді бекіністің орны осы күнге дейін көрініп жатады. Бекіністің батыс жағы Қалжыр өзеніне тіреле орналасқан. Қалған үш жағы қазылған ормен қоршалған. Бекіністің қабырғасын жұмыр тастармен жинаған. Бекіністің аумағы 60-80 метрдей болған.

1966 жылы қар қалың жауып, қатты жұт болғаны белгілі. Көктемде Қалжыр өзені қатты тасып, жаздай көк тасқын басылмаған.

Сол жылы қалмақ бекінісінің орнын су шайып, құлатып кетсе керек. Құландының арасынан қалмақтың тас атқыштары (тас атқыш құралдары) шығып қалыпты дейтін. Садақ жебелерінің ұшындағы темірлері шашылып жатады екен. Жебенің сап жағындағы ағаштары құрап, шіріп кеткен дейді.

“Торғай биігіндегі” бекіністі және “Нар қуған Қалжыр” бекінісін қалмақ батыры Тұрпан билеген. Бір жорықтан оралғанда ағайынды екі батыр Әмірсана мен Тұрпан олжала таласып, араларында егес пайда болады. Інісінің бекіністің үстінен шығып, арқасын күнге қыздырып отыратын әдеті болған. Сол әдетін білетін ағасы Әмірсана биіктен дүрбімен қарап, қамалдың үстінде күнге қыздырынып отырған Тұрпанды қарауылға алғып атып өлтіреді. Соңда жаралы Тұрпан: «Мені атқан Әмірсана, мына таудын басында болуы керек. Соны ұстап әкеліндер!» -деп қолбасы мен сарбаздарын аттандырады. Сарбаздар тауды коршап бірнеше жерінен жол тосады. Бірақ Әмірсана қашып құтылып кетеді. Қалмақтардың алыстан көздел ататың садактары болған. Мұндай алыстан тиетін, алысқа ұшатын Қытай қаруын

(садакты) «Арбалетті» деп атаған. Садактың серіппесі жінішке шынжыр темірден жасалады. Садакты ағаш тұғырға бекітіп, серіппені екі колмен тартады еken. Сонда садактың жебесі алысқа жететін болған. Әмірсана Тұрпанды осындай қарумен атады. Тұрпанның денесін қалмақ қорымына жерлеген. Сол жер осы күнге дейін “Қанбас биігі” деп аталағы кеткен.

1751 ж Лама-Доржы қонтажыға Дабашы мен Әмірсана қарсы шығып, Әмірсана жеңіліп, Қазақ Ордасына келіп баспаңа сұрайды. Абылай Әмірсананы ұстап беруден бас тартады (Анда болуы себепті). Әмірсана Қалдан Цереннің ұрпағы. Лама-Доржыны жеңген соң Әмірсана енді өзінің сыйбайласы Дабашымен шайқасады. Әмірсана шегініп Тарбағатай өніріне келеді. Қандысу өзенінің шығыс жағына бекініс салады. Мұны халық «Әмірсана корғаны» дейді. Әмірсана Қандысу бекінісінде Дабашы қолынан жеңіліп, Алтайға қашады. Дабашыдан жеңілген соң Қалжыр бекінісіне келіп, бір жылдай паналайды. Тұрпанды атып өлтірген соң, Әмірсана 1756 жылы Қытай құгынынан қашып, Надырқұл Өміровке келіп паналайды. Надырқұл Өміров оны Семей бекінісіне жеткізеді. Надырқұл Өміров Шульба маңындағы Ақымбет-Керей болысының старшыны еди.

«Шайқастардың бәрінде де жеңіліске ұшырай берген Әмірсана, 1757 жылғы 23-шілдеде Семей бекінісіне, тамыз айында Тобыл қаласына келеді. Мұнда Ресейден әскери көмек алу жөнінде келіссөз жүргізіп жаткан кезде, 21-қыркүйекте Әмірсана шешек ауруынан 35 –жасында қайтыс болады».

(Златкин И.Я. История джунгарского ханства 1635-1752).

Осы екінші бекіністі ертеде “Нар құған Қалжыр” бекінісі деп атаған.

Дәл осы жерде қалмақтың Доланқара батыры мен Қабанбай батыр арасында қатты шайқас болғаны анық. Бұл шайқастың болуына себеп, Доланқараның Сауырдағы Керей елінің 300 жылқысын шауып әкетуі еді. Мезгіл күз айы еken. Ұрланған жылқы Қабанбай батырдың туған жездесі Байдәулеттін малы еken.

Доланқара, Ертістен етіп, “Нар құған Қалжыр” деген жерде қысырдың тайын сойып, “келсен-кел” деп жатса керек. Қабанбай тобын көрген Доланқара жекпе-жекке шақырып, атойлад шыға береді. Доланқара:

Батыр болсан кел дейді,  
Сезіме айтқан сен дейді  
Жібергем жоқ тірідей.  
Қарсыласқан пендені,  
Елінді шауып жылқы алған,  
Долан батыр мен дейді.  
Қабанбай айтады:  
Қарасам түрін алыштай,  
Сөйлейсің жоқты жалықпай.  
Кім жеңіліп, кім жеңер.  
Алмайсың сен парыктай  
Тиіп алдың малымды  
Батырынып қарулы.  
Кеселденбе кердендең  
Шашармын судай қанынды.

Осыдан кейін екі батыр аяусыз айқасқа түседі.

Енді екеуі жекпе-жек  
Арыстандай айқасты.  
Қатуланып қабағат.  
Арпак-тұрпақ шайқасты.  
Сүйенгені Доланың  
Басындағы қалқаны.  
Қайратпен Қабан ұрғанда

Быт-шыт боп шықты талқаны.  
Ат үстінен менгеріп,  
Қайратпенен еңсеріп.  
Екінші рет үрганда.

Кұлады аттан тенселіп – дейді Әнуархан Қайырбаев,  
(“Дидар” газеті жылғы 12 қыркүйек).

Қалжыр өзені бойындағы қалмақ бекінісінде болған жекпе-жек шайқаста қалмақтың Доланқара батыры өледі. Доланқара батыр Сауырдан 300 жылқыны алғып, Құршім тауының онтүстік батысында орналасқан қалмақ қамалына айдал бара жатқан кезі еді. Сол аймакта осы күнге дейін Доланқара деген тау аты бар. Біздің өнірде жоңғар атауларымен аталатын жер-су аттары көп кездеседі. “Құршім” өзені, “Шұршіт” сайы, “Ұранхай” ауылы, “Сібе” көлі, “Аблайқит” бекінісі, “Төртқалмак” ауылы, “Доланқара” тауы, “Арқауыл” тауы, “Менекей” ауылы”, “Ойран Төбе”, “Шекілміс”, “Тұранғы”. Тұранғы қалмақ батырының аты. Арқауыл, Доланқара бұлар да қалмақ батырлары. “Ойран” кейде “Ойран төбе” деп аталатын жерде қалмақтармен қатты шайқас болған. Ертістің жағасына жақын, Мәйшілік жазығымен Қара Бүйректің арасында жатқан жер.

## НАЙМАН ТАЙПАСЫНАН ШЫҚҚАН ИГІ ЖАҚСЫЛАР

Тарихи кез-кезенде найман тайпасынан, найман елінен шыққан сез бастаған билер де, қол бастаған батырлар да, ел басқарған ақылмандар да көп болған. Бірақ сол иғі жақсылардың көбі ел аудында ғана сакталып жүр.

Жұз жылға созылған қазақ-жоңғар соғысы ерекше ерлігімен көзге түскен батырларды, ел үшін әділ шешім айтқан билерді, даала даналары жырауларды тарихқа әкелді. Сол батырларымызды, билерімізді, шешен-жырауларымызды әлі де анықтай түсү, құрмет көрсету, есте қалдыру – ұрпақ парызы.

Осы ретте кейір ігі жақсыларды атайды кетуді жөн болар деп ойладым.

Жылдар бойы бес қаруын белінен шешпей, көк сұңғінің ұшымен, ақ білектің күшімен елін, жерін қорғап, бар ғұмырын сарп еткен билерімізді, батырларымызды, жырауларымызды біліп, көнілге түюндін өзі өнеге.

Найман Каракерей руынан шыққан Ер Байыс атақты би болған адам. Ұрпағы көп өсіп «Бес Байыс» деп аталған. Байыс бидің немересі Жолымбет би. Жолымбет би найман ішінде көпке әйгілі жақсының бірі. Жолымбет би жеті ұл көріп, ұрпағы «Жеті Жолымбет» атанған. Жолымбеттің Рак деген ұлынан Ер Қазымбет туады. Жолымбет би көп жасаған адам. Жолымбет би 136 жасқа келгенде Қадыр деген баласы 100-ге келіп әкесінен бұрын алжыпты. Сонда әкесі: «Бұл қарағым үнемі желдің өтінде, жаудың бетінде жүрді гой», - деп отырады екен.

Найман бағаналы руынан Ер Сандыбай, Шәкірт билер шыққан. Шәкірт биді «Найманның жарau қарасы» деп атаған. Бағаналыдан Бабыр би, Шегір би, әрі қажы, Ер Сандыбай ағайынды үш жақсы шығыпты.

Шегір би Бағаналыны Ұлытауға қоныстандырып, әр атаға жер бөлген. «Ұлытауды Алла жаратқан, бөлуін Шегір би бөлген» деген сез бар. Шегір би бүкіл елге аса қадірлі адам болған. Шегір бидің сағынасын тұрғызып, ас бергенде Ұш Жұз түгел қатысқан. Найман Бағаналы руы осы күнге дейін Ұлытауды мекендеп отыр.

Ер Сандыбай – иісі қазақ мақтан еткен әйгілі батыр. Осы Сандыбайдан Ерден туады. Сандыбайдың Ердені Атбасар округінде ага сұлтан болған. Өте әйгілі орысша сауатты, және арабша оқыған адам.

Кезінде қобызшы Ікылас құйші «Ерден батыр» деген күй де шығарған. Осы Ерденнің асында аттың бас бәйгесіне 100 жылқы және «Тогыз сый» белгіленіпті. Бұдан тоғыз таңбалы найманнның бірі бағаналы елінің аса бай-дәулетті болғанын да анғаруға болады.

Ердендей асылы қайтыс болып, Ер Сандыбай қатты қайғырып, бас көтермей жатып қалған екен. Сонда Қаз дауысты Қазбек би «Акку ұшып көлге кетті, ак сұнқар ұшып шөлге

кетті, Ерденін үшін егілме, бәріміз баратын жерге кетті»,- деген. Бұл аталы сөз ел аузында сол кезден қалса керек.

Найман төртуыл руынан Тәбет би Құтымбетұлы атағы бүкіл қазаққа әйгілі, көпке танылған адам. Төртуылдың тәбе биі атанған. Тәбет бидің азан шақырып қойған аты Даубай екен. XVII-ғасырда өмір сүрген. Абылай ханның орда ақылшысы болған. Ел аузында Тәбет биден қалған талқырлық сөздер көп.

Бір жынында қаракесек руынан шыққан Қаз дауысты Қазбек бидің баласы Бекболат батыр Тәбет биді сөзден ұтпак болып: «Найманның батыры – Қабан болса, сұлтаны – Барак, биі – Тәбет болатыны қалай? Мұнын өзі жай ма, әлде аттары заттарына сай ма? -депті.

- Батыры Қабан болса, жауын қамыстай шалып, қырған шығар, сұлтаны Барак болса, қотанынан қасқырға қой бермей, алысқанын алып ұрған шығар. Менің атым Тәбет – еліне айбар, жауына бөгет болсын, сырттағыны басындырмасын, басынан сөз асырмасын деген шығар. Тегінде екі аяқты, төрт аяқты, қос қанатты деп жіктегенмен барлық жан-жануардың бір үлгі тұтар сипаты бар. Қанқылдаған қаз дауысы әкен Қазбекке неге қосылғанын ойламадың ба? - деген екен Тәбет би. Қазбекке «Қаз дауысты» би, Қабанбайға «Дарабоз батыр» деген атакты осы Тәбет би ұсыныпты деген сөз бар ел аузында.

### Ақтайлақ би

Найман Қаракерей руынан шыққан Байқараұлы Ақтайлақ би, өзі ақын, өзі батыр болған. Билік шешендіктің көсемі атанған. Әділ шешіміне риза болып, алдынан ел тараган. Ақтайлақ би – Сыбан руының ігі жақсыларының бірі. Құллі қазаққа әйгілі әрі шешен, әрі ақын, әрі шежіреші, көкірегі зерек, ойы терең адам болған.

Аяқөз өніріндегі Құндызыңды деген жерді мекендерген.

Абылай хан, Әбліфейіз хандармен бірге хан ордасында болып, орда мәжілісіне қатысып отырған.

1773 жылдың 1-айында Әбліфейіз ханның ұлдары Жолшы, Қазым және Ақтайлақ би Қазак хандығынан Бежінге Ежен ханға елшілікке барған. Елші жіберген хандар Болат хан, Әбліфейізхандар еди. Елшілікті бастап барған Ақтайлақ би.

Бірде Сыбан елінде көп жылқы жоғалып, жоғалған малдарды Шорманның Мұса деген байының ұрылары алғаны анықталады. Арғын елінің шонжары Шорманның Мұсасына барғанымызбен сөзімізді тыңдамас, өзімізді кісі деп елемес. Оナン да сөзі өтімді, атағы бүкіл арғын-найманға белгілі Ақтайлақ биге барайық деп келіседі.

Ақтайлақ би сол кезде әбден қартайып, ұзак жолға жүре алмайтын жағдайда екен.

Сонда Ақтайлақ би: «Келгендерің әбден жән, қарастарым, малдың ізімен бармай қойған сүйегімізге таңба болар. Және дәндеп алған соң, олар жылқы алуға келе берер. Сөйтіп сөз насырга шабар. Ертіс бойындағы Терістанбалы найманда Опан деген би бар. Ол әлі жас адам. Мен айтып тапсырған соң Опанның осы дауға баратынына сеніп отырмын. Сол кісіге жолығындар», -деп барынташыларды Опан биге жібереді. Кыннан қыстырып шешілмейтін даудың жүйесін таба білген Ақтайлақ бидің аузы уәлі болып, ұрланған малдары түгел табылған екен.

### Ақтайлақ би «Ел таныстыру»

Қаракерей – алтын қазық,  
Матайым – күміс қазық.  
Садырым – Жалантес ерім,  
Төртуылым – алым-берім.  
Кекжарлыдан – батыр өтпес,  
Бураға – байлық жетпес.  
Саржомарт – ұлken шанырак,  
Шұршайт – жеке тармақ.  
Елу үй бағаналыны,

Бес үй балталы қорқытады.  
Терістаңбалы – Нокты ағасы,  
Жолына ешкімнің жоқ таласы.  
Найман деген елміз  
Қай арыстан кембіз  
Абылай аспас сары белміз, - деп Ақтайлак би найман арысын үлкен шешендік, терен сырлы сөз өрнегімен таныстырады.

### Ақтанберді жырау, әрі батыр

Найман Сыбан руынан шықкан Сарыұлы Ақтанберді – әрі батыр, әрі жырау болған адам. Қабанбай батырдың жорық жолдасы. Алма кезек заманның бір орайында Ақтанберді батыр Орта жүз қолын бастаған, сол себепті халық «Ақ найзалы Ақтанберді жырау» - деп атаған. Батыр жырау өзінің белсенді ісімен де, жалынды жырымен де жонғарға қарсы куресті үйимдастыруышы батырлардың бірі болады. Қазақ жасағының алдыңғы шебінде шайқасады. Ақтанберді 17 жасынан бастап Орта Азия хандықтары арасындағы соғыстарға қатысқан. Бұл жөнінде батыр өзінің бір өлеңінде:

Дұшпаннан көрген қорлығым,  
Сарысу болды жүрекке.  
Он жетіде құрсанып,  
Қылыш ілдім білекке.  
Жауға шаптым ту байлап,  
Шепті бұздым айғайлад.  
Дұшпаннан көрген қорлықтан  
Жалынды жүрек, қан кайнап,  
Елі – жұртты қорғайлад  
Өлімге жүрміз бас байлап, - деп Ақтанберді жырау өзінің ерлік жолын, жорық күндерін тебірене жырлаған екен.

1723 жылы қазақ қолдары жонғарлардан ойсырай жеңіліп, шығыс аймақтардан айырылған шакта, батыр-жырау өзінің ерлігімен де, жалынды жырымен де жонғарға қарсы куресті үйимдастыруышының бірі болады. Қазақ жасағының алдыңғы сапында шайқасады. Жалынды жырларымен елдікке, бірлікке үндейді:

Күлдір-күлдір кісінетіп,  
Күренді мінер ме екенбіз.  
Күдеріден бау тағып,  
Қамқаны киер ме екенбіз?!  
Өзенге бие байлатып,  
Төскейге орда орнатып,  
Теменде билер кеңесін  
Біз де бір құрап ма екенбіз!?  
Төскейде кеңес топтанып,  
Жақсылар үйде баптанып,  
Нөкерлер жүрсе сап түзеп  
Қос-қосымен шаттанып  
Қиуадан ақыл алатын.  
Кияннан айла табатын  
Ерлерден салсам нөкерді,  
Дұшпаннан кекті алатын, - деп жырлаған екен ақын.

Ақтанберді жырлары махабатпен басталып, парасатпен аяқталып отыратын, үлкен шешендік үлгісімен жазылған терен мәнді туындылар.

Ақтанберді поэзиясы – тамырын арғы тереннен алған поэзия.  
Жыраулық дәстурді, шынайы поэзияның қасиетін танытқан отты жырлар.  
Жонғар мемлекеті женеліп, елді шығыстағы ата мекеніне қайта қоныстандыру кезінде  
Ақтанберді батыр зор қызмет етеді.

Әрі батыр, әрі жырау Сарыұлы Ақтанберді 1768 жылы 93 жасында қайтыс болады.  
Жыраудың мазары Семей облысы Жүрек Жота деген жерде тұр.

Ақтанберді жыраудың өлеңдерін белгілі әнші Бекболат Тілеуханов үлкен әншілік, жыраулық шеберлікпен орындал жүр.

Жыраудың ата-тегін таратсақ: Қаракерей→Байторы→Мейрам→Байыс→  
Сыбан→Бөрі→Бөлтірік→Сары→Ақтанберді.

### Дулат жырау

Найман тайпасының Қаракерей руының Сыбан атасынан шыққан Дулат Бабатайұлы 1802 жылы Аяғөз өнірінде дүниеге келген. Көне ақын, жыраулар мұрасынан нәр алып, тарихи аныздар мен эпикалық жырларды тыңдал ұғып өскен өз заманындағы ең білімді адамдардың бірі болған.

Дулат Бұхар жырау, Ақтанберді жырауларды ұстаз тұтқан. Дулат көне түркі поэзиясынан тағылым алған. Ел тарихындағы белгілі адамдардың бірі.

Дулат – арқалы да азулы ақын, өршіл де шыншыл жырау. Ақынның «Есенкелді батыр» деген жыр дастаны болған. Оның 1880 жылы «Өсиетнама» деген кітабы жарық көрген.

Дулат Ресей патшылығы қазақ халқының сұзы тұнық, шебі шүйгін орман-тоғайлы, егіншілікке қолайлы жерлерін тартып алып, халықты құғын-сурғінге ұшыратқан кезде өмір сүрген ақын. Осы бір зар заманда халық қайғысын, өкінішін жырладап, кейінгі ұрпақты тәрбиелеуде аса маңызды, мағыналы толғаулар қалдырған.

Жырымды менің сұрасан,  
Сары алтынның буынан.  
Сойымды менің сұрасан,  
Қалың найман нұынан.  
Сырымды менің сұрасан,  
Тұманның тұңық сұынан.  
Кеудеме қайғы толған соң,  
Тұнық жырмен жуынам.

Дулат Бабатайұлының өлеңдері, жыр толғаулары – өзір өз халқымен толық табыспай жүрген асыл мұраларымыздың бірі. Дулаттың ел жайлы, туган жер туралы жазған терең мәнді толғаулары көп. Ақын өзінің бір өлеңінде:

Ақжайлау мен Сандықтас,  
Атамның қонған қонысы.  
Тұн асса тұтам түгі өскен,  
Басылмайтын сонысы.  
Аққан бұлақ сай-салан,  
Шытырман тоғай айналан.  
Жоның жайлау кең алан,  
Атам қонған кең далам.  
Мендей сені қызғанар,  
Баурында өскен қай балаң  
Көл қорыған қызғыштай

Сен десе салам байбалаң – деп, өздерінің жаздық мекені, жазғы жайлауы Ақжайлау, Сандықтас өнірін жырлайды.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Дулаттың жырлары жайында «Дулат жай басқа ақындар сияқты емес, нағыз камқор, халықтың келешегін ойлаған өткір, саналы ақын деген». Осындай терең мәнді өлеңінің бірінен үзінді:

Орынсыз күлер күлкім жоқ,  
Есепсіз ұйыктар ұйқым жоқ.  
Көзге қораш бойым бар,  
Тенізден терең ойым бар.  
Шынардан биік санам бар,  
Атан өгіз ағызған,  
Ақылдан алпыс салам бар,

Корған құрыш сөзім бар, -деген шумақтарында қанша терең сыр, қанша терең мағына, өнегелі ой жатыр. Өз халқының ұлттық ой-санасының жоғарылығын, алғырылығын терең толғаныспен, парасатпен жырлап отыр.

«Дулаттың жыр толғаулары халықтың арасында ауызша сақталып, әркімнің қолында сарғайған қағазда сақталып қалған жырлары жинақталып кітап болып шықты. Кітап 1991 ж Алматы қаласындағы «Жазушы» баспасынан «Заман сазы» деген атпен басылып шықты. Кітапқа ақынның көптеген өлеңдері, толғаулары, дастандары кіргізілді. 1991 жылы Дулат жыраудың «Заман сазы» деген кітабын жазған философия ғылымдарының кандидаты Құлмат Әміралиев: Өз заманының «Байғыз қарты» атанған жыраудың ақыл сарайына, ой әлеміне бүгінгі ұрпақ қалай кіре алады, қалай тани алады? – деп жазған екен».

«Дидар» 2002 ж 15 маусым. F.Шәкірұлы.

Дулат Бабатайұлы 1871 жылы қайтыс болады. Дулат ақынның кесенесі Ақшатауға таяу Қызылжар деген жерде тұр. Ақынның кесенесі 2001 жылы қайта жаңартылды.

## Бокатай би

Бокатай Бегалыұлы – Төртуылдың Тоқтағұл руынан шыққан атақты адам. Шешен, би болған. Әділ билігімен елдің ішкі ынтымағын нығайтып, ел билеген төрелер мен хандардан да қаймықпаган. Төртуыл руының бас би болған. Әктемсіп келген даугерлерді бір ауыз сөзбен ұтып, ұтымды билігімен беттепей қайтарады екен.

Бокатай бидің ел басқарып, билік ұстап тұрған кезінде Андабарақ елінің ұрылары іргелес отырған найманның Ергенекті елінен мал ұрлап әкелген. Іздеушілер жоғалған малды ізімен қыуп келіп, Бокатай бидің алдына барады. Бокатай би малды санап, түгел қайтарып береді. Дауды айып-шамсыз бітіреді. Бірак Ергенекті елінің би Торайғыр бұл билікке наразы болып, «Кәрі Бокатай алжып, ақылынан адасқаны ма? Немесе бізді тең көрмегені ме, ұрыларын қорғап айыпсыз қайтарғаны жөн емес. Өзім барып ұрыларға айып кестіріп, айып жоралғысы бойынша «Басына қосақ, құйрығына тіркеу төлете мін» -деп бірнеше адамдарымен Бокатай биге келіпти.

Аман-сәлемнен кейін кәрі би Бокатай: «Би балам, атың кім? Қай елден боласың?» -деп жөн сұрапты.

- Ергенекті еліненмін, атым Торайғыр, - деп жауап беріпті.

- Е, жарайды, атың жақсы екен. Тоқпақ жалды торының үйіріндей, бауырын құт, өрісің кең болар. Бірак айғырдың бір жаманы бар. Өзі тышқан боғын қайта келіп иіскейді. Осы есінде болсын, - дейді. Сөз төркінін түсіне қойған Терістанбалы би қонақасыдан соң:

- Ақсакал, сізге сәлем берейін деп келіп едім, басқа бұйымтайым жоқ, -деп Кәрі бидің ризалығын алып аттанып кеткен екен.

Бокатай бидің шебересі Жапабай Бітібайұлы төртуыл еліне болыс болған. Жапабай әрі

би, әрі қажы болған, елге қадірлі адам екен. Жапабай – қажыда екі рет болған адам. 1890-1910 жылдар аралығында болыстыққа 5-6 рет қайта сайланып 15 жыл болыс болып, ел басқарған. Жапабай болыстың жасы ұлғайып қартайған кезінде, ел тілегі бойынша оның баласы Дарханбай екі қайта сайланып, 10 жыл болыс болған. Жапабай мен Дарханбай әкелі-балалы екеуі 30 жыл шамасында ел билеген аса қадірлі адамдар болған. Жапабай болыс 1928 жылы өз елінде қайтыс болады.

Жапабай болыстың балаларын Қазакстанда Кеңес өкіметі орнаған кезде құғын-сүргінге ұшыратып, бай тұқымы, аталары би болған, болыс болған деген жаламен Сібірге Барнауыл жағына жер аударады. Дарханбай Қытай жерінде 1962 жылы қайтыс болады. Бокатай бидің шежіресін таратсақ: Токтағұл→Көбентай→Бегалы→Бокатай→Алдажар→Бітібай→Жапабай→Дарханбай, Нұрымханбет, Әскербек, Сәлембек→Арғын, Найман (немерелері) Әкірамбек, Талғатбек, Мұратбек.

Жапабайдың ұлы Дарханбай Қытай жеріне барған соң, әкесінің атына «Жапабай қажы медіресесі» деген діни білім орынын ашқан. Сол медіреседе оқыған Құспекұлы Зияда молда, Шұрбінұлы Әбдікәрім молда Марқа өнірінде көп жыл молда болды. Шұрбінұлы Әбдікәрім төртуыл ішінде жылқайдар атасына жатады. 1932 жылы өз еліне оралған. Бұғандегі үрпақтары Марқа өнірінде, Өскемен, Таврия калаларында тұрады.

### Сегізбай би

Машанұлы Сегізбай би Төртуыл ішінде Атантайлак руынан шыққан көпке белгілі өте білгір, әрі шешен адам болған. Кезінде Сегізбай би қажыға да барған. Сондықтан ел Сегізбай қажы, кейде Сегізбай би деп атаған. Сегізбайдың әкесі Машан да қажы болған адам. Сегізбай – Керей, Найманға әйгілі кесімді, кесек би. Сегізбайдың мал мен басы тең өскен. Қасиет қонған адам. Бидің сегіз ұлы, сегіз мың жылқысы болған.

«Сегізбайдың көп жылқысы жайлаудан түскенде алды Қара Ертіске жеткенде, соны созылып әлі Алтай бөктерінде жатады екен. Сегізбайдың көп жылқысы өтіп біткенше, Ертіс суы бір жұма лай болып жатады», - деген аныз ел аузында сақталған.

Қара Ертістің сол жағы Конакай Сегізбай аталарының күзеуі болған. Қазіргі «Алқабек» заставасының тұсында «Сегізбай» атты жер бар. «Қонақай түбегі» деген жерде ұжым кезінде мал фермасы болған.

Сегізбай – Қонақай аталарының қыстауы «Байкөбек» деген жер. Төртуылдар: «Байкөбектей жер қайда, Қонақайдай ел қайда», - деген екен.

Бұлай дейтін себебі, бұл жердің қары жұқа, қысы жұмсақ болады. Үп еткен жел болмайтын жайлы коныс болса керек. Ал Байкөбекті мекендеген ел өнегелі, берекелі болған дейді.

Сегізбай төртуыл елінде билік құрып тұрған кезде төртуыл елінің төресі Құлеке, Дайыр деген төре тұқымдары қыз ұзатып, той жасайды. Тойға Сегізбай, Назар билер де келді. Сол кезде бір адам жылап – еніреп, билер отырған үйге кіреді. «Төренің жалшысы едім. Рұым төртуыл ішінде жақау. Жалғыз ұлымнан басқа үрпағым жоқ. Төре ұзататын қызының шаңырағына мінгізіп, жалғызымыды құл етіп бергелі отыр. Осы жалғызыма сіздерден көмек сұрай келдім», - деп жылапты Ошаған.

- Оу, Назар, не дейді мына кісі? Сөзі еттегі өтіп, сүйекті сырқыратты ғой, - дейді Сегізбай би.

Мән-жайды ұққан соң Сегізбай Кәрі би Бокатайға барып ақыл-кенес сұрапты.

Бокатай би қартайып ел жұмысына араласудан қалған кезде өзі сеніп ел билігін Сегізбай, Назар деген билерге тапсырған екен. Сегізбай келген соң Бокатай би басын көтеріп тілдеседі. Кәрілік құрсауына кірген би жағын жібекпен таңып жатып қалған екен.

Сонда Бокатай би: «Е, Сегізім, қылма, қылған соң жылма. Сүйегінді қорлатып, намысынды жіберме! Белінді бекем бу да!» деп жол нұскап қайтарыпты. Сегізбай би азаматтарды жинап барып, Ошағанды бала-шағасымен төреден тартып алыпты. Елді билеп

отырған төрелермен жағаласу әркімнің қолынан келмейтін іс. Ақыры Төре мен төртуылдың арасында қатты соғыс болып, Сегізбайдың үлкен ұлы Жетіген сойылға жығылып қайтыс болады. Төрелер құн төлеп бітім болыпты.

Бұл окиға «Ошаған бұлігі» деп аталыпты. «Елді жақау бұлдіреді, жылқыны сақау бұлдіреді» деген мәтел осыдан қалса керек. Осы уакиғадан кейін төртуыл руына төре әuletі билік жүргізбеген екен.

«Ошаған бұлігінен» кейін Құлеке төре төртуыл азаматтары ат байлаған бір беттің қарағайын түгел кестіріп тастапты.

- Не үшін бұлай істедің? –дегендерге.

- Эр күні таңтертен үйден далага шықсам, ана қарағайда Сегізбайдың ақ аты әлі байлаулы тұрган сияқты қөрінеді. Сол үшін кестірдім, - депті Құлеке төре.

Енді бір әңгіме Көгедай төре мен төртуыл арасында болады. Төртуылдың төрт-бес жілті торғауыттарға кеткен барымтасы үшін Алтайдың өр басынан 200 жылқыны алып еліне келе жатады. Мал алушылардың басшысы тұзакшы руынан Тәуке бала деген батыр екен. Тәуке бала жол тосып алдын кескен Көгедай төрені дізеден ұрып аттан түсіріп кетеді. Көгедай төре: «Менің қонысымды таптадындар, шалғынымды жаптырып шаң көтердіндер. Жылқыны түгелдей бізге қалдырып, елдеріне қайтындар»- дейді. Тәуке бала сілтеген шоқпардың зардабынан Көгедай бір жыл ауырып, ақыры қайтыс болады.

Төре және керей елі құн даулайды. Төре тұқымы мен төртуыл ортасында үлкен дау басталып, бітімге келе алмайды. Төрелер: «Ердің құны 200 жылқы. Ал Көгедай төре нәсілі, сондактан үш ердің құны 600 жылқы және қара нар, қара кілем берілсін. Жылдық асына дейін дастархан шығыны үшін 100 жылқы, барлығы 700 жылқы құн төленсін»- дейді.

- Мұндай құнды бермеймін, - дейді Сегізбай би. Елінің кегін қайтарып келе жатқан азаматтарды жолда тонаған адам хан емес, қарақшы болады. Қараға қамшы үйіріп, шоқпар жұмсау ханға лайық емес. Тәуке бала өзінің жанын қорғады, - деген екен.

Ақыры көрші елдердің билері араға жүріп, ескі билік жолдарын айта отырып Көгедай төренін құннын 200 жылқыға келіседі.

Төре тұқымының төртуыл руына талай жылдан бері қайтармай жүрген барымта, сырымтасына, сонын бодауына орайластырып Сегізбай би бір тұяқ төлемей құтылады.

Сол кезден бастап «Көгедайды да, Көгедаймен төлеген жок» деген сөз қалған екен. Бұл 1870 жылдардың мөлшерінде болса керек. Сегізбай қажы қөктемде жайлауга көшіп бара жатқанда, Ертіс жағасына қонады. Тұнде тұс көреді. Таңтертен тұрган соң би елін жинап алып: «Мен осы көштен қайта оралмайтын шығармын, қай жерде дүние салсам, мені сол жерге қоясындар», -депті.

Содан жаздай жайлауда болып, күзде қайта оралып, Кара Ертістің жағасына қоныпты. Ертең өзеннен мал өткізіп, өткел бастамақшы болып ақылдасады. Сол тұні Сегізбай қажы дүние салыпты. Ауыл ақсақалдары ақылдасып: «Көзі тірісінде айтқан өсиетін орындаїык» - деп сол жерге жерлеп, мұнара – мазар тұрғызыпты. Кара Ертіс жағасында, қытай шекарасына таяу жерде Сегізбай күмбезі әлі тұр. Қөктемде Ертіс тасыған кезде, маңайы айдын шалкар су болып кетеді. Зират тұрған бүйкке су шықпайды. Сөйтіп, Сегізбай кешені тұрған жер, жаздай жасыл шалғынға бөлениді.

Сегізбай бидің ұрпактары қазір Зайсан, Марқакөл аудандарында, Өскемен, Алматы қаласында тұрады. Гайсаұлы Солтания, Солтанияұлы Достан, Сауытбайұлы Шерияздан, Шериязданұлы Сабырбек.

(Әңгіме желісі Сегізбай бидің ұрпағы Шериязданұлы Сабырбектің естелігінен алынды).

### Жақсыбай би

Қожанбет руының Жәлменбет атасынан шыққан үлкен би Пұсырманұлы Жақсыбай би. Кейде Жақсыбай шешен деп аталады. Мекені Бекенбай тауының онтүстік етегіндегі Бекжан деген жер. Жақсыбай әділ билік жүргізген, кен мінезді, сөзге шешен адам болған.

Жақсыбай бидін әділ билігі, төкпе шешендігі, тапқырлығы ел аузында көп сақталған. Жақсыбай би арғын, найман, керей, акнайман, ергенекті, көкжарлы елдері арасындағы көп жиындарға қатысқан. Өзінің әділ төрелігін тартынбай сөйлеп, ортаға салып отыратын батыл адам болған. Көп даулы мәселелерді шешуге қатысып отырган.

Көкпекті округінің аға сұлтаны (1859-1862 ж) Әлхан Тілеубердіұлына атқосшы болып баруға Қожанбет Шағырща (Стабан) руынан шықкан жас би Жангүдей Қойтыұлын сынап байқау үшін Жақсыбай бидін қойған сұрағын келтірейік.

- Қарағым, осы үйде қанша кісі отырмыз, соны шешіп берші?-деген еken Жақсыбай би. Сонда 17-18 жастағы жас жігіт Жангүдей де мұдірмей:

- Бұл үйде үш-ақ кісі отыр, - депті. Отырғандар кісі, мысы, құрмысы. Менің көргенім осы үшеуі ғана,-дейді. Бұл жұмбақ сөзді іштей ұғынып отырған Жақсыбай би:

- Енді бұл жауабындың шешуін айтшы,- деп Жангүдейге аса риза, агалық мейіріммен қарайды.

- Бұл үйде отырғандардың біреуі -«Кісі». Ол төрде отырған би, төре, жақсылар. Екіншісі - «Мысы». Ол сол төрдегі жақсыларды жағалап, үзенгілес жүргендер. Ал үшіншісі - «Құрмысы». Олар төрелікке жете алмай, құр шабарманданып, мысы құрып жүргендер,- дейді Жангүдей.

- Жарайсын, Жангүдей: - Түйінді сөздің мәнін дұрыс шештің, Қожанбет руынан аға сұлтан Әлханға атқосшы болып баруға сені ұйғардық, - деп Жақсыбай би Жангүдейге батасын беріп аттандырған еken.

Жақсыбай би 15 жасында Қожанбеттің Башық биіне атқосшы болыпты. Сол кезде Башық бимен бірге Семейге барып, үлкен бір даулы жиынға қатысқан еken. Әр рудан келген дуалы ауызды үлкен билер үш күн сөйлеп, кенес құрып, шешімге келе алмайды. Енді алты айдан кейін тағы қайта кездесіп, сонда шешелік депті.

Сонда 15 жасар атқосшы бала тұрып, қамшысын ортаға тастап сөз кезегін алады.

- Япрай, екі елі жер қалды, екі ауыз сөз қалды, соған бола келесі жылы қайта жиналмақ болғандарының қалай?-деген еken. Сонда төрде отырған Құнанбай – «Байтал шауып бәйге алмас» - депті Жақсыбайды баласынып. Жақсыбай қолма-кол жауап қайтарып «Құнан шауып құр қалмас» деген еken. -

- Менің әзір жастығымды байталға балап айттыңыз, өзініз де өмір бойы «Құнан» деген естімді еншілеп жүрсіз. Байтал мен құнан жылдас емес пе, би аға?-деген еken.

Сонда жиында отырған үлкен билер баланың тартынбай сөйлейтін тапқырлығын, тайсалмай сөйлейтін батылдығын байқап былай деген еken:

- Сөзің қорғасындей, жүрегін жолбарыстай Қожанбеттің ендігі биі сен боларсын, - деп Жақсыбайға жиында отырған үлкен билер баталарын берген еken.

Жәлменбет руының Есенбай тармағынан Жақсыбай биден басқа да билер, қажылар болған. Барқыұлы Хамит қажы, Хамит ұлы Жүрекбай қажы, Хамит ұлы Білекбай би сиякты елге танылған жақсылар болған.

Үлкендердің айтуынша Жақсыбай би 1836 жылы туып, 1930 жылдарда 94 жасында қайтыс болады. Жақсыбай бидін жақын ағайындары Андызбай байдың Бадижамал, Зәужамал, Қабыкен, Қабип деген балалары болған. Баласының үлкені Бәдіжамал «Мен 13 жаста болғанымда Жақсыбай атам 90 жаста болып еді. Атамның арқасын касып беретін едім. Өзім 1913 жылғы туғанмын. Сол жылдар 1926 жыл болуы керек. Одан кейін де атам бірталай жыл өмір сүрген деген естелігін айтады. Сонда Жақсыбай би – 90-95 жасқа дейін өмір сүрген адам.

Әбдешов Марат «Егеменді Қазақстан газетінің 28 -шілде 2004 жыл «Бейтаныс бейнелер» немесе Алтай, Зайсан қазақтарының Ресей патшасында болуы» деген материалында «Қожамжар би (Сырымбет руынан), Бәкіш, Дәүлет қажы (Мысқал руынан), Жарболды атасынан Турікпен ұлы Дүзбенбет би және Жақсыбай шешен (Жәлменбет руынан) бірлесе басқарып Қалжыр болысын құрған адамдар» деген мағлұмат бар. Бұл Қожанбет билерінің Зайсан қаласында болуы 1873 жылдар еken.

## ӘБІЛФЕЙІЗ СҰЛТАН

(Тарихи кез-кезендер шерткен сыр)

Әбілмәмбет хан – казақ ордасының ұлы ханы. Үш жүзге бірдей билік жүргізген адам. Мінезі кең, халқына жағымды адам болған.

Әбілмәмбет Болат ханның ұлken ұлы еді. Осы Әбілмәмбет ханның ұлken ұлы Әбілфейіз сұлтан.

1745 жылы Абылай орысқа қараймыз деп антқа қол қойған кезде, Наймандар орысқа қосылуға наразылық білдіреді. Найман елі орта жүз хандығынан бөлініп, өзі жеке хандық құрмақ болады.

Наймандар әр атадан белгілі адамдарды алып, Үлкен орда ханы Әбілмәмбетке барады. Ол кезде Әбілмәмбет ханның ордасы Түркістан қаласында болған.

Қаракерей руынан	–	Боранбай би
Сыбан руынан	–	Ботақара би
Мұрын руынан	–	Боран би
Төртуылдан	–	Тәбет би
Қожанбет руынан	–	Сырымбет би
Қыржы руынан	–	Қыстаубай би

Осындай ел жақсыларын кіші жүздегі Әбілмәмбет ханға жібереді.

Үлкен орда ханы Әбілмәмбет сол кезде 16 жастағы Әбілфейіз сұлтанды хан қойындар деп, барған наймандарға қосып береді.

Әбілфейіз найман елінде 1745-1776 жылдарға дейін хандық құрған. Әбілфейіз ханның билігінде 30 болыс елі болған Шыңғыстау, Барқытбел аймағында хан ордасы орнығып мешіт, медіресе салғызыған. Хан ордасы Шыңғыстау етегіндегі Көш-Су деген жерде болған.

Әбілфейіз бастаған Найман хандығының билігіне Аяғөз, Тарбағатай, Манырақ, Сауыр, Зайсан, Ертіс бойы, Күнгей Алтай, Нарын, Қалба өнірі, Сарсұмбе (Алтай), Шәуешек, Құлжаға дейінгі найман жері түгел қарайды. Қытайлық Алтай аймақтарына, Шәуешек, Құлжаға дейінгі елге билік жүргізеді.

Әбілфейіз Ну-Найман елінде 38 жыл хан болып, әділетті билік жүргізеді. Бұл – найман елінің үшінші хандығы.

Тарихшы Құрбанғали Халидұлының жазба деректерінде: “Әбілфейіз ең алғаш хан кетерген жері қазіргі Шыңғыстау бойы. Көш-Су деген жерде мешіт салғызыған. Осы мешіті 1860 жылға дейін тұрды. Мешіттің имамы Аюб Қожа имам деген кісі болған” - дейді.

Әбілфейіз хан алмағайып, ауыр кезенде ел мен жерді қорғаушы найман батырларының демеуші басшысы болып, үнемі солардың сапында бірге болады.

«Әбілфейіз үнемі Абылай хан ордасында болып, хан кенесіне қатысып, жорық жоспарын бірге ақылдасып, бірге шешіп отырған. Қоқан, Та什кент жорығына аттанарда Қудауысты Құттыбай би, Боранбай би, Еспенбет батыр, Баймұрат батыр, Есенкелді батырлар әрқайсысы өз руының қосындарын бастап, Аяғөз маңына келіп жиналады. Ертіс бойынан келген Көкжал Барақ, Бура Танаш батыр, Ергенекті Ақпантай батырлар да әскер қосынымен келіп қосылады.

Осы батырлар түгел Әбілфейіз сұлтан, Қаракерей Қабанбай, Бұқар жырау, Бөгенбай батырлар отырған хан шатырына сәлем бере кіргенде, Алтын арқалы аласа сандал тақтың үстінде, ортада Абылай ханның өзі отыр еді,» - деп жазады.

(Қ.Жұмаділов, “Дарабоз” II кітап 387 бет.)

Шұршітпен шайқас, қырғыз манаптарымен шайқас, Та什кент, Қоқан жорықтары кезінде Әбілфейіз найман қолдарымен бірге Абылай ханнның қасында, ұрыс шебінде болған.

“Қоқан хандығына” шабуыл кезінде ту түбінде Абылай ханнның қасында тұрған Найман ханы Әбілфейіз – “Біздің әскер Қоқан қолын Ангрен өзеніне дейін тықсырып бара жатқан көрінеді” – дейді өзінің сабырлы қалпын бұзбай.

( Қ.Жұмаділов “Дарабоз” 9-том).

Шыңғыстау бойында Найман еліне Әбілфейіз хан болып тұрған кезде, Қызылсу – Шар, Қалба тауы, Құнгей Алтай бойындағы найман қосындарын бастаған батырлар қалмақтар мен шүршіттерді бұл аймақтан ығыстырып, бұл жерлерді жаудан тазартады.

Көкжарлы, Ақнайман, Қожанбет руларын ата қонысқа қайта қондыра бастайды.

Ақнайман, Қожанбет, Көкжарлы, Терістанбалы рулары көп жылдар Алтайдан ауып көшіп, Шыңғыстау, Қызыл-Су, Шарды, Тума - Токпакты мекендерген. Енді бұл аталарды Құнгей Алтайға, Құршім, Нарын, Қалжыр, Қара Ертіс, Марқакөл аймағына көшіріп қоныстандыру, әр руға мекендейтін жерін, жайлау-қыстауын белгілеп беру көп уақытқа созылады. Тек 1760 жылдары ғана ел ата мекенге орнығады. Осы бір кезең жайлы Дулат жырау Бабатайұлы (1802-1871 ж). “Баракка” деген өлеңінде:

Әбілфейіз аргы атан,  
Алтын тұғыр сұнқар – ды.  
Іріктетіп батырын,  
Кунатып еді тұлпарды, - дейді

Әр атаның, әр рудың қалың көшін әйгілі батырлар үлкен дайындықпен ұзак жолға бастап шығарып, әскер қосынмен қорғап, ата қонысқа жеткізіп отырған.

Каратаяу, Сыр бойынан, Жайық бойынан Алтайға, ата қонысқа ел көшіру үлкен, әрі жауапты науқан болған. Мұндай көштер жолда үш қыстап, төрт қыстап барып ата жүртқа әрен жеткен.

Қазақ жері жаудан толық тазартылған соң, ел тағдыры таразы табағына тартылатын сәт туады. Бір ғасырға таяу қуғын – сүргінге, актабан шұбырындыға ұшыраған халықтың, елдің қамын ойлаған ру басылары мен билер, арнайы кеңес өткізіп тұрған. Мұндай жиынға қазақ жерінін әр аймағынан ру басылары, билер, батырлар түгел қатысқан.

Қалың көштің жолында отырған ел көшкен елге ағайындық көмек, қамқорлық беруге тиісті болған.

Көшкен елге уақытша қоныс, жайылым беріп, ұры-қарыдан қорғап, жол сілтеп отыруға тиісті болған.

Тұнемелге орын әзірлеп отыру әр рубасыларына тапсырылған. Көшіп келе жатқан елге қыс қарсаңында қоныс қыстау, ықтырма, кора-жай әзірлеп, елге ел жалғасып, қыншылықтан шығу жолдарын ойластырады. Осының бәрін жиын-кеңестерде арнайы шешіп отырған.

Осындағы үлкен жиын 1756 жылы Әбілфейіз хан бастаған найман ордасында Шыңғыстаудағы Жүрекжота деген жерде өткізіледі. Жиынға Бура - Ақпантай, Андағұл - Барлыбай, Төртуыл - Баймұрат, Жәмеке, Жұмық - Дәүлетбай, Бәйжігіт - Шынқожа, Сыбан - Байғана, Төртуыл - Токабай, Жылқайдар, Мұрын - Сәмет, Қожанбет - Тоғанас, Қожанбет - Сырынбет, Жарболды Тілеуімбетұлы Жәнібек батыр сиякты әйгілі батырлар қатысқан.

Тарихи деректерге сүйенсек 1755-1760 жылдарға дейін Қалба тауы, Бұқтарма, Нарын бойында, Құршім, Қалжыр, Марқакөл аймағында мықты әскер-қосындарын ұстаған қалмақтар мен ұранхайлар әлі де отырған. Қабанбай батыр, Әбілфейіз хан осы аймақтағы қалмақтарға қарсы әскер – қосындар бөліп, әр қосынға әскер басы етіп батырларды бөліп тағайындаған.

Қалба, Аблайkit, Тайынты өніріне Көкжал Барак, Бұланбай батыр, Терістанбалы Жарылғап, Айтқұл батырлар қосыны жіберіледі.

Бұқтарма, Нарын бағытына керей Жәнібек батыр, Қаратай Тұматай батыр, Андағұл Барлыбай батырлар бастаған қосындар аттанады.

Көкпекті, Шар бағытына Қаракерей - Шынқожа, Шагалақ, Қасабай, Матай - Шөнкей батырлар бастаған қосындарды аттандырады.

Құршім, Қалжыр, Қара Ертіс бағытына Ақнайман - Жаман батыр, Қожанбет - Тоғанас батыр, Өтей - Бұланбай батыр, Бура - Танаш батырлар бастаған қосындар аттанады. Өтей – Бұланбай батыр Алтай, Ертіс жағындағы шекара қарауылының бастығы болып, соғыс кезінде шолғыншы жасақты басқарған.

Міне осы әскер қосындарды бастаған найман батырлары жоңғар әскерінен қалған жекеленген топты түгел жойып, шығыс өлкесін жаудан толық азат етеді. Ертіс, Көкпекті, Шар аймақтарында Шынқожа, Дәулетбай батырлар қалмақтарды ығыстыра отырып, қылыштың жорық шайқастарды бастан кешірді. Бұл шайқастар жайлы Бұқар жырау:

Қан сасыды лезде,  
Көкпектінің даласы.  
Қазак-қалмақ шабысқан,  
Жер менен су таласы.  
Айдан аса алысып,  
Тебе болды моласы.  
Тірі қалған қалмақты  
Күншығысқа қашырды, - дейді.

Төртуыл руынан шыққан ақын Арғынбек Апашибайұлы “Қазак Сырдан ауғанда” деген өлең толғауында:

Кожанбет Сарытауға шықты келіп,  
Ақнайман жатып қалды шиді көріп.  
Шағырда Сырынбет би деген кісі  
Елдерін орныктырды жиып теріп  
Алтай мен Тарбагатай тұстас жерде,  
Ауған ел қоныс тепті қайта келіп,- деп Алтай, Ертіс, Марқа  
өнірінде елдің ата мекенге қайта қоныстануын жырлайды.

Орталық Қазақстан аймағындағы Шу өзені, Ұльттау, Сырдария, Батыста Жайық бойынан жөнкіле көшкен найман тайпалары Алтай аймағына, ата қонысқа орналаса бастады.

Төртуыл Көкпектіге келіп жетті,  
Сол жерді біраз жылдар мекен етті.  
Есенкелді, Сұлтанкелді екі мырза,  
Бірі бай, бірі батыр асыл текі.  
Ақбарақ пен Ақболат деген таптар  
Тарбагатай тауына шығып кетті.  
Шәуешек ұлығына қарап қалып,  
Өмірі бүтінге шейін сол жерде етті.

(Арғынбек Апашибайұлы).

Қытай – қазақ қатынастары жақсарған соң, бұл аймакқа қазақ рулары келіп бұрынғы ата қонысына орныға бастайды. Тарбагатай өніріне Қаракерей рулары қоныстанады. Қаратай, Көкжарлы рулары Төр Алтайға тұрақтады. Кожанбет руы Қара Ертіс, Марқакөл, Қалжыр бойына, Бекенбай тауына қоныстанды. Ақнайман рулары Зайсан көлінің оң жағалауы, Ақши маңын қоныс етті. Керейлер Сауыр тауын, Төртуыл рулары Маңырақ тауының теріскей етегін, Зайсан көлі маңын мекендеді.

Кожанбет руына жататын аталар ата мекенге қоныстандыру кезінде елге басшылық жасап, жол бастаған билер мен батырлар болған. Кожанбет ішінде Жарболды атасына жататын Қалқаман – Сүйіндік аталарынан Кәлім би, Арысбай батыр басшылық етіп Онтүстік Алтайдағы Сарытаудың етегіне Майқапшағай, Қызылащы жерлеріне орналастырған.

Кожанбет ішінде Сырынбет би өзінің аталастарын Терісайрық, Кемерқайың, Бекенбай тауының теріскей етегіне қоныстандырған.

Кожанбет ішінде Мысқал атасына жататын елді Айтұлы Шағыр би бастап, елге басшылық жасап қоныстандырған. Мысқал атасының қоныс-мекені «Дала Тақыр», «Керейбай», «Арғынбай», «Қаракөбен», «Сарыкөбен», «Байшуақ» аймақтары. Қазір осы аталардың ұраны «Шағыр». Өсіп-өрбіген үлкен ел «Сегіз шағыр» деп аталады.

Атақозы атасының мекені «Қақсалды», «Актубек», «Акжол», «Керегетас», «Нарбота», «Шығанши», «Жамансай».

Бұл мекендерге ел қоныстана бастаған кезде, Атақозы би басшылық еткен. Жарболды атасының мекені «Теректі», «Ашылы», «Сорқұдық», «Бұлғарытабыты», «Қайнарлы».

«Күршім өніріне Көкжал Барап батыр, Саржомарт Танаш батырлар Өтей, Жәрке, Бурауларын қоныстандырған.

Қүршім, Алтай жеріміз  
Өтей, Жәрке еліміз  
Көк перілі, Көк жалды  
Барақ батыр тегіміз», - деп халық жырға қосқан екен.

(Т.Қайырбаев «Қазақ әдебиеті» 1992 ж 5 маусым).

Матай руынан шыққан Елқондыұлы Қалыбай батыр өз руластарын 1800-1805 жылдары Шыңғыс тауынан Қалба тауына бастап әкеліп, сол аймаққа қоныстандырған. Інісі Кошқарбай батыр екеуі ойраттарды Қалба мен Ертіс бойынан Алтай тауына дейін ысыра куған. Жауды Ертістен өткізіп, Үлбі өзенінің бойымен қазіргі Риддер қаласына таяу жердегі «Ойрат асуынан» асырып тастаған. Жаумен қатты шайқас кезінде Қошқарбай қайтыс болады. Зираты Лениногорск қаласының жанында. Бұрынғы «Ойрат асуы» батырдың құрметтіне «Қошқарбай асуы» деп аталған. Ағасы Қалыбай батырдың зираты Жарма ауданы Кентарлау деген жерде тұр. Жарма өніріндегі Матай руының ұраны «Қалыбай».

Жау женіліп, ежелгі жұрттына келіп қонған ел баяғы дәстүріне сай ұлан- асыр тойлар өткізіп, қашшама жылдар бойы қамыққан көnlін көтеріп, қуаныш пен қызыққа кенелген кезі екен.

Найман ханы Әбілфейіз қытайдың Бежіндегі Ежен ханына елші жіберіп, дипломатиялық қарым-қатынас ұстаған. Бежіндегі Ежен ханға сый-сияпат көрсетіп, өздері де сый-сияпат алып, қытай патшалығының атақ, дәрежесін де иемденеді. Бұл жәрменкеге қазактар көбінесе жылқы әкеліп сатты. Өйткені Ежен ханның әскеріне және егіншілік көсібіне жылқы ете қажет еді.

Абылай – батыл қолбасшы, шебер ұйымдастырушы, дарынды дипломат, ақылды да айлалы, өз халқын сүйген қажырлы қайраткер еді. Абылай Орта Азия хандықтарымен де, орыс мемлекетімен де сауда-сатық, мәдени қарым-қатынас жасады.

“1757 жылы 15 мамырда Абылай хан Әбілфейіз сұлтанды өзінін сенімді өкілі ретінде қытай ханының қолбашысы Фу-Дэге келіссөзге жібереді. Әбілфейіз сұлтанмен бірге елшілікке барғандар Ханжығар, Өміртай, Танаш батыр, Бекенай т.б. Бұл қазақ елшілерінің алғаш рет Бежінге баруы еді. Осы келіссөздің нәтижесінде Аягез жерінде “Айдын - Су” мәмлесі бойынша уақытша бітім жасалады. Осы келісім жасалған соң 1758 жылдан бастап үш орында Тарбағатай (Шәуешекте), Іле (Құлжада), Үрімшіде қазактарға арналған сауда жәрменкесі ашылады. Қазактар мал апарып, тұрмыстық бұйымдарға айырбастап отырған.

1767 жылы 2-айдың 6-күні Тарбағатай арқылы Үрімшіге Әбілфейіз ханға қарасты он адам 100 жылқы, 200 қой саудага апарады”- дейді. Қ.Жұмаділов “Дарабоз” II кітап.

Ниғымет Мынжанидің “Қазактың қысқаша тарихы” деген кітабында қытай кітапханалары мен мұрагаттарынан қарал Абылай хан заманынан көптеген мәліметтер келтіреді:

1. “Қазақ хандығынан Ежен ханға барған елшілер кестесі”.
2. 1758-1762 жылдар арасындағы “Қазақ керуендері саудасының жылдық кестесі”.
3. 1704-1803 жылдар аралығындағы “Ежен ханға жолыққан қазақ елшілерінің Шынжан дерегінде берілген тізімі” келтірілген.

Бұл тізімде Әбілфейіз хан 1762-1764 жылдары және 1768 жыл, 1775 жылдары Бежінге елші жібергендері белгіленген.

“Қазақ хандарынан Ежен ханға барған елшілер кестесінде” Абылай, Әбілфейіз, Уәли хандардың балаларына арнайы белгілер қойылып отырған.

Найман ханы Әбілфейіз қытаймен сырттай қарым-қатынас жасағанмен, ел басқару ісін өздерінше жүргізіп отырған.

Қазақ арасында Найман тайпасына 1745-1776 жылға дейін Әбілфейіз хан болғанын жоғарыда айтқанбыз. Хан сайлауы ант ішумен мойындарқызылып «Алдиярлап» хан көтереді. Қолына ресми хан билігі берілген.

Найман тайпасындағы төре тұқымының бәрі Әбілфейіз ханның үрпактары. Әбілфейіз хан үш әйел алған. Бірінші әйелі Чаған ханым қалмақ ханының қызы. Екінші әйелі Өзбике ханым қарақалпак қызы. Үшінші әйелі Тұмар ханым қыргыз манабының қызы. Үлкен әйелінен Боби төре Тұма руына төре болған. Екінші әйелінен Жолшы төре туып, ол найман Қаракерей ішінде Мұрын атасына төре болған. Әбілфейіздің Өзбике ханым деген әйелінен Ағадай төре туып ол Семіз найманға төре болады. Қыргыз манабының қызы Тұмар ханымнан Көгедай, Саман, Жабаға төрелер туады. Олар Керей елінде төрелік құрған. Қобда, Шәуешек, Сауыр аймағында билік еткен.

### Қазақ хандығынан Ежен ханға барған елшілер

Жолыққан уақыты	Елші жіберген хандар	Барған елшілердің аты-жөні	Ескерту
1757-жылды 9 - 10-ай	Абылай хан Әбілпейіз	Ханжығар, Өміртай, Долан, Анжы, Танаш, Бекенай	«Гаузұн орда естелігі», 546-бөлім, 6-бет
1758-жылды 11-ай	Әбілес, Ханбаба би	Жаулен, Пұсырман	«Гаузұн орда естелігі», 575-бөлім, 5-бет
1759-жылды 1 - 2-ай	Әбілмәмбет, Әбілпейіз Абылай	Рыс сұлтан	«Гаузұн орда естелігі», 580-бөлім, 19-бет
1760-жылды 3 – 5-ай	Әбілмәмбет, Әбілпейіз Абылай	Құтыбай, Аталай, Рысқұл, Бекетай	«Гаузұн орда естелігі», 608-бөлім, 7-бет, 613-бөлім, 12-б
1762-жылды 1 – 2-ай	Әбілмәмбет, Әбілпейіз Болат	Сайбек	«Гаузұн орда естелігі», 666-бөлім, 18-бет, 668-бөлім, 14-бет
1772-жылды 12-ай 1773-жылды 1-ай	Әбілпейіз, Тайжы, Санияз, Болат хан	Баласы Жолшы, баласы Қазым, Ақтайлақ би	«Шын Шұн», 272-бөлім, 28-бет

1775-1776 жылдары Әбілфейіз хан мен Тобыкты руының арасында жер, қоныс дауы ұлғайып, Найман хандығына арғындар қысым көрсетеді. Осындай себепке байланысты Әбілфейіз хан өз ордасын Алтай өніріндегі Қалжыр өзені мен Қалғұты өзенінің аралығындағы Бекенбай тауының батыс етегіне қондырады.

Мол сулы, жасыл желеекке оранған Қалжыр өзені мен Қалғұты аралығын мекен етеді. Бекенбай тауының тұстік етегі Ертіспен жалғасып жататын қысы жеңіл, кең алқап. Акселеуі теніздей толқып, дуадақ құсы ерекек койдай болатын құт мекен деп аталады. Бұл 1776 жылдары болса керек. Бұл аймактарда осы күнге дейін “Әбілфейіз қайнары”, “Әбілфейіз қыстауы” деген жер-су аттары бар.

“Әбілфейіз қорасы” ұжым кезінде “Әбілфейіз фермасы” деп аталып жүрді.

“Шомат қүзеуі”, “Қасымбек қорасы”, “Бұқат төре қыстауы” деген жер аттары қазір де дәл осы қалпында аталып жүр. Мұнда аталып отырган Шомат төре, Қасымбек төре, Бұқат төре – бәрі де Әбілфейіз ханының туыстары. Барлығы да осы Алтай өнірінде ел басқарып, Әбілфейіз ханының нұсқауымен ел билеген адамдар. Қожанбет руының төресі Қасымбек төре, Айқожа төре, Бұқат төре. Ақнайман руының төресі Шомат төре, Шолтық төре деген адамдар. Бұладың бәрі де хан тұқымы. Төре тұқымдары.

Сол кезде “Төрекіз ел болмайды, тәбесіз жер болмайды” деген салт болған.

Жалпақ ел Қожанбет руының төресі – Бұқат. Бұқат төренің қыстауы Бөкенбай тауының батыс етегі Сарықамыс, Қабыргатал аймағы.

Бұқат – кен дархан мінезді, нашарға камқор, елге ақылшы болған адам. Дүниекорлық, қызғаншактық мінездерге тыйым салғызып отырған. Осы мінезіне орай кезінде ел құрметіне ие болған адам екен. Бұқат – келісті, ер тұлғалы, сырыктай ұзын бойлы, екі иығына екі кісіні отырғызғандай, мығым денелі адам. Жол жүргенде Бұқатты бір ат көтере алмайды екен. Екі атты қатар алып жүріп, кезек ауыстырып мініп отыратын көрінеді. Балуан денелі ірі бітіміне қарай күш қайраты да басым болған.

Бірде Жәлменбет Нұрғазы бидің үйінде Бұқат тере қонакта отырған кезде, үй тәбесінің орта тұсына қойылған мәтше ағашының сынып кеткенін көреді. Мұны байқаған Бұқат тере бір кішірек кигізді төрт бұқтеп, иығына қойып, мәтшаны иығымен көтеріп тұрады. Азаматтар діңгек қыып әкеліп орнатқанша, сынған мәтшаны көтеріп тұра береді.

Енді бірде батпакқа түсіп шыға алмай қалған тайлақ түйені сүйреп шығарыпты. Бұқат арқанды беліне орап жіберіп, өн бойымен тартпа батпакқа батып жатқан түйені суырып тастай салған екен. Сонда қатты күш түскендіктен кебісінің сыр өкшесі сөгіліп кетілті, - дейтін еді үлкендер әңгімесінде.

Ел жайлауга көшерде Абызға қонып, бірер жұма мал тұяғын жазып отырар еді. Абыздың етегі Қалжыр өзенінің жағасы қойнаулау жазы сыйдауыт ойпан болады. Бұл жерді халық ежелден “Бұқат сазы” деп атайды.

Осындай көп істері анызға айналған Бұқат төренің белгісі сол Абызда тұр. Бұқат тере ел жайлауда отырған кезде қайтыс болады. Өзінің өсietі бойынша тере осы Абызға қойылады.

- Менің денемді түйеге артып, қыстауга апармай-ақ қойындар. Екі аяғым салақтап түйенің қомына сыймас. Осы Абыздың бектеріне қойындар, - депті Бұқат тере.

- Аюдан қорқамыз. Аю дененізді суырып алып, жеп қойса кайтеміз? –дейді ағайындары.

Сонда Бұқат тере:

- Зиратты қарағаймен қоршаган кезде, арасына мылтықтың дәрісін сеуіп жинаңдар. Мылтық дәрісінің ісіне аю жоламайды, - деген екен.

- Сонда жайлау төрінде жалғыз жатасыз ба?- дейді ағайындары.

- Менің қасыма тегінде абак керей Ақсақал деген адам жатар,- депті Бұқат тере.

Кейіннен 1945 жылы керей елі ауа көшіп Алқабек, Қарашибілік аймақтарына өтеді. Сонда керей Ақсақал қажы Бұқат төренің мазарына арнайы келіп:

- Қажыда Бұқат төремен бірге болған едік,- деп, мал сойғызып, қатым шығартады.

Сол жылы керей Ақсақал қажы қайтыс болып, оның сүйегі Бұқат төренің зиратының іргесіне қойылған екен.

Бұқат төренің келіні ақын адам болыпты. Бұқат төреге арналған жоктауды осы ақын келіні айтқан екен:

Қажы атам қалды Абызда,  
Жүрген жерің сағызда.  
Отейден келген жеті би,  
Қажы атамды көргенде,  
Сейлей алмай жаңылды.  
Жәлменбет биі Байтайлак,  
Сөз сөйлейді тақтайлап.  
Мал етекке түскенде,  
Ас береді ат байлап, - деген жоқтауы ел аузында сақталған.

Қарағайдан қыып тұрғызылған алты бүршішты, киіз үй бейнелес биік күмбез Бұқат төренің белгісіндегі болып, көп заманға шыдап, Абыздың биігінде осы күнге дейін тұр.

Әбілфейіз хан 1780 жылдары өзінің ордасын Тарбагатай аймагындағы Ласты деген жерге ауыстырады. 1783 жылы осы жерде Әбілфейіз хан қайтыс болады. Денесі құрметпен Түркстанға жерленеді.

Әбілфейіз ханың үлкен ұлы – Көгедай. Көгедай көп жылдар Қалба өнірін мекендеген терістанбалы наймандарға төре болған. Осы 1780 жылдары Көгедай төре де өзінің ордасын Зайсан өніріндегі Жеменей өзенінің бойына көшіреді. Бұл жерде осы күнге дейін Көгедай деген ауыл бар. Көгедай төренің ұрпақтары Сауырдың онтүстік шығысын мекендеген абақ керей тайпасына төрелік еткен. Көгедайдан Ажы Ғұн (Әжі Төре) туады.

Сағидолда Нұралиниң “Арқалық батыр” жырындағы Әжі төре осы Көгедай ханың ұлы.

“Арқалық батыр” жырынан үзінді:

Ел еді егіз жатқан Керей, Найман,  
Шығады сөз болмаса мизан қайдан.  
Қазақтын хан билеген заманында,  
Жау бопты қазак, қалмақ барымта алған.  
Керейге билік етті Әжі төре,  
Қазақты құлғып езген бұл бір тәбе.  
Еш адам оған батып сөз айтпады,  
Маңайын қан қақсатып бұлдірсе де.  
Жау бопты Әжі төре Ұранхайфа,  
Түсіпті барымтадан оған пайда.  
Арқалық батыр шыққан қарақастан,  
Батырға елі де үлкен үміт артқан.  
Әкесі кедейліктен кейіс көріп,  
Әке үшін тақсіретін бала тартқан.  
Жаушылап қазак, қалмақ мал қуысып,  
Бітім жоқ шабыс болған қан жуысып.  
Сол кезде он сегізде ер Арқалық  
Жауымен сан айқасқан бел буысып.

Әжі төренің немересі Әлен төре де керей елінде билік еткен. Көгедай ұрпағының билігі абақ керей елінде 1949 жылға дейін жалғасады.

Ақнайман төресі Шомат төре, Шолтық төре ақнайман елінде билік еткен. Шомат мінезі қатал, мазасыз адам болған екен. Шомат төренің ордасы Күршім өзенінің бойында болған. Кейінгі жылдары қонысы Қара Ертіс бойына ауысқан.

Ақнайман биі Адайды  
Ақшиден көшіп тарайды  
Алты сары Ақнайман  
Бір Шоматқа қарайды, - дейді Орынбай ақын Бертағыұлы.

## АЛТАЙ – АТА МЕКЕН

«Алтай тауы –тарихтың атасы»  
Геродот

Алтай – ата қоныс. Алтын – бесік. Бүкіл түркі тұқымдас халықтардың кие тұтатын мекені – Алтай. Қарт Алтай – сонау көне заманнан сак, гүнн, түркі жұрттының қасиетті кара қонысы, құт дарыған ата мекен.

Әлемнің алтын алқасы, шығыстың інжу-маржаны атанған асқар Алтай – осы.

Бұл өлкө аспанмен таласкан зангар биігімен, өзіне ғана тән сұлулығымен, ертегідей қайталанбас ғажаптығымен көрген адамды қайран қалдыратын өнір.

Алтай табиғатын, Алтай сұлулығын, Алтай байлығын өз көзімен көріп, көңілімен ұғынбаган адамға сөзben айтып, сөзben сипаттал жеткізу мүмкін емес. Алтай, ғажап қой!

Көне заманнан әлемге әйгілі болған Алтай қазіргі кезде қазыналы байлығымен әлемді өзіне ынтық етіп отыр.

«Тіпті орта ғасырдың өзінде Грек ғалымдары «Алтын қырқалы таулар», «Алтын жал қырыққан өнір» деп жазған. Бұл – ежелгі Греция елінің «Золотое руно» азызында айтылған пікір. Ол сол кезеңде ірі алтын кенін иеленген Алтай өнірімен байланысты шықкан аныз еді»-дейді Ғафура Байназарова. «Құдіретті түрік елі» Алматы 1999 ж.

Яғни сол заманнан бастап – ақ Грек, Араб ғалымдары алыстан Алтайға көз тіккен.

Осындай байлығы мол шалқыған, тарихы терең ғасырлармен астаскан, тұлғасы алып, кен дархан өлкө, ол – ару Алтай.

Алтайдың қаламгер жас ақыны жазған жыр жолдарынан үзінді:

Алтай, Алтай –асқақсың, биік шыңсың?  
Бұлттан асып жүлдізға тиіп тұрсың.  
Дәuletісің жерімнің сәүлетісің  
Қас сұлудай кербезсің, сүйіктісің.

Мәңгі бақи жайнайтын солмас гүлсің,  
Алтын, күміс, мыс, титан, қорғасынсың.  
Сан ғасырдың сырларын жылып келген,  
Шежірелі шығыстың ордасысың,-деп жырлайды Алтын Алтайын.

Осы шығыс өнірінің халық ақыны Сапарғали Әлімбетов өзінің «Алтай» деген өлеңінде:

Арқаның қарауылы Алтай биік,  
Беткейін сайрандаган марал, киік.  
Қалба мен Тарбагатай, Тоқта, Барлық,  
Тұрғандай «Ағатай» деп басын иіп.  
Аң мен құс, нұлы тоғай, кен мен алтын,  
Табиғат бар байлықты берген үйіп, -деп мол қазыналы Алтай тауын,

Алтайдың бұл өнірдегі асқақ тұлғасын ерекше шабытпен бейнелеп, тебірене жырлайды қарт ақын.

Жоғарыда ақындар сипаттағандай Алтайдың табиғат байлығы да, қазына байлығы да мол аймақ екендігі шындық. Қазыналы Алтай қойнауында табиғатта болатын түсті металдардың бәрі де бар екендігі айтылады. Шынында да Алтай табиғаты асқар таулы, өзен сулы, шалғыны тай жасырғандай, аң мен құс жыртылып айырылатын кен – байтақ өлкө.

Алтай өнірі – үнемі жасыл өлкө. Алтай жері сарғайып құрамайды. Күзде кигіздей жапырылған жасыл шөбі, жасыл күренесі сол күйінде қар астында қалады. Қектемде қар шеті сөгілген кезде, қар астынан тебіндеп көк шығып, қар астынан бәйшешегі гүлжарып тұратын аймақ. Айта берсек бұл өлкенің табиғат ғажаптары көп.

Енді бір аз уақыттан кейін, кен тау алқаптары мен беткейлерді алып, тұтасып жатқан бүйра тоғайлар жасыл желегін жайып, тәніректегінің бәрін саясына алады. Бұл сынсыған жасыл тоғайлар сан алуан андар мен құстардың мекені. Алуан түрлі бұталар гүл жарып, хош иісті жұпарын төнірекке жаяды. Хош иісті гүл шоқтарынан нәр алып, шырын тартып, сан мың жәндіктер мен аралар гүлге қонып дуылдасады.

Бұл көрініске биіктегі бұлт бүркеніп, мұз жамылған мұздактар мен жаңбыр суларынан бастау алып, бұралып ағып жатқан каусар бұлактар өздерінің күміс қоныраудай сылдыраган үнін қосады.

Айналада сан түрлі құстар сайрайды. Алуан түрлі ән салады. Айнала ың-жың, табигат күйіне бөленеді.

Ал осы кезде тау беткейлерінде қыран құстар самғайды. Тау қырандары аспан тесінде асықпай қалықтап, баяу самғап, ұзак жүреді. Олар жай журмейді, өз жемдерін андиғы. Олар ұсак құстарды ториды. Біраздан кейін көк аспанда айқас басталады. Бірін бірі теуіп түсіріп, іліп әкетіп жатқан көрініс. Ұсақ құстар жыртқыш құстардың қанатының көлеңкесін сезе қалып, бұтаға жасырынады. Бұлдіршіндегі әдемі, сүп-сүйкімді сол құстарды аясын. Ұсақ құстар бүркіт, қаршыға, қырғи, түйғын, лашын сияқты тау қырандарының тырнағына ілініп кете барады. Бұл - тіршілік заны.

Көктен күні күліп, күн нұрына бөленіп, балаусасы балбырап, нулары, шербеттей таза ауасы, жасыл желекті жібек шалғыны бейне бір ертеғідей жұмбақ әлемі тәрізді болады да тұрады.

Саялы тау, жасыл орманды тау шатқалдарынан асау өзендер арқырап, өздерінің құдыретті үнімен төніректі жанғыртып жатқаны. Өзені өкіріп, тау жанғырып жатқан сәтте, қатар тұрған екі адам бірінің сөзін бірі ести алмайды.

Асау толқындар жағаға шолп-шолп соғылып, ақ көбікке оранып, етекке қарай жөнкіледі. Барлығы әрекет, барлығы қымыл, қозғалыс, тіршіліктің әуені. «Тіршіліктің тірегі қозғалыста», - дейді ғылым. Қыс пен жаз алмаспаса, күн мен тұн ауыспаса, күн қыздырып, теніз бен мұхит буланбаса тіршілік бола ма?

Алтай таудан алты өзен бастау алады. Алтауы да мол сулы, асау арналы, арынды ірі өзендер. Құмістей таза мөлдір су лықсып ағып, әппак толқындар бірі-бірін қуалай бүрқанып, әлде қайда алысқа асығып, жөнеліп жатар еді.

Ол өзендер: Ертіс, Теректі, Қалжыр, Қалғұты, Күршім, Бұқтырма. Бұлардың бәрі де Алтайдың онтүстік етегіндегі жазыққа шықкан соң, Ертіс дарияға құяды. Бұл өзендер қойнына сарқытын тығып алып, анасына жеткенше асыққан бойжеткендер сияқты. Бұл өнірдің күре тамыры - Ертіс. Алтай өзендерінің бәрі де Ертіс дарияға қосылады.

Ертіс – кербез, салмақты да сабырлы, жойқын күш иесі. Ертіс дария Алтайдан басталып, ұлы мұхитқа құяды. Бұл өнірдің карт Алтай атасы болса, Ертіс –анасы. Ол –аңыз өзен.

Алты өзен бастау алтып Алтай таудан  
Марқакөл, Күршім, Катон үш түрлі аудан.  
Нәр алтып алты өзеннен жатады екен,  
Егін-шөп, бау-бақша мен мал мыңғырған,

Қалжыр мен Күршімді де көріп едік,  
Оған да сөзбен баға беріп едік.  
Қос өзен Бұқтырманың сіңлісі,  
Сапарға ертіп шыққан серік етіп, – дегіміз келеді.

Бірде сылқ-сылқ күліп жағаны сүзіп, бірде күркірей ағындал, сарқырай жөнкіліп жатқан асау толқындармен сырласып көрдіңіз бе? Тау өзенінің арынды ағысы да Алтайдың өзіндей өрлікке үндел тұр емес пе? Жағасы жасыл жайнаған, балығы тайдай тулаған тау өзендері –ай! Мәлдірлігі, тазалығы қандай?!

Осы өзендердің жағасында біраз отырсан, бойын сергіп, жаның тазарып, көнілін жадырап, ұшатын құстай қанаттанып, әдемі бір әсерге бөленіп шыға келесің.

Алтай таудан алты өзен басталса, Алатаудан жеті өзен бастау алтып, еліміздің шығысы мен онтүстігі ежелден өзен-сулы, жасыл нұлы болып келеді екен. Жер жаннаты Жетісуда Алатаудан басталып жеті өзен агады. Олар: Іле, Лепсі, Ақсу, Қөксу, Басқан, Сарқан, Қаратал өзендері. Бұлар да өлкенін көркі, өнірдің нәрі болған тау өзендері.

Қойны кен, қойнауы астық, баурайы мал. Майысып беткейінде қайың мен тал, - дегендегі нағыз жерүйкітың өзі емес пе, Өр Алтай мен Жетісү?!

Сонау, көне тарих қойнауында бабаларымыз киелі Алтай өзендерімен сан рет сырласқан, сан рет мұндағасқан! Асау өзеннен еткел тауып, асау толқынына тоғытылған! Талай дүшпандарына тосқауыл қойып, талай жаумен шайқасқан. Алтай аймағы, Өр Алтай – нелер шапқыншылықтың жалынына шарпылған өнір. Монголдар өтті өрт құшағына бөлең, ат тұяғының тозанды жарық күнді түнекке айналдырыды. Жонғарлар өтті бұл өнірден, қанды жорық жортуылмен ылан салды халыққа, бейғам жатқан ел-жүртқа.

### Гунн заманынан үзік сыр

Осындай әсем табиғат аясындағы қазыналы бай өлкеде Өр Алтай мен Орхон, Байкал өнірінде ертеде өмір сүрген әйгілі мемлекеттер мен қуатты патшалықтар, хандықтар болған. Бұл мемлекеттер мен патшалықтар әлем тарихында терең із қалдырыған елдер. Бұл мемлекеттер мен патшалықтардың бүгіндегі әлемдік ғалымдар мен тарихшылар терең танып отыр. Осы кезеңдерде Қарт Алтайдың ерлік тарихы жатыр. Гунн патшасы Мәде мен Аттиланың ерліктері, Түрік қағанаты кезіндегі Бумын, Истеми, Тонюкек, Құлтегін сияқты тұлғалардың, Найман ханы Күшліктің ерлік жорықтары жатыр.

Б.з.б. 200 жылдарда осы шығыс өнірінде айбынды Гунн (Хунну) патшалығы өмір сүргендігі тарихтан белгілі.

Алтай өнірінің, Өр Алтайдың дәл осы шығыс аймақтарында 552-743 жылдар аралығында Ұлы Түрік қағанаты (мемлекеті) құрылады. Алтай тауынан Каспий теңізіне дейінгі ұлан-байтақ өнірді мекендерген тайпалар Ұлы Түрік қағанатының қол астына бірігеді.

Ал қуатты Найман мемлекеті жайлы В.В.Бартольдтің, Н.Аристовтың жазған тарихи зерттеулерінде көрсетілгендей, найманның арғы тегі орта ғасыр тұсында Өр Алтайда, Алтай жотасы, Ханғай өнірінде өз мемлекетін орнатып, үлкен ұлыстың дәрежесіне жеткендігі расталып отыр.

Бұл пікіріміз жөнінде ақын Иса Байзақов өзінің «Алтай аясында» деген поэмасында былай дейді:

Алтайды аялаған талай халық,  
Жеріне, жемісіне мейірі қанып.  
Ұйғыр, алтай, торғауыт, қазақ, қалмак,  
Алқа тағып Алтайда жүргені анық  
Сол Алтайдан батысқа көзді салсан,  
Қоныс қылып, найманның тұрганы анық, - деген.

Өлең жолдарынан, ақын арғы тарихта Алтай өнірінде мекен еткен түркі халықтарын атап айта келіп, осы өнірде Найман мемлекетінің болғанын жырға арқау, тілге тиек етіп отыр.

Біз өлкеміздің тарихын, Алтай тарихын сез еткенде Гунн (Хунну) патшалығын айтпай кете алмаймыз. Себебі, гунн тарихы, түрік тарихы, найман тарихы бір-бірімен сабактас. Сол сабактастық жөніндегі тарихи деректерге жүгінейік.

Гунның көшпелі тайпалары Қанғай, Алтай, Тарбағатай, Орталық Қазақстан, Тянь-Шань аймағын қоныс етіп, осы арада өсіп-өнеді».

(Ә.Марғұлан «Жалын журналы» №8, 2004ж).

Қытай, Латын ғалымдарының баяндауында «VI ғасырда құрылған Орхон қағанаты (Түркі қағанаты) гунндардың тікелей ұрпағы екені ғылымға ертеден мәлім!-деп көрсетеді.

Ескі дәуірдегі гунндардың түрік екенін алғаш рет дәлелдеген академик А.А.Кунік – дейді Абел Ремюза. Осы тұжырымды А.Н. Бернштам, В.В.Радлов сынды әлемге әйгілі ғалымдар да бұл пікірді қолдаған.

Шығыс өнірі көне заманнан найман тайпасының мекені болса, наймандардың тұп негізі Гунндар. Найман тарихы тереңде жатыр. Найман бабалары жүріп еткен тарихи кезеңдерді тереңдете зерттесе, ол гунндар тарихымен сабактасып, сол кезеңнен бастау алары сөзсіз.

Орталық Азия халықтарын тұнғыш бір тудың астына жинаған гүнн патшалығы еді. Гүнн патшалығы Орталық Азия қауымдарының басын біріктірді. Сол қауымдарға ортақ карулы күштер құрастырды.

Гүнндар қоныстанған жер – Сары өзен (Хуанхэ) өзенінің теріскей беті, ішкі және сыртқы Монголия, Онтүстік Сібір. Гүнн мемлекеті осы аймақта құрала бастады.

Шығыста Орхон өзені бар. Орхон Енесей өзенінің саласы. Амур өзенінің саласы Аргунь, Әмгуң өзендері. Сондай-ақ бұл өзен атауларының екінші компоненті «гүнъ».

Орхун өнірін мекендеген Арғын, Найман тайпалары еді. Бұл атаулардың бәрі де «гүнн» сөзімен түбірлес екені көрініп тұр. Бұл аймақты ертеде Гүннудар мекендегенін жер-су атаулары дәлелдей отыр демекпіз.

Осы өзен-су аттары ішінде Амур өзені «Өмір»деген түркі сөзі екені дәлелдеуді қажет етпейтін тәрізді. Өлкенің өмірі, Өмір өзен деген ұғымға сай берілген атау. Европа, орыс ғалымдары зерттеулерінде «ө» дыбысының өзгеруінен «Амур» атануы әбден мүмкін деп ойлаймыз.

Нығымет Мыңжан «Қазактың қысқаша тарихы» деген еңбегінде: «Кейбір зертеушілер қазақтың арғын және қыпшак тайпасын ежелгі Гүнндармен байланыстырады. Арғын тайпасының елдік аты (этнонимі) «арұ», «гүн» деген екі сөзден құралып «арұ-гүн» (арғын) болған, бұл таза гүн, «ақ гүн» мағынасын білдіреді деген болжам айтады. Сондай-ақ қыпшак тайпасының ұраны «ойбас» немесе «ойырбас». Ойырбас гүнндардың атақты батырының аты. Бұл көптеген ғалымдардың қыпшактар гүннан тараған деуіне дәлелдің бірі болуға тиіс»-деген дерек келтіреді.

Археологиялық қазбалардан табылған заттық мәдениеттің күәліктері де ежелгі гүнндар мен қазақтардың байланысы барлығынан дерек береді. Ноян тауындағы «Солтүстік һундердің» моласынан табылған жүннен істелген бұйымдардағы оюлар мен кестелердегі әр түрлі дәңгелек, ұшқіл пішінді геометриялық ою-өрнектерді талдай келе Монгол ғалымы С.Доржы: «Бұл кестелер мен өрнектер және олардың құрылымы қазіргі қазақ арасында қолданылып жүрген сирмақтардағы ою-өрнектеріне сәйкес келеді» - дейді.

Н.Мыңжан «Қазактың қысқаша тарихы» 107 бет.

«Гүнн» атауы (хүннү кейде сюнну) қытай деректерінде III ғасырдың басында кездесіп отырады. Гүнн заманында (200 жыл - 500 жылдар) аралығында гүнн империясы Алтай өнірінде дәуірлек еді. Гүнндар мемлекеті шығыста Корея түбегінен Европа, Венгрия, Италия елдерінде дейін билік еткен. Батыста Дунай өзеніне дейінгі аралықта алып жатқан қуатты патшалық болған.

Гүнн империясы –шығыс тарихындағы ұлы кезен, айтулы оқиға. Гүннү ұлысының атақты кесемі –Туман хан. Туман ханнан кейін гүнндардың билеушісі оның ұлы айбынды Мәде (Модә) шаньюй болды (Гүнн патшалығында билік лауазымы «шаньюй» деп аталады). Гүндар өздерінің басшысы Мәде тәніркүт тұсында төнірегіндегі толып жатқан ұлыстарды өзіне бағындырыды.

Ежелгі гүнндар 24 тайпадан бірігіп б.ж.с. дейінгі II ғасырда дәуірлеп, б.ж.с. I-ғасырында ыдырайды.

Мәде шаньюйдің тұсында Саян-Алтай тайпаларын, Дунхуларды бағындырып, Қытайдың хань әuletін женеді. Хань әuletі жыл сайын гүнндарға салық төлеп тұрады.

Мәде шаньюйдің кезінде Хотен батыр гүннү әскерінің бас қолбасшысы болды. Хотен қарапайым жылқышының ұлы еді. Сырыктай ұзын бойлы. Өте батыл, байсалды бас қолбасшыны Мәде шаньюй де қатты құрметтеген. Түмен басшылары Саян батыр, Қоян батырлар да Мәденін аса сенімді серіктегі болған.

Гүннү жорықтары женімпаздығымен, асқан жауынгершілігімен, ғажал әскери өнерімен тарихта терең із қалдырған. Гүнн жауынгерлері «Ат үстінде ас іshedі, ат үстінде ұйықтайды» деген аңыз бар. Хүннү ұлысының қару ұстап, атқа еркін мінуге жараган ұл баласы соғыс өнерін үйренуге міндетті болған. Оларға мың басы, жұз басылар жетекшілік етіп, әскери өнерге баулыған. Шауып келе жатып ат үстінде садақ тарту, ат үстінде семсерлесу, жекпе-жек сайысы, жаяу соғыс, топтасқан жаумен шайқас т.б. соғыс өнеріне жаттықтырып баулыған.

Гунндардың ыскырып ұшатын жебесі болған. Гүнн жебесінін ұшында тесігі болады. Толғай атылған жебе ауаны қақ жара заулағанда аңы ыскырық пайда болады. Жұздеген жебе азынап, құйқанды шымырлата ұлып, жан түршіктіреді. Ұлып азынаған дыбыс, атылған жебе қарсыластарды ес жиғызбай, жүйкесін тоздырып жібереді екен.

Қытай мен Ұлы даланың шекарасын бөлген Қытай қорғаны да гунндардан қорғану үшін тұрғызылды. Ұзындығы 6350 шақырымға (кейбір деректерде 9000 шақырымға) созылған. Қорғанның биіктігі 23 метр, ені 6 метр болған құрлысты салу кезінде 53 миллион адам өлген.

Ұлы Қытай қорғаны II ғасырда, тұнғыш Қытай императоры Хуандидің (Шы-хуан-ди) басшылығымен салына бастаған. Цин императоры Хуанди Хуанкә өзенінің онтүстік бетінен 44 бекініс қалашиқ салғызған. Бұл бекіністер де көшпенділердін шабылуынан қорғану мақсатында салынған. Қытай империясы Ұлы қорғанды тұрғызғанда тек көшпенділердін шабуылынан сақтану үшін ғана емес, қорғанды Қытай мемлекетінін шекаралық белгісі ретінде тұрғызылғандығы айтылады.

Хуннудың аз уақыт ішінде маңайындағының бәрін бағындырып, ұлы державаға айналуы Қытай империясын қауіптендіре бастады. Қытай империясы Гуннуларға қарсы жорыққа дайындалды. Олар іргелі тайпалар мен ұлыстардың арасында қайшылық туғызып, гунндарға қарсы ұрысқа итермеледі. Солтүстік гунндарды әлсіретудің мақсатын көздеді.

Мәде хан тағына 206 жылы отырғаннан кейін, сегіз жыл ішінде гунну мемлекетінің жерін Сары өзеннен Байқалға дейін, онтүстікте Қытай шекарасына дейін кеңейтті.

Бұл кезде Мәденің атты әскері 300 мыңға жетті. Бұдан кейінгі жылдарда Мәде хан Хунну елін ұлы империяға айналдырды. Байкалдан түстікте Парсы жеріне дейін, шығыста Хамидан Каспийге дейін кеңейтті. Түркстанды иеленді. Қытай мен танғуттарды тізе бүктірді. Мәде хан Хунну империясында 35 жыл билік жүргізді. Мәде кайтыс болған соң, таққа баласы Лаушан отырды.

«Бүкіл Хунну даласын басқару үшін Мәде хан елге «Жана тәртіп» орнатты:

1. Қылмысты істер кодексі бекітілді.
2. Хундарша жылдың бірінші айында хан тұқымы ақсүйектердің бас қосу жиыны Мәде ханың ордасында өткізілді.
3. Бесінші айда бүкіл ел жиналып, аруақтарға Көк Тәніріне құрбандық шалу белгіленді.
4. Жыльна бір рет ел жайлаудан көшерде адамның және малдың санағын алу белгіленді.
5. Әскер жасақты – қаржыландыру үшін халыққа салық салынатын болды».

(Қ.Салғар «Мұде хан» Алматы, 2003 ж 64 бет.)

Гунндардың қазіргі Қазақстан аймағында болуы б.ж.с. I ғасырында болса керек. Гунндар Талас өзенінің бойына, Сырдария, Арал жағасына, Батыс Қазақстанға, Орталық Қазақстанға орналасқан. Біздің заманымыздың 93 жылдарында гунндар жартылай отырықшылыққа ауысады. Қала салдырады. Талас өзенінің бойында Тараз қаласын салдырған. Гунндар отырықшы өмір сүрген. Археологиялық зерттеу кезінде Қазақстанның батыс облыстарында гүнн қалаларының орны табылған. Олар ағайын-туыс болып, үлкен қорғандарда тұрған. Қорғандар топырактан, балшықтан тұрғызылған. Қалалары осындағы бірнеше шағын қорғандардан құралған. Қорғанның бір шетінде адамдар тұратын үйлер болған. Екінші шетінде, тұрғын үйден аулағырақ жылқы қоятын, қару-жарақ қоятын орындар болған.

«Гундар өмірінде мал шаруашылығы, етіншілік, аңшылық дамыған. Гундар Алтай тауының, Жетісудың төңірегіне суармалы егін егіп, тау-кен жұмыстарымен шұғылданады. Олар темір, мыс, алтын өндірген»- деп көрсетеді ғалым Ә.Марғұлан («Аңыз бен жеткен ақиқат», Жалын, №8, 2004 ж.).

VI ғасырда гундар Онтүстік Оралға, Дунай бойына дейін жетіп, «Гунндар» деген атпен Венгрияға қоныстанады. Венгриялықтар (мажарлар) өздерін қазірге дейін «Гунгария» деп атайды. Бұдан кейін гунндар Кавказдың алан тайпаларын алды. 345 жылдары гунндар кесемі Баламердің бастауымен Доннан өтіп, Кара теңіз жағалауына жетеді.

Гунндар тарихы жауынгерлік жорықтарымен белгілі. Аты аңызға айналған үлкен ақыл иесі, қаһарман жауынгер, көреген қолбасшы, саясаткер дипломат Аттила (Еділ) патшаның басшылығымен гунндар Европалық елдердің бірқатарын бағындырған.

V ғасырдың ортасында герман тайпаларын жеңіп, Лақстан (поляк) жерлерін қосып алғып, Аттила бастаған гунндар шығыс Римді алады.

Аттиланың (434-453ж) билік еткен кезінде Гунн империясы қүшейіп, өзінін дамуының жоғарғы сатысына жетті. Бұл кезеңде Аттиланың 500000 әскери болған. Еділ патшаның тұсында Гунн империясы өздерінін асқан жауынгерлік жорықтарының даңқына бөленді.

Гунндар қоғамында соғыс ісінін дамуы шарықтау шегіне жетті. Әскердің негізі атты жауынгерлер болды. Басты қаруы садақ, наиза, қалқан және қамал бұзатын қарулар болған.

Гунну жауынгерлері және гунндардың әскери өнері жөнінде тарихшылар тамсана жазады: «Гунн жауынгерлері шабуыл кезінде тау суындағы түйдек-түйдегімен құйылып, жолындағысын жапырып өтетін. Қашқандың бұлттай ыдырап, ізін талтырмай кететін болған» - деп жазады.

Әскери жаттығу кезінде гунн сарбаздарын арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, тұлқідей айлалы, қырандай қырағы болуға үйреткен.

Гунндардың әскери өнері бүкіл Европа, Азия елдеріне үлгі болған. Франк, Бургундия билеушілері өздерінің балаларын гунн қолбасшыларының тәрбиесінә жіберіп, жауынгерлік әдіс-тәсілді үйреткен. Ерлік-батырлық үлгісіндегі тәлім-тәрбие алып, шындалу мектебінен өткен.

Гунндар жылқы сүтінен әзірлеген сусын ішкен, оны «комос» деп атаған. Ол бізше қымыз болуы мүмкін.

Гунндарда жазу өнері болған. Крест белгісі Европаға гундармен келген. Ол төрт төнірек, төрт құбыла белгісі. Немесе батыс – шығыс және терістік – түстік «Төрт төнірегің тен болсын». Гунндар жорық кезінде осы ұстанымды берік сақтаған.

Гунн елдерінің көшпелі яки жартылай көшпелі тұрғындарында мықты әрі тәртіпті жанұялық өмір қалыптассан. Гунндар «Көк тәнірі» нанымын тұтынған.

Мұрат Аджи еңбектерінен гуннулар жайлы кейбір деректерді келтірейік: «Гунндар өте үлкен арбалармен көшіп - қонған. Арбалар көшпендейтік тұрмысқа ынгайлы, әрі сенімді болған. Арбалар (дом на колесах) дөңгелекті үй деп аталған. Арбага қондырылған үйді «Веже» дейді. Төрт қабыргасы, төбесі жінішке бөренеден қыстырып жасалып, едені тақтайдан жасалған. Мұндай арбаларға екі ат, кейде үш ат жегілген. «Веже» үйлер біздің қолданыстағы (ке-беже) сезін еске түсіреді. Кебеже де төрт қабыргалы үлкен ағаш бұйым. Төбесі ағаш қакпакты, асты тақтайлы болады. Гунндардың жол жүргенде ыстық ас үшін қолданатын ыдыстары болған. Сол көшпелі тұрмысқа қолайлы ыдыстары «Суыма-бар» деп аталағы (который позже, надо добавит, стал русским самоваром) » –депті Мұрат Аджи «Полынь половецкого поля» Москва, 1994, 112 - стр.

Византия елшілігі Прискнің жазбаларында былай дейді: «Біз Аттиланың сарайына келдік. Патша сарайы дөңбектен тұрғызылған. Ағаш қорғанмен қоршалған. Төбесі шатырланған. Қоршаудың ішінде бірнеше ағаш (дөңбек) үйлер болды. Бұл үйлер «Терем» деп аталған»- дейді. Европалық елші Приск бұл жасалған құрлыстарға таң қалғандығын айтады. Себебі бұл кезде Орталық Европадағы тайпалар «лашықта» тұрған. Лашықтар шөптен, ағаш қабығынан жасалған. Орталық Европа халқы шайқасқа жаяу шығатын болған. Жылқы малын пайдаланбаған. Ертоқым, үзенгі дегенді білмеген. Соғыс қарулары ағаш келтек, ағаш каданы пайдаланған.

Аттила сарайында үйлер «Терем» немесе «Исб» деп аталған. «Исб» түрікше (ысси бина) «теплое место» ыстық үй мағынасын береді). Казіргі түркі тілді сөз қолданыстарында (ыстық үй, төр үй, алдыңғы үй) сияқты сөздер кездесіп қалып отырады. Ал «Исб» сезінен орыстың (изба, избушка) сөзі шықкан.

Осы «Исб» тәрізді дөңбектен жасалған үйлер археологиялық қазбаларда Алтай, Саян, Онтүстік Сібір аймақтарындағы гунн қорымдары қазбаларынан табылған. Гунндарды жерлекенде Исб үйлерін, астына мінген атын, құрал-саймандарын өздерімен бірге жерленетін салт болған.

Гунндар үйдің ен жоғарғы, құрметті орнын «Твер» деп атаған. Ол бізше төр, төрге отыру сияқты мағнамен ұқсас. Бізде де төр үйдің құрметті орны болып саналады.

Гунндарда «чарон» (чарки) сусын ішетін ыдыс. Бұл бізше айтқанда «шара» болуы әбден мүмкін (шара-шара қымыз, алтын шарамен ас ішу) сияқты сөз қолданыстары қазір де бар. Комос –қымыз, сырға-сырға, шарон –шара, твер –төр, аба-апа (шеше), исб –ысы (ыстық), ісу –ішу.

Бұл келтірілген деректер гунндар мен түркі халықтарының тіліндегі ұқсастықтар. Ал тұрмыс – салтындағы ұқсастыққа да мысал келтіре кетейік.

Византия елшісі Прискнің жазбаларында: «Гунндар тери шалбар, аяқтарына етік, қеуделеріне жұннен иіріліп тоқылған сауыт киген. Иірген жіпті 9 қабаттан ширатып, садак оғы өтпейтін сауыт тоқитын шеберлер болған. Мұны «тоғыз қабат тор сауыт» дейді. Бұндай сауытты түркі халқы, оның ішінде қазактар да көп қолданған.

«Тоғыз қабат тор сауыт,

Корғамасан саған серт», -дейді жыр толғауларда.

Гунн әйелдері көк түсті матадан қеудеше киген, барлығы құлактарына сырға, қолдарына сақина (жүзік) салған. Қыздары шаштарына тенге тағып, құлактарына сырға, қолына сақина киген. Үш жастағы қыздары сырға тағып, қолдарына жүзік киетін болған. Түрікше «сырға» орысша (серги) болып аталып жүр. Ертеде орыс халқында құлақ тесу салты да, «сырға» бұйымы да болмағынын білеміз.

Гунндар тамақты күміс ыдыстармен ішкен. Сусын мен ішімдікті алтын, күміс шарамен ішетін болған. Ет тағамдарын салу үшін ағаш табакпен ағаш шараны қолданған», - дейді Приск. Осында алтын бұйымдар мен заттар көне гунн қорымдарынан археологиялық қазба кезінде табылып отыр. Бұл Прискінің жазғандары шындық екенін дәлелдейді.

«Аттила патшаның жерлеу рәсімі қошаметпен жүргізілді. Бұкіл ел қаралы қайғыға батты. Шаштарын шорт қыып, беттерін жыртып қан шығару салты болды. Аттиланың денесін жібек шатырға қойды. Сарбаздар кезек-кезек күзет-қарауылда тұрды. Патшаның денесі тұн ортасында жер қойнына берілді. Аттиланың денесі үш табытқа салынды. Әуелі алтын табытқа, оның сыртынан күміс табытқа, ен сыртынан темір табытқа орналыстырылған. Патшаның барлық қару-жарағын, қымбатты бұйымдарын өзімен бірге жерлеген. Аттиланың жерлеу рәсіміне қатысқан адамдардың бәрі де ризашылықпен өз билеушілерімен бірге ол дүниеге кетті».

М.Аджи «Қыпшақ даласының жусаны» Москва 1994 ж 113-бет, 115-бет, 132-бет.

Гунн патшасы Аттиланың денесі Батыс Европа жерінде қалған.

Жоғарыда айтылғандай кісі өлімі кезінде, гунндардың бетін жыртып, шашын жайып (шашын жұлып), шаштарын шорт қыып кесу рәсімі біздің қазактың салтында да бар екендігіне тандаңбасқа болмас.

Тері шалбар, тоқыма тор көз сауыт, шашқа тенге тағу (бізше шашқа шолпы тағу). Гунндар да, қазактар да шашқа тенге тағу салтын қыздарға ғана қолданған (әйелдер шашқа тенге, шолпы такпаған).

Бұл жерде келтірілген деректерге және археологиялық деректерге сүйенсек, гунндар мен түркілердің арасындағы ұқсастық байланыс тек тілінде ғана емес тұрмыс-салтында, әдет-ғұрпында, құрал-жабдықтарында, үй бұйымдарында, киім-кешек ұлгілерінде көп кездесетіндігін байқауға болады.

Гунндар заманы, гунн тарихының шындығы, әлі де толық зерттелмей, толық ашылмай жатқандығы белгілі.

451 жылы Аттиланың бастауымен гунндар Галлияға басып кіреді. Осы Каталауын шайқасында гунндар римдіктерден, франктерден, готтардан жеңіліс табады. 453 жылы гунндар көсемі Аттила қайтыс болады. Гунндар Қара теңізге дейін шегінеді. Гунндар Еділ мен Днепр өзендерінің аралығына барып, табан тіреп біраз уақыт дәурен сүрген. Бұл кезенде Аттиланың Матан деген ұлын хан сайлап, көп әскер-қол жинайды. Бірақ гунндар женіліске ұшырап, әскері бірліктен айырылады. Матан ханнан соң мемлекеттері әлсіреп, болып, ақыры

біржолата ыдыраған.

«V ғасырда Еділ мен Днепр аралығындағы гүнн одағы ыдырағаннан кейін, бұлардың бір бөлігі қайта шегініп, қазак даласына келіп, Еділ бойына, Сырдарияның төменгі жағына мекендейген». Олардың кейінгі ұрпақтары оғыз, қыпшақ, қарлық атандып кеткен. Бұл тайпалардың бір бөлігі қазак тайпаларының құрамына қосылып, қазак халқын қалыптастыруға үлес косқан. Сондықтан ежелгі гүнндарды қазак халқын құраған қайнарлардың бірі деуге болады»-деп тарихшы Нығымет Мыңжан гүнндар мен түркі тайпаларының туыстық сабактастырына дәлелді пікір айтады.

Н.Мыңжани «Қазақтың қысқаша тарихы», Алматы 1994 ж, 107 бет.

Л.Н. Гумилев: «Көшпелі қоғамда техникалық прогресс болуы мүмкін емес деп ойлаудың өзі кате. Жалпы көшпенділер, оның ішінде гүнндар мен түріктер, қазір барша адамзаттың құнделікті тұрмысында қолданылатын көп бұйымдарды ойлап тапты. Киім-кешектің бір түрі – шалбарды көшпенділер ежелгі заманда ойлап тапқан.

Узенгі, ерткім 200ж-400 жылдарда, алғашқы ағаш дөңгелекті көшпелі арбалар да көшпенділерден шыққан. Ауыр да тұзу семсердің орнына қайқы қылышты, жебесін 700 метр жерге жеткізетін садакты алғаш көшпенділер қолданған.

Көшпенділер тек материалдық мәдениетте ғана емес, сол сияқты рухани мәдениетте де, өздерінің отырықшы қөршілерінен артта қалып көрген емес. Көшпенділер жыр-аңыздың екі жанрын: батырлар жыры мен жын-пері жайларын жасаған, басқаша айтсақ, біздегі әдебиеттің орнын оларда мифология атқарған. Көшпенділерде тарихты бір атандың, немесе бір тайпаның шежіресі тәрізді көрінген. Көшпенділерге эталон өлі ата-бабасының таралу жүйесі болған.

Көшпенділердің бейнелеу өнері туындылары тарихтан көптеген мәлімет береді. Тасқа салынған андар мен жануарлардың суреті. Бал-бал тастардағы адам бейнесі, т.б. П.К.Козлов, С.В.Киселев, С.И.Руденко жүргізген қазбалар нәтижесінде көркем өнердің «Хайуанаттық стиль» деп аталатын ғажайып ескерткіштері табылады. Олар гүнндардың мәдениет жағынан Сібір мен Орта Азия халықтарына жақын болғанын анықтауға жол ашады.

860-жылдар аралығында шығыс елдерінде, Қытайда әскери реформа болды. Әскерге түріктің киімі мен қару-жарагы енгізілді. Сарбаздардың жаттығуы да өзгереді. Яғни әскерлер өмірінің күллі тұрмыстық негізі бұзылып, қайта құрылды деген сез. Бұл іс сол кезеңде соғыс пен саясат үшін аса пайдалы, әрі қажет еді.

Біздің бұл тақырыпқа егжей-тегжейлі тоқталған себебіміз – бейне бір Қытайдың шет аймақтары болып табылатын Орта Азияның көшпелі халықтарының аты шулы құнсыздығы туралы пасықтық пікірді жоққа шығарғымыз келеді. Ал іс жузіне келсек, бұл халықтар өз бетімен дербес қарқындан дамыған ел. Тек I ғасырда Қытай басқыншылығы ғана олардың өмір-тіршілігін үзіп таstadtы. Бұл Гүнндарға да, Қытайға да қанды қасиret болды»- деген тұжырымын жазған тарихшы ғалым Л.Н.Гумилев. Ұлы даланың тарихы туралы, Орта Азия көшпенді халықтарының аса маңызды тұтас, бір дәуірі жайлары.

Гүнн дәуірі, гүнн мәдениеті дегеніміз м.ж.б. III ғасыр мен м.ж.к. VIII ғасырдың қамтитын ұзак уақыт. Осы уақыттар аралығында Орта Шығыс пен Қыыр шығыс мәдениеттері арасында тығыз байланыстар орын алған. Сүйтіп, біркелкі, біртұтас мемлекет қалыптаса бастайды.

Қытай жазбалары да Гүнн патшалығы туралы біртұтас ел ретінде мәліметтер келтіреді. Бұл тұтастық конфедерациялық тұтастық болса керек.

Гүнн империясы кезінде Туман хан, айбынды Мәде (Модэ) хан, Аттила (Еділ) патша Аттиланың сарай ақылшысы Едіге көреген тәрізді аты анызға айналған қаһарман, тарихи ірі тұргалар киелі Алтай өнірінде дүниеге келген.

Бұл әйгілі тарихи тұлғалар - ұрпақ мактандырылғаннан бастау көзі. Шығыс тарихында кім бар дегенде мактандырылғаннан бастау көзі.

Жоғарыда айтып отырғанымыздай тарих дегеніміз соқкан желдей, аққан селдей жер бетінен өтіп жатқан бір құбылыстар мен уақыттар жиынтығы ғой деп ойлаймын. Нелер қуатты империялар, қуатты мемлекеттер пайда болып, дәуірлеп нығаяды. Белгілі бір тарихи зандылықтарға сәйкес сол қуатты елдер тарих сахнасынан өшіп кетеді.

Бірақ тарих өзінің жана арнасымен жылжиды, өз арнасымен жүреді. Ол ешкімге бағынбайды.

### Аз сөз Түрік қаганаты жайлы

Алтай өнірінің тарихына әлі де ой жүгіртіп көрелік. Алтай - шығыс өніріндегі көптеген тарихи оқиғалардың күесі. Алтай тарихы терең. Алтай тарихы әріден басталады. Алтай өнірінің әр тасы, әр тәбесі, әр қойнауы халық тарихының үнсіз күесі. Әрбір қорған, қорымдары көне күндерден сыр шертеді.

Алтай – ежелден Кек Түркітін Отаны. Түріктер – Алтайдан Балқан түбегіне дейін көшіп-қонып жүрген ел.

Түйе-түйе, түйелер,  
Тұзың қайда, түйелер?  
Балқан таудың басында,  
Балды-Қоян қасында.  
Барар жерің Балқан тау  
Ол да біздің барған тау – депті бабаларымыз.

Ертеде Алтай, Балқан, Қара теңіз аралығын мекен еткен гунн, түрік бабаларымыздан қалған сөз болса керек.

Қазақстанның шығыс аймағы Алтай өнірі түркі қаганатының байрак көтерген мемлекетінің орталығы болғанын ғалымдар дәлелдеп отыр. Алтай, Орхон өнірі – ежелгі түркі кезеңінің көне мәдениеті белгілері көп сакталған аймақ.

Түріктер VI ғасырда Алтай тауының күнгей бетін, онтүстік аймағын мекендеген көшпелі тайпалар еді.

«Тарихта Алтай, Байқал, Қарашар аралығында Жужан (аварлар) кейде (Жуань-жуань) деген тайпа болған. Бұл тайпаның халқы әр елден бөлініп, одан қашқан, бұдан қашқан жігіттерден құралған. Бұл құрама елге алғыр, ақылды жігіт Челохой басшылық еткен кезде, 391 жылдан бастап Жужан тайпасы нығая бастайды.

Осы кезде Жужандардың терістік батысында Хунну ұрпағы мекендеген өлкे жатты. Олар ежелгі хуннулардың ұрпағы еді. Бұлар айтарлықтай бай, әрі қүшті ел болған. Хуннулардың басшысы Жибаеги (Жабағы) Жужандарға қарсы жорыққа аттанады. Алғашқы шабуылда Жибаеги бастаған гуннулар жеңіске жетті. Бірақ бұл жеңіс баянды болмады. Көп ұзамай гуннулар жеңіліп, жужандарға бағынуға мәжбур болды.

Осы уақыттан бастап, гуннулар Богда-Ола (Табын-Богда-Ола, Монголша Күйтун тауы) тауында темір өндіріп, Жужан хандығына темірден кару-жарап жасап беріп, алым-салық төлеп отырған. Осылай гуннун тайпалары 150 жыл жужандарға бағынышты болды».

(Қ.Салғарин «Көмбे» 66 бет, 1989 ж.).

Тарихтың әрбір кез-кезеңдерінде қоныстанған ел ауысады, бірақ жер өзгермейді той. Жоғарыда айтып отырған «Богда – Ола» (Күйтін) тауы - Онтүстік Шығыс Алтайдың таулы аймағы. Марқакөлдің егізінің сынарындағы Канас көлі де осы Күйтін тауының биігінде жатыр. Бұлардың бәрі де Онтүстік Алтай аймақтарына жататын өнір. «Богда –Ола» тауының Қызыл-Адыр биігінен Қара Ертіс өзені басталады. Сонымен гуннун, түрік бабаларымыздың темір өндіріп, қару-жарап жасап Жужандарға алым-салық төлеп жүрген мекендері Онтүстік Шығыс Алтай өнірі болған.

VI ғасырда гуннулардың күш-қуаты асып, Жужан хандығынан бөлініп, Түрік қаганатын құрады. Сөйтіп Гуннун патшалығы құлағаннан кейін 150 жыл өткенде, сол Алтай өнірінде Түрік қаганаты бой көтерді. 535 жыл! Бұл – Түріктердің жеке ел болып, Түрік қаганатының тарихқа танылған кезі еді. Бұл – көне түріктер үшін жазба дерекке түсіп, сан ғасыр өткеннен кейін өз ғұмырнамасының бастауы болып танылған жыл. Осы жылдан бастап қытаймен елші алмастырып, Түрік қаганаты өз елшілерін де Қытайға жіберіп отырды.

546 жыл теле (тэлэ) тайпасы түріктерге қосылып, Бумын қолы үлкен күшке айналады.

552 жылы Бумын 50 мың әскермен Жужандарды ойсырата жеңіп, өзін қаған жариялағаннан бастап, Түрік қағандығы пайда болып, үлкен іргелі мемлекетке айналды.

552 жылы Бумынды хан тағына көтерді. Бумынды хан көтеру салтанатын – түріктердің ата мекені Алтайдың онтүстік баурайында өткізу белгіленді. «Алтайдың онтүстік баурайында салтанатты хан көтеру жиыны өтеді. Оған бүкіл ел қатысты. Хандықтың құрамына кіретін тайпалардың көсемдері екіге бөлініп, сапқа тұрды. Ортадан Бумын, Истеми, Ышбара би жүріп, Бумынды ақ кигізге құрметпен отыргызады. Осы кезде ақ кигізді қоршай, өздерінің дәрежесіне қарай орналасқан тайпа көсемдері ақ кигізді көтеріп, солдан онға қарай тогыз рет айналып шықты. Эр айналым сайын, ханға иліп тағым етіп, «Хан халқына қайырымды болсын, дүшпанына айбынды болсын. Көк Тәнір қорғасын. Ұмай Ана қолдасын, еліміздің атақ-данқы арта берсін!» деп тілек білдірді. Олардың бұл тілегін бүкіл әскер мен ел «App-у-ак! App-у-ак!» деп дауыстай қолдап тұрды.

Ортаға сүттей ақбоз ат алдырылды. Истеми мен Ышбара Бумынды құрметпен әлгі ақ боз атқа мінгізді. Ышбара би:

- Қанша жыл хан тағында отырасын? - деді.

- Халқымның қажетіне жараганша! – деген Бумынның даусы жүртқа анық естіледі.

Ышбара би көпшіліктің алдына шығып, Бумынды «Ел ханы», әйелі Чаныле бәйбішени «Елблігे қатын» (Ел анасы) деп жариялады». (К. Салғарин «Көмбек» 100 бет, 1989 ж.).

Көне түріктердің тұнғыш ханы –Бумын осылай Түрік қағанатының хан тағына отырды. Бұл түрік халқының аласапыраң заманда азулының аузында, тырнақтының қолында кетпей, тарих сахнасына шығар айрықша кезеңі болды.

Түрік қағанаты күшейіп, керейлерді, қырғыздарды, ақғундарды бағындырып алды. Алтай тауынан Каспий теңізіне дейінгі ұлан-байтақ өнірді мекендеген ұлыстар Түрік қағанатының қоластына кіреді. Түрік қағанаты үлкен, іргелі мемлекетке айналады. Түрік қағанатының ордасы Орхон өзенінің бойына орналасады. Түрік қағанатында мемлекеттің ең жоғарғы билеушісі «Қаған» деп аталды.

Бумын – заманының ірі қолбасшыларының бірі, түрік тайпаларын империя дәрежесіне дейін көтерген, саясатқа жүйрік мемлекет қайраткері. Оны бүкіл түрік халқы пір тұтқан, дана басшы деп біледі.

Құлтегін ескерткішіндегі тас жазуда: «Жоғарыда Көк Тәнірі, тәменде қара жер пайда болғанда, екі арасында кісі оғлы жарапған екен. Кісі оғлының үстінен менің арғы бабаларым Бумын қаған, Истеми қаған отырган екен», -дейді.

Бумын қаған 553 жылы қайтыс болады. Бумынмен қоштасуға бүкіл ел келеді.

Бумынның денесі жібек шатырға қойылды. Ханмен қоштасуға алдымен үй-іші, бала-шағасы, туыстары жіберілді. Олар марқұмға арнаған малдарын шатырдың алдындағы кермеге байлайды. Содан кейін бәрі тізіліп шатырды жеті рет айналып шығады. Одан кейін өз беттерін өздері жыртып, дауыс қылышп жылайды. Жақын-туыстарынан кейін елдің игі жақсылары ханмен қоштасады. Содан кейін жауынгерлер мен сарбаздар қоштасады. Бұл түркі салты өлген адамға мал әкелу, бетін жыртып жылау, жоқтау айту салты біздің қазақ халқында әлі де бар. Бұл да сол кезеңнен үзілмеген сабактастықтың бір көрінісі.

Мұрагерлік жолмен хан тағына Бумынның үлкен баласы Қара Ысық (Исиги- хан Коло) отырды. Бумынның төрт ұлы Қара Ысық (Исиги-хан Коло), Күшу (Муган хан), Арыстан (Тобо хан), Дилеші (Бөрі хан). Бумын ханының ұлдарының бәрі де алғыр, ақылды, айлалы да білгір билік иелері болған. Қара Ысық байсалды да білгір, әрі сымбатты адам болған. Хан тағына отырганнан кейін бір жылдан соң, кенеттен қайтыс болады.

Хан тағына інісі Күшу (Муган хан) отырды. Күшу алыш тұлғалы, сұсты, аса батыл жауынгер болған. Күшу (Муган хан) ел билігін қолға алған соң, үш жылдың ішінде Түрік қағанатын империя дәрежесіне жеткізді.

Шығыста Корей шығанағынан, Батыста Арал теңізіне дейін, Солтүстікте мұзды мұхиттан, Онтүстік шегі Гоби шөліне дейінгі жерлерді қол астына қаратты. Түрік империясын 20 жыл басқарған айбынды қаған Муган хан 572 жылы қайтыс болады.

Муган ханың орнына хан тағына інісі Арыстан (Тобо хан) отырды. Арыстан ханың кезінде Түрік империясы өзінің дәуірлеу биігінде болды. Арыстан хан бұрынғы бабалардың ел билеу салты бойынша елді үш бөлікке бөлді.

Шығыс бөлікті Қара Ыстықтың баласы Шетуге (Эфу ханға) берді. Батыс бөлікті өз інісі Бөріге (Жұтанды) берді. Муган ханың баласы Торэменге (Або хан) қырғыз жерін берді. Истемидің екі ұлы Қара Жұрын мен Түркіснаф еді. Қара Жұрынға – Жетісуды берді. Түркіснафқа – Еділ мен Жайық бойын иелену тапсырылды. Арыстан ханың өз балалары Амрак хан мен Тегін –Шад әке иелігіндегі жерлерге қожалық етті.

Түрік қағаны Бумынның інісі Естеми (Истеми) 552-553 жылдардан бастап батысқа жорық жасаған түрік әскерінің қолбасшысы еді. Ол осы жорығында Жонғарияны, Жетісіу өнірін, Сырдария алабындағы түрік тілдес тайпалар мен ұлыстарды өзіне бағындырды. 563-567 – жылдары Орта Азиядағы Эфталиттер мемлекетін талқандады. Истемидің эфталиттерді женіп, батыс өніріндегі елдерді бағындыруы түрік қағандығының негізін қалады.

Түріктердің Орта Азияны алудағы ірі қарсыласы Эфталиттер еді. Бұл Каспий теңізінен Солтүстік Үндістан мен Шығыс Түркстанға дейінгі аймақты алып жатқан күшті мемлекет болған. 567 жылы Бұқар тубінде Истеми мен Муган хан бастаған түріктер эфталиттерді женіп, Орта Азияны алған соң, түріктер Ұлы Жібек жолын өз бақылауында ұстады. Бұл 563 жылдар, Муган қаған (Күшу) мен Истеми батырдың басшылық еткен кезі еді.

VI ғасырдың аяғында, Түрік қағанаты батысында Византиямен, тұстігінде Персиямен, Индиямен, шығысында Қытаймен шектесіп жатқаны белгілі.

Түрік қағанаты осы елдермен сауда-сатық, дипломатиялық катынаста болды.

Истеми – батыс жақтағы елдерді жаулап, Түрік елінің шекарасын Византия мен Персияға дейін көнегіткен адам. Истемидің кол астында 10 шад басқарған 100 мың әскер болған.

Л.Н.Гумилевтің мәліметінде «Истеми көбінде Персия, Византия бағытындағы жорыққа басшылық еткен» - дейді.

Истеми – женімпаз қолбасшы, ұлы билеуші, түрік қағанаты кезіндегі ұлы тұлға.

Осындай елдермен қарым-қатынаста болған Түрік қағанаты дамудың алғашқы сатысында болуы мүмкін бе? Ежелден ел мен ел байланысында сауданың ерекше роль атқарғаны белгілі. Сол саудагерлер екі елдің мәдениетінің жақындастыруна да ықпал ететіндігі даусыз. Әйгілі Жібек жолы Түрік қағанаты арқылы еткен.

Жібек жолының үш тармағы да Түрік қағанатын басып өтеді. Бірінші тармағы Тянь-Шаньнің күнгей жағы. Қарашар, Ақсу арқылы Ыстық көлге құлап, одан Талас жазығы арқылы Асфораға асады. Екінші тармағы Жонғарияның күнгейімен Үрімші, Құрқарасу, Ерен-Қабыргадан асып, Іленің анғарымен Орта Азияға бет түзеді. Жібек жолының үшінші тармағы Тянь-Шань таулары арқылы өтетін өте киын-қия жол деп есептелген. Керуен сирек жүретін жол екен.

Міне осындағы шығыс пен батысты ғасырлар бойы байланыстырып келген Ұлы Жібек жолының бойында орналасуы, Түрік қағанатының байып, дамуына, мәдениетіне үлкен әсер еткен.

Бұл жөнінде Л.Н.Гумилев: «Ал бұл кезде құба-жон, құла-тұзде Гуннлардан әлде қайда қуатты жаңа мемлекет пайда болды. Ұлы Түрік қағанаты тым қысқа уақыт ішінде 550-570 жылдар арасында Сары теңіз бен Қара теңіз арасында жатқан ұлан даланы біріктіріп бір қолға қаратады да, оған Орта Азияны қосып алады. Түрік қағанаты Қытайдан Европаға жөнелетін керуендердің Жібек жолы саудасынан әбден байып алған еді»-деп жазады.

Ұлы даланы билеген түрік қағанаты, құрамына кірген халықтардың саяси міндет-мақсаттарын өз мойнына алып отырған. Түріктер көптеген халықтармен ұғысып елдік қарым-қатынас ұстаған. Соғылар Қытайдан Европаға баратын керуен жолында отырған ел еді. Соғылар Түрік қағанатының адал дос-жаарандарына, жәрдемшілеріне айналды. Түрік қағанаты батыс пен шығыстың сауда қатынасына билік етті.

Ұлы Жібек жолы сауда-сатықтың өркендеуіне, қалалардың көркеюіне иті ықпал жасады. Қолөнердің дамуы, сауданың өркендеуі ақша айналымын туғызды. Құлан, Тараз, Мерке тәрізді ірі қалалар гүлдене тұсті. Сауда керуендері осы қалаларға келіп тоқтағанда,

көшпелі малшылар жібек, мата, алтын-күміс бұйымдарын т.б. заттарды малға айырбастап алып отырған.

Қалаларда ұсталық кәсібі, қыш-құмыра өндірісі, зергерлік өнері дамыды. Қалада теміршілік кәсібі, тоқымашылық, тери өндеу тағы басқа қолөнері кәсіптері өркендейді.

VII ғасырда Түрік қaganатында жазба әдебиеті дамып, әдеби дәстүр қалыптасқан. Түрік жазуы 25 дыбысқа негізделіп жасалған. Түрік қaganаты кезінде жазба кітаптар (қолжазба кітаптар) көбейеді. Осы кезде Түрік қaganатында түрік руникасы (көне түрік әліп-біі), Орхон жазуы кең таралып, жазу мәдениеті жарыққа шықты. Қазіргі кезде сол дәуірден қалған Орхон жазуымен жазылған тас жазулар көп жерден табылды. Орхон-Енисей жазбалары Түрік қaganаты кезеңін маңызды мәдени мұраларына жататындығы даусыз.

Орхон-Енисей жазбаларын «Түрік руникасын» алғаш оқыған дат ғалымы Вилгельм Людвиг Петер Томсон (1842-1927ж). В.Томсон Копенгаген университетінің «Салыстырмалы тіл ғылыми» кафедрасының қызыметкери еді. Ол араб, парсы, жапон, қытай, цыган, неміс, грек тілдерін білген.

«Бұл 1893 жыл 15 декабряде Дад королдігінің ғылыми қоғамы алдында профессор В.Томсонның баяндамасы тыңдалады. В.Томсон «Орхон-Енисей» жазбасынан алғаш «Тенгри» («Тәнірі») деген сөзді оқып шығады. Бұл тас жазудан оқылған алғашқы сөз еді».

(М.Аджи «Қылшақ даласының жусаны» Москва 1994 ж, 147 – бет).

Батыс Түрік қaganатындағы ру-тайпалар бірынгай түркі тілінде сөйлеген. Оларда жазу мәдениеті жарыққа шықты. Жазу түрік руникасымен (түрік әліп-біімен) жүргізілген.

Нығымет Мыңжан түрік жазба деректері жайлы: «Жунгоның (Қытайдын) жазба деректерінің дәлелдеуінше VII ғасырдың басында Түрік қaganатында жазба әдебиет дамып, әдеби дәстүр қалыптасқан. 630 жылы Батыс Түрік қaganатының астанасы Суяпқа келген будда ғұламасы және Жунгоның атақты саяхатшысы Шуан Заң өзінің саяхат естелігінде: «Түрік елінің жазуы 25 дыбысқа негізделген. Оның жазба нұсқалары солдан онға қарай көлдененінен оқылады. Олар бір-біріне жазба кітаптар қалдырып отырады. Сөйтіп әдеби білім үздіксіз жалғасып, өрісі кеңеje береді», -дейді.

Кейінгі кездерде қазақ даласынан табылған көне түркі тіліндегі көптеген ескерткіштер жоғарғы жазба мәліметтерді даусыз дәлелдермен толықтырып отыр», -дейді.

(Н.Мыңжан «Қазактың қысқаша тарихы», 116 бет).

Құлтегін, Білге қаған, Тонюкек тас белгілерінің алғаш табылуы жайлы біраз дерек келтірейік.

Түрік жазба мәдениетінде Орхон жазбалары, Енисей қазбалары түркі дәуірінің маңызды мұраларына жатады. Орхон-Енисей бойынан табылған тас ескерткіштер VI – VIII ғасырдан қалған. Бұл аймақтан үш ірі ескерткіш табылып отыр.

Бұлар Могилян (Білге қағанның) және Құлтегін батырдың басына қойылған құлпы тастар мен Тонюкектің басына қойылған тас ескерткіштер.

Бұл тас ескерткіштегі жазулар әдеби жанр жағынан қазақ әдебиетіндегі батырлар жырына ұқсайды.

Бұл ескерткіштің бірі – Тонюкек (Тониұқұқ) ескерткіші. Тонюкек осы ескерткішті 716 жылы өз қолымен жазған. Тонюкек қайтыс болған соң, бұл ескерткіш оның қабірінің басына қойылады. Тонюкек жас кезінде Қытай астанасында 13 жыл тұрып, білім алған оқымысты адам, әйгілі әскери маман болған.

Тонюкек (644-731ж) өмір сүрген. Ол - Білге қағанның қайын атасы және хан ордасының қызы. Тонюкек қарлық елінің Сәбек тайпасынан шыққан адам екендігі айтылады.

XIII ғасырдың басында найман Таян ханның хатшысы болған Тататунға осы Тонюкектің ұрпағы деген дерек бар.

Енді осы Орхон-Енисей бойынан табылған көне түрік тас ескерткіштерінің табылуы, оның зерттелуі жайлы айтсақ.

1719-1727 жылдары Сібір аймағына неміс ғалымы Даниел Голтлиба Месссершмидтің ғылыми саяхаты жасалған. Месссершмид Онтүстік Сібірдегі Нершинск елді мекеніне таяу жердегі көне қорымнан екі тас белгіні табады. Тас белгілерде андардың суреті, ою-өрнектер,

аншылық суреттері бейнеленген. Суреттер талғам мен үйлесімділікті танытатындай шеберлікпен салынған Және тастағы руникалық жазудың «Көне герман руникасына» ұқсастықтың барлығына ғалым назар аударады. Бірақ Сібір мен Германия бір-бірінен өте шалғай жатқан аймақ. Ондай ұқсастық мүмкін емес деген қорытындыға келеді. Бірақ түрік руникасының Европаға Гунн империясы мен Түрік қағанаты кезінде келгені, оның «Көне герман руникасының» жасалуына негіз болғаны кейінен аныкталды.

Мессершмид тастардың фото көшірмесін түсіріп, Петербургке әкеліп тапсырады. Бірақ оған орыс ғалымдары назар аудармадан.

1875 жылы фин ғалымы М.Кастрен өзінің «Енисей жазбалары» деген көлемді ғылыми зерттеулерін жариялаған. Бұдан кейін Н.М. Яринцевтің Маньчужуранияга саяхаты ғылымға көп жаңалық қосады.

1870 жылы Оңтүстік Сібірдегі Орхон өзенінің бойынан фин зерттеушісі А.Гейкель Кошо -Цайдам (Көш сайдан болуы мүмкін) көліне таяу жерден екі көне ескерткішті табады. Және ондаған метрге созылған үлкен қорым табылады.

Тас ескерткіштер өте үлкен, қабыргасы төрт қырлы болған. Үш бетіне түрік руникасымен ұзақ мәтін жазылған (қиса, дастан үлгісінде). Бір бетінде қытай жазбасы болған. Бұл тастардағы «Түрік руникалық әліппиімен» жазылған «Сібір жазба үлгісі» Еділ, Жайық, Дон, Днепр, Дунай аймактарынан табылған жазу үлгілеріне ұқсас болған.

Кошо-Цайдамнан бір шақырым жерден тағы бір ескерткіш тас тақта табылады. Бұл алдыңғы екі тас ескерткіштерден үлкен болған. Бұл аса үлкен тас тақтаға да, үш қабыргасына түрік руникасымен жазылған көлемді жазбалар болған. Бұл қорымдар Құлтегін мен Білге қағанның тас ескерткіші еді.

А.Гейкелдің археологиялық зерттеулерін оқып, талдау жұмысы В.Томсонға тапсырылады. В.Томсон Дат Королдігі ғылыми қоғамы» алдында «Енисей жазбалары» жайлы өзінің зерттеулерін оқыды. Осы 1893 жыл Түркі халқының тарихта қайта танылу кезеңі болып қалады. Вилгельм Томсон тас текстен алғашқы сөзді оқыды. Бұл «Тенгри» деген сөз. Түрікше «Тәнір» деген ұғымды білдіреді. Көк-Түріктер ежелден «Көк Тәнірі» нағымын ұстанғаны белгілі.

Үлкен ілгері елге айналған Түрік қағанаты ішкі қырқыстар мен жаңжалдардың салдарынан 603 ж батыс және шығыс жақ болып екі билікке бөлінеді. Батыс Түрік қағанаты және Шығыс Түрік қағанаты болып атанды.

Түрік қағанатының құрылышының Қытай мұлдем басқаша көзбен қаралды. VI ғасырдан бастап түрікке карсы пиғыл Қытайдың басты сыртқы саясатына айналды. Қытайдың негізгі мақсаты Азияға түгелдей өз билігін орнату болды.

Тан патшылығы қолдаған тайпалар көтерілісі Батыс Түрік қағандығын әлсіретті. Батыс Түрік қағандығын билеушілеріне карсы шыққан түрік тайпаларын Тан патшылығы оларды қолдап, олардың басшыларына жоғары мансап беріп, шен-шекпен сыйлап отырды. Бұл Қытай билеушілерінің аяр саясаты. Түрік басшыларын қырқыстырып қойып, ақырында өздеріне тәуелді ету саясаты еді.

Қытай мемлекетінің жымысы саясаты жөнінде ғалым Л.Н.Гумилев: «Орта Азия халықтарының тоқырап қалушылығы жөніндегі жаңсақ пікірдің түсінігі де – осынау рахымсыз қатал күресте жатыр. Олар талантты, ерлігі, ақыл-ойы жағынан Европалықтардан кем түсken емес. Бірақ басқа халықтардың мәдениетті өркендетуге жұмсаған күш-жігерін түріктер әkkі де қаттығез жаудан өз тәуелділігін қорғап қалуға жұмсады. 300 жыл бойы жайбарақат тыныштықты көрmedі. Бірақ тұған жерін кейінгі ұрпағына аман сақтап, ұзақ соғыстан женімпаз болып шықты. Қытай идеологиясы Ұлы даладан аттап өте алмады», деген тұжырымды пікірін ашық айтады.

VII ғасырдың 30 жылдарынан бастап Батыс Түрік қағанатында ішкі ыдыраушылық басталды. Билеуші топтың арасында өкімет билігіне таласқан қырқыстар өршіді. Түріктер 634 жылы Сырдариядан батысқа қарай көп аймактарынан айрылды. Тан әскерлері 634 жылы Каражарды, 648 жылы Құшарды алды.

Даланың данышпан, ақылғойі Тонюкөк: «Түрік жұрты өлді, алқынды, жоқ болды. Түрік – сыр жұрты жерінде тұтқа қалмады», - дегенде осы кезеңді айтқан болар.

«Батыста Визянтия мен Персияны тітіреткен, шығыста Қытайға салық төлеткен, Хинган асуларынан Қара теңізге дейінгі жерді иеленіп, бүкіл көшпендерді бір тудың астына бағындырған Түрік қағанаты кейінгіге тағылым болар із қалдырыды да, анызға айналып, тарихтың тылсым койнауына еніп кете барды», - дейді. Бастауын ғасырлар теренінен алып, Түркі қағанаты кезеңдеріне терең барлау жасай білген тарихшы ғалым Қ.Салгарин.

VIII ғасырдың басында Батыс Түрік қағандығы құлады. Түрік қағанатының соңғы ханы Құлан қаласында 704 жылы қайтыс болды.

Алтай тарихының екінші таралуы Екінші Түрік қағанаты кезеңін қамтиды. 603 жылы Түрік қағанаты екіге бөлініп, осы ыдыраудың салдарынан 630 жылы шығыс Түрік қағанаты құлайды. Ал 657 жылы Батыс Түрік қағанаты құлаған.

Осыдан 20 жыл өткенде 682 жылы Құтылық батыр, Тонюкөк, Ашидя Юань- Чжень (Юлдызбек) Алтай өнірінде, шығыс аймақтағы бытырап кеткен түрік тайпаларын қайта ұйымдастырып, халыққа басшылық етеді. Елді қиыншылықтан шығарудың жолын іздестіреді.

- Бабаларымыз ақыл мен адалдық үлгісімен, қайратпен елді билеген. Тұбіміз бір туыспыз. Бірлік байрағын көтерейік, Өтекен тауына жиналышадар, - дейді Тонюкөк. 682 жылы мемлекетті Құтылық басқарды. Орталығы Өтекен тауы киелі орын деп аталған.

Халықтың дана ақылғөйі Тонюкөк «Үмітсіздік үгілтеді, жігерсіздік түнілтеді елді біріктірсек, ертең – ақ есе бермес күшке айналамыз»-дейді.

Құтылық ханның Ұлы Білге қаған (Могилян) жаздырған тас жазуда: «Қаған әкем 17 ермен жортып жөнелген екен, сыртқа жүріс қылайын деген екен». «Жиналыш 70 ер болған екен». «Барлығы 700 ер болған екен»-деген сөздер бар.

Бұл сөздердің мәні 17 ердің түрік тайпаларын аралап, үгіт жүргізгені, елді бірігүе шакырғандығы байқалады.

Құтылық әскерлері жауына қырғидай тиетін ержүрек жігіттер болған. Олар әр тайпадан құралады. Олардың әркайсысы өз нөкерлерін, өз әскер жасақтарын ертіп келеді. Көп ұзамай Құтылық әскері 500-ға жетеді.

Тас жазуда Білге қаған: «Әкем әскері бөрі сияқты болған екен, жаулары қой сияқты болған екен»,-дейді.

Шұғайқұздың етегінде Түрік-сыр халқы Құтылық батырды хан көтереді. Құтылықты (Ел-Төресі) деген атпен таққа отырғызады (кей жазбаларда Елтерес).

Құтылық хан Тонюкөк пен Ашидя Юань- Чженьді хан ордасының бас кеңесшілері етіп тағайыннады. Екі інісіне қарауындағы екі басқакты басқартады. Ұлкен інісі Қапағанға «Шад» деген атак (лауазым) береді. Екінші інісі Дүзелбекке «Яғбу» атағын береді («Шад», «Яғбу» Түрік қағатындағы лауазым аттары).

683 жылы Құтылық хан тоғыз оғыздарды женеді. Тоғыз оғыз, Байырқу тайпалары Құтылық хандығына қосылады. 691 жылы Құтылық Қытай әскерлерімен шайқасып женіске жетті. Қытайға бағынышты түрік тайпаларын азат етті. Құтылық хан Екінші Түрік қағанатының іргесін қалап, шаңырағын көтерді. Құтылық хан (Ел-Төресі) жауларына карсы 47 рет жорық жасаған. 691 жылы Құтылық хан қайтыс болады. Құтылықтың ұлкен інісі Қапаған хан тағына отырды. Қапаған хан ұйғырлармен соғысып, Халқа өнірін түріктерге қаратады.

Қапаған ханының келесі жорығы қидандарға жасалды. Қапаған 10 мың әскермен қидандарға аттанды. Бұл жорықтан Қапаған хан зор жениспен оралды. Қапаған қаһарлы ханға айналды.

Екінші Түрік қағанатының жер көлемі өсті. Сарбаздарының саны 100 мыңға жетті.

Ендігі қауіпті жау қырғыздар еді. Ұлкен шайқастан кейін қырғыз жауынгерлері женіліс тапты. Екінші Түрік хандығы қырғыз елін түгелдей өзіне бағындырды. Бұдан кейін түргештерді, татаптарды бағындырады.

Байырқулармен болған бір шағын шайқаста 716 жылы Қапаған хан қайтыс болады.

Құтылық та, Қапаған да өз заманының дара тұлғалары. Тас жазуда: «Өлімші халыққа жан кіргізіп асырадым. Жалаңаш халықты тонды еттім. Кедей халықты бай қылдым. Аз халықты көп қылдым»-дейді. Бұл сөздерден Құтылық пен Қапағанның елін суюі, елдің, халықтың келешегін ойлағандығын байқаймыз. Түркі қағанатын қайтадан ныгайтқан ерлік тұлғаны танимыз.

Түркі қағанатының тағына Могилян (Білге қаған) отырды. Могилян -Құлтегін батырдың ағасы. Қапаған қайтыс болғаннан кейін Құтылықтың екі ұлы Құлтегін мен Білге хан (Могилян) қағанаттың білгір басшылары болды. Құлтегін батыр, әскер басы болса, Могилян хан көрекен, рахымды, білгер билік иесі еді.

Бұл мезгілде Құлтегін батыр Шу өзені, Үзгент маңында оғыздарды тас –талқанын шығарып жеңді. Карлуктардың шабуылын тойтарды.

Бұқіл қағанат әскерінің бас қолбасшысы, әйгілі Құлтегін батыр 47 жасында қайтыс болады. Оның азасына дүниенің төрт бұрышынан адамдар жиналды. Қидан, Тағбаш, Тибет, Түргеш, Татап, Оғыз, Қырғыз, Ойғыр елдерінен көп халық жиналды.

Құлтегіннің қайтыс болуы Білге қағанға қатты батады. Ол бас көтермей жатып қалады. Тас жазуда: «Құлтегін інім қайтыс болды. Көрер көзім көрместей, білер білігім білместей болды. Өзім қайғырдым. Қатты қайғырдым. Көзден жас келсе, көнілден жылау келсе, тағы да қайғырдым. Сонша қайғырдым. Екі шад ізбасар іні-жиенім, оғыланым, бектерім, халқым сендердің кас-қабағың жаман болмақ деп қайғырдым», -дейді Білге қаған. Білге қағанның қайғысы ел қайғысы, қағанат қайғысы еді.

Қытайдың сыйлығына сатылған Мейлу-бек 734 жылды Білге қағанға у беріп өлтіреді. Білге қаған өлгеннен кейін Түркі қағанаты он - ак жыл өмір сүреді.

745 жыл Екінші Түркі қағанатының жойылған жылы.

Грумм Гржимайло: «Тонюкек, Білге қаған, Құлтегін даңқты түріктердің ақыры болатын» - дейді.

Бес ғасыр өмір сүрген айтулы Гунн патшалығының Алтай өнірінде ірге көтеруі, екі ғасырдан артық дәуірлеген, ерлік пен елдік дәстүрі көп елге ұлғі болған Түркі қағанаты да осы Алтай, Шығыс жерінде ордасын көтеріп, дәуірлегендігін айтсақ артық болmas деген ойдамыз. Ойымыз дәлелді болу үшін мына бір деректі келтіре кетейік.

Орхон тас жазуында: «Асусыл Алтай тауынан асып, өткелсіз Ертіс өзенінен етіп, түркіштерге шабуыл жасап, қағанын тұтқынға түсірдік, яғбын, шадын өлтірдік», - дейді Шығыс түркі қағандығының Бөгі ханы. Бұл Бөгі қағанның 20000 әскермен барып, түркештің Саға қағанын, інісі Женуді тұтқынға түсіріп, женіспен оралған сәтті жорығы еді.

Гунн түркі бабаларымыздың ерлік жолынан аздаған мәлімет келтіре кетуді жөн көрдім. Эрине Гунн патшалығы, Түркі қағанаты деген оқиғалар әрқайсысы ондаған томдық шығармаға арқау болатын үлкен тақырып, терең тарих екендігі белгілі. Бабаларымыздың өшпес ерлігі, әрбір жорығы, әрбір женісті шайқасы бір-бір тарих екені сөзсіз.

Гунндар мен түркі жорықтары жайлы тарихи шығармалар да, тарихи зерттеулер де, ғылыми еңбектер де көп.

Бұл жерде біздің айтпағымыз осы кезеңдер туғызған ұлы тұлғалардың Алтай топырағында, шығыс өнірінде дүниеге келуі.

Бұл өнір – әйгілі жақсылар Тонюкек кеменгер, Құлтегін батыр, Білге қаған, Бумын, Истеми сияқты алыптардың Отаны. Осындай тарихи ірі тұлғаларды Киелі Алтай дүниеге әкелген.

Мұндай даналық пен аскан батырлықтың ұлгісі болған құдыретті адамдарды өмірге әкелген ел де, жер де, Алтай топырағы да касиетті болса керек.

Жоғарыда айтқанымыздай Гунн патшалығы б.ж.с. бұрынғы I-II ғасырда өмір сүріп б.ж.с. кейінгі II ғасырда ыдырағаны тарихтан белгілі.

Ал Гунн патшалығынан кейін б.ж.с. кейінгі 553 жылдан 675 жылға дейін (Түркі қағанаты) Алтай аймағында куатты Түркі қағанаты (мемлекеті) өмір сүргендігін айтпаска болmas.

Түркі тарихын, оның ішінде қазақ халқының тарихын да Гунн, Сак дәуірімен сабактастыра зерттеу, сол кезеңдермен байланыстылықта зерттеп қарастыру тым алыс, тым

терен де мәселе емес. Тарихта алыс жол жоқ. Негұрлым алысқа көз салып, терендете зерттеген сайын, тарих өзінің шынайы жүйесіне барады. Орта жолдан жазылған тарих атаулының бәрі де өміршөң болмайтындығы белгілі.

Қазақ тарихы Шыңғыс ханнан басталды дегенді де естіп қалып жүрміз. Бірақ қазақ халқының тайпа болып тараптуы, ұлыс болып ұлғаюы, Найман, Керей, Қоңырат, Қыпшақ хандықтары кезеңі Шыңғыс ханға дейін 200 жыл бұрын, одан көп ерте пайда болған. «Алтын Орда», «Ақ Орда» хандықтарына да осы жоғарғы тайпалар негіз болды. Нактылай келгенде осы ұлыстар мен тайпалардың негізінде қазақ хандығы өмірге келгендігін бүгінде тарих дәлелдеп отыр.

Әр бұлақтың да бастау көзі бар. Соған бармай тиянақтамайды. Тарих та өз бастауын іздейді, соған барып тиянактайды.

«Өзі жасаған байтақ тарихын әлі реттеп, жүйелей алмай келе жатқан елміз. Халқымызың тарихы байтақ, терен, аухымы кен»-деген еді ғалым Мырзатай Жолдасбеков бір сезінде. Сол үлкендер айтқандай байтақ тарихымызың қысқартып, теренімізді таязdatapасақ.

Алтайда туған, Алтайдан шықкан, ерліктерін таска қашап жазып кеткен бабалар ерлігін оқып, танып, ұғынып бүгінгі өрімдей жас буындарымыз рухы биіктеп, азamatтық намыс оты лаулап, түпкі тектін алтын діңгегін сүйеніш ететін кезенде отырмыз. Келер ұрпаққа осыны танытып кету - ага буынның өтелмеген парызы. Жалпы Түрік әлемінде Алтай өнірінің маңызы аса зор. Оны туған халқының перзенттері де енді-енді ғана төркінін танып, түсіне бастағандай.

Ел тарихы мен жер тарихы егіз ұғым. Еліміз қандай? Жеріміз қандай? Еліміздің өткенінде не тарих бар дегенді әр адам білуге құмар.

Бұл – әр адамның жан дүниесімен үнсіз жалғасып жатқан керемет сыр болса керек.

## АЛТАЙ АЛЫПТАРЫ

Алтай – күрделі, ірі тау жүйесі. Солтүстік батысы Батыс Сібір жазығынан Оңтүстік шығысында Гоби шөліне дейінгі аралықты алып жатыр. Алтайдың ең биік шыны Мұстау (Актау, Белуха) 4500м биіктікте. Солтүстік батыс Алтай кейде Кенді Алтай деп аталады.

Оңтүстік Алтай – Кара Ертіс пен Бұқтырма өзендері аралығындағы биік тау жүйесі. Оңтүстік Алтайға жататын басты тау жоталар жүйесі: Куршім, Сарымсакты, Азутау, Күйтін (Бес биік). Тау өнірінің биіктігі шығыстан батысқа қарай аласара береді. Батысқа қарай Қалба тау жоталары жатыр.

Ежелден Алтайды айтқанда егіздің сынарында болып, «Алтын» деген сөз қосарлана айтылады.

Алтын алтай, Алтын тау, Алтынды тау деген тәрізді атаулар көп кездеседі.

Ерте кезде Алтайды «Алтын тау» деп атаған деген аңыз да бар. Осыған дейінгі әлем тарихшыларының дәлелдеуінде Алтай сөзі моңғолша «Алт» сөзінен қазақша «Алтай» деген атау пайда болған деген болжаммен шектеледі.

Фалым Ислам Қойшыбайұлының зерттеулерінде басқаша тұжырымдайды. Алтай топонимінің түп негізі «алты» және «ай» деген түркі сөзінен шыққандығын айтады.

«Алты айлықтар» елі деп аталып, алты ай қыс, күз болатын, алты ай көктем, жаз болатын осы таулы аймакта «Алтай» деген тау аты пайда болған деп дәлелдейді. «Алтай» өз атын өзі әйгілеп тұр деген тұжырым жасайды.

(И. Қойшыбайұлы «Тұран әлем», Алматы, 2007 ж.).

Кенді Алтай – өзінің тума табиғатымен, жануарлар және өсімдік дүниесінің байлығымен талай жұртты таңдандырған өлке. Осы құт қонған өнірге орналасқан Шығыс Қазақстан облысы әлемнің барлық карталарында белгіленіп отыр.

Алтай түсті металл кендеріне бай. Бұл кен байлықтар қоры Лениногорск, Зырян, Серебрянск аймақтарында көп кездеседі.

Кенді Алтай өнірінде: мырыш, корғасын, мыс, алтын, күміс, сурьма, күкірт т.б. түсті металдар қоры көп.

Нарын, Күршім, Азутау жоталары – алтын, қола т.б. сирек кездесетін металлдарға бай. Қалба тауында қалайы мен вольфрам қоры бар.

Осы Кенді Алтай байлығының кереметімен XVIII ғасырдың басы мен XIX ғасырдың аяғында Алтай аймағында қанша өнеркәсіпті қалалар бой көтерді.

Бұл қалалар – Алтай атырыбының қеудесіндегі соғып тұрган жүрегі. Бұл қалалар – алтын шайнап, мыс бүркіп тұрган алыптар. Осы алыптарымыз жайлы біраз тоқтала кетпекпіз.

Шығыс Қазақстанның тау – кен және түсті металлургия өнеркәсібі міне үш ғасыр бойы жұмыс істеп келеді. Қазіргі кезеңде Шығыс Қазақстанның тау – кен және түсті металлургия өндірісі өзінің жана кезеңдеріне аяқ басып отыр. Кәсіпорындар бүтінгі күннің талабына сай, сапасы жағынан тенденсі жоқ өнімдер шығаруда.

1749 жылы Уба маңынан Ф.Политов тапқан мыс кені көзінің болашағы зор болды. Қазір олар Николаевский және Павловский ірі кен қойнауы ретінде белгілі.

Алтайдың Солтүстік батыс бөлігіндегі полиметалл кенінің қорын Орал кен өндірушісі Акинфий Демидов пайдаланған. 1726 жылы А.Демидов Алтайдан кен өндіруге үкіметтен рұқсат алады. Мемлекет иелігіндегі шаруаларды әкеліп кен қазу жұмысына салады. Ертіс өзеніне Шұлбі өзені құйылар жерден мыс кенінің қорын табады (казіргі Шұлбі электростанциясы тұрган жер).

«1727 жылы Локатевка өзенінен А.Демидовтың мыс қорытатын зауыты салынады. Бұл Алтайдағы тұнғыш зауыт еді. 1726 жылы Демидовтың жұмысшылары Колыбан көліне келіп орнығып, кен қазу жұмысын бастайды. А.Демидов ашқан өнеркәсіп орындары мен зауыттар «Колыван-Воскресенский» деп аталды. Ол кезде Демидов зауыттары металл қорыту үшін ағаш көмірін пайдаланған. Жұздеген гектар жердің карагайын кесіп, одан ағаш көмірін даярлаған.

1747 жылы А.Демидовтың зауыттары мен өнеркәсіп орындары түгел Демидовтан алынып, Елизавета Петровнаның (патшаның) карауына көшті».

(Н.В.Алексенко «Усть-Каменогорск и устькаменогорцы», 1995 ж, 17 стр).

Негізгі кен қорының орны Үлбі, Бұқтырма, Уба өзендерінің аймақтарында болып шыкты.

Ежелгі аңшылар мен адамдар осыдан 4000 жыл бұрын осы өнірде металл балқытып, кәсіпкерлік құрал-сайман жасай білгені тарихтан белгілі. Оған қола дәуіріндегі табылған найзалар, болат қарулар дәлел бола алады.

Қола дәуірінде Бұқтырма өнірінде металлургия орталығы болғанын, Қалба мен Нарын таулеринде мыс қалай қазылып алынып, қалай қорытылғаның әйгілі ғалым Ә.Марғұлан өзінің ғылыми зерттеулерінде көрсеткен.

Алтай өнірі ежелден (ерте заманнан) адамдардың өмір сүріп, тіршілік етуіне қолайлы аймақ болды. Құнарлы топырақ, кен жайылым, кен байлығы, орман-тоғай байлығы, қымбат терілі андар, балық байлығы, өзен-көл су байлығы мол бұл өнір адамдардың ерте заманнан қоныстануына негізгі себеп болды.

XVII-XVIII ғасырда кен орындары қайтадан жандана бастады. Шығыс Қазақстанның үшін Политов, Николаев, Павлов кенішінің ашылуы үлкен тарихи маңызды оқиға болып саналған.

Ф.Политовтан кейін мыс кен өндірісін Герасим Зырянов дамыта түсті. Г.Зырянов Бұқтырма жазығында орналасқан кен орнынан саф алтынның табиғи құймасын табады. Осы саф алтын құймасының табылуы Шығыс Қазақстан кен байыту кешені тарихының бастауы болды. Екінші табиғи алтын құймасы Манко алтын өндірісі кезінде табылған. Ушінші саф алтын (салмағы 350 грамм) 1975 жылы Күршім өзені бойынан Бурабай кен өндірісінен табылған. Осылай Оңтүстік Алтайдың тау-кен өнеркәсібі басталып, әрбір жана ашылу сайын Шығыс Қазақстан түсті металлургия алыптарының аумағы кеңеje түскен еді.

Шығыс Қазақстан өнірін экономиканың дамуына арнап жаратқан өнір деуге болады. Себебі ол-қылқан жапырақты құрылысқа жарамды ормандар, электр қуатын өндіруге мүмкіндігі зор мол сулы өзендер, Менделеев кестесіндегі барлық элементтерге бай кеништері бар өлке.

Алайда бұл қазына адамдар үшін өз есігін айқара аша қоймады. Өлке байлығы баяу игерілді. 1720 жылы Ертіс өзені бойына Усть-Каменның қамалының салынуымен бұл кенді өлкені зерттеу басталды.

1816 жылы Филиповка Шулы өзенінің жанында қарапайым, екі пештен тұратын шағын зауыт бой көтерді. 1846 жылы П.Ярославцевтің жобасымен салынған байту фабрикасы іске қосылды.

Тау-кен өнеркәсібінде Риддер кенишінің өзіндік салмағы жылдан-жылға ұлғая түсті. 1786-1844 жылдарда шахта 12 миллион пут корғасын, 810 пут таза күміс, 5 мың пут алтын тапсырған еді.

Бірақ XIX ғасырдың аяғында тау-кен өнеркәсібінің дамуы тоқталып қалды. Оған жоспарлы жобаның және озық технологияның жоқтығы себеп болды. Патша үкіметі кен орындарын Еуропаның өнеркәсіпті және қаржылы компанияларына беруге мәжбүр болды. 1895 жылы француз капиталының құшімен «Зырян тау өнеркәсіптік қоғамы» құрылды. 1905 жылы Зырянға Австрия алтын өндірушілері келе бастады. 1914 жылы басталған Бірінші дүниe жүзілік соғыс корғасынға деген сұранысты арттырып жіберді. Осыны пайдаланып Ридерді Л.Уркварт металл өндірісінің бірқалыпты жұмысын жолға қоя білді. 1921 жылы Уркварттың қарамағындағы кен орындары мемлекет қарамағына алынды.

1920-30 жылдары металлургия өндірісі жандана түсті. XIX-XX ғасырлар шегінде Өскемен уезінде алтын өндіретін 107 приск болған. Алғаш рет Алтай күмісі эрмитажға сактауға қойылған. Александр Невский таббытын жасауға пайдаланылған.

1923 жылы электролит зауыты, мырыш зауыты салынады. 1925 жылы үкімет шешімімен Қазақстан мен Кенес Одағын ірі өндірістік бірлестігі «Алтайполиметалл» Алтай-Қазақстан өнеркәсібінің мемлекеттік жалпы одақтық тресі құрылды. Осыдан екі жылдан кейін Зырян комбинаты іске қосылды. Бірақ комбинаттың қарқынды дамуына электр қуатының жоқтығы кедергі болды. 1936 жылдан бастап Тұрғұсын СЭС-і салынып, Зырянды электр қуатымен қамтамасыз ете бастады.

1939 жылы Өскемен СЭС-нің құрылышы басталды. 1941 жылы еліміз үшін корғасын өнеркәсібі өнімдерінің маңызы аса зор болды. Соғыс жылдары Алтай екінші майдан даласына айналды. Еліміздің 100-ден аса кәсіпорындарының құрал-жабдықтары Қазақстан жеріне әкелініп, оқ дәрі үшін жұмысалатын түсті металл өндірісіне пайдаланылды.

1942 жылы Дінмұханбет Қонаев жедел екі ай қөлемінде снаряд өндірісін жолға қою туралы тапсырма алды. Дәл 60 сөткеден кейін майданға снарядтың алғашқы легі жөнелтілді.

(«Құпиялы өлкенің ғажайыбы» Өскемен, 2001, 304 бет).

Жарты ғасыр уақытта біздін индустріямыздың алыбы Өскемен корғасын-мырыш комбинаты өсіп жетілді. Бұл зауыттың құрылышы 1942 жылы Кавказдан эвакуацияланған «Электроцинк» зауытынан келген құрал-жабдықтар негізінде басталған еді. 1947 жылды 25 сентябрьде зауыт алғашқы Қазақстандық мырыш бере бастады. 1980 жылдары корғасын зауыты өнімінің жоғары сапалығымен бүкіл әлемге әйгілі болған КИВЦЭТ-ЦС марқалы корғасын өндіре бастады. Бұл жаңалық Италия, Канада, Германия, Жапония, Корея, Швеция, Франция елдеріне патент алды.

Ғылыми-техникалық құш шоғырланған облысымыз әлем бойынша озық технология үлгісі бола білді. Комбинатта өндірілген түсті металл құймалары 50-ден астам халықаралық көрмелерге қойылды. Комбинат әлемнің 35 еліне металл өнімін шығарды.

Шығыс Қазақстанда және қазақстандықтар арасында бірінші рет 1994 жылы Өскемен корғасын-мырыш комбинатының директоры А.С. Кулевовқа «Халық қаһарманы» құрметті атағы берілді.

1997 жылы Алтай өніріне нарық экономикасын енгізу жағдайында металлургия саласының ұжымдары Текелі комбинаттары, Бұқтырма мен Текелі СЭС-тері, Лениногорск жәндеу – механика зауыттары шоғырландырылып, президент Г.Г.Штойктың басшылығымен

«Қазақмырыш» ААҚ –кен өндіру, өндеу, металл мен электр қуатын өндіру саласы, әлемдік металлургия тәжірибесіндегі сирек кездесетін алдыбы болып отыр. Қәсіпорын «Қазақмырыш» 50 мердігерлік кәсіпорынды байланыстырып, 25 мың жұмысшы мен мамандарға жұмыс беріп отыр. Комбинаттың 2000-шы жылғы жетістігін мына деректерден көруге болады. Мырыштың жылдық өнімі 240 мың тоннадан асып түсті. Комбинат республика бюджетіне 70 миллион доллардан астам қаржы аударды.

Бұгінде облыс экономикасы жаңа өрлеу үстінде. Кенді Алтайдағы тұйық біртұтас тау-металлургия жүйесінің құрылышы аяқталды деуге болады.

Атом - болашақ отыны. Ол туралы сұрапыл соғыс жылдары санаулы ғана ғалымдар білген еді. Үлбі металлургия зауыты мен Өскемен қорғасын-мырыш комбинатын «№10 пошта» деп атаған. Осы қуатты өнімді беріп отыр. Өскеменде «№2 зауыттың» құрылышы 1947 жылдың 30 қыркүйегінде басталып, 1949 жылы кәсіпорын өзінің алғашқы өнімін берді. Бұл алғашқы өнім – торий оксалаты деп аталды. Кейінгі жылдарда бериллий оксиді шығарылды. Сол кездегі құпия зауыт «УМЗ» осылай дами бастаған. Жуықта зауыт өзінің 50 жылдық мерей тойын атап өтті. Бұгінде «УМЗ» -ААҚ курделі техникалық жақсы жабдықталған бейбіт Қазақстан Республикасының туын желбіреткен ірі кәсіпорын.

Мұнда атом станцияларына арналған отын, сирек кездесетін тантал, бериллий, бериллий қоласы сияқты сирек кездесетін металлдар өндіріледі.

Титан - тенденсі жоқ таңғажайып металл. Адамзат үшін қол жетпейтін зат болатын. Қасиетті кенді Алтайда 1964 жылы титан мен магний өндіріле бастады. Титан – өте ерекше химиялық элемент. Титан ең алдымен авиация өндірісі, зымыран-ғарыш техникасында қолданылады.

Нарық экономикасы ала келген ауыртпалықтар «Титан-магний комбинатына» да ауырсын болды. Іскер басшы Бағдат Шаяхметовтың басшылығымен комбинат жұмысы жолға қойылды. Әріптес инвестициялық «Спешалти Металл Компани» белгиялық фирмамен байланыс комбинат қадамын нығайта түсті.

Алтай өнірінің Көкпекті жерінен табылған «Бектемір» кеніші «Титан-магний комбинатына» қажетті шикізат бере бастады. Бұрын бұл шикізат шет елден тасымалданған.

«Қазақмыс» корпорациясының құрамына кірген «Ертіс мыс балқыту зауыты» және «Қазакмыс» пен ірі акционер ретінде корпорация құрамына кіріп отырған «Самсунг» фирмасының қолдауымен маңызды жұмыстар жүргізілуде.

Кенді Алтай тұсті металлургиясы шарықтаудың жаңа биігіне көтерілді. Қәсіпорындар сапасы әлемге танымал өнімдер шығаруда.

Біздің облысымызда өндірілетін құнды металлдардың Қазақстан Республикасының тәжіне қондырған асыл тастай жарқырауы Алтай азаматтарының жүреғіне мактанды сезімін ұялатады. Осының бәрі табиғат берген шексіз байлықты игерे білген адамдардың шебер колдарының, терең ойларының, таусылмас талант, қажырлы қайраттарының жемісі.

Шығыс Қазақстанның, Алтай өнірінің өткені гана бай және жан-жақты емес, оның қазіргі өмірі мен ертеңгі болашағы да жарқын әрі сенімді.

**Өскемен.** Ресей өкіметі Қазақстанның шығыс аймағын Алтай өнірін Ертіс бойын, Зайсан көлін зерттеу, осы аймақты игеру жұмыстарын I-Петр патшаның тұсында қолға ала бастады. Шығыс өлкесін игеру мақсаты Ресей мемлекетінің өндірістік және сауда-саттық саясатымен байланысты болды. I-Петр Ресейдің шығыстағы көршілері Қытай, Үнді мемлекеттерімен қарым-қатынас жасауды көздеді. Ресейдің бұл саясатын Жоғары Ертіс, Зайсан, Тарбағатай өлкесін игеру үшін Иван Михайлович Лихаревке берген нұсқауларынан көреміз. «Если будет возможно туда дойти, и по берегам его есть строевой лес и другие потребности для народонаселения, то постройте у Зайсана крепость и населите».

(«Полный свод законов» ТУ №3234 указ 18 января 1719 г.).

«1719 жылы 16 қантарда гвардия майоры И.М.Лихаревтің басшылығымен әскери экспедиция Алтай өніріне аттандырылды. Экспедицияның мақсаты қамал салуға қолайлар орындарды анықтау еді. 1719 жылдың мамыр айында И.М.Лихаревтің отряды Тобольскіге келіп, сол жерден 34 кемемен Зайсанга келеді. Лихарев экспедициясы Зайсан көліне дейін барады. Бұл 1719-1720 жылдары Зайсан көлі, Қара Ертіс бойы Жонғар басқыншыларының

қолында болды. Сол себепті экспедиция кейін шегінеді. И.М.Лихарев Үлбі өзенінің Ертіске құйған жерінен жаңа бекініс салу керектігін айтады».

(Государственный архив Омской области, Дале ГАОО,  
ф - 1 оп - 1 д 133 л 216).

Осы жылдары Ертіс бойына 1717 жылы Ямышев бекінісі, (Қамысты бекінісі, мұнда тұз өндірілген), 1716 жылы Омск бекінісі, 1718 жылы Семей бекінісі, 1720 жылы Өскемен бекінісі салынды.

Жоғарыда келтірілген деректерден Ресей билеушілері Шығыс Қазакстанды Ертіс өзені арқылы Сібірмен жалғастырып, сауда-сатық жұмысын дамыта отырып, үлкен экономикалық аудан құру шараларын жоспарлағанын көреміз. Ресей басшыларын материалдық ресурстарға бай шығыс өлкесі қатты қызықтырады.

Өкімет тараپынан Онтүстік Алтай, шығыс өніріне орыс адамдарын қоныстандыру саясаты жүргізілді. Бұл өлкеге алғашқы келушілер әскери қызмет атқарушылар, Ресей губерниясынан қашқандар, сотталып Сібірге айдалғандар, түрмеден қашқандар еді. Және әскери қазақ-орыс (русское казачество) топтары жылдан-жылға көбейе берді.

1761 жылы Ертістің саласы Бұқтырма өзенінің бойына қамал (крепость) салынды. Осы кезеңнен бастап Семей, Өскемен, Бұқтырма, Зайсан аймактарына әскери топтар, басқа да қоныстанушылар көбейе бастады.

Өскемен – тасты таулар сағасындағы қала. Ертіс өзеніне Үлбі өзенінің құйылатын сағасына бекініс салынды. 1720 жылы салынған Өскемен бекінісі көршілес Азия елдерімен (Монголия, Қашқар, Қытай т.б.) сауда байланысын орнатуға тірек болды.

Өскемен бекінісі Онтүстік Шығыс Алтай тау жоталарынан басталып, Зайсан көлі арқылы ағып өтетін Ертіс өзені мен Үлбі өзенінің косылысында салынды. Қос дарияның койнауында осылай жаңа қала бой көтерді. Бұл қаланы қазіргі кезде ғалымдар мен тарихшылар «Тас құйған», «Тасты саға» деп те атап жүр.

Өскемен бекінісі 1804 жылы қала мәртебесіне ие болды. 1869 жылы уездік қала болып Семей облысына қарады. 1937 жылы облыс орталығына айналды. Өскемен қаласының өзіндік даму ерекшелігі бар. Бұл қала саяси жер аударылғандар мен каторга айдалғандардың мекені болған. Қазір қала көркейген мәдени орталық.

Өскемен қаласы – 300 жыл өмір сүріп тұрған ірі қала. Қала революция кезеңін, репрессия кезеңін, отаршылық жылдарын, Отан соғысы кезеңдерін бастан өткізді.

Өскемен қаласында ірі өнеркәсіп алыптары шоғырланған. Олардың ішінде әлемге әйгілі «Казак мырыш», «Өскемен титан-магний комбинаты», «Үлбі металлургия зауыты» ашық акционерлік қоғамдары бар. Өскемен конденсатор зауыты, Өскемен мебель комбинаты, Өскемен май зауыты, Өскемен прибор жасау зауыты т.б. жұмыс істеп тұрған өнеркәсіп орындары жаңа техникамен жарактануда.

Калада ғылыми-зерттеу институттары, білім беретін мекемелер жүйесі қалыптасқан.

Д.Серікбаев атындағы «Шығыс Қазакстан мемлекеттік техникалық университеті», С.Аманжолов атындағы «Шығыс Қазакстан мемлекеттік университеті», Мемлекеттік зан академиясының филиалы, кәсіптік-техникалық училищелер бар. Өлкелік патология институты, Геология-минерология Академиясының Алтай белімшесі бар.

Өскемен мәдениет сарайы, Металлургтер сарайы, Спортшылар сарайы. Спорт сарайы - бір отырыста 6 мың адам сиятын ірі ғимарат. Автовокзал кешені, Қалалық теледидар орталығы, Аэропорттың әсем күмбезді ғимараты, Тоқымашылар қалашығы, Жібек-мата комбинаты, Металлургтар қалашығы өскелен қаланың салтанатын асыра түскендей. Жарасымды бала бақшалар 40-тан астам мектеп, демалыс орындары мен парктер, 150 кітапхана, этнографиялық және өлкетану мұражайлары жұмыс істейді.

1938 жылы СССР совнаркомы Ертіс өзеніне Өскемен, Бұқтырма, Шүлбі су электр станцияларын салу жөнінде жоспарланған тарихи қаулы қабылданды. 1943 жылы «Алтайэнерго» басқармасы құрылып, оған И.Клименко басшылық етті.

Бұл жылдарда Тишин СЭС-і, Хариузовка СЭС-і, Быструшинск СЭС-і іске қосылды. Бұл құрылыстар Т.Батуровтың іскер басшылығымен жүзеге асты.

Асқар Алтай биігінен басталып, дариядай толықсып жататын асау Ертіске де бұғау салынды. Бұл тұста Ертіс Аблайкіт таулы қырқаларынан өтіп, жазық алқапқа шығады. Міне осы тұстан, электр станциясының құрылышы басталды. Өскемен қаласынан небәрі 10 км қашықтықта Қазақстан мен Сібір өзендерінің энергиясын игерудің бастауы болған Өскемен су электр станциясының құрылышы басталды. Құрылыш 1939 жылы басталды. 1952 жылы Өскемен су электр станциясының алғашқы агрегаты өндірістік ток берді. 1953 жылы 2-3 агрегаты, 1959 жылы 4-ші агрегаты іске қосылды. Өскемен ГЭС-і қалаға өз қуатын бере бастады.

1954 жылы Бұқтарма ГЭС-інің құрылышы басталды. Құрылыш дарияның «Кұлама», «Жан шықпас» деп аталатын өзен ангарының аса тар жартасты тұсынан басталды.

Бұқтырма ГЭС-інің құрылышында 400-ден астам жұмысшылар мен мамандар еңбек етті. 1960 жылы Бұқтырма ГЭС-інің 3-ші агрегаты іске қосылды. Бұқтырма ГЭС-і республикамызағы ен ірі, ен қуатты ГЭС.

1936 жылдан бастап Алтайда ауыр өнеркәсіпті дамыту үшін Өскемен және Бұқтырма электростанцияларын салу жоспарланған. Бұл қуатты электростанциялардың қуатымен алып өндіріс орындары жұмыс істеді.

Көптеген қалалар мен ауылдарға, ауыл шаруашылығына электр қуаты берілді. Бұғінгі Алтай энергия жүйесі қуатының 2/3 бөлігі өнеркәсіп саласына, 1/3 бөлігі халықтың әлеуметтік қажеттілігіне жұмсалады.

Бұғінгі Өскемен кен өндіру, тұсті металлургия және энергетикасы дамыған Кенді Алтай территориялық-өндірістік комплексінің өзегі болып отыр.

(Облыстық архив материалдарынан).

**Лениногорск.** Бұл қала Шығыс Қазақстан облысының Үлбі тау жоталарының аралығында, Үлбі өзенінің бойында орналасқан. Лениногор қаласы бұрын Риддер деп аталған. 1941 жылы В.И.Ленин есімі берілді. Іргесі 1786 жылы полиметалл кенінің табылуына байланысты қаланды.

Аралас орман өскен, жан-жағын тау жоталары коршаған шағын ойпатты жасыл алқап. Қалың самырсын өскен көгалды алаңқайда кәсіпшілер жертөлесі орналасқан.

Қала тарихы «1786 жылдың 31 мамырында Тройцын күні» тау-кен инженері Ф.Риддердің Барнауыл қаласына жолдаған хатынан басталған. Бұл хатта Ф.Риддер «Кен көзін тапқанын» хабарлаған еді.

Көп кешікпей Ресей казынасына алтын мен күміс тасыған керуен легі ағыла бастады. XVIII ғасырдың сонында Ф.Риддер өндіріс барысына бұргылаудың жаңа әдісін, кенді ок-дәрі жарылысы арқылы қопару әдісін, шахталарда насос (сорғыштар) жұмысын пайдалану сиякты жаңалыктар енгізді.

XX ғасырдың басында ағылшын кәсіпкері Л.Укварт компанияның күшімен электростанция, кен байыту фабрикасы, Рубцовск-Риддер шағын әрекетті темір жолын салғызды. Қазан төңкөрісіне дейін рудник шетел капиталистерінің қолында болды. Риддер рудасы шетел капиталистерінің (Австрияның 1905-1911 жылға дейін, Англияның 1914 жылға дейін) талан-таражына түсіп келді.

1918 жылы Риддер кәсіпорны Лесли Укварттан мемлекет карамағына алынды. Риддер қаласына 1941 жылы б қаңтарда Лениногорск деген жаңа ат берілді.

Риддерді дамытуға елеулі үлес қосқан іскер басшылардың бірі Дінмұханбет Ахметұлы Конаев екені көпке белгілі. Ұлы адамның өз сөздерінен дерек келтірейік:

«Лажсыз Н.Александровичке ресми хат жазып, қолқа салдым. «Комбинат жайы біржакты болғанша, менің орнын - өндіріс» деген уәжді алға тарттым. Тілегім орындалып, Риддер кенішіне директор болып тағайындалдым. Қараша айының 9-ы күні аяғыма керзі етік, үстіме березент, басыма «дулыға» киіп, маган таныс, бейтаныс кеншілердің қалың ортасына қойып кеттім.

Маган «таныс, бейтаныс кеншілер» деуімнің мәнісі бар. Мен Риддерді студент кезімнен білемін. 1934 жылы тамыз айынан, қыркүйектің ортасына дейін практикамды өткеріп, кеншілермен дәм-тұздас болғанбыз.

Бірде Мартынов бізге күтпеген тапсырма берді.

- Кеніште қанша шақырым жерге ауа жүретін құбыр тәселгенін аныктап берсеңіздер. Өндіріс үшін ауадай қажет, - деп қысқа қайырды.

Құлшына кірістік. Біз бармаган жер қалмады. Тау кен қазылып жатқан жерді түгел шарладық. Ескі «қонысқа» айналған горизонттар да назардан тыс қалмады. Ұзындық өлшеуіміз колдан түспейді. Қалт жібермей дәлме-дәл есеп жасап, әрбір горизонт бойынша ауа жіберетін құбыр жүйесін қағазға түсіріп бердік.

Мартыновтың риза болғаны сонша:

- Біз болашағынан үлкен үміт күтерлік ізбасарларымыздың өсіп келе жатқанын мақтан етуімзге әбден болады, - деп бүйрықпен бізге алғыс жариялады.

Осы екі-үш айда біз едәуір ысылып қалып едік. Қара жұмыстың дәмін таттық. Елмен етene арапастық. Таным артып, талғам өскен сайын дүниеге көзқарас ауан ала бастағанын аңғардық. Жана жолдас, жақсы дос таптық. Ақылшы ағалармен тілдестік.

Осылай алғашқы қадамым менің өмірімді Қазақстан түсті металлургиясының дамуымен ажырамастай етіп байланыстырып еді. Мен Орталық Қазакстанда аса қуатты мыс өнеркәсібінің, кейін кенді Алтайда қорғасын-мырыш өндіріс ошағының бой көтеріп, қанат жаюына үлес қосқан алғашқылардың бірі болғанымды әлі күнге дейін мақтаныш етемін, - деп жазады халқының ардак тұлғасы, асыл перзенті өзінің «Өтті дәурен осылай» деген еңбегінде Д.А.Конаев.

Облыс өнеркәсібінде Лениногор полиметалл комбинатының алатын орны ерекше. Мұнда қорғасын, жоғары сапалы мырыш, мыс, алтын т.б. металлургия өнімдері шығарылады. Күкірт қышқылы, сурьмалы қорғасын, кадмий өнімнің басқа да түрлерін шығарды. Бұл өнімдер еліміздің көптеген кәсіпорындарына, сондай-ақ Болгария, Чехословакия, Венгрия т.б. шетелдерге де жіберіледі.

Комбинат құрамына 4 рудник, кен байыту фабрикасы, қорғасын-мырыш зауыттары, ірі жөндеу-механикалық база кіреді.

Комбинат кен өндіру және өндеу жоспарын орындағаны үшін және жоғары техникалық экономикалық көрсеткіштерге жеткені үшін 1966 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Комбинаттың мыңнан артық жұмысшылары ордендер мен медальдармен марапатталды. «Социалистік Еңбек Ері» атағымен Б.В.Плотников, Б.Айдарханов т.б., Лениногорскінің құрметті азаматтары атағымен В.В.Лебедев, И.Иманбаев, В.Н.Петров, С.Нұрахметов, Ә.Калиев, Р. Исабеков, Б. Икласов, А.Жұмаханов, М.Ордабаев, Е. Бектемиров.

Калада Геологиялық барлау экспедициясы, Шахта салу басқармасы, Үлбі СЭС жүйесі, Ағаш өндеу зауыты, Тамақ өнеркәсібі, Тоқыма-тігін фабрикасы, ҚазССРҒА-ның Алтай ботаника бағы т.б. жұмыс істейді. Металлургтердің «Алтай» Мәдениет сарайы, 11 клуб, 15-тен астам денсаулық сақтау мекемесі, 9 орта мектеп жұмыс істеп келеді.

«Лениногорская правда» газеті 1929 жылы 1 июньде бірінші номері шықты. Алғаш «Горняк в соревнований» деген атпен шыққан 1929 -1941 жылға дейін «Риддерский рабочий» деген атпен шықты, 1941 жылдан бері казіргі атымен шығып келеді.

( Н.В.Алексеенко «Усть-Каменогорск и усткаменогорцы» 1995 г, 65-70 стр.)

Нарық экономикасы кезінде Лениногор тау-кен комбинатын кен байыту кешеніне айналдыру қажеттігі туды. Лениногор КБК (ГОК) «Казмырыш» бірлестігінің құрамына кірді. Пайдаланылып жүрген екі полиметалл кен орнынан басқа тағы үш кеніш ашу көзделуде. Бұғанде жаңаша жетілдірілген байыту фабрикасы ТМД елдері бойынша түсті металлургия саласының ірі кәсіпорындарының бірі.

«Бұғынгі Лениногор – тұракты даму үстіндегі кіші және орта кәсіпкершілік қаласы. Мұнда сүт, макарон өнімдерін, диірмен кешендері, май сығу, сыра зауыттары жұмыс істейді. Қоюлатылған сүт, ет консервілері өндіріледі.

Қаланың экономикалық болашағы аса зор. Бұл өнір саяхат-туризмге қолайлы.

Лениногор – Алтай өніріндегі еңбеккор адамдар қаласы. Мәлдір мұздан моншақ таққан Алтай тауларының көгілдір баурайына орналасқан, жасыл шыршадан желек жамылған, ғасырлар данқына бөлген, көнілге шалқар сенім ұялатқан бұл қала-кеншілер мен металлургтер, құрлысшылар мен энергетиктер, дәрігерлер мен мұғалімдер мекені».

(«Құпиялы өлкенің ғажайыбы» Өскемен, 2001 ж, 304 бет)

**Зырян.** Бұл – алтын қазына өлкесі. Оңтүстік Алтайдың қазыналы қойнауына орналасқан қала. Алтайдың бұл өніріне табиғат байлықты аямай берген. Жер қойнауында қорғасын, мырыш, мыс, күміс, алтын, қалайы кен қоры жатса, жер бетіне құнарлы топырақ, мол сулы өзендерді берген. Бұл- Алтайдың жоғарғы Ертіс аймағы. Ежелден қойнауы қазынаға толы өлке. Бабаларымыз көне заманнан бері Бұқтырма бойынан алтын, күміс, мыс кендерін қазып алып пайдаға жаратқан.

XVIII ғасырдың аяғында орыс кен іздеушілері Алтай тауы қойнауындағы Ертіс, Бұқтырма өзендері бойындағы түсті металлға бай Салайыр, Бұқтырма, Зырян кеніштері маңынан ежелгі «Чуд қазбалары» орындарын тапқан. Бұл аймактан археологтар көне кездегі адамдардың тасқа жазған суреттерін, ертедегі адамдардың тұрған тұрактарын тапқан. Галымдар мен археологтардың зерттеулерінде ертедегі адамдар бұдан 4 мың жыл бұрын бұл аймақта кен өндіргендігін анықтап отыр. Бұқтырма өзенінің оң жақ жағасында қарай, Свинчатка, Усть-Нарым маңында ертедегі адамдардың тұрған тұрактары, еңбек құралдары табылған. Бұл заттар қазір облыстық мұражайда сактаулы. Ең алғаш бұл өнірде қазба жұмыстарын көрнекті тау-кен зерттеушісі А.Демидов жүргізді.

1791 жылы Өскемен бекінісінен бұл жерде кәсіпкер кен іздеушілер жіберілді. Солардың бірі Г.Г.Зырянов еді. Тәжірибелі кеніші қазба жұмыстарын бастап кетті. Осылай Зырянов кен орындарының жаңа тарихы осыдан екі ғасыр бұрын басталған еді. Бай кен орны «Зырянов» қаласы деп атала бастады.

(Шығыс Қазакстан облыстық мұрағат материалдарынан).

Бүгінгі күні Зырян қаласында «Зырян қорғасын комбинаты» жұмыс істейді. Комбинат – полиметалл рудаларын өндіретін және өндейтін, басқа түсті металлургия кәсіпорындарына минералды шикізат беріп отыратын кәсіпорын. Комбинат қорғасын, мырыш, мыс сияқты негізгі металл өнімдерімен қоса алтын, күміс, кадмий, висмут металл өнімдері мен концентраттарын шығарады.

Зырян өнеркәсіп орындары 1897 жылға дейін Ресей өкіметінің меншігінде болды. 1930 жылға дейін шетелдік компаниялардың пайдалануында болды.

1931 жылы кен байыту фабрикасы іске косылды. 1932 жылы кен қайта өндіріле бастады. Зырян кен басқармасы құрылып, 1952 жылы «Зырян қорғасын комбинатына» айналды. Комбинат құрамына Зырян және Грехов ірі рудниктері кіреді. 1976 жылдары кенін байытуда технологиялық үрдіс түгелдей автоматтандырылған. 1978 жылы жер асты кенін автоматтаты басқару жүйесі енгізілді. Жоғары өндірістік көрсеткішке жеткені үшін комбинат 1966 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Комбинат Еңбек Ері атағына ие болды. Комбинаттың бас инженері А.С.Травниковқа Лениндік сыйлықтың лауреаты атағы берілді.

(«ҚазССР қысқаша энциклопедиясы» 2 том 243-бет).

Зырянда қазіргі кезде 150 деңгейлік полиметалл, полиметалл-колчедан, мыс-колчедан кен орындары бар. Қала экономикасының негізі «Зырян тау-кен байыту кешені». Ол «Қазақмырыш» бірлестігінің құрамына кіреді. Кәсіпорынның дамуына «Малеев кенішінің үлесі зор». Бұл-асыл және сирек кездесетін металлдарға бай кеніш. Оған тенесетін кен орыны әлемде жоқ. Оның өнімі Ресей, Украина қалаларына метрополитен, Медеу мұз айдының салу құрылышына пайдаланылған.

Бұл өлкенің адамдары да ерекше. Тау-кен ісінің маманы, Социалистік Еңбек Ері, техника ғылымының кандидаты Н.К.Жақсыбаев, Еңбек Ері Жәпек Алдабергенов, Бопан Мұхаметжанов, Тұсілбек Ахметов сияқты азаматтарды Алтай өнірінің адамдары әрқашан мактап тұтады.

Ж.Н.Құлшыманұлының басшылығымен Зырян аймағын зиянды өндіріс қалдықтарынан қорғау мәселесінің шешілуі үлкен табысты іс болды. Бұл мәселені шешу

үшін 30-дан астам ғалымдар мен мамандар қатысқан үлкен кенес өткізілді. Білікті адамдар мен ғалымдар республика қалаларынан және шет елдерден келген ғалымдар, зерттеушілер, химия-биология мамандары қатыса отырып, өткізілген ғылыми кеңестің нәтижесінде Бұқтырма өзені, Бұқтырма су қоймасының тазалығын сактау шаралары белгіленді. Нәтижесінде Бұқтырма су қоймасы зиянды қолдықтардан тазарып, теңіз жағасындағы өсімдіктер мен теңіздегі балықтардың себепсіз ауыруға шалдыгуы азайды.

Алайда, аудан тек жер асты кен байлығымен ғана әйгілі емес. Ауданда ауыл шаруашылығы дамыған, құнарлы қара топырақ егін шаруашылығынан мол өнім береді. 60 мың гектар қара топырақты аймақ игерілген. Аудан жерімен Тұрғысын, Бұқтырма, Хамир өзендері ағып өтеді. Өзен бойларында көктерек, таулы аймақтарында қарагай, шырша, май қарагай, бал қарагай өседі. Ауыл шаруашылығына жарамды жері 302,6 мың гектар. Құнбағыс, картоп, кекеніс, дәнді дақылдар өсіріледі. Мал шаруашылығында сиыр, қой, жылқы, шошқа өсіреді. Аудан жерімен Өскемен-Зырян, Өскемен-Большенарам тас жолдары өтеді. Ауданда 1979 жылдан «Зыряновская нива» газеті шығады. 20 бала бақшасы, 24 мектеп, 5 аурухана жұмыс істейді.

Алтай табигаты қандай дархан, қандай жомарт! Осы Алтай төсінде қаншама ірі қалалар бой көтерді. Бұл қалаларды «Алтайдың алтын алқасы» деген дүрыс болар. Олар: Өскемен, Лениногор, Зырян, Серебрянск қалалары. Бұл әсем қалалар ел ырысын кенелтіп, бүкіл республикамыздың байлық, берекесін арттырып отыр.

Кенді Алтай өнірі Онтүстік Сібір, Жетісу, Орта Азия аймақтарының тарихи және экономикалық дамуында да маңызды орынға ие болып келеді.

Жерүйіктай бай, берекелі ауданың бірі Онтүстік Алтайдағы Бородулиха аймағы. Бұл Ресейдің Алтай өлкесімен шектесіп жатқан аймақ. Бородулиха Ертіс бойында жатқандықтан аудан территориясының көп бөлігін қарағайлы орман алып жатады. Онда демалыс орындары көп.

Аудан экономикасының негізін қалап отырған шаруашылықтардың ішінде «Жезкент» кен байыту комбинаты. Нарықтық экономика талабына сай, бұрынғы Орал кеңіші негізінде іске қосылып, аудан экономикасына тірек болып отыр. «Жезкент» комбинаты-заманауи техникамен, жаңа технологиялық жабдықтармен қастамасыз етілген ірі комбинат. Жылына 1,5 миллион тонна руда өндіріп отыр. Үнемделген қаржы аудандағы мәдениет үйі, балабақша, медицина саласына жұмсалады.

Аудан экономикасын дамытуға ұн тарту комбинаты, егін шаруашылығы, «тұрмыстық қызмет» акционерлік қоғамы, асыл тұқымды мал шаруашылығы негізіде «Асыл» ЖШС мал зауыты 2008 жылы іске қосылды.

Шығыстың шырайлы аймағы Алтай өніріндегі Шемонайха өнірі. Дархан дала – ырыс пен береке көзі болып есептелетін облысымыздың ауқымды, ірі ауданы. Бұл ауданда өзен-көл де, жасыл орман да, шабындықтар мен кең жайылымдық жерлер де көп. Егістік қара топырақты алқаптар облыстың көп жерлерін алып жатыр.

Локат-Семей-Алматы темір жолының бір тармағы осы аудан арқылы өтеді. Кеден бекеті Батыс Сібірге ашылған есік тәрізді. Ауданда қуатты мыс комбинаты жұмыс істейді. Нарық заманының талабына сай ашылған «Эрфоль» Жиһаз жасау фабрикасының маңызы арта түсіде.

Алтай өніріндегі қара топырақты Шемонайха, Таврия, Самар, Бородулиха, Зырян аудандары ежелден астықты аймақ. Бүгінгі нарықтық экономика заманында сол деңгейінен төмендеген жоқ. Мол астық жолындағы жорық жалғасуда. Жыл сайын миллиондаған пут астық тапсырып, ел ырысын молайтып жатқан аймақтар. Күзде бұл өнірде сары алтындағы астық теңізі тенселеуде. Қамбаларға алтын дән ағылады.

Таврия, Глубокое, Шемонайха аудандары сүтті де құтты түлік сиыр түрлерін есіруде. Нарықтық талаптарға сай мал түліктерін асылдандыру жүйесі жолға қойылып отыр.

Сүт өндіруде Шемонайха ауданында «Исток» акционерлік қоғамы, Өскемендең «Эмил» АҚ тұтынушылар қоғамы тұтынушылар қажетін етеуде. Облысымызда ет

тапшылығы ұмытылған. Рынок қажеттілігін Семей, Өскемен, Зырян, Лениногор ет комбинаттары қамтамасыз етеді.

Оңтүстік аудандар деп есептелеғін Зайсан, Тарбағатай аудандары жатыр. Бұл аудандар жері жазық, егін шаруашылығына да, мал шаруашылығына да қолайлы аймақтар. Құнарлы мал жайылымымы мол Маңырақ – ежелден мыңғырған малды аймақ. Бүтінде отар-отар қой өргізген шаруа кожалықтары нығайып келеді.

Жолбарыстың жонында күншіліктен көз тартатын Тарбағатай тауラры облысының оңтүстік аймағы саналады. Етегі «Барқыт бел» атанған жазық. Бұл жазық - төрт түлік малды өрістеткен құт мекен.

Зайсан ауданының жер қойнауы қазба байлыққа бай. Аудан өнірінде көмір, мұнай, сланец кен қорлары бар. Ауданда шипалы су көздері бар. Сауыр – Сайқан тау жоталары шипалы сулар мен алуан түрлі жеміс-жидекке бай. Табиғат байлығы жағынан екінші Алматы деп аталған өнір.

Ел еңсесі көтеріліп келеді. Шығыс Қазақстан экономикасы алға өрледі. Облысыныңда 2000-2009 жылдар аралығында халық тұрақты табыс көзіне ие болды. Зейнетакы мен жалақылар уақытын төленіп отырады. Елдің әл-ауқаты көтеріліп, жаңадан кәсіпорындар салынды. Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы бойынша жаңа тұрғын үйлер бой көтерді.

Казіргі таңда Шығыс Қазақстан облысында машина құрастыру зауыты іске косылды. «Азия Авто» Акционерлік қоғамы 2002 жылдың 20 желтоқсанында құрылып, алғашқы мемлекеттік тіркеуден етті. Бас мекемесі Шығыс Қазақстан облысының орталығы - Өскемен қаласында орналасқан. Кәсіпорынның филиалдары Қазақстанның барлық ірі қалаларында бар.

«Азия Авто» кәсіпорынның басты мақсаты болып Қазақстан мен көрші елдер халқының сұранысын қанағаттандыратын және бәсекеге қабілетті автомобильдер шығаратын автомобиль өнеркәсібін құру болып табылады. «Азия Автоның» негізгі қағидасы – автомобиль кластерінің сатылық қалыптасуы, яғни: 1) автожинақтау зауытын салу; 2) бұл жерде бояу және дәнекерлеу өндірісін қалыптастыру; 3) сату және сервистік қызмет көрсету желісін дамыту. Зауыттың құрылуы еліміздегі аккумулятор, шина, шыны, электр техникасы және т.б. қосалқы бөлшектер шығаратын кәсіпорындардың дамуына жол ашты.

Білім беру саласында да ірі жетістіктер бар. Облыста жалпы саны 270 мыңнан астам оқушылары бар. 821 жалпыға білім беретін мектептер, 11 жоғары оқу орны, соның ішінде 7 жеке меншік, 38 колледж бар, олардың 18 жеке меншік.

Халықтың денсаулығын сақтау жүйесі бойынша облыстық емдеу-алдын алу мекемелері қызмет көрсетуде: 104 аурухана, 309 емхана, 19 ауылдық амбулатория, 251 ЖДА және 444 ФАП бар.

Алтай өнірі әлі де бай, әлі де берекелі. Алтайдың алыстан іздейтін қажеті жоқ. Кен байлығы да, мал да, астық та, орман – тоғай, өзен-көл байлығы да өзінен табылып жатқан дархан өлке. Алтай - қасиетті өнір. Алтай - қандай да болмасын әйтеу бір себептермен, өз байлық қазынасын артық төгіп, шашпайтын аймақ.

## МАРҚАҚӨЛ

(Ел тарихынан)

XVIII және XIX ғасыр аралығындағы Шығыс өлкесі жайлар болсақ Семей облысы немесе Семей губерниясының құрылу тарихынан қысқаша тоқталып кетуге тұра келеді.

Ел тарихы түсінікті болу үшін, сол кезеңдерге, уақыт мезгілдеріне тоқталайық. 1854 жылдан бастап Шығыс Қазақстан аймағы, Оңтүстік Алтай, Марқакөл түгелдей Семей губерниясының құрамына кірді. Аягөз, Көкпекті сыртқы округінің құрамында болып, 1875 жылдан бастап Марқакөл аймағы Семей губерниясы Зайсан уезінің құрамында болды. Тек 1928 жылы Зайсан уезінен бөлініп, Марқакөл дербес ауданы құрылды.

1861 жылы 21 қазанда басқаруды қайта құру «Ережесі» енгізіледі. Қазақ даласындағы Орынбор және Сібір иелігіндегі аймақтан 4 облыс құрылады. Ол облыстар: Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстары.

1854 жылы 19 мамырда Семей облысын басқару туралы ереже бекітілді. Семей облысының (губерниясының) құрамына: Қекпекті сыртқы округі, Аягөз сыртқы округі, Жетісу өлкесі, Семей, Өскемен қалалары, Бұқтырма бекінісі, Қапал Заилийский (Іле аймағы) кірді. Семей облысы Батыс Сібір басқармасына бағынды. Дала генерал-губернаторының құрамына кірді. Семей облысының жер көлемі 442245,2 шаршы шақырым (кей деректе 64786,9 шаршы шақырым) тұрғындар саны 118448 адам болған.

Семей облысының Оңтүстік батысында Алтай таулары, Нарын, Күршім жоталары өтеді. Шығыстан батыс бағытта Тарбағатай, Сауыр таулары өтеді.

Облыстың жер бедерінің негізгі бөлігі далалы, жазық болып келеді. Оңтүстік батысы Алтай, Нарын, Қалба және Тарбағатай, Сауыр аймағы таулы болады. Облыстың оңтүстік батыс бөлігі Бұқтырма өзенінің жоғарғы ағысынан Үлкен Алтай жоталарымен шектеседі.

Ресей патшалығын Алтай өнірі, Ертіс бойы қатты қызықтырады. Ертіс бойына қамалдар (крепость) салына бастайды.

1761 жылдары Семей, Өскемен, Бұқтырма, Зайсан аймақтарында бекіністер салынып, орыс қоныстанушылары көбейе бастады.

Осы мақсатпен 1891 жылы «Дала ережесі» («Степное положение») бекітілген. Бұл ереже бойынша жер мемлекет меншігі болды. Бұл ереженің негізгі мақсаты Ресейдің Сібірге, Алтай өніріне, Орта Азияға орыс шаруаларын қоныстандырып, Алтай сияқты кенді аймаққа иелік жасауды қөздегендігі белгілі.

1822 жылы Орта жүзде хандық билік жойылады. Қазақстанда ресейлік заң мен әкімшілік жүйесін құру жұмысы жүйелі түрде жүргізіле бастады.

Сол жылдары «Сібір қазактары туралы жарлық» шығады. Осы заң бойынша Орта жүз территориясы сегіз сыртқы округке бөлінеді. Бұл округтерді аға сұлтандар басқарды. Округтер болыстарға бөлініп, әр болысқа 10-12 ауыл кіреді. Эр ауылда 50-70 үй болды. Эр бір округте 15-20 болыс болды. Болыстың құрамына кіретін ауылдарды старшындар баскарған. Болысты басқаратын адамдарды сұлтан немесе болыс деп атаған. Бұл лауазымдар сайлаумен бекітіледі. Лауазым иелері үш жылға сайланады. Эр округта округтік приказ құрылды. Приказ басында – аға сұлтан және 2 заседатель, 3 орыс заседатель отырды.

(ҚазССР қысқаша энциклопедия I-том).

### **Семей облысы былай бөлінді:**

1. Семей ішкі округі. Сібір казактары әскерлерінің иемденген жері (Ертістің он жағы) Семей, Өскемен қалалары, Бұқтырма бекінісі, Железинск бекінісінен Кіші-Нарын, Ертіс линиясы бойымен.

2. Қекпекті ішкі округі.
3. Аягөз ішкі округі.
4. Қапал әскери округі.

Шығыс өнірде Аягөз округі 1831 жылы құрылды. Аягөз округі үлкен аумақты қамтыды. Алайда, Оңтүстік Алтайға, Зайсан жеріне бұл округтің ықпалы әлсіз болды.

Аягөз сыртқы округі мынандай жерлерді қамтыды: Оңтүстік Тарбағатай мен Сауыр жоталары, оңтүстік-батыста Лепсі өзені, Балқаштың шығыс жағалауы, Солтүстік Шыңғыс тауының тармақтары, Зайсан қазан шұңқырының оңтүстік бөліктері, Шығыста – Сауыр жоталары мен Кендірлік өзенінің алқабымен шектелді.

Аягөз округіне 18 болыс найман, 6 болыс керей, 2 болыс уак тайпасы кірді. Наймандардан: матаі, мұрын, семіз найман, садыр, сыбан, қаптағай т.б. қаракерейден тараған аталар кірді.

Аягөз округіне барлығы 63376 адам болды. 15 мың түтін (отбасы) болды. Аягөз округінің орталығы Аягөз қаласы. Бұрынғы Сергиополь бекінісі ретінде салынған қала.

Марат Мұқанов «Қазақ жерінің тарихы» Алматы, 1994 ж.

**Көкпекті бекінісінің іргесі** 1763 жылы қаланған. Қыр еліне бірінші салынған бекініс – Көкпекті бекінісі. Бұл бекініс көп жылдар бойы Семей-Шәуешек аралығындағы байланыс бекеті болды. Зайсан – Семей арасында өткерме сауда орталығы болып келген. Алгашында мұнда әскери адамдар ғана тұрады. Кейіннен казак-орыстар, орыс шаруалары, татар саудагерлері қоныстана бастайды. Бекініс салынған соң, бұл аймақта мекендерген Найман Қаракерей руларының жайлау-қыстауы тарыла бастады. Қаракерей рулары Қалба тауының шығыс етегін Қызыл - Су өзені мен Ертіс өзені сағасына дейінгі кең жайлауы тарылды. Бұл аймақтарға казак-орыс қыстаулары, шағын қалалар салына бастады.

1844 жылы осы аймақта Көкпекті округі құрылды. Көкпекті округінің орталығы Көкпекті елді мекенінің іргесі 1780 қаланған. Көкпекті елді мекені Тарбағатай тауының Қайрақты баурайынан басталатын Көкпекті өзенінің сол жағында қаланған. Көкпекті өзені Ертіске құяды.

Көкпекі ішкі округі Аягөз ішкі округінен бөлінді. Семей облыстық мұрағат дерегін келтірейік.

#### **Көкпекті округінде халықтың қоныстануы жөніндегі мәлімет**

Болыстар атауы	Ауыл саны	Тұнлік саны	Еркек кіндік	Әйел заты
Қондыбай Бура – Найман болысы	4	460	1767	1548
Көнек-Терістаңбалы - Найман	6	854	1716	1496
Ахымбет Сыбан – Керей	10	1314	2652	2447
Бура – Найман	4	832	1537	1334
Жәуетей Бура – Найман	5	763	1714	1369
Құттымбет – Мұрын	6	946	1635	1339
Саржомарт- Найман	6	911	2164	1841
Қыдыр-Мұрын	6	618	1114	448
Қыржы-Мұрын	6	686	1050	871
Кенже-Мұрын	6	784	1519	1403
Көнши-Мұрын	6	626	1213	1004
Бақы, Тілес, Матай	4	1049	2417	1034
Назар-Мұрын	10	1686	2549	2321
Қарауыл-Жасық	5	550	1097	770
Барлығы	98	13366	26503	22429

Көкпекті округінде Қисық Тезеков 1844-1847 жылдары аға сұлтан болған. Абылай Әділов 1854-1857 жылдары, Ханқожа Тәтенов 1858-1859 жылдары, Әлхан Тілеубердин 1859-1862 жылдары, Сарт Жошин аға сұлтан болған.

Қисық (Салмак) Тезеков Найман Қаракерей ішінде Жеті Жолымбетке жататын Ажығұл атасынан тарайды. Кезінде халық «Хан Қисық» деп атаған. Қисықтың азан шақырып қойған аты Салмак еді. Қисық аса қайратты, іскер, әрі шыншыл әділ адам болған. Қисық Тезеков 1857-1858 жылдары екінші рет сайланып, екі сайлауда аға сұлтан лауазымын атқарды. Найман Қаракерей тайпасының әйгілі адамдарының бірі.

Шығыс өнірінде Көкпекті сыртқы округі құрылып, осы округке Алтай, Нарын, Марқақөл, Зайсан, Құршім аймақтары қамтылғанмен Тарбағатай аймағындағы Байжігіт, Ертіс бойындағы Төртуыл, Марқа өніріндегі Қожанбет, Құршім бойындағы Ақнайман елдері жөнінде тарих бертерінен де, мұрағат құжаттарынан да нақтылы дерек табылмайды.

Бұл кезеңде 1745-1783 жылға дейін найман тайпасының көп аймақтары Әбілпейіз сұлтанның билігінде болғаны тарихтан белгілі. 1783 жылы Әбілпейіз қайтыс болған соң, орнына баласы Ханғожа отырады. Ханғожа 1783-1799 жылға дейін 16 жыл билік жүргізеді. 1799 жылы Ханғожа қайтыс болып, орнына оның баласы Жанқожа отырады.

(Н.Мыңжан «Қазақтың қысқаша тарихы», Алматы, 1994ж, 307 бет).

Бұл деректерге сүйенсек XIX ғасырдың басында Алтай аймағы Ресей ықпалында болып және Қытаймен сырттай карым-қатынас жасай отырып, ел басқару ісін әлі де өзінше (еркін) жүргізіп отырған.

Көкпекті округі 1868 жылы таратылып, бір бөлігі Зайсан уезіне, бір бөлігі Өскемен уезіне каратылды.

«Уезд-әкімшілік аймақ. Уезд қала мен оған бағынышты болыстардан тұрады. XVIII-ғасырдан бастап уезд губерниялардың құрамды бөлімі болды. Ол Қазақстанның саяси - әкімшілік өміріне 1867-68 жылдағы реформа негізінде енді.

Уездер болыстарға бөлінді. Уездерді патша офицерлерінен тағайындалған уездік бастық басқарды. Қазақстан территориясында барлығы 26 уезд болды».

(ҚазССР қысқаша энциклопедия I-том).

**Зайсан уезі.** Зайсан приставы 1868 жылы құрылды. Зайсан приставы Тарбағатай мен Алтай таулы жүйесінің сілемдеріне орналасқан. Бұл әкімшілік жүйесі «Зайсан-Күршім, Бұқтырма өлкелерінің» қазактарын басқару үшін құрылған. Басқару орталығы Зайсан күзет орны болды. Зайсан приставы құрамына 2 станица, 4 ауыл, 14 бөліс, 104 старшындық және 20974 үй кірді. Онда 109387 тұрғын, оның 104811 қазақ, 1478 казак орыстар болды.

Зайсан уезі 1875 жылы құрылды. Ол Семей губерниясына қарады. Уездің жер көлемі 49752 км<sup>2</sup>, халқы 49453 адам. Уезде 29343 шаруашылық болған.

Зайсан уезі Семей облысының (губерниясының) оңтүстік шығысын алғып жатыр. Зайсан уезіне Оңтүстік Алтай, Тарбағатай, Күршім, Марқакөл, Ақсуат аймақтары қарады. Зайсан уезінің аумағына Оңтүстік Алтайдың тау жоталары, тау аралық жазықтар, сансыз көп су көздері, өзендер, көлдер кездеседі. Тау өзендері Қара Ертіс, Алқабек, Қалжыр, Кендірлік, Жеменей, Көкпекті, Күршім өзендері ағып өтеді. Мұнда Қазақстандағы ең ірі көл- Зайсан, биік тау көлі -Марқакөл орналасқан.

Зайсан уезінің саяси әкімшілік орталығы 1875 жылдан Зайсан қаласы болды. Зайсан қаласының ірге тасы 1864 жылы қаланды. 1871 жылы қала атағына ие болды. Қалада уездік басқарма кедені, қаржы, почта-телефон, орман-тоғай мекемелері жұмыс істеді.

1863 жылы генерал И.Ф.Бабковтың экспедициясы Зайсан аймағына келіп, шекара шебін белгілеу максатында Қытай ұлықтарымен келіссөз жүргізді. Және Зайсан бекінісінің болашақ орнын белгіледі. И.Ф.Бабков осы жылдары Зайсан бекінісін салудың мүмкіншілігіне жете көніл бөлді. Кейіннен осы бекіністің негізінде Зайсан қаласы салынды.

И.Ф.Бабков бастаған әскери құрам бұл өлкеге келе бастаған отарышыл әкімет өкілдері еді. Зайсан өніріне орыстар қоныстана бастады. Бұл өлкениң табиғатын, қазба байлыктарын, жануарлар дүниесін зерттеу жұмысы басталды. Зайсан аймағы 1868 ж бастап Ресей билігіне көшे бастады.

Зайсан қаласының дамуы, шаруашылық өмірі Ертіс су жолы және Зайсан көлімен байланысты болды. Зайсанға Семейден, Кереку, Өскемен, Омбы, Қарқаралыдан келетін саудагерлер, кірешілер көбейді. Олар Қытай, Тибет, Шынжанға жұн, тері, мал, ағаш т.б. шикізаттар шығарды. Ол жақтан мата, киім-кешек, қол-өнер бүйімдары өткізілді.

Сауданың негізінде қаланың маңызы арта түсті. 1887 жылы Зайсанда май зауыты, екі тері өндеу зауыты, сыра зауыты жұмыс істеді. Кірпіш зауыты, сабын кайнату зауыты ашылған. Ағаш өндеу зауыты (тақтай, есік-терезе, үй жиназдарын шығара бастады). Темір өндеу зауыты Қытайға, Монголияға, Тибетке экспортқа темір шығарған.

Қала халқының әлеуметтік құрамында саудагерлер, әскери шенділер елеулі орын алды.

Зайсан уезінің аумағында наймандардың көптеген рулары қоныс тұptі. Зайсан уезі 17 болыстыққа бөлінген. Соның 16 болысында наймандар мекендеді. 91599 тұрғыны бар, 21721 шаруашылығы болған.

Зайсан уезінің аумағына Төртуыл, Токан-Тоғыз, Қаракерей, Қожанбет, Ақнайман рулары қоныстанған.

Қара Ертіс бойына орналасқан Қожанбет, Тоғыз аталары «Қара Ертіс» болысы деп аталды. 9 старшынға біріккен.

Төртуыл, Тоғыз аталары Қара Ертістің сол жағына орналасқан. Олар 8 старшынға біріккен. Төртуыл руының құрамында 7761 адам болды. Олар 1373 шаруашылыққа біріккен. Негізгі қыстаулары: Ақарал, Қарабұлақ, Жеменей, Кендірлік, Көкжота, Кенарал, Бозайтыр, Құмтөбе құмдарын мекендерген.

(Материалы по обследованию хозяйства и земнопользования киргизов  
Семипалатинской обл. Т.ІІІ. Зайсанский уезд СПБ, 1913).

Жазда Төртуыл рулары Ертістен өтіп, Марқакөл, Сарытау, Ақжайлау, Көкжота, Секітас аймағын жазғы жайлалауы ретінде пайдаланған. Бұл өнірде «Қара Ертіс» болысының 8 старшын елі жазғы жайлалауға орналасады.

Білезік өзенінің бойын төртуылдың Есімбек, Есенғұл рулары жайлады. Шөптікөл, Көкжота аймағын Тұзакшы рулары жайлады. Кейіннен бұл қоныстар «Тұзакшы кезеңі», «Тұзакшы жайлалауы» деп аталды.

Кызыл кезең, Ұранқарағай, Секітас аймағы Жылқайдар-Дүзбай аталарының жайлалауы болған. Ал Жылқайдар – Дүзбай, Мыңбай, Сарманақ аталарының қыстауы Қаратал, Ақарал, Кенарал Ертіс жағасына дейінгі кен қоныстар.

Марқа өнірінде осы күнге дейін «Тоғыз жайлалауы», «Тұзакшы кезеңі», «Жылқайдар жайлалауы» деген жер аттары бар. Төркүйс, Матайбай, Көкжота, Үш - Мұнқер жерлерін төртуылдың Есіркеп, Мая, Жақау аталары жайланаған.

Жеті кезең Матайбай,  
Суынан кеттік тата алмай.  
Орыстың жері атанып,  
Бір көруге бата алмай,- деп өзінің туған жерге деген

сағынышын жазған екен. Төртуыл Тұзакшы руынан шықкан ақын, әрі ел басқарған болыс апамыз Әшім Ысқақ қызы, Мырзаш Алдиярұлының немересі.

Төртуыл рулары Ертістен өтіп, Қалжыр, Алқабек бойымен Ақжайлауға қарай көшетін. Ары қарай төр жайлалауға тарала қоныстанатын. Төртуыл руларына жазғы жайылымдық жердің тарлығы көп қындық туғызған. Олар өздерімен көршілес Қожанбет руларынан жайлалау жайылымын сұрауға мәжбүр болған. Төртуылдар Алтайға көшкен кезде, Қожанбеттердің жерін басып өтетіндіктен, олар кейде қарсылық білдіріп отырған. Төртуылдарға нақтылы жайлалау жолы (көш жолы) белгіленіп, одан ауытқымау талап етілген.

Алтайға ел көшеді буын-буын,  
Көрмейсің төртуылдай елдің қуын.  
Баспасын егін-шепті жолындағы,  
Мамырлап жатам десе Алтай нұын, - деген сөз сол кезден ел аузында қалған екен.

Төртуылдың тоғыз руы Бала Қалжыр, Қарабұйрек, Тақыр жазығы Байшуақ, Шұршіт сайлары арқылы Шарықты, Топарбұлақ, Арғынбай арқылы жайлалауға шығады. Жазғы жайлалауы Сарымсақты, Қарағаш, Барынкөл, Тасқайнат, Көкбұқа аймағы.

Көктемде мал төлдеген соң Тоғыз, Төртуыл рулары Ертістен өтіп, Алтайға қарай көшетін.

Тоғыз руларының көші сәнді, салтанатты болады екен. Мал түліктерінің ішінде көбінде жылқы, түйе, сиыр малдарын ұстаган. Төртуыл руларының көші жөнінде Құдакел деген атадан шыққан Апашбай ұлы Арғынбек ақынның өлеңінен үзінді.

Қазақ еді халқымыз,  
Мекендерген Алтайды.  
Жайлалаушы еді жазды күн,  
Алтай басы Марқаны.

Шығушы едік жайлалауға,  
Ертіс өтіп күрілдеп.  
Бозбалалар жылқы айдалап,  
Қыз келіншек күлімдеп,

Ел көшкенде мырзалар,  
Сұлуды жанап ілімдеп.

Тасқайнат, Сартау, Көлшілік,  
Жайлаушы еді ел шығып.  
Асып түссен Қарағаш,  
Бар Дөртүл аралас.  
Қозы сойып ерулік,  
Беруші еді тамақ-ас.

Шауқар бұлак, Қаройым,  
Жыр болды гой бар ойым.  
Қызы, бозбала жиылып,  
Салатуғын күнде ойын.

Салқыншоқы, Бесбұғы,  
Алтайдың биік шиыры.  
Бұғымуїз, Сырлытаң,  
Қарағайлы бүрлі там.  
Қызырып нұрын шашатын,  
Жазды күні нұрлы тан.

Тоғыздан шықкан азаматтар қол өнеріне жеттік болған. Ағаштан түйін түйген шеберлер көп болған. «Тоғыздан ұл туса, ағашқа күн тудады»- деген сөз содан қалса керек.

Ағаштан ертоқым, домбыра, жүк аяқ, кебеже, сандық, үй ағашы (киіз үйдің ағаштарын) жасаған. Шебер колдан шықкан бұл заттар басқа рулардын, іргелес аталардын калауы мен сұрауына ие болған.

Мал терілерін өндеп одан аяқ киім, етік, кебіс-мәсі, саптама етік тәрізді киімдер тігетін шеберлер болған. Бұл киімдер сол кезде аса кәжектіліктер еді.

Мал терісінен жасалған ер тұрман әбзелдері, жүтеген, қамшы т.б. заттар екінің бірінің колынан келе бермейтін қажеттіліктер. Өңделген былгары, былгары тон, ішік тәрізді киімдерді тігуге Зайсан қаласынан іс машиналар алдырып пайдаланған.

Сондай шебер коллардан шықкан ыдыс-аяқ, ас-су әбзелдері де көз тойдырарлық еді лейді көне көз ұлкендер. Каійын ағашынан жасалған табактар, ет табактар. қымыз тегештері. онолы шөміштер үй тірлігінің сәнін келтірері сөзсіз.

Кыста мұз бетіне жол түскен кезде азаматтар шана жолымен Құршім, Қалғұты, Самарга дейін барып айырбас сауда жасаған. Ағаш, тері бұйымдарын апарыш, бұл, шәй, астық сияқты заттарға айырбастаған.

Тоғыз елінен пысық, сауаты азаматтар да көп шыққандығы айтылады. Ескіше оқыған сауаты адамдар көп болған. Колхоздастыру кезеңінде олар Семей, Зайсан қалаларындағы қысқаша дайындық курстарда оқып білім алған еді.

«Тоғыздың тоғыз белсендісі» деген сөз көп айтылатын еді. Бұл колхоздастыру кезінде болса керек. Ауылдық кенесте, колхоз бастығы, есепші сияқты жұмыстарға араласқан азаматтар көп болған екен. Ол азаматтардың көпшілігі Ұлы Отан соғысына кетіп өралмады.

Тоғыздың тоғыз белсендісі: Қүнпейісов Қаби, Ілгекбаев Қасейін, Бажықов Рахмет, Момбаев Изет, Молдабаев Ҳамитжан, Акмадиев Уайдолда, Көпенұлы Құмарбек, Тұрсынқожаұлы Әбдікөрім, Малдыбайұлы Шәри, Айшин Матабай т.б. азаматтар еді.

Тоғыз руына жататын аталардың қыс айларында жылы қыстық үй-қоралары болған. Қыскы үйлерді пеш-казандықтармен от жағып жылжытқан. Сонда Қожанбет ауылынан қыдырып келген аксақалдар «Тоғыздар жазды үйлеріне күргізіп алынты-гой!» деп таныркаған екен. Ол кезде Қожанбеттер қыста да кигіз үймен қыстап шығады екен.

Зайсан уезінің шығыс бөлігін Қара Ертістен Бастап Бекенбай тауы, Қалжыр өзені, Азугау, Марқакөлге дейінгі аралықта Қожанбет рулары қоныстанады. Бұл аймақ «Қалжыр болысы», «Ақжайлау болысы», «Пограничный болысы», «Терісайрык болысы», «Майтерек болысы», Ертіс бойында «Каморов болысы» сияқты болыстықтарға бөлінген.

Осы болыстықтарда Үлкәнжанов Құмбет болыс, Қалжыр өзенінен шығыс Қарыншық болыс, Қарыншық болыс, Ағжанбай болыс, Енсебаев Ахмет болыс, Бижигитов Ақыбай болыс, Жанакұлы Көпен болыс, Ертіс болыстығында, Мысбаев Мираш болыс, осындай азаматтар болыстықтарды басқарған.

Старшындар Рысбаев Нұртаза, Жұпбаев Зәбен, Есенбаева Ібила, Жықбаев Қыдырмаш, Байтогаев Эбілмашар т.б. старшын, ауылнай қызметін атқарған азаматтар болған.

Қалжыр «болысындағы» 1327 жаруа шының 1033 жаруа шының 1980 десятинаға жетті. Пішін даярлаумен 11771

шаруашылық айналысты. Бұл мемлекеттің Көзжайылдар жүйесіндең деңгелдер өзү мен иккінші шабу шаруашылықта маңызды рөль атқарғанын көрсетілді.

Калжыр өзенінен батысқа қаралған тау етегіндегі жазындағы Көзжайылдар шебіндең аудылдары қоныс тәтті. Бұлар Оңтүстік Атқармалыға тау дың шибенектерінин шұртының жағынан септеледі. Олар жаз айнарында тау етегіндегі жазындардан (Зайденін жазын шибенектерінің жазынан) егіншілікпен айналысып, күзде онімдегі жаңаған айнаға соғып, шаңдағы қыстауда дауындағы қыстаудың негізіндең егіншілікпен айналысып, күзде онімдегі жаңаған айнаға соғып, шаңдағы қыстауда дауындағы қыстаудың негізіндең

Калжыр болысының 5571 тұрғындардың 1327 шаңдағы қыстаудың оңтүстікпен. Көзжайылдар Марқакөл бассейнінің айналасы мен Калжыр өзенінің бойынан шекеніндең 8 етаптадын өзін болған. Олар: Қураймалы, Жарқұлық, Карапашек, Саржанық, Алқабек, Карадай, Карадайқы, Ақбулак аймактарына қоныс тәтті.

(К.Струве, Г.Поганин «Путешествие на север Зайсан и южную обивость Черного и Пирятинских – ЗРГО по общей географии» стр.406; «Материалы по обследованию» стр.366-371).

Кожанбеттердің жазғы жайланауды малжанды мұнайфырдағы Марқакөл, Мыңбулак, Бесқайнар, Сарытау, Кекбұка, Жириңбайтауда, Құзғынды, Зукарагай аймактарында көңін көңістар.

Сырынбет атасының жазғы жайланауды: Карагаш, Бесқайнар, Сарытау, Көлшілік, Топай – кезеңі.

Жәлменбет атасының жайланауды: Ботеке, Актас, Тасқайнат, Жұпар, Абыз.

Мыскал (Шағыр) аталарапының жайланауды: Қызылтас, Тініке жотасы, Тескітас.

Атақозы аталарапының жайланауды: Ақжайлай, Теркуыс, Тескайын, Сарменке, Ұғымуіз.

Егізқара аталарапының жайланауды: Керегетас, Қызылаңы, Кекбұка, Байнак сазы, Сарымсакты.

Жарболды аталарапының жайланауды: Қекжота, Ұшмұнкор, Сырынгай, Сандықтас.

Қалқаман аталарапының жайланауды: Салқышекы, Құзғынды, Әкімбай кезеңі, Жұнар, Карагай, Жалпак Қайын.

Калжыр болысында суармалы етін шаруашылығы көңірін алды. Олар жерді темір соқамен, кейде ағаш соқамен (тіс ағаш деп аталатын куран) жырткан. Жырттыған етінде жерді топырақты жұмсаарту үшін бұмалап байлаган талмен тырмалады. Кейде тырмаладын орнына жырттылған жерді көлденең іпен қайта жыргады (Бұл ежелі таң жерді жырткан көзде қазіргі кезде де колданады).

Бұл онірде көктемігі егіс кокек айының 20-шін баставан, маусымнан 1-негін созылады. Калжыр өзенінен тоганмен су тартып, етістікі атынан суарған. Ұздын дүрье пайдалануын бакылау үшін егіншілер арық бақылаушысын «тоган басы» салған отырған.

Егістік аймактарды суландыратын үлкен бас тогандарда атынан, рудар бірінің казатын болған. Кейде бүкіл болыстың азаматтары бірлесін казан, Қоғік, қурылайман бірнешеріні Негізгі жер казатын құралдары кетпен, шот, қайла, лом, күрек тәрілі қаратаудың қураштар болған. Азық-тулік, сойыска мал болінеді. Калжыр отенінен ишілгін осындағы ірі тоганының бірі «Қарақия» тоганы. Қарақия тоганы 1880 жылдардың аяғындағы. Қалжыр отенінен алғынан осындағы көне тоганының бірі «Қоктұма» тоганы. Қарақия тоганы арқында Калжыр өзенінен Қарашилік жазығына дейін су аларылған. Тоганың артық суы Түйекүйрең тузынан Қара Ертіске косылады. Бұл тогандар кейін ұжым шаруашылығы мен кениншілік түснілі да суармалы егіске пайдаланылды.

Егістік жерді суарудың түрлі әдісі болған. «1 десятина жерді суару үшін көлденеңнен 2 атыз, ұзынынан 3 атыз тарталы». Мұны атынан суару әдісі дейді.

Алғашкы су – жерді жыртканға дейінгі суару. Екінші су – астықты еккен сөн, бір айдан кейінгі астық жер бетіне оніп шықкан кездегі суару. Бұл суаруды «Топырак суы» деп атаған. Ұшінші су – астық бойлаган кездегі суару. Төртінші су – астық бастиарткан (дан салған) кездегі суару. Оны «Орак суы» деп атаған.

Бұл аймактарда астық ору (Орак науқаны) тамыздың ортасынан басталып, қарашаның 1-інде аяқталған. Бауланған астыкты қырманда жылқымен немесе оғізбен бастирылады.

Егіншілердің айтуы бойынша 1 қапшық тұқымнан 25 қапшық астық алынатын болса, онім жогары болып саналады. 1 қапшық тұқымнан 5-7 қапшық онім алынса, томенгі онім

Ел көшкенде мұрзалар,  
Сұлуды жанап ілімдеп.

Тасқайнат, Сартау, Көлшілік,  
Жайлаушы еді ел шығып.  
Асып түссен Қарагаш,  
Бар Дәртуыл аралас.  
Қозы сойып ерулік,  
Беруші еді тамақ-ас.

Шауқар бұлак, Қаройым,  
Жыр болды ғой бар ойым.  
Қызы, бозбала жиылып,  
Салатұғын күнде ойын.

Салқыншоқы, Бесбұғы,  
Алтайдың биік ширы.  
Бұғымуйіз, Сырлытан,  
Қарагайлы бүрлі там.  
Қызырып нұрын шашатын,  
Жазды күні нұрлы тан.

Тоғыздан шыққан азаматтар қол өнеріне жеттік болған. Ағаштан түйін түйген шеберлер көп болған. «Тоғыздан ұл туса, ағашқа күн туады»- деген сөз содан қалса керек.

Ағаштан ертоқым, домбыра, жүк аяқ, кебеже, сандық, үй ағашы (киіз үйдің ағаштарын) жасаған. Шебер қолдан шыққан бұл заттар басқа рулардың, іргелес аталардың қалауы мен сұрауына ие болған.

Мал терілерін өндеп одан аяқ киім, етік, кебіс-мәсі, салтама етік тәрізді киімдер тігетін шеберлер болған. Бұл киімдер сол кезде аса керекті қажеттіліктегер еді.

Мал терісінен жасалған ер тұрман әбзелдері, жуген, қамшы т.б. заттар екінің бірінің қолынан келе бермейтін қажеттіліктегер. Өндөлген былғары, былғары тон, ішік тәрізді киімдерді тігуге Зайсан қаласынан іс машиналар алдырып пайдаланған.

Сондай шебер қолдардан шыққан ыдыс-аяқ, ас-су әбзелдері де көз тойдыраялрық еді дейді көне көз үлкендер. Қайың ағашынан жасалған табақтар, ет табақтар, қымыз тегештері, аюлы шеміштер үй тірлігінің сәнін келтірері сөзсіз.

Қыста мұз бетіне жол түскен кезде азаматтар шана жолымен Құршім, Қалғұты, Самарға дейін барып айырбас сауда жасаған. Ағаш, тері бұйымдарын апарып, бұл, шәй, астық сияқты заттарға айырбастаған.

Тоғыз елінен пысық, сауатты азаматтар да көп шыққандығы айтылады. Ескіше оқыған сауатты адамдар көп болған. Колхоздастыру кезеңінде олар Семей, Зайсан қалаларындағы қысқаша дайындық курстарда оқып білім алған еді.

«Тоғыздың тоғыз белсендісі» деген сөз көп айтылатын еді. Бұл колхоздастыру кезінде болса керек. Ауылдық кенесте, колхоз бастығы, есепші сияқты жұмыстарға араласқан азаматтар көп болған екен. Ол азаматтардың көпшілігі Ұлы Отан соғысына кетіп оралмады.

Тоғыздың тоғыз белсендісі: Құнпейісов Қаби, Ілекбаев Қасейін, Бажықов Рахмет, Момбаев Изет, Молдабаев Хамитжан, Ақмадиев Уайдолда, Көпенұлы Құмарбек, Тұрсынқожаұлы Әбдікәрім, Малдыбайұлы Шәри, Айшин Матабай т.б. азаматтар еді.

Тоғыз руына жататын аталардың қыс айларында жылы қыстық үй-коралары болған. Қысқы үйлерді пеш-қазандықтармен от жағып жылытқан. Сонда Қожанбет ауылынан қыдырып келген ақсақалдар «Тоғыздар жазды үйлеріне күргізіп алышты ғой!» деп танырқаған екен. Ол кезде Қожанбеттер қыста да кигіз үймен қыстап шығады екен.

Зайсан уезінің шығыс бөлігін Қара Ертістен бастап Бөкенбай тауы, Қалжыр өзені, Азутау, Марқакөлге дейінгі аралықта Қожанбет рулары қоныстанады. Бұл аймақ «Қалжыр болысы», «Ақжайлау болысы», «Пограничный болысы», «Терісайрық болысы», «Майтерек болысы», Ертіс бойында «Каморов болысы» сияқты болыстықтарға бөлінген.

Осы болыстықтарда Ысқаков Кәкім болыс, Көлбаев Омар болыс, Өтеулинова Дарига болыс, Үйрісбаев Ақыбай болыс, Ағжанұлы Бұтабай болыс, Енсебаев Ахмет болыс, Бижигитов Ақыбай болыс, Жанақұлы Көпен болыс, Ертіс болыстығында, Мысбаев Миранш болыс, осындай азаматтар болыстықтарды басқарған.

Старшындар Рысбаев Нұртаза, Жұпбаев Зәбен, Есенбаева Ібила, Жықбаев Қыдырмаш, Байтогаев Әбілмашар т.б. старшын, ауылнай қызметін атқарған азаматтар болған.

Қалжыр болысындағы 1327 шаруашылықтың 1033 шаруашылығы егіншілікпен айналысты. Олардың егістік жері 1980 десятинаға жетті. Пішен даярлаумен 1177

шаруашылық айналысты. Бұл мәліметтерден Кожанбеттер үшін дәнді дақылдар егу мен шөп шабу шаруашылықта маңызды роль атқарғанын көреміз.

Қалжыр өзенінен батысқа қарай тау етегіндегі жазықта Кожанбеттердің көптеген ауылдары қоныс тепті. Бұлар Оңтүстік Алтайдың таулы аймақтарының тұрғындары болып есептеледі. Олар жаз айларында тау етегіндегі жазықтарда (Зайсан қазан шұңқыры жазығы) егіншілкпен айналысып, күзде өнімін жинап алған соң, таудағы қыстауларына қытайтын.

Қалжыр болысының 5571 тұрғындары 1327 шаруашылықты біріктірді. Кожанбеттер Марқакөл бассейнінің айналасы мен Қалжыр өзенінің бойын мекендеген 8 старшын ел болған. Олар: Құраймөлды, Жарқұдық, Қарашилік, Сорқұдық, Алқабек, Қарой, Қарақия, Ақбұлақ аймақтарына қоныс тепті.

(К.Струве, Г.Поганин «Путешествие на оз. Зайсан и речную область Черного Иртыша – ЗРГО по общей географии» стр.406; «Материалы по обследованию» стр.366-371).

Кожанбеттердің жазғы жайлауы мал-жаны мыңғырған Марқакөл, Мыңбұлақ, Бесқайнар, Сарытау, Көкбұқа, Жиренбайтал, Құзғынды, Зуқарағай аймағындағы кең қоныстар.

Сырынбет атасының жазғы жайлауы: Қарағаш, Бесқайнар, Сарытау, Көлшілік, Топай – кезеңі.

Жәлменбет атасының жайлауы: Бөтеке, Ақтас, Тасқайнат, Жұпар, Абыз.

Мысқал (Шағыр) аталарапының жайлауы: Қызылтас, Тініке жотасы, Тесіктас.

Атақозы аталарапының жайлауы: Ақжайлау, Төркүыс, Төсқайың, Сармөңке, Бұғымуйіз.

Егізқара аталарапының жайлауы: Керегетас, Қызылащы, Көкбұқа, Байпақ сазы, Сарымсақты.

Жарболды аталарапының жайлауы: Көкжота, Үшмұнкер, Сырлытаң, Сандықтас.

Қалқаман аталарапының жайлауы: Салқыншоқы, Бұлғынды, Әкімбай кезеңі, Жұнді Қарағай, Жалпақ Қайың.

Қалжыр болысында суармалы егін шаруашылығы кең орын алды. Олар жерді темір соқамен, кейде ағаш соқамен (тіс ағаш деп аталараптың құрал) жыртқан. Жырттылған егістік жерді топырақты жұмсаарту үшін бумалап байлаған талмен тырмалаудың орнына жыртылған жерді көлдененінен қайта жыртады (Бұл әдісті тың жерді жыртқан кезде қазіргі кезде де қолданады).

Бұл өнірде көктемгі егіс көкек айының 20-нан басталып, маусымның 1-не дейін созылады. Қалжыр өзенінен тоғанмен су тартып, егістікті атыздап суғарған. Судың дұрыс пайдалануын бақылау үшін егіншілер арық бақылаушысын «тоған басы» сайладап отырған.

Егістік аймақтарды суландыратын үлкен бас тоғандарды аталарап, рулар бірігіп қазатын болған. Кейде бүкіл болыстың азаматтары бірлесіп қазған. Көлік, құрал-сайман біріктіреді. Негізгі жер қазатын құралдары кетпен, шот, қайла, лом, күрек тәрізді қарапайым құралдар болған. Азық-түлік, сойысқа мал бөлінеді. Қалжыр өзенінен алынған осындағы ірі тоғанның бірі «Қарақия» тоғаны. Қарақия тоғаны 1880 жылдары қазылған. Қалжыр өзенінен алынған осындағы көне тоғанның бірі «Көктүма» тоғаны. Қарақия тоғаны арқылы Қалжыр өзенінен Қарашилік жазығына дейін су апарылған. Тоғанның артық сұры Түйекұйрық тұсынан Қара Ертіске қосылады. Бұл тоғандар кейін ұжым шаруашылығы мен кеншарлар тұсында да суармалы егіске пайдаланылды.

Егістік жерді суарудың түрлі әдісі болған. «1 десятина жерді суару үшін көлдененінен 2 атыз, ұзыннан 3 атыз тартады». Мұны атыздап суару әдісі дейді.

Алғашқы су – жерді жыртқанға дейінгі суару. Екінші су – астықты еккен соң, бір айдан кейінгі астық жер бетіне өніп шықкан кездегі суару. Бұл суаруды «Топырақ сұры» деп атаған. Ұшінші су – астық бойлаған кездегі суару. Төртінші су – астық бастартқан (дән салған) кездегі суару. Оны «Орак сұры» деп атаған.

Бұл аймақтарда астық ору (Орак науқаны) тамыздың ортасынан басталып, қарашаның 1-інде аяқталған. Бауланған астықты қырманда жылқымен немесе өгізбен бастырады.

Егіншілердің айтуы бойынша 1 қапшық тұқымнан 25 қапшық астық алынатын болса, өнім жоғары болып саналады. 1 қапшық тұқымнан 5-7 қапшық өнім алынса, төменгі өнім

боялп саналады.

Жиналған астықты Зайсан базарына апарып өте арзан бағамен сатқан. 3 пут бидай – 1 сом, 1 қапшық тары – 1 сом, 2 қапшық сұлы – 1 сомнан сатылған. Ал ауыл ішінде 1 қапшық бидайды 1-2 койға айырбастаған.

(М.Мұқанов «Қазақ жерінің тарихы», Алматы 1994 ж).

Кожанбет руларында мал шаруашылығы басты орын алды. Төрт түлік майдың ішінде қой және жылқы малы көп өсірілген. Мал отарларын қыста Бекенбай тауының койнауларындағы, тау бектерлеріндегі және жазықтағы қыстауларға қыстаратқан. Жаз айларында жазғы жайылымға Алтай тауына, Төр жайлайға шығарған. Жазғы жайлайлары Салқыншоқы, Құлынкеткен, Бесқайнар, Сартай, Топай кезені, Көлшілік, Жұндіқарағай, Қызылтас, Бөтеке, Актас, Тасқайнат, Сарымсақты.

Зайсан уезі үш участеге бөлініп оның басында крестьян бастықтары болған. №1 участке Зайсан қаласында, №2 участке Көкпекті ауылында, №3 участке Рождественское ауылында болды. Рождественское ауылы кейін Ордынка деп өзгертиліп, Марқакөл ауданы «Боран» совхозының бір бөлімшесе орталығы болды. Қазір бұл ауыл Жиделі деп аталады.

1910 жылдары Зайсан уезі және Марқакөл, Қалжыр өніріне қоныстанушылар, орыс тұрғындарының саны көбейе берді. «Бұл жылдары Зайсан уезі аймағына 4003 қоныстанушы отбасы келген. Қоныстанушылардың жаңадан 70 участесі, 8 хутор құрылды» деген Омбы генерал-губернаторына Семей губернаторы Тройницкийдің есебінде.

«Есеп беріп отырған жылда менің басты міндетім 1908-1909 жылдардағыдай Қытаймен шекаралас негізінен қырғыздар мекендейтін облысқа орыс келімсектерін орналастырып, оны Россия империясының бөлінбейтін орыс облысы ету болды. Бұрын көшпелі қырғыздар мекендеген облыстың далалары мен таулы аймақтарындағы уездердің бәрінде қоныстанушы шаруалардың поселкелері пайда болды. Орыс шаруаларын бұдан да көп қоныстандыруға болар еді, бірақ мен шаруалар қоныстанатын жерлерді жан-жакты зерттеп, олар тұруға қолайлы, және шаруашылық жүргізуге өзен-суы бар жерлерді анықтағаннан кейін ғана орыс шаруаларын әкелуді талап етемін» деген Тройницкийдің есеп баяндамасынан Ресей үкіметінің асқан дипломатиялық, шовинистік саясатын көреміз.

(«Дидар» газеті 1998 ж, 7 сәуір).

Облыстық генерал-губернатор осылай қанды шенгелін салып отырғанда, көшпенде елдің жағдайы қалай онсын. Жыл өткен сайын халықтың өрістері тарылып, өзен-су көздеріне жақын құнарлы жайлай – қыстауларынан айырыла бастады.

«Ертіс болысы» (Қара Ертіс болысы) жаз жайылымының бірі Ақжайлау деген жерден Успенка, Марқакөл жағасынан Уранхайка, Марқакөлдің сол жағынан Еловка, Ертіс пен Алтай аралығынан Алексеевка, Черняевка, Евгеневка (қазіргі Боран ауылы). Бала Қалжыр бойынан Горное (Ақбұлақ ауылы) деп аталатын қоныстар салынды.

Қаба өніріндегі Төскайың, Балықты-Бұлақ, Шанағаты жерлеріне ішкі Ресейден келген босқындар мен келімсектер өз беттерімен келіп қоныстанған, - деп жазады алаш қозғалысының көсемі Әлихан Бекейханов.

(Мақсұт ақсакалдың естелігінен деп көрсетеді, тандамалы шығармалар жинағы I-кітап, Алматы 2002ж).

Әйгілі «Беловодье» жері – Белухадан (Мұзтау) Ертіске дейінгі Онтүстік Алтай және Батыс Алтай аймағы. Суы сүт болып ағатын қасиетті өзендер Қалжыр, Бұқтырма, Нарын өзендері Алтай биіктірінен басталады.

Өзендерінде су емес сүт ағып жататын жер жаннаты «Ақсу» («Беловодье») туралы аныз Сібір шаруаларын қызықтырып Алтай жерін аңсайды. Оларға патша өкіметі тыйым салғанымен Алтайдың жолсыз, қын аймактарына біртіндеп орыс шаруалары қоныстана бастайды.

XIX ғасырда «Ақсұды» ізден Том губерниясынан орыс шаруалары Алтай өніріне келе бастайды.

XVII ғасырдың басында орыс жерінен келген қоныстанушылар жоғарғы Ертіс бойына, Бұқтырма өзені бойына Бекалқа, Берел, Печи т.б. шағын қоныстар пайда болады.

Қоныстанушылар саны жыл сайын өсіп отырды. Бұл қоныстарды Ресей үкіметі есепке алмаған. Адам санын да білмеген. 1761 жылы Бұқтырма бекінісін салған кезде ғана бұл аймакта орыс адамдары тұратын қоныстар бар екенін байқаған.

(Профессор Е.Шмурло «Оңтүстік Алтай мен Қытай шекараасындағы орыс қоныстары»).

1862 жылы орыс шаруалары Нарын жоталарына жетті. Нарын бойында Таловка, Медведевка ауылдары пайда болды.

Бобров бастаған 55 адам Алтайдың күнгей бетіндегі Алқабек өзеніне дейін келіп орнығады. «Ақсұды» ізден Қытай иелігіндегі жерлерге өтеді. Олар екі жыл жасырынып жүріп, кері қайтады.

Осындай әр түрлі жолдармен келген қоныстанушылар XIX ғасырдың аяғында Қаба өнірі мен Марқакөл маңына тұрақтайды. 1896 жылы Қаба аймағында 500-ге жуық қоныстанушылар тұрды. Олар Шанағаты, Төсқайың, Балықтыбұлақ маңына қоныстанды. Кейіннен Шанағаты – Орловка, Балықтыбұлық – Владимировка, Төсқайың – Бобровка, Қарағайлы Бұлақ – Еловка болып аталды. Осындай жолдармен Жиделі – Ардинка, Қайнарлы – Архиповка қоныстары салынып, елді мекендер пайда болған. Бұл елді мекендердің барлығында орыс тұрғындары орналасты.

Қазақтардың ежелгі жайлауы, жазғы мал жайылымы болған шалғынды беткейлердің бәрін орыс қоныстанушылары иемденіп, шаппалық, егіндік жерлерге айландырыды. Халықтың кең жайлауын орыстар құшпен тартып ала бастады.

Жер үшін талай шайқас, қан төгіс оқигалар болды. 1903-1905 жылдары орыстар Сарқырама, Кішіой, Қарағаш деген жерлерге егін салады. Жайлауға көшкен Тортуыл, Қожанбет елдеріне жол бермейді. Ақжайлау, Кезен деген жерге орыстар зенбірек орнатып, көшті ілгері өткізбейді. «Бір түннің ішінде қазактар кері көшсін, егін – шөптің шығынын төлесін», - дейді. Төртуылдың 200-дей азаматтары жер үшін шайқасқа шығады. Осы шайқаста Мұханбеттің баласы Омыртқа оққа ұшады. Қазақтар тұс ауғанша Омыртқаның сүйегін ала алмапты. Жылқайдар атасына жататын Нұғыттың Нұргалиы да оққа ұшқан. Бұл 1907 жылы еді. Теректі бойында Қожанбет Сарыұлы Дімік биді, Төртуыл Омыртқаның ұлы Қасымды Алексеев, Федоров деген орыстар алмаспен улап өлтіреді.

1928 жылы қыркүйек айында ВКП (б) Қазақстан орталық комитетімен Атқару комитетінің шешімі бойынша Республикада уездер таратылды. Бұрынғы Зайсан уезіне қарасты територияда Марқакөл, Күршім, Тарбағатай, Ақсат, Көкпекті аудандары құрылды.

Марқа өнірінде 1931-1933 жылдары бұрынғы болыстарды біріктіріп, аудандастыру жұмысын жүргізді. Аудандар құрылдып, ел басқару жүйесі тікелей өлкелік үкімет билігіне бағындырылды.

1932 жылы Шығыс Қазақстан Облысы құрылдып, құрамына 23 аудан кірген. Марқакөл ауданы да Шығыс Қазақстан Облысына кіреді. Аудан орталығы Алексеевка (Теректі) ауылы болған.

1928 жылы Зайсан уезінін Дарственний және Пограничный болыстарының негізінде дербес Марқакөл ауданы құрылды.

Аудан құрамына Боран ауылдық кенесі, Шегір ауылдық кенесі, Алексеевка ауылдық кенесі, Успенка ауылдық кенесі, Бобровка ауылдық кенесі, Пролетарский ауылдық кенесі, Архиповка ауылдық кенесі, Горное ауылдық кенесі, Терісайрық ауылдық кенестері кірген. Әр ауылда ауылдық кенестер құрылды. Ауылдық кенестерге 4-5 шағын ауылдар, қыстактар тұрғындары қамтылды.

Аудан шаруашылығын, елді Райком (аудандық партия комитеті) мен Райисполком (аудандық атқару комитеті) басқарған. Аудандық Райпотребсоюз (Аудандық тұтынушылар одағы) халықты азық-түлік, киім-кешек т.б. қажеттілікпен қамтамасыз еткен. Әкімшілік басқарудың бұл жүйесі көп жылдар сакталып, жүйелі жұмыс істеп келді.

Аудандық тұтынушылар одағы 1932 жылы құрылды. Тұрғындар қажетін етеуге толық мүмкіншілік болмаганымен, әр ауылда шағын сауда нұктелері, дүкендер ашылып, халыққа қызмет көрсетті. 1939 жылы ауданда Алексеевка, Боран, Горный, Қаба ауылдық тұтынушылар одағы құрылды.

1950 – жылдары ірілендіру шараларына сәйкес Марқакөл, Қаба, Горный, кеншар жұмысшы кооперациясы (Совхозрабкоптар) құрылды.

1930 жылы 23 шілде айында Марқакөл ауданы таратылып, құрамына кірген ауылдық кенестер Зайсан ауданы мен Катон-Қарағай аудандарының құрамына кірді.

1939 жылы аудандарды қайта бөлу саясаты негізінде Марқакөл ауданы қайта ұйымдастырылды. Аудан құрамына Алексеевский, Архиповский, Горное, Чегировский, Борановский, Бұғымүйіз, Орловский, Пролетарский ауылдық кенестері кірді.

Марқакөл ауданының халқы 22 мың адам, негізі халқы қазақтар 58% болған, жер көлемі 11 мың шаршы км. Оның 16000 га жеріне дәнді дақыл егілді. Қалған жері шабындық, жайылымдық, орман-тогайлыштық өнірлер жөне өзендер мен көлдер аймағы.

Өзендері: Аққаба, Қарақаба, Сармөнке, Алқабек, Білезік, Теректі, Қалжыр,  
Бала Қалжыр, Тақыр.

Көлдері: Зайсан, Марқакөл.

1954 жылы 13 тамызда ауылдық кенестер ірілендіріп, Успенка ауылдық кенесі Алексеевка ауылдық кенесіне қосылды. 1957 жылдың 26 қыркүйегінде Орловский, Пролетарский ауылдық кенестері Бобровка ауылдық кенесіне біріктірілді. Чегировский ауылдық кенесі Боран ауылдық кенесіне біріктірілді.

1963 жылы 2 қаңтарда Марқакөл ауданы таратылып, Құршім ауылшаруашылық ауданының құрамына кірді.

1964 жылы 31 желтоқсанда Қазақ ССР Жоғарғы кенесінің жарлығына сәйкес ауылшаруашылық және өнеркәсіптік ауданға бөліну жүйесі жойылды. Марқакөл ауданы қайта қалпына келтірілді.

1967 жылы 12 шілдеде Черняевка ауылдық кенесі құрылды.

1972 жылы 28 шілдеде Қарой ауылдық кенесі құрылды.

Марқакөл ауданының құрылуы, қалыптасу тарихы осылай болғандығы, аумалыт-төкпелі кезеңдерден өткені белгілі.

Сол 1929-1930 жылдары елді жаппай колхоздастыру кезінде Марқакөл ауданында 20-дан артық ірі колхоздар (ұжымшарлар) құрылды.

Олар: «Куйбышев», «Коминтерн», «Тельман», «Киров», «Ленин», «Комаров», «Жданов», «Калинин», «Ворошилов», «Свобода Восток», «Красный скотовод», «Горный скотовод», «Красный партизан», «Заветы Ильича», «III - Пятилетка», «Голощекин», «Красная Новь», «Казахстан», «Талапкер», «Тегістік», «Алтай», «Ардынка», «Архиповка» сияқты колхоздар құрылды, халық жан-тәнімен енбек етті. Ауданының 22 колхозында 46 бригада, 129 егіншілік, 8283 га ауылшаруашылықты жерде колхозшылар қарқынды жұмыс істеді.

Аудан колхоздарында мал басының саны өсті. 8800 бас ірі қара, 64700 бас қой, 5500 жылқы, 2100 шошка өсірілді. Колхоз шаруашылығын нығайту мақсатында аңшылық бригадалар, құс фермалары, омарта шаруашылығы сияқты қосалқы шаруашылықтар жұмыс істеді.

Софыс жылдарында аудан енбеккерлері мал басын, жылқы тұліктерін өсіруде жан аяマイ енбек етті. Мемлекеттік жоспарды асыра орындалап, енбек озаттары (стахановшылар) атанды.

Шопандар Аманжолов Құмарғали, Досым Асанов, Қозыбаев Тұрсағат, Қадақов Рәшина, Жолдыгулов Темірхан, Бөстеков Қожакан. Жылқышылар: Дәрібаев Бурахан, Ақтайлаков Мәз, Оекенов Мұратсалық, Шоқақов Сартық, Дәуітбаев Шәріп т.б.

Бұл колхоздар (ұжымдар) кейіннен 1957 жылдары Марқакөл районындағы ірі совхоздардың (кеншарлардың) құрылуына негіз болды.

Ол кеншарлар: «Марқакөл» кеншары, «Боран» кеншары, «Қаба» кеншары, «Қалжыр» кеншары, «Горный» кеншары, «Қарой» кеншары. Бұл кезеңде 1957-1995 жылдар аралығында Марқа өнірінде 6 кеншар жұмыс істеді.

«Марқакөл» кеншарының орталығы Теректі ауылы;

«Қарой» кеншарының орталығы Қарой ауылы;

«Боран» кеншарының орталығы Боран ауылы,

«Қалжыр» кеншарының орталығы Қалжыр ауылы;  
«Горный» кеншарының орталығы Ақбұлақ ауылы;  
«Қаба» кеншарының орталығы Төсқайын ауылы.

Кеншар шаруашылықтары нығайып, ауданың әлеуметтік экономикалық жағдайы жақсарып, халыктың әл-аухаты, тұрмыс-тіршілігі жақсарған уақыт еді.

Ауданың негізгі шаруашылығы биязы жұнді қой, оған коса етті-сүтті мал, жылқы және астық дақылдарын өсіретін б совхоз болған, мал бордақылау пункті -1 болған.

Ауылдық кенестер - 6 (Марқакөл ауылдық кенесі, Боран ауылдық кенесі, Қалжыр ауылдық кенесі, Қаба ауылдық кенесі, Горный ауылдық кенесі, Қарой ауылдық кенесі).

Аудан кәсіпорындарынан: Нан зауыты, Май зауыты, Ағаш дайындау мекемесі, Құрылым мекемелері жұмыс істеді. Аудандық тұрмыстық қамту комбинаты -5.

1990 жылы ауданда 8 бала бақша, 29 мектеп, 33 кітапхана, 37 киноқондырығы, 5 аурухана мен емхана, 26 фельдшерлік-акушерлік пункт жұмыс істеді.

Аудан орталығында №26 кәсіптік мектебі жұмыс істеп келді. №26 кәсіптік техникалық училищесі 1961 жылы 11 қантарда Боран ауылында «Ауылшаруашылық, механикалық училищесі» ретінде құрылды. 1966 жылдан «Боран орта кәсіптік-техникалық училищесі» атанды.

Автотранспорт мекемесі жұмыс істеді. Аудан жерінен 1966 жылдан бастап Зайсан-Алексеевка-Бобровка, Жаңауыл-Күршім тас жолдары өтеді. Аудан «Шығыс шенбері» тас жолы торабына қосылды.

Ертіс өзені бойында 1930 жылдан бастап жүк тасымалдау мақсатында су жолы пайдаланылды. Боран, Теректі, Төсқайын, Ақбұлақ ауылдарына әуе жолы қатынасы жолға қойылды.

Аудан орталығында 1 баспахана жұмыс істеді. 1940 жылдан ауданда «Коммунизм үшін», «За коммунизму» газеті, 1965 жылдан «Шамшырак», «Маяк» газеттері шығарылып тұрды.

### «Марқакөл» кеншары жайлы

«Куйбышев» колхозы. Алексеевка ауылы (1930 жылдан Алексеевка ауылдық округіне қарады).

«Коминтерн» колхозы. Николаевка ауылы (1930 жылдан Алексеевка ауылдық кенесіне қарады). 1950 жылы «Коминтерн» колхозы «Куйбышев» колхозының құрамына кірді.

«Красный скотовод» колхозы. Успенка ауылы (1929 жылы Успенка ауылдық округіне қарады). 1950 жылдары ірілендірілген «Куйбышев» атындағы колхоз құрамына кірді. 1950 жылы «Коминтерн», «Красный скотовод» колхоздары қосылды.

1957 жылы «Куйбышев», «Красный скотовод», «Коминтерн» колхоздары, «Қарашилік», «Шеттерек», «Тентек» ауылдары біріктіріліп «Марқакөл» кеншарын құруға негіз болды. 1957 жылы ірілендірілген «Куйбышев» колхозының негізінде Марқакөл кеншары құрылып, кеншар құрамына Қарашилік, Ақжайлау, Николаевка, Теректі бөлімшелері кірді.

Кеншар аудандағы ірі шаруашылық болып есептелді. Марқакөл кеншарында мал тұқымын асылдандыру жұмысы қарқынды жүрді. 1978 жылы Марқакөл ауданы төл алудан облыс көлемінде бірінші орынға шыкты. Марқакөл кеншарының Қарашилік бөлімшесі облыс бөлімшелері арасында рекордты көрсеткішке жетті. Бөлімшениң аға шопандары ағайынды Аманжолов Құмарғали, Аманжолов Құмарбек, Аманжолов Қабылғажы, Оралхан Желдібаев, Құмаш Долановтар 100 саулықтан 155-175- тен козы алды. Әр саулықтан 3,5 кг жұн қырқан.

Кеншар ірі рентабелді шаруашылық қатарына кірді.

«Марқакөл» кеншары шаруашылығын ұйымдастыруши кеншар директорлары: А.М.Капустин, Асқаров Айтмұханбет, Х.К.Гайломазиян, Қизатов Төлеген, Піржанов Қабанбай, Нұғыманов Куанышқан, Қ.Толықбаев, Ақсартов Серік.

Партком хатшылары: У.Мамажанов, Ж.Рахымжанов, Б.Аубакиров, М.Оекенов, Б.Малғабылов.

«Марқақөл» кеншарында қызмет істеп, шаруашылықтың әртүрлі салаларында еңбек еткен адамдар: Кәрішалов Аязбек, Майемеров Шерияздан, Майемеров Тұрысбек, Станбеков Сейтбек, Доланов Құрмаш, Таңсаров Манап, Оразиманов Қасым, Таңсаров Сейітқұмар, Таңсаров Шәкен, Аубакиров Хамит, Үнтабаев Сейтбек, Аубакиров Құсайын, Садықов Зарубек, Аманжолов Әбіл, Аманжолов Қабдуали, Смағұлов Алтай, Мұқашев Шәкен, Ақбұзауов Шаймерден, Нұрпейісов Заманбек, Байбатыров Сапиолда, Әміренов Дүйсенбек, Бұқынов Қожан, Аманжолов Құмарғали, Жаманбаев Қамбарбек, Игенов Әділбек, Қапасов Амантай, Асанов Зәрубек, Матабаев Қаби, Нұргалиев Молдабек, Тастанбеков Ануарбек, Қайыраев Құмарбек, Қедешов Қадыкен, Сарипов Рахмет, Амренов Трайыс, Тұрдығұлов Әбілгазы, Бөлекбаев Омар, Мәнкенов Балтабай, Изетов Сағдарбек, Сәменов Тілеубай, Атаманов Қадылбек, Насимов Тұсілбек, Мұқиев Зиябек, Нұргалиев Жақсыбек, Идеятханов Қалиахмет, Арғынбаев Совет, Байбатыров Файзолда, Байбатыров Совет, Бөлекпаев Құмар.

### «Боран» кеншары жайлы

«Комаров» колхозы. Боран ауылы (1931 жылдан Боран ауылдық кенесіне қарады). 1950 жылды «Комаров» колхозы «Киров» колхозы құрамына кіріп, «Киров» колхозы болып аталды.

«Свобода Востока» колхозы Рождественка (кейіннен Жиделі) ауылы (1930-1934 жылды Боран ауылдық кенесіне қарады). 1950 жылды «Киров» атындағы колхоз құрамына кірді.

«Киров» атындағы колхоз. Усть-Қалжыр ауылы (1930 жылдан Боран ауылдық кенесіне қарады). 1950 жылды «Комаров» колхозы, «Свобода Востока» колхозы, «Киров» атындағы колхоздар біріктірілді.

1957 жылды өзге колхоздар катарында бірлесіп, «Боран» совхозын құруға негіз болды. Ол колхоздар «Қазақстан» колхозы. Шығанши ауылы (1930 жылдан Шегір ауылдық кенесіне қарады). «Қазақстан» колхозы 1938 жылды «II-Қазақстан» колхозымен біріктірілді.

«Ленин» атындағы колхоз. Жана-Ауыл ауылы (1928 жылдан Шегір ауылдық кенесіне қарады).

Колхоздастыру кезінде Мұсақан, Бажанай, II-Қазақстан елді мекендері «Ленин» атындағы колхозға біріктірілді. Колхозға ұжымшары Жана-Ауыл ауылында 1933 жылды ұйымдастырылып, колхоздың тұнғыш төрағасы менің әкем Бажықов Мешел болған еді. 1933 жылдан 1936 жылға дейін «Ленин» колхозында қызмет істеді. 1938 жылды Майғапшагай алтын руднігіне (өндірісіне) қызметкө ауыстырылды. Әкем Бажықов Мешел, Ақмадиев Байдолда, Көлбаев Сәбит сол кездегі білімді, сауатты азаматтар еді.

Бажықов Мешел рудник бастығы болып, Нұржанов Төлеміс рудник управляемущі қызметін атқарды.

Әкемнен кейін 1938 жылдан «Ленин» колхозының бастығы Ахмадиев Байдолда, ауылдық кенестің бастығы Жүкенов Құдабай, хатшысы Молдабаев Хамитжан деген азаматтар болды. Бұдан кейінгі жылдарда «Ленин» колхозында Төленгітов Тұрдығұл, Ахмадиев Байдолда, Шөкеев Өмір, Тоқбаев Нұргали, Мустафин Жұсілбек, Маубасов Әділдабек сынды азаматтар колхоз шаруашылығын баскарды.

«Ленин» атындағы колхозда алғашқы еңбек еткен азаматтар: Елбосынов Зайнолда, Сұрабаев Қасентай, Бәгенов Ерғазы, Бекбергенов Әбдірахман, Насиханов Бигали, Нәлібаев Жұніс, Тұменбаев Жақай, Тұйықбаев Райыс, Машаев Нұргали, Шәңгішбаев Тұрғанбай, Қомшабаев Садуақас, Сарманов Кегалы, Зейнолдинов Жәнәбіл, Бижігітов Бидаш, Онайбаев Мұқан, Жұпбаев Зәбен, Жықбаев Қамза, Мұхадиев Жұнісбек, Жықбаев Әбдіғамит.

«Қазақстан» колхозында Семізбаев Кәуken бастық болған. Семей қаласындағы қысқаша дайындық курсынан екі жыл оқып білім алған. Сол кезеңге сай оқыған білімді, білгір басшы болғандығы байқалады. Колхоз ауылынан жас балалар үшін «Балалар яслин» ашқызыған. Яслиде тәрбиеші әрі күтуші болып Асылова Меруерт жұмыс істеген. Шығанши ауылында наубайхана аштырған. Осылай жас әйелдерді колхоз жұмысына тартады. Уалиева Зібила ферма менгерушісі болып істеген. Қабдешов Зәкеш колхоздың бас есепшісі болған. Семізбаев Кәуken 1943 жылды соғысқа кетіп, елге оралмады. Қыздары Семізбаева Қанан,

Семізбаева Дәкен Қалжыр ауылында, Өскемен қаласында тұрады. 1943 жылы «Қазақстан» колхозында Момбаев Изет бастық болып, 1944 «Жданов» колхозына ауыстырылады. Момбаев Изет «Жданов» колхозында 1949 жылға дейін қызмет істеді.

Осы орайда Жана-Ауыл елді мекені тарихына тоқталмақпен. Әйткені бұл Марқа өніріндегі тұнғыш онжылдық мектебі ашылған киелі ауыл. Бұл ауылда 1934 жылы Талғаш жетіжылдық мектеп ашылып, 1941 жылы алғаш жетіжылдықты бітіруші түлектер: Қ. Көшкіншінов, А.Тілеуkenov, Ф.Гумарова, М.Ұябаев, К.Макұлбеков, Зәбенов Әбіл еді. Осы білім ордасы 1948 жылы орта мектепке айналды. 1951 жылы оргамектепті 21 алғаш окушы бітірді. Олар: С.Кәденов, Қ.Әйкенов, З.Қызықов, А.Көкенова, Қ.Сагидолдина, Б.Мұқатаева, З.Көрпебаева еді. Бұл мектеп өзінің құрылу кезінде он бір рет мектеп бітіруші түлектерді ұядан ұшырды.

Осы жылдарда мектепті бітірушілерден атакты ұстаздар, дәрігерлер, зоотехниктер, инженерлер, ғалымдар шықты. Ғалымдар: Қожанов К., Шойынбаев З., Тынысбаев Б., Бейлбаева М., Бижігітов Ж., Бегалина Г., Темірханова Р., Меднубаева Ж. т.б.

Ауданымыздың алтын бесігі, білім ұясы болған Жана-Ауыл ауылының болмасы әркімнің-ақ есінде, әр азаматтың жүрек түкпірінде жүретіндігі сөзсіз. Қалжыр өзенінің көк бүйра тоғайына оранып, Бекенбай, Байшуақ тауларының онтүстік етегімен көмкеріліп, ырысы актарылып, кең жазығы көсліп жатқан, құт мекен ғой бұл.

1938 жылы «Қазақстан» колхозы ірілендірілген «Ленин» колхозына қосылды. 1957 жылы бұл колхоздар «Боран» кеншарын құруға негіз болды. Боран кеншары «Боран» бөлімшесі, «Жана-ауыл» бөлімшесі, «Қазақстан» бөлімшесі, «Жырақұдық», «Приертиш» бөлімшелері негізінде жұмыс істеді.

1987-90 жылдары «Боран» кеншарының жер көлемі 103976 га, егіндік жері 7788 га, кеншарда 56523 бас қой, 1327 бас жылқы, 3486 бас ірі қара, 163 бас түйе өсірілді.

Боран ауылында халық депутаттары ауылдық кенесінің атқару комитеті, Боран кеншарының кенесі, ПМК - 2410, жұмысшы кооперациясының басқармасы, «Востокказсельстрой» трессінін құрылыш механизациясын басқару базасы, мал бордакылау пункті, Жоғарғы Ертіс пароход айлағы, Аэропорт, ДЭУ, байланыс торабы, аудандық казсельхозтехника, Тұтынушылар одағының сауда коймалары, 1950 жылы Боран МТС-і құрылды. МТС Қалжыр, Боран, Горный, Қаба ұжымдарындағы шаруашылықтарға техникалық көмек көрсетіп тұрды.

Боран ауылы Марқакөл районындағы ірі шаруашылық орталығы болды.

Кеншар директорлары: Н.И.Киличин, И.И. Кавелькин, Т.А.Жұмақанов, С.Аухадиев, Б.М.Слямов, К.Б.Бидашев, М.Кексегенов, Ә.Қ.Аманжолов, Б.Д.Айылбаев.

Кеншар мамандары: А.Ж.Дүйсекенов, А.Пішеншинов, Дәүкеев Зәріпхан, Д.Солтаниянов, Қ.Кеншинбаев, А.Райымханов, Д.Алпысов, Д.Қабдықалыков, Б.Молғабылов, М.Ж.Шаденов, М.Ерментаев, Нұржанов Телеміс, И.К.Медеубаев, М.Рапиков, Б.Шериязданов, Р.Ахметов, Т.Шаяхметов, Қ.Туаров, Ж.Смағұлов, Багенов Қадыр, Тұрсынғожин Секен, Баекенов Қалибек, Қыдыралин Сакан, Темірханов Базілбек, Сауытбаев Сабырбек.

Қабду Карменов, Ожекенов Айдархан, Қасентаев Ақыметбек, Макұлбеков Кәкен, Жықбаев Ерғазы, Макұлбеков Бабархан, Садыбаев Рахымбай, Шедерин Сағатбек, Жанділов Құмар, Женісханов Раҳметолда, Женісханов Қабдолда, Даңанбаев Қайлар, Кеншінбаев Қабдрашит, Бексолтанов Тұсіпхан, Керейбаев Сагиолда, Сейтқалиев Тұсіпбек, Қарсақбаев Оспан, Сейтжанов Қожабек, Әтелбаев Сейіпке, Тасыбаев Орысбай, Медеубаев Кәкім, Бердібеков Кәкім, Сабатаев Мұратбек, Кірбетов Шәкер, Қибадатов Кәмелбай, Әбішев Қызықеш, Қабдешов Әлиғұмар, Пішеншинов Совет, Уайдолдин Сәбеш, Садыков Айтқали.

Боран ауылының әртүрлі салада енбек еткен, қызмет істеген ардагерлері: Лұқпанов Сағатбек, Қабдешов Зәкеш, Назбиев Ахмет, Әділбаев Токтаубай, Тұраров Сайлаубай, Тұраров Аскар, Сауытбаев Шерияздан, Қоқымбаев Шаукен, Асылов Комешкен, Таңырықов Нұрахмет.

### «Қалжыр» кеншары

«Красная Новь» колхозы. Черняевка ауылы (1930 жылдан Боран ауылдық кенесі құрамына кірді). 1949 жылы колхоздың аты «Талапкер» колхозынан ауыстырылды. 1950 жылы «Красная Новь» колхозы «Сталин» атындағы колхоз құрамына кірді. 1950 жылы

«Талапкер» колхозы, «Красная Новь» колхозы, «Тегістік» колхозы, «Дала Такыр» ауылы, «Мыншұнқыр» ауылдары ірілендірілген «Сталин» атындағы колхоз құрамына біріктірілді.

1953-1955 жылдары «Сталин» атындағы колхоздың аты бүкіл Одаққа әйгілі болды. Калжыр өнірінде жаткан екі колхоз «Сталин» атындағы және «Ленин» атындағы колхоздар миллионер колхоз атанды. Колхоздар мал шаруашылығын өркендетуде жоғарғы көрсеткішке жетті. Халықтың, колхозшылардың әл-аухаты жақсарды. Соғыстан кейінгі ауыр жылдарда, шаруашылықты қалпына келтіру кезеңінде аянбай еңбек етіп, халыққа басшылық жасаған колхоз тәрағасы Ғайсин Солтания, партия хатшысы Көшкиншинов Қалиолда, кейіннен Уазиров Қайролда, ауылдық кенестің бастығы Мұқашев сынды азаматтар еді.

1957 жылы «Сталин» колхозы «Боран» кеншарының негізін құрады. 1961 жылы «Боран» кеншарынан бөлініп, «Қалжыр» кеншары жеке шаруашылық құрды. «Қалжыр» кеншары құрамына «Черняевка» бөлімшесі, «Такыр» бөлімшесі, «Шұбаршілік» бөлімшесі, «Шенгелді» бөлімшелері кірді.

Қалжыр өніріндегі алғашқы ұжымшарлар (колхоздар) мен «Қалжыр» кеншары өмірін тулетуге, кеншар шаруашылығын дамытуға еселі еңбектерімен үлес қосқан басшылар, мамандар, шопандар, егіншілер, құрлысшылар, механизаторлар қатарында қызмет істеп, еңбек еткен абыз азаматтарды, адал жанды ардагерлерімізді атап кеткенді жөн көрдік.

«Талапкер», «Сталин» колхоздары бойынша: Тілеубаев Қазыке – к/з бастығы,

Назиров Қайролда – ауылдық кенестің бастығы 1939 ж, Айшинов Матабай –к/з бастық Мырзаханова Нұржамал –ауылдық кенестің хатшысы 1940 ж

Сайкенов Қасен – ауылдық кенестің бастығы 1945 ж, Күмпейісов Қаби – к/з бастығы.

Мағұлшанов Шаяхмет – колхоз бастығы 1938-1940 ж

Әубакиров Қыдырбатша – колхоз бастығы 1940-1945 ж

Отарбаева Күлжікей – колхоз бастығының орынбасары 1942-1945 ж

Жолдығұлов Темірхан – қой фермасының менгерушісі 1942-1952 ж

Тамтықов Тұрақбай – сиыр фермасының менгерушісі 1945-1950 ж

Солтанбеков Жәден – колхоз есепшісі 1948-1950 ж

Тұрарова Машан – мұғалім

Мырзаханов Шайзада – колхоз есепшісі 1950-1958 ж

Темірханов Қинаят – бригадир, бөлімше бастығы

Рамазанов Әден - бригадир

Микенова Құлімхан – колхоз есепшісі, кассир 1948-1955 ж

Тұрымов Қабдеске – мал дәрігері

Оспанов Сейтмолда –мұғалім, кейіннен «Тегістік» колхозының бастығы

Садуақасова Қатира – мал дәрігері

Жігітов Оспан – мал дәрігері

Жықпаев Алпыс – колхоз бастығының орынбасары, зоотехник

Қонақбаев Шерияздан – мал дәрігері

Миязов Баян – жүргізуши

Таныраев Дұсіп – сиыр фермасының менгерушісі

Оразиманов Жұмабай –есепші

Мырзаханова Нұржамал – қойма менгерушісі

Ермекбаев Зарықбай – жылқы фермасының менгерушісі, сатушы

Қонарбаев Рамазан – шопан

Жарқынбаев Әбдөш – шопан

Есілбаев Садуақас – шопан

Мәлтікбаев Кагарман –шопан

Қазымов Нағашыбай – аға шопан

Нұрымханов Нұрғали – кілетші, бригадир

Мырзағұлов Мұхамади – шопан

Рахымжанов Әбдікәрім – шопан

Күржиев Қайырмен – шопан

Жекежанов Иса - шопан

Бабалин Мамыр - шопан

Бабалин Жақыпбай - шопан  
Мамыраев Жомарт - шопан  
Сағанаков Бекбосын – түйеші  
Жекежанов Мұса - шопан  
Құлиеков Микен, Ықыбаев Қалиакпер – калхоз ағаш шебері  
Оразиманов Жұмабай - жұмысшы  
Отарбаева Сапура - аға шопан  
Тәуірбаева Мариям – аға шопан  
Бейсенбаева Айнаш – аға шопан  
Бұқынов Рамазан - аға шопан  
Бажыков Бегалы - аға шопан  
Шапатов Қабданасыр - аға шопан  
Ауганбаев Ақсарт - аға шопан  
Ауганбаев Мұқан – аға шопан  
Құдыкенов Халел - аға шопан  
Себепбаев Қасен – аға шопан  
Ақтайлаков Мәз, Мыжыбаев Жұрқабай - атақты жылқышылар  
Айшинов Конакбай – аға шопан  
Бежекенов Ақажан – аға шопан

«Калжыр» кеншары бойынша:

Көшкиншинов Калиолда – кеншар директоры 1961-1982 ж  
Жумаханов Тұрынғали., Шериязданов Болат., Нұрымханов Марат. – кеншар директоры ретінде 1982-1995 жылдар аралығында қызмет етті  
С/з партком хатшысы: Баекенов К., Нұғыманов К., Ақбұзауов Ж., Қаинтаев Н.  
Икласов Сагиолда – с/з жоспарлау бөлімінің есепшісі  
Бектеміров Құмарғазы – с/з бас есепшісі  
Дүйсекенов Кәрімхан – с/з құрылым инженері  
Уашев Айнұхат - с/з құрылым инженері  
Сартықбаев Тойкен – с/з есепшісі  
Шогелов Слямбек – с/з бас мал дәрігері  
Жықбаев Ерзаян – с/з бас зоотехник  
Нұрымханов Марат – с/з бас зоотехник, с/з директоры  
Шаяхметов Муталап – с/з құрылым инженері  
Қосанов Өмірзак - с/з жұмысшы комитетінің бастығы  
Темірханов Бәзікен - с/з бөлімше менгерушісі, с/з директорының орынбасары  
Солтанбеков Жәден – с/з есепшісі  
Нұрымханов Солтан - бөлімше менгерушісі  
Жайырова Фалима - с/з бас есепшісі  
Ожекенова Сара - с/з есепшісі  
Қизатов Төлеген - с/з бас агрономы  
Солтаниянов Достан - с/з бас мал дәрігері  
Қажиев Дәкен - с/з бөлімше менгерушісі, жұмысшы комитетінің бастығы  
Айтжанов Кебен - бөлімше менгерушісі  
Танжарықов Жәмелден – зоотехник  
Рысбаев Әбдіғали – бөлімше менгерушісі  
Тойбазаров Ахмет- бөлімше менгерушісі  
Бегалин Ақан – с/з электрик маманы  
Манапов Кабен – с/з механик, бригадир  
Үйсінбаев Қабден – с/з агрономы, Құрманбаев Саги, Нұралин Қабдуәли, Темірханов  
Базылбек, Ибраев Кенес, Мамыров Көкен, Алханов Көксеген.  
Байтемиров Баشا, Себепов Қабатай, Аубакиров Қабыкен, Толыбаев Қамза, Рысбаев  
Уалихан, Жұрқабаев Қабатан, Есілбаев Асқабыл, Мерекенов Үәрбек, Мұсаханов Қинаят,  
Омаров Тащымұқанбет, Сартықбаев Тергенбай, Мусин Тоқтарғали, Тұракбаев Әнуарбек,

Жықбаев Алпыс, Қонақбаев Шерияздан, Қалиев Күләттай, Женсебев Нұролда, Есімжанов Тұрысбек, Самултуров Тоқтамұрат, Сайкенов Рахметолда, Исаев Орынбай, Исаев Оралхан, Жұмаділов Бабан, Файзрахманов Файзолда, Серікбаев Асылбек, Келгенбаев Бекен, Садуакасов Сагындық, Қөшкиншинов Төлеухан, Қайролдин Қекен, Ақсартов Алтынбек, Мұханов Маралхан, Қонакбаев Құмарбек, Мұқашев Төлеухан, Ықыбаев Зақан, Саятов Қабыл, Есболов Өмірзак, Жұмажанов Бәзенбек, Қасентаев Ақметзәки, Жұмаділов Токтарбай, Бегембаев Сагымғали, Замзина Гульнар, Ахтанов Хамит, Женсікбаев Айтқазы, Қырықбаев Сәлім, Женсебаев Қалиолда, Құнапиянов Нұрлықасым, Мұхамадиев Қажымұқан, Бекжанов Қалкен, Жұрқабаев Қазез, Темірханов Кенжебек, Құдыкенов Мұрат, Сыдыков Еркінбек.

Төскейде төрт тұлікті өристеткен ардагерлер:

Ауганбаев Сағдолда, Исаев Бұйран, Шапатов Қабыкен, Құдыкенов Халел, Бекжанов Қарсыбай, Бекжанов Қайролда, Рамазанов Қабыкен, Ахметжанов Колхозбек, Тергенбаев Бейсек, Үркінбаев Сағат, Тұнғышбаев Ниязбек, Таңжарықов Шаймерден, Жәкетаев Макпоз, Байбазаров Қабылбек, Қасайынов Мәкеш, Саршанов Әнуарбек, Нұрсұлтанов Тұсіпбек, Сарсенеков Шәбей, Саяндиков Совет, Байсадыков Манап, Тыштықбаев Сакаба, Жақыпбаев Телеу, Шапатов Қабыкен, Бозтаев Кенесхан, Мейірманов Әукөрім, Мейірманов Текен, Кожаханов Нығметай, Мырзагұлов Мәметай.

### «Қарой» кеншары

«Айнабұлак» колхозы. Қарой ауылы (1930жылдан Архиповка ауылдық кенесіне қарады). «Айнабұлак» колхозы 1930 жылы құрылды. Алғашқы колхоз бастығы Ибак Әненбаев деген азамат болды. Әненбаев Ибактын Құлпаши, Гүлбаршын деген қыздары Боран ауылында тұрды.

«Тельман» колхозы. Спасовка ауылы. (1930 жылдан Архиповка ауылдық кенесі). 1950 жылы «Тельман» колхозы ірілендірілген «Алтай» колхозы құрамына кірді.

«Айнабұлак» колхозы, «Архиповка» колхоздары 1965 жылдары «Қарой» кеншарын құруға негіз болды. «Қарой» совхозына үш бөлімше кірді: I – «Қызылтас» бөлімше менгерушісі – Түйтебаев Малғаждар, II – «Қарой» бөлімше менгерушісі – Нұрсапаров Телеген, III – «Архиповка» бөлімше менгерушісі – Темірбаев Әдібас.

Қарой кеншары 1965 жылы тамыз айында құрылды. Кеншардың бірінші директоры – Зарыпхан Бұлғынбайұлы.

Партком секретары – Станбеков Сейтбек Көнілбайұлы, Омаров Кәрімхан

Жұмысшы комитетінде – Қорабаев

Комсомол комитетінде – Жиенаев Қақан

Бас есепшісі – Бекасов

Бас экономисі – Ноқанов Жұмаділ

Бас мал дәрігері – Сатыпалдин Шәріпхан

Бас инженері – Майтбасов Шәріпхан

Бас зоотехник – Жанпейісов Совет

Зав.МТМ – Ешкібаев Совет

Завгар – Қашқанов Базархан

Бас агроном – Көлбаев Дұсіпбек

1968 жылы кеншар директоры – Кексегенов Мәуken.

1972 жылдан кеншар директоры – Шылғаубаев Қами Байтөлейұлы. Қами кеншарда 25 жыл басшылық жұмыста істеді. Кеншар мамандары: Сайкенов Нифыметолда, Отарбаев А, Құржеев Мейрамғали, Жұзкенов Ақатай, Жықбаев Ерзаян, Солтаниянов Достан, Бекетаев Дойкен, Дәулетов Советхан, Мамыров Бекен, Бидашев Қекенай, Оекенов Майлыхан, Темірханов Семейхан, Мұздыбаев Айтқали, Жықбаев Ахмет, Жайырбаев Бейімбек.

Еңбек озаттары: Бекбаев Төлеубек, Рапианов Данияр, Сағатов Тұрсай, Отарбаев Сағдолда, Түйірбаев Сағат, Толыбаев Қожы, Байтоқанов Оразғали, Бикенов Қөген, Темірбаев Шәріп, Қопабаев Шәрахмет, Матаев Ақбай, Тоқпатаев Дөшкен, Жаманбаев Қамбек, Лақов Сейтқұмар, Жолдығұлов Әмірхан, Жолдығұлов Шәрімхан, Тұржанов Қапан, Қойлыбаев Кекім, Илиясов Кинаят, Қожанұлов Сәүкен, Бүйрекбаев Еркін.

## **«Горный» кеншары**

«Завет Ильича» колхозы. Горное ауылы (қазіргі Ақбұлак) (1930 жылдан Горный ауылдық кенесіне қарады).

«Жданов» атындағы колхозы. «Бесбұғы» ауылы (1930 жылдан Горный ауылдық кенесіне қарады).

«Красный партизан» колхозы. Мәйтерек ауылы (1930 жылдан Горный ауылдық кенесіне қарады). 1950 жылы «Жданов» атындағы колхоз құрамына кірді. 1950 жылы «Завет Ильича», «Красный партизан» колхоздары қосылды. Колхоздарды ірілендіру саясаты негізінде 1950 жылы «Завет Ильича», «Красный партизан», «Жданов» атындағы колходар біріктіріліп «Горное» колхозы болып аталды.

1957 жылы «Горное» колхозы «Боран» кеншарын құруға негіз болды. 1958 жылы «Горное» колхозы «Боран» кеншарынан бөлініп, жеке шаруашылық құрды. Шаруашылыққа «Теріскей Бекенбай», «Құнгей Бекенбай», «Мәйтерек», «Алтай» бөлімшелері біріктіріліп, «Горное» кеншарын құруға негіз болды.

Кеншардың алғашқы директоры И.С.Степенко. 1976 жылы кеншар директоры Дәрібаев Бекболат Бурабайұлы болды. Дәрібаев Бекболат кеншарды біліктілікпен басқарды. Шаруашалықтың экономикалық, әлеуметтік дамуына зор енбегін сінірді. Кейінгі жылдарда Бұқынов Айдарбек, Әубакиров Бактияр сынды азаматтар қызмет етті.

Кеншардың партия үйімінің хатшылары: Тілеуkenov Ахметай, Бояубаев Қайдар.

Колхоз, совхоз жұмыстарында тыныссыз еңбек еткен, халық шаруашылығының дамуына үлес қоскан азаматтар: Шөкеев Өмір, Ерғасымов Женсіхан, Зайнолдинов Жәнәбіл, Зайнолдинов Жәдігер, Раймханов Сембай, Дәдетов Жақсылық, Құнапиянов Эсімхан, Иханбаев Ахан, Емілбаев Қалибек, Жақсыбаев Баттал, Оразиманов Иламби, Қасымов Шаяқ, Дәрібаев Әбіл, Дәрібаев Бейсен, Аубакиров Қоныр, Аубакиров Бақтияр, Қыраубаев Сагиолда, Жансаков Ескендір, Бұтабаев Сәбетхан, Кеншінбаев Мырзахмет, Қекіманов Шеріяздан, Әлханов Тоқан, Қонырбаев Әбіш, Бекжанов Қабатай, Тоқтауов Солтамұрат, Таныбаев Заманбек, Таныбаев Қабаш, Қалиев Малқайдар, Қалиев Жәмсап, Қоқымбаев Советхан, Тұтқанбаев Тыран, Жаугашаров Исаид, Райымбеков Рақымқажы, Сарипов Тоқан, Қызметов Дайырбек, Әменов Тұрсынхан, Сахариев Қызықеш, Шестаев Ерғали, Демесінов Самарбек, Кеншинбаев Мырзагали, Нұрсейітов Қабыкен, Жықбаев Ерзаян, Қомшабаева Гүлбану, Карипбаев Бағатбек, Жарасов Топай, Мусин Мұрат, Тілемісов Оразай, Иханбаев Шорман, Қанғаев Есенжар, Қонырбаев Дүсіпхан, Әлханов Әмірбек, Райымханов Мұрат, Қонырбаев Абайхан, Аубакиров Іктияр, Карменов Ахмет, Жакупов Тәүке, Жакупов Дәүік.

## **«Қаба» кеншары**

Алғашқы колхоз Бобровка ауылында 1931-1932 жылдары құрылған. Ауыл атауы алғашқы отырықшы тұрғындардың бірі Бобров Керсаний Никифоровичтің есімімен аталды.

Алғашқы ұжымшар (колхоз) басшысы П.М.Ламанский. Сарвенок ауылында алғашқы колхоз «Дос» деп аталған. Бастығы Ақай деген азамат. Ауылдық кенестің төрағасы Қасықбай. «Дос» ұжымы 1938 ж «ІІ – бес жылдық» колхозы болады. Басшылары Жампейсов Мәми, Демесінов Жылқыбай, Саганаев Омарбек. 1952 жылдары «Пограничный» ұжымшарына қосылды. Ұжымшарды басқарған азаматтар Е.Федор, Құрманаев Жампейіс. 1953-1957 жылдар аралығында Владимировка ауылындағы «Ворошилов атындағы» ұжымшар, 1930-1931 ж Верхная Еловка (Қарағайлы бұлак) ауылында «Горный скотовод» ұжымы құрылды. Ұжымшардың бастығы Горохов, ауылдық кенестің төрағасы Захаров деген адам болды. 1958 ж наурыз айында Қаба өніріндегі ұжымшарлар «Қаба» кеншарының құрамына кірді. «Горный скотовод», «Калинин» атындағы ұжымшарлар негізінде «Қаба» кеншары құрылды. Кеншарды басқарған директорлар: Ф.Манапов, Ж.Құдайбергенов, Ж.Мустафин, А.А.Асқаров, Т.А.Нұрсейілов, М.Ф.Маренко, Т.С.Смаилов, К.Бекбаев, К.Б.Бидашев, Ә.К.Аманжолов, Е.Д.Назбиев. Мамандары: Т.Көрпебаев, Ә.Әбдіхалықов, Т.Исанов, Қ.Демегенов, Ә.Хамитов.

Кезінде «Қаба» кеншары ірі шаруашылық болды. Кеншардың жер көлемі 45826 гектарды құрады. 24000 га жайылым, 3000 га егістік, 10000 га шабындық жерлерді қамтыды.

Кеншарда білімді мамандар, механизаторлар, шопандар, егіншілер, жылқышылар қажырылы қызмет етті. Халық шаруашылығының дамуына мол үлес қосты.

Қ.Байбуров, З.Нұрашбаев, Р.Қашқанов, С.Булкубаев, Д.Назбиев, Ш.Мукушов, Д.Үркүмбаев, Т.Ақбұзауов, А.Байбуров, С.Шоқаков, А.Доланбаев, Ш.Болтабаев, Ж.Оекенов, Б.Оекенов, М.Сағидолдин, Құржеев Мейрамғали, Шогелов Сіләмбек, Тынысбаев Мұратбек.

**Марқакөл ауданы болған кезде ауданда басшылық жасап,  
жауапты қызмет атқарған азаматтар**

Марқа өнірінде атқару комитетінің төрағалары:

1. Селецкин Н.С. – I хатшы /1939-45ж/
2. Кошкоров – а/ком.(ауатком) төрағасы /1939-44ж/
3. А/ком. (ауатком) орынбасыры Салықбаев Сағда /1939-44ж/
4. Әдемов Жұсіпхан Дәүкеевұлы – ауд/парктком I хатшысы /1945-46ж/
5. Қасымов Орынбай – I хатшы /1947-48ж/
6. Абуғалиев Нұрсәлім – I хатшы /1949-50ж/
7. Сатыбалдин Орынбай – I хатшы /1951ж/
8. Скалабан – I хатшы /1952-55ж/
9. Тілеуkenov Ахметай Тілеукеұлы – ауд/ком нұсқаушысы /1947-56 ж/, а/ком ұйымдастыру бөлімінің бастығы /1960-63 ж/; Қалғұты, Горный совхозының партком хатшысы /1963-72ж/; Қарой ауылдық кеңесінің төрағасы /1972-80ж/.
10. Рахимов Ойкен Рахимұлы – ауд/ком төрағасы /1945-58 ж/; I хатшы /1965-68ж/
11. Кенжін Есәлім Серікұлы – I хатшы /1968-70ж/
12. Дәүленов Мұрат Дәүленұлы – I хатшы /1970-81ж/
13. Сакешов Сәбет Рахымбайұлы – хатшы /1981-83 ж/
14. Оспанов Мұхамед Қожағалиұлы – хатшы/1983-85 ж/
15. Нұкешов Мұхтар Нұкешұлы – хатшы /1986-88ж/
16. Бидашев Кәкенай Бидахметұлы – хатшы /1988-90ж/; төрағасы /1991-94ж/
17. Малғабылов Баян – хатшы /1990-94ж/
18. Байғалиев Нұркүсайын – р/исполком /1965-68ж/
19. Козодеров Николай Филипович – р/ исполком /1970-72ж/
20. Диянов Павел Кузьмич – атқару/ком төрағасы /1968-70ж/; II хатшы
21. Ильин Борис Иванович – II хатшы /1972-78ж/
22. Май Яков Яковлевич – атқару/ком төрағасы /1978-86ж/
23. Лаптев Евгений Аристархович - /1986-91ж/
24. Шушпанов Николай Дмитриевич – II хатшы /1956ж/
25. Қөпесбаев Қыдырхан – III хатшы /1945-60 ж/
26. Қондыбаев Шәрахмед – III хатшы /1945-60ж/
27. Ретивых Евгений – II хатшы
28. Демьяненко Анатолий Пантелеевич – II хатшы /1974-80ж/
29. Әбілмажінов Хайлолда – II хатшы
30. Дүнгенов Мирас – райком, ұйымдастыру бөлімінің бастығы
31. Нұрпейсов Заманбек – III хатшы /1978-80ж/
32. Ақбұзауов Шәймерден – профсоюз бастығы
33. Жықбаев Ерзаян- а/профсоюз бастығы
34. Алибеков Рақыпбай – ВЛКСМ
35. Дәрібаев Бекболат – а/ш бастығы/1983-85ж/
36. Қизатов Төлеген – а/ш бастығы /1970-80 ж/
37. Жумақанов Тұрсынғали – а/ш бастығы 1979-1982 ж
38. Толықбаев Қабдолда Толықбайұлы – Марқакөл совхозының директоры /1986-92ж/
39. Аскаров Айтмұхамбет Аскарұлы–совхоз директоры
40. Әбілғазин Владимир - РК ВЛКСМ

41. Байекенов Калибек –РК ВЛКСМ  
 42. Манақов Жомарт – РК ВЛКСМ  
 43. Стәценко И.С.- Горный совхозының директоры  
 44. Губайдуллина Г.С. – райисполком төрагасының орынбасары  
 45. Сәйкенов К.Х.- I зам.пред.райисполком  
 46. Нұрғазин Мағауия –II хатшы  
 47. Егоров Яков Васильевич – атқару комитеті  
 48. Қөшкінчинов Нұрлан – Партия бақылау комитеті  
 49. Абакумов С.Н.- байланыс бөлімінің бастығы  
 50. Ақтайлақов – майор, подполковник РОВД  
 51. Буткенев Т – РОВД  
 52. Хайдаров – КГБ  
 54. Мускин А – КГБ  
 55. Бегалин Ғабдул – Аудандық өрттен қорғау инспекциясының 1990-2005 ж. бастығы  
 56. Сатыбалдин Жолдасбек – сот  
 57. Сабиев, Атамбеков, Токушев, Мукушев – прокурорлар  
 58. Оекенов Болатхан Нұратсалыкович – Марқакөл қорығы директоры /1980-2002 ж/  
 59. Қабдырғалиев Сарқыт – РПС бастығы  
 60. Өкпебаев З – халық бақылау тобының бастығы  
 61. Жуков, Абраимов Набиолда, Қабдырғалиев, Наурызбаев А. –РПС бастықтары  
 62. Унтабаев Мәзікен, Гурьев, Ганжин, Баймөлдин, Салықбаев Сағат, Ерқасов Көпен, Қ.Рамазанов – газет редакторлары  
 63. Баталов Сабыр, Садыков Зарубек – р/собес бастықтары.

**Марқакөл ауданында 1930-1960 жылдар аралығында жас ұрпақтарға  
білім беріп, тәлім-тәрбие көрсеткен ұстаздар**

Алғашқы ұстаздардың өнегелі істері, жастиарға білім берудегі еңбегі ұшан-теңіз болғандары белгілі. Асылдарымызды ардақтай жүрейік.

<b>№</b>	<b>Аты-жөні</b>	<b>Еңбек еткен мектебі</b>
1	Сарсекенов	Ғадылбек
2	Ниязбаев	Шайхы
3	Иханбаев	Нұргали
4	Мендібаев	Ғұмар
5	Көпесбаев	Қыдырхан
6	Айкенов	Қабдош
7	Шалғынбаев	Солтанғазы
8	Омаров	Көшетай
9	Мұптиев	Магымыр
10	Қырықбаев	Ғұмар
11	Садуақасов	Қабдеш
12	Тілеуkenов	Зиынбай
13	Оспанов	Сейтмолда
14	Валитов	Жүсіпбек
15	Қарынбаев	Оралбек
16	Күленов	Уали
17	Кулев	Бейсенбай
18	Ежебаев	Бексейіт
19	Слямов	Сейфолда
20	Қыранбаев	Оралбек
21	Баймурzin	Мамырбек

22	Нұрымханов	Солтан	Шығанши
23	Нұрымханов	Солтанбек	Бесбұғы
24	Қалдыбаев	Мұхаметхан	Жаңа-Ауыл
25	Карменов	Қабду	Талапкер
26	Фатхулдинов	Сағдолда	Шығанши
27	Ибрагимова	Минуара	Алексеевка
28	Самарханова	Нұрділда	Қарой
29	Махмұтова	Аклима	Алексеевка
30	Тұрарова	Машан	Боран
31	Қасентаева	Майшекер	Шығанши
32	Қондыбаев	Шаукен	Жаңа-Ауыл
33	Мешелев	Бұйткен	Ақбұлақ
34	Сакатов	Зәйдеш	Ақбұлақ
35	Омарова	Қалимаш	Ақбұлақ
36	Омарова	Қалипа	Ақбұлақ
37	Сарипов	Сексенбай	Ақбұлақ
38	Ахметжанов	Тұрсынхан	Жаланаш
39	Тілеуберлин	Сабақ	Архиповка
40	Тұржанов	Зәки	Батпақбұлақ
41	Еркешов	Ахметқали	Боран
42	Қошыманов	Құмарбек	Тақыр
43	Қошыманова	Гүлзиян	Тақыр
44	Оспанов	Сейтмолда	Боран
45	Байғалиева	Бәтима	Алексеевка
46	Үнтабаев	Мәзікен	Алексеевка
47	Үнтабаев	Қайран	Ашылы
48	Жәкібаева	Апұза	Тақыр
49	Тыныбаев	Бабаш	Тақыр
50	Жакаев	Жақия	Жаңа-Ауыл
51	Тұрарова	Нақан	Жаңа-Ауыл
52	Нұрсапарова	Нұржамал	Жаңа-Ауыл
53	Қарынбаев	Оралбек	Жаңа-Ауыл
54	Садуақасов	Мубарақ	Жаңа-Ауыл
55	Іргебаева	Мария	Жаңа-Ауыл
56	Нұргазин	Жомарт	Жаңа-Ауыл
57	Ғұмарова	Фарида	Шығанши
58	Ықыласова	Қатжан	Манқан
59	Шатаева	Әйнікен	Алексеевка
60	Нұржанов	Қалибек	Бесбұғы
61	Жәкебаева	Дурия	Бесбұғы
62	Тұкібаев	Садық	Жаңа-Ауыл
63	Нұргалиев	Құмаш	Боран
64	Айкенова	Қанипа	Боран
65	Исанов	Жанғазы	Алексеевка
66	Шөкеев	Еркен	Жаңа-Ауыл
67	Қисыкова	Дәметай	Ашылыбұлақ
68	Қисықова	Гүлжауар	Майтерек
69	Қисықов	Закан	Жаңа-Ауыл
70	Әлібеков	Рақбай	Алексеевка
71	Қоқымбаев	Ниязбек	Алексеевка
72	Бексейінова	Роза	Алексеевка

72	Көрпебаева	Зайра	Алексеевка
73	Кәденов	Сағдолда	Алексеевка
74	Құсайнова	Мадиша	Бесбұғы
75	Сагитова	Жаңылыс	Жаңа-Ауыл
76	Исен	Ақит	Жаңа-Ауыл
77	Райсов	Мұтал	Жаңа-Ауыл
78	Райсова	Болған	Жаңа-Ауыл
79	Бозтаев	Кәмәл	Алексеевка
80	Садуақасова	Нұрбат	Жаңа-Ауыл
81	Әзімбаев	Зәкеш	Жаңа-Ауыл
82	Тастанбеков	Ғұмар	Боран
83	Ғабитова	Хамдия	Бақай
84	Жағыпаров	Дәлелхан	Бақай
85	Батаев	Әбдірахман	Ақбулақ
86	Омаров	Қалихан	Алексеевка
87	Нұрабаева	Рузада	Алексеевка
88	Әкірамова	Әсия	Боран
89	Бекбауов	Сейіт	Жаңа-Ауыл
90	Мұқатаева	Бижан	Ақбулақ
91	Сағидолдина	Қатира	Сарыменке
92	Көлбаева	Әсима	Ақбулақ
93	Рысбаев	Ақыбай	Жаңа-Ауыл
94	Үәзіров	Қайролда	Қарой
95	Оразиманов	Ахметзәқи	Ақбулақ
96	Деменова	Бану	Боран
97	Юсупов	Майтын	Боран
98	Кәкімова	Куләш	Боран
99	Кәкімова	Ізбайла	Боран
100	Ләкперова	Мәптен	Жаңа-Ауыл
101	Көрпебаев	Тоқтау	Сарыменке
102	Айкенов	Қалымжан	Сарыменке
103	Қондыбаева	Қайшатай	Алексеевка
104	Тілеуқенова	Майра	Жаңа-Ауыл
105	Қомшабаев	Тоқтар	Ақбулақ
106	Құнапиянов	Әсімхан	Ақбулақ
107	Құнапиянов	Үйсіпхан	Жиделі
108	Шамбилов	Имаш	Қарой
109	Тұрабаев	Байғали	Бесбұғы
110	Айнұқатов	Тоқтархан	Жаңа-Ауыл
111	Әменов	Қайырхан	Ашылышылақ
112	Кекенова	Айтжан	Шенгелді
113	Саданова	Гүлзипа	Жаңа-Ауыл
114	Қажиева	Баған	Шенгелді
115	Медеубаев	Мұрат	Боран
116	Қосанов	Өмірзак	Шенгелді
117	Байшолақов	Тұрсынхан	Қалжыр
118	Рамазанов	Тоқтау	Қалжыр
119	Мешелова	Макен	Қалжыр
120	Ғадылбекова	Камария	Тақыр
121	Мырзаханова	Нурияш	Қалжыр
122	Шериязданова	Батима	Шенгелді

**Марқакөл өнірінде 1930-1960 жылдар аралығында халықтың діни рәсімдер мен  
инабаттылыққа тәрбиелеген молдалар**

<b>№</b>	<b>Аты-жөні</b>	<b>Рұы, атасы</b>	<b>Білім ордасы</b>
1	Сексен молда	Қожанбет	Медресе бітірген
2	Шонжарбайұлы	Болат	Жәлменбет
3	Болатұлы	Әбдіке	Жәлменбет
4	Дауылбайұлы	Даданбай	Тоғыз
5	Сартұлы	Нұрсағит	Атақозы
6	Мендібайұлы	Ғұмар	Егізқара (семинария)
7	Кожалакұлы	Ежен	Жәлменбет
8	Еженұлы	Тарғын	Жәлменбет
9	Атымтайұлы	Баймырза	Жәлменбет
10	Баймырзаұлы	Мәкүн	Жәлменбет
11	Тәкеұлы	Тұрабай	Жәлменбет
12	Асубайұлы	Дүзгенбай	Төртуыл
13	Асылұлы	Төлебай	Тоғыз
14	Бабалыұлы	Жақыпбай	Жәлменбет
15	Жайсанбайұлы	Мұхамади	Сырынбет
16	Көтешұлы	Өтеулі	Сырынбет
17	Жобалайұлы	Нұрсолтан	Сырынбет
18	Демелтайұлы	Сарша	Мысқал
19	Жайыrbайұлы	Баушық	Мысқал
20	Ырысбайұлы	Төлеу	Атақозы
21	Жылқыбакұлы	Ақмади	Жарболды
22	Құсбекұлы	Зияда	Атақозы
23	Шөкетайұлы	Жайыrbай	Атақозы
24	Нұргалиұлы	Сейтқазы	Төртуыл
25	Қамзаұлы	Жұпар	Ақнайман
26	Бұтабайұлы	Зікірия	Сырынбет
27	Тасанұлы	Сахари	Мысқал
28	Сәттібайұлы	Қаймолда	Егізқара
29	Бариұлы	Сармолда	Семей
30	Смайылұлы	Мұқаш	Жарболды
31	Саяндышұлы	Қияқбай	Мысқал
32	Оразбайұлы	Байтогай	Мысқал
33	Ожекенұлы	Тастаған	Қожанбет
34	Смағұлұлы	Мұқаш	Жарболды
35	Ермекұлы	Тұрган	Төртуыл
36	Шұрбінұлы	Әбдікәрім	Жылқайдар
37	Оразиманұлы	Иләнби	Жәлменбет
38	Иләнбиұлы	Ахметзәки	Жәлменбет
39	Мұхамадиұлы	Қизат	Сырынбет
40	Дүзікенұлы	Қапбас	Қожанбет
41	Құсайынұлы	Құсбек	Атақозы
42	Әйкенұлы	Сәйбек	Қаратай

Смайылұлы Мұқаш молда Уфадан оқыған. Жарболды ішінде Боздак атасына жатады.  
Теректі ауылымда көп жыл молдалық құрған.

Ермекұлы Тұрган молда Семей медресінде оқыған. Төртуыл ішінде Жакау атасына жатады. Көп жыл Ашылы ауылында молда болған.

Сексен молда, әрі ақын болған. Қожанбет руынан. Медресе бітірген адам. Жәміш, Құйік деген інілері болған. Бұл інілері де көп жыл молдалық құрган. Қожанбеттің Башиқ биімен тұстас өмір сүрген адам. Сексен молда қайтыс болғанда інісі Жәміштің жоқтау жыры ел аузында сакталған.

Сексен молда, дүниеден өттің бе?  
Дәуіріне Қара Бүркіт тіктің бе?  
Алла жолы ақ жол деп,-  
Бұл пәниден кеттің бе?- деп жоқтау өлең шығарған екен.

Сексен молда Жарылғап батырдың немересі. Ол Шұқын деген жерге мешіт салғызған. Кейін бұл мешіт үйі мектеп болып, онда сол маңайдағы қыстаулардың балалары оқыған.

Шұrbін ұлы Әbdіkәrіm молда Төртуыл руынан, Жылқайдар ішінде Мынбай атасына жатады. Әbdіkәrіm молда бай, шоңжарлардың ұлы болған. Жасынан жетім қалып, көп қынышылық көреді. Ағасы Ысқақ, карындасы Құлсара үшеуі Қытайға өтіп кетеді. Алтай – Қаба ауданында тұрады. Байларға жалданып малын бағады. Бітібайұлы Жапабай қажының медрессесінде оқып, діни білім алған. Кейіннен елге оралып, Марқа өніріндегі ірі молдалардың бірі болған.

Әйкенұлы Сәйбек молда, әрі қажы болған адам. Найман ішінде Қаратай руынан. қажылық сапарға барғанда түйемен бір жыл жүріп, Алтайдан Меккеге дейін жетеді. Елден қажылық сапарға аттанарда жаназасын шығарып, өз рухына құран аудартады. Бірақ Сәйбек молда қажылық сапардан елге аман-сая оралып, көп уақыт молдалық құрады. Сәйбек қажы Бұғымұйіз жерінде алғаш мектеп салғызып, бала оқытқан.

Асубайұлы Дүзгенбай молда 1889 жылы Зайсан ауданында дүниеге келген. Төртуыл руынын ішінде Тоқтағұл атасына жатады. Жасында Уфа қаласында оқып медресе бітірген. 1930 жылдары Марқакөл жеріндегі Көкбұлақ өндірісінде жұмыс істейді. Өмірінің соңғы кезінде көп жылдар Боран ауылында молдалық құрган. 1961 жылы дүниеден өтеді.

### Марқа өніріндегі Қожанбет руынан шыққан билер

№	Аты-жөні	Руы, атасы
1	Башық би	Жәлменбет атасынан
2	Жақсыбай би	Жәлменбет атасынан
3	Жангүдей би	Шағырша атасынан
4	Сырынбет би	Шағырұлы
5	Бұтабай би	Сырынбет атасынан
6	Қажымжар би	Сырынбет атасынан
7	Жолатай би	Сырынбет атасынан
8	Жақсылық би	Сырынбет атасынан
9	Жәнібек би	Жарболды атасынан
10	Атақозы би	Шағырұлы
11	Нарбота би	Атақозы атасынан
12	Мөнке би	Қожанбет
13	Кисымет би	Қожанбет
14	Дімік би	Атақозы атасынан
15	Жылқыбақ би	Жарболды атасынан
16	Шағыр би	Айтұлы
17	Байтайлақ би	Жәлменбет атасынан
18	Касым би	Мысқал атасынан
19	Білекбай би	Жәлменбет атасынан
20	Дүзбенбет би	Қожанбет
21	Бәкіш би	Қожанбет
22	Нұрғазы би	Жәлменбет атасынан

## Марқа өніріндегі Қожанбет руынан шыққан балуандар

№	Аты-жөні	Руы, атасы
1	Шондыбайдын Қалиы	Қожанбет→Атақозы
2	Ұстабай – Садық	Қожанбет→Атақозы
3	Ақбалуан (Темірбалуан)	Қожанбет→Жәлменбет
4	Ергали балуан	Қожанбет→Жарболды
5	Шерубай балуан	Қожанбет→Жәлменбет
6	Бұқат балуан	Тере тұқымы
7	Сәрсен балуан	Қожанбет→Сырымбет
8	Өкенұлы Құдыкен балуан	Қожанбет→Егізқара
9	Тұрабай Молдаш балуан	Қожанбет→Жәлменбет
10	Сарыбас Аманжол балуан	Тертуыл→Жылқайдар
11	Мейрамғали балуан	Тертуыл→Жылқайдар
12	Атығайұлы Батырхан балуан	Қожанбет→Мысқал
13	Оразиманұлы Иләнби балуан	Қожанбет→Жәлменбет
14	Абықалықов Әлімхан балуан	Қожанбет→Атақозы
15	Дуанов Бақытбек Базархатұлы	Қожанбет→Сырымбет
16	Рамазанов Самат Әденбекұлы	Қожанбет→Жәлменбет
17	Құдыкенов Бақытбек Халелұлы	Қожанбет→Егізқара
18	Кәріпбаев Бағатбек Жұртпайұлы	Қожанбет→Атақозы
19	Шалабаев Мұратбек	Қожанбет

1913 жылы ел жайлаудан түскенде, коныр күзде акнайман Омар болыстың асы беріледі. Балуан күресінде Көкжарлыдан дос Ахмади мен Қожанбеттен Шондыбайдың Қалиы түседі. Ахмадиді бірден лақтырған Шондыбайдың Қалиы женіске жетті. Бәйгеден Қожанбет ішінде Сырымбет Бұтабай болыстың Құлагері бас бәйгеге ие болады. Ат бәйгесі мен балуан женісіне берілген сыйды Қожамбет болысы Бұтабай би Омар болыстың шаңырағына сыйлады. Бұтабайдың жомарттылығына ел ризашылық білдірді.

Байырмен 15-16 жасында Қожанбет төрсі Айқожаның қолында жалшылықта жүреді. Бірде Айқожаның бәйбішесі Байырменді отынға жұмсайды. Байырмен үлкен бір арқанды алып, сексеуіл тоғайына кетеді. Жинаған отынды арқанмен буып, арқасына көтеріп ауылға жақындаған кезде Айқожа төре үйден шығып байқап тұрады. Байырмен әкелген отынның арқасынан түсірген кезде төре таңырқап жалшыларына: «Мына баланың әкелген отынның атан түйеге артып көріндерші»- дейді. Азаматтар атан түйені шөгеріп Байырменнің әкелген отынның түйеге артады. Сонда түйе екі ұмтылып орнынан әрен тұрады. Сол кезден бастап Айқожа төре баланың ерекше күш иесі екенін танып, балуандық өнерге баули бастайды. Он сегіз жасар Байырменді ақ биенің сүтіне шомылдырып, Өр Керейдегі Оша төренің асына апарады. Осы сайыста белдескен балуандардың бәрін женіп, Ақбалуан атандып келеді.

Қожанбет ішінде Жәлменбет атасына жататын Ақбалуан Тоғанас батырдың ұрпағы болып келеді. Ақбалуанға Тертуыл, Қожанбет ішінде ешкім шақ келмеген. Бір жылы Қаратай елінде үлкен той болып Бұқа балуанмен күреске түседі. Күрес алдында Бұқа балуанды үш-үштеп алты кісі нокталап екі жағынан тартып ұстап әкеле жатады. Бұқа балуан оң иығына бұрылса алтауы да онға қарай жапырыла құлайды, Бұқа балуан сол иығына бұрылса алтауы да солға қарай жапырыла құлайды. Ортаға жақындей бергенде Бұқа балуан екі қолымен жердің топырағын бұқаша тарпып, артына қарай бұрқылдатып шашумен болады. Ортаға жете бере қолындағы топырағын Ақбалуанның бетіне шашып жіберіп, ұстаса кетеді. Саржомарттар мен Көкжарлылар «Барақ, Барақ!» деп Бұқа балуанды көтермелеп айқайласады. Сонда Ақбалуан: «Өлген Барақ тіріліп келгенше, тірі Ақбалуан қарап тұра ма» деп Бұқа балуанды көтеріп алып, жерге алып ұрады. Осыдан кейін Ақбалуан «Темірбалуан» аттанған. Темірбалуанның зираты Бекенбай тауының онтүстік етегінде «Әулие бұлаққа» таяу «Балуан тұмасы» деген жерде тұр.

## Марқа өніріндегі Қожанбет руынан шыққан қажылар

№	Аты-жөні	Руы, атасы
1	Изетұлы Ысқақ қажы	Қожанбет→ Егізқара
2	Кәрібайұлы Сэт қажы	Қожанбет→ Егізқара
3	Кәрібайұлы Жидебай қажы	Қожанбет→ Егізқара
4	Қоңырбайұлы Дәдебай қажы	Қожанбет→ Атақозы
5	Үркінұлы Даулет қажы	Қожанбет→ Мысқал
6	Тамаұлы Шүршіт қажы	Қожанбет→ Егізқара
7	Барқыұлы Хамит қажы	Қожанбет→ Жәлменбет
8	Хамитұлы Жүрекбай қажы	Қожанбет→ Жәлменбет
9	Бұқат қажы	Төре тұқымы
10	Толғанай қажы	Төре тұқымы
11	Баттал қажы	Қожанбет
12	Күжібайұлы Бердіқожа қажы	Қожанбет→ Жәлменбет
13	Қоңырбайұлы Сәрсенбай қажы	Қожанбет→ Атақозы
14	Қияқұлы Даисенбай қажы	Қожанбет→ Атақозы
15	Тамаұлы Шүршіт қажы	Қожанбет→ Егізқара
16	Нұғыманов Қуанғали қажы Қажылық куәлігі №35	Қожанбет→ Жәлменбет
17	Манапов Габдылмұтәләп	Төртуыл→ Тогызы
18	Жайылмысов Қабылхан қажы Қажылық куәлігі №303	Қожанбет→ Мамыт
19	Алханов Дархан қажы. Қуәлік №70	Қожанбет→ Жәлменбет
20	Манап келіні Көкеш қажы	Қожанбет→ Жәлменбет
21	Сайбек қажы, Кейкі қажы, Оспатай қажы	Қожанбет, Қаратай

### Марқакөл шаруашылық округтері

**Теректі ауылдық округі.** Орталығы Теректі ауылы (1992 жылға дейін Алексеевка ауылы атауы Марқакөл аудандық кенесінің 1991 жылғы 8 сәуірдегі қаулысына сәйкес өзгертилді). Округтің жер көлемі – 244070 га. Адам саны -5388. Елді мекендері – 8. Негізгі кәсіпорын жөнінде «Марқакөл жолы» ЖШС бастығы Иханбаев Амантай. Теректі ауылдық округінде 67 шаруа қожалығы жұмыс істейді. Негізгі жұмыс бағыты мал шаруашылығы. Ауылдық кенес саны – 2. Теректі ауылдық кенесі, Қарой ауылдық кенесі.

Денсаулық сактау саласы. Марқа өнірінде алғашқы денсаулық сактау мекемесі 1939 жылы құрылды. Аудандық аурухананың қазіргі ғимараты 1972 жылы пайдалануға берілді. 1984 жылы «Марқакөл орталық аудандық ауруханасы» мәртебесін алды. 1997 жылы «Теректі аудандық ауруханасы» ретінде қайта құрылды.

КҚМК Теректі аудандық ауруханасында бүгінгі танда 17 –дәрігер, 65- медбикелер жұмыс істейді.

Мекемені басқарған басшылар А.Ә.Өкпебаев, Э.В.Глейм, А.Б. Байғалиев, К.Х.Қапашев, К.Х.Чуленов, Ж.Б.Бижигитов, А.М. Мамиев, М.Т.Башабаев, С.А.Мұхадиев, Қ.З.Ақшабаева. Бүгінде мекемені М.Б. Блейменов басқарады.

Қоғамдық ұйымдар:

Ардагерлер кенесі. 1986 жылдан жұмыс істеп келеді. Кенестің мүшелері Т.Матаев, А.Кәріппашалов, А.Наурызбаев т.б.

Әйелдер кенесі: төреайымдары Р.Хабибуллина, Ф.Ф.Манасова, Г.Н. Кентпаева, Э.В.Ниетбаев, Н.Абраева. Кенестің мүшелері: Ш.Қ.Құрманғалиева, Б.Жампейсова.

Теректі ауылдық мешіті: Мешіт имамы Қыдырханов Серікқали Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының 2006 жылдың 10 мамырында қабылданған №294

бұйрығына сәйкес жұмыс атқаруда.

Теректі ауылдық округінде шаруа қожалықтары: «БСК-Т» шаруа қожалығы. «Марқакөл –А» шаруа қожалығы «Марқакөл орманы» Ж.Ш.С.

Сауда дүкені «Бату» бастығы Батуов Құмарбек, «Роза» азық-түлік дүкені бастығы Болат Сейілханов, Раймханова Мәпиза, Бұқанова Карлығаштың «Кафе» дәмханасы, Сайкенов Ержан кафе «Алекс» халыққа қызмет көрсетіп отыр.

Теректі ауылында бірнеше дәріхана, дәрі-дәрмек орындары жұмыс істеп, халыққа қызмет көрсетуде.

**Боран ауылдық округі.** Округтің орталығы Боран ауылы. Ауылдық округтің әкімі М.Рапиков. Жер көлемі – 3900 шаршы км. Адам саны – 3108. Елді мекендер саны – 4. Жаңа ауыл, Жиделі, Иглік, Қазақстан. Округ аумағында 46 шаруа қожалығы бар. Ауылдың ұйтқысы, береке – бірлігі болып жүрген борандық «Береке –Т» шаруа қожалығы мал шаруашылығы және егіншіліктен айналысады. Басшысы Т.Шериязданов. «Береке –Т» Ш.Қ филиалы Өскемен қаласында ашылған. Филиал жанында мал бордақлау аланы жұмыс істейді. Шаруа қожалығында 200 ірі қара, 250 қой, 10 жылқы бар. Қожалық – 2 трактор, жук машинасы, жеңіл машиналармен жабдықталған.

«Токтасын» Ш.Қ басшысы О.Мейрманов. Қожалық 2002 жылдан жұмыс істеп келеді. Қазір шаруашылықта қарасты 1300 га жайылымдық және шабындық жері бар. Жазғы жайлaura мады Алтай жайлaura Қазылащы манына шығарады.

«Данияр» Ш.Қ мал және егін шаруашылығымен айналысады. Май сығатын цех тұрақты жұмыс істейді. Басшысы М.Дюсупов.

«Мысқал» Ш.Қ Жиделі аулында жұмыс істейді. Қожалық мал шаруашылығымен айналысады.

Ауылдық кенес. Эр кезеңде Боран ауылдық кенесінің төрағалары болып қызмет атқарған азаматтар: Н.Таңырықов, И.Я.Крюкович, Р.Ерментаев, С.Шериязданов, Б.Назбиев, И.Медеубаев, Д.Менғалиев, бүтінде Мұталбек Қайсанович Рапиков қызмет істеп отыр.

Қоғамдық ұйымдар:

Ардагерлер кенесі төрағасы Ш.Майтпасов. Мүшелері – Қ.Иқамбаев, М.Рамазанов, С.Байдолдин болды.

Әйелдер кенесі төрайымы З.Буkenova. Мүшелері – Г.Сармолдинова, Г.Пшеншинова.

**Қалжыр ауылдық округі** орталығы Қалжыр ауылы (Бұрынғы атауы Черниевка 1991 жылғы 8 сәуірде Марқакөл аудандық кенесінің қаулысына сәйкес өзгертілді). Жер көлемі – 249500 га. Елді мекендері – 4. Адам саны 3049.

Ауылдық кенес төрағалары болып қызмет атқарған азаматтар: Хасен Сайкенов, Қ.Мұсаханов, И.Я. Крюкович, Ә.Қосанов, Қ.Баекенов, Д.Қажиев, Қ.Қамшыбаев, Н.Кайынтаев, У.Рысбаев, М.Нұрымханов, М.Дүнгенов.

2008 жылдан бастап округ әкімі Е.Көшкіншинов.

«Қалжыр» ауылдық округі аумағында 69 шаруа қожалығы, 2 жанар май қую станциясы, 28 сауда орындары, 5 наубайхана, 2 дәмхана, 2 май сығу цехы, 1 МТС, 2 ұстахана, 1 автомобиль жөндөйтін бекет, 1 ағаш шеберханасы жұмыс істейді.

Округ экономикасында шешуші рөл атқаратын шаруашылықтар: «Жаз» шаруа қожалығы, «Мұрат» шаруа қожалығы, «Ернұрай» шаруа қожалығы, «Салтанат» ЖШС, «Жас» ЖШС. Шаруа қожалық иегерлері – Н.Себепов. Қ.Таңжарыков, М.Жәкетаев, Б.Шаймұратов, Б.Ауғанбаев.

«Мұрат» шаруа қожалығы және «Салтанат» жауапкершілігі шектеулі серіктестік басшысы М.Нұрымханов.

«Қалжыр ауылдық округінде» орта мектеп, ауылдық кітапхана, ауылдық мәдениет клубы жұмыс істейді. Қалжыр отбасылық- дәрігерлік амбулаториясы (ОДА) жұмыс істейді. ОДА менгерушісі- Семеш Серғазин. Қалжыр ОДА - да 3 жоғары білімді, 6 арнаулы орта білімді мамандар ауыл тұрғындарына медициналық қызмет көрсетуде.

**Ақбұлак ауылдық округі.** Орталығы – Ақбұлак. (Горное ауылы атавы Марқақөл аудандық кеңесінің 1991 жылғы 12 қантардағы ХХІ шақырылған төртінші сессиясының қаулысымен өзгертілді). Ақбұлак ауылдық округінің әкімі А.Райымханов.

Жер көлемі – 168045 га. Тұрғындары 1134 адам. Округке Ақбұлак, Алтай, Құнгей – Бекенбай, Теріскей-Бекенбай, Майтерек елді мекендері кіреді. Округте 22 шаруа қожалығы жұмыс істейді. Негізгі жұмыс бағыты – мал шаруашылығы.

«Арай» шаруа қожалығы басшысы А.Смағұлов.

«Арай» шаруа қожалығы басшысы Д.Жақупов

«Аскар» шаруа қожалығы басшысы К.Байжақсынов

«Тасқын» шаруа қожалығы басшысы Д.Умбетов

«Жеміс» шаруа қожалығы басшысы Т.Жанжігітов

Ауылдық округте орта мектеп, кітапхана жұмыс істейді.

Әр кезеңде Горный ауылдық кеңесінің төрағалары болып: С.Көлбаев, Ж.Дадетов, Саушкин, Д.Жақупов, И.Жауғашаров, М.Нұрмұханбетов, Г.Жауғашаров тағы басқа азаматтар енбек етті.

Азық-түлік дүкендері, дәмханалар, наубайхана, дәріхана, ауылдық мешіт, шеберханалар халыққа қызмет көрсетеді.

**Төсқайың ауылдық округі.** Округтің орталығы Төсқайың ауылы (1991 жылға дейін Бобровка атавы Марқақөл аудандық кеңесінің 1991 жылғы 12 қантардағы ХХІ шақырылған төртінші сессиясының қуалысымен өзгертілді). Ауылдық округтің жалпы жер көлемі – 346060 га, жер бедері таулы, орманды, жазықты. Тұрғындар саны - 1230 адам.

Негізгі мекемелері – Ауылдық округ әкімшілігі. Төсқайың орта мектебі. «Қазақтелеком» мекемесі, «Қазпочта» мекемесі. Бұғымүйіз орта мектебі. Шанағаты орталау мектебі. Балықтыбұлақ бастауыш мектебі. Уранхай орталау мектебі. «Марқақөл мемлекеттік табиғи қорығы». «Марқақөл орман шаруашылығы».

Мәдени өмір тынысы: Төсқайың ауылдық округі бойынша клуб гимараты – 3, кітапхана -1, кітапханашы Сейтенова Саида. Дәрігерлік амбулаториясы -1, фельдшерлік пункт-3.

Коғамдық ұйымдар.

Ардагер кеңесі төрағасы К.М.Беткенбаев, Мүшелері – А.С.Мұсаханов, Н.Б.Самойлова, Қ.Мустафин.

Әйелдер кеңесі төрайымы Б.Ш.Булкубаева, мүшелері – Қ.Қ.Саткенова, Қ.А.Тұрдығулова, Г.Н.Долданбаева.

Өлеуметтік –экономикалық жағына келсек 3 шаруа қожалығы жұмыс жасауда.

«Азамат» шаруа қожалығы. Басшысы – Хамитов Құмархан. Негізгі бағыты жылды өсіру. Етті, текті жылды түрін өсіру.

«Бұлак» шаруа қожалығы. Басшысы – Назбиев Есенгелді. Негізгі бағыты мал шаруашылығы.

«Алмас» шаруа қожалығы. Басшысы – Нұрпейісова Сақыпжамал.

Ауылдық кеңес Демегенов Құмарғали Демегенұлы.

## **МАРҚАҚӨЛ, ҚАЛЖЫР ӨҢІРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНАН**

Марқақөл аймағы мен Қалжыр өңірінің зерттелу тарихы да әріден басталады. Марқақөл өңірі - негізінен Оңтүстік Алтай, оның оңтүстік шығысында жатқан таулы өңір.

1870 жылдары Ресей үкіметі Марқақөл, Қара-Ертіс, Бұқтырма аймақтарын зерттеп, картага түсіріп, топографиялық съемка жасау үшін арнайы экспедиция жібереді.

1877 жылы экспедиция Петербург қаласынан шығады. Бұл экспедицияның зерттеу аймағы Қара Ертістің оң жағы, Ертіс бойы жазығы, Қалжыр өзені бойы, Ертістен Шүмекке дейінгі өңір, Қара Ертіс пен Бұқтырма өзенінің басталатын аймағы яғни Шығыс Алтай, Бес биік, Қобда тауларының аралығы болатын.

Экспедиция өзінің зерттеу жұмысын Қара Ертістің оң жағындағы «Ертіс бойы» жазығынан бастайды.

1863 жылы Қара Ертіс өніріне Карл Струвеңін зерттеу жұмыстары басталады. 1873 жылы саяхатшы ғалым Матусовский Марқакөл, Қара Ертіс аймағына ғылыми зерттеу жүргізген. Матусовский экспедициясы Марқакөл, Қалжыр өзенінің басталу аймағы, Құзғынды-Жайдак, Азутау білігі, Сарымсакты, Тасқайнат аймақтарында болған.

Матусовкийдің зерттеулерінен дерек келтірейік. «Қалжыр ағысы қатты тау өзені. Марқакөлден ағып шығатын бір ғана өзен. Өзеннің көлден ағып шығатын жерін, Шүмек деп атайды. Қалжыр өзені көлден ағып шықкан соң, Қара-Бұқа тауларының арасымен онтүстік бағытқа қарай ағады. Қалжыр өзеніне Құлынкеткен, Шандыбұлақ, Аюкеткен, Бала-Қалжыр өзендері құяды. Бала Қалжыр өзені Сарытаудан басталады. Бала-Қалжыр мол сулы ағынды өзен. Бала-Қалжырдың Үлкен-Қалжырға құяр жері Қараөткел деп аталады. Қалжыр өзенінің бойы өсімдік дүниесіне бай».

(Матусовский «Зерттеулері мен күнделіктегінен»).

1863 жылы 17-29 май аралығында Карл Струве және Григорий Потанин 30<sup>0</sup> бойлықпен Ертіс бойы жазығында болып, бұл аймакты картага түсіреді. Өсімдік дүниесін, жануарларын, андары мен құстарына зерттеу жүргізеді. Деректерге жүгінейік:

«Қара Ертістің оң жағалауынан Шенгелді жазығы басталады. Жері құмды, белесті жазық. Шенгел деп аталағын бұта қалың өседі. Сексеуіл, жыңғыл, жиде, қараған т.б. бұталар көп. Бөкенбай тауының онтүстік етегіне дейін созылып жататын Шенгелді жазығы. Бұл жазықта Төртқұл, Үшқара деген таулы жоталар бір-бірімен жалғасып жатады. Бұл таулы жоталардың қойнауы сланец, слюда, известі кристалдардан тұрады. Тас жыныстары қоңырқызыл түсті болады. Құрамында темір барлығы байкалады. Төртқұл таулары мен Бөкенбай таулары аралығында Майшілік қайнары бар. Майшілік жері сор, батпақты келеді. Бұл жазықта құландар үйірі мен бөкендер, еліктер көп кездеседі. Майшілік жазығы Бөкенбай тауының онтүстік етегімен ұштасады. Бұл жазықта Тақыр өзені ағады. Өзен суы Ертіске қосылмай Майшілік бойындағы құмайтқа сініп кетеді. Бөкенбай тауының онтүстік етегінен «Борлы биiktігі» басталады. Бұл аймакты халық «Қызыл керіш», «Тайынша керіш», «Қыын керіш» деп атайдын тозған ескі тау жүйесі (жұрнақ таулар) жатыр. Тозған тау жыныстары гипсті тұздардан тұрады. Кейбір жерінде топырак түсі сары, қызыл, көк, ақ түсті болады.

Бөкенбай тауының солтүстік беткейі биік таулы келеді. Ең білігі Ақжон тауы. Тау арасындағы жылғалар көгалды, шалғынды болады. Тау беткейлерінде қараған, ұшқат, тобылғы, бұрген, тошала, тасжарған сияқты бұталар өседі.

Бөкенбайдың тау жыныстары батпақты сланец, аспидъ қатпарлы жыныстарымен алмасып отырады. Ақ кварцты тау жынысы басым. Жылытау, Сарытау таулары осы ақ кварцтан тұрады.

Бөкенбай тауының онтүстік етегінде «Әулие бұлақ» деген қасиетті қайнар көзі бар. Бұлақ суы сланецті тау жыныстарының сыватты құсыынан бастау аллады. «Әулие бұлақ» Майшілік жазығынан Қалжыр өзенінің дейінгі жалғыз су көзі.

Тақыр өзені бойында боз тал, қайың, жыңғыл өседі. Тақыр өзенінің басы мен Жалпаққайынға дейінгі аралықта жер бетінде ашық жатқан сланец кристалдары күн көзіне шағылысып жарқырап жатады».

(Карл Струве, Г.Потанин күнделіктегінен 1863 ж 17-19 май).

Саяхатшыларымыз Майшілік жазығынан Бөкенбай тауы, Тақыр өзенінің бастауына дейін барып, Жалпаққайын аймағында болып, Қалғұты өзенімен өрлең Салқыншоқы биігіне дейін барады. Салқыншоқы биігінен Қалғұты өзені басталады. Бұл аймакта тал, қайың көп өседі. Бұл өнірде Жалпаққайын, Талдысай деген жер аттары да бар. «Тек қана ақ қайынды тогайлар Финляндия табигатын еске түсіреді», -дейді саяхатшылар өз күнделіктегінде.

Карл Струве, Григорий Потанин саяхаты бұдан кейін Онтүстік Шығыс бағыттары аймақтарға аудысады.

«1863 жылдың 22 майында (мамыр) саяхатшылар Үлкен-Қалжыр аймағына бет бұрды. Саяхатшылар Марқакөлден жазықты бөліп тұратын тау қыратының оң жақ беткейімен журді. Бұл тау жоталары Марқакөлдің оң жақ жиегін орап, көмкеріп жатқан Азутаудың онтүстік

етегі болып есептеледі. (Бұл жерде саяхатшыларымыз Бесбұғы беткейімен қазіргі Ақбұлақ-Теректі тас жолының бағытымен жүргендігін байқаймыз). Олар Азутаудың онтүстік етегіндегі жазық аймақпен жүріп өтті. Азутаудың онтүстік беткейі Майтерек, Майқапшағай қыратты жазығы солтүстігінде Сарытаудың етегімен шектеледі. Бұл аймакта шығысқа қарай біркелкі биік таулы асулар, адырлы шатқалды Азутау жүйесі созыла орналасқан.

«Жер-су аты, тарихтың хаты» дейді халық. Азутаудың салаларын, тау атауларын жаза кетуді жөн көрдік. Азутау – бұл үлкен тау жүйесі. Ол солтүстік батыстан онтүстік шығысқа қарай созыла жалғасып жатқан биік таулы, сай жылғалы өнір. Таулы сай-жылғалар доғаша иіліп онтүстік етектегі жазық қыратпен ұштасады. Азутаудың ірі салалары: Қаражал, Қарабура, Бұлғынды, Саятерек, Жыланды, Бесбұғы, Үшқұнан, Көктай, Абыз, Қарабұқа (осы шатқалмен Қалжыр өзені ағып шығады), Қаршыға, Батпақбұлақ, Ақшоқы, Көкбұлақ, Шауқар, Тентек, Манқан тау шатқалдары. Бұл Азутаудың биік таулы, құз-қия жартасты, табигаты өте бай, әрі өте тамаша ғажап өнірі. Бұл таулы аймақ есімдік дүниесіне бай. Андар мен құстардың алуан түрі кездеседі.

Бұдан онтүстікке қарай таулы өнірдін аласарған жүйесі жатады. Бұл - Бекенбай тауы. Бекенбай тау жүйесі онтүстігінде жазық далалы аймақ, Зайсан қазан шұңқырымен ұласады. Бекенбай тауы қойнауларындағы қоныс – қыстаулар: Шілік, Қара - Ағаш, Жантай, Керейбай, Шарықты, Арғынбай, Байшуақ, Нарбота, Ақтүбек, Керегетас, Қойтубек, Қызылтас т.б. мекендер жатады.

Бұдан кейін саяхатшылар Қараөткелден бастап Қалжырдың бойымен солтүстік шығыс бағытқа өрлейді. Саяхатшыларымыз Азутаудың биігінен яғни Шұмектен келіп шықкан. Марқакелден басталған Қалжыр өзені Азутаудың қия-құз, шағылдарын бұзып-жарып, онтүстік етекке қарай кең арнамен ағып шығады.

Саяхатшыларымыз осы биік сайлы қорымдардың шығыс беткейлерінің тау жыныстары жасыл түсті сланецке бай, ал батыс беткейлерінде гранитті тас қатпарлары түзілгендейдің күнделіктегінде жазады.

Карла Риттера «Землевъедыне Азии» (С-Петербург. - 1877г.- 1-44стр.) кітабынан қысқаша деректі өз нұсқасымен келтіреміз: «24 мая 1863 г, когда путешественники выехали на самый гребень хребта Азу, они увидели переде собой длинную впадину, на дне которой лежали голубая вода озера Марка; к с. от этой впадины тянулись с в. на з. Курчумские горы, с вершиной Сартай западнее озера; параллельно этой цепи тянулись с южной стороны озера цепь Азу, которая прорвана у западного конца озера рекою Кальджиром. Долина была занята кочевьями рода Кожамбета. 24 мая путешественники провели ночь в вершинах Алкабека; долина была занята кочевьями рода Кожембета и вечером повсюду были видны огни, слышно было блеяние овец и крики людей». (Карл Риттер, 1877).

«Флора на вершине Сартая состоять из следующих растений: *Pulsatilla albana* Sprgl, *Ranunculus sulphureus*, Soland., R. Affinis, R.Br., R. Lanuginosus, *Berberis sibirica*, *Drapa repens*, D. Wahlenbergii, D. incana, D. Nemorosa, *Thlaspi cochleariforme*, *Hutchinsia calycina*, *Viola grandiflora*, *Sagina Linnaei*, *Oxytropis rupifraga*, O. macrocarpa, O. melaleuca, *Gnaphalium dioicum*, *Taraxacum officinale*, *Primula algida*, *Gentiana altaica*, *Eritrichium villosum*, *Veronica densiflora*, *Pedicularis amoena*, *Gagea lutea*, *Lloydia serotina*, *Eriophorum angustifolium*, *Anthoxanthum odoratum*, *Phleum alpinum*, *Woodsia glabella*». (Григорий Потанин 1863).

«Около начала мая к подошве Сартая приковчевывают Казахи рода Тортуюль и тогда на вершине ея пасутся конные табуны их, остальные же стада на 1000ф. Ниже – следовательно обратно тому, что бывает в Швейцари, где выше других родов скота поднимаются овцы».

(Карл Струве., 1863).

### Киын-Керіш каньондары

Бекенбай тауының онтүстік етегінен «Борлы биігі» басталады. Бұл аймақты халық «Қызыл Керіш», «Тайынша Керіш», «Қыын Керіш» деп атайдын тозған ескі тау жүйесі жатыр.

Тозған тау жыныстары гипсті тұздардан тұрады. Төбешіктердің топырақ түсі әр түрлі болады. Топырақ түстері ақ, қызыл, сары, көкшіл түсті болып, белдеу-белдеу ретінде орналасады.

Бұл Тайынша Керіш, Қыын Керіш каньондары жер асты күштерінің әсерінен пайда болған ойық, қуыстарға да ұқсастық бар. Негізінде тозған ескі тау жүйелеріне (жұрнақ тауларға) жатады. Каньондардың орналасу жүйесі өте ғажап. Алыстан қарағанда көп қабатты үйлерге ұқсас. Жақын келгенде жанағы көп қабатты үйлерге ұқсас каньондар жазық жерде емес, үлкен ойық жыралардан бой көтеріп тұргандығын көреміз. Ойыктардың терендігі 15-20 метрдей. Осы терендіктен көтерілген шоқылардың биіктігі 50-60 метрге жетеді.

Осы үйінді шоқыларда әр түрлі көлемді қуыстар кездеседі. Бұл қуыстарға ерте кезде үйірлі жылқыларды қамаған. Боталаған түйелерді жас ботаға сұық тимесін деп Тайынша Керіштің қойнау-колтықтарына айдап кіргізіп тастайтын болған. Осындай шоқылардың қуыстарында қасқыр, тұлқі, борсық тәрізді андардың апандары кездеседі.

### Калжыр - катал өзен

Калжырдың Марқөлден ағып шығатын жері Шұмек деп аталады. Шұмектің жалпақтығы 20-30 метрдей болады. Мрамор тастың үстімен су лықсып ағып, көкшіл мрамор ернеуден төгіліп отырады. Суы өте мәлдір, таза, тұнық су. Бұл – әлемде сирек кездесетін тұшы су қоймасы болып есептеледі.

Калжыр Марқақөлден бөлінгеннен кейін 2-3 шақырымға дейін гранитті жазықпен баяу ағып өтеді. Өзенде үйір-үйір шабактар тобы, үйір-үйір ірі балықтар жүзіп жүреді. Өзеннің осы бөлігінде үйректер мен әртүрлі құстар өте көп болады. Калжыр өзенінің басталар көзі Шұмектің суы қыста да қатпайды. Су қатпайтын болғандықтан онда көк ала үйрек, айдарлы сұнгуір, үлкен бейнарық сияқты құстар қысталап қалады.

Шұмектен екі-үш шақырымдай төмендеген сон, Калжыр буырканан бастайды. Өзен Азутаудың жартасты қойнауларына кіреді. Арқырап ағатын қуатты өзен, өзіне бұзып жарып жол тауып, төменге қарай үлкен арынды тасқынды құшпен құлай сарқырайды. Өзен ақ толқынға бөленіп, ақ көбікке оранады. Өзеннің күркіреген үні тау-тасты жанғыртып жатады.

Нағыз таулы өнірдің қайталанбас, ғажап көрінісі! Сөзіміз дәлелді болу үшін мына бір деректі келтірейік. 1978 жылы Марқа өнірінде болған туристер тобы Қалжырдың Шұмектен бастап Ертіске құятын сағасына дейін Қалжыр бойымен жүзіп шығуға тәуекел жасайды. Бұған дейін ешкім мұндай тәуекелге бармаған.

«Саяхатшылар алғашқы таулы шағыл, қысанған жүзіп өтіп, оны «Кіші аю» шағылы деп атадық. Тағы 2 шақырым жүзіп өткен сон, асулы үлкен шатқалға кірдік. Біз бұл шатқалды «Үлкен аю» деп атадық. Құлама тар шағылдармен жылжып келеміз Өзен бойында құлаған ағаштар мен салындылар, қарағайлар көлденең түсіп, бізге қауіпті болды. Біздің екі балонымыз жыртылды. Бір раскладушкамыз быт-шығты шықты. «Үлкен аюдан» ету оңай болмады. Қалған балондарды, раскладушканы жинап рюкзакқа салып алдық. Енді бізге жаяу жүруге тұра келді. Біз жолсыз биік шөптер мен бұталар өскен қия беткейлерімен жүріп келеміз. Кейде аюдын жүрген іздері кездеседі. Жан баспаған ертегі өнір! Айнала төнірек долана, мойыл, шәнгіш, бұлдірген, қарақат, тошала, қызыл қарақат, аю қарақат сияқты сан алуына жемістерге толы.

Біз үшінші бұрылысқа келдік. Біз бұл бұрылысты «Тасты» деп атадық. Бұл үшінші бұрылыстан бізге жүзіп өту өте қыын болды.

Көп ұзамай біз Қарой – Горный ауылдарын байланыстыратын автомобиль жолы көпірінен келіп шықтық.

Бұл жазықтау жер екен. Өзен кең жайылып баяу ағып жатыр. Біз ары қарай жүзіп келеміз. Бұл тұстан Қалжырға Бала-Қалжыр өзені қосылды. 15 шақырым өзен ағысымен онтүстік бағытына қарай жүзген кезде, алдымыздан үлкен сарқырамаға кездестік. Бұл жерде өзен биік тасты, баспалдақты биіктен құлап ағады. Сарқырама 4-5 метр биіктен кулайды. Біз балондарымызды жинап, таулы беткеймен жаяу жүріп өттік.

Таудың жартасты тар қойнаулы тұстары артта қалды. Жазық алқаптар көріне бастады. Қалжыр өзені Қара Ертіс жазығына шықты. Бұл жазыкта өзен бойында елді мекендер жиі қоныстанған. Жаңа-Ауыл, Черняевка, Оң жақ Қалжыр, Боран ауылдары орналасқан.

Біз Қалжырдың Ертіске құятын сағасында тұрмыз. Біздін раскладушкаларымыз парша-парша болды. 6 балоннан екі-әк балон қалды

Иә Қалжыр қатал өзен!».

(Борис Кузьменко «Ертіс өнірі», Алматы 1982ж, 45-47 бет).

Қалжыр өзені Ертіске қосылған соң Ертіс мол сулы, кең арналы ұлы өзен болып ағады. Ертіс бұл тұста далалы, жазық аймақпен ағып өтеді. Бұл – құрғак шөлейтті жазық аймақ. Ертіс бойы жазығы деп аталады.

Бұл боз жусанды даланың да езіндік сыры мол. Дала – оқылмаған кітап. Дала ешқашан құр, бос болмайды. Ол әрқашан тіршілікке толы. Оны тани білу, ұға білу керек. Керіліп жатқан жазықтар өте бай мал жайылымы. Бұл далалы аймақтарда алуан түрлі құнарлы шөптер өседі. Далалы өнірде өсетін: көкпек, изен, кекіре, бұйырғын, сасыр, жусан, ермен, жер қына, ақселеу, ши – бәрі де қауатты мал жайылымдары. Бұл жазықтықтарда жылқы, түйе, қой туліктегі қыстай ашық жайылыммен шығады.

Осы шөлейтті жазық аймақтарда дәрі-дәрмектік шипалы шөптер де көп. Қара Ертіс бойындағы жазықтықтарда 200-ден астам дәрілік-емдік шөптер кездесетіндігі айтылады. Бұлар: айыр (иір), қарандыз (девясил), адыраспан, ермен, марал оты, жолжелken (подорожник), жылан қияқ (расторопша), қызыл мия(солодка), ошаған, мендуана т.б. Дала - жасыл дәріхана. Бұл дала байлығы, дала қазынасы жөнінде орыс ақыны Семен Кирсанов былай деп жазады: «Я не степью хожу – я хожу по аптеке, разбираюсь в ее травяной картотеке. Беспределная степь, бесконечная степь ты природой написанный странный рецепт». Дархан дала байлығы міне осындей. Оны пайдалана білу керек. Қажетке жарата білу керек.

Қалжыр өзені, Ертіс дария, Марқакөл, Зайсан көлі, Бұқтырма теңізі бұлар тілегей – теңіз байлық көзі екендігіне ешқандай дау болмас. Бұл – мол сулы, жасыл нұлы аймақ.

Шалқып жатқан көлі де жоқ, сарқырап жатқан өзені де жоқ, құрғак шөлді аймақтар да бар екен. Қолда бардың қадірін бағаламай жүргендейміз бе, деген ой да туындаиды кей тұста.

Қалжыр өзені – бұл өнірдің нәрі. Бұл – жасыл желеқке оранған өлке. Өзен бойы жасыл тоғай. Тоғайда қайың, үйенқі, терек, жиде, тал ағаштары өседі. Жемісті ағаштардан мойыл, долана, шәнгіш, итмұрын, бүрген, ұшқат өседі.

Қалжыр бойында суармалы егістік, шабындық, бақша жемістері өсірілетін кең алқаптар болған.

Қалжыр өніріндегі халық ежелден егіншілікпен шұғылданған. Қалжыр өзенінен тоған тартып, егістік алқаптарды суландырған. Мұндай ірі тоғандар «Қарақия» тоғаны, «Тоғыз» тоғаны, «Көктүма» тоғаны, «Ефим» тоғаны, «Роман» тоғаны 1930 жылдары қазылған. «Көктүма» тоғаны арқылы Тегістік жазығын суландырып астық егуді мақсат еткен.

«Тоғыз» тоғаны 1929-30 жылдары қазылған. Тоған қазу жұмысына Қара Ертіс бойынан Тоғыз руынан көп ел көшіп келген. Қалжыр өзенінің алқымына 20-30 кігіз үй тігіліп, көптеген еңбек құралдарын Зайсан қаласынан жеткізіп тұрған. Тоғаннан ұзындығы 20 шақырымнан асады. Тоған арқылы су жеткізіп, Дұзағаш, Мұрынтолағай, Түйетас, Үшқұл жазықтарына астық егуді мақсат еткен. Тоғаннан артық суы Қызылуйенкі тұсынан Қара Ертіске құйылатын болған. Осында үлкен ауқымды жұмысқа тоғыз руынан Матабай Айшыұлы, Ықыбай Байторыұлы, Қаби Күмпейісұлы, Құмарбек Көпенұлы, Бигали Насиханұлы т.б. көптеген азаматтар тоған құру жұмысына басшылық еткен. Тоған жұмысы аяқталып су жібере бастаған кезде жер асты құыстары (корқаулар) пайда болып шаруаға көп кедері жасаған. Бұл тоғамдардың басы Қалжыр өзенінен алынады. Жалпы тоған қазу жұмысы бұл өнірде 1900-1910 жылдары ішкі Ресейден келген Романов Ефим деген адамның басшылығымен жүргізілген. Ол кісі тоған жұмысшыларына арнап күйдірілген кірпіштен қазіргі Такыр ауылы тұрған жерде тұрғын үйлер, дүкендер салдырған. Бұл Қалжыр өніріндегі алғашқы құрылыстар тарихы еді. Сол үйлер мен құрылыстар колхоз кезіне дейін Такыр ауылында іске асып тұрды. Колхоздастыру кезінде «Тоғыз тоғаны», «Ефим» тоғаны сияқты

су жүйелері егіндік жайылымдық жерлерді құнарландыруда маңызы зор болды. Кейіннен көп жерлерде қорқау пайда болу салдарынан «Тоғыз тоғаны» істен шығып, арнасы тоза бастаған кезде 1966 жылы жас агроном Қизатов Төлеген оны тоғанды қалпына келтіру жөнінде біраз еңбек етіп, тоған совхоз егін шаруашылығына көп пайдасын тигізді.

Арынды, асау болса да,  
Қалжыр туган анаңдай.  
Жасыл тоғай, көк майса,  
Әр қойнауы жағажай.  
Бекенбай тауын жастанып,  
Қалжырдың бойын бастан қып.  
Құт – берекең шалқыған,  
Ата жолдан таймаған.  
Қожанбет маңғаз халқым-ай,  
Алтайдан табаны аумаған.

### Ақ толқыны Қалжырдың

Сайрандал тогайына талай кірдік,  
Аралап Қалжыр бойын біраз жүрдік.  
Бұрым-бұрым қойнаулар жемісі мол,  
Долана, мойылы мен жидек тердік.

Ақ қайын, бұйра терек, үйенкі, тал,  
Көк шалғын тогай іші отырсан әл.  
Қалжырдың ақ толқыны жағаны ұрып,  
Тұп-тұнық таза ауасы жұтқандай бал.  
Балығы тайдай тулат езенінде,  
Толқыны лұп-лұп соғып кемеріне.  
Көктемде буырқанып, еткел бермей,  
Мінезі ұқсас келген өр еліне.

Сылдыр-сылдыр ақ толқынның үндері-ай,  
Зенгір аспан, шуақты ашық күндері-ай.  
Көктем келсе қош ісі аңқыған,  
Қара бүрген, итмұрынның гүлдері-ай.

### Көк теректер

Көк теректер, жағасында Қалжырдың,  
Мекенісің қызық, думан ән-жырдың.  
Талай жастың көңіліне ұялап,  
Жазылмаған талай дастан қалдырдың.

Көк теректер, көркі болған өнірдің,  
Қуанышы, тынысы сен көнілдің.  
Жайқала бер өркенінді кең жайып,  
Өзегіндей өтіп жатқан талай ғасыр өмірдің.

Көк теректер, көлеңкенді көлбетіп,  
Соқпасыншы аңызғақ жел шөлдетіп.

Күлтөленіп жапырағын құлпыраар,  
Ақ жаңбырлар төгіп өтсе, төгіп өтсе, селдепі.

Құламасын көктен темір сынығы,  
Бұзылмасын шербет ауа тұнығы.  
Төрт түлігі, ну тоғайы тозғындал,  
Шарпымасын полигонның суығы.

**М.Мешелева**

### **Қалжыр бөгеті**

Орыс гидростроителі инженер Жилковский Қалжыр өзеніне плотина салуды ұсынған. Бұл 1910-1915 жылдар болса керек. Қалжыр өзенінің екі жағындағы жазықтарға су шығаруды жоспарлаған. Осылай су деңгейін көтеріп, Қалжыр өзені бойындағы жазық алқаптарды суландырып, қант қызылшасын егуді және апиын егуді көздеген.

Сол кездерде Сібір өнірінде Барнауыл, Бийск, Томск аймағында қант тапшы болған. Және қант бағасы да жоғары болған. Бұл кезде Ертіс су жолы арқылы товарды Сібір өніріне шығарудың мүмкіндігі мол еді. Ал апиын өнімдерін Қытайға Шәуешек базары арқылы сатуға шығаруды ойластырған.

Бөгеттің құрлысы басталып та кетті. Бөгет қарағай бөренелер мен жұмыр тастандардан түрғызыла бастады. Бірақ биіктен құлап ағатын тау өзенінің суын бөгеу оңай болмаған.

1907 жылдары Семейден пароход магнаты Латиф Садықұлы Мусин Зайсан көлі арқылы баржамен Қара Ертістен Евгеневка (Боран) елді мекеніне жүзіп келіп, Қалжыр өзеніне плотина салу үшін цемент, құрылыш құралдарын жеткізген.

Цементті Семей қаласынан қыста кірешілер тасып тұрған. Түйе шегілген шанамен таситын болған. Түйелі кірешілер Семейге дейін 7 күн жүріп жетеді еken. Семейден Қалжыр бойына дейін 7 күн жүріп зорға жететін көрінеді. Қалың кірешілер қыста түйемен, жазда өзіз арбамен жүріп кіре тартқан. Бір шанаға 5 қап цемент тиейтін болған. Құрлыс басталған кезде, осы өңірден көп қазақ азаматтары орыс байларына жалданып жұмыс істеген. Ол азаматтар: Бижігітов Бидаш, Бейілбай, Мағұлшанов Шаяхмет, Есенбаев Сейіт, Есенбаев Қамза, Ауганбаев Ақсарт.

Жеткізілген цементті темір (қанылтыр) бөшкелерге толтырып аузын бекітіп қоятын болған. Жаңбыр суы тимесін, жел ұшырмасын деп жабық ыдыста сактаған. Сол цемент бөшкелер Қалжырдың алқымында әлі де шашылып жатыр. Бөшкелер тесіліп, жарылып, іші толы цемент қатып қалған. Үйілген құмдар, даярланған щебенкалар, казіргі кезде тәбе-тәбе болып үйіліп жатады. Жалдап үйілген щебенкалар биіктігі 2-3 метр, ұзындығы 20 метр, жалпақтығы 10 метр. Осында жалдап жиналған щебенка тастар 20 шақты жал болған. Кейін кеншар кезінде үл щебенкаларды құрлыска пайдаланды.

Осы щебенка тастарды азаматтар қолмен шауып даярлаған. Егізқара, Мысқал, Тоғыз аталарынан көп адамдар тас даярлау жұмысында істеген. Бұл азаматтар: Сыдыков Смағұл, Сайкенов Тотай, Дәлібаев Тайтықен, Тұменесов Жақай, Сәтжанов Қожабек, т.б.

Жұмыскерлердің әрқайсысына темір төс, колон балға, ішіне 50 кг тас сиятын жәшік беріледі. Тасты төске салып, колонмен ұсактап шағады. Даярланған тасты жәшікке толтырып, бақылаушыларға өткізіп отырған. Бір жәшік даярланған тасқа 1 сом төлеген немесе 1 қой төлейтін болған. Щебенкаларды, цементті бөгет құрлысына пайдаланған.

Қалжыр өзенінің Алқымына таяу жерден орыс жұмыскерлері үшін деңбек үйлер салынған. Монша, асхана үйлері, құрал-сайман, басқа да заттар сақтайтын қоймалар болған. Кенсе жұмысына арналған кірпіш үй болған. Төрт бөлмелі кенсе үйінде 1966 жылға дейін Вейхман Ян тұрды.

Екінші бөгет Қалжыр өзенінің басталар жеріне Шүмекке таяу жерден салынған. Бұл жерден шағын ГЭС салуды ойластырыған.

«Бір ғажабы бөгет салынған кезде өзен суының деңгейі көтерілмей қойған. Бөгет құрылысы басталғанға дейін өзен суы қандай деңгейде болса, бөгет салынған соң да сол деңгейді ғана көрсетіп тұрған. Керісінше Күршім өзенінің суы көбейіп, өзеннің су деңгейі көтеріліп, қалыпты жағдайдан көбейеді. Ғалымдар бұл өзендердің жер асты су жүйесі бір-бірімен жалғасқан деген пікір айтады. Осындай себептермен Шүмектегі құрылыс жұмысы тоқталған».

(Валерий Михайлов, Марқакөл, Алма-Ата, 1983, 396 бет).

### Аудан өнеркәсібі

Марқакөл ауданы ауылшаруашылықты аудан болып есептелгенмен, аудан колхоз шаруашылығымен ғана шектелмеген. Аудан аумағында 1930-1957 ж аралығында қөптеген өнеркәсіпті елді мекендер орналасқан. Ол елді мекендер «Алтайзолото тресінің» Алқабек комбинатына кірді. Алқабек кен басқармасында 1930 жылдары Марқа жерінде «Алтайзолото» тресіне қарасты, алтын өндіру мақсатындағы бірнеше кеништер болған. Осы кеништерде жақсы инфрокұрылымы бар қөптеген елді мекендер қанат жайған. Бұл елді мекендерде мектеп, сауда дүкендері, монша, асханалар жұмыс істеп тұрған. Кен басқармасының өзінің байыту фабрикалары болған. Мұндай байыту фабрикалары «Манко (Манқан)» Батпак-Бұлақ, Жалаңаш, Қекбұлақ өндірістерінде болды. Бұл байыту фабрикалары шағын жылу электр станциялары қуатымен, енді біреулері судың қуатымен жұмыс істеген. Кейбір елді мекендерде электр қуаты тұрғын үйлерде, мектепте және басқа да мекен жайларда күндіз-түні жарық беретін болған. Манко, Жалаңаш, Қаршыға өндірістерінде электр қуатын қолданды.

Аудан өнеркәсібінің негізгі бөлігі «Алқабек», «Қалжыр» кен басқармаларына және «Чапаев» атындағы артельге бірікті.

Ауданда алтын өндірісіне қарасты артельдер «Майғапшағай», «Жыланды», «Ақшоқы», «Батпак-Бұлақ», «Қекбұлақ», «Манко» өндіріс орындары жұмыс істеді.

Ал «Ашылыбұлақ», «Жалаңаш» өндірістері қола кенинен негізделді. Мұнда қола өндірілді. «Қаршыға» кен орнында мыс өндірілген.

«Манко», «Жалаңаш», «Батпак-Бұлақ», «Қаршыға» кен орындары (рудниктері) 1957 жылға дейін жұмыс істеп тұрды.

Бұл өнеркәсіпті елді мекендер екі мақсатта жұмыс істеді. Бірінші 1930-1950 жылдар аралығында өкімет қажеттілігі үшін алтын, қола, мыс өнімдерін беріп тұрды. Екінші Онтүстік Алтай өнірлеріндегі кен корын, кен орындарының көлемін, кен қабаттарының орналасуына барлау (разведка) жасау мақсатында ашылған шағын өндірісті артельдер негізінде жүргізілді.

Бұл өндіріс орындарында бүгінгі таңда қарттар қатарында есептелетін, жас мөлшері 70-тен асып кеткен буындардың ата-аналары жұмыс істеп, еңбек еткен. Олар ауданымыздың алғашқы жұмысшы қауымы еді. Осы адамдардың біразын атая кеткен артық болмас.

Нұржанов Төлеміс «Майғапшағай» алтын, өндірісінде 1940-1945 жылға дейін управляеми қызметін атқарған. Бажыков Мешел «Майғапшағай», «Қаражал» өндірісінде бастық болып, 1938-1943 жылдар аралығында қызмет еткен. Баймурzin Абілмажын Абдрахманұлы Свердловск «Политехникалық институтын» бітірген, мамандығы тау-кен инженері «Манко», «Маралиха» рудниктерінде қызмет еткен.

Бердібеков Кәкімбай Омбы қаласынан «Тау-кен техникумын» бітірген, тау-кен маманы. Өте сауатты адам болған. Батпақбұлақ, Ақшоқы артельдерінде қызмет істеген. Артельдің іс-қағаздарын журғізуши, завгар қызметтерінде болған. 1937 жылы кедей-жалшы балаларын оқыту деген кезең болған. Сонда Бердібеков Кәкімбай сауатты адам болғандықтан, 18 қазақ баласының құжаттарын даярлад өткізеді. Сол оқушылардың ішінде

Асқаров Айтмұханбет те болған. Айтмұханбет аркалап арша сатып жүретін жетім бала екен. Әкесі актардың қолынан қаза тапқан. Осы қазақ балаларын оқуға түсіруді ұйымдастырғаны үшін Бердібеков Кәкімбай ұлттың деп төргеліп Қарағанды түрмесіне жабылады. Одан акталған соң, Құршім, Маралиха рудниктерінде қызмет істейді. Кейіннен Асқаров Айтмұханбет окуын тәмамдаған соң Марқакөл өнірінде ірі қызметтерде болып, елінің құрметті азаматы ретінде танылды.

«Майғапшағай» өндірісіндегі жұмыскерлер: Атығаев Батырхан, Буркустаев Жапабай, Ауғанбаев Ақсарт, Іргебаев Құндақбай, Сарипов Сейтқали, Бижігітов Бидаш, Жакупов Ғалым, Нұргалиев Сейтқазы, Төлебаев Қасейін, Жакупов Садуакас.

«Ашылыбылак» жұмыскерлері: Жақсыбаев Ноқа, Жақсыбаев Ұлықпан, Қодаров Нұкеш, Кемешов Салиық, Апышов Демесін, Қожанқұлов Әшім, Жаркембаев Тойлыбай, Жексенов Біржан, Сәрсенбаев Сағи, Сарипов Камза, Қызметов Қайырбек, Байшолаков Саудагер, Жақсыбаев Қалыкеш, Саяжанов Рапи.

«Манко» жұмыскерлері: Нұғыманов Шұлғаубай «Ленин» орденінің иегері. Жазбаев Ниетбай «Ленин» орденінің иегері. Жолдығұлов Әліхан «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері. Садыков Жәнәбіл «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері. Жабықбаев Байбазар, Мазиев Мұстафа, Мұқашев Қамза, Мешелов Қасымбек, Жұмажанов Нұрсейіт, Мұқашов Бастаубай, Жансейітов Тоқтаубай, Куржеев Қайырмен, Мыжыбаев Жұрқабай, Мұқатаев Бәзенбек, Кәкіжанов Әлімхан, Ахметов Нұрғожа, Қасенов Ырысбай т.б., осы секілді азаматтар Марқакөл өндіріс орындарында еңбек еткен. Тау-кен инженері Тұрганбаев Бұхат, түсті металлургия инженері Абидимов Әуелбек сияқты мамандар еңбек еткен.

«Жалаңаш» өндірісінде еңбек еткен азаматтар: Омаров Оралхан, Қашқынбаев Сақай, Қашқынбаев Бидак, Дұсіпов Қали, Асылханов Ежебай, Қасенов Рысбай, Аманов Асылхан, Жақыпов Садуақас, Асанов Әдек, Құнапиянов Әбдіғали, Құнапиянов Қани, Сыдыков Қайырбай, Айтбаев Айымхан, Жәмшизов Шәріпхан, Құнапиянов Мұхаметхан.

«Жыланды» алтын өндірісінде Таңырықов Смағұл көп жыл бастық болған. Таңырықов Нұрахмет 1936 жылы «Жыланды» өндірісінде есепші қызметінде істеген. Жұмысшылары: Даққұлов Арғынхан, Сарипов Сертқали, Таңырықов Жұмәділ, Қырықбаев Қадылша т.б.

Бұлар - Марқа өніріндегі алғашқы кеншілер. Қолдарына лом, күрек, қайла ұстаган жұмыскерлер қауымы. Кен шахталарында, кен фабрикаларында еңбек еткен азаматтар.

Бұл өндіріс орындарында еңбек еткен жұмыскерлер 1953-1957 жылдары рудниктер жабылған кезде, осы Марқакөл ауданындағы колхоздар мен совхоздарда жұмыс істеп, еңбек етті.

Облыстық мұрагат материалдарынан қазыналы Марқакөл өнірі жайлы келесі деректі ұсынып отырмыз:

1. Рудная узел Койтас в верховьях р. Тақыр объединяет одноименное оловянное месторождение и россыпи касситерита. Месторождение Койтас приурочено к изометричному (около 1 км в диаметре) выходу мелко-среднезернистых биотитовых гранитов калбинского комплекса, прорывающих слюдяные сланцы кыстав-курчумской свиты. Здесь в зоне повышенной трещиноватости залегают оловоносные кварцевые жилы (длиной до 350 м, мощностью 0,1-1 м.) с гнездами Ке и Ше. Среднее содержание Sn 0,2, W до 0,1 и Ві до 0,02%. По жилам – подземные выработки эпохи бронзы.

2. Рудная зона: Кальджир-Алкабек, Майкалчагай – Au, Джиланды – Au, Батпак – Булак – Au, Карчига – Cu, Алкабек – Au, Манко-Долонсай – Au, Карой – W, Be, Ві в районе Каракия (кварцевожильный) изучено с поверхности.

3. Ресурсы россыпного золота, наибольший интерес представляют системы притоков р.Кальджира с потенциальными золоторесурсами более 15 тонн, и р. Курчум – 10 тонн.

4. В междуречье Кальджир и Бала Кальджир в шлихах из кварцевых галечников наряду с обыкновенным присутствует голубой корунд. Найдены благородного корунда привлекают внимание, целесообразно продолжить поиски.

5. Успенское проявление рубина. Первая значимая находка благородного корунда произошла в 1992 г. В районе с.Успенка в юго-западном Примаркаколье. Здесь в обломке слюдисто-кварц-полевошпатовой породы пегматоидного типа было встречено зерно рубина размеров 0,6-1 см ювелирного качества. В последующем были выявлены участки с наличием рыхлых отложений корунда. Все находки рубина расположены в пределах блока метаморфитов протерозоя – дистенсодержащих гнейсов мигматитов, амфиболитов.

### Иртыш-Фуюнская зона

Определенное значение в перспективе могут иметь медноколчеданные месторождения, известные на северо-западе, в Вавилонско-Барашкинской рудной зоне и на юго-востоке в Курчум – Кальджирском рудном районе (Карчига).

Вавилонское месторождение явно стратиформное, изучено и отработано с поверхности, предварительно оценено на глубину до 250-300 метров. Вмещающая структура и морфология пластовых залежей недостаточно расшифрованы. Содержание Cu в среднем 0,87-0,85%, отношение Cu : Pb : Zn =74:3:23. Запасы Cu на 1961 год оценены всего в 40 тыс.тонн (явно занижены). Прогноз ресурса в 1989 г до глубин 500-700 м были переоценены по Р1,Р2,Р3 в 1,5 млн.тонн меди , 0,5 тонн цинка. Скорее всего они слишком завышены. Низкие содержания меди не позволяют выдвинуть Вавилонское месторождение в качестве объекта для первоочередных геологоразведочных работ, однако оно нуждается в обоснованной оценке на все компоненты.

### Карчига

Перспективной площадью на медь, а также на золото является Карчинский рудный узел с медно-пирротиновым месторождением Карчига. Оно было разведано до глубины 200 метров. Запасы по C1+C2 составили в тоннах Cu – 175000, Au – 9, Ag – 35, при содержании соответственно 2,8%, 1,4 и 5,4 грамма на тонну (руды). Расчлененные линзы основная и восточная не оконтурены: позднее были обнаружены еще и другие тела, подтверждающие будущую первичность пластовых руд, слабо изученных в пространстве.

Прогнозные общие ресурсы Карчиги оцениваются до глубины 500 метров по меди в 500 тыс.тонн, по золоту -30 тонн, по серебру – 200 тонн. На золото перспективны зоны динамометаморфизма в зеленокаменных толщах PR с золото-кварцевыми штокверками. Площадь – 45 кв.км.

### Курчум-Кальджирский рудный район

В этом районе перспективными являются рудные узлы: Маралиха, Курчум, Алкабек и Манко. Рудный узел Алкабек представляется наименее эродированным центральное место занимают золотоносные интрузии и дайки прииртышского габбро-плагиогранитного комплекса С1. Выделяются два перспективных участка один из которых Северо-Ашалинский (площадь -10 кв.км.). Зоны золотосульфидной минерализации и кварцевых жил оконтуриваются ореолами As, Ві в бурых железняках и аномалиями ВП. Рекомендуются поиски с бурением. Второй участок (площадь около 100 кв.км.) охватывает приустьевые части речек (дренирующих коренные месторождения Алкабек, Каракия, Алексеевское и др.).

Здесь возможно обнаружение погребных россыпей золота. Площадь -90 кв.км. Рудный узел Манко-Долоносай рекомендуется к дополнительной оценке в связи с выявлением на юго-восточном фланце (в КНР) нового промышленного месторождения Долоносай (10 тонн).

Рудоконтролирующей оказалась зона разломов на контакте горизонтов известняков алевролитов (Д1-2), залеченная серией даек, особенно к югу и северо-западу от рудника Манко с ресурсами золота 5-10 тонн (Р3). Площадь 225 кв.км. Потенциальные ресурсы блока, учитывая данные более вскрытых площадей, несомненно, более значительны, включая зоны щелочных метасоматитов.

Каройская площадь в рудоносных гранитах калбинского комплекса объединяет гидротермалиты с Be, W, Mo, Bi (рудопроявления Каракия 33 кв.км.) Возможно увеличения ресурсов за счет доизучения надинтрузивной зоны. Площадь 33 кв.км.

В Иртышской зоне наиболее значительный по золоту Курчум-Кальдзирский район.

Рудный р-н	Рудная зона	Рудный узел	Металлогенез	Прим м/рожд и рудопроявлений
Курчум-Кальдзирский	Кальдзир Алкабек	Майкапшагай Джеланты Батпак-Булак Карчига Манко-Долоносай Алкабек Карой	Au Au Au Cu Au Au W,Be,Bi	Майкапшагай Джеланты Батпак-Булак Карчига Манко-Долоносай Алкабек Карой

Месторождение Маркаколь находится в 7 км к северо-западу от оз.Маркаколь. В полосе кристаллических сланцев бластогранулитовых гнейсов по вулканогенно-осадочным породам Д1 содержатся согласные пласти, прослои и линзы железных руд. На участке Темиртас, Таскайнат, Сорном залежи руд прослежены магнитометрий на 18 км в полосе с шириной от 1 до 1,5 км. Их изучали А.Н.Нечаев – 1914 г, А.С.Калугин – 1949,1966г.г., Е.С.Шуликов – 1966, 1980 г.г., Л.З. Бахорин и В.И. Иванов – 1966г., В.Г. Сагунов, Г.Р Вирт 1978 г и др.

Железное оруденение связано с двумя петрохимическими группами мигматитов и гнейсовидных метатектитов: 1) Тоналит-плагиогранитной. 2) Габбро-диабазовый.

В первой группе магнетитовые руды в форме лентовидных и пластообразных тел (мощностью от 0,5-1 до 1,5-2,5 м) переслаиваются с более мощными кварц-альбит-амфиболовыми, серицит-кварцевыми безрудными метаморфитами. Суммарная мощность магнетитовых руд на участке Темиртас 7,5-8 метров. Среднее содержание 62,5 %, в апатит-магнетитовых рудах P2O5 1,3%. Содержание апатита достигает 25-30%. (В.И.Иванов, 1966 г.).

В габбро-диабазовых породах проявлены гидротермально-метасоматические железные слюдки и гематит джеспилитовой формации (Е.С.Шуликов, 1980г). А.С.Калугин (1968г) рассматривает апатит-магнетитовые руды как возможной комплексной источник металлургического и агрономического сырья. В северном Примаркаколье метаморфические породы базальт-андезитриолитовой формации (культабарская свита Д1) характеризуются контрастными содержаниями P2O5. Высокие степени метаморфизма в северо-восточной зоне смятия, проявления апатит-магнетитовых руд, аналогичных месторождения Маркаколь. (Н.В.Полянский – 2002 г.).

Апатитоносность железорудных месторождений Рудного Алтая изучена еще слабо, что позволяет определить только предварительную оценку прогнозных ресурсов P2O5 в количестве 4 млн.тонн, совпадающей с цифрами других авторов.

(А.С.Зверев, Р.М. Файзулин и др. ВНИИ геолнеруд -1975 г).

(Большой Алтай (геология и металлогенез) в трех книгах.

Под редакцией академика Г.Н.Щербы, Г.Н.Щерба, Х.А.

Беспалов, Б.А. Дьячков, А.М.Мысник, Г.Д.Ганженко,

Е.М. Сапаргалиев. Алматы РИО ВАК РК. 2000г).

Шығыс Қазақстанның көп аймақтарында, қола дәуіріндегі ру-тайпаларда кен балқытқан металлургиялық орталықтар болған. Қола өте құнды металл болып саналады. Алтай қоласынан жасалған бүйімдар іргелес басқа тайпаларға да таралып отырған.

Алтайда, Шығыс Қазақстанда ертедегі адамдар қола дәуірінің өзінде Бұқтырма, Тасқайнат, Нарын, Қалба өнірінде мыс, қалайы өндіріп, қорыта білген, –дейді Әлкей Марғұлан өзінің зерттеулерінде.

1935-1937 жылдары СССР Ғылым академиясының Мәдениет-тарих институтының С.С.Черников басқаратын экспедициясы қола дәуірі кезеңі бойынша құнды материалдар берген. Нарын және Қалба тау жоталарындағы көне кен өндірісі орындарына зерттеу жұмыстарын жүргізіп, қола дәуірі туралы мол материал жинады.

Археологтар Қалжыр өніріндегі Шығанши, Жана-Ауыл корымдарын зерттеп, бұл мекендерді ерте қола дәуірі кезеңіне жатқызады. Бұл орындарды тұнғыш рет облыстық тарихи-өлкетану мұражайының археологиялық экспедициясы 1990 жылы зерттеп тіркеді.

Бұл көне кен өндірілген орындар Қалжыр өзенінің оң жағасындағы тау етегінен 1,5 шақырым төменде қыратты беткейден табылған. Кен өндірілген шенбердің диаметрі 10-15 шақырымға дейін созылады. Қазылған шұңқырлардың терендігі 2 метр кейде 5 метрге дейін әртүрлі болып келеді. Төгілген тас үйінділері көп. Тас үйінділерде сланец сыйықтары кездесіп отырады. Мұндай көне жұмыс орындары мен кен казу аландары 2 шақырымға созылып жатыр. Кейбір жұмыс орындарында кен балқытқан ошактың іздері қалған. Төгілген тастар үйіндісінен қалайы өндіруге қолданылған құралдар табылып отыр.

Алтай өлкесінің тарихы әріден басталатындығын қазір ғалымдар терең дәлелдеп отыр. Мұны алғашқы адамдардың мекен-жайлары, қола дәуіріндегі кен шығару орындары, тасқа салынған суреттер, таңба – белгілер дәлелдеп отыр. Бұл кескіндер Шығыс Қазақстандағы Қалба, Канай, Тарбағатай тауларында, Марқакөл аймағында, Ертіс, Құршім, Бұқтырма, Нарын өнірінен табылып отыр. Бұл таңбалы тастар ертеде аң аулап, мал баққан адамдардың бейнелеу өнері, пиктограммалық жазу үлгілері немесе петроглифтер.

Алтай атырабындағы тасқа қашалған кескінді адам бейнелері шығыс өніріндегі көшпелі тайпалар тірлігінен мол мағлұмат береді. Осындағы тас мұсіндер Марқакөл аймағындағы Шөптікөл және Көлшілік маңында сақталған. Көлшіліктегі балбал таста адамның түр-кескіні, колына ұстаған қаруы бейнеленген.

Алғашқы адамдардың чудь тайпасының кен балқытқан орындары 1780-84 жылдары қазіргі Зырян, Лениногор, Қалба өнірінен табылған. Осы көне кен балқыту жұмыстарының ізімен (Риддер, Зырян, Серебрянск т.б.) ірі кен орындары ашылған. Бұқтырма ГЭС-ін салу кезенде аймақтың археологиялық зерттелуі нәтижесінде Нарын өнірінен қола дәуіріндегі кен өндіру орындары мен адамдар тұрағы табылды.

Алтай өнірі ежелгі ата-бабаларымыздың көне мәдениетінің белгілері мол сақталған аймақ. Мұны Ертіс бойынан табылған руникалық жазулар растай түседі. Осындағы көне жазу үлгілері шығыс өнірінің Шемонайха ауданынан, Ертістің оң жағалауындағы қазба қорымдардан «Ерте жазу ескерткіштері» 1983 жылы табылып отыр.

1985 жылы Марқакөл ауданынан көне жазу үлгілері табылған. Сондай-ақ төрт бұрышты тас мөр 1966 жылы Құршім ауданынан табылған. Тас мөрдің табанында ойылған таңба руникалық жазу болып шыққан. Тас мөрдегі жазудың оқылуы «Сеч абын» бізше «Танда – уан» мағынасын береді. Танда-тандау, талғау, ал уан – ризалық, қанағат деген мағынаны мезгейді.

1935 жылы Қазақстанды зерттеу қоғамының экспедициясы кезінде Ұржар ауданынан табылған гүлмен көмкерілген қола айнадағы руникалық жазуды жерлесіміз профессор Алтай Сәрсенұлы Аманжоловтың оқып түсіндіруі бойынша «Ер азамат, шарап ішу – мезгілсіз өлу» деген қағида деп шешті.

Қатонқарағай жеріндегі Берел аймағынан табылған «Патшалар қорымы» деп аталатын археологиялық қазбалар Сак заманынан мол ғылыми мәлімет беріп отыр.

Тарбағатай тауындағы Шілікті қорымында Ә.Т. Төлеубаевтың, F.К.Омаровтың басшылығымен жүргізілген қазба жұмысы нәтижесінде табылған 524 алтын заттар мен «Алтын адам» бүкіл әлем назарын өзіне аударып отырғандығы белгілі.

Марқакөл ауданындағы Ақжайлау ауылына таяу жердегі Шөптікөлдегі балбал тастардың биіктігі көзіндегі кісі бойы. Көне дәуірден келе жатқан белгі. Шөптікөл

маны, Қалжыр өзені алкымында, Нарбота тауында тасқа жазылған жазулар (петроглифтер), андардың суреттері көп кездеседі. Мұндай петроглифтер Теректі ауылының солтүстік шығысындағы қойтастан табылып отыр.

Берелдегі «Патшалар қорымы», Шілікті жазығындағы қорымдар, Марқакөл өніріндегі Шәптікөл аймағы мемлекеттік бақылаудағы тарихи орындар.

Шығыс Қазақстан археологиялық ескерткіштерге өте бай. Бұл аймақта көне дәуірдегі археологиялық ескерткіштердің бай қоры шоғырланғандығы белгілі.

Адамзаттың жаратылу тарихының бір орталығы Алтай тауынан басталғандығын әлем галымдары дәлелдеп отырғандығы бүгінде көпшілікке мәлім.

## Қара Ертіс өнірі

Қазақ жерін отырлау барысында Ресей патшалығы терен саясат ұстаған. Бұл саясат ұзақ уақыт үздіксіз жүргізіліп отырған.

Қазақ халқының тіршілік жағдайын, халықтың ұлттық болмысын, психологиясын, рулық қатынастарды, хан-сұлтандар әулетін зерттеу мақсатында түрлі экспедициялар жіберілген. Осындай жолдармен халықтың тарихын, өмір-тіршілігін біліп, оны келешекте халқымызды отарлау құралына айналдырган.

Осындай мақсаттармен 1717 жылы Ресей үкіметінің тапсырмасы бойынша Иван Калмыковтың экспедициясы Зайсан көліне жүзіп шығады. Экспедицияның мақсаты осы өнірде қамал салуға қолайлы орындарды анықтау еді.

Алтай, Марқакөл өнірі, Қара Ертіс пен Зайсан аймағының зерттелуі жайлы Европа және орыс галымдарының еңбектері мен зерттеулерінен деректер келтіреік.

Осыдан екі жылдан кейін 1719 жылы 16 қантарда I-Петр гвардия майоры И.М.Лихаревтің басшылығымен әскери экспедиция аттандырылып, «Зайсан көліне дейін жетіп, бекініс орнатасын» деген бұйрық беріледі. Лихарев 1719 жылы мамыр айында Тобольскіге келіп 34 кемемен Зайсан көліне дейін келеді.

1863 жылы Семей өнірінің әскери губернаторы И.Ф.Бабков Омбыдан Зайсанға дейін пароход қатынасын ашуға болатындығын, Қара Ертісті өрлей сауда жасау мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдейді. 1863 жылы Иван Федорович Бабков «Зайсан экспедициясы» деп аталған экспедиция Зайсан көлі арқылы Қара Ертісті өрлей жүзіп, Ақтөбе қойнауына дейін барады.

Жүк кемелері 1871 жылы, жолаушылар таситын пароходтар, 1880 жылдары Қара Ертістен Қытай шекарасына дейін жүретін су жолы белгіленді. 1889 жылы профессор В.В. Сапожниковтың ғылыми зерттеуі нәтижесінде Зайсан көлі мен Ертіс өзені тасымалдың үлкен транзит су жолына айналды. 1901 жылы П.Березницкий мен Плещев «Жоғарғы Ертіс пароход сауда» серікtestігін ұйымдастырады. Бұл сауда серікtestігі Ертіс бойында көп жыл үлкен қызмет атқарды.

1907 жылы Семейден пароход магнаты Латиф Садықұлы Мусин (1864-1916ж) Зайсан көлі арқылы баржамен Қара Ертіспен жүзіп Евгеньевка (қазіргі Боран) елді мекеніне дейін келіп Қалжыр өзеніне ГЭС салу үшін цемент, құрылыш материалдарын жеткізген.

1898 жылы Жоғарғы Ертіс бойына Семейден «Зайсан» пароходы жүзіп шығады. Бұл оқиға Ертісті өрлең, Зайсан көліне дейін кеме қатынасын орнату кезіндегі алғашқы сапар болды.

Ертіс бойымен «Монгол», «Алтай», «Прокопий Плещев» сияқты кіші-тірім пароходтар жолаушыларға қызмет етті. XIX ғасырдың сонына қарай Ертіс бойымен екі баржалы «Святой ключь» пароходы жүре бастады. 1911 жылы құрамында орыс-қытай қоғамының мүшелері, көпестер қатысқан әйгілі саудагер М.М.Красильников басқарған экспедиция Қара Ертісті зерттеп, өзеннің пароход қатынасына толық сәйкестігін анықтайды.

Осы экспедиция құрамындағы көпес Плотников Қара Ертіс су жолына пайдалану үшін 2 пароход бөледі.

П.П.Сушкин 1904 жылы Зайсанға келіп, 5 ай бойы жергілікті құстарды зерттеген. Бұдан кейін 1908 жылы саяхатшы орнитолог А.Н.Велижанин төрт жылдай, Ертіс, Зайсан өніріндегі құстар әлемін зерттеді. Бұл зерттеуді орыс ғалымы Г.И.Поляков Москвада «Орнитологический Вестник» басылымында «Сборы Велижанина в верховиях Иртыша» деген атпен жариялады.

1834 жылы саяхатшы ғалым Струве Ертіс өзенінің су жолы қатынасы үшін пайдалы жактарын, жануарлар дүниесін, құстарын, балық байлығын зерттеген. Бекен, Бұқтырма, Баты бекеттерінде болып, Ертіс бойына зерттеу жұмыстарын жүргізген. Ғылымдық, зоологиялық ізденистер мен зерттеулер жүргізеді.

Ресей үкіметінің осынша қыруар жұмыстары мен зерттеулерінің астарында Ресейдің Алтай өңірін отарлау саясаты жатқан еді.

Ертіс – Қазақстанның шығыс өңіріндегі ірі өзен. Ол Онтүстік Шығыс Алтайдың таулы аймактарынан басталады.

Ертіс өзені Алтайдың онтүстік шығысындағы Күй-Тунь (Күйтін), Қобда таулы аймағынан басталады. Күйтін тауы монголша «Табын-Богда-Ола» деп аталады. Кейде «Бес биік» деп те атайды. Күйтін – алып тау жүйесі. Ол бес биіктен тұрады. Ол биіктегі: Үкек, Ақайрық, Қызыладыр, Қараадыр, Таутекелі деген биік таулар жүйесінен құралып, теніз деңгейінен 2500 метр биіктікте орналасқан. Осы «Бес биіктін» Қызыладыр бөлігінен Қара Ертіс өзені басталып, онтүстік шығыс бағытына ағады. «Бес биіктен» Бұқтарма өзені басталып, солтүстік батыс бағытына қарай ағады. Осы Күйтін тауынан Құршім тау жоталары, Нарын таулы жүйесі бөлінеді.

(Карла Риттера «Землевъедыне Азі», С-Петербург. – 1877г.- 1-44стр.).

Қара Ертіске Алтай тауынан басталатын көп өзендер құяды. Қара Ертіске қосылатын ірі су тармақтары: Сайыр, Буыршын, Серкесан, Ақ Қаба, Қара Қаба, Арасан Қаба, Жаман Қаба, Нарын Қаба, Талды Қаба деп аталатын жеті Қаба өзендері қосылады. Жазық аймақта шықканда Қара Ертіске Алқабек, Білезік, Қалжыр, Құршім өзендері құяды. Бұл өзендердің барлығы да қар суымен толығып отырады. Және биік таулы аймактағы мұздықтардың суымен қөректенеді.

Білезік кішірек өзен. Білезік Шөпті көлден басталады. «Ерте кезде осы өнірде Білезік деген қыз болған екен. Өзінің сүйген жігіті Алқабек екеуі құғыншылардан қашып, тұн ішінде, қатты тасып жатқан ағынды өзеннен өтпек болады. Сонда қыз да, жігіт те суға кетеді. Сол себепті Алтайдан басталған екі өзен бірі Білезік, бірі Алқабек атанағып кеткен екен» деген аныз ел аузында сақталыпты. Алқабек өзені Қырлықұм, Бұлақтықұм деген құмды тау жоталарының батыс етегімен ағып, Түйекұйрықтың тұсынан Қара Ертіске құяды.

Маңырақ, Сауыр тауларынан Кендірлік, Жеменей, Тайжузген өзендері Ертіске құяды. Қалба тауы және Нарын жоталарынан Бұқтырма, Үлбі, Уба өзендері қосылады. Сарыарқа, Батыс Сібір жазығына келген кезде Ертіс дарияның ені 25-35 км жетеді.

Ертіс өзені Зайсан көліне дейін Қара Ертіс деп аталады. Ал Зайсан көлінен бөлініп шыққан соң Ақ Ертіс болып ағады. Ақ Ертістің ұзындығы 3501 км. Қара Ертістің ұзындығы 672 км. Ертісті бойлай 3600 км-ге жуық кеме қатынас жолы бар.

Халық арасында осы өнірге Асанқайғы келіп, жер-суға баға берген екен деген аныз бар.

«Кішкене тауға шықтым. Кішкене таудың солтүстігінен ак нұрмен аймаласқан, толқыны ақжалаң бір жайсаң көл көрдім. Қара Ертіс шығыс жағынан келіп, ортасынан қақ жарып өтіп, батыс жағынан шығып кетті. Анықтап қарағанда Ертіс ағысы түп-түзу қара сзызық болып, екі жағы ак айдынданып жатты. Осы ак көлге Ертістің құйып тұрған жерінен шошқаның құлағы мен сиырдың мүйізі көрініп тұр» депті.

«Ертістің солтүстігінен алып Алтай тауын көрдім, мекендерген елдің мінген аты алты ай мінсе арымас болар»-депті.

Асанқайғы: «Сауыры – саясyz тaқyр, сарaң жaқ. Тарbaғataйы тaрbiyip жatқaн tar aymaқ. Алтайы adыrymen aсқaқ tұr – ay! Meni nege шeлge бaстap тұrsyн, eй bейbaқ?!» -дeгeн eкeн Aсанқайғы baba. Алтайдың түңkelі, жасыл aйmaғыn, кeң жaратылыс тaбигaтaын қimaiy aйтқaн cөzі болса кeрек.

Aсанқайғы Bəkenbай тaуының bийi Ақжонғa кeтерiлiп, Tіkeй bийiне шyғып, Қara Eртiс pen Zaisan кeлiнe дeйiнгi жazықты bolжap: «Эттең suыn bal, жerin шyйiн bolғanymen қalың eliм қazaғyma biр қonaлқy ғana жer eкенсiн»- dep жelмаясымен жorta жeнелiпті.

Bұл Алтай aйmaғыna жelмаясымен жele жortып, xалқyна жailы қoныс – Жeрүйiкty iзdeп, Aсанқайғы kелgen eкeн. Kүrшiм tay жotасының biк tұsy Aйyркезен, Жyлlytaуғa шyғып tұryп, «Bұl өnірдің құты da жel, жұты da жel eкeн» depтi.

Eртiс bайындағы Нарын-Самар aйmaғыn kөrgendе «Eй, Нарын, tайың aйғyрдай, tайлағың buрадай eкeн! Қысың ұzaқ, шaruaна saқ bol» depтi.

Қart Алтайдың қүрдасы Нұр – Zaisan кeлi de oсы shyғysta. Zaisan кeлi –kөp tariхtyn қuәsi. Talai tariхty basыnan keshken aymaқ. Нұr-Zaisannың jaғasыna монголдарда (Шyнғyс хan да) eскер-көsыndaryn қondyryп, қos tikkен. Oсы өnіrden шar-taрапқa kөz salып, жорық жospaрlaryn жasағan.

Keшegi eтken заманда, жonғar шapқyнshыlyғy kезinde oйratтар da Нұr-zaisannың ap жaқ, ber jaғyna kent-bekinistерiн salғyзғan. Қandы shaiқas, kөp жorықtar bolғan өnіr. Jaugherшiлiк заманың үni, tұllparlар duғbiри, ұryс dabylys eл жүregiнeн өlі kete қoymaса kерек.

Bүгiнде Zaisan кeлi alyspen astasyp, acaу Eртiспen қol ұstasyp shyғystyң kүre tamyры tәriзdi болып otыr. Bұl – Shyғyс өnіrindегi arzan su жolys. Өzen jaғalaғannың өzegi talmaғan. «Sулы жer, нұлы жer» дeйdi xalық. Өzendi жer aнымен, құsымen, судaғy balығyмен el ыryсын molaitып otыradы. Жайқalғan шalғyны, жasыл құraғy tөrt tүlіk malдың aзығy. Mal-eл bайlyғy, el ыrysy. Zaisan – tұshy сулы kөl. Kөl – balықقا bай. Zaisan kөliniң ұzyndyғy 55 km. Eni – 33 km. Jaғadaғy xalқyның қun kөrіc kесibiniң negizi kөldiң balығy. Mенекей, Қызылөгiз, Қaraғанды жyра, Жолnұskau, Tұғyл sияқты eлди mekenderde balық aulaitыn iрi шaruaшylyқtar bar. Kөlde bekire, aқ balық, шortan, сазan, alabұғy, aқkайran, taban, kaрабалық, kөkserke, t.b. balық tүrlерi kөp. Balығyмен de, bайlyғyмен de el ыryсын molaitып жatқaн Нұr Zaisan naғyз keңpejil жaisanның өzi emes pe?! Jaғasыnda сыңсығan nu қamysы, шalғyны beluardan kелетiн kөl manaиы малын жұtka берmegeп, tөrt tүlіg i жұtап kөrmegen aymaқ.

Eртiс өzeni men Zaisan kөl алқabyна kелсeнiз, қainaғan өmіrdi kөresiз. Tіrshiлiк tynysы keңejiп sala beredі. Arzan su жolys da oсында. Eртiс өzeni, Zaisan kөl arқylы Kүrшiм, Улken Нарын, Tarbaғatai, Zaisan, Marқakөl aудандaryna kөmіr, жanar mай, kүrlыс materialдарын tasymaldaityn баржалар, пароходтар қatynap tүradы. Balық өnіmderiн tasymaldaidy.

Cемей – Өскемен, Өскемен-Күrшiм, Өскемен-Tұғyл aralығyна жolaушы tаситын «Ракета» теплоходы жүriп tұrды. «Роза Люксембург» жolaушы tаситын пароходы 1950 жyлдардан бастap жure baстaғan. Метеор-1, метеор-2, метеор-3 su kөlіkteri жүrіп tұrғan.

Aйдынынан үrек-қaz үzilmegeп Zaisan, Marқakөl kөlderi de, adam қolymen дүниегe kелgen Bұktyrma teñizi de oсы өnіrde.

Aқ bүyra tolқyнғa оранып шalқyп жatқaн Bұktyrma teñizi. Teñiз betiндегi aқ irек tolқyndarmen қauышып, aқ kөbikke оранып, appaқ shaғalalap ұshады. Эppaқ қanatttary kүn сәулесiне шaғylyсып, su betiнde әdemi biр өrnек tudyradы.

Bұktyrma бөгөni Шyғyс Қазaқstan облысында Bұktyrma CЭC-niң salыnuыna bайланысты жасалды. Bөgenniң aуданы 5500 km<sup>2</sup>, suыnyң kөlemi 50 km<sup>3</sup>, ұzyndyғy 500 km, eni 35 km, jaғasының ұzyndyғy 1200 km. Bөgen 1966 жyлы pайдалануғa berilgen. Bөgenniң

негізгі су қоры Зайсан көлі мен Ертіс өзенінің сүйекшіліктері толығады. Алтай аймағы үшін электр қуатын өндіруде, егін шаруашылығы үшін, кеме қатынасы, балық шаруашылығы үшін Бұқтырма бөлінін манзызы зор.

(КазССР қысқаша энциклопедиясы 2- том 149 б).

1966 жылы Бұқтырма су қоймасы салынған соң, су деңгейі көтеріліп флот құрылды. «Зайсан көлі Бұқтырма су қоймасына қосылған кезде, бұл үлкен су қоймасына басқа ірі теніздерден балық түрлерін әкеліп, көлге жерсіндіру тәсілі қолданылды. Балқаш көлінен судак (көксерке), сазан балықтары әкеліп жерсіндірілді. Арап тенізінен лещ балығы көлге жіберілді. Алматы облысындағы Көлсай көлінен форель балығы көлге жіберілді. Көлдің балық байлығы молайды».

(Борис Кузьменко «Ертіс өнірі», Алматы 1982ж).

Ертіс өніріндегі өндіріс қуатының өсуі су жол магистралын кенейтуді талап етті. Сондыктан Тюмен зауатынан Семей портына теплоходтар мен баржалар келтірілді. Алғашқы теплоход 1928 жылы Гамбург қаласынан сатып алынды. Бұл Ертіс өзенімен жүзген алғашқы теплоход еді. «Жоғарғы Ертіс пароходствосына» көптеген Европалық қалалардан «Ракета», «Метеор» сияқты су жолы машиналары келе бастады. Ертіс бойында өзен вокзалдары, пароходтар, теплоходтар токтайдын порттар, айлақтар көбейді.

Тополев – Мыс пристаны (айлағы) Тұғыл қонысының іргесі 1904-1906 жылдары қаланған. Ел қоныстанған кезге дейін Тұғылдың орнында қалың орман болған. Кілең ақ терек орманы өскен. Қоныстанған елді мекеннің «Тополев –Мыс» деп аталуы содан болса керек. Кейін ел қоныстанған соң, орманды отап үй -құрлықта пайдаланған. Біраз жылдан кейін ақ теректердің орнында тұқыл түбірлері ғана қалады. Содан ауыл Тұғыл атанған.

1934 жылдары Зайсан балық трассі құрылды. Балық зауыты ашылды. Тұғыл түбегі көлге сұғына кіріп жатады. Түбектің ұзындығы 3 шақырым. Суға кіріп тұратын тұсын «Тұмсық» деп атаған. Балық зауаты осы тұмсыққа орналасқан. Түбектің бергі жағы «Мойын» деп аталады.

Алғашқы балықшы артельдері Зайсан өнірінде 1932 жылдары құрыла бастады. Кейіннен артельдер бірігіп балықшы колхоздары құрылды. Колхоздар нығайған кезде шағын балық зауыттары пайда болуы негізінде «Зайсан рыбпром» бірлестігі пайда болған.

1935 жылдарда Тұғыл аймағында «Молотов», «Бес шана», «Объединенный труд», «Микоян», «Ақсуат», «Мөнекей», «Қызыл өгіз» балықшы колхоздары болды.

1959 жылы бұл шаруашылық «Зайсан балық комбинаты» деп аталды. 1976 жылы оның негізінде «Зайсан рыбпром» өндірістік бірлестігі құрылды.

КазССР балық шаруашылығы министрлігі бойынша товарлы өнімнің 25%-ін «Зайсан рыбпром» бірлестігі шығарып тұрған.

Шығыс Қазақстанның бір байлық көзі – балық. Зайсан-Ертіс бассейні ірі балық шаруашылығы. Казіргі нарықтық-экономикалық заманында «Зайсан-балық», «Ақсуат-балық», «Шуленов», «Аманат-балық» сияқты жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер көбейеде. Облыста «Күршім» ауданында «Өскемен» тоган шаруашылығы бар. Кәсіпорын қызметкерлері тәжірибелі іскер жандар. Әдетте көлден қанша балық ауланса, сонша мөлшерде майшабақтар жіберілуі қажет. Балық – ел байлығы. Балыққа да мемлекет тарапынан қамқорлық қажет. Бұқтырма және Шұлбі су қоймаларындағы балық қорын молайту мәселесі қаралуда.

«Зайсан өндірістік бірлестігінің» қарауында Бұқтырма, Октябрь балық зауыттары, Өскемен тоган шаруашылығы «Тұғыл» балық зауыты, «Ақсуат» балық зауыты болды.

Зайсан балық зауытының алғашқы балықшыларының қатарына: Кожаев Нұрғапи, Шуленов Жәміке, Құрманғалиев Әбіжан, Кенесбаев Баймолда, Әкіжанов Мұхамеджан, Әлмекеев Рұстем т.б. балықшыларды атауға болады.

Үздік еңбек үлгілерімен танылғандар қатарына: «Еңбек қызыл Ту» орденді Шуленов Қабдрасұл, «Ленин» орденді Райменов Шомат, «Құрмет белгісі» ордені және «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері Токаев Қасым, «Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығы құрметіне» және «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Қаракөзов Орал, «Еңбек Данқы» орденің иегері Қапышев Пашкен. Озат балықшылар: Тұрсынов Тоқан, Шүленов Қайрат, Үдербаев Еркінбек, Нұғыманов Зарқұм, Кенесбаев Қабдыл, секілді азаматтар жатады.

«Тұғыл» балықшы колхозында 1946-50 жылдары Қожаев Ғабиден бастық болды. Одан кейін Китапов Иманша бастық болған. Жәмкенов Қабдрахман «Зайсан балық» комбинатында инженер болып көп жылдар қызмет етті. «Балық комбинатында» Нифыметжанов бастық болды. Ниязбек Шуленов «Рыббаржаның» алғашқы капитаны болған. «Рыббаржаны» Республиканың нұсқауымен Тюменнен алып келген Ниязбек Шуленов еді. Ниязбек Шуленовтан кейін «Рыббаржаның» капитаны Китапов Файзрахман болды.

## АСЫРА СІЛТЕУ КЕЗЕҢІ

(1930-1932 жылдар)

1929-1933 жылдардағы елді жаппай колхоздастыру, күшпен қоңыстандыру саясаты, алым-салықтың көбеюі халықты құйзеушілікке ұшыратты. «Зорлық-зомбылықка, ашаршылыққа шыдамаған қазақтар мың-мындал Қытайға, Монголияға босып көше бастады. 1930 жылы мұндайлардың саны 121,2 мың адам болса, 1931 жылы 1 миллион 74 мыңға жетті. Бұл қазақ халқының үштен бір бөлігі еді».

(«Литературная Россия» №18, 1990ж).

1925 ж Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып Шая Голощекин келеді. Ш.Голощекин «Ұлы көсемнің дана нұсқауларын басшылыққа алу» деген желеумен қазақ халқына әкімшілік қыспақтың сан алуан түрін қолданды. Қазақстанда «Кіші Октябрь» жасаймын деген әпербақан саясат халыққа адам-айтқысыз қыншылық экелді. Кенес дәүірі орнаған кезде 1927 жылдары қазақ байлары тәркіге түсті. 1929 ж жаппай колективтендіру кезеңі басталды.

Зорлықпен колективтендіру қыспағына түскен халқы үшін қабырғасы қайысып, елжүртты бұл қыншылықтан құтқарудың жолын іздестіріп, соған әртүрлі әрекеттер жасаган азаматтар да болды. Ел иесіз болмаған. Бірақ өкімет қысымынан халық көп зардап шеккені анық.

Алтай өнірінде колективтендіру және күшпен отырышыландыру саясатының салдарынан 1929-1930 жылдарда халық қанша ауыр азап шекті. Олар елінен, жерінен безді. Халық малынан, жерінен, елінен айырылып және ашаршылық зардабынан мың мындал қырылды. 1930-1931 жылдардағы ашаршылық ұлттық трагедияға айналды. Кейбір үйдің есіктері ашылмай, тұтіні шықпай қалған жағдайлар көп болды.

Жалғыз-жарым журген адамды тонап, колындағы азығын, астындағы көлігін тартып алып, өздерін суға тастап жіберген жағдайлар да болған. Марқакөл ауданындағы Қалжыр езенінің бойындағы Черняевка ауылы көп уақытқа дейін «Жаман қала» атанған (осындағы себептерге сәйкес). Бірлі-жарым кісі ауыл іргесінен жүргуге қорқатын болған.

Осындағы қын кезенде босқыншылық, сондай-ақ Қытай ауғандар саны шекараға таяу аудандарда Марқакөл, Күршім, Зайсан, Тарбағатай аудандарында кен етек алды.

1929 жылы 30 қарашада Қытайдағы Сарсұмбे қаласы аймағынан Нұрғали Мұқабаев бастаған 30 адамдық қарулы кол, шекара бойында шайқаса отырып, Алқабек езені арқылы 60 отбасын көшіріп әкеткен.

Осы жылы 11 акпанда Алқабек езенінің жағасында шекарашибармен атыса отырып, 30-дай отбасын Қытайға өткізіп әкеткендігі айтылады. Бұлар шекараға жақын отырган Жарболды, Қожанбет руларының ауылдары еді.

## Ақнайман, Өтей оқиғасы

1931 жылы шілде айында Күршім өңірін коныстанған 500 үй Ақнайман елі Қытай жеріне өтпекші болып Ақши, Қалғұты жерінен жиналған ел, Егіндібұлақ ауылынан 12 шақырым аралықтағы Бөкенбай тауының батыс етегіндегі Бестерек деген жерге келіп шоғырланады. Алқабек өзенінің Түйекүйрық тұсындағы шекарадан Қытай еліне өтуге келіседі.

Сол бір аумалы-төкпелі заманда Күршім бойындағы Ақнайман руларынан Қытай еліне халық ауа бастаған. Бұл 1931 жылдың жазы еді. Өтейден шыққан Нұргали мерген 500 тұтін ақнайман, өтей ауылдарын Қытайға өтуге әзірледі. Әзірлік жасырын жүрді. Өуелі қайратты, мықты адамдарды жинап, жол дайындығын жасады. Мықты ат, ер тұрман, ыңғайлы киім, азық-тұлік дайындығы жасалды. Жас балалар мен әйелдер, қарт кіслер қамы да ескерілді.

Бұлар таң қарандысымен үдерес көшіп Қалғұты өзенін бойлай жүріп кетеді. Мықты ат, ыңғайлы киім, жол азығы мен сусын әр үйге тапсырылып, мұқият әзірленген. Аздаған қару, мылтықтары да бар. Қарулы мықты азаматтар бұл қажетті заттарды көштен бөлөгірек алғып жүріп отырды. Жолда Кемерқайын, Терісайрық бойына түнеп, таң біліне қайта жолға шығады. Жершіл азаматтар жолсыз бөктерлерді, тау арасын куалай жүріп, жол бастап отырды. Келесі күні Талдысай, Көркітасты басып, Шарықты өзенінен өтеді. Жолсыз адырлы тау жоталары арасымен жылжыған көш Қалжыр өзеніне келіп тіреледі. Байшуақтың үстімен, Қаражартас арқылы еңкейген көш Қалжырдың жағасына келіп аз кідіреді. Осы жазықайлау жерде өзен суы ежелден жайыла ағып, таязданып қолайлы өткел болатын. Бұны халық Ақтүбек өткелі дейтін еді.

Көш Қалжырдан өте бастады. Өзеннен өткен қалың ел Керегетастың жазығына келіп ат шалдырды. Бұл маңай ұры, барымташылар бекінетін тау арасындағы қорым, жықпылы көп иендеу жер еді. Өзі –сол маңайдың бійгі. Етектегі ел, жүрген тұрганның бәрі алақандағыдай көрініп тұратын.

Бұлар да аса сақтық жасады. Ас пісіру үшін ағаш, не бұта қарағанды жақпай, түйенің кепкен құмалағын жақты. Түйенің құмалағы отқа жанғанда тұтін шықпай, қызулы жанып тез шоқтанады екен.

Көш Ақбейітті бетке алғып, токтаусыз ілгері жылжып келеді. Қойтубек маңына келгенде Нұргали мерген алдыңғы жаққа шолғыншы жіберіп, жол бойына барлау жасатып отырды. Нұргали қасына үш жігітті ертіп, Қарағанды жыраға дейінгі жолды шолып келді.

Күн бата жиналып, қалың топ үшке бөлініп Қарағанды жырадан өтеміз. Барлығын да сақ болындар. Бытырамай жинақы жүріндер,-дейді, Нұргали.

Ол бұрын да шекарадан неше рет ел өткізген адам еді. Жолдың сырын да, жердің ынғайын да жақсы білетін. Өзі құралайды көзіне тигізген мерген еді.

Шекара шолғыншылары да ішінде Нұргали бар деген топтан қорқатын.

Нұргали мерген азаматтарға алдағы жолдың ретін, жер жағдайын айтып ескертті.

-Егер әскер кездессе топтаңбандар, быттырап кетіндер. Жазыққа қашпандар- деп ескертті. Ендігі жүретін жолымыз жақын жер, тау-тас жоқ. Ағаш, бұта да жоқ. Жінішке жылғалар мен жыраларды паналайсындар,-деді.

-Алдымызда шекара жақын. Әрлі-берлі шекара шолғыншылары жиі жүріп тұрады,-дейді. Ол ендігі жер жағдайын түсіндіріп, жігіттерге жеке-жеке тапсырма берді.

Сол маңайда шекара отрядына қызмет етіп жүрген адамдар болған. Үш күн бойы үздіксіз жылжып, шығыс шекараға қарай бағыт алған көшті сыртынан бақылап, байқаған тыңшы дереу шекарадағы комендатураға хабарлайды. Ішінде Нұргали мергеннің де бар екенін ескерттіп айтады. Бұл мәліметті алған шекара комendantы қарулы отрядпен көштің алдын тосты. Бес атар мылтық және қол пулеметпен қарулаган үлкен отряд Қарағанды жыра деген жерге келіп бекінді. Олар түн қараңғылығында келіп бекініп, көштің алдын тосады.

Жазықта жанталасқан шайқас басталды. Қандай қынышылыққа болса да әзір, сақтақпен келе жатқан Нұргали бастаған жігіттер де көп қайрат көрсетті. Дегенмен бекінген отрядта күш басым. Қару да көп еді. Екі жақтан да адам шығыны көп болды. Қарттар мен әйелдер, балалар шығыны көбейді.

Өліспей беріспеуге бекінген Нұргали бастаған отыз жігіт шайқаса жүріп, отрядтың қоршауынан сытылып шығып, Карапшіліктің тұсындағы Түйекүйрық деген жерден көштің бір бөлігін арғы жаққа өткізіп әкетті.

Қысылшаң кез, қын күндердің құрбаны болған жазықсыз жандар қанға боялып қала берді. Әм-тұзы таусылып, жарығы сөнген адамдар ашық далада неше күндей шашылып жатты. Қанды оқиға болған жерге ешкім жақын бара алмады. Аңду күшті болды. Ол кезде заң қатал. Қытай еліне қашқан адамдармен байланысы бар деп өздерін заңға тартатын еді.

Жағдайды біліп қайтпақ оймен жақын ауылдардан барған адамдар оққа ұшып, жазықсыз мерт болады. Егізқара руынан жазықсыз тоғыз кісі оққа ұшады.

Қорқып сескенген балалар, үлкен адамдар үйдің төбесіне, кораның төбесіне шығып уақиға болған жаққа үрейлене қарап тұрады екен.

Бірде атыс болған жерден Сағат деген жас өспірім қыз табылады. Оны ауылдың үлкендері паналатады. Кейіннен ақнайман руынан шыққан Таңсықбай, Қали деген ағайынды адамдар Сағатты паналатып өсіреді. Сағат ержеткен соң, сол жердің бір адамына тұрмысқа шығады.

Арада көп күндер өткен соң, ауыл Советінің лұқсатымен елден азаматтар барып, каза болған адамдардың денесін жинастырады. Төрттен-бестен әр жерге жинап, таспен бастырып аруактардың жүзін жасырды. Толып жатқан тас төбешіктер күні бүгінге дейін көрініп жатады.

Шығанши ауылдан қол созым жерде қыршын кеткен жандар белгісі қара таспен көмкеріліп, сайрап жатыр. Бұл жерді халық «Ақнайман қырылған» деп атап кетіпті.

### Көкжотадағы тосқауыл

Қойтубек сайынан жазыққа шыққан соң, 500 үй Ақнайман көші Қабақши арқылы жүре отырып, Қарағанды жыраға түседі. Бұл – терең жыраның екі беткейі қалың қараған. Жыраның ішімен жүргенде атты кісі көрінбейді. Көш Қойтубектен шыққан соң, осы Қарағанды жыраға бет алады. Қарағанды жыраға жақындаған кезде, қарулы отрядтың тосқауылына кездеседі. Шекара отрядымен шайқасып, атыс-шабыстың кезінде жанталасып қорғана отырып, елдің жартысы шекарадан өтіп кетеді. Бірталай адам оққа ұшып, шығын болады.

Әлі таулы аймақтан шығып үлгермеген көштің артқы бөлігін азаматтар көрі қайтарып, Керегетас арқылы Қаройға қарай өрлең, көш жолымен Тарлаулыға жетеді. Осы жерде Шүмектен өтіп, Марқакөлді жағалай Бұғымуйіз, Көкжота арқылы шекарадан өтуді ойластырады. Тополевка (Теректі) өзеніне жақын бір терең сайда ат шалдырып, адамдарды тынықтырған еді.

Кондауров бастаған топ, көштің қалған бөлігін шекарадан өткізбей ұстаяға тапсырма алады. Екі күндей көштің ізіне түскен кондауровшылар оларды осы жерде ұстайды. Көштің қалған бөлігін ұстайды Успенка селосындағы болыстық жанында құрылған топқа тапсырылады. Ол топты Яков Кондауров басқарған еді. Я. Кондауровты халық қаныпезер жазалаушы, әпербақан военком деп атаған. Осы қаттыгез военком Шөптікел, Көкжота, Түйекүйрық деген шекараға жақын жерлерде 1930-1932 жылдары көп адамды қырғынға ұшыратқан.

Яков Кондауров Ақжайлау ауылнда туып-өсken. Кондауров әрі жалқау, әрі данғой, қаттыгез мінезді адам болған. Кондауров катардағы жауынгер ретінде Антон Диценко басқарған қызыл партизандар тобында болады. Бұл топта Кузьма Стародубцов, Иван Петрович Минаев сияқты адамдар болған. Военком Кондауровтың «Иван Грозный» атанип

кеткен көмекшісі И.П.Минаев еді. Кондауровтың революция идеясына «берілгендігі» сонша, мөлшерден артық мал ұстап, пролетариат мұратына нұксан келтіргені үшін, туган ағасын атып тастайды. Міне осындай военком тұтқындарға аяушылық жасай ма?

Көштегі адамдар енді артта қалған өз жұртына да жете алмады, шекарадан да өте алмай, осы жерде түгелдей тұтқынға түсті.

Ер азаматтар, ересектер бөлініп алынды. Оларды жаяулап таудағы Тополевка селосына айдал әкетеді. Арттагы кәрі-құрттан, бала-шаға жиын-терін болып, көштегі қалған топ біраз кешігіп қозгалады.

«Шытырман» жылғадағы бұл тар соқпақ тозаққа апаратын жол тәрізді болып шықты. Көш жарты шақырым жүрген соң, өліп жатқан адамның үстінен түсті. Оқтан өлген. Көштегілер «Әкетай-ау» деп шулады да қалды. Жиырма отыз адымнан кейін тағы осындай өлік, халық тағы у-шу. Эне бұта түбінде үшіншісі қансырап жатыр.

Тополевкаға жеткенге дейін талай адам осылай қаза тапқан. Ал көшті айдал жеткізген отрядты қарсы алған Кондауров жолдастарына қарап: Адаспайдындар ма? Мен сендер адаспасын деп жол бойы белгі қалдырып отырдым, - деп ыржия мәз болады.

Тополевкаға баратын сайдың ішіндегі төмпешік белгілерді уақыт тегістеп тастаған екен. Есіл азаматтарға бір белгі қойылып, оны «Қойтубек қоңыраулары» деп атаса!-деген пікірмен кортындылайды Менғали Мусин 1991 жылы Қойтубек және Тополевка аймағында болған сапарын.

(М.Мусин «Тұнекте тұншыққандар» 51-53б, Өскемен 1998ж).

Тополевкадан басқа жерде де Кондауровтың қаттыгездігінен жазықсыз жандар көп шығын болды. Қаба өзенінің басы «Тар» деген сайдан басталады. Осы «Тар» сайында 1932 жылы қатты шайқас болған. Бұл жерде Я.Кондауров, Бекімбетов сияқты военкомдар жазықсыз адамдарды қоршауға алып, сол жерде үлкен атыс болған. Қатты қырғын болып көп адам шығын болған.

«Оны көзімізben көрдік. Өлген адамдарды етектей-етектей тастармен бастыра салған. Жол бойындағы тау етегіндегі тастарды көтеріп қараса, астында адам сүйектері жатады. Біздің Марқа өнірі де көп зұлымдықты бастан кешірген еді»-деп әңгімесін жалғастырды Успенка ауылшының қарт тұрғыны 90 жастағы Сәкен Жайылмысов ата.

### Боздактар тағдыры

Күз айы. Қарашаның 18-і 1938 жыл еді. Алтайдың таулы өнірінде күз айында сирек болатын шуакты күн. Үй маңында төрт-бес бала жүгіріп ойнап жүр. Үйден жайрандап, күле сөйлеп шығып келе жатқан үш-төрт әйел.

- Қатира, шүйінші! Енді сенің кішкентай інің бар. Шешен ұл туды. Өзің үйге барсаншы. Кішкентай бөпені көре гой, - деп Қатираны ойнап жүрген балалардан бөліп, қолынан жетелеп үйге кіргізеді.

Кішкентай Қатира да куанып, жүгіріп жүр. Ертегі күні қандай боларын бұлдіршіндей сәби қайдан білсін.

Кешке тер алдына текемет, сырмак төселіп, ортаға дөңгелек дастарханды қойып, шам жағылды. Колхоз жұмысынан әкесі келді. Көршілер, ағайындар, шешесінің бауырлары келіп, «Куаныш қайырлы болсын», «Бала бақытты» болсын, десіп тілектерін жаудырып жатыр. Шай ішілді. Барлығы әңгімелесіп, сейлесіп шілдехана күрметіне біраз отырады.

Сармәнке (III-Пятилетка) колхозында Кеуkenov Сагидолданың от басында дүниеге келген сәбидің атын Кәдір болсын десті. Бірақ әкесі Сагидолда Кәдір деген ұлының жүзін де көре алмай алыс сапарға кетті. Қонақтар тамақтан соң үйді-үйіне тараї бастады. Дәл осы кезде үй сыртынан андыған жау бар екенін олар ойлаған жоқ.

Сол жылдарда шолақ белсенділердің бірін-бірі көрсетіп, халық жауы, шет елмен байланысы бар деп жала жауып ұстатьып, сottатып жіберуді әдетке айналдырған кезі еді. Сол шолақ белсенділер ауылдағы Жұбаева Қорлықа деген әйелді заставаға жібереді.

- Сармөнкенің азаматтары Қыттай еліне кеткелі жатыр. Дәл қазір барлығы Кеукенов Сағидолданың үйіне жиналып дайындалып жатыр, - деген хабарды жеткізеді.

Дереу заставадан Қызыл военкомдар Бекімбетов, Қарақұлов бастаған қарулы отряд келіп, таң атпай ауылдың 40 азаматы тұтқындалады.

Таң қаранғысында сырттан дабырлаған адамдар дауысы естіліп, есікті әлде біреулер үргылай бастайды. Не болғанын ұға алмай, үрпиген адамдар далаға шықса, әр үйдің алдында колдарына қару ұстаған әскери адамдар. Азаматтарды қолма-қол бірінен соң бірін ұстап, колдарын байлап, даярлап қойған 10 арбаға отырғызып алыш кетеді. Ұсталған 40 азаматты Руль қаласына апарып тергеу жүргізеді.

Тұтқындалғандар: Айкенов Қабдош, Нұрсейітов, Ибрағимов, Сейпішов Айтқажы, Сейпішов Сейітжапар, Сейпішов Сейтнұрхан, Кеукенов Сағидолда, Кәбекбай, Нұғыман, Кәмәли т.б.

Ол азаматтар елден кеткен соң, көп уақыт хабарсыз болады. Бірде Сейпілов Айтқажыдан әпекесі Рақияға хат келеді. Бұл хаттан ел тұтқындалған азаматтардың Сібірге айдалғанын біледі. Рақия бауырынан келген хатты тінту кезінде алыш кетпесін деп, жастық жүнінің арасына жасырады.

40 кісіні Сібірге Свердловский облыс Тюменский районға апарады. Сол жерде ағаш дайында, өзеннен сал ағызы сияқты ауыр жұмысқа салады. Көп адам аштан, ауырудан өледі. Кеукенов Сағидолда 1943 жылы қайтыс болады. Ағаш дайындау жұмысында жүргендеге құлаған ағаш басып қалады. Сейпішов Сейтнұрхан аштан өледі. Эбден аштықтан әлсіреген кезде, жылқыға беретін сұлыдан шикідей жейді. Сулы асқазанын тесіп ауырып, ақыры көп үзамай қайтыс болады.

Сол 1938 жылдың 18 октябрі күні жолаушы кеткен екі азамат ауылда болмай қалады. Ертеңіне үйлеріне келе жатса, жолдан бір адам кездеседі.

- Сендер Сармөнкеге бармандар. Ауылдағы азаматтарды түгел тұтқындаپ Ролге алыш кетті. Ауылға барсандар сендер де ұсталасындар,-дейді. Бұл келе жатқан адамдар Уалитов Жұсіпбек пен Көпесбаев Қыдырхан деген 24-25 жастағы жас жігіттер екен.

Екеуі ауылда болған жағдайдың мән-жайын түсініп, сол қалпында ауылға кірмей иен таумен, жолсыз жерлермен жүріп отырып, Өскемен қаласына келеді. Одан ары поездға отырып, Балқаш қаласында тұратын Қыдырханның ағасы Көпесбаев Туркстанды паналайды. Сол жақта жүріп, Копесбаев Қыдырхан темір жол техникумына түсіп, білімін жалғастырады. Көпесбаев Қыдырхан еліне 1943 жылы оралады. Уалитов Жұсіпбек 1950 жылдары елге оралып, көп жыл мұғалімдік қызметте болады.

Ал Сібірге Тюменге айдалған азаматтар 1957 жылы акталады. Әр отбасындағы ең кіші балаға асыраушысының құны ретінде ақшадай бір реттік көмек төленді. Марқакөл аудандық соты Сатыпалдин Жолдасбек келіп колхоздың клуб үйінде ауыл адамдарына жиналыс өткізді. Айдаудан оралмай кеткен азаматтардың құны ретінде 1938-1957 жыл аралығындағы 20 жылға орта есеппен жылдық табысы төленді. Айдаудан елге аман оралғандарға үш жылдық еңбек ақысы мөлшерінде төлем берілді.

(Сармөнке тұрғындарының естеліктерінен.)

### Тағдыр тауқыметі

1932 жылы ашаршылық кезі. Марқакөл ауданы Бала-Қалжыр бойындағы шағын ауыл Бақай деген жерден Қабдолда деген адам 5-6 жасар баласын Мәуілханды қасына ертіп жаяу жолға шығады. Мақсаты Тақыр ауылындағы ағайындарына жету еді. Жолда Арғынбайдагы қыстауға келіп біраз тынығады. Қыстау елсіз, иен екен. Эбден шаршап, әлсіреген Қабдолда баласына:

- Мәуілхан, сен осы жолдың сүрлеуінен айырылмай жүре бер. Жолыңнан не бір жолаушы, не мал жайған малшы кездесер. Мен жүре алатын емесін. Маган қарайлама,-деп баланың қалтасына бір уыс кепкен құрт салып береді де баланы қоя береді.

Арғынбай мен Байшуактың аралығында жазықта келе жатқан балаға жолдан Игісінов Сейтқамза деген адам кез болады. Баланы үйіне әкеліп паналатады. Баланы іздел-сұрап келген ешкім болмайды. Сейтқамза Мәуілханды Зайсан қаласындағы «Балалар үйіне» апарып тапсырады.

Аз күн болса да әке-шешесінен айрылғаннан бері Сейтқамза ағасына бауыр басып, үйір болып қалған Мәуілхан айырылғысы келмейді. Жүгіріп келіп Сейтқамзаны құшақтап айырылмай жылайды. Соңда Сейтқамза ағасы:

- Қал! Енді маган жылама,-деп кеудемнен итеріп тастап кеткені әлі есімде,-дейді Мәуілхан мұңайып, сол бір лажсыз тағдарын еске алып.

Сол балалар үйінде жүрген кезде Тұрабаева Құлшебай деген әйел Мәуілханды балалар үйінен өз тәрбиесіне алып, асырап өсіреді. Сол күннен бастап Пұшпақов Мәуілхан болып фамилиясы да өзгереді. Құлшебайдың Бекен деген ұлы болған. Сонымен Пұшпақов Мәуілхан, Пұшпақов Бекен ағалы-іні болып, мектепте бірге оқып, бірге ержетеді.

Зайсан районы Мичурин ауылында тұрады. Совхозда кейде малшы, жүргізуши болып жұмыс істейді. Отбасын құрап, Ғазиза деген қызға үйленеді. Аманкелді деген ұлы, екі қызы болады. Мәуілхан қара торы, сұнғақ бойлы, ашық мінезді азамат екен.

1970 жылдары Мәуілхан ауырып, Зайсан ауруханасында тексеріліп жүріп, Марқакөлдін Қалжыр ауылының азаматы Файзрахманов Файзолдаға кездеседі.

Әңгімелесіп отырып өзінің өмірін, басынан кешкен тағдырын, тарихын айтады.

- Ендігі бір арманым, өзімнің сүйегім қай ел соны білгім келеді. Әкемнің аты Қабдолда еді. Шешем Мария ма, әлде Жамария ма ұмыттып қалдым. Бір көзінің кемтарлығы бар, қара шыбар кісі еді,-дейді Мәуілхан.

-Ауылға барған соң ұлken адамдардан сұрастырып көрейін. Жақын туыстарын табылса, сәлемінді жеткіземін,-дейді Файзолда.

-Шүйіншім даяр. Бір қара жорға атым бар соны сізге сыйлаймын,-дейді Мәуілхан.

Файзолда ауылға келген соң ұлкендерден Тамтықов Тұрақбай аксақалдан сұрастырып отырса, Сәдуақас ағаның бәйбішесі Күлзига:-Ол Қабдолданың жалғыз баласы гой. Ашаршылық жылдары Арғынбайдың жазығында жоғалып кеткен, неше күн іздел табылмаған. Әлде қасқыр жеп койды ма, әлде бұта-қарағанның арасында өліп қалды ма? - деп түніліп қойған еді.

«Қабдолданың туған қарындасы Ұмыттық. Сол кісіге барып, бауырының бар екенін, тірі екенін айтып қуантайық» -дейді ұлкендер.

Омаров Қабдолда аксақал 1966-67 жылға дейін Қалжыр ауылында тұрған еді. Құләш деген жалғыз қызы болған. Кейінгі 1970 жылдарда ол кісі қайтыс болған.

Ұмыттық апай бауырының тірі, бар екенін естіген соң, Мичурин ауылына хат жазып хабарласады. Артынан Құләштің жолдасы, Ұлыбай мен Ұмыттық Мәуілханды іздел Зайсан районы Мичурин ауылына барады. Бауыры Мәуілханмен қауышады. Келіні Ғазизаны, Мәуілханның ұлы Амантай бауырын көреді.

Бірақ екінішке қарай Ұмыттық алайы іздел келген кезде Мәуілхан қатты сырқат екен. «Бәрі де кеш. Ендігі кездескенімізден не пайда» деп Мәуілхан ренжіп, кейіген екен.

Мәуілхан сол сырқатынан айықпай, 1979 жылы қайтыс болады. Мәуілханның көзі тірісінде біле алмай кеткен ата тегін келтірейік. Кожанбет→Айт→Шағыр→Қазыбай (Ақкозы)→Орынбай→Жарылғасым→Омар→Қабдолда →Мәуілхан→Амантай.

### Нұрсoltan ақын «Сағыныш сазы»

Жобалайұлы Нұрсoltan ақын Сырымбет ішінде Топай деген атадан шыққан. Кешубайдың ұлы. Жақсылық бидін туысы.

Осы елде Совет үкіметі орнаған кезде жас ақын Нұрсoltанды байдың тұқымы, ағасы би болған деп қудалап, Сібірге айдалады. Нұрсoltan Жобалайұлы 1937 жылы Батпақбұлак өндірісінде жұмыс істеп жүрген жерде ұсталып, Зайсан тұрмесіне жабылады. Одан Қыыр Шығыска Хабаровскіге айдалады. Осы сұрапыл сұрқай өлкеде он жыл азапты күндерді бастан кешіріп, 1947 жылы елге оралады.

Құла дүз, шалғай өлкө Сібірде тоғыз жылдай жүріп, елден хат хабар ала алмайды.  
Ақын осы ауыр күндер қыншылығын өзінің «Сағыныш сазы» деген өлеңімен жеткізеді.

Алыста ерте қалған елге сәлем,  
Кір жуып, кіндік кескен жерге сәлем.  
Жасымнан асыр салған сауық-сайран,  
Сарытау, Қоңыржайлар белге сәлем.  
Шулаған жазғытұрым қаз бен үйрек,  
Жап-жалтыр Марқа, Зайсан көлге сәлем.  
Қарағаш, Қарақойтас, Тасқорадан  
Жып-жылы аса соққан желге сәлем.  
Өндіріс – ел анасы, жер баласы,  
Алқабек, Батпақбұлақ кенге сәлем.  
Соққанда, балғанменен тау құлатар  
Еңбекшіл, өркөкірек ерге сәлем.  
Өскемен, Зайсан, Семей қалаларға,  
Ұлы аға, кіші іні балаларға,  
Зар болған екі көзім бір көрерге,  
Сарыарқа, Сайқан жазық далаларға.  
Және сәлем ауылға  
Батырхан, Қабыл бауырға.  
Баламын құстай адасып,  
Қатты соққан дауылда.  
Сағындым туған елімді,  
Туып өсken жерімді.  
Үйрек пен қаз шулаған,  
Марқа мен Зайсан көлімді.  
Алтайға көшіп шыққанда,  
Қоңырлап соққан желімді.  
Сағындым сені, Алтай тау,  
Ағашың сая бие-бау,

Көбірек еске түседі,  
Болмаған соң денің сау.  
Бұлдіргені ұқсар шекерге,  
Жазған хат елге жетер ме.  
Қарақат пен тошала  
Ауыздан дәмі кетер ме.  
Сәлем жаздым бәріне,  
Сырымбеттің баласы.  
Колхоз болып отырған,  
Қалжырдың екі жағасы.  
Елді ойласам ұлгаяр,  
Көкіректің жарасы.  
Айырмасы жоқ екен,  
Ел менен жердің арасы.  
Білмеген екем жастықпен  
Білінді жаңа бағасы.  
Бір неше мың шақырым жерді кездім,  
Өзім естіп, білмеген елді кездім.  
Бұйра толқын, тұзды су ішіп болмас,  
Таудан ұлкен көшпелі сенді көрдім.  
Көңліме ешбір нәрсе ұнамайды,  
Еш адам сен кімсің, деп сұрамайды.  
Бұл жерде қазам жетіп, өле қалсам,  
Еш адам, бауырым, деп жыламайды.  
Белгілі оқығанға қалам, хатым,  
Сырымбет, төрт Қожамбет арғы затым.  
Қол қойдым, оқығандар білу үшін,  
Баласы Жобалайдың, Солтан атым.

## МАРҚАҚӨЛ ҚОРЫҒЫ

«Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы» Шығыс Қазақстан Облысының Марқакөл ауданының териториясында, Алтай өніріндегі бірегей көл Марқаны қоршаған ландшафты қорғау мақсатында құрылады.

«Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығы» ҚазССР министрлер кеңесінің 1976 жылы 4 тамыздағы №365 қаулысына сәйкес, Оңтүстік Алтай табиғи кешенін зерттеу мақсатында ұйымдастырылды.

Корықтың көлемі 75048 га жерді, Күршім жотасы мен Азутау жотасының солтүстік баурайын алып жатыр. Корық Оңтүстік Алтай жерінде орналасқан.

Марқакөл өнірінің ғажап табиғаты «Табиғи қорық» болуға қолайлы аймақ еді. Алтай өнірінің сан-алуан байлығын бойына жинаған жер. Өсімдік түрлері, жан-жануардың сан алуандығы таң қалдыратын өлке. Арынды өзендер, күміс сулы бұлактар, күмістей таза көл де осы өнірде.

1976 жылы осы өнірге арнайы комиссия, ғалымдар тобы келіп, зерттеу-барлау жұмыстарын жүргізді. Корық орналасатын територия бөлініп, белгіленді.

Лесхоздар (Орман шаруашылығы) мен кеншарлар өздеріне берілген мемлекеттік жоспар барлығын айттып, шабындық және орманды аймақтарды бөлуде келіспеушілік көп болған.

Марқакөл мемлекеттік қорығын жасауға 78000 га жер қажет болды. Оның 5500 га жері бұрынғы шабындық жер, 2039 га жайылымдық жер еді. 21459 га жер орманды алқаптан бөлінді. Бұл бөлінген територия табиғат қорығына тарлық етті.

Корық орналасқан Онтүстік Алтай жері, Онтүстік Сібірдің таулы-тайгалы онтүстік-батыс шеті болып табылады.

1997 жылы Марқа көлінің аумағы түгелдей қорық иелігіне кіргізілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 11 желтоқсандағы қаулысына сәйкес, Күршім тау жотасының онтүстігі, Қалжыр өзенінің аңғары қосылды. Бүгінгі қорықтың аумағы 102979 га жерді алып жатыр.

Корықтың орталық үй-жайы Урунхайка елді мекеніне орналасқан. Қорық аймағында табиғат мұражайы (музей) ашылды. Мұнда ғалымдар ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Ғылыми лаборатория осы өнірдің жануарлар дүниесі, өсімдік түрлерін зерттеуде. Марқакөл қорығы құрылғаннан бері 30 жыл ішінде табиғатты қорғау мен зерттеу негізінде елеулі жұмыстар жүргізілді. Көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді. Марқа қорығы құрылғалы 140-тан астам ғылыми еңбектер жазылған.

Табиғи қорықтың алғашқы директоры В.И. Стухалов болған. Кейіннен Марқакөл қорығының басшысы Есен Аубакиров. Қорықта ғылыми жұмыс істейтін әріптестері ихтиолог Наталия Кашкута, гидробиолог Николай Горковенко т.б. қорық қызметкерлерінің еңбектері зор. Қорық қызметкерлері С.М.Оленин, Б.И. Изгалиев, Н.С.Лозовой, О.Амуртаев сияқты азаматтар қорық шаруашылығында көп жылдар еңбек етіп келеді.

(Облыстық мұрағат материалдарынан).

1976 жылы «Марқакөл мемлекеттік табиғи қорығын» құру туралы мәселені тікелей ұйымдастырып, кезек күттірмейтін маңызды мәселе ретінде күн тәртібіне қойғызып, басшылық еткен қадірлі ағамыз Төлеухан Қоғабаев еді. Т.Қоғабаев сол кезде Облыстық ауылшаруашылық бөлім бастығы қызметін атқарған.

Бұл жөнінде Т.Қоғабаев өзінің «Әмірлік досым Әмірғазы» деген естелігінде былай деп жазады:

«Әмірлік досым Әмірғазымен 1946 жылы армиялық әмірде танысқан едім. Жалғызтобеден келген азамат екен. Сол кезден бастап 58 жыл бойы Әмірғазымен достық катынасымыз үзілген жоқ.

Әмірғазы Жұмадилов кейіннен Қазақ ССР Министрлер Советіне қарасты «Ан шаруашылығы басқармасының» бастығы болып қызмет атқарды.

Дала жануарларын қорғап, олардың өсіп-өнуіне табиғи және биотехникалық жағдай түзүзудың көп салалы міндеттеріне Әбілғазы басшылық етті.

Басқарманың бір ерекшелігі жануарлар көп топтасқан аймактар мен су көздеріне мемлекеттік қорық атағын беріп, тиісті қаражат бөлөтін ғылыми-шаруашылық негізінде жұмыс жүргізеді.

Осы негізде мен Әмірғазыға біздін Марқакөлде мемлекеттік қорық жасау ұсынысын қойдым. Бұл кезек күттірмейтін іс екендігін ескертім. Ол өзінің орнитологтарымен кеңесіп ұсынысымды қабылдады.

Әбілғазы енді облыстық атқару комитетінен келісім хат керегін және өзі іс сапармен жуықта Өскеменге келетінің айтты. Мен бұл мәселені облаткоммен (Қойшыбаев, Изачик) алдын-ала келісіп қойдым. Әмірғазы келген соң Изачик үшеуіміз Протозановқа кіріп, келісімін алып, керек құжаттарды жасадық. Көп кешікпей сонынан Министрлер Советінің қаулысымен «Марқакөл мемлекеттік қорығы» құрылды.

Міне, әмірлік асыл досым Әмірғазының көмегімен, қолдау көрсетуі арқасында «Марқакөл мемлекеттік қорығы» өмірге келді. Ол Марқа өнірінің бай табиғатын, өсімдігі мен жануарлар дүниесін қорғауда істелген үлкен игілікті іс болды,» - деп жазады Төлеухан Қоғабаев өзінің «Жақсыдан шарапат» деген кітабында.

(«Жақсыдан шарапат», Өскемен қаласы, 2005 жыл 64 бет).

Марқакөл қорығы тәрт табиғи аймаққа бөлініп, алты табиғи белдеуді қамтиды.

Шалғынды даңа белдеуі	1450-1500м биіктікте
Таулы тайга белдеуі	1600-1900м биіктікте
Тундралы субальпі белдеуі	1900-2000м биіктікте
Таулы тундра белдеуі	2000-2800м биіктікте
Таулы нивальді белдеуі	3000-3500м биіктікте.

Бұл табиғи белдеулердегі жануарлар мен өсімдіктерді есепке алу бағытында ғылыми жұмыстар жүргізілуде. Алтайдың Субальпі мен Альпі белдеулері шабындыққа бай. Қорық аумағында өсімдіктердің алуан түрі кездеседі. Марқа өнірі тылсым дүниеге толы. Табиғат сыры терен аймақ. Бұл өнір – табиғат құндылықтарына да аса бай.

Қорық аумағында жануарлардың 325 түрі бар. Сүт қоректілердің 58 түрі кездеседі. Тұқытты жануралардан марал, бұлан, елік, сібір ешкісі, арқар, тау теке т.б. Бұлан – марал тұқымдастардың ішіндегі ең ірі жануар. Салмағы 30 пүттей болады. Марқа өнірінде бұландар әзір аз. Бұлан – адамға сирек көрінетін ан. Өте сезімтал, әрі шапшан жануар.

Жыртқыш аңдардан қоңыр аю, қасқыр, тұлқі, сілеусін, құны, бұлғын, ақкіс, күзен, сары күзен, су күзені, сасық күзен, құндыз кездеседі.

Алтай ормандарының ең ірі аны – қоңыр аю. Соңғы кездерде аю көп ауланды. Мылтық сияқты алыстан тиетін құралдармен ауланғандықтан аю азайып кетті. Алтай өнірінде қазір қоңыр аю сирек кездесетін, аң ретінде, қорғауға алынып отыр. Аюды аулауға, атуға қатаң тыйым салынған.

Көптеген шет елдерде аюды тек (зоопарктарден) хайуанаттар парктарінен ғана көреді. Европа елдерінде ең соңғы аю 1730 жылы Шотландияда аулап өлтірілген.

Тиіндер отрядынан – алтай тиіні, сұр суыр, борша тышқан.

Анда-санда барыс пайда болады.

Марқакөл қорығында құстар фаунасы алуан түрлі 258 құстың түрлері барлығы белгіленеді.

Айдарлы сұнгуір	Сусылдақ үйрек	Сұр үйрек	Сарыайдар үйрек	Сұксыр	Қасқалдақ	Қоңыр қаз	Құр
-----------------	----------------	-----------	-----------------	--------	-----------	-----------	-----

Тырна	Тауқұдірет	Шымшық	Жағалтай	Құралай	Бұлбұл	Көк шағала	Сандуғаш
-------	------------	--------	----------	---------	--------	------------	----------

Үкі	Бұркіт	Қаршыға	Қырги	Күйкентай	Ұлар	Тау қыраны	Шіл
-----	--------	---------	-------	-----------	------	------------	-----

Қызыл кітапқа кірген сирек кездесетін құстардың 19 түрі бар: қара дегелек, сұр тырна, үкі, су бұркіті, Алтай ұлары, т.б.

Ұлар - биік тау шындарын мекендейтін ірі құс. Ұлардың еті өте дәмді, әрі емдік қасиеті жоғары. Көл маңында қара көккүтандар кездеседі. Қара көккүтандар Азутауын мекендейді.

1876 жылы белгілі неміс зоологі А.Берм, Отто Финш Алтай, Марқакөл өнірінде үш жыл болып, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізген. Марқа өнірінде кездесетін құстардың 34 түрін анықтаған. Ұлар, көккүтан, тау қыраны, Сібір қараторғайы, құрқылтай (торгайдың салмағы 4 грамм).

1882 ж Марқакөл өніріне М.А.Никольскийдің басқаруымен орыс экспедициясы келген. Никольскийдің «Алтай тауларына саяхат» деген кітабы шықкан. Сол кітабында Алтай тауларында құстардың алуан түрлері кездеседі деп жазған.

1904 жылы Г.И.Поляков Марқакөл, Зайсан көлдеріне жан-жақты зерттеу жүргізген. Г.И.Поляков Марқакөлде ғана кездесетін көк шағаланы анықтаған.

1914 жылы белгілі географ, көрнекті ғалым А.Н.Седельниковтың экспедициясы Марқакөл аймағына келеді. Марқакөл өнірінде кездесетін құстардың коллекциясын жинап, жүзден артық құстардың түрлерін анықтайды. Осы құстар коллекциясын сактау үшін Омск мұражайына тапсырады. Бұл коллекцияны профессор П.П.Сушкин қайта өндеп «Советтік Алтайдың құстары» деген ғылыми еңбекін жариялады.

(Шығыс Қазақстан Облыстық мұрағат материалдары).

Марқа көлі тау өзендері мен бұлактардың сұымен толығады. Марқакөлге 95 өзендер мен бұлактар құяды. Немесе бұлактар ірі өзендерге қосылып, өзендер көлге құяды. Көлге 5 ірі өзен, 10 кішірек өзендер құяды. Көлден бір ғана Қалжыр өзені ағып шығады.

Көлге Матабай өзені құяды. Ол Матабай биігінен Қоңыр жайлаудан басталады.

Қарағайлы бұлак өзені, Балықтыбұлақ өзені екеуі де көлге құяды.

Теректі (Тополевка) көлге құятын үлкен өзен. Өзен балыққа бай, бойында құстар ерекше көп болады. Теректінін бойына акқу ұя салады деген аныз бар.

Жиренбайтал (Жиренка) өзені де көлге құяды. Өзен мол сулы, атты кісіге өткел бермейді.

Тынық өзен (Тикушка) көлге қосылады. Ең үлкен өзен Төркуыс, Керегетастан басталады. Өзен балыққа бай. Уранхай өзені Шөптікөлден басталып, көлге құяды. Бұл өзендердің бәрі де қар сұымен, жаңбыр сұымен толығып отырады.

Марқакөл өте балықты көл болған. Көлде балықтың 6 түрі кездеседі. Көлге құятын өзеншелер мен бұлактардан балықтың көптігінен ат үркіп суға түспейді екен, атпен өтуге болмайтын. Кигіздей қалың балыктар ат тұяғымен басылып жататын.

Алғаш 1888 жылы 675 балықшы жұмыс істеген. Алыс жерлерден Бийск, Барнаулдан балық аулауға адамдар келген. Көлден салмағы 19 кг, 12 кг ірі майлы балықтар ауланған. Қазір мұндай ірі балықтар азайып кеткен. Хариус, ускуч (ұшқыш) балықтары тек Марқакөлде ғана кездеседі. Майқап (ускуч), Сібір хариусы бұлар тек Марқакөлге ғана тән. Басқа еш жерде кездеспейді. Қазір көлде баҳтах, майқап, хариус, тальма, тарак балық (гольян) кездеседі. Кергек балығы көлде соңғы кезде кездейсөк пайда болған.

Жоспарсыз балық аулау, балық өндірушілердің салғыртығынан, көлдегі балық азайған. Бақылау болмағандықтан балықты жоспарсыз аулап, есепсіз қырып-жоя бастаған. Көлге құятын бұлактарды әр жерінен бөгеп, сусыз арнадағы камалған балықты күрекпен машинаға тиеп әкететін болған. Құрғак арнада мындаған балық шіріп, құрап қала берген.

Көктемде икра (уылдырық) жинайтын кезде (сезон) машинамен, вертолетпен келген адамдар тірі балықтың икрасын ғана сығып алғып, өлген балықтарды үйіп-үйіп қалтырып отырған. Қанша балық пайдасыз шіріп, қажетке жарамай қала берген.

Бірде осындағы браконерлерге рыбнадзор кездесіп қалады. Рыбинспекторлар барлық балық, икра ұрлаушыларды бақылап үлгере алмаған. Және браконерлер карумен келетін болған. Максименко Кирил деген рыбинспекторды қарулы Курчум браконерлері атып өлтіре жаздаған. Осы кезде бағына қарай бір атты адам көрінеді. «Жақын келме!»-деп айғайлаған инспектор, - Қазір сені де, мені де атып кетеді. Тез өз адамдарынды шақыр»-дейді.

(Валерий Михайлов, «Марқакөл», Алма-Ата, 1983).

Марқакөл аймағы өсімдік дүниесі мен жануарларға өте бай болған.

Жануарлардың – 160 түрі белгілі.

Орман ағашының -19 түрі болған.

Жәндіктердің -200 түрі бар.

Құстардың – 232 түрі болған.

Қорық ормандарында қарағай, бал қарағай, самырсын, Сібір самырсыны, шырша өседі. Таулардың солтүстік беткейлерінде май қарағай өседі. Жемісті бұталардан қарақат, қызылхат, таңқұрай, аю қарақат, көкбояу (барбариқа) сияқты жемістер көп өседі.

Марқакөл аймағының жануарлар дүниесін, өсімдіктер әлемін табигатын зерттеу XVIII-XIX ғасырлардан басталған. Марқа өнірінін фаунасы мен флорасын зерттеу мақсатында А.Н. Седельников, Н.И. Яблонский, В.В. Сапожников сияқты ғалымдар Онтүстік Алтайда зерттеу ғылыми жұмыстарын жүргізіп, құнды ғылыми еңбектер қалдырыған.

1863 ж Зайсан көлі, Қара Ертіс аймағына және Марқакөлге Карл Струве мен Григорий Потанин келген. Ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Орыстың әйгілі географы Семенов-Тянь-Шанский Алтай тауларына саяхаттары кезінде Марқакөлде болған. Қарақат, аю қарақат, қызылхат жемістерін көріп, (Географ выделил эту смародину из других, назвал ее «Марқакольской» красной смародины) қазақша қызылхат деп аталатын жеміс.

Алтай өніріндегі есімдіктердің 1000 дай түрі, ағаштың 12 түрі, бұтаның 22 түрі кездеседі. Марқақөл аймағы ежелден дәрілік есімдіктердің алуан түрлігімен аты шыққан өнір. Қызыл тамыр, марал тамыры (рапонтикум), алтын тамыр, Алтай рауғашы, шайқұрай, ошаған, бадан, сиыр сілекей, киік оты т.б.

Субальпі белдеулері алғын шалғындарына бай. Онда мақсыр, тынтағы, қалуен, енлікгүл, бүйра лалагүл, Сібір қандығы, қастамақ, қияқкөлең, шегіргүл т.б. ғұлдердің түрлері еседі.

Мұнда Қазақстан Қызыл кітабына кіретін сирек кездесетін есімдіктердің 15 түрі кездеседі. Таушымылдық, қар дәуаяғы, ала күлте, қызғылт семізат.

Корық-Алтай табиғатының жаңы.

Бұғанде Оңтүстік Алтайдың әсем табиғаты, өсімдігі мен жануарлар дүниесі, өзендері мен көлдері Қазақстан Республикасы тарапынан қорғауға алынып отыр. Осындағы мақсатпен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылы 17 шілдедегі қаулысымен «Қатонқарағай Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» құрылды. Аумағы 643477 га жерді алып жатыр.

Парктің барлық аймағы табиғи және мәдени құнды объектілерге залал келтірмеу жағы ойластырылып, айрықша қорғауға алынған.

Батыс Алтай өнірінде 1992 жылы 3 шілдеде «Батыс Алтай қорығы» құрылды. Көлемі 56078 га. Ол Шығыс Қазақстан облысының солтүстік шығыс аймағында Риддер және Зырян екі әкімшілік аудан жерінде орналасқан. Қорық Қара Уба және Ақ Уба, Тұрғысын өзендері аңғарына орналасқан. Қорық аумағында жануарлар әлемі алуан түрлі. Өсімдік дүниесіне өте бай.

## МАРҚАҚӨЛ

Алтайдың ақ бас шыңды нақ төрінде,  
Қабаның қарағайлы бектерінде,  
Марқақөл жарқырайды шар айнадай,  
Ақ төсі шағылысып көкте күнге.  
Айнала жасыл таумен көмкеріліп,  
Сұлу көл жатыр шалқып, кең керіліп,  
Қалқиды су бетінде казбауыр бұлт,  
Түскендей аспан жерге төңкеріліп.  
Кергенде көркемдігі ынтық қылған,  
Толықсып бусанды тыңсып бұл маң.  
Ақ қайың, көк қарағай, боз тал, терек,  
Ну орман көл жағалай сыңсып тұрған.  
Бөккен құт Марқақөлдің төнірегі,  
Бұл неткен жомарт, дарқан өнір еді.  
Егер де түсіп кетсе шалғынына,  
Жылқының жоны ғана көрінеді.  
Қырында адамдары, ой баптаған,  
Құзында арқар, марал ойнақтаған.  
Қойнында алуан түрлі кеннің қоры,  
Осындағы жер бар ма деп ойлап қалам.  
Ешбір жер осы жерден артылмаған,  
Таулары өзенінен ән тыңдаған.  
Басында әр талының бұлбұл сайрап,  
Бүркіті аспанында шаңқылдаған.

Әубәкір Дастанұлы.

Бұл шумактарда ақын Әубәкір Дастанұлы Марқа келбетін, оның тамаша табиғатын өлең өрнегімен, сез құдіретімен тамылжыта суреттеп, бейнелеп отыр.

Ал біз Марқакөлдің шынайы болмыс бітіміне біраз тоқтала кетейік.  
Марқакөл теніз деңгейінен 1500м биіктікте орналасқан қазан шұңқырлы терең көл.  
Марқакөлдің ұзындығы – 38 км.  
Көлдің ені – 19 км.  
Көлдің көлемі – 455 км<sup>2</sup>.  
Терендігі – 14 м.  
Аса терең жері – 30 м.  
Көл суының көлемі – 6370 миллион метр куб.

Көл қар, жаңбыр суларымен толығып отырады. Және тау қойнауынан агатын өзендер мен бұлак сулары түгел Марқаға құяды. Көлден бір гана өзен Қалжыр өзені ағып шығады. Өзеннің көлден ағып шығатын жері Шумек деп аталады. Шумектің орналасуы да ғажап. Көлдің осы тұсын көкшіл гранит таспен табиғат өзі көмкерген екен. Гранитті жағалаудың биіктігі 7 м кей жерлерде 10 метрден асады. Осы көк граниттің арасынан жол тапқан су етекке қарай ағып, Қалжыр өзені басталады. Шумектің ені 10 метр, ұзындығы 20 метр көк граниттің тастың шетінен су етекке қарай лықсып, баяу төгіліп отырады.

«1974 жылы жазда қатты құрғақшылық болған. Көл суының деңгейі төмендей, Қалжыр өзенінің суы да қалыпты жағдайдан азайған. Суармалы егістік аймақтарда су жетіспеген.

Аудан және кеншар шаруашылық басшылары кеңесіп, өзеннің көлден шығатын сағасын терендеп, өзеннің суын молайтуды ойластырган. Екі бульдозер, бірнеше механизаторлар Шумекке жіберіледі.

Марқакөл лесхозының директоры А.А.Чириков орман алқабын аралап келе жатқан екен. Көлдің ернеуін қопарып жатқан бульдозерді көріп шошып кетеді.

Жұмысшыларға келіп:

- Не істеп жатырсындар? Көл суы төмен құласа, оны ешкім тоқтата алмайды. Бұқіл егістік, шабындық жерлер, мал фермалары, ауылдар мен селолар су тасқынының, лай көшкіннің астында қалады. Және Марқа көлі де біржолата жоғалады, -дейді.

- Біз ешнэрсе білмейміз. Партия тапсырған жұмысты орындауымыз керек,-дейді механизаторлар. А.А.Чириков дереу Алматыға телефон шалып, жұмысты тоқтатуға бұйрық алады».

(В.Михайлов «Марқакөл» Алматы, 1983)

Көлдің пайда болуы туралы ел аузында аныз-әнгіме көп. Алтай жерінде Көжебай деген бай адам болған. Ол жайлаудан көшерде малшыларына, қозы бағатын Нұржан деген жігітке:

- Қозыларды түгелдей бұлақ суына тоғытып алындар, -дейді.

Тоғытылған малды түгендерген кезде, екі қозы кем болып шығады. Екі қозы да батпаққа батып қалған екен. Қозыларды батпақтан суырып алғанда, судың көзі ашылады. Жер асты мөп-мөлдір суы сарқырай жөнеліпті. Содан көл пайда болып, Марқакөл атанипты»,-дейді.

Екінші бір аныз «Марқа қозының еті піскенше, жігіт өзінің Балжыңгер деген жүйрік атымен көлді айланып шауып келетін болса, сол елдегі ең сұлу қызды алады. Егер марқа қозының еті піскенше, көлді айналып келуге үлгермесе, қызы бұл жігітке ұзатылмайды»- деген аныз. Екі анызға да марқа қозы атауы негіз болған көрінеді.

Осындай аныздың бірі Нілібаев Әубекір Дастанұлының «Марқа» поэмасы. Поэмадан үзінді келтірейік:

### «Марқа»

Жас батыр Байқұл шыққан қарашадан,  
Ол аулақ жастық желік, тамашадан.  
Сабырлы, сұнғақ бойлы, сом тұлғалы,  
Көркіне көнілі тояр қараса адам.  
Еліне жастай жақты ісіменен,

Жалшылар «бізді бастар кісі» деген.  
Аталды осы өлкеде бас балуан,  
Жұлде алып талай топқа түсіп ерен.  
Асан бай жас батырдан қаймығатын,  
Залым ол тез анғарып, жайды ұзатын.

Іштей шалып жығам деп қайтсем мұны,  
 Қаны қайнап, күпия қайғыратын.  
 Сол елде біреу бопты Мұса деген,  
 Балаға зар, шерлі боп құсаменен,  
 Жұргенде, перзент көріп қырық жаста,  
 Жүректен қуаныш боп ұшады өлең.  
 Қызығым болса еken деп, ерте жетіп,  
 Мұса да тұрады еken еркелетіп,  
 «Марқа емген ана сүтін жалғызы»-деп,  
 Баласын айтады еken еркелетіп.  
 Осылай Марқа атанған әлгі бала,  
 Үй-іші қуанышқа толды жаңа.  
 Сезімтал, әдепті де инабатты,  
 Марқа өсіп, қатарынан болды дара.  
 Ай маңдай, ақку мойын, алма бетті,  
 Қай шебер бұл суретті салған епті.  
 Сүмбіл шаш тілерсектен, қарақат көз,  
 Бозбала қолы жетпей арман етті.  
 Сұнғак бой өзіне әсем көрік берген,  
 Жан емес желпен қағып желікке, ерген.  
 Сейлесе сөзге шешен, ойға терең,  
 Мұқалмас ер мінезін серік көрген.  
 Байлыққа, кедейлікке қарамастан,  
 Бірге өсті Марқа, Байқұл бала жастан.  
 Бай-баймен, кедей біткен өзді-өзінше,  
 Мал-жаны көрші ауылдың араласқан.  
 Екеуі етек жинап, ержеткенде,  
 Албырт та асая сезім тербеткенде,  
 Кешігіп көш сонында қалатғын,  
 Жөңкіле жоннан асып ел кеткенде.  
 Екеуден-екеу сөйтіп қалысатын,  
 Бірінін сырын бірі алысатын.  
 Кей сәтте балалығы ұстап кетіп,  
 Сынасып жүйріктерін жарысатын.  
 Өмірде еш нәрсе жок сұралмайтын,  
 Сезім де жок адамды құр алдайтын.  
 Бұлар ды дәл осындай халге жетті-  
 Қөрмесе бірін-бірі тұра алмайтын.  
 Жерде:-Аттан! Көкте:-Аттан!  
 Аттан! Аттан!  
 Жау келіп басы қарлы Ақтау жақтан,  
 Жылқыны түйіп кетті, түк қалдырмай,  
 Дүрлікті жайлаудағы ел қаптап жатқан.  
 Мұны естіп, Байқұл батыр кегі қайнап,  
 Секілді бала бүркіт көзі жайнап,  
 Елшіге айтты:  
     - Қорлама сен халқымды!  
 Жылқы әкете алмайсың тегін айдал!  
 Айта бар: Байқұл деген жас жігітпін,  
 Құшіммен тау төңкеріп, тасты үгіттім!  
 Батырың шықсын ертең жекпе-жекке,  
 Сол қорқақ – қалар болса бас бұғып кім!  
 Жазғы түн, күміс көлдің жағасында,

Ай жарық, иек артқан ала шыңға.  
 Сырласып тұрды Байқұл Марқа қызбен;  
 Боз талдың бұландаған арасында.  
 - Қорықпа, Жаным Марқам, ештенеден,  
 Қара халқым қамын жеп өскен ер ем.  
 Мал үшін емес, елдің намысы үшін,  
 Жауымды женіп, ертең қешке келем!  
 -Жаным-ау, болар еді бармасан да,  
 Басынды жауға жалғыз салмасаң да.  
 Бел буыпсың, түрін жоқ тілімді алар,  
 Құдай саған жар болсын әрқашанда!  
 Қос ғашық бірін-бірі қия алмады,  
 Қос жүрек бір-біріне сый арнады.  
 Байқұлдың құшағында Марқа сұлу,  
 Құдіктен көздің жасын тия алмады...  
 Батты жаудың қапыда қас қылғаны,  
 Бата берді ел:  
     -«Жансын, -деп, жастың бағы!»  
 Алысар ауыздықпен тізгін жүлқып,  
 Байқұлдың Балжынкери астындағы.  
 Дұшпаның қарсы келген жанышқандай,  
 Ер Байқұл ел сүйсінер арыс қандай!  
 Жеріне жау шақырған жетіп барды,  
 Жас батыр, айбаты бар арыстандай.  
 Батыры жау жактың да шыға келді,  
 Келді де сиқыр сөзбен сынады ерді.  
     -Жас бала, босқа өлесін, үйіне қайт,  
 Қаныңмен былғамай-ақ мына жерді.  
     -Кашаннан күш атасын танымаган,  
 Еш адам тең келген жоқ әлі маған.  
 Ұры сүм, бұралқы иттей бұғып келген,  
 Қайтпайды осы жерден жаның аман.  
     -Мен саған көрсетейін асқан күшті,  
 Деді де әлгі дұшпан аттан тұсті.  
 Қысық көз, алпамсадай алып батыр,  
 Қөргеннің зәресін ап, басқан мысы.  
 Жекпе-жек ерлер сөйтіп белдеседі,  
 Белдесіп, ал күшімді көр, -деседі,  
 Ұстап ап бірін-бірі шырқ үйірсе,  
 Астында қос батырдың жер көшеді.  
 Екі ер айдалада алысады,  
 Ұстасып, табан тіреп, қарысады.  
 Атысып көздерімен, ақырысып,  
 Кей сәтте тіл қатып та қалысады.  
 Айлалап әккі жау да қасарысқан,  
 Тым басым, тегеурінді жас арыстан,  
 Шыдатпай шымыр қолы Байқұл ердін,  
 Сонда жау амал ойлап қаша ұрысқан.  
 Кезінде алқымынан қатты қысқан:  
 Жалынып, ағатайлап жатты дұшпан:  
     -Не айтсан орындағын, тек өлтірме,  
 Женілдім жекпе-жекте қактығысқан.  
     ...Ер Байқұл жылқыны айдал, елге келді,

Бұл хабар дүр сілкіннің көлдегі елді.  
 Той жасап бүкіл ел боп масайрады,  
 Көтерді көкке жауды жеңген ерді.  
 Бата алып Байқұл сонда бұл елінен,  
 Айналып жатыр халық шын ерінен,  
 Жалшы ұстап жалғыз тайын, ал Асан бай,  
 Жылқысын санап алды түгелімен.  
 ...Айлы тұн, күміс көлдің жағасында,  
 Боз талдың бұландаған арасында,  
 Жас батыр, Марқа сұлу кездескенде,  
 Тіл жетпес қуанышқа нанаңың ба?  
 -Жаным-ау, келдің бе аман шыныменен,  
 Мойныма бұршақ салып күніменен,  
 Құдайдан тілеп едім бір өзінді,  
 Көз ілмей, ұйқы көрмей түніменен.  
 Сен өлсөң мен де бірге өлейін деп,  
 Аллаға ант беріп ем сөнегін деп.  
 Ал енді мен сендікпін, ием менсін,  
 Серт бердім неңе болса көнегін деп.  
 -Марқажан, мен де сендік бір адаммын,  
 Тағдырдан сені ғана сұрағанмын.  
 Арман не өзінменен өмір кешсем,  
 Осы ойға бұрылмластай құлағанмын.  
 Кел, сәулем, құшағыма алайыншы,  
 Өзіме өмірлік жар санайыншы,  
 Аймалап, құшып-сүйіп, жаным сені,  
 Отына ғашықтықтың жанайыншы...  
 Тұрғанда бұлт бүркеп тұнгі аспанды,  
 Осылай екі ғашық сырласқанды,  
 Куә етіп күміс көлді, көктегі Айды,  
 Жастықтың жалынды өртін бір басқанды.  
 Естиді бұл събысты Асан бай да,  
 Қыз, жігіт кезігіп жүр қашан, қайда?  
 Анықтап біліп алып, ал, сонаң соң,  
 Астыртын, тым құпия жасалды айла.  
 Адамның сұм, залымы, ең ептіңі,  
 Жылымбай жүртқа әйгілі кезеп кісі.  
 Асанның ақыл берер айлакері,  
 Сол еді, ен сенімді кеңесшісі.  
 Шақыртты Жылымбайды Асан бір күн,  
 -Көремін шын пайданды қашан, тұлқім?  
 Марқаны тоқалдыққа қалай алам?  
 Ойласам ұйқым келмей, қашар күлкім.  
 -Асықпа, тақсыр, бағын жанар әлі,  
 Қатынды кісі алмайды, мал алады,  
 Аямай қалың малды Мұсаға бер,  
 Марқажан қолына кеп қамалады.  
 ...Асанды естіп Жылымбай залым келді,  
 Мұсаның тым малжанды халін көрді.  
 Сол күні-ақ құда түсіп, сырттай пішіп,  
 Аямай қырқа матап, қалың берді.  
 Қалың малдың мынау жол-жорасына,  
 Бермеген әлі адамның баласына,

Жұз бие, елу түйе, екі жұз қой,  
 Елу жорға ат кіргізді қорасына.  
 Мұсаның есі кетті малды көріп,  
 Мал берсе, қыз байғұста болды ма ерік.  
 Жас Марқа Асан шалға тоқал болмақ,  
 Ку шалдың кеудесіне толды желік...  
 ...Малсызды қу жоқшылық құрсаулады,  
 Малдының ез де болса ұшты-ау бағы,  
 «Қалың мал берді Асан Марқага» -деп,  
 Дүйім ел дубірледі қыстаудағы.  
 -Жаным-ау, тап болдым ғой бір сұмдыққа,  
 Сенем бе, сенбейін бе, бұл шындық па?  
 Қор болып кетемін бе бір қу шалға,  
 Не дейсің, осыған бас ұмсындық па?  
 -Марқашым, мен сендікпін өлгенімше!  
 Басқаға қалай қиям өз көзімше,  
 Айтқан ант, беріскең серт бар емес пе,  
 Не ойласа, соны ойласып өзге дүмше.  
 Асанды жерге тірі қағайын ба!  
 Быт-шыт қып шаңырағын шағайын ба!  
 Жетектеп жұрт көзінше, иттей жүндеп,  
 Балжынкер құйрығына тағайын ба!  
 -Сабыр ет! Ашуменен іс біткен бе,  
 Шашпайсың көпке топырақ  
 күш қып сен де.  
 Шыққанда ел жайлауга мені ұзатпақ,  
 Көндірдім әкемді мен қыс күткенге.  
 ...Оңаша өз ойларын айтып ашық,  
 Кеңесті Марқа, Байқұл – асыл ғашық.  
 Бел бумақ бір шешімге жаз шыққан сон,  
 Қыс бойы екеу-ара ақылдасып...  
 ...Жайлау. Тұн. Жұрт ұйқыда.  
 Ай жап-жарық,  
 Жылқыны бір кең сайға айдал салып,  
 Марқаның келді Байқұл ауылына.  
 Тасада тұрды екі адам байқап қалып.  
 -Марқашым, аттанатын күнің жуық,  
 Жараттым төрт жүйрікті тілін буып.  
 Кетеміз ертең тұнде осы арадан  
 Жаным-ау, неге сенің түрің сүйк?!

-Корқамын... Қорықсам да не етемін мен,  
 Өзінмен бірге аттанып кетемін мен,  
 Түгелдей бас еркімді саған беріп,  
 Ұстадым, жаным, сенің етегіннен.  
 Марқасын Байқұл батыр аймалады,  
 Аялап қос ғашыққа Ай қарады,  
 Өлердей іші қүйіп қызғаныштан,  
 Шал көзі қарай алмай тайғанады.  
 Тап болмақ қандай тағдыр есіл ерге,  
 Мүмкін, әлде, бақытын өсірер ме.  
 Атына мінді Байқұл уағдаласып,  
 Келмек боп ертең тұнде осы жерге.  
 Жылқышы Байқұл кетті жылқысына,

Асан шал кегі қайнал, тұр қысыла.  
 Марқа қыз аяқ басты үйге қарай,  
 Бас қоймақ болып тәтті үйкесінан.  
 Шап беріп, ұстай алды, үн шығармай,  
 Бұлқынды нәзік Марқа тұншығардай.  
 Ілезде атқа өңгеріп алды қызды,  
 Айлакер, епті еді тыңшы қандай!  
 Екі сүм келді жардың жағасына  
 Тұксиген қарағайдың арасына.  
 Тұнек тұн тұмшалады төніректі,  
 Көрсетпей еш адамның баласына.  
 Жылымбай сыбырлайды:  
 -Кісім, ұғын,  
 Жылқышы Байқұл батыр күші мығым,  
 Марқаны алсан, ол сені ойран етер,  
 Біле ме ол кедейлігін, кішлігін.  
 Іс істеп, Асан мырза, хаққа лайық,  
 Байқұлдың сөйтіп санын соқтырайық.  
 Күнәшар тоқалынның жазасы сол-  
 Бетсізді мына көлге лақтырайық...  
 ...Сүмдикта бүкіл тау, тас құлақ түрді,  
 Еніреп жасыл жайлай жылап тұрды.  
 Екі сүм бір ауыз сөз тіл қаттырмай,  
 Марқаны терең көлге лақтырыпты.  
 Марқа жоқ...  
 Жұрт дүрлікті тұн ішінде,  
 Бір сүмдик болды-ау қыздың бұл ісінде.  
 Қерген бар Жылымбай мен Асан қуды,  
 Інірде жортқан оқшау жүрісін де.  
 Хабаршы әр ауылға барған шауып,  
 Марқа жоқ...  
 Көнілге бұл салған хауіп.  
 Біреу көл жағасынан таң атқанда,  
 Марқаның тақиясын алған тауып.  
 Қаһарлы батыр Байқұл қаны қайнап,  
 Астында Балжынкөрі салып ойнақ,  
 Әкеліпті айдал көл жағасына,  
 Асан мен Жылымбайды қолын байлад.  
 -Уа, жұрттым, тында менің мұн-зарымды,  
 Айрылып сүйгенімнен тұрганымды.  
 Көрсін деп, алып келдім алдарына,

Қалайша жазалайсың сүмдарынды?  
 Билігін өздерің айт, бұл халайық,  
 Өлімге-өлім, жаза сүмға лайық.  
 Бірақта Марқа кеткен мөлдір көлді,  
 Екі арамның қанымен былғамайық.  
 Ашуға аласұрған бармадым да,  
 Келмей тұр пәк қолымды қандағым да.  
 Жазасын өздерің бер әділ шешіп,  
 Қалың ел, қаумалаған жан-жағымда.  
 Кей адам ақылымен болар дара,  
 Мұндайда жүгінеді ел соған ғана.  
 Көп қауым сұраған соң, билік айтты,  
 Тоқсан жаста қар шешен, Омар дана:  
 -Адам деп бұл екеуін санамайық,  
 Жүзі қараға, көз салып қарамайық.  
 Әр адам кеп бетіне бір түкірсін.  
 Сонан соң өліп жатса жоламайық.  
 Жолдары ешқашан да болмасын деп,  
 Басына қайға-қасырет торласын деп.  
 Халықтың қарғысына атқыр қара бетке,  
 Берейік теріс бата оңбасын, -деп.  
 Бірге ойнап, кішкентайдан бірге өскенім,  
 Сен болсан қасіретті білмес те едім.  
 Тұбіне терең көлдің кетерінде,  
 Соңғы рет тым болмаса тілдесспедін,  
 Ишінде адамзаттың ең ардағым,  
 Деуши едім өзінменен жанар бағым.  
 Ақ жуып, арулап та қояр едім,  
 Қайтейін, сүйегінді таба алмадым,  
 Марқашым, сертке берік, сырға бекем,  
 Тағдыр бізді бақытсыз қылған екен.  
 Айнымас бір өзінен сүйген жүрек,  
 Өзінді өмір бойы жырлап өтем.  
 Марқам-ай, арманда кеткен қалқам-ай!  
 ...Осылай Байқұл батыр зар жылаган,  
 Талай тұн көз ілмеген, қалғымаган.  
 Батырдың күнірекен күйін естіп,  
 Қайысқан қабырғасы барлық адам....

Осы поэмадағы айтылып отырған Байқұл – өмірде болған адам. Байқұл Төртуыл ішінде Тоғыз руына жататын үлкен елдің тұп атасы. Байқұл – тарихи тұлға. Ел аузында Байқұл бабаның келісті, сымбатты, ер мінезді адам болғандығы көп айтылады.

Бірде Байқұлдың інісі Байсарының аса бір қасиетті малы Қоңыраулы сары атаны жоғалады. Оны іргелес отырған Керей елінің адамдары алса керек. Байсары:

– Қоңыраулы сары атаным малымның басы еді. Малымды Керей елінен қайтарып алып кел, - деп ағасы Байқұлға қолқа салады. Сонда Байқұл Керей елінен Байсарының үрланған барлық малын да, Қоңыраулы сары атанын да қайтарып әкеледі. Мал үрлаған айыбы үшін, сол елдің би өзінің туған қызын береді. Байқұл елге келген соң қызды інісі Байсарыға қосады. Сол олжадан келген қыздан туған Байсарының үрпағы, Олжашы елі деп аталған.

## АЛТАЙ ЖАЙЛЫ АЙТЫЛҒАН АСЫЛ СӨЗДЕР

Ақын Иса Байзаковтың «Алтай аясында» деген поэмасы осы Марқа өніріне арналады. Жырда Алтайдың биік тау, қия-құз, жол бермейтін асулары тамаша сүретtelген. Тұн. Таулы өнірдін нәсер жаңбыры дәл көрініс тапқан. Жырга Еркежан мен Балағазы оқигасы негіз болады. Осы жырдағы Балағазы Төртуыл руы ішінде Жақау атасына жатады. Ерте кезде Төртуыл елінен Матайбай, Дүйсенбай деген екі жігіт келіп, осы Марқа көлдің бір биік таулы, тамаша өніріне мекенденген. Қазір сол жер Матайбай деп аталады. Матайбай – биік таулы, ғажап сұлу өлке. Матайбай биігі «Мен мұнда» дегендегі алыстан көз тартады. Көлдің шығыс жағына орналасқан. «Жеті кезең Матайбай» өте тамаша өнір.

Иса Байзаковтың «Алтай аясында» деген поэмасынан үзінді келтірейік.

Ал десен аясына алады Алтай,  
Көргенде көнілге күй салады Алтай.  
Сұлудай торғын киғен бұлт жамылып,  
Арқаға алыстағы қарады Алтай.

Алтайдың ең үстінде Ақтау биік,  
Басына бұлт жете алмай тартқан күйік,  
Андары бұғы, марал ойын салып,  
Секірген қиясында өршіл киік.  
Алтайдың алқабында аю, қабылан,  
Оңгустік даласында орғып құлан.  
Елігі, ешкісімен есебі жоқ,  
Жайылып сайын шөлде сайрандаған.

Секілді акбас атан ала басы,  
Бұлт жайлап, бұлттан өзге қоналмаған.  
Ақша кар ақ күмістей ай шағылып,  
Жібектей бұлттан басқа оранбаған.

Бірінен-бірі биік ну қарағай,  
Етектен, көтерілген өрге карай.  
Таулардың өркештенген биігінде,  
Қыз емшек, қия тастар тұр жағалай.

Көргенде көз көнілдің Алтай емі,  
Алтайдың кен аңқиды алған демі.  
Жерінен алтын, күміс жентектеліп,  
Алтайдың кен құсады талай жері.

Күн мусін қыздан сұлу Алтай сері,  
Күмістей су лақтырып өзендері.  
Ән салады бұлбұлды үзілдіріп,  
Үннен-үнді маржандай тізілдіріп.  
Нәзіктігі жүректі елжіретіп,  
Есің ауып, тыңдайсың дымың құрып,-деген

екен аса дарынды саңлақ ақын, жыр дүлдүлі Isa Байзақов. Ақын Алтай табиғатының тамаша көрінісін, кен байлығын, жануарлар дүниесін, барлық тыныс-келбетін үш-төрт шумақ өлеңге сыйғызып тұр.

XX ғасырдағы үлптық руханияттың көш басы болған Алаш қайраткерлерінің бірі Ж.Аймауытов еді. Жұсіпбек – дархан дарын иесі, жан-жақты білімді қайраткер.

Осындай дара дарын иесі Ж.Аймауытовтың «Ақ білек» романы Алтай, Марқакөл өнірін суреттеуден басталады. 1928-1929 жылдары Ж.Аймауытов, М. Төлебаев, И. Байзақов Зайсан, Марқакөл аймағында болған.

Ж.Аймауытовтың «Ақ білек» романы осы Марқа жағасында жазылған. «Ақ білек» романында қыр адамдарының психологиясы, тіршілік-көсібі, мінез-құлқы жақсы сипатталады:

«Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманың оң жағында әлемге аян Алтай бар. Алтай, Күршім не заманнан қалың найман мекені.

Күн жылт етсе төрт түлік мал қарағайлы қарт Алтайдың, Алтай сынды анасының көкірегін аймалап, тырандасып, мәйек басып, мамырлап жатқаны. Қарт Алтайдың қақ басында, алақанның аясында, бал татыған айна сулы, түрі де аспан, сыры да аспан, шәрбет сулы Марқакөлі. Марқакөлді алқалаған ақ ауылды Алтай елі. Алтай елі – Алтай жазы, тау еркесі – киік болып, өзге елдерден биік болып, Марқа көлдің самалында сайран етіп жатқаны.

Марқакөлдің сұы балдай. Марқакөлдің сұын ішіп, отын жеген сары қарын тұтам емшек жануарлардың бауырынан сұт сорғалап, сұт емес – ау, құт сорғалап, көнек-көнек лықылдайды; қара саба емізіктеп, қою сары қымыз, дәрі қымыз шара-шара шыпылдайды. Бір шарасын ішкен адам дәл қор қызын құшқандай болып мас болады, жас болады. Жел жетпеске мініп алып, Алтай тауын дүрілдетіп, таудың тасын күрілдетіп, кекпар-жарыс думаны.

Әлгі Алтайдың аруларын айтуга тіл жетпейді. Алтын, күміс – Алтай кені. Алтын сирға алты қарыс алып түсіп құлақтарын, жузі Алтайдың айындай болып, көзі құралай көзіндей болып, құлқісі атқан таңдай болып, бойы талшыбықтай болып, езу тартса есің кетіп, қиялың қия кезеді»- депті Ж.Аймауытов.

Міне ақындар тебірене жырлап, жазушылар сұлу сөзбен суреттеп жеткізе алмайтын Алтай мен Марқа өнірі осындай.

## Алтай

Әннің сөзі – Н.Баймұхамедовтікі, әні – Е.Брусиловскийдікі.

Өр Алтай, аскар Алтай, асқан Алтай,  
Анамдай, әлпештеген жастан Алтай.  
Сұы бал, көдесі май, жері майса,  
Ағызған сары алтынды тастан Алтай.

Қандай мәнді де, мағналы сөз оралымдары! «Алтай» әнін білмейтін қазақ баласы болmas. Әнші Жамал Омарова ән «Алтайды» орындастын еді.

Алтай мен Марқакөл жайлы ән де, өлең де көп.

Бұл ретте Ыбыраев Зарықбай ағамыздың Өр Алтай, Марқа жайлы жазған өлеңдерін, шығармаларын атамай кетуге болmas.

Көп жыл облыстық атқару комитетінде қызмет істеген. Өскемен қаласындағы «Жамбыл» атындағы қазақ орта мектебінде директор болып қызмет істеген асыл ағамыз еді.

Төртуыл ішінде Тоғыз еліне жататын Дәulet деген атаниң ұрпағы. Кішіге аға, үлкенге қамқор, бауырмал, ақ көніл, ақжарқын, ашық мінезді адам еді.

Зарықбай аға қызметтөн бос сәттерінде шығармашылық өнеріне де уақыт табатын. 1974 жылы жарық көрген «Өскемен оттары», «Алтайым», асқар асуын, «Замана сазы» деген өлеңдер жинағын өз қолтаңбасымен жазып берген еді. Жеке кітапханамызда асыл ағаның көзіндегі әлі сақтаулы түр.

Бұл келтіріп отырған деректеріміз, өздері де Алтайдай алдып, қаламы қарымды, сөздері дуалы, Иса Байзақов, Жүсілбек Аймауытов, Зарықбай Ыбыраев сияқты әдебиет кеменгерлерінің Алтайға арнап айтылған асыл сөз мұрасы.

### **Балуантас**

«Балуантас» Марқакөлдің онгустік беткейіндегі Қарамола жайлауының үстінгі жағында орналасқан. Биіктігі 1 метрдей 4 қырлы тас. Орта тұсы сәл жінішкелеу. Тұбі төртбұрыштау. Жуандығына құшақ айқаспайды. Жоғарғы жағы сәл сүйірлеу келген.

Балуантасты ертеде Қожанбет елінің Бұқат төресі көтеріп есік пен төрдей жерге апарған екен. Бұдан кейін Төртуыл руынан Мейрамғали балуан деген адам көтеріпті. Мейрамғали балуан белін 6 метр шүберек белбеумен қабаттап орап, тасты құшақтап орнынан көтергенде онша ауырсынбапты. 10 метр жерге апарып, қайта әкеліп орнына қояды. Бұлардан кейін Балуантасты ешкім көтермеген дейді.

Балуантас көне бабалардан қалған сарқылттай, Матайбайдың етегінде әлі де түр.

### **Мың биенің қазынасы**

Бекенбай тауының шығыс етегінде Былғары – Табыты деген елді мекен орналасқан. Осы Былғары табыты мен Қаройдың аралығындағы тауда жергілікті халық «Мың биенің қазынасы» деп атайдын үлкен тау үнгірі бар.

Үнгірге ерте кезде жонгарлар бұл өнірден шегінген кезде, қымбат мұліктерін, алтын, күміс бұйымдарын тыққан деген аңыз айттылады. Кейінгі кезеңдерде казақ байлары Қытайға ауған кезде де осы үнгірге көп қойма қалдырған екен.

Бірақ үнгірге қойылған қазына табылмаган.

Осы манайда егіз қозыдай бір-біріне ұқсас екі төбе бар. Жергілікті халық бұл төбелерді Биесыймас, Байдалы таулары деп атайды. Осы жоталардың бірінде «Ат басындей алтын бар» деген аңыз сақталып келеді. Бұл қойманы, қазынаны тапқан ешкім болған жок.

«Мың биенің қазынасы» деп аталағын табиғи құыстың түсер Байдалы деген жерде. Үнгірдің екінші аузы Ақтүбек деген жерден табылған. Үнгірге түскен кезде жел соғып тұрады. Шам жақса жел үрлеп сөндіре береді. Үнгірге кірер ауыздың кендігі кигіз үйдің есігіндей. Үлкен табиғи қуыс. Үнгір өте терен. Үнгірге түсетін тас баспалдақтар бар. Баспалдақтың ұзындығы 2 метр, қалындығы 30 см болады. Эр баспалдақтың арасы алыс болғандықтан, онымен төмен түсу мүмкін емес. Үнгірге 20 метр терендікке дейін арқанмен түскен адамдар болған. Үнгірде ертеде қойма болғандығын анықтайды. Киіз үйдің есігі, арбаның шен темірі табылған, ер-тұрман әбзелдері табылған.

Бұл «Мың биенің қазынасы» үнгірінде 1960 жылдары ғалым Әлкей Марғұлан болған.

### **Алтай жайлы жыр-дастандар**

Жасыл беткейлі Алтай өнірінде, жусанды далалар тәсінде өмір сүрген халқымыз көптеген аңыз - әңгімелер, жыр-дастандар туғызған. Ол жырлар халқымыздың рухани байлығы ретінде ел аузында сақталып келеді.

Қазақтың Ромео мен Джульєттасы аттанған «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» сияқты жырлар, «Толағай», «Қарашор батыр», «Шәкірт-Шәкірат» жырлары, «Ер Қабанбай», «Ер Тәуке», «Арқалық батыр» жырлары да осы Алтай өнірінің туындысы.

Кет-Бұқа, Құбатегін сияқты күйшілерден қалған мұра «Бозіңген» күйі, «Ақсақ құлан», «Балжынгер» күйлері еді.

Кейінгі кезендерде Ж. Аймауытов «Ақбілек» романы, С. Торайғыров «Қамар Сұлу», И. Байзаков «Алтай аясында» поэмасы да осы Алтай өңірінде жазылған.

### Алтай жайлыштың әндер

#### **МАРҚАҚӨЛІМ**

Әнін жазған: Тұрсынғазы Рахимов.

Сезін жазғандар: Мұрат Тастағанов

Бақытбек Жаманбаев

Ой беті кербез дала, құм жағажай,  
Әр төсі асқар таулы ну қарагай.  
Төр жайлау құшагында толықсиды,  
Ару көл айдынында тұнған арай.

**Қайырмасы:**

Марқакөл – ата қонысым,  
Сүйемін сені сол үшін.

Акқаба, Қарақаба, дара Қалжыр,  
Бұрқаган тамшылары қара жаңбыр.  
Қара Ертіс бақ-берекем анамдайын,  
Сабырлы мейірінен тараган жыр.

**Қайырмасы.**

Марқакөл Әр Алтайдын  
айнасындаидай,  
Әр шыны Найман ата наизасындаидай.  
Әрлік пен сұлұлықтың бесігіндей,  
Бар екен жәннат өлке қайда  
осындаї?!

**Қайырмасы.**

Ту етіп ар-намысын жерінде кен,  
Бір елі шекарадан шегінбеген.  
Ұрпағы Қаракерей Қожамбеттің  
Мекені бұл іргесі сөгілмеген!

**Қайырмасы.**

Марқакөл – ата қонысым,  
Сүйемін сені сол үшін.  
Марқакөл – ата қонысым,  
Бас ием саған сол үшін!

#### **МАРҚАНЫҢ СҰЛУ ҚЫЗДАРЫ**

Әні, сөзі Нәбиолда Кемешев

Ғашық еткен өзіне  
Ұқсаған Марқа көліне.  
Марқаның сұлу қыздары  
Тоймайсын қарап, қарап көзіне.

**Қайырмасы:**

Ақынның бітпес жырлары  
Таусылмас айтса сырлары.  
Марқаның сұлу, Марқаның сұлу,  
Марқаның сұлу қыздары – ай!

Жайқалар қайың ерекше,  
Жайылар жайнап жыл өтсе.

Марқаның сұлу қыздары  
Әсем де сәнді, әсемде сәнді ерекше.

**Қайырмасы.**

Құлпыртқан Марқа даласын  
Гүлме деп кейде қаласың.  
Марқаның сұлу қыздары  
Әсемдік содан, табасын.

**Қайырмасы.**

## **МАРҚАКӨЛ**

Сөзі: Қ.Рамазановтікі  
Әні: М. Рахымжановтікі

Кір жуып кіндік кескен саялы өлкем,  
Саянда сайрандаған мен бір еркен.  
Көгінде көктей өскен ұл-қызыңның,  
Бірі боп күндерімді күй қып шертем.

### **Қайырмасы:**

Айдыны арайлы, таңдатқан талайды,  
Суынан татқан жан шәрбатқа балайды.  
Марқакөл әсем көл, масаты жасыл бел,  
Ұл-қызың сәлемін кабыл ал, туған жер.

Өзіңсің әсем ән асқақтап шырқалар,  
Жасыл ну жайқалған адырлы қырқалар.  
Бота көз арудың көзіндей мөп-мөлдір,  
Ақ Марқа көркіне болмаған кім құмар.

### **Қайырмасы.**

Жерің бай, шебін шүйгін, суың балдай,  
Таласқан аспан менен құз, қарағай.  
Марқакөл табиғатын көрген адам,  
Кетпейтін сұлулығына таңырқамай.

### **Қайырмасы.**

## **ӨСКЕМЕН ӘНІ**

Сөзі: Фалым Байбатыровтікі  
Әні: Оралхан Көшеровтікі

Білегі ойнап Алтайдың,  
Жүргі маздал Алтайдың.  
Өскемен, саған марқайдың,  
Алыстап кетсем ансаймың.

Аймалап Ертіс толқыны,  
Ақкудай нұрға таранған.

### **Қайырмасы.**

**Қайырмасы:**  
Көркіндей көктеменің,  
Көз тартқан көктерегің.  
Гүлің боп көктегемің,  
Саянда, Өскеменім.

Көшенде күлкі төгілген,  
Ақ сәуле саулап көгінен.  
Кек нәсер болып саулайың,  
Кек бауыр бұлттан сөгілген.

### **Қайырмасы.**

Гашық боп күні қадалған,  
Әр уйі гүлден қаланған.

## EPTİCİM

Сөзі: Медеубаева А

Әні: Абедимов А

Алыстан аңсадым,  
Алдымда бір бақыт тұргандай.  
Алқызыл нұр шашып,  
Шапағын таң нұры құйғандай.

Жағанда әндетіп,  
Құстар кеп сырласып жатады.  
Мені де қарсы алып,  
Алдынан шашуын шашады.

### Қайырмасы:

Ертісім, Ертісім, аңсаған,  
Қымбатсың, қымбатсың сен маған.  
Қымбатсың сен маған әр дайым,  
Қымбатсың сен маған, арманым.

### Қайырмасы:

Ертісім, Ертісім, аңсаған,  
Қымбатсың, қымбатсың сен маған.  
Қымбатсың сен маған әр дайым,  
Қымбатсың сен маған, арманым.

## ОЙ ТҮЙІН

Макен Мешелқызы

Алтайдың аясында, ару Марқам,  
Жерің бай берекелі пейлің дархан.  
Құлпырған масатыдай ғажап өлке,  
Тұған жер, саган біраз сырымды айтам.

Тамсанып талай ақын жыр арнаған,  
Құбылып неше ықылым өтіп заман.  
Ғалымдар шет елден де келіп зерттеп,  
Олар да толық зерттеп біле алмаған.

Ақындар жырға қоспай қала алмайды,  
Кейбірі тереніне бара алмайды.  
Марқакөл, Алтай алып сырын бүгіп,  
Тарихы көне күннің таралмайды.  
Ғалымдар бір-бірінен жазып алып,  
Өзінше жеке сүрлеу табалмайды.  
Марқа мен Алтай жұмбақ осы кезде,  
Байлығы, сұлулығы тілге тиек,  
Сипаттап Алтай жайлы айттар сөзге.

Марқаның тулектері ержетеді,  
Есейіп сәбілер де жәргектегі.  
Тусырап тұған өлке жата тұрсын,  
Заманның білімімен қаруланып,  
Ұрпақтар өз мезгілі келген кезде,  
Қайтадан тұған жерді тұлетеді.  
Осы бір бекер жатқан жер еken деп,  
Әркімдер қаптамасын жер көктегі.

## АЛДЫНҒЫ ТОЛҚЫН АҒАЛАР

Ел адамдары ұмыт болмасын. Жер қазынасы да, табиғат байлығы да адамдардың қажырлы еңбегімен, мәндай тердің төлемімен келеді. Бүгінгі ұрпақты арқалап жеткізген ардагерлер есімі ұмыт болмасын деген ниетпен біраз аға буын ардагерлердің өмір жолын қағазға түсірдік. Әр кезде өздері еңбек еткен жылдарда қажырлы еңбегімен ел байлығына үлес қосқан, адал еңбегімен, адамгершілігімен ел құрметіне бөлениген қарапайым еңбек адамдары да аз емес.

Ел басқару ісінде кейінгі ұрпаққа үлгі боларлықтай қызмет еткен аға буын өкілдері қаншама? Кешегінің көзіндей, бүгінде арамыздан азайып бара жатқан аға буын үлкендерден алатын өнеге, тағылым көп.

Бұлардың ішінде сұрапыл соғысқа қатысып, елі мен жерін қорғаған, сын сағаттарда, сан рет өліммен бетпе-бет келіп, женіске үлес қосқан майдангер ағаларымыз да бар. Ел басынан кешкен тарихтың, қанды шайқастың күәгері болған еліміздің ардақ тұлғалары еді ол азаматтар. Біз бұл фото шежірені «Ардақ тұлғалар» және «Марқа өрендері» деген екі бөліммен беріп отырымыз.

Бұл бөлімде 1940-1960 жыл аралығындағы Марқа өнірінде ел басқарған, халыққа басшылық еткен азаматтар, ел адамдарының өмірі мен қызметі қамтылады.

Олар сол «Қыын құндер, қысталаң заманда» жол басы, көш басы болып, әйелдер мен жас балаларға, қарттарға басшылық етті. Ол кезде азаматтар түгел майданға кеткен. Елде жұмыс қолы жетіспеді. Шаруашылық салаларында техника жоқ, қол жұмысы басым болды. Бұл – ауыр кезең еді.

Екінші бөлімде 1960-1990 жылдар аралығындағы оқыған мамандар, білімді жастар, олардың еңбек жолы қамтылады. Жігерлі жас мамандардың еңбек белсенділігі, істегі біліктілігі, білгірлігі сөз болады.

### **АРДАҚ ТҰЛҒАЛАР**

Соғыстан соңғы жылдар ел басында,  
Азаматтар, ерлер жоқ ел қасында.  
Жас бала қарттарменен, жесір әйел,  
Жан сақтап, тірлік етіп от басында.

Болғандар елге тірек сол заманда  
Қыын-қыстау, зобалаң мол заманда.  
Қарны аш, ауырушан, жүдеу жандар,  
Оңай ма, көмек беру әр адамға.

Жақсылар, жаны жайсан, әкелерім,  
Демедін, адам бол деп жетеледің.  
«Қыска жіп күрмеу бермей» тұрған заман,  
Колхоздан табылды ма не керегің?

Азайып мектептер мен дүкендер де,  
Зат жоқ, қажетіне берер елге.  
Көнені жамап – жасқап іс қылуға,  
Ине – жіп те табылmas сергелденде.

Ол кезде есептеусіз жұмыс күні,  
Жоспарды орындау ғой күні – түні.  
Апта тұрсын, жылына бір демалмай  
Өтетін арпалыспен әрбір күні.

Кеңейткен ел ырысын маңдай термен,  
Әкелер тен еken ғой Еңбек Ермен.  
Ұрпағы сол аталар кемелденсін,  
Көрмесін ауыр күнді сіздер көрген.

Әлі де ойлар көп қой сыр болатын,  
Тарих, әңгіме көп жыр қылатын.  
Жақсылардың аты өшпесін, деп ойлаймын,  
Осындаи бірер іс бар тындыратын.



**Көпесбаев Қыдырхан Ұлы Отан соғысының** ардагері. Марқакөл ауданының партия қызметкері, дербес зейнеткер. 1914 жылы Қаба өніріндегі Бұғымүйіз ауылында дүниеге келген. Семей қаласындағы арнайы мұғалімдік курсы бітіріп, 1937 жылы Бұғымүйіз ауылындағы мектепке мұғалімдік қызметкесе кірген. Кейіннен аудандық комсомол үйімінде қызмет істеген. Алматы теміржол техникумын бітірген. 1941 жылы Ұлы Отан соғысына қатысқан. Днестр өзені үшін шайқаста ауыр жаракат алғып, 1943 жылы елге оралады. 1950 жылы облыс басшылары Көпесбаев Қыдырханды Алматы Жоғары партия мектебіне оқуға жібереді. Аталған оку орынын үздік дипломмен бітіріп елге оралады. Марқакөл аудандық атқару комитетінің хатшылық қызметінде көп жылдар қызмет атқарған. Осындаи жауапты қызметтерде жүріп, дербес зейнет демалысына шықты. Қ. Көпесбаев елі мен жері үшін аянбай еңбек еткен халқының қадірлі азаматы. Ардақты азамат, аяулы әке Қ.Көпесбаев 2000 жылы мамыр айынын 28 күні дүниеден озды.

**Тұқібаев Садық** Семей облысы, Өскемен уезі, Шыңғыстай болысының №3 ауылында 1900 - жылы дүниеге келді. Садық ауыл молдасынан оқып хат таниды. Кейіннен Татар молдасы Смағұл Гаспиринскийден екі жыл төте

окумен білім алады. 1916 жылы Уфадағы «Ғалия» медресесінде 5 жыл оқып тәмамдайды. Шыңғыстай мектебінде менгеруші болады. 1928 жылы Петропавл қаласында аудандық оку бөлімі инспекторларын даярлайтын өлкелік курсі бітіреді. Садық Тұкібаев саналы өмірін тұтастай халық ағарту жұмысына арнаған. 1937-1941 ж Күршім ауданындағы Маралды орта мектебінде директор болып қызмет істейді. Марқакөл ауданында 1945-1980 ж аудандық оку бөлімінің менгерушісі, 1949 жылдары Жана-Ауыл аулындағы Ленин атындағы қазақ орта мектебінде 11 жыл директор болып, абырайлы қызмет атқарып, орта мектептің материалдық-техникалық базасын күштейткен. Халыққа білім беру саласында ұзак жылдар атқарған еңбегі үшін Садық Тұкібаевқа 1945 жылы «1941-45 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталды. 1947 жылы «Халық ағарту ісінің озық қызметкерлері» атағы, 1950 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалі берілді. 1952 жылы еліміздің ең жоғары наградасы «Ленин» орденімен марапатталады. 1960 жылы қарт ұстаз республикалық дәрежедегі зейнеткерлікке шыққан.





**Баймурzin Абілмажін Әбдірахманұлы** 1912 жылы Марқакөл өңіріндегі Успенка ауылында кедей отбасында дүниеге келген. Сталиннің «Кедей отбасының балаларын оқыту» жарлығына сәйкес орта мектепті бітірген Баймурzin Абілмажінді Шығыс Қазахстаннан Свердловск политехникалық институтына жолдамамен жібереді. Политехникалық институтты бітірген соң, Күршім районындағы Маралиха кен өндірісінде кен инженері, кейіннен директор болып жұмыс істеген. Семей облысындағы Ақжал руднигін, Марқакөл ауданындағы Маңкан руднигін басқарған. 1941-1943 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1944 жылы Семей «Алтай золото» өнеркәсібін басқарған. 1965 жылдары Семей облысы Совнархозының председателі болып қызмет атқарған. Алматы қаласында «Тұсті металлургия Министрлігінде» министр орынбасары лауазымында ұзак жылдар қызмет атқарған. Баймурzin Абілмажін Әбдірахманұлы 1974 жылы дүниеден озған.

**Танарыков Нұрахмет Смағұлұлы** 1918 жылы Марқакөл ауданының Горное селосында дүниеге келген. Еңбек жолын 1936 жылы Қалжыр кен басқармасының алтын жуу артелінде есепші қызметінен бастаған. 1939 жылдың қазан айында армия қатарына шақыртылады. 1940-1941 жылдары полк мектебін оқып, соғыс басталған күннен бастап бөлімше командирі болған. Қан майдандағы ерліктері үшін «Қызыл жүлдөз», «Бірінші дәрежелі Отан соғысы» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған. 1947-1951 жылдары Марқакөл аудандық комитетінің инструкторы қызметін атқарса, 1951-1953 жылға дейін «Пограничник» колхозының председателі қызметін атқарған. Марқакөл ауданының экономикасын дамытуға, жастарды адамгершілік рухта тәрбиелеуге лайыкты үлес қосты. Халық Нұрахмет Смағұлұлын ардагер, ұлағатты ұстаз ретінде сый күрмет тұтты.



**Тілеуkenов Ахметай Тілеукеұлы** 1921 жылы Марқакөл ауданы Шегір ауылында дүниеге келген. «Шегір» жеті жылдық мектебін үздік бітіріп, артынан сыртай оқып орта білім алды. Еңбек жолын қатардағы жұмысшы, есепші болып бастаған. 1940 жылы әскер қатарына шақырылған. 1942-1946 жылдары Ұлы Отан соғысина қатысқан. 1947ж Бұғымүйіз ауылдық кенесінің председателі, сол жылы Марқакөл аудандық атқару комитетінің нұсқаушысы қызметінде істейді. 1948 ж аудандық ДОСАРМ тәрағасы қызметін атқарады. 1950-1952ж 2-жылдық Алматы Партия мектебінде оқиды. 1956ж Марқакөл аудандық партия комитетінің нұсқаушысы қызметін атқарады. 1960-1965ж Алматы жоғары Партия мектебінің сырттай бөлімін бітіреді. 1963ж Күршім аудандық ауыл шаруашылығы партия бөлімін, 1963ж Қалғұты совхозының партия үйымының хатшысы, 1965-1972ж Горный совхозының партия үйымының хатшысы қызметін атқарған. 1972-1980 ж Қарой ауылдық кенестің председателі болған. Қатарынан бірнеше рет облыстық, аудандық, ауылдық кенестің депутатына сайланған. Соғыс, еңбек ардагері, дербес зейнеткер.

**Сейітбек Көңілбайұлы Станбеков** 1933 жылы Марқакөл ауданы Алексеевка ауылында туған. Орта мектепті бітірген соң, әскери борышын Совет армиясы 29392 әскери бөлімінде радиотелефоншы болып атқарады. Еңбек жолын Қарой ауылдық мектебі мұғалімдік қызметінен бастаған. Марқакөл ауданының Алексеевка, Қарой кеншарларында әртүрлі лауазымда қызмет атқарды. 17 жыл ауылдық кеңестің, аудандық кеңестің депутаты болған. Марқакөл ауданы шекаралық аймақ болғандықтан Сейітбек Көңілбайұлы шекарашибармен де тығыз байланыста болып, «Қырағы шекараши» деген атақ алған. Ел үшін жасаган еңбегінің нәтижесінде еңбек кітапшасына көптеген марапаттаулар жазылған, ел алғысына бөленген азамат.



**Шұлғаубай Нұғыманұлы** 1901 жылы Марқакөл өнірі Жантай ауылында малшының отбасында дүниеге келген. Шұлғаубай Нұғыманұлы өз замандастарына қарағанда білімді адам деп саналған. Ол жас кезінде молдадан оқып, арабша хат таныған. Сол кездің өзінде орыс тілінде еркін сөйлеп, орысша қазақша сауатты болған. Шұлғаубай Нұғыманұлы «Алтайзолото» тресінің Марқа өніріндегі Алқабек, Батпақ-Бұлақ және Манко (Манқан) кеніштерінде жер астында, яғни шахтада ширек ғасыр жұмыс істеген. Шахтер-забойшы, жарушы және бекітуші мамандықтарын жетік менгеріп, аса ауыр, күрделі де қауіпті жұмыстарды атқарады. Осындай жанкиярлық еңбектің нәтижесінде СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1952 жылғы 12 қыркүйектегі №216114197259 Указымен Нұғыманов

Шұлғайбай «Ленин» орденімен марапатталған. Шұлғаубай Нұғыманұлының балалары ел арасында қадірлі Марқакөл өнірінен шыққан бірегей азаматтар.

**Кошкінчинов Қалиолда** 1920 жылы Жаңа – Ауыл ауылында дүниеге келген. Жаңа-ауыл жеті жылдық мектебін бітірген. 14 жасынан Алқабек алтын өндірісінде жұмыс істеген. 1941 жылы Монголияда әскери міндетін атқарады. Халкинголдан Ленинград фронтына аттанады. Ленинградтағы «Лермонтов»

атындағы офицерлер училищесін бітіреді. Соғыс жылдарында 900 күн Ленинград блокадасында болған. Майдандағы ерліктері үшін «Қызыл жұлдыз», «Бірінші дәрежелі Отан соғасы» ордендермен, екі мэрте «За Отвагу» медальдарымен марапатталған. 1946 жылы тұған еліне оралады. 1946-1950 жылдары шаруашылқты қалпына келтіру кезеңінде, 1950 жылы «Тегістік» колхозының бастығы, 1953-1956 жылы «Сталин» колхозының партия хатшасы. 1957 жылы «Черняевка» бөлімшесінің менгерушісі, 1961 жылы «Боран» кеншарының директоры болып тағайындалады. Кошкінчинов Қалиолда 1961 жылы № 383-К бұйрығымен «Қалжыр» кеншарының директоры болып тағайындалады. Ауылшаруашылық технику-мының агрономия бөлімін бітіреді. К. Кошкінчинов-жарты ғасыр жемісті еңбек еткен, еспубликалық дәрежедегі дербес зейнеткер. Қ. Кошкінчиновке «Ленинград қаласының құрметті азаматы» атағы берілген. 1995 жылы Ұлы Отан соғысы жеңісінің 50 жылдығына арналған Алматыдағы шеруіне катысып, елбасы Н. Назарбаевтің қабылдауында болған. Қажырлы еңбегі үшін медальдармен, грамоталармен марапатталған. Қалжыр ауылының бір көшесі, Қалиолда Кошкінчинов атымен аталады.

Қ. Кошкінчинов, зайыбы Фарида Гумарова төрт баласына жоғары білім беріп, немере сүйген, еңбектерінің зейнетін бірге көрген ұлағатты адамдар.



**Досым Асанов** 1892 жылы Шығыс Қазақстан облысы Марқақөл ауданының Шенгелді ауылында дүниеге келді. Жиырма жастан бастап ширек ғасыр Алқабек кен өнеркәсібінде ағаш даярлау шаруашылығында жұмыс істеді. 1935-1938 жылдары Куйбышев колхозында шопан болып істеді. Аға шопан қаһарлы қыста да, жыл сайын отарын шығынсыз бақты. 1945 жылы шопан жылдық жоспарын асыра орындағы. Досым Асановтың еңбегі бағаланып «Қызыл жұлдыз» және «Ленин» орденімен марапатталды. Аға шопан 1947 жылы отарындағы 517 саулықтан 648 қозы алды. Яғни әр жүз саулықтан 125 төл алған. Мал шаруашылығын өркендетудегі жоғарғы жетістігі үшін СССР Жоғарғы Советінің Бұйрығы бойынша Досым Асановқа «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілді. 1958 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, екінші рет «Ленин» орденімен, «Орак-Балға» алтын медалімен марапатталды. Досым Асанов қоғамдық саяси істерге де ат салысқан.

**Оекенов Нұратсалық** 1916 жылы Марқакөл ауданы Шанағаты аулында дүниеге келген. Еңбек жолын 1932 жылы «Бесінші бесжылдық» ұжымшарында Қатон-Қарағай ауданында бастады. 1943-1960 жылдары жылқы фермасының менгерушісі, ұжымшар тәрағасы, бөлімше менгерушісі қызметтерін аткарған. Ұлы Отан соғысы кезінде Нұратсалық Оекенов майданға аттанды. Басқыншы жаудан Отанын ерлікпен қорғады. 1943 жылы шайқас кезінде аяғынан қатты жаракат алғып, елге оралады. Елге келген Н. Оекенов жылқы фермасындағы өзінің сүйікті жұмысына қайта кірісті. 1947 жылы 114 биеден 114 құлын алғып жоғарғы көрсеткішке жетті. Нұратсалық Оекенов жылқы санын өсірудегі қажырлы еңбегі үшін, 1948 жылы 23 июльде «Социалистік Еңбек Ері» атағымен марапатталған. Нұратсалық Оекенов пен жұбайы Нагима Нұрсoltanқызы отбасында он бала тәрбиелеп өсірген бақытты жан ұя. Нагима Нұрсoltanқызы Батыр Ана. Халқының қадірлі азаматы Оекенов Нұратсалық 10 баланың әкесі, 37 немеренің атасы.



**Дәуітбаев Шәріп** Марқакөл ауданында Бұғымүйіз аулында 1924 жылы дүниеге келген. Еңбек жолын «Пограничник» колхозында бақташылық жұмысынан бастаған. Бұғымүйіз ауылы табиғаты әсем, әрі бай. Биік тау, қалың орман, жасыл бұталар мен жасыл шалғынды тау қойнауында орналасқан. Дәуітбаев Шәріп өзінің еңбектес достары Шоқақов Сартық, Оекенов Нұратсалық үшеуі қатар «Бұғымүйіз» колхозында қатар еңбек етті. Олар жылқыны Сырлытам, Бұғымүйіз сияқты шебі құнарлы, қысы жылы аймақтарға жайды. Дәуітбаев шәріп 1945 жылы 36 биеден 36 құлын алды. 1946 жылы 53 биеден 53 құлын алды. Ал 1947 жылы 114 биеден 114 құлын алды. Бұл өте жоғары көрсеткіш еді. Нағыз еңбек жеңісі. Дәуітбаев Шәріптің қажырлы еңбегін Отанымыз жоғары бағалап,

ССРР Жоғарғы Советі Президиумының Бүйрығы бойынша Социалистік Еңбек ері атағы берілді.

**Шоқақов Сартық** 1888 жылы Марқакөл ауданында Бұғымүйіз ауылында дүниеге келді. 1930-1957 жылға дейін «Пограничник» колхозында бакташы болып жұмыс істеді. Жастайынан жылқы малының сырын біліп есken жылқышының баққан малы қонды, әрі шығынсыз болды. Соғыс кезіндегі ауыр жылдарда Шоқақов Сартық 60 жастан асып кеткен адам еді. Ауылда азамат аз. Ер азаматтар түгел майданға аттанған кез. Шағын колхоздың жылқы санын өсіріп, көбейтуге тәжірибелі жылқышы қыруар жұмыс атқарды. 1947 жылы Шоқақов Сартық 59 биеден 59 құлын алғып, аман өсірді. Бұл қарт бақташының зор табысы еді. Сартық еліміздегі малшаруашылығы озаттарының қатарынан орын алды. Отанымыз қарт жылқышының еңбектегі жетістігін жоғары бағалап СССР Жоғарғы Советі Президиумының Бұйрығымен 1948 жылы 23 июльде Шоқақов Сартыққа «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілді. Қарт бақташы 1958 жылы Құрметті зейнетке шықты.



**Керейбаев Біләл** 1928 жылы Марқакөл ауданындағы Тақыр ауылында дүниеге келген. Біләл 12 жасынан көмекші шопан болып еңбекке араласты. Еңбек жолын «Свобода» колхозында (кейіннен Боран совхозы) бастады. Мал шаруашылығы, шопан еңбегі оның сүйікті кәсібіне айналды. Жарты ғасыр бойы шопан таяғы қолынан түспеді. Біләл – өз ісінің маманы болған азамат. 1962 жылы Б. Керейбаев әр 100 саулықтан 122 қозы алды. 1964 жылы көктемгі төлдің қорытындысы бойынша әр 100 саулықтан 144 қозы алғып, әр саулықтан 5 кг жұн қырқады. Б.Керейбаевтың қой шаруашылығын өркендетудегі қажырлы еңбегі жоғары бағаланып СССР Жоғарғы Советі Президиумының Бұйрығымен 1966 жылы 22 наурызда «Социалистік Еңбек Ері» атағымен марапатталған. Өзінің қой шаруашылығы саласында еңбек еткен жылдарында озат шопан мемлекетке 12000 қозы, 30000 кг жоғары сапалы биязы жұн тапсырған. Б.Керейбаев Шығыс-Қазақстан облыстық Советіне, Марқакөл аудандық еңбекшілер советіне депутат болып сайланды. Ардагер азаматтың аты зор құрметпен Қазақ ССР-ның Алтын кітабына жазылды.


**Ақтанов Сабырбек** 1937 жылы Марқакөл ауданы Тақыр ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын 16 жасынан бастаған. 4 жыл колхоздың түйесін бағады. 1957 жылдан бастап «Горный» совхозында аға шопан болып істейді. «Еңбек ер атандырады»- дәп халқымыз бекер айтпаған. Қой шаруашылығында қажырлы еңбегі «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалі, «Октябрь Революциясы» ордені, «ССРО халық шаруашылығы жетістіктері» күміс және кола медалдары, «Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне еңбектегі ерлігі үшін» медалі, «Ленин» ордені, IX, XI бесжылдықтың екпіндісі белгілерімен марапатталады. 1972-1973 жылы мал басын қыстан аман сактаған үшін «Таңдаулы шопан» атағын еншіледі. 1973-1974 жылдары социалистік жарыстың жеңімпазы болды. «Қазақ ССР-ның ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қызметкер атағын» алды. 1990 жылы ССРО Президентінің Указымен «Социалистік Еңбек Ері» атағын алды. Қазақ ССР-інің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қолынан «Еңбек Ерінің Алтын жүлдізы» мен «Ленин» орденімен марапатталды.



**Жайылмысов Сәкен Ұлтарақұлы** 1923 жылы Зайсан уезі, Архиповка ауылында дүниеге келеді. Жастайынан әке-шешеден жетім қалады. Ағаженгесінің қолында өседі. 1942 жылы Зайсан қаласынан соғысқа шақырылды. 1942 жылы 5 мамырда майданға аттанады. Отан соғысының отты күндерінде Ярославский облысын, Калинин, Харьков, Воронеж облыстарында болған ауыр шайқастарға қатысады. Чернигов облысында болған ұрыста Припяд өзенін фарсировать етуге көп күш жұмсалады. Өзеннің суы адам қанына боялып, қызыл қан болып ағады. Шығыс Пруссия, Брянский жерінде де ауыр шайқастар болды. Осы шайқастарда қатты жарақат алып, 1943 жылы қантардың 18 күні Малоархангельскидегі госпиталға түседі. 1947 жылы 4 акпанда елге оралады. 1947 жылы соғыстан аман-есен оралып, ауылда әр-түрлі жұмыс атқарады. Эйелі Закария екеуі 62 жыл тату –тәтті өмір сүрген, 13 бала тәрбиелеп өсірген, 23 немере, 8 шөбересінің қызығын көруде.

соғыстан аман-есен оралып, ауылда әр-түрлі жұмыс атқарады. Эйелі Закария екеуі 62 жыл тату –тәтті өмір сүрген, 13 бала тәрбиелеп өсірген, 23 немере, 8 шөбересінің қызығын көруде.

**Жолдығұлов Темірхан** 1890 жылы Зайсан уезі Бөкенбай өнірінде дүниеге келген. 1932 жылы Зайсан қаласында партия катарына өткен. Осы жылдары «Талапкер» колхозында егіс бригадирі болып істеген. 1940-1944 жылдары сиыр фермасының менгерушісі болды. 1944-1954 жылға дейін «Талапкер» колхозының қой фермасында менгеруші қызметін атқарды. Осы қажырлы еңбек жолында 1946 жылы қой санын 5 мыңнан 25 мыңға жеткізіп, ССРО Жоғарғы Кеңесінің Указымен «Еңбек Қызыл ту» орденімен марапатталды. Бірнеше бағалы сыйлықтармен, медалдардың иегері болды. Жолдығұлов Темірхан 1950 жылы Москвадағы «Бүкіл одактық ауылшаруашылық» көрмесіне облыстық жолдамамен қатысты. Мал шаруашылығын дамытудағы еңбегі ескеріліп, суреті Марқакөл аудандық құрмет тақтасына қойылды. 1954 жылы зейнеткерлікке шығып, ауылдың құрметті қариясы болып, 86 жасында дүниеден озды.



**Бижігітұлы Бидахмет (Бидаш)** 1901 жылы Қара Ертіс аймағындағы Жанды-Қарасу елді мекенінде дүниеге келген. Жанды – Қарасу ауылында 35-40 отбасы мекен еткен. Ауылда бастауыш мектеп болған. Экесі Бижігіт старшын болған адам. Ағасы Ақыбай би болған. Ескіше оқыған сауатты азаматтар екен. Бижігітұлы Бидаш 1936 жылы Хамзақызы Нұрсағиламен отбасын құрап, екі ұл, екі қыз өсірген. 1938 жылы Қаражал, Майқапшағай алтын өндірісінде жұмыс істеген. 1941 жылы майданға Ұлы Отан соғысына аттанады. 1943 жылы шайқас кезінде ауыр жаракат алып I топтағы соғыс мүгедегі ретінде елге оралады. Соғыстың ауыр жылдарында денсаулығы нашарлығына қарамай, колхоз шаруашылығына араласады. Көп жыл «Қазақстан» колхозында еңбек етті. Кейін

Қалжыр совхозында еңбек етіп, 1961 жылы зейнет демалысына шығады. Бижігітұлы Бидахмет 1984 жылы 11 марта «Отечественной Войны» I степени атты орденімен марапатталады, басқа да юбилейный медалдармен марапатталған. 1935-1936 жылдары елді жаппай сауаттандыру кезеңінде Хамзақызы Нұрсағила алғашқы білімді адамдардың катарында болып, сауат ашу мектебінде қызмет істеген.

мектептен алған алғашқы табысына, әкесі Хамзаға үй сатып бердім, дейтін еді өзінің естелігінде. Колхоз шаруашылығындағы қажырлы еңбектері үшін Марқакөл ауданы бойынша 6 әйел «Тылдағы ерең еңбегі» атты медалға иегер болады. Соның бірі Нұрсағила Хамзакызы. Бижігітұлы Бидахметпен жары Нұрсағила Хамзакызы тәрбиелі, өнегелі отбасы болды. Балаларын еңбек сүйгіштікке, адалдыққа баулыған. Ұлдары Бидашев Көкенай мен Бижігітов Жақсыбай елінің жоғары білімді, білікті, іскер азаматтары болды. Ел арасында кадірлі, Марқакөл өнірінен шыққан бірегей азаматтар.

**Малдыбаев Жақыпбек** 1907 жылы Қара Ертіс өзенінің он жағасында туған. Ол қазақ халқының тұнғыш әскери ұшқышы. Жақыпбек 1929 жылы арыз жазып, өзі тіленіп қызыл әскер қатарына алынды. Ақпан айында Түркменияның Мерв қаласына орналасқан Түркістан ерекше кавалериялық бригадасының 82-полкына әскери міндетін өтеуге келеді. 1932 жылы наурыз айында В.И.Ленин атындағы біріккен Орта Азия мектебінің кавалерия бөлімшесін взвод командирі дәрежесін алып, бітіріп шығады. 1933 жылы 1 қантарда СССР революциялық Әскери кенесінің №22 бұйрығымен ұшқыштар және ұшқыш-бақылаушылар даярлайтын 9-шы әскери мектебіне қабылданып, 1934 жылғы 24 шілдеде бітіреді. Орта Азия әскери округінің Сталинабад қаласындағы Свердлов атындағы 40-шы авиациялық отрядына аға ұшқыш-бақылаушы, сонымен қатар фото қызмет бастығы болып тағайындалады. 1938-ші жылы Москва қаласындағы Жуковский атындағы әскери-әуе академиясын сырттай оқып бітірген. Жақыпбек 1938 жылы көктемде Испания соғысына қатысып, одан аман сау еліне оралып келе жатқанда Ташкент қаласының маңында ұшақтың апатынан опат болады. Ол туралы Қазақстан ұлттық энциклопедиясында толық мағлұмат бар. Малдыбаев Жақыпбек атында Зайсан қаласында көше бар.




**Ыбыраев Зарықбай** 1921 жылы Зайсан ауданы Архат деген жерде Саржыра аулында дүниеге келген. 1939 жылы Зайсан қазақ орта мектебінің тұнғыш түлектерінің бірі. Орта мектепті үздік бітірген Ыбыраев Зарықбай Зайсан аудандық «Социалистік жол» газетінде жұмыс істей жүріп, өзінің алғашқы өлеңдерін жазады. 1939 жылы күзде әскерге шақырылады. Ұлы Отан соғысына қатысып, соғыстың ауыртпашилығын бастан кешірген ардагер. Рота комсоргі 3.Ыбыраев Румыния, Венгрия, Австрия жерін неміс фашистерінен азат етуге қатысқан. 1946 жылы майданнан елге оралады. 1949 жылы Абай атындағы қазақ



педагогика институтының тіл-әдебиет факультетіне оқуға түсіп, үздік дипломмен бітіреді. Кіші Қаратал мектебінің директоры қызметін атқарды. 1955 жылы Өскеменде Жамбыл атындағы мектеп-интернатқа директор болған. Қалалық Кеңес төрағасының орынбасары, Облыстық Кеңес атқару комитетінің хатшысы қызметінде істейді. Облыстық Кеңестің депутаты, Өскемен қалалық жоспарлау комиссияның төрағасы сияқты өте жауапты жұмысты атқарған. «Замана сазы» атты өлеңдер жинағы, «Алтайым, аскар асуым», «Өскемен оттары» публицистикалық толғауы жарық көрді. Зәкен – патриот ақын. Шығыстың құрмет тұтар тұлғалы азаматы. Бірнеше ордендар мен медалдардың иегері. Абзal әке, аяулы от басы Зәкен 1972 жылы небәрі 51 жасында өмірден озды. Зәкеннің жұбайы Зинат бұл күнде үбірлі-шұбірлі ана, немерелерінің әжесі.


**Мешелев Бұйткен Ақыбайұлы** 18 қантар 1924 жылы Зайсан ауданы Ақарал ауылында дүниеге келген. 1932 жылы Бесбұғы жеті жылдық мектебінің бірінші сыныбына барады. 1939 жылы Бесбұғы жеті жылдық мектебін бітіріп, Майғапшағай ауылындағы бастауыш мектепте мұғалім болып еңбек жолын бастайды. 1942 жылы 16 тамызда майданға аттанады. 1946 жылы елге оралады. 1946 жылы қыркүйек айында Ақбұлақ ауылында ұстаздық жолын жалғастырады. 1947 жылы Зайсан педучилищесіне түсіп, 1950 жылы атаулы оқу орынын бітірген. 1949-1955 жылдар Ашылы-Бұлақ бастауыш мектебінің менгерушісі қызметін атқарған. 1956 жылы «Теріскей – Бекенбай» бастауыш мектебіне ауыстырылады. Мешелов Бұйткен – үнемі ірі міндетті атқарып жүретін іскер азамат. Мектеп менгерушісінің тынымсыз еңбегінің арқасында 1956 жылы «Теріскей – Бекенбай» ауылында тұңғыш бір кластық, екі бөлмелі жаңа мектеп үйі салынды. Бұйткен Ақыбайұлы қоғамдық, саяси жұмыстарға белсене араласқан білімді, парасатты азамат болған. 1984 жылы зейнетке шығады. Ол – соғыс және еңбек ардагері, қадірлі әке, қайратты отбасы. Бұйткен Ақыбайұлы 9 баланың әкесі, немерелерінің ардақты атасы болды.





**Карменов Қабду** 1917 жылы Семей губерниясы, Зайсан уезі, Қалжыр болысы №1 ауылында (Тақыр) дүниеге келген. 1935 жылы Зайсан қаласындағы қазак орта мектебінің 7 классын бітіріп, Батпак-Бұлақ алтын өндірісінде сауат ашу мектебінде мұғалім болады. 1940 жылы Зайсан қаласындағы педучилишеге оқуға түседі. Әскерге шақырылады. Соғыстан оралғаннан кейін, 1946 жылы сол педучилищені сырттай оқып бітіріп, 1945-1960 жылға дейін Марқакөл ауданының бастауыш мектептерінде мұғалім, мектеп менгерушісі, қоғамдық негізде бастауыш партия үйімінің хатшысы қызметтерін атқарады. 1960 жылдан 1977 жылға дейін Марқакөл ауданы Боран совхозы Жыракұдық бөлімшесінде менгеруші болып істеген. 1977 жылы облыстық дәрежедегі зейнеткерлікке шығады. Бірінші дәрежелі «Отан соғысы» ордені, «Ленин» ордені, «Құрмет белгісі» ордендері және бірнеше медальдармен марапатталған. К.Карменовқа «Қазақ ССР-нің еңбек сінірген ауыл шаруашылығы қызметкери» құрметті атағы берілген.

Ұлағатты ұстаз **Омаров Қалихан Ибраимұлы** 1936 жылы Марқакөл ауданы, Жаңа-Ауыл ауылында дүниеге келген. Қалихан Омаров осынау саналы ғұмырында талай үрпакқа білім берді. Бойындағы қабілетімен, өмірден жинаған тәжірибесімен талай жас маманға үлгі болды. Аудандық, облыстық семинар-кенестерде жасаған баяндамалары бірнеше рет жақсы бағаланып, жүлдегер атанды. Қалихан Омаров өнегелі өмірінде ұстаздық, басшылық қызметімен қоса журналистика саласында да біраз қалам тербегенін атап өтуге тиіспіз. Қай кезде де үйымдастыруышылық қызметтің шебер үлгілерін көрсеткен ұстаздың еңбекі ескеріліп аудандық, облыстық оку бөлімдерінің құрмет грамоталарымен талай мәрте марапатталған. «Тың және тыңайған жерлерді игеру» медалімен, екі мәрте «Социалистік жарыстың женімпазы», «Құрмет белгісі», «Еңбек ардагері» медалінің иегері. Қалихан Ибраимұлы Қаскелен ауданы, Каменка ауылындағы Бердібек Соқпақбаев мектебінде 2002 жылдары қызмет етеді. Жолдасы Рузада Нұрабайқызы да ұстаздық қызмет аткарған, еңбек ардагері, халық ағарту ісінің озық қызметкери. Қос ұстаздың отбасында дүниеге келген екі ұл мен екі қыз бүгінде белді-белді маман иелері.





Тұрғанбаев Мамырбек 1931 жылы Марқақөл ауданының Жаңа-Ауыл ауылында дүниеге келген. 1947 жылы Жаңа-Ауыл жеті жылдық мектебін мақтау грамотасымен бітіріп, Зайсандағы педучилищеге емтихансыз қабылданады. 1950 жылы педучилищені үздік дипломмен бітіріп, туған ауылына оралады. Мамырбектің ұстаздық жолы 1950 жылдан басталды. 1960 жылы аудандық оқу бөлімінің инспекторлық қызметін атқарды. Құмаш Нұргалиев басқарған Боран орта мектебінде алты жыл оқу ісінің менгерушісі болды. М.Тұрғанбаев сияқты ұстаз-басшының айтары да көп, қаламы да қарымды. Мамырбектің мақалалары «Мектеп, отбасы, жұртшылық», «Мектеп өмірі», «Әдістемелік кеңес», «Ұстаз мінбесі» айдарымен аудандық «Шамшырак», облыстық «Коммунизм туы», «Дидар»

газеттерінде жарияланып отырды. ҚазПи-ді үздік бағамен бітіреді. «Халық ағарту ісінің озаты» атағының иегері. Аудан басшылығы М. Тұрғанбаевты Қазақстан 8 жылдық мектебіне директорлық қызметке жібереді. Мамырбек Тұрғанбаев осы мектепті сегіз жыл басқарып, құрметпен зейнеткерлікке шықты. Замандастарының жүргегінен терең орын алғып, ризашылық сезімге бөленген ардагер азамат.

Матаев Төлеубек Сейітұлы 1935 жылы Марқақөл ауданы Қызылашы ауылында дүниеге келген. Архиповка бастауыш мектебіне түсіп, 1956 жылы Алексеевка орта мектебін бітірген. Сол жылы Приречный жетіжылдық мектебінде мұғалім болып қызмет атқарған. 1958 жылы Қайнарлы мектебінде мұғалім болып қызмет істейді. 1958 жылы Алматыдағы Әль-Фараби атындағы университетінің «Тіл, әдебиет» факультетіне сырттай түсіп, 1959 жылы бітірген. 1966 жылы Рождественка орталau мектебінің директоры болып тағайындалды. 1971 жылы Қайнарлы орталau мектебінің директоры қызметін атқарды. 1997 жылға дейін осы мектепте қызмет істеген. 1995 жылы зейнеткерлікке шықкан. Халық ағарту саласында сінірген қажырлы енбегі үшін «Халық ағарту ісінің үздігі», «Тәуелсіздіктің он жылдығы», «Тыл» орденімен марапатталған. Матаев Төлеубек бұл күнде ел құрметіне бөленген, кадырлі азамат, ауыл ағасы.





**Аманжолов Құмарғали Сарыұлы** 1931 жылы Марқакөл ауданы Ақжайлау ауылында дүниеге келген. 1942-1957 жылға дейін колхозда жұмыс істеген. Аманжолов Құмарғали атақты шопан болған. 1966 жылдың 22 наурызында социалистік құрылым саласындағы ерекше еңбегі үшін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. 1972 жылы «Коммунистік еңбек екпіндісі» куәлігіне иегер болды. 1972 жылы «Мал шаруашылығының бірінші класс шебері» атағын алды. Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының астанасы Москва каласында «Халық шаруашылығындағы жетістіктері үшін» 1973 жылы 2 қола медальмен марапатталды. 1973 жылы 6 қыркүйекте КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиум жарлығымен «Ленин» орденімен марапатталды. 1974, 1978, 1979 жылды КПСС оргалық комитеті және КСРО Министрлер советінің жарлығымен «Социалистік жарыс жеңімпазы» атағын жеңіп алды. 1989 жылы «Еңбек ардагері» атанды. 2005 жылы Аманжолов Құмарғалиға «Тыл Еңбек ері» атағы берілді.

**Әкем Қайролда Нәзірұлы** қазіргі Марқакөл ауданы, Қалжар ауылында дүниеге келеді. Бір әкеден жалғыз бала болған. Әкем сауатты, сөзге шешен, пысық, қызметке қабілетті болған адам еken, «Талапкер», «Тегістік» ауылдарында ауылдық кеңестің бастығы болып қызмет істеген, Өз уақытының білімді – сауатты азаматы болған. 1942 жылды әкем Қайролда Ұлы Отан соғысына кеткенін еміс-еміс білемін. Содан ақырғы рет «Чкалов» жерінен хат алдық. Бұл 1944 жылдың аяғы еді. Әкем соғыстан оралмады.

Екі баласы болған. Ұлы Көкен (Көкпекті), қызы Лаура. Лаура бүгінде Боран ауылында тұрады. Ұлы Көкен және Қайролда Нәзірұлының немерелері Құмар, Сәкен, Ахмет Өскемен каласында тұрады.

(Баласы Көкпекті Қайролдаұлының естелігі)



## МАРКА ӨРЕНДЕРІ



**Темірханов Базкен Темірханұлы** 1936 жылы Марқақөл ауданы Тақыр ауылында дүниеге келген. 1954-1955 жылы Б.И.Ленин атындағы он жылдық орта мектепті бітіреді. 1956-1957 жылы «Сталин» колхозында есепші болып істейді. 1957 жылы 10 қантар айында Мешелова Макенмен семья құрады. 1962 жылы Қалжыр совхозындағы комсомол үйымының хатшысы болып істеді. 1968 жылдан бастап совхоз бөлімшесі басқарушысы қызметін атқарған. 1970-1972 жылы Талды-Корған зооветтехникумын үздік бітіреді. Қалжыр совхоз директорының орынбасары қызметін істеп, 1996 жылы еңбек демалысына шыққан. Ауыл шаруашылығын дамытудағы қажырлы еңбек жолында «Ленин» юбилейлік медалімен, облыстық құрмет грамотасы, бағалы сыйлықтармен марапатталған. Базкен Темірханұлы халықта сыйлы, ауылдың қадірменді азаматы, балалары мен немелерінің қызығын көріп отырған отбасы. Ұлдары мен қыздары жоғары білімді маман иелері.

**Қожанов Кеңесхан Нұрғалиұлы** 1940 жылы Марқақөл ауданы Тақыр ауылында дүниеге келді. 1957 жылы орта мектепті, 1967 жылы Семейдің зоотехникалық-малдәрігерлік институтын үздік бағамен бітіріп, ассистенттен профессор дәрежесіне жетті. 1996 жылы докторлық диссертациясын қорғады.

Кеңесхан Нұрғали қоғамдық жұмысқа үзбей қатысады, институттың ғылыми бөлімінің проректоры болып жұмыс істеген. Қазіргі уақытта ол факультеттің, университеттің ғылыми Кеңестерінің, сонымен қоса Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғайтын арнайы Д. 18.01.01 ғылыми Кеңесінің мүшесі. Кеңесхан Нұрғалиұлы – өзінің еңбеккорлығын, жауапкершілігін және үйымдастыру қабілеттігін таныта білген ғалым. Бір ұлы, бір қызының аяулы экесі, төрт немересінің, бір шөбересінің атасы.







Нұғыманов Куанғали Шұлғаубайұлы 1936 жылы Марқакөл ауданы Алқабек өндірісінде дүниеге келген. Шығыс Қазақстан облысы азаматтарының арасында бұрынғы Марқакөл ауданының тумасы – ішкі істер қызметінің запастағы полковнігі Куанғали Шұлғаубайұлы Нұғымановтың есімін білмейтін адамдар кемде кем. Марқакөлдіктер Куанғали Шұлғаубайұлын өз жерінен шыққан тұңғыш полковник деп қана емес, еліне, халқына адал қызмет етудін, принциптілік пен тазалықтың үлгісі деп таниды және сол үшін ардагер азаматты мақтан етеді. 1955 жылы Алексеевка орта мектебін тәмамдаған. Одан соң Совет Армиясы қатарына шақырылады. Куанғали әскери қызметін Өзбек ССР-інің Шыршық қаласында орналасқан 65229

әскери бөлімде өтеді. Жасынан тәртіпті де, еңбек сүйгіш, әкениң темір тәртібімен өскен Куанғали Нұғманов осы әскери бөлімде қызмет еткен жылдары жауынгерлік және саяси дайындықтың үздігі атанды. Командованиенің бүйрығымен оған «Совет Армиясы қарулы күштерінің үздігі» белгісі тапсырылды, Өзбек ССР ЛКСМ Орталық комитетінің Құрмет грамотасымен наградталды. 1958 жылы командованиенің бүйрығымен Куанғали Нұғмановтың есімі еліміздің әуе күштеріне қарсы қорғаныстың 100-ші авиациялық дивизиясы 149-шы Гвардиялық жойғыш полкінің Құрмет Кітабына енгізілді. Совет Армиясы қатарынан абыраймен оралған Куанғали автоклуб менгерушісі болып жұмыс істейді. 1959 жылы Марқакөл аудандық комсомол комитетінің бюросының шешімімен ішкі істер органдарына жұмысқа жіберіліп, Марқакөл аудандық милиция бөліміне участекілік уәкіл болып тағайындалады. Міне осыдан бастап жасынан адал, әділ, еңбеккөр жігіттің тасы өрге домалап ала жөнеледі. Оперативтік қызметте әбден төселип, тәжірибе жинақтаған кезде 1974 жылы Куанғали Шұлғаубайұлы Шығыс Қазақстан облыстық ішкі істер басқармасының орынбасары қызметіне тағайындалады. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін бітіріп, зангер құқықтанушы мамандығын алады. Куанғалиға жүктелген міндет құпия жұмыстарды жүргізу, қылмыстарды іздеу, және ол істерді қылмысты іс қозғауға жеткізу және тергеушілерге қылмысты істерді тексергенде көмектесу болатын. Бөлімнің бастығы полковник Черников өте білімді, мәдениетті, білікті зангер екен. Ол алғашқы танысу кезінде-ақ Куанғалиға бөлімде орын алған кемшіліктерді жасырмай айтып берді. – Біздің бөлімде Алматыдағы бас басқарманың бақылауында тұрған екі үлкен іс бар. Осы істер, міне, үш-төрт жылдан бері белгісіз себептермен аяғына дейін жеткізілмей жатыр. Іс жүргізе бастасақ құдіктілер біліп қояды. Менің ойымша, біздің бөлімшеде не солардың

туыстары бар, не біреулер ақша үшін оларға қызмет істеп жүр. Осы бақылаудағы күжаттарды жақсылап оқып шығып, өз ойынды айт, - дейді Черников. Бір айдан кейін бөлім бастығының қабылдауына кіріп, бұл істерде орын алған табыстар мен кемшіліктерді реттеп айта келе: - Менің ойымша да біздің бөлімде осы күдіктілердің адамы бар сияқты, - деген өз жорамалын білдірді. Екінші іс облыстық тұтынушылар одағына құрылыш жұмыстарын жүргізетін «Казкоопстроймонтаж» тресінің басқарушысы Тернопольскийге қатысты болған. Одан кейін екі жыл бойы үздіксіз жұмыс істеп, әлгілердің талай-талай қылмыстық әрекеттері қағаздалады. Облыстық бақылау-тексеру басқармасының ең таңдаулы ревизорларына тексертіп, облыстық тергеу бөлімінің ең тәжірибелі тергеушісі майор Колпакова Н.В. көмегімен екі қылмыстық іс қозғап, сотқа жібереді. Сол заманың аса ауыр қылмыстары деп саналған бұл істерді Шығыс Қазақстан облыстық сотының ең тәжірибелі деген судьялары қарап, екі іс бойынша 30 дан астам мамандар мен бірінші басшысы үлкен мерзімге сотталады. Осы қызметте жүргенде Куанғали Саратов қаласына білгір қызметкерлердің Одақтық құрылтайына қатысады. ҚССРО Ішкі Істер Министрі қатысқан сол құрылтайда Куанғали Шұлғаубайұлы экономика саласында болатын жасырын қылмыстарды ашу тәсілдері туралы тәжірибесін ортаға салады. Сөйтіп Министрдің қолынан мақтау грамотасын алып қайтады. 1980 жылы Өскемен қаласы Үлбі аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы болып тағайындалып, 6 жыл басшылық қызметте болады. Ол басқарып тұрған кезде Үлбі аудандық ішкі істер бөлімі неше мәрте облыстық атқару комитетінің Ауыспалы Қызыл туы мен бірнеше ақшалай сыйлығын еншілеген. Осы жылдары Үлбі аудандық ішкі істер бөлімінің көптеген салалық қызметтерінің қызметкерлері өздерінің кәсіптік деңгейлері, жоғары деңгейлі мамандарға айналды. Куанғали Шұлғаубайұлының мектебінен өткен көптеген азаматтар қызмет бабында көтеріліп, облыстық ішкі іскер басқармасына басшылық қызметке жоғарылатылды. Куанғали сол жылдары ішкі істер органдарында қызмет істеген Марқакөл өнірінің көптеген азаматтарының қызмет бабында өсуіне көмек пен қолдау жасап, шарапатын тигізді. Куанғалидан тәлім-тәрбие алып, соның қол астында істеген кейбір азаматтар Мәскеу, Барнаул ішкі істер басқармасында басшылық қызметтерде болды. Куанғали Шұлғаубайұлының ішкі істер саласындағы қажырлы еңбегі үшін «Қазақ ССР Ішкі Істер Министрлігіндегі мінсіз қызметі» үшін медалінің толық үш дәрежесінін, «Милиция үздігі» белгісінің иегері атанған. «Лениннің туғанына 100 жыл толуына» орай, «Ерлік еңбегі үшін», «Совет милициясының 50 - жылдығы», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Женістің 60 жылдығы», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған. Үлкен ұлы Нұрлан, Шығыс Қазақстан облысының милиция органдарында жұмыс істеді, шені подполковник. Ләйла атты қызы Санкт-Петербург қаласында бір мекемеде экономист. Екінші қызы Элия зангер, Министерство истуцияда қызмет істейді. Куанғали мен Құлсара бес немере сүйіп отырған, берекелі отбасы.


**Қизатов Төлеген** 1941 жылы 18 мамырда Марқакөл ауданының Талапкер ауылында дүниеге келген. 1948 жылы Такыр бастауыш мектебінің 1-сыныбына барады. 1958 жылы Жаңа-Ауыл орта мектебін бітіреді. Төлеген Қизатов 1956 жылы Қазақ Мемлекеттік ауылшаруашылық институтын тәмамдаған. Қизатов Төлеген еңбек жолын 1956 жылы «Қалжыр» кеншарында экономист қызметінен бастады. 1967-1971 жылғы дейін «Қалжыр» кеншарында бас агроном қызметін атқарады. 1971 жылдан - 1975 жылға дейін «Марқакөл» кеншарының директоры қызметін атқарады. 1975 жылы қыркүйек айынан, 1980 жылға дейін райком партияның ұйымдастыру бөлімінде нұсқаушы қызметін атқарады. 1980 жылдың тамыз айында Марқакөл аудандық ауылшаруашылық басқармасының бас агрономы қызметіне жіберледі. 1982 жылы аудандық ауылшаруашылық басқармасының бастығы қызметіне тағайындалады. Қизатов Төлеген жұмыстың барлық саласында білімді, білікті, іскер маман екендігін көрсете білді. Саяси сауатты, өзіне де, өзгеге де жоғары талап коя білетін басшы ретінде танылады. Ауылшаруашылық саласында өзіне тапсырылған міндеттерді дұрыс әрі тиянақты атқарған, үлкен тәжірибелі, білгір ұйымдастырушы ретінде танылып, қажырлы еңбегі бағаланып, 1975 жылы «Ебек Қызыл ту» орденімен марапатталды. Қизатов Төлеген – замандастарының журегінен терең орын алған ардагер азамат. Жолдасы Исина Қазигул екеуі төрт бала есірген өнегелі отбасы. Төлегеннің ұлдары – жоғары білімді мамандар.



**Ризабек Ермантайұлы** 1938 жылы Марқакөл ауданы Жаңа-Ауыл ауылында дүниеге келген. 1956 жылы Семей қаласындағы педагогикалық училищесін бітіріп, Марқакөл ауданы Рождественка ауылындағы мектепте мұғалім болады. 1965 жылы Қазақстан Компартиясының Марқакөл аудандық комитетінің инструкторы қызметіне шақырылады, одан соң аудандық халық ағарту бөлімінде мектеп инспекторы қызметін атқарады. Ризабек Ермантайұлы Мәскеу қаласындағы 6 жылдық Кәсіподак ұйымының Бүкілодақтық Жоғары Мектебіне түсіп, экономист мамандығын менгереді. Боран совхозында жұмысшы комитетінің председателі, партия комитетінің хатшысы, халық депутаттарының селолық Кенесінің атқару комитетінің

председателі қызметтерін атқарған. 1994 жылы жейнеткерлікке шыққанға дейін Өскемен қалалық жұмыспен қамту орталығында бас маман – мемлекеттік инспектор қызметін абыраймен атқарды. Ризабек Ерментайұлы мен жұбайы Күлзада Мұктарқызы бес бала тәрбиелеп жеткізді. Ұл-қыздары өмірде өз орындарын тауып, әр түрлі салаларда еңбек етеді. Қазір Ризабек Ерментайұлы немере-жиендерінің қызығын тамашалап отырған қадірлі азамат еді. Ризабек Ерментайұлы 2009 жылы дүниeden озды.

**Қабдешев Қалиғумар Қабдешұлы** 1940 жылы Марқакөл ауданының «Қазақстан» ауылында дүниеге келген. 1957 ж. Жаңа-Ауыл орта мектебін тәмамдаған. Жоғарғы білімді – журналист. Алматыдағы Республика орталық партия комитетінің жаңындағы жоғарғы партия мектебінің «Журналистика» факультетін бітірген. 1966 жылдан бастап Марқакөл ауданының «Маяк», «Шамшырак» газетінің фототілшісі болған. Облыстың, республикалық газет-журнал баспасында танымал фото тілші. 1974 жылдан Қазақстан Журналистер одағы жаңындағы «Журналист» көркем сурет фотостудиясында фототілші қызметін атқарды. Д. Коневтың қасында фототілшісі болып, қыруар еңбек еткен. 1969 ж. СССР Журналистер Одағының мүшесі. 1983 ж. Халықаралық Журналистер Одағының мүшесі КазТАГ пен АПН штаттан тыс фототілшісі. 1975 жылдан бастап Алматыда, Москвада еткен Республикалық, Одактық, Халықаралық фотокөрмелерге қатысып, күміс және қола медальдарының иегері атанды. 1984 жылы Халықаралық «Достық» қоғамы арқылы ұйымдастырылған авторлық түрлітүсті көркем сурет көрмесін Индия, Цейлон мемлекеттерінде және Болгария, Румыния, Чехословакия республикаларында болып, қазақ халқының табиғаты мен жетістіктерін Азия, Европа, Америка, Жапония елдеріне таныстырды. 1985 жылы Москва қаласында еткен, дүниежүзілік жастар фестивалінің дипломаты. Қазақфильм киностудиясының жаңындағы диофильм өндірісінен шыққан «Алматы менің астанам», «Алғашқы ұстаз», «Туған елімнің табиғаты» т.б. 10 диофильмнің авторы. М. Әузов атындағы академиялық драма театры арқылы баспадан жарық көрген «СССР халық әртістері» атты кітаптың және 50-ден астам спектакельдер бойынша жасалған үш кітаптың авторы. Қазақтың өнер қайраткерлері А. Әшімов, Ә. Мамбеттов, Д. Жолжақсыновтың творчествалық ізі бойынша фотоальбомдар шығарған. Марқа өнірінің ардагер ұстазы Құмаш Нұрғалиевтің 70 жылдық Мерей тойына арналған кітаптың суреттерінің авторы. Қалиғумардың шығармашылық өнері халықта кең танымал азамат.





**Бидашев Көкенай Бидахметұлы** 1945 жылы Марқакөл ауданы Қазақстан ауылында дүниеге келген. 1954 жылы Қазақстан ауылындағы бастауыш мектептің 1-ші сыныбына барды. 1965 жылы Боран орта мектебінен 11 сыныпты бітіріп орта білім аттестатын алды. 1964 жылы Алматы қаласындағы ауылшаруашылық институтының механика факультетіне түсіп, 1969 жылы инженер-механик мамандығын алады. Бидашев Көкенай еңбек жолын Қалжыр кеншерында МТМ менгерушісі қызметінен бастайды. Өзіне тапсырылған шаруашылықтағы әр іске тиянақтылығы мен іскерлігін танытқан жас маманның жұмысқа деген қабылетін көре білген аудандық партия комитеті Көкенай Бидашевті 1971 жылы Марқакөл аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы, 1972 жылы бірінші

хатшысы қызметіне ұсынады. Көкенай Бидашұлы аудан жастарын Марқакөл ауданының өзекті мәселелерін шешу жолында бағыттай отырып, белсенді қызмет атқарды. Ауданымыздың экономикасын дамытуға жастарды жұмылдыра отырып, лайықты үлес қости. 1973 жылы аудандық Ауыл-шаруашылығы басқармасының бас-инженері қызметіне ауыстырады. Еңбек сүйгіш жас маман аудан кеншарларындағы шаруашылық салаларын толығымен механикаландыру жолында да қыруар еңбек сіңірді. 1979 жылы аудандық партия комитеті Көкенай Бидашұлын аудандағы ең шалғай, шаруашылығы артта қалған Қаба совхозының директоры қызметіне жібереді, осы кеншарда сегіз жыл қызмет жасайды. Қаба кеншары он бірінші бесжылдықтың қорытындысы бойынша облыс кеншарларының ішінде жеңімпазы танылып, сол кездегі ЦК КПСС бас хатшысы Л.И.Брежnevтің қолымен «Облыстық социалистік жарыстың жеңімпазы» деген атақпен марапатталады. 1987 жылы партия Бидашев Көкенайды аудандағы ең үлкен шаруашылық Боран кеншарының директоры қызметіне тағайындалды. Тәжірибелі маман бұл кеншардың шаруашылығын дұрыс жолға қойып, оң шешемін таба біледі. Осы мерзімде барша Марқакөлдіктердің басына келген нәубет жер сілкінумен жалғасады. Ұйымдастыру жұмыстарының тетіктерін жетік менгерген тәжірибелі маман ретінде, жер сілкінудің залалдарын қысқа мерзімде жою мақсатымен 1990 жылы аудан коммунистері Бидашев Көкенайды аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы етіп сайлады. Республиканың және Шығыс Қазақстан облысының ұжымдарының қызу қолдауымен марқакөлдік азаматтар 2 жылдың ішінде зілзаланың басты шығындарын орнына келтіре білді. Бидашев Көкенай 1991 жылы Марқакөл ауданының әкімі қызметіне тағайындалды. 1994 жылдан бастап Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында қызмет атқарды. 1995 жылы ОРС (отдел рабочего снабжения) бөлімінің бөлім бастығы болып тағайындалды. 1998 жылдан бастап Алматы қаласының аппаратында еki

департаменттерінде қызмет атқарды. Бұғанде Көкенай Бидашұлы зейнеткер. Адал еңбегінің жемісін көріп отырған, халық алғысына бөлөнген парасатты азамат. Бір ұлы, екі қызы, үш немері бар бақытты от басы.

**Бижігітов Жақсыбай Бидахметұлы** 1948 жылы Марқакөл ауданы Қазақстан ауылында дүниеге келген. 1967 жылы Семей мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетіне түсіп, 1973 жылы осы аталған жоғары окуорынын тәмамдаған. Өзінің еңбек жолын Марқакөл аудандық емханасының терапевт-кардиолог дәрігерліктен бастап, 1977 жылы Марқакөл ауданының бас дәрігердің орынбасарлық жұмысына ауыстырылады. 1982 жылы ШКО Марқакөл орталық аудандық ауруханасының бас дәрігері қызметіне тағайындалады. 1989 жылы Байқоңыр Космодромы Ленинск қаласына бас дәрігерлікке қызметі жоғарлайды. 1990 жылы Ленинск қалалық дәрігерлік бірлестіктің директоры болып тағайындалады. 1995 жылдан бері осы уақытқа дейін Алматы қаласында қалалық №8 емхананың және Алмалы ауданының бас дәрігері болып жұмыс істейді. Қазан, Алматы, Ленинград, Киев, Мәскеу және АҚШ-ында денсаулықты сақтауды ұйымдастыру мәселесі жөнінде ез білімін жетілдіріп отырған. 2005 жылы «Алматы қаласының тұрғындарына ревматологиялық көмек көрсетудің жаңа көзқарастары» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, медицинағының кандидаты атағының иегері. Дүниежүзілік басылымдар және халықаралық конференцияларда 30-дан артықғының мүшесі және Орта-Азиялық ревматология дәрігерлерінің үйіндестірушысы. Бижігітов Жақсыбай медицина саласындағы қажырлы еңбек жолында «Құрмет» ордені, «Пирогов атындағы», «Байқоңыр космодромын игеруге 30 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл», СССР, Қазақстан Республикасының «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» медалдары және «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» деген құрмет атағымен марапатталады. Бижігітов Жақсыбай Бидахметұлы кафедра менгерушісі, ҚМУ-нің доценті, бас дәрігер, денсаулық сақтау ісінің үздігі, «Құрмет» орденінің иегері, 2010 жылы медицинағының докторы атағының иегері, екі баласының куанышына, төрт немересінің қызығына бөлөніп отырған абзал әке, қадірлі ата.



**Темірханов Элібек Қинаятұлы** 1946 жылы Марқакөл ауданының Такыр ауылында дүниеге келген. 1954 жылы Қалжыр аулындағы бастауыш мектебінің І-ші сыныпқа барды. 1965 жылы Боран орта мектебінен 11 сыныпты бітіріп



орта білім аттестатын алды. 1966-1969 жылдары Совет Одағының Армия қатарында болды. 1973-2009 жылдар аралығында Улбі Металлургия зауытында жұмыс жасады. Осы 36 жыл қажырлы еңбек жолында көптеген дәрежеге ие болды. 1975, 1977, 1979 жылдары «Социалистік еңбек женімпазы» деген кеуде белгілерімен, 1980 жылы «Х-шы бесжылдық женімпазы», 1982 жылы «ХІ-ші бесжылдық женімпазы», 1981 жылы III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен марапатталды. 1996 жылы Улбі металлургия зауытының «Құрметті еңбек ардагері» деген атағы берілді. 2007 жылы «Қазақстан Республикасының атом саласының еңбек сінірген қызметкері» - I-ші дәрежелі «Алтын белгі» кеуде белгісімен марапатталды. Темірханов Әлібек Қинаятұлы казір қажырлы еңбегінің жемісін көріп, бір ұл, екі қыз тәрбиелеп өсіріп, балаларының бәріне жоғары білім беріп, төрт немере сүйіп, еңбегінің жемісін көріп отырған азамат.

**Тұменбаев Танатқан Қалибекұлы** 1953 Марқакөл ауданы Шанақатты ауылында дүниеге келді. 1969 жылы Орловкадағы 8 жылдық мектепті тәмамдап, Әскемен қаласындағы ауылшаруашылық техникумына түсті. 1973 жылы Кеңес Одағының Әскери Қарулы Күштеріне әскер қатарына шақырылды. 1975 жылы Әскемен педагогикалық институтының филология факультетінің дайындық курсына түсті. 1978-1982 жылы Төсқайың орта мектебінде ұстаздық қызметте, 1982-1998 жылдар аралығында Большенарм ауданында Юбилейный ауылында мектеп директоры қызметін атқарды. 1998 жылдан қазіргі уақытқа дейін О.Бекей атындағы №44 мектеп-лицейінде директорлық қызмет атқаруда. 1999-2007 жылдары қалалық маслихатқа 2 рет қатарынан депутат болып сайланып, қызмет атқарды. Халық ағарту саласында сінірген қажырлы еңбекі бағаланып, 1996 жылы Қазақстан Республикасының «Білім озаты» белгісі, 2001 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» медалі, «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» медалі, 2006 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен, ШКО «Ақсақалдар алқасы» кеуде белгісімен марапатталды. Тұменбаев Танатқан ел құрметіне бөлөнген, қадырлі, іскер азамат.





**Омаров Қадылбек Оралханұлы** 1942 жылы Марқакөл ауданы Ақбұлақ ауылында дүниеге келген. Мектепті үздік бітіріп, Харьков қаласындағы Политехникалық институтқа түсіп, 1968 жылы бітірген. 1968-1970 жылдары Алматыда Республикалық Автотранспорт министрлігінде ремзаводтар жұмысын бақылаушы бас маман болып қызмет атқарды. 1973 жылы өзі тұган өлкесі – Марқакөл ауылына оралып, аудандық партия комитетінің нұсқаушысы болып, кейіннен кәсіптік техникалық училищесінің директоры қызметін 1977 жылға дейін атқарады. 1977 жылы Алматы қаласындағы АРЗ-1 зауатында директор болып тағайындалып, 1983 жылға дейін қызметте болады. 1983-1992 жылдары Алматы қалалық автоуправлениесінің снабжение бастыры, қалалық транспорт кәсіподагының төрағасы қызметін атқарады. 1992 жылдан жеке кәсіпкер. Қадылбек Оралханұлы қай қызмет саласында істесе де өзінің іскерлігімен, талапшыл әділдігімен танылды. Еңбек жолында жұртшылыққа сыйлы басшы болған. Ел-жұртқа жарасымды жанұя танылып, өзгелерге өнегелі өмірімен ордалы отбасының отағасы атанған.

**Найманова Файша Ұлсқакқызы** запастағы милиция подполковнігі. Марқакөл ауданы Ақжайлау ауылында 1945 жылы өмірге келген. Әкесі Шурбанов Ұлсқақ шешесі Сомбаева Құлзиға колхоз шаруашылығында еңбек еткен. Зайсан ауданында туып-өсken адамдар. Найманова Файша 1961 жылы Теректі ауылындағы қазақ орта мектебінің 8-ші сыныбын бітіреді. 1961 жылы Өскемен қаласындағы «Торгово-кулинарное» училищесіне оқуға түседі. 1963 жылы училищені бітіріп, Теректі ауылында асханада жұмыс істейді. 1964 жылы Өскемен қаласына қайта оралып, қалалық милиция бөліміне қызметкे орналасады. Әлі де білімін жалғастыруды мақсат еткен талапты жас қыз, кешкі мектептен 11-сыныпты бітіреді. Сол жылы Алматы қаласындағы «Қазақ мемлекеттік университетіне» түседі. Университеттің заң факультетін оқып бітірген жас маман облыстық ішкі істер басқармасына офицерлік қызметке ауысады.



1974 жылы партия қатарына өтеді. Зангер маман Найманова Гайша облыстық милиция бөлімінде инспекторлық қызметтен бастап, паспорт-виза бөлімінің орынбасары дәрежесіндегі қызметтерді аткарады. Гайша Ысқақзызының әскери лауазымы кіші сержанттан бастап подполковник шеңіне дейін өседі. Аталған бөлімдерде 25 жыл қызмет атқарған. Қажырлы еңбегінің нәтижесінде, еңбегі бағаланып, көптеген алғыстар, грамоталар, медальдармен марапатталған. Бұл күнде зейнет демалысындағы қадірлі Найманова Гайша барлық туыстарының, марқакөлдіктердің, қазақ бауырларының бақытты болуына тілектестігін білдіреді. Гайша – халқының сыйлы, іскер, парасатты азаматшасы.



**Нәзбиева Сәуле Зақанқызы** 1958 жылы Марқақөл ауданы Боран ауылында дүниеге келген. Жастайынан зерек, алғыр боп өсken Сәуле 1975 жылы орта мектепті үздік тәмамдап, 1975-1976 жылдары Марқақөл ауданы Қараашлік орта мектебінде орыс және неміс тілдерінің мұғалімі болып алғашқы еңбек жолын бастаған. 1976 жылы Өскемен педагогикалық институтына түсіп, аталған оқу орнын 1981 жылы үздік бітіріп, орыс тілі мен әдебиеті пәннің мамандығын алып шықты. 1982 жылы ШҚО ПБ Үлбі аудандық ішкі істер бөлімінің төлкүжат рәсімдеу қызметіне орналасып, кейіннен 1983 жылы ШҚО ішкі істер органдына қызметке қабылданды. Зангер қызметінің қыр-сырын жетік менгеру мақсатында 1993-1996 жылдары Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде білім алды. Ишкі істер қызметінде сержант шеңінен бастап полковник шеңіне дейін көтерілді. Сәуле Зақанқызы өмірінің соңғы жылдары ШҚО ішкі істер Департаменті Хатшылығының бастығы қызметін атқарды. Қажырлы еңбегі бағаланып, КР ішкі істер министрлігінің, ШҚО ПД-нің бірнеше құрмет грамоталарымен, «Ішкі істер министрлігінің үздік қызметі үшін». «Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызметі үшін» кеуде белгілерімен марапатталып, уақытынан бұрын «полковник»шеңін алды. Өмірден мезгілсіз кетсе де, Нәзбиева Сәуле Зақанқызы өзінің артына үлгі-өнеге, мактан тұтарлық өшпес із қалдырды.

**Назиев Жаксыкельды Дюсупканович**, родился 2 марта 1953 года в с. Орловка Маркаольского района ВКО. В 1980 году окончил Усть-Каменогорский педагогический институт по специальности «Учитель русского языка и литературы». Прошел научную стажировку в Казахском государственном университете. В 1992 году защитил кандидатскую диссертацию в Институте языкопознания им. А.Байтурсынова АН РК.

С 1995 по 1998 годы обучался в докторантуре Института языкопознания им. А.Байтурсынова АН РК. Обучение в докторантуре завершил защитой диссертации на соискание ученой степени доктора филологических наук. В 2001 году ВАК присвоила Ж.Д.Назбиеву ученое звание доцента. В 2002 году избран Академиком Международной академии информатизации. Ж.Д.Назбиев подготовил двух кандидатов и пятнадцать магистров. Является членом диссертационного Совета при КазНМУ им.Аль-Фараби. За плодотворную научную-педагогическую деятельность Ж.Д.Назбиев награжден нагрудными знаками «Почетный работник образования РК», «За заслуги в развитии науки».



**Манасов Мұрат Газизұлы** 1932 жылы Марқакөл өнірінде Алексеевка ауылында дүниеге келген. 1952 жылы Марқакөл ауданы ЛКСМК инструкторы болған. 1952-1957 жылы Ульяновск қаласында Жоғары Әскери училищесін бітіріп, Польша, Венгрия мемлекеттерінде әскери борышын атқарған. 1957-1958 жылы Марқакөл Мәдениет үйін басқарған. 1958-1969 жылы Алексеевка орта мектебінде мұғалім, оку ісінің менгерушісі болған. 1969-1989 жылдары ШҚО ішкі істер бөлімінде қызмет атқарған: Марқакөл РОВД ОБХСС инспекторы, Тарбағатай, Құршым РОВД орынбасары, Зырян ГОВД орынбасары, ШҚО УВД қоғамдық тәртіп қорғау бөлімінің орынбасары, ОВ 156/3 мекемесінің орынбасары қызметтерінде істеген. 1989 жылы зейнет демалысына шыққан. 1990-1996 жылы облыстық мемлекеттік салық инспекциясының аға маманы юрист қызметін атқарған. 1995-1997 жылы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің конституциялық құқық, содан кейін азаматтық құқық кафедрасының доценті қызметінде болған. 1997-2000 жылы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің философия және әлеуметтік – саяси теориясы кафедрасында студенттерге білім берген. Манасов Мұрат Газизұлы 2000 жылы дүниеден озды.

**Күржеев Мейрамғали Қайырменұлы** 1947 жылы мамыр айының 9 күні Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданы «Талапкер» ұжымы, Тақыр ауылында дүниеге келген. 1954 жылы Черняевка ауылында бастауыш мектептің 1-ші сыныбына барады. 1965 жылы «Боран» мектебін бітірді. Мектепті үздік бағамен бітірген талапты жас, 1965 жылы Өскемен қаласындағы «Құрылым-жол институтының» экономика факультетіне түседі. 1970 жылы айтулы оқу орнын бітіреді. Күржеев Мейрамғали 1970 жылы 10 қыркүекте еңбек жолын Марқакөл автобазасында экономист қызметінен бастады. 1971 жылы мамыр айында «Қалажар» кеншарына құрылым – мастері қызметіне жіберілді. 1972 жылы мамыр айында Қарой кеншарында құрылым – инженері (прораб) қызметін атқарады. 1979 жылы «Қаба» кеншарына құрылым-инженері қызметіне ауыстырылады. 1986 – 1991 жылға дейін «Қаба» кеншарында экономист қызметін атқарған. 1991 жылы облыстық ауылшаруашылық басқармасының жолдамасымен, «Қара-Өзек» мал бордақылу кеншарына экономист қызметіне жіберілді. Мейрамғали абзал әке, іскер азамат болды. Отбасында үш қызы, ұлы жоғары білімді мамандар.



**Дүйсенбаев Майдан Молдашұлы** 1944 жылы Марқакөл өнірінде дүниеге келген. Майдан Молдашұлы қызметті Марқакөл Ішкі істер бөлімінен бастап, Шығыс Қазақстан облысының Ішкі істер басқармасының бөлім бастығы қызметінен зейнетке шықты. Майдан Молдашұлы Шығыс Қазақстан облысының Ішкі істер басқармасының кадр бөлімін басқарған кезде, біздің өнірдің талай жастарына көмектесіп, ағалық қамкорлық жасаған білімді, іскер азамат.

**Кайрбаев Көпен Қарқымбайұлы** 1949 жылы Марқакөл өнірінде Успенка ауылында дүниеге келген. 1964-1968 жылы Өскемен шаруашылық техникумын бітірген. ШҚО Боран ауылындағы СПТУ-123 кәсіптік білім беру жетекшісі болған. 1977 жылы СССР МВД Жоғарғы мектебін Қарағанды қаласында бітірген. Жоғары білімді юрист. 1969-1971 жылы №16981 әскери бөлім командирі, 1971-1974 жылдары Марқакөл Ішкі істер басқармасының паспорт бөлімінің аға инспекторы, Марқакөл Ішкі істер басқармасының тергеушісі, 1977-1982 жылы Марқакөл Ішкі істер басқармасының аға тергеушісі, 1982-1983 жылдары ШҚО Ұлан ауданы, Асу-Бұлак елді мекені милиция бөлімшесінің бастығы, 1983-1985 жылы ШҚО Тарбағатай Ішкі істер бөлімінің орынбасары, 1985 жылы ШҚО Ұлан ауданы Ішкі істер басқармасының бастығы қызметтерін атқарған. Көпен Қарқымбайұлы ішкі істер басқармасында тапжылмай қызмет етіп, орасан зор еңбек сініру арқылы ұжымына, халқына сили азамат.



**Темірханова Дамиля Мұстафақызы** 1956 жылы Семей облысы Бородулиха ауданы, Романовка ауылында дүниеге келген. 1973 жылы Семей қаласында он жылдық орта мектепті бітіреді. 1974-1981 жылдары Семей мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетіне түсіп, осы аталған жоғары оқу орынын үздік дипломмен тәмамдайды. 1981 жылы денсаулық сактау саласындағы еңбек жолын Өскемен қаласының облыстық аурұханасының терапия бөлімшесінен бастайды. 1988-1990 жылдары Семей мемлекеттік медицина институтында клинординатураны бітіреді. 2004 жылы Алматы қаласында кардиология саласы бойынша диссертациялық көңесте кандидаттық диссертациясын қорғайды, медицина ғылымының кандидаты атағы берілді.

Дамиля Мұстафақызы жоғары сатылы дәрігер, кардиология саласындағы қажырлы еңбегі бағаланып, көптеген алғыстар, грамоталар, медальдармен марапатталған. Абзal жанды, ак халатты дәрігер Дамиля Мұстафақызы халық құрметіне бөленген дәрігер маман.

**Темірханова Райхан Базикенқызы** 1971 жылы Марқакөл ауданы Калжыр ауылында дүниеге келген. 1989-1995 жылдары Семей мемлекеттік медицина институтының педиатрия факультетіне түсіп, осы аталған жоғары оқу орынын тәмамдайды. 1995-1997 жылдары СММИ педиатрия кафедрасында клинординатураны, 1997-2000 жылдары СММА аспирантураны бітіреді. Еңбек жолын 2000 жылы СММА госпиталды педиатрия кафедрасында ассистент қызметінен бастайды. 2003 жылы Алматы қаласындағы «Бала хирургиясы және педиатриясы» Үлттық Фылыми Орталығында кандидаттық диссертациясын корғайды, медицина ғылымының кандидаты атағы берілді. Темірханова Райхан 2005 жылдан казіргі уақытқа дейін Астана медицина университетінің №1 балалар аурулары кафедрасының оқу ісінің менгерушісі, доцент, гастроэнтеролог дәрігер, 70 астам ғылыми еңбектері жарияланған.

Райхан Базикенқызына 2008 жылы доцент ғылыми атағы берілді.



**Оразбеков Мошат Оразбекұлы** 1925 жылдың 01 қазанында Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының Дайыр ауылында дүниеге келген. 1932 жылы мектеп табалдырығын аттайды. 1943 жылы 18 жасында армия қатарына шақырылады. 1943 жылы Манчжурияны Жапон империалистерінен құтқаруда көзге түскені үшін «За победу над Японией» медалімен марапатталды. Бұл соғыстан 1948 жылы еліне оралған ол Талғар республикалық ауыл-шаруашылық техникумына түсіп, оны үздік тәмамдағаннан кейін өз еңбек жолын Зайсан қаласындағы №19 механизация мектебінде мұғалім болып еңбек жолын бастайды. Осы аталған оқу орында өндірістік оқытудың мастері, оқу ісінің менгерушісі қызметтерін атқарады. Қазақстандағы тың және тынайған жерлерді игеру ісінде де үлкен үлес қосқаны үшін 1957 жылы «За освоение целинных земель» медалімен марапатталады. 1960 жылы Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданының Боран ауылында №123 кәсіптік-техникалық училищесіне қызмет бабымен ауыстырылып, осы мекемеде зейнеткерлікке шыққанға дейін қызмет атқарады.

Осы жылдар ішінде Мошат Оразбекұлынан білім алған талай азаматтар еліміздің таңдаулы механизаторлары атанды.

Енбегі жоғары бағаланған Мошат Оразбекұлы әр жылдары: «Отличник профтехобразования», «Ударник 10-й пятилетки», «30 лет победы» медальдарымен, «Орден отечественной войны 2-степени» және «Ленин» орденімен марапатталды. Мошат Оразбекұлы өмірлік жолдасы Самеш апа екеуі 11 баланы тәрбиелеп өсірген өнегелі әке. Балаларының барлығы да жоғары білім алып, әртүрлі мамандық саласы бойынша қызмет етіп, әке жолын жалғастыруда.

### Мусиев Жумадил



### Ғабдылмұтәләп қажы, Көнілашар қажы





Жылқбаев Ерзаян 1936 жылы 15 наурызда Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданы Қазақстан ауылында дүниеге келген. 1945-1955 жылдары Жаңа-Ауыл орта мектебінде оқыды. 1955 жылы қыркүйек айында әскер катарына шақырылды. Қара теніз соғыс флотында радиометрис мамандығы бойынша қызмет атқарды. 1959-1964 жылдары Семей зоотехникалық мал дәрігер институтында білім алды. Институт бітіргеннен кейін Марқакөл ауданы Қалжыр қой совхозында қызмет атқарды. 1965-1967 жылданың аяғына дейін Марқакөл аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы қызметін атқарды. 1967-1971 жылға дейін Қарой қой совхозының бас зоотехнигі болып қызмет атқарды. 1971-1973 жылдары Горный кеншарының жұмысшылар комитетінің бастығы болып қызмет атқарды. 1973-1975 жылдары Марқакөл аудандық ауылшаруашылық қызметкерлерінің кәсіподак ұйымының бастығы болды. 1975-1982 жылға дейін Қалжыр қой совхозының бас зоотехнигі және директордың өндіріс жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды. 1982-1996 жылдары Большенарам ауданы Хайрузовка совхозының бас зоотехнигі және мал жөніндегі директордың орынбасары қызметін атқарды. 1996 жылданың наурыз айынан бастап зейнеткерлік демалысқа шықты. Ерзаян мен Гүлжай үлкен отбасы. Бес баланың әкесі. Балаларының барлығы жоғары білімді мамандар.

Солтаниянов Достан 1936 жылы 20 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданы Талапкер ауылында дүниеге келген. 1953 жылы Жаңа-Ауыл «Ленин» атындағы орта мектепті тәмамдаған. 1957 жылы Семей қаласындағы педучилищені бітірген. 1957-1959 жылдары Марқакөл ауданы Приречное жеті жылдық мектебінде мұғалімдік қызметте болды. 1958 жылы Кранштат қаласында курсант, матрос, инструкторлар мектебінде әскери қызметін борышын атқарған. 1959-1961 жылдары Қалжыр ауылының бастауыш мектебінде мұғалімдік қызметте болған. 1961-1966 жылдары Семей зооветеринария институтын бітірген. 1966 жылы «Қалжыр» кеншарында бас мал дәрігері қызметін атқарған. 1972 жылы Таврия ауданы «Каменский» совхозының бас мал дәрігері, осы жылы «Марқакөл» кеншарында бас мал дәрігері, 1981-1985 жылдары «Боран» кеншарының бас мал дәрігері қызметін атқарған. 1985 жылы «Боран»



кеншарының кәспінде үйрекшілік төрағасы қызметінде болған. 1986 жылы Таврия ауданы «Азовский» кеншарында бас мал дәрігері қызметін атқарған. 1997 жылы зейнеткерлік демалысқа шыққан. Достан мен Бәсетай бес бала өсірген, 9 немере сүйген үлкен отбасы.



**Рамазанов Самат Адылханұлы** 1963 жылы 20 желтоқсанда Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы Такыр ауылында дүниеге келген. 1970 жылы Қалжыр орта мектебінің 1 сыныбына барған. 1977 жылы 7 сыныпты жақсы бағамен бітірген. Осы жылдары аудан және облыс деңгейіндегі спорт жарыстарының үздігі Самат Рамазанов 1977 жылы Алматы қаласындағы «Жасөспірімдер спорт мектебіне» окуға қабылданады. Шығыс Қазақстан педагогикалық институтының дene шынықтыру факультетін бітірген. ДСО «Қайрат» мекемесінде спорт тәлімгері қызметін атқарған. Самат Қазақстанның самбо күресінің халықаралық чемпион атағының иегері. 1991 жылы Азия чемпион атағын алады. 1992 жылы Әлем кубогының иегері құрметті атағын еншиледі.

1994 жылы Семей қаласында «Абайдың – 150 жылдық» тойына арналған спорттық жарыста «Түйе палуан» атағын алған. Сумодан Азия чемпионы, Сумодан Әлем чемпионының жүлдегері. Самат Рамазанов самбодан Совет одағының спорт шебері атағын алған спорт өнерінің үздігі, елінің мақтанышы.

**Әbdіқалыков Әлімхан** Марқа еліне өзінің ерекше қасиеттерімен танымал азаматтың бірі. Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Набиолда Кемешовтің 1986 жылы қазақ еліндегі желтоқсан төңкөрілісі кезіндегі Әbdіқалыков Әлімханның қайсар, азаматтық бейнесіне арнап жазған өлеңінен үзінді:

Бостандық, теңдік адамзаттың тілегі,  
Желтоқсанды бүкіл әлем біледі.  
Алыстағы Марқакөлде жатып-ак  
Бола білдің сол жастардың тірегі.

Қайратты ер еш жазадан қашпадың,  
Дұрыс - дедің бастамасы жастардың.  
«Қазақ үшін тәуелсіздік керек»- деп,  
Парт билетті лақтырдың да тастадың.




Жауырының жерге тимей тірескен,  
Атың шыққан балуан ең күрестен.  
Желтоқсанның жанай соққан ызғары,  
Бөлді өзінен талай жанды бірге өскен.

Сен, Әлімхан, алыс жатқан ауылдан,  
Бомба болдың аяқ асты жарылған.  
Саясатың жайын білер мырзалар,  
Абыр-сабыр қашты емес пе жанынан.

Жастар біздің өлімнен де қашпады,  
Ерлікпенен тәуелсіздік әліппесін бастады.  
Осы кезде менменсіген шешендер,  
Желтоқсанда жұмған аузын ашпады.

Елің силар, ел күрметтер даңқың бар,  
Мініп бақыт кемесінде шалқындар.  
Тәуелсіздік алу үшін қазакқа,  
Үлесімді қостым деуге қақың бар.





Ақжайлау жеріндегі көне қорымдар

**Ақжайлау жеріндегі Шөпті көл**



**Шөпті көл жағасындағы көне балбал тас**



**Жарболды Тілеуімбет атасынан Айтуғанұлы Тұрікпен батыр мазары**

## Ақжайлау өніріндегі көне қорымдар

Ақжайлау тауының етегінде үлкен жазық бар. Жазықтың айналасы 10 шақырымдай болады. Осы жазықтың ортасында көне тас қорым жатыр. Қорымдар белгілі бір геометриялық өлшеммен орналасқандығы байқалады. Біріншіден қорым жазықтың дәл орта тұсына орналасқан. Ортада үлкен қорым тұр. Қорымның аумағы 50-60 метрдей. Биіктігі 4-5 метр болады. Қорым дөңгелек шеңбер бейнелес болып орналасқан. Бұл үлкен қорынды коршай, үлкен қорымнан бірдей қашықтықта 6 кішірек қорым жатыр. Осы 6 қорымның әр қайсысы 2 пардан. Сонда жиыны 12 қорым. Әр 2 пар қорымның арасы 5 метрдей қашықта орналасқан.

Корымдар таулы өнірдің қоңырқай түсті жарқышақ тастарынан жиналған. Мұнша тастарды жырақтағы таудан түйемен тасыған деген аңыз бар.

Марқа өніріндегі «Ақжайлау қорымдары» мен «Шөпті көл» толық зерттелмеген көне археологиялық орындар.

## Туған жер жайлы толғаныс

Марқакөл, келбетіңе көз тоймайды,  
Жазбасқа туған жерді жан қоймайды.  
Арнайын бірер ауыз жыр жолдарын,  
Онымен сөз дария ортаймайды.

Марқакөл, көз алдымда керіледі,  
Мәлдіреп шар айнадай көрінеді.  
Тізілген беткейінде ну қарағай,  
Сұлудың бұрымындағы өріледі.

Ақ көніл, таза жанды адамдар – ай,  
Төгілген құт береке қадамдар – ай.  
Осындағы ару өлке абзал жүртты,  
Жазбайтын кенже туған қаламдар – ай.

Өткені жазылмаған елім жайлы,  
Марқадай күміс сулы көлім жайлы.  
Оқыған азаматтар толып жатыр,  
Кім білет келмей жүр ме бір ыңғайы.

Үлкендер аға буын өтіп жатыр,  
Білгені іштерінде кетіп жатыр.  
Кеткен соң жылдар өтіп, іздер өшіп,  
Деректі табалмаймыз болып паһыр.

Обалар, тас бейнелер, мазарлар тұр,  
Ары - бері өткенде қараймыз құр.  
Зерттелсе тарихы осылардың  
Шертпей ме көне күннен көптеген сыр.

Өлкемнің зерттелмеген қамалдары,  
Ілгері өтіп кеткен замандары.  
Қағазға тұспеген соң ұмыт болар,  
Кешегі салиқалы адамдары.

Қара Ертіс, Марқакөл мен Алтын Алтай,  
Қожанбет, Төртуылдай халқың Алтай.  
Нұр Зайсан, Бұқтырма көл баурайында,  
Күміс көл, кәусар бұлық, салқын Алтай.

Қойны кен, алқабы астық, қойнауы мал,  
Майысып беткейінде қайың мен тал.  
Суы сұт, миуда жеміс сай-саласы,  
Шәрбәттай таза ауасы жұтқандай бал.

**Мәкен Мешелқызы**



Қара Ертіс жазығындағы «Қыын – Керіш» конъены




**Төлегетай тарихи-сәулеттік кешенінің көрінісі  
2008 жыл тамыз айы**

**Төлегетай тарихи-сәулеттік кешенінің  
қайта жаңғыртылу жобасының жүзеге асырылуды,  
Төлегетай ұрпақтары қорына түскен демеушілік көлемі**






ҚОЖАНБЕТ ЖӘНЕ ТӨРТУЫЛ,  
ТОҒЫЗ РУЛАРЫНЫҢ


## ШЕЖИРЕСІ




# ТОФЫЗ ТАҢБАЛЫ НАЙМАН (таңба белгілері)







## АРҒЫ ТЕКТІҢ ТАРАЛУЫ





# НАЙМАН БАБА ҰРПАҒЫНЫҢ ТАРАЛУ РЕТІ





Көкжарлы

(7 Көкжарлы)

Қаратай  
Өтеміс  
Өтей  
Андағұл

Жәрімбет  
Жәрке  
Мұнайтпас

Көкжарлы

Кылыштықияқ

Шынтемір

Олатемір

Андағұл  
Жәрке

Қайырберді  
Тілеуберді  
Тәнірберді  
Құдайсүгір

Итбақпас  
Тәттібек  
Қарасүгір

Мұнайтпас  
Жәрімбет

Баба


Оразкелді  
Оразбақ  
Қаршыға




Сатыпалды  
Өтей  
Олжа  
Мәмет




Өтеміс


Қаратай



**ҚАРАТАЙ**

















Бура (Екінші дерек)




ТЕРІСТАНБАЛЫ





Терістанбалы



Сағди Қапасұлы “Альптар Шоғыры” 2007 ж.  
Қ.Ақжасаров “Төғиз танбалы найман” 2008 ж 59 бет.

**БАЛТАЛЫ**

(Кетбұқа)

Мардан

Арғымак  
Тәбекоңыр  
Қашшегір  
Ақтай  
Тажы

Ибес

Таңатар  
Қылы

Жарасбай  
Жабай  
Досай  
Арықпан  
Арық  
Қасен

Көшімбай  
Есілбай

Бегіс

Есенқұл  
Келдібай  
Байта  
Сары  
Кәдіркүл


Қылыш

Есбай  
Қонақ  
Елібай

Бекберді

Итемген  
Сутемген

## БАҒАНАЛЫ



## Байназар

Есен

Баубек

Базар  
Назар  
Бәйімбет  
Бекпенбет  
Досымбет  
Ойық  
Бақай

Жанұзак  
Өмірзак  
Откен  
Жиес  
Аралбай

## Шәуешек

Кызылтаз

Елтынды

Қожас  
Қодас

Ибеске  
Қоқан  
Жырық  
Жұртшы  
Байназар

Төлек  
Сарыбай  
Байдәулет  
Куат

Арықпан  
Қошқар  
Киікбай  
Тәбет


Бабыр би

Ер Сандыбай

Ерден

Кәрім  
Шақан  
Сүттібай  
Есболай  
Абыз  
Нысанбай  
Шор

Дүйсен



**МАТАЙ**

Мәмет  
Тыбыш

Үмбет  
Ындыш

**Матай**

Қолдас  
(Қаптағай)

Аталақ

Тәнеке  
(Кенже)

**Қолдас**

Қияс

Келдей  
Жұбай

Ақпай

Әлсүгір  
Токымбет

Сары  
Шүйк

Есіркеп  
Құтымбет  
Қытай  
Құлжаман  
Досқұлы

**Есенкелді**

Жарылқамас  
Төртқара  
Жалан

Алакүшік  
Қаракүшік  
Асан

Сары  
Қаржау  
Берте  
Бекболат  
Токай

Қойлыбай  
Олжабай

Елтізер  
Жемет  
Шулы  
Белек  
Тұрды

**Аталақ**

Құттыболат  
Тәттіболат

Есболат  
Елемес  
Қайнар  
Көшек

Тынбай  
Көлбай

Құтым  
Шағыр


Итемген  
Меніс  
Бегімбет  
Дербісі

Сұттіболат  
Біттіболат

Коңыrbай

Ажығұл


Шеруаші  
Еменәлі  
Шеру  
Қайнар




Жоғарыда Төрт Төлегетайдан тараган Матай, Садыр аталарын, және Ергенекті, Терістанбалы, Қарауыл - Жасақ руларына жататын ілгергі ірі аталарға тоқталып, 7-8 атаға дейін тараттық. Ол аталарды ішкі тармактарына таратуды мақсат етпейміз. Біз Қожанбет руы мен Төртуыл руларын, Тоғыз руларын толығырақ таратамыз.




Қарауыл - Жасақ

Белгібай —— Өтеген —— Асан —— Қарауыл —— Жасақ



НАЙМАННЫЦ НЕГІЗІ - ТӨРТ ТӨЛЕГЕТАЙ





АСАУ

(Есенбайдың 1-ші баласы)

Кемпір

Манғы

Бекжан

Кемпір

Белгібай

Пұсырман

Манғы

Белдік

Нарынбай  
Сегізбай

Жақсыбай би  
Сүттібай

Нарынбай  
Сегізбай

Женсебай  
Денсебай

Андызбай

Отынши

Әбілғани  
Кайролда

Раймен

Ахметжан  
Мұхаметжан  
Жұмакан  
Оқымет

Марат  
Манат  
Әлек

Шомат  
Аманжол

Мыңжасар

Нұролда  
Қалиолда  
Бәзілбек  
Әбиолда  
Бауыржан  
Совет

Алтай  
Абзал  
Айдын

Көпжасар  
Мұздапар  
Токтарқожа  
Оралбек

Дәулет


Дәурен


Нұржан

Әсет

Фархат

Жарқын  
Нұрбол






**ТАРПАН**

( Есенбайдың II-ші баласы)

Бекмырза



Темірхан

Қатиолда

Қинаятолда

Қазиолда

Базкен

Асылғұмар

Рәжән

Бәзенбек

Бәзілбек

Кенжебек

Мәлімбек

Болатхан

Нұрсөлтан

Елнұр

Серік

Берік

Алмас

Бейбарыс

Дүсіпхан

Семейхан

Бауыржан

Қалижан

Ержан

Азамат

Мирас

Илияс

Естай

Әсет

Олжас

Назым

Інкәр

Дәмек

Әлібек

Жанарабек

Манарабек

Әмірбек

Аскар

Асан

Нұржан

Досжан


Асан


Аян


Саят


Еламан

Әліхан











Каракула

## Есенбайдың 6-шы баласы







К. Туркістан, М.Науан, М.Разат “Күлыншак атасының таралуы”  
МХР-да тұратын туыскандар.


(Күлыншак атасының жалғасы 231 бетте берілді)


**ШАТАК**

Есенбайдың 7-ші баласы











Кұлышақ



Кұлышақ



# ЖАРЫЛҒАП

(Жеті Жарылғап)

Атымтай  
Атанбай  
Шұқын  
Бал

Сайболат  
Тасболат  
Тышан

## Атымтай

Жарқынбай  
Үркінбай  
Сәлменбай  
Сабыrbай  
Баймырза

Әмен  
Мәкүн  
Зәйніке  
Мамырбек

Женіс  
Құмаш  
Дархан

Оқымет  
Ахмет

Мәди

Қаршыға  
Төлеген

Кәріп  
Әнуарбек  
Тоқтарбек  
Талғатбек

Мәмила  
Бақжан  
Өмірбек

Өмірзак  
Жанұзак  
Бақытбек

Төленді  
Ермұхан  
Нұржан


Бақый  
Молдабек  
Әбіш


Тоқан  
Жәрменке  
Орыс  
Ногай  
Мәмет


Әбдос

Қамбарбек  
Нұрбек


Куаныш  
Елдос










Шұқын




Шұқын











**ЖӘДІГЕР**
























Бұл нұсқаны Жарылғап атасынан шыққан Ежен молданың ұлы Тарғын атадан  
Амантай Әбдікеұлы 1960 жылы жазып алған.


## Жәлменбет




















Теміржан

Күндікей

Есбол  
Серікбай  
Мұқамади

Иманбай  
Оразбек  
Нұркожа  
Тойғұлы

Жұмәділ  
Жұніс  
Жолаушы

Тұрсын  
Бердібай

Ермек  
Жандос  
Серік

Өмірзак

Қайролда  
Калиолда  
Уалихан  
Қалихан  
Дәулетхан  
Нұрлыбек  
Бейбіт

Ерлік

Фархат

Жандос  
Талғат

Елдос

Ержан  
Ербол  
Дидар

Мұнғылбай  
Игібай  
Шапат  
Жапар


Нұралы  
Шамел


Нұрымхан  
Қалиолда

Нұрғали  
Зейнолда  
Мұхамедуәли


Қабдуәли  
Ырысбек


Тұрған








Жанкөбек



































**Жанғозы**

Ескелді  
Ескендір

Майлыкан  
Жансейіт  
Жансары  
Жанай  
Жақып

Омарбек

Кожахмет  
Актан  
Уанбек  
Мұсабек

Жұман  
Жұмабай

Жасұлан

Еділ

Шүйіншәлі  
Бағила

Келгенбай

Зарлыхан

Өтеген

Ілияс

Төлеміс

Кайрат

Ағыбай

Айбат

Азamat

Тойбазар  
Байбазар  
Мұқаш

Токтаубай  
Бастаубай

Рахымғали

Тоқтарбек  
Назарбек  
Нұрбек  
Болатбек  
Маратбек

Нұрбол  
Азамат

Аман Медет


Тоқтасыл


Алмас  
Қапез  
талғат  
Ғаббас  
Болат


Дүйсенбек  
Ахмет


Серік  
Нұржан  
Думан


Назымбек  
Куаныш














ТІНІКЕ





Сары

















**КҮЛЕКЕ**

(Шагыр -Мысқал)

Тастемір

Көктебе

**Тастемір**

Тәней

Әбдолда  
Нұғыман

Ауганбай

Іргебай

Күндақбай

Зақан

Ақсарт  
Мұқан

Алтынбек

Бекен  
Серік  
Адақ  
Бақыт  
Ербол  
Кұлыбек

Тастемір

Сағдолда  
Әділдабек  
Маралхан  
Сайлаухан

Дәурен

Бақытжан  
Ержан  
Нұрлан  
Ерлан

Манарабек  
Жасұлан  
Бауыржан  
Әбжан  
Калижан

Марат  
Қанат  
Жанат  
Жұмат

Арман

Әбділда

Бұғыбай

Байтогай


Нәзер  
Әбілмашар


Кайролда


Кекпекті

Ғұмар  
Ахмет  
Сәкен  
Бақыт

Айdos







**АТАҚОЗ  
Ы**

(Айттың бір баласы)

Шонмұрын

Алтай  
Тәтгібай  
Бұқа  
Шал  
Қоңыrbай  
Бакы  
Тулақбай

Шопа

Тоқбай

Әтеке  
Кәдір  
Кәрібай  
Ноғайбай  
Құлшығаш  
Шошаман  
Құрман  
Сақау  
Жүрымбай  
Үстембай

Қарамен

Жанмырза  
Сырдақ  
Құрымсы  
Кәбей  
Боқаш  
Исатай

Шонмұрын

(Атақозының 1-ші баласы)

Алтай

Бұтабай

Қиябай

Бәби

Демесін

Мұстәрт

Сарт

Терлікбай

Токсанбай

Оразбек

Бекжаксы

Жақыпбай

Сағынбек

Сарынбек

Көжек

Көрпебай

Тоқтау  
Тоқтауқажы

Темірбек  
Болатбек

Қожақан

Күмархан

Жәнібек

Қалибек

Күмарғали

Оралхан

Ақылжан

Әкімжан

Асылжан

Бекжан

Әділет

Шонмұрын

Алтай

Жарылқасым

Тәттібай (КНР)

Таңғыш

Ақбашақ

Еріkbай

Бошай

Бекжан

Бостан

Тұрымхан


Жұртбай


Кәріpbай


Тәуіrbек  
Ішбек


Мәми

Әуке  
Шөтей  
Сабак  
Ақмолда









Қоңырбай

(II-нұсқа Сәрсенбайдан тарайды)

Дәдебай қажы  
Үсенбай  
Сәрсенбай қажы  
Жұматай  
Сомбай

Ақшолак  
Баймұрат  
Шүңгіл  
Нарбота би

Әлі  
Сәлі  
Ыстық

Нәбиолда

Ауғали  
Қабылғажы

Бәшір

Мұқай

Бәзілбек  
Дүйсенбек

Токтар  
Тәкей

Талас  
Бәйтел  
Тамтық

Түменбай

Ақтайлақ  
Тұяқбай

Бажырқай  
Қызырынды  
Бақытбай

Дәніке

Самырат

Өтелбай  
Болтақай

Қамбар  
Закария  
Сейфілмұлік  
(Сейпіке)

Байірке (Шұнғыл)  
Баймұрат

Нұрмұханбет  
(Нұрмыш)  
Рахымжан

Сейтқұмар  
Баймұрат  
Айтқали  
Сейтқали

Мәми  
Өміртай

Серік  
Ақажай  
Куаныш  
Ерік  
Ардақ  
Талғат

Зейнолда  
Зарлықан  
Қайролда  
Ғафу  
Мұхаметқадыр  
Ахметолда  
Қаден  
Қинаят  
Қизатолда  
Ниғыметолда

Айтмұханбет

Еркебұлан

ШОПА

(Атақозының 2-ші баласы)

Токбай

(Алуа анадан)

Кадір  
Кәрібай  
Ногайбай  
Есқожа

(Манқа анадан)

Жұрымбай  
Күлшығаш  
Шошаман  
Сақау  
Үстембай  
Күрман

Кәдір

Байтуған  
Елеусіз

Ақыметсағи  
Мәуітай

Әбдіғамит

Жықбай  
Өтел  
Маныз

Ахмет  
Ахметбек  
Мәшкен  
Максұтбек  
Бақытбек

Медет

Кокымбай

Жандос

Айdos

Зейнолда

Алпыс

Ерзаян  
Ерғазы  
Ерғалым

Дәурен  
Ержан

Қыдырмаш  
Қамза  
Әбдіғамит

Ерғали  
Ахметқали  
Нұрбол  
Нұржан

Ерлан  
Нұрлан  
Төлеген


Рамазан


Әнуар


Нұрлан


Ербол  
Есбол  
Ерболат


Фархат









































МАМЫТ

Мамыт

Колдау


Жөндау


Сыбан


Маңыз  
Теніз  
Күмісбай  
Ербалан  
Жолдасбай  
Өтеулі  
Саят

Қарақызы  
Сарықаз  
ұлтарақ  
Қозыбай  
Шатыrbай

Атығай  
Қосторы  
Шынтемір  
Өлімтік  
Тасыбай







## СЫРЫМБЕТ

Барша анадан

Жұмағұл  
Бекберді  
Топай  
Ізбасар  
Көккөз

Қысбике анадан

Сәдібек  
Қожабек  
Еламан  
Бораншы  
Шүрім

Сырымбет - Қожанбет бабамыздың бір ұлы. Қожанбеттің үшінші ұлы Айт. Айттан жалғыз ұл Шағыр. Шағырдан Сырынбет туады. Сегіз шағырдың бірі.


Сырынбет өте бай болған адам. Шұбар ала жылқысы еріске симапты. Бірақ баласы болмаган адам еken. Сорқұдық деген жерді қысталапты. Қыстаяуы Атакозы руамен іргелес болған дейді.


Бірде ел күзеуде отырған кез болса керек. Сорқұдыктың басында Атақозының малшылары қауғамен жылқыларын суарып жатады. Сырынбеттің қалың жылқысы жағаласып малға су ішкізбейді. Сонда малшылар: -Мына кубастың жылқысы малға маза бермеді ғой,-деп Сырынбеттің жылқыларын қауғамен согады.


Сырынбет кубас деген сезге қатты ренжіп, орнынан тұрмай жатып қалады. Түсінде: - Сырынбет тұр, басынды көтер. Жылқынды айдал, шұбар айғыр бастаған бағытқа жүре бер. Бір бұлақтың бойына барғанда шұбар айғыр тұра қалады. Жылқыларың бұлақтан су ішіп шұрқырап тоқтайды. Сол жер саған мекен болады, -дейді.


Сырынбеттің қалың жылқысы Терісайрық деген жерге, бір мелдір бұлақтың бойына тоқтаған еken. Сырынбет атасы сол аймақты мекендейді. Сол жер құтты мекен болып, Сырынбет атасы он ұл көріп, ұрлағы өрбіп өседі.


Сырынбет би Терісайрық, Жампактас, Кемерқайың, Бөкенбай туының теріскей етегін мекенденіп, қыстаяу - қонысы кенеиді.




































































































































































## ЖАРБОЛДЫ



















**ТІЛЕУҚАБЫЛ**





**ЖАУҒАШТЫ**

(Жарболдының II - баласы)

Қалқаман

Сүйіндік

Асан

**Қалқаман**

Мәметек  
Байқара

Тезекбай

Есет  
Ескене  
Естемес  
Мұхаметрахым

Жұбан  
Куан

Көбес  
Нұрпейіс

Сейтсмағұл  
Шаяхмет  
Иса  
Кубан

Дүсіп

Мұса  
Шаңимардан

Күдері  
Шідері  
Сінтік

Мұқан

Жұматай  
Сәбит  
Жұмажан  
Аманкелді  
Дәурен

Руслан  
Жарбек

Данияр  
Нұрбек

Қыдырмолда  
Малғаждар  
Әкпар  
Әукеш

Ерлан  
Төлеген

Талғат  
Самат

Байқара

Естемес

Есентай  
Саржан  
Жақсыбай  
Әндріш

Ошақбай  
Ұзакбай

Қосантай

Сейтәшім

Қазанқап  
Шошай  
Шерубай

Жұмық  
Сайым  
Кетібай

Әкетбай  
Әкежан  
Әкеми

Мұқан

Байқара

(II-нұсқа)

Тезекбай

Естемес  
Ескене


Ұзак


Есет  
Күдері


Сәдуан  
Сейілхан  
Сейіт  
Дәүлетбай  
Сәбитілі  
Мұқым


Әкпар  
Әукеш  
Малғаждар  
Қыдырмолда


Теніз  
Сегіз
















Көлібай

(Сүйіндік)







Жанқұлының Қожанбет деген жалғыз ұлы, Ағанай деген қызы болған. Ағанай қалындық ойнал жүргендеге жүкті болып, ұзату тойына жетпей босанады. Жанқұлы: “Қызым бесік құшақтап бармасын, Қожанбетіме жар болсын”, - деп баланы өзі асырап алады. Баланың атын Жарболды қояды.

Жарболды ер жеткен кезде, Қожанбеттің ұлы Әйменбет қайтыс болып, әменгерлік жолмен Әйменбеттің келіншегін Жарболдыға қосады.


Осындай себептермен Жарболдыны Қожанбет елі ежелден төрт Қожанбеттің біреуі деп таниды.








**Бармак**

(Жәнібектің 5-баласы)









Ертеде Жарболдыға жататын Самай (Сырлыбай) атасы Сауыр Тауын мекендеген еken Самайдың мал - жаны көп өсіп, жылдан - жылға қонысы тарылады. Самайдың көп жылқысы қатар тұрып, бұлақтан су ішкенде, ағып жатқан бұлақ сусы сарқылып қалады еken. Содан Өр Алтайға, Қатын- Қарағай өніріне келіп қоныстанады. Бүгінге дейін Самай атасының ұрпақтары сол Алтай өнірін мекендейтіндей.

Өрел өніріндегі Сарытепсөн деген жерді мекенденеді Сарытепсөн жайылымы кең, қыратты жазық, қыста қары жұқа, жазда салқын шұрайлы өнір еken.

**КОШКАР**

(Жарболдының III-ұлы)

Сырлыбай  
(Самай)

Сатыпалды  
Еспенбет  
Беке

**Сатыпалды**

(Кошқардың I-ұлы)

Кошалақ  
Борби

Есенкелді  
Төкен  
(Кекен)

Ногас  
Кәдір  
Тілес

Тілес

Сүгіrbай  
Кәкеш

Дүйсенбі  
Тоқа  
Сәтек  
Тума  
Сәтебай  
Әлімбай

Уақбай  
Мысықбай  
Терібай

Мәулітхан  
Еркебұлан

Молдабай  
Молдабек  
Тәуденбек

Байбатша  
Смағұл  
Ыбырай  
Әтен

Болатхан  
Ұланбек  
Дархан

Ботан

Мұхаметжан

Кәрменбай  
Ысқақ

Шаріпхан  
Жомартхан  
Қиса  
Алтайбек  
Саяш

Матаі

Мойылбай  
Мәкөш

Құсайын  
Қабдірашит

Бұлтыхан  
Әскерхан  
Дәлелхан  
Сайранхан

Әсет  
Болатбек


Хамит


Ожыған  
Жәку


Сама  
Үәлихан


Әзет  
Әлібек

Серік










(Бегімбеттің кенжесі)



Беке

(Қошқардың III-ұлсы)

Байсал  
Көшкінбай  
Жексенбі  
Жетібай

Майлыш  
Шәбеке  
Бектібай  
Жұзбай

Байсал

Базар  
Шынқожа  
Жылқышы

Батырақ  
Күжірбай  
Иса

Мандай

Әбірекей

Әтекей  
Сібет  
Балғазы  
Елғазы

Бұркітбай  
Қыдырбай  
Болатбай  
Жабағы

Мұкан  
Жұніс  
Мұса

Ораш  
Тұрабек

Николай  
Мерхат

Қалқақ  
Бауыржан  
Аманжол

Орал  
Край

Бейсен  
Қайса

Сұбебай  
Құмарбек  
Қабаш  
Саниязбек  
Әүелбек

Мәди  
Ерболат  
Рысбай

Аблайхан  
Мұратхан  
Қуанышбек  
Ниязбек

Советхан  
Құмар


Досбай  
Әтекей


Тоқсан  
Сексен

Дәлелдек  
Есбол

Айдархан


Адайхан






**ШАҒЫРША**

(Стабан)



**Стабан**



Менлібай

(I-ұлы)

Мамай  
Байке

Құттықадам  
(Елші)

Жанбатыр

Арғынбай  
Атығай  
Әкіш  
Аюбай

Мырзахан  
Алшагыр

Жүргебай  
Дүтбай

Келу

Ағажай  
Әубекір

Әусағыр

Ғалым  
Өнерхан  
Төлеухан  
Дәүлетхан

Озат

Артықбай  
Жар  
Қонақбай  
Байғана  
Серікбай

Қызай  
Койты  
Мыңбай  
Дубай  
Мерген  
Қасен  
Жангүдей би

Мұхмеджан  
Мұхамедияр

Әбу

Саркөлеп  
Қонқышбай

Бигаш  
Бигат

Керуенбай

Рахымбай

Әділхан


Қайыр


Нұрсәбет


Марат  
Ерлан


Әлімжан


Қайырбек  
Өмірбек




















Күлдір

(Стабан 4-баласы)

Шотан

Шақа

Шотан

Болшыман  
Манан  
Нұрлан  
Шарипа

Жігіт  
Айдар

Тоқымбай

Жұмабай  
Сақай

Күзенбай  
Қанапия

Ержан  
Демеш  
Долан

Тоңаша  
Құйқалай  
Сәмбі  
Әбілқас  
Ермек  
Қайрат

Бекбай  
Зарықбай

Үбырай  
Үрымбай  
Сабихан  
Базарбек  
Назарбек  
Сәрсенбай

Мухамеджан  
Ошақбай  
Садуақас  
Шахтер  
Шаріпқазы

Өмірзак  
Өкенғазы  
Байғали  
Ерғали  
Ержан

Сәмке  
Мәлкебай  
Әміре  
Әміргазы

Аян  
Бауыржан

Бағлан  
Беглан  
Сахи

Аманкелді  
Жанқуат  
Жанболат

Байжұма  
Төкен

Қайрат  
Талант


Елубай  
Серікбай  
Жігер

Нұрсейіт  
Жансейіт  
Ерлан  
Ермек  
Дулат

Куатбек  
Ауданбек  
Балағазы

Болтан  
Ерлан  
Нұрлан

Мырхан  
Айтқазы



Алдақуат

(Шағырша 2-ұлы)

Есей

Есенаман  
Жидебай  
Байбөрі

Есенаман

Бөде  
Баймұрат

Дауылбай  
Жадыра

Баймұрат

Есенаман

Баймұрат

Дауылбай

Досқара  
Көтібак  
Қыстаубай

Агажан  
Сапар

Досқара

Бәшен  
Сейбек

Өсербай  
Өзенбай  
Аян  
Құдабай

Бәшен  
Сейбек

Өзенбай  
Өсербай  
Баянды

Ерлан  
Ермұханбет  
Есімхан  
Есімғали  
Еркінғали  
Ербол

Өскенбай  
Есенбай  
Ыңқақ

Нәби

Қабылбай  
Кәдік

Мәди  
Әли

Сейсебай  
Әміржан  
Санақбек

Мес

Байғонды  
Елғонды  
Көшербай  
Қатанша

Кайрат

Айдарбек  
Мейрамбек  
Самалбек  
Алтай  
Сайлау

Әбліқасым

Атыхан  
Райхан

Алтай

Абзalхан  
Әділхан  
Әскө

Токан  
Қабылбай  
Қабылхан

Асылан


Әсет  
Олжас

Арсен

Қазбек

Ертай

Айдын



**ТӨЛЕГЕТАЙ**

Қаракерей  
Төртуыл

Садыр  
Матай

**Төртуыл**

Дөңсө

Жапа

Дәкеш

Сырлы

Сыгай

Андарын  
Ақбарақ

Аманбарақ  
Ақболат

**АНДАБАРАҚ**

Сұлтанкелді  
Есенкелді

Тәнірберген

Күшік




Тәнірберген  
Құдайберген  
Ұлагат  
Жұрағат  
Әлдеш  
Сарқыт  
Тәтімбек  
Күдері  
Токтасын

Байқұл

Байсары

Жаманбай  
Бәрен  
Дәүлет  
Тебей  
Теніз  
Серіқара  
Байтемір  
Серті

Қаратока  
Олжашы



**ТОҒЫЗ**

Мекені “Жайықарал, Ардаөткел”

**ДӘУЛЕТ**

Мырзакелді

Жайық

Жарқынбай

Жанкісі  
Жәпек  
Жантелі  
Қашар  
Шал

Шомак  
Бостан  
Тоқбура

Татан  
Шожан  
Ұса  
Бектас  
Бегетай  
Токтамыс

**Мырзакелді**

Қашар

**Дәulet**

Тоқсанбай  
Шаншар  
Қанғылы  
Ботай

Құтымбай  
Сүйіндік  
Бұрымбет  
Бекет  
Таласбай

Жарылқап

Жамауышы  
Бітімше

Ақсабай  
Өңсебай  
Өскенбай  
Жортпас

Кездікбай  
Кесікбай

Үйбай

Жарас  
Шаги

Егінбай  
Әбіке  
Нұртаза

Токтарбек

Сақаба  
Қамза

Мамырбек

Бейбіт  
Азат  
Ақыл  
Асыл  
Ерболат

Бақытбек  
Болатбек  
Жайдарбек  
Дәүлетбек


Әділ  
Әділбек  
Адал


Смагул  
Серік  
Алмат


Аслан


Азамат  
Жасұлан  
Әділет

Мәди









Тебей

Мекені: “Арда, Шырылдауык, Қызылүйенқі”

Нұргелі

Нұржай

Нұргелі

Жаналы

Баба

Жаналы

Бәтірбек  
Қодар  
Қарымсақ

Бәтірке  
Сәби

Бәтірбек

Сәметай  
Сәкөк



Қареке  
Көкі


Сәметай


Бажық


Кітап


Сартқожа















































## ҚАРАТОҚА

Отар

Байқұл

Байсары

Байсары

Қаратока

Олжашы

Қаратока

Шуақ  
Әйтеке  
Әден

Еркінбай  
Құрақбай

Шуақ


Байтеке


Байсалды


Ешкене

Кегенбай

Арғынбай







**СЕРІКАРА**

(Коңысы Атсалған, Бәрекелді)

Айнатай

Сарыбай  
Дәрібай  
Бармак  
Қайдар

Мошқа (Мөке)  
Жанток  
Жұрын  
Жүрне

**Жүрне**

Манқи (Мансиык)  
Орысай  
Молда  
Қожа

Мақау  
Бұқа  
Қодарбай

**Айнатай**

Сарыбай  
Дәрібай  
Бармак

Тұтқышбай  
Қарсыбай  
Кенебай

Бақытжан  
Ержан  
Фалымжан

Ұлықбек  
Сайлаубек  
Санияз

Күшік  
Бошай

Мағзи  
Қайырбек

Аманкелді  
Жасұлан

Ақылбек

Нұрхан  
Іргебай  
Бектік  
Ражан

Кәрімбек

Қасайын  
Мұсәйін


Әліпбай  
Кенкебай


Ілгекбай


Серік  
Мәлік


Ұлықпан


Секен


















БАЙТЕМІР


## Мекені "Түйетас"




















































Мыңбай  
Жұзбай  
Айтуған

Сатый  
Тілеу

## Мыңбай

Ескене  
Доскене  
Байгіс

Жангіс  
Байсақ  
Ораз

## Ескене

## Күзенбай

Тілеумет  
Тілеуберді  
Омар  
Тұзбенбет

Тілеубай  
Сұраубай  
Бошай

## Мыңбай

Туақай  
Бәлекей

Бердібек  
Бердібай  
Құтымбет

## Шұрбін

Ысқақ  
Әбдікөрім

Дәулетхан  
Жағыпар  
Қалиолда  
Мәуітхан

## Мыңбай

Айтмұханбет  
Айдар  
Ахмет  
Қабдрахман  
Мәлжас

Темірлан

Әділ  
Асхат

Айдын  
Архат

## Сәріп


## Рахмет


Нұрымханбет  
(Тұрмыш)  
Орал  
Нұрлан


Ермұхан


Алмас


Ерлан  
Бауыржан















# Жұзбай

(Мекені “Шеген”, “Жарлы өзен”)









**АЙТУҒАН**

Жанұзак  
Байұзак  
Иман

Таганақ  
Құдайберген

**Жанұзак**

Байболат  
Сайболат  
Биболат

Байтемір

Келдібай  
Мейрамбай  
Тәнтібай

Нұрке  
Ібіш  
Сайдолла

Ботбай  
Асаубай  
Ыскак

Мәжін

Кәмен  
Кәмелхан

Еркін  
Токтасын  
Серік

Еркінбек  
Жарқын

Аршабай  
Шамқан  
Рауыл

Маратхан  
Мұратхан  
Женісхан  
Тегісхан

Кәден

Смағул  
Әбіл

Бөкей

Назарбек  
Сәбетбек  
Мидалбек  
Ардақбек  
Ерқанат  
Салтанат

Серік  
Жерік  
Ерлан

Кастер

**Байұзак**

Ермекбай  
Тоты

Бопай  
Мұстафа

Әшім

Мұғалбек  
Әділбек

Рахым  
Сопы  
Дыбысбек  
Құдайберген

Тортай

Мақан  
Макатай  
Бақберген  
Беженхан

Серік

Балғынтай

Жарқын  
Бақай  
Асқар

Сомбай  
Сарқөбек  
Әмелу

Шәкірт

Ілиясхан  
Сәнәбіл


Баймолда


Әбілқақ


Бейілбай  
Сауытбай


Сәүкеш


Милатхан  
Түсіпхан





























ҚАРСАЛ-ШАҚ

Белгібай

Дос

Дос

I-әйелінен

Сұрыпкел  
Жиыпкел  
Тілеміс  
Бабан  
Бекет  
Кетей


II-әйелінен


Жайлай  
Мошқа  
Айдапкел  
  
Қайқы  
Майқы


Қарсал-Шақ



Ақмырза  
Баймырза


Әuletбай  
Борыш























ТАЙЛАҚ

Еміл

Есімбек  
Есенғұл  
Жылкелді  
Сегізек  
Қарсал  
Шақ

Жылқайдар  
Тайлақ  
Токтағұл  
Құдайқұл  
Абақ

Тайлақ

Еділбай  
Мендібай  
Тезекбай

Конақай  
Жиенбай  
Егізбай

Еділбай

Ботан

Сексен  
Тоқсан  
Тұяқ

Үстен

Айбас  
Қойбас  
Жадыра  
Жанқожа  
Қосшығұл  
Қошетер

Сексен

Жансары  
Беке (Бұқі)  
Манас  
Бейсенбі  
Көжек  
Кәдіrbай

Токтар  
Бебек  
Акқұлак  
Жанас  
Бекес  
Назіби

Жансары

Бал  
Бәтік  
Алдабек  
Байдалы

Насим  
Нұсим

Нұргали  
Сейтқан  
Күрман  
Бали  
Өлппи

Дүйсенбек  
Серік  
Ризабек  
Исабек

Әділбек

Жанкелді  
Аман

Айдын  
Бақытбек

Балқаш  
(Бақтияр)  
Тұсіпбек  
Бақытбек

Тимур  
Алика

Нұрлан  
Сәкен

Қыдырәлі  
Ералы

Исабек  
Мұтай  
Жаңыл  
(қызы)

Манас

Сауыrbай  
Қоспақ  
Өтей  
Өмір

Әбілмәжін  
Ақшабай


Фазез

Марат  
Болат  
Фая


Бақытжан  
Мәлік


Жанас


Үкірдә  
Шалақан




Мендібай













Қонақай

Мекені “Байкөбек”









ТҮЗАҚШЫ

(Байыл)

Басар

Сарғалдак

Мендібай  
Дәулетай  
Шемке  
Мешел  
Төртсары  
Карасояу

Алдаберген  
Құдайберген  
Орынбай  
Иткүшік  
Атабай  
Жәнібек  
Бөгіс  
Қосабай  
Арғынбай


Сарғалдак


Атабай


Жәнібек


Үкібай  
Талас


Амансық  
(Амалдық)  
Байғара









































Дәдени




















**АҚБОЛАТ**

(Мекені: Зайсан өнірі, Тарбағатай,  
Еміл, Іле өзені, Шәуешек)

Байсары  
Данияр  
Тінібек  
Қодагаш

Марқай  
Құлдәulet  
Досан (КНР)  
Кекен (КНР)

**Байсары**

Ақболат I-ұлы

Қырбас

Тоғас

**Қырбас**

**Босатай  
(Бозтай)**

Оңғар  
Данияр  
Қаратокпак  
Тұрсын  
Әлібек  
Тінібек  
Кекен  
Досан  
Дүрсін  
Назар

Койназар  
Құдайназар

**Қырбас**

**Бозтай**

Назар

Данияр

Тінібек

Тұрсын

Қойбас

Құнназар

Дүрсін

Биет

Қыльыш  
Байтемір  
Бitemir

Медет  
Сапақ  
Байқұлы  
Байтүк

Қыдырымбет  
(Қодагай)  
Әлімбет  
(Марқай)  
Құлдәulet  
(Қарабұлак)


Кенжесары  
Жансары  
Бауке  
Байтеке


Жетінар  
Байдәulet  
Өміrbай


Келтекара  
Ботакара

Марқай  
Сартай  
Қыдырымбет  
Қасымбек  
Мәмбі

Ерқа







Тінібек

(Ақболат ІІІ-ұлы)

Сапак  
Байқұлы  
Байтұк

Медет  
Сұлтанғұл  
Айтұған

Сапақ

Көз

Күлет  
Қабылан

Некей  
Үсен

Көз

Бисымак

Байтүгел  
Тайтүгел

Мұхаметкали  
Ахметқали  
Жақыпқали  
Түсіпқали

Тастанбек

Қайырбек  
Кебек

Жағыпар

Закария  
Кайса  
Жакия

Сергазы

Күлет

Тәттібай  
Қыдырбай

Бердіқожа

Жанғозы  
Телғозы  
Жанқұл

Нұрымханбет

Әскербек  
Қабатай

Сәмен  
Самархан

Өмірбек

Түгелбай  
Тоқтасын  
Тұрған

Райыс  
Жапар  
Рахымжан  
Қуан  
Бекісен

Тастаған

Босқынбай

Сұлтанғұл

Тоғай  
Ногай  
Шоғай

Қабылан

Бегімбай  
Алтай  
Салбан

Бебеке


Мұхамади  
Омар


Тұрысбек


Қожахмет  
Ешмұханбет


Әбен



Болат  
Мұрат  
Марат  
Бақытбек  
Сарқытбек  
Манарабек  
Кенжебек























Марқай

Маман

Бейсек

Иханшы  
Иханбай

Нұрғазы  
Нұрғалый

Ахметқали  
(Ақан)  
Мұхаметқали  
(Шорман)  
Құмарғали

Бекен  
Максат  
Ербол

Амантай  
Мұрат  
Ерлан  
Саят  
Ойрат

Елдос

Нұртай  
Бекжан

Талант  
Қанат  
Бауыржан

Жандос


Абай  
Еркінбек  
Серік  
Қайрат  
Болат

Елдос  
Елдар

Ержан

Миржан  
Рауан

Нұрбол  
Дастан



## КІТАП ТУРАЛЫ ОЙЛАР

Бұл кітап сіздің асыл қасиетің,  
Біздер үшін сіздің айқын портретің,  
Ұл-қызың мен жас буын ұрпағыңа,  
Дарысын сіздің алғыр қабілетің.

Оқырман өте құнды мәлімет алар,  
Аталарын ұрпактардың есіне салар.  
Әр кімдер әртүрлі айтқан бабалардың,  
Аттары бұдан былай тарихта мәңгі қалар.

Оқырмандар бұл кітаптан ғибрат алар,  
Келгендей бабалардан жақсы хабар.  
Ұрпақ үшін құресіп өмір кешкен,  
Ата тегін білген ұрпақтар ойға қалар.


Болыпты ерен ерлер, батырларда,  
Әйгілі асқақ ойлы даналарда.  
Оларды қазіргі ұрпақ біле бермес,  
Осындай тарихи деректер бар балаларға.

Болыпты халқымызда мол керемет,  
Бабалар қалдырыпты бізге өсиет.  
Солардың қазактарға ардақтысы,  
Жеті атаны түгел білу үлкен міндет.

Санасына құйып ап,  
Бабаларын білсін деп,  
Жеті атасын – сұраса,  
Жатқа айтып берсін – деп.  
Ұрпақтарға мирас өнеге  
Жазу. Кітап – қалсын деп,  
Сөресінде - әр үйдің  
Шежіре – дастан болсын – деп.  
Білгендерін аянбай,  
Күндіз – тұні баяндай,  
Шежіре жазу онай ма?  
Көп ізденіп, толғанбай!

**Ізгі ниетпен балаларыңыз: Дәмиля, Нұрия, Назым, Інкәр, Айнүр, Айгерім, Ақбала.**

## НҰХ ПАЙГАМБАР



## Адам атадан бері қарай

Бізге жеткен шежірелердің көбінде осы күнгі халықтар Адам ата мен Хая ананың тоғызынышы буыны – Нұх пайғамбардан Таралғандығы айтылады. Нұх пайғамбардан Хам, Сам, Яфес деген үш ұлы таралады. Ғасырлар өте келе, олардың ұрпактары үлкен үш топқа бөлініп кетеді.

Хамнан Африка, Америка және мұхит жағалауындағы қара түсті халықтар өрбіген.

Самнан Араб, Жұһид (Еврей) халықтары тарайды.

Яфестен Иран, Тұран деген екі бала туады. Иранның ұрпактарынан қазіргі Иран, Ауған, Юнан, Хинді, Латын, Француз, Неміс, Славян халықтары таралады. Тұранның ұрпактарынан Қытай, Жапон, Корей, Түрік, Татар - Монгол, Манжүр, Тұнғызы (Тунгус), Фин – Угор халықтары өсіп – таралады. Нұх пайғамбардың ұрпактары өсіп-өне келе, өмір тіршілігі де, тілдері де өзгеріп отырған.

Қазіргі заманда дүние жүзінде үш мындағы жеке-жеке халықтар өмір сүріп, олар сегіз мындағы тілде сөйлейді екен.

Демек бүгінгі қазақ халқының тарихы өзінің бастау көзін Нұх → Яфес → Тұран → Түрік → Сак → Гунн кезеңінен бастағаны жөн емес пе? Оқырмандар бұл тайпалардың (халықтардың) пайда болуы, өмір сұруі, әртүрлі тармактарға бөлінуі ұзақ дәуірдің жемісі екенін ұғынар деп ойлаймыз.

Сол себепті ғұмырнамалық шежіренің басталуы да осы кезеңмен сабактаса таралғаны жөн болар. Олай болса, біз шежірелерімізді арабтың шығу тегі белгісіз бір сахабасынан (Әннас сахабадан) бастап, әке мен балаға ауыса беретін жүйемен жүргізгенше, ғылыми дәлелденген, әр кезде ғалымдарымыз тұжырымдаған негізге сүйенгеніміз жөн болар деген ойдамыз.

Бұл ретте ғылымға белгілі деректер де бар: Академик Әлкей Марғұлан, атап көрсеткендей, араб жұртына монгол – қыпшактардың билік құрған кезімен байланысты. Египетке сұлтан болған Бейбарыстың (1260-1279 жылдар), Қалауынның (1279-1290 жылдар) кездерінде жауынгер қыпшак жұртын арабтарға жақыннату мақсатында «бұлардың тұп атасы – біз, арабтар» деген пікір таратқан. Осының нәтижесінде: «Түріктердің тұп атасы арабтан тарайды», - деген жансақ шежіре нұсқасы пайда болған.

Әнциклопедист – ғалым Шоқан Уәлиханов: «Қазақтардың ата-тегін арабтан бастау – ойдан шығарылған жалаң әңгіме. Оны бұлай айтудың себебі болған еді», - деп жазады.

«Орта Азия жерін арабтар 712 жылы жаулап алған», - дейді профессор Ә.Коныратбаев. Сонда түріктер Әннас сахабадан бұрын пайда болған ескі халық емес пе? Калайша одан өрбүі мүмкін? – деген дәлелін алға тартады.

С.Мұқанов өзінің «Халық мұрасы» деген кітабында: «Шежіренің бір қатары түрік тілдес халықтың шығу тегін Әннас сақабадан бастайды. Бұл – түркілерді мұсылмандылыққа жақыннату мақсатындағы қожалардың ісі», - деп жазады.

Зайыр Сәдібекұлы Қаржани: «Біз (Қазақ) яғни Қас, Сакпыз», - дейді өзінің тарихи зерттеуінде. Онда Қазақ тайпаларының дені заманымыздан

бұрынғы Сак жұртынан бастау алатыны айтады. Бұл пайымдауын кітапта көрсетілген кестелер арқылы нақтылай түседі.

(Зайыр Сәдібеков «Қазақ шежіресі», Ташкент 1994 ж.)

Біз бесігі – Алтай, тегі – Гүнн, Сак, Түрік жұртымыз. Ежелгі Рим, Грек ғалымдары өздерінің ғылыми зерттеулерінде «Жарық Шығыстан түседі» деген екен. Олар адамзат тарихының басталуы, әлемдік өркениет Шығыста пайда болғандығын айтып кеткен.

Шырайлы шығыстың әсем табиғатындай қолайлы, кең өлке жер бетінде жоқ. Алғашқы тірліктің осындай табиғаты бай, тіршілікке қолайлы өнірде басталуына осы табиғи жағдай, табиғи орта себеп болған болар.

Түркілер бұдан 2500 жыл бұрын дыбыстық, әріптік жүйедегі төл жазуын ойладап тапқан. Алфавиттік жазу-дүние жүзі мәдениетінің баға жетпес зор табысы екені белгілі.

Бұл жөнінде тарихшы-ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы «Біздің ата-бабаларымыз он ғасыр ішінде 16 жазу түрін қолданған. Дауысты дыбыстарды пайдаланған жазу үлгісі әлемде түркі жұртындаған болған. Евразия өнірінде түркі текстес 138 халық бар», - дейді.

(«Е.К.» 18.10.2003 жыл)

Қ. Сартқожаұлы түркі жұртының әлемдік өркениетке қосқан үлесін таныта отырып, өзінің осындай ғылыми дәлелді пікірлерін алға тартады.

Тарихы жоқ ел болмайды. Әр ру, әр тайпа өзінің қалыптасу кезеңінде, өз тарихын жасап отырады, өз тарихын қалдырып отырады. Ол тарих тасқа жазылып таңбалана ма, әлде қағазға жазылып қаттала ма, әлде өлең, қиса (дастан) үлгісінде сактала ма? Әйтеу бір нұскамен сақталатыны анық. Егер мұндай белгі қалмаған жағдайда, тарих көшінің көп ірімдерінің қойнауында жаңағы айтқан ірі рулар тарихы, тайпа тарихы жоғалып, дерек табылмай кетуі әбден мүмкін. Жер бетінде өзінің елдік тарихын жоғалткан халықтар аз емес. Тарихын, тілін, ата тек жүйесін жоғалтқан ел, толық қанды халық санатына қосыла алмайды.

Бірақ Алтай тарихы, Түркі тарихы сайрап жатыр. Шығыс тарихы тас жазуларда, тасқа бейнеленген суреттерде, тас мүсіндерде, (балбал тастар) көне обалар мен қорымдарда, аныздар мен қисаларда терен сақталған. Алтай - тарихы әлі толық зерттелмеген аймақ. Бұл мәселеде терен зерттеу, ізденіс мезгілі келіп тұрғаны сөзсіз. Жаңа ашылымдар алдағы уақыттың еншісінде демекпіз.

## Адам атадан бері қарай

Бізге жеткен шежірелердің көбінде осы күнгі халықтар Адам ата мен Хаяу ананың тоғызынышы буыны – Нұх пайғамбардан Таралғандығы айтылады. Нұх пайғамбардан Хам, Сам, Яфес деген үш ұлы таралады. Ғасырлар өте келе, олардың ұрпақтары үлкен үш топқа бөлініп кетеді.

Хамнан Африка, Америка және мұхит жағалауындағы қара тұсті халықтар өрбіген.

Самнан Араб, Жұһид (Еврей) халықтары тарайды.

Яфестен Иран, Тұран деген екі бала туады. Иранның ұрпақтарынан қазіргі Иран, Ауған, Юнан, Хинді, Латын, Француз, Неміс, Славян халықтары таралады. Тұранның ұрпақтарынан Қытай, Жапон, Корей, Түрік, Татар – Монгол, Манжүр, Тұнғыз (Тунгус), Фин – Угор халықтары өсіп – таралады. Нұх пайғамбардың ұрпақтары өсіп-өне келе, өмір тіршілігі де, тілдері де өзгеріп отырған.

Қазіргі заманда дүние жүзінде үш мындей жеке-жеке халықтар өмір сүріп, олар сегіз мындей тілде сөйлейді екен.

Демек бүгінгі казақ халқының тарихы өзінің бастау көзін Нұх → Яфес → Тұран → Түрік → Сак → Гунн кезеңінен бастағаны жөн емес пе? Оқырмандар бұл тайпалардың (халықтардың) пайда болуы, өмір сүруі, әртүрлі тармақтарға бөлінуі ұзак дәуірдің жемісі екенін ұғынар деп ойтаймыз.

Сол себепті ғұмырнамалық шежіренің басталуы да осы кезеңмен сабактаса таралғаны жөн болар. Олай болса, біз шежірелерімізді арабтың шығу тегі белгісіз бір сахабасынан (Әннас сахабадан) бастап, әке мен балаға ауыса беретін жүйемен жүргізгенше, ғылыми дәлелденген, әр кезде ғалымдарымыз тұжырымдаған негізге сүйенгеніміз жөн болар деген ойдамыз.

Бұл ретте ғылымға белгілі деректер де бар: Академик Әлкей Марғұлан, атап көрсеткендей, араб жұртына монғол – қыпшақтардың билік құрған кезімен байланысты. Египетке сұлтан болған Бейбарыстың (1260-1279 жылдар), Қалауынның (1279-1290 жылдар) кездерінде жауынгер қыпшақ жұртын арабтарға жақыннату мақсатында «бұлардың тұп атасы – біз, арабтар» деген пікір таратқан. Осының нәтижесінде: «Түріктердің тұп атасы арабтан тарайды», - деген жаңсак шежіре нұскасы пайда болған.

Әнциклопедист – ғалым Шоқан Үәлиханов: «Қазақтардың ата-тегін арабтан бастау – ойдан шығарылған жалаң әнгіме. Оны бұлай айтудың себебі болған еді», - деп жазады.

«Орта Азия жерін арабтар 712 жылы жаулап алған», - дейді профессор Ә.Қоңыратбаев. Сонда түріктер Әннас сахабадан бұрын пайда болған еスキ халық емес пе? Қалайша одан өрбуі мүмкін? – деген дәлелін алға тартады.

С.Мұқанов өзінің «Халық мұрасы» деген кітабында: «Шежіренің бір қатары түрік тілдес халықтың шығу тегін Әннас сақабадан бастайды. Бұл – түркілерді мұсылманшылыққа жақыннату мақсатындағы қожалардың ісі», - деп жазады.

Зайыр Сәдібекұлы Қаржани: «Біз (Қазақ) яғни Қас, Сақпызы», - дейді өзінің тарихи зерттеуінде. Онда Қазақ тайпаларының дені заманымыздан

бұрынғы Сак жұртынан бастау алатыны айталағы. Бұл пайымдауын кітапта көрсетілген кестелер арқылы нақтылай түседі.

(Зайыр Сәдібеков «Қазақ шежіресі», Ташкент 1994 ж.)

Біз бесігі – Алтай, тегі – Гунн, Сак, Түрік жұртымыз. Ежелгі Рим, Грек ғалымдары өздерінің ғылыми зерттеулерінде «Жарық Шығыстан түседі» деген екен. Олар адамзат тарихының басталуы, әлемдік өркениет Шығыста пайдаланғандығын айтып кеткен.

Шырайлы шығыстың әсем табиғатындай қолайлыш, кең өлке жер бетінде жоқ. Алғашқы тірліктің осындай табиғаты бай, тіршілікке қолайлыш өнірде басталуына осы табиғи жағдай, табиғи орта себеп болған болар.

Түркілер бұдан 2500 жыл бұрын дыбыстық, әріптік жүйедегі төл жазуын ойлап тапқан. Алфавиттік жазу-дүние жүзі мәдениетінің баға жетпес зор табысы екені белгілі.

Бұл жөнінде тарихшы-ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы «Біздің атабабаларымыз он ғасыр ішінде 16 жазу түрін қолданған. Дауысты дыбыстарды пайдаланған жазу үлгісі әлемде түркі жұртында ғана болған. Евразия өнірінде түркі текстес 138 халық бар», - дейді.

(«Е.К.» 18.10.2003 жыл)

К. Сартқожаұлы түркі жұртының әлемдік өркениетке қосқан үлесін таныта отырып, өзінің осындай ғылыми дәлелді пікірлерін алға тартады.

Тарихы жоқ ел болмайды. Әр ру, әр тайпа өзінің қалыптасу кезеңінде, өз тарихын жасап отырады, өз тарихын қалдырып отырады. Ол тарих тасқа жазылып таңбалана ма, әлде қағазға жазылып қаттала ма, әлде өлең, қиса (дастан) үлгісінде сактала ма? Әйтеу бір нұсқамен сакталатыны анық. Егер мұндай белгі қалмаған жағдайда, тарих көшінің көп иірімдерінің қойнауында жаңағы айтқан ірі рулар тарихы, тайпа тарихы жоғалып, дерек табылмай кетуі әбден мүмкін. Жер бетінде өзінің елдік тарихын жоғалтқан халықтар аз емес. Тарихын, тілін, ата тек жүйесін жоғалтқан ел, толық қанды халық санатына қосыла алмайды.

Бірақ Алтай тарихы, Түркі тарихы сайрап жатыр. Шығыс тарихы тас жазуларда, тасқа бейнеленген суреттерде, тас мұсіндерде, (балбал тастар) көне обалар мен қорымдарда, аныздар мен қисаларда терен сакталған. Алтай - тарихы әлі толық зерттелмеген аймақ. Бұл мәселеде терен зерттеу, ізденіс мезгілі келіп тұрғаны сөзсіз. Жаңа ашылымдар алдағы уақыттың еншісінде демекпіз.

## **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Ш. Құдайбердіұлы «Түрік, қыргыз, қазақ һәм хандар шежіресі» – Алматы, 1990.
2. Тауасарұлы Қазбек. «Түп-тұқияннан өзіме шейін» – Алматы, 1993.
3. Нығмет Мыңжан. «Қазақтың қысқаша тарихы» – Алматы, 1994.
4. Құрбанғали Хамид. «Tauарих хамса» – Алматы, 1992.
5. Лувсандаңзан. «Алтын шежіре» – Алматы, 1998.
6. Кітапбаев Б. Шежіре «Тоғыз таңбалы Найман» – Алматы, 1994.
7. Зайнолла Қайсенов. «Найман шежіресі» – Өскемен, 2001.
8. Ку дауысты Құттыбай би мен Ақтайлақ би шежіресі (Көне қолжазба түрінде).
9. Қойшығара Салғарин. «Көмбе» – Алматы, 1989.
10. Қойшығара Салғарин. «Қазақтың қылыш тарихы» – Алматы, 1992.
11. Қойшығара Салғарин. «Мұде хан» – Алматы, 2008.
12. Кан Г.В. «История Казахстана» – Алматы, 2005.
13. Қалибек Данияров. «История алаш» – Алматы, 2006.
14. Мурад Аджи. «Полынь половецкого поля» – Москва, 1994.
15. Лев Гумилев. «Қиял патшалығын іздеу» – Алматы, 1992.
16. Қалибек Алтыбаев. «Атамекен Зайсан» – Өскемен, 2006.
17. Карла Риттера. «Землевъдьынє АЗИИ» – Санкт-Петербург, 1877.
18. Борис Кузьменко. «Ертіс өнірі» – Алматы, 1982.
19. Менғали Мусин. «Түнекте тұншыққандар» – Өскемен, 1998.
20. Алексеенко Н.В. «Усть-Каменогорск и устькаменогорцы», 1995.
21. Қонаев Д.А. «Өтті дәурен осылай» – Алматы, 1992.
22. Адольф Янушкевич. «Қазақ даласына сапар туралы жазбалар» – Астана, 2003.
23. Черных С.Е. «Одна, но пламенная страсть» – Алматы, 1986.
24. Валерий Михайлов. «Марқакөл» («Марқаколь») – Алматы, 1983.
25. Төлеухан Қоғабаев. «Жақсыдан-Шарғапат» – Өскемен, 2005.
26. Байбатыров Ғалым. «Шежірелі шығыс өнірі» – Өскемен, 2006.
27. Зайыр Сәдібекұлы Қаржани. «Біз (Қазақ) Қас Сақпыш» – Шымкент, Онтүстік қазақстан Шежіре коры, 2007.
28. Уахап Қыдырханұлы. «Әттөн, Алтай-Марқакөл» – Алматы, Жібек жолы, 2008.
29. «Герои социалистического труда – Казахстанцы» – Алматы, 1969.
30. Тұрынхан Зәкенұлы. «Көк бөрілердің көз жасы» – Алматы, 2003.
31. Сағди Қапасұлы. «Ел қорғаған Ер Мамай» – Өскемен, 2005.
32. Фабжалилов Х.М. «Қазақ ру-тайпаларының тарихы». Найман X том.1,2,3-кітап. – Алматы, 2008.
33. ҚазССР қысқаша энциклопедия I, II, III-том. Алматы, 1987.

## МАЗМУНЫ

<b>АЛҒЫ СӨЗ.....</b>	<b>4</b>
<b>ОҚЫРМАНҒА АРНАУ.....</b>	<b>5</b>
<b>АТА-ТЕКІҢ ТАРАЛУЫ.....</b>	<b>6</b>
<b>ҚАЗАҚ ШЕЖИРЕЛЕРІ ЖАЙЛЫ.....</b>	<b>8</b>
Алты арыс, төрт төнірек.....	9
<b>ТОҒЫЗ ТАҢБАЛЫ НАЙМАН.....</b>	<b>14</b>
<b>НАЙМАН БАБА – ҚАЙ КЕЗЕННІҢ АДАМЫ?.....</b>	<b>24</b>
<b>НАЙМАН БАТЫРЛАРЫ.....</b>	<b>27</b>
Қаракерей Қабанбай батыр.....	29
Қубас ат.....	31
Көкжарлы Барап батыр.....	35
Ер Қазымбет.....	37
Баймұрат батыр.....	38
Есенгелді батыр.....	40
Тоғанас батыр.....	40
Тоғанастың тоғызы ұлы.....	42
Мусин Буратай қарияның естелігінен.....	42
Тоғанас батыр жайлы тағы да бір дерек.....	43
Жарылғап батыр.....	44
Жарылғап батыр мен Қант ана.....	45
Белек ауылы.....	45
Башық би.....	46
Башық би мен Көгедай Төре.....	47
Есберді батыр.....	47
Қалмақ бекіністері.....	48
<b>НАЙМАН ТАЙПАСЫНАН ШЫҚҚАН ИГІ ЖАҚСЫЛАР.....</b>	<b>50</b>
Ақтайлақ би.....	51
Ақтанберді жырау, әрі батыр.....	52
Дулат жырау.....	53
Бокатай би.....	54
Серізбай би.....	55
Жақсыбай би.....	56
<b>ӘБІЛФЕЙІЗ СҰЛТАН.....</b>	<b>58</b>
<b>АЛТАЙ – АТА МЕКЕН.....</b>	<b>64</b>
Гүнн заманынан үзік сыр.....	67
Аз сөз Түрік қағанаты жайлы.....	73
<b>АЛТАЙ АЛЫПТАРЫ.....</b>	<b>80</b>
<b>МАРҚАҚӨЛ (Ел тарихынан).....</b>	<b>89</b>
«Марқакөл» кеншары жайлы.....	99
«Боран» кеншары.....	100
«Қалжыр» кеншары.....	101
«Қарой» кеншары.....	104
«Горный» кеншары.....	105
«Қаба» кеншары.....	105
Марқакөл ауданы болған кезде ауданда басшылық жасап, жапуапты қызмет атқарған азаматтар.....	106
Марқакөл ауданында 1930-1960 жылдар аралығында жас үрпактарға білім беріп, тәлім-тәрбие көрсеткен ұстаздар.....	107

Марқакөл өнірінде 1930-1960 жылдар аралығында халықты діни рәсімдер мен и набаттылыққа тәрбиелеген молдалар.....	110
Марқа өніріндегі Қожанбет руынан шықкан билер.....	111
Марқа өніріндегі Қожанбет руынан шықкан балуандар.....	112
Марқа өніріндегі Қожанбет руынан шықкан қажылар.....	113
Марқакөл шаруашылық округтері.....	113
<b>МАРҚАКӨЛ, ҚАЛЖЫР ӨҢІРІНІң ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНАН.....</b>	115
Қыын-Керіш каньондары.....	117
Қалжыр – қатал өзен.....	118
Қалжыр бөгеті.....	121
Аудан өнеркәсібі.....	122
Кара Ертіс өнірі.....	127
<b>АСЫРА СІЛТЕУ КЕЗЕҢІ.....</b>	131
Ақнайман, Өтей оқиғасы.....	132
Көкжотадағы тосқауыл.....	133
Боздактар тағдыры.....	134
Тағдыр тауқыметі.....	135
Нұрсолтан ақын «Сағыныш сазы».....	136
<b>МАРҚАКӨЛ ҚОРЫФЫ.....</b>	137
<b>МАРҚАКӨЛ.....</b>	141
<b>АЛТАЙ ЖАЙЛЫ АЙТЫЛҒАН АСЫЛ СӨЗДЕР.....</b>	146
Алтай.....	147
Балуантас.....	148
Мың биенің қазынасы.....	148
Алтай жайлы әндер.....	149
Марқакөлім.....	149
Марқаның сұлу қыздары.....	149
Марқакөл.....	150
Өскемен әні.....	150
Ертісім.....	151
<b>ОЙ ТҮЙІН.....</b>	151
<b>АЛДЫҢҒЫ ТОЛҚЫН АҒАЛАР.....</b>	152
<b>АРДАҚ ТҮЛҒАЛАР.....</b>	152
<b>МАРҚА ӨРЕНДЕРІ.....</b>	167
<b>ҚОЖАНБЕТ ЖӘНЕ ТӨРТУЫЛ, РУЛАРЫНЫң ШЕЖІРЕСІ.....</b>	191
<b>ТОҒЫЗ ТАҢBALY НАЙМАН (таңба белгілері).....</b>	192
<b>АРҒЫ ТЕКТИҢ ТАРАЛУЫ.....</b>	193
Жанарыс.....	194
<b>НАЙМАН.....</b>	195
Көкжарлы.....	197
<b>ТЕРІСТАҢBALY.....</b>	204
<b>БАЛТАЛЫ.....</b>	207
<b>САДЫР.....</b>	210
<b>МАТАЙ.....</b>	211
Қарауыл-Жасак.....	213
<b>ТӨЛЕГЕТАЙ.....</b>	214
<b>ҚОЖАНБЕТ.....</b>	215
Жәлменбет.....	215
<b>АСАУ.....</b>	216
<b>ТАРПАН.....</b>	219

Қаракұла	225
ШАТАҚ	227
Құлышақ	231
ЖАРЫЛҒАП	232
Шұқын	236
ЖӘДІГЕР	240
Жарылғап.	246
Аққұлы.	249
АЙТ	250
Тоғыл.	251
Қазыбай	253
Жанкөбек	259
Тілеу.	261
Шолтан	263
Шегет.	265
ЖАНФОЗЫ	267
АБЫЛДЫ	276
ТІНІКЕ	277
ҚҰЛЕКЕ	284
АТАҚОЗЫ	288
Шоңмұрын	289
ШОПА	295
Тоқбай.	296
Құлшығаш	300
Карамен	302
Былшық	304
Мажа.	308
МАМЫТ	311
СЫРЫНБЕТ	315
Жұмагүл.	316
Топай.	319
Бекберді	322
Көккөз	326
Еламан	328
Сәдібек	333
Ізбасар	335
ЕГІЗҚАРА	336
Ақсақал	337
Байгелді	342
Байтөлі	345
Есберді	347
Белеш.	350
ДӨСЕТ	351
Байжігіт.	352
Марқабай.	353
ҚАРАМЕН	355
Болай..	355
Тама..	357
Болай - Тама.	361
ИТЕЛІ	362

Қаумен	364
Сәуірбай	365
Төлеңгіт	366
Кенжалы	367
<b>ЖАРБОЛДЫ</b>	368
Байғабыл	369
Боздак	371
<b>ЖАНҚАБЫЛ</b>	374
Тілеуқабыл	375
<b>ЖАУҒАШТЫ</b>	377
Сүйіндік	379
Өтеулі	381
Тайкелтір	383
Көлібай	384
Тәттібай	386
Бармак	388
<b>ҚОШҚАР</b>	392
Еспенбет	395
Жетіген	396
Мәже	397
Беке	398
Шәбеке	400
<b>ШАҒЫРША</b>	401
Менлібай	402
Жарқынбай	403
Құттықадам	405
Жамбол	406
Байқуат	409
Құлдір	411
Алдақуат	413
<b>ТӨЛЕГЕТАЙ</b>	415
Төртуыл	415
<b>АНДАБАРАК</b>	416
ДӘУЛЕТ	417
Мырзакелді	418
Жайық	420
Шомақ	421
Тебей	422
Бажық	423
Сартқожа	424
Сәкөк	426
Теніз	428
Жаманбай	429
Бөрен	431
Отар	433
Солтанкелді	434
Олжашы	435
<b>ҚАРАТОҚА</b>	439
Арғынбай	440
Төлен	441

Бәйжігіт.....	441
СЕРІҚАРА.....	443
Журне.....	443
Мошқа.....	447
Жұрын.....	448
Жанток.....	449
БАЙТЕМІР.....	450
ТӨРТҮҮЛ.....	451
ЕСЕНГҮЛ.....	452
Алақ.....	453
Батпан.....	454
Қоспак.....	457
Сарманбет.....	461
Жәмеке.....	464
ЕСІМБЕК.....	465
ЖЫЛҚАЙДАР.....	468
Бәйгіс.....	469
Бекбай.....	471
Жәнгіс.....	472
Тілеу.....	473
Жұзбай.....	474
Қашқан.....	476
АЙТУҒАН.....	478
САТЫЙ.....	481
Мұжық.....	482
Тоқтағұл.....	484
Төлебай.....	485
Боралдай.....	488
Шыбынтай.....	489
ҚАРСАЛ-ШАҚ.....	490
Дос.....	491
ҚҰДАГЕЛ.....	493
Тастемір.....	494
Базарбай.....	495
Еламан.....	498
Шмат.....	499
ТАЙЛАҚ.....	500
Жансары.....	501
Кәдіrbай.....	502
Мендібай.....	503
Қонақай.....	507
Машан.....	508
Жиенай.....	510
ТҰЗАҚШЫ.....	511
Сарғалдақ .....	511
Атабай.....	512
Талас.....	513
Амалдық.....	515
Қаржаубай.....	516
Қонырбай.....	516

Жәнібек.....	518
Көккөз.....	520
МАЯ.....	521
Дәдени.....	522
Қашқынбай.....	523
Сақау.....	524
Құланбай.....	525
Көбеген.....	526
Есіркеп.....	527
Аралбай.....	529
Тасыбай.....	529
Көшпес.....	530
Жақау.....	531
АҚБОЛАТ.....	533
Қырбас.....	534
Данияр.....	536
Тінібек.....	537
Сапак.....	539
Қодағай.....	541
Марқай.....	542
Құлдаулет.....	546
<b>КІТАП ТУРАЛЫ ОЙЛАР.....</b>	<b>548</b>
Нұх пайғамбар.....	549
Адам атадан бері қарай.....	550
Пайдаланған әдебиеттер.....	552
Мазмұны.....	553

**Мешелева Макен**

**Қарт Алтай  
Аясында  
Ару Марқа**

Редактор *Степанова Е. В.*

Корректор *Мешелева М.*

Көркемдеуші *Рыбина О.С.*

Компьютерде беттеген *Темирханова Р.Б.*

Басуға 26.04.2010 қол қойылды.

Тапсырыс 127, пішімі 60x84/8 оғсеттік қағаз.

Қаріп түрі «Times New Roman»

Есепті баспа табагы 28,6.

Тараалымы 300 дана.

«Шығыс Полиграф» баспаханасы.

Өскемен қаласы, Ворошилов көшесі, 156 үй

Тел. 8 (7232) 78-36-78





